84.512.122
Ж81

БОРАНБАЙ ЖҰМКИН

# ЕЛ ЫРЫСЫ – НҰРЛЫ НҰРА



821.512.122
Ж81

**БОРАНБАЙ ЖҰМКИН**

*Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді,*
*қалайша бітіргендігінен емес.*

**АБАЙ**

# ЕЛ ЫРЫСЫ - НҰРЛЫ НҰРА

***Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы***
***2022 жыл***

ӘОЖ **821.512.122**
КБЖ **84 (5Қаз)**
Ж **81**

**Рецензенттер:**
**М. Хамзин -** филология ғылымдарының докторы, профессор;
**К. Сарханов -** Қазақ ауыл шаруашылығы академиясының академигі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы;

**Ж81. Ел ырысы - нұрлы Нұра.** Жұмкин Б.И., Алматы. «Мерей» баспасы, 2022. 496 бет

**ISBN 978-601-7998-65-3**

Бұл естелік-жазбада Шет ауданының Нұра бойында орналасқан Орджоникидзе, Сталин атындағы, Ақсу, Ақтөбе, Байшегір, Беталыс, Игілік колхоздарында, кейіннен құрылған Ақши, Кеншоқы кеншарларда еңбек еткен басшылары, ауыл ардақтылары мен қатардағы қарапайым еңбеккерлерінің қысқаша өмір деректері олардың ауданның өсіп, өркендеуіне, халықтың тұрмыстық-мәдени деңгейінің көтерілуіне қосқан еңбектері туралы танымдық-мұрағаттық деректер мен естеліктер жинақталған.

Естелік-кітап өткен өмірге ден қойып, елеміздің болашақ биік асу арнасын алға апарушысы келешек ұрпақтың кәдесіне жараса ақылдастар алқасының алдына қойған мақсаты орындалғаны. Кітап қалың оқырманға арналған.

Болашақта ұрпағымыз өткенді зерделеп, жұрт ықыласпен оқитын танымды естелік-жазбалар жазады деген үміттемін.

Халқымыздың тыныштығы баянды болып, өміріміз Мәңгілік Елге ұлассын!

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ84 (5Қаз)
ISBN **978-601-7998-65-3**

© Жұмкин Б. И. 2022

ШЕТ АУДАНЫНЫҢ
ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ
ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІНІҢ «ШЕТ АУДАНДЫҚ
ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
№ 28191

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫНЫҢ АТЫНАН

Кітапқа кірген кейіпкерлер мен оқырман қауымына құлақ қағыс; «Біткен іске сыншы көп» -дегендей 2020 жылдың басынан басталған төрткүл дүниені дүрілдеткен адамзат баласының басына түскен ауыр **ІНДЕТТІҢ** тұсында бұл естелік жазбаны жинақтап жарыққа шығару бізге оңайға түскен жоқ.

2021 жылы Орджоникидзе атындағы колхоздың құрылғанына **90 жыл,** совхоздың құрылғанына **60 жыл** толғаны туралы арнайы хабарландыру ауданның **«Шет Шұғыласы»** газетіне жарияланды және әлеуметтік желі арқылы өңірлердегі азаматтарға жеткізілді. Сондықтан мен кітапқа кірмей қалдым дей қалса, реніштері орынсыз. Уақыт жеткілікті болды, бір жылдан аса құжаттарды жинадық.

Электронды нұсқада бізге түскен деректердің баршасын кітапқа кіргіздік. Кітаптың бас жағынан неге орын алмадық, немесе аға буынның өкілдері жас азаматтардан кейін тұрмыз деп кейіс білдірмеңіздер. Осы **400-ге** жуық кітапқа түскен таспаның әр бетінің орны да мәні де бірдей деп санаңыздар. Себебі жазбаны компьютерде дайындаған кезде құжаттардың бізге түскен уақыты бойынша рет-ретімен баспаға салынды. Оларды сұрыптап, азаматтардың еңбегі мен жастары бойынша кітапқа кіргізу оған қосымша уақыт және ақылы еңбек қажет етті.

**«Ел ырысы - нұрлы Нұра»** кітаптың негізгі мақсаты Нұра бойында орналасқан шаруашылықтарда сонау өткен ғасырдың 30 жылдарынан бастап еліне, халқына, адал еселі еңбек еткен азаматтардың аттарын атап, түстерін түстеп, жазбаның алдыңғы қатарында болғанын қаладық. Бірақ-та, кейде бұл талапта жоғарыдағы айтылған себептерден орындалмай қалды. Кітапқа кірген деректер бізге жіберген адамдардың сөздері мен көлемін өзгертпей, толықтай кіргіздік. Кітаптағы кеткен граматикалық (сөйлем құрамның дұрыс болмауы) қателіктер мен кемшіліктер, кейбір суреттердің өңсіздігі т.б. орын алса, оныда кешіресіздер. Көш жүре түзеледі ғой.

Келешекте осы естелік-жазбада кеткен кемшіліктерді ескеріп, толықтырып, өңдеп жаңадан редакциясын жазатын азаматтар арамыздан шығар.

Естелік - жазбаны жарыққа шығаруға атсалысқан алыс, жақын ағайын, жерлестерімізге және; Байтанас Медет, Хамзин Бекежан, Жақсыбеков Социал, Амандықұлы Тезекбай, Хамзин Мәуен, Мешелова Сарқыт, Оразалин Исақ, Ахметова Гульшара, Жұматов Боранқұл, Есмақаеев Тілеужан, Түсіпов Марат сынды азаматтарға ақылдастар алқасының атынан алғысымыз бен ризашылығымызды жеткіземіз.

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

Жұмкин Боранбай (төраға)
Амандықұлы Тезекбай (төрағаның орынбасары)

**МҮШЕЛЕРІ:**
Байтанас Медет
Бекежан Хамзин
Бәкен Төлеуқұлов
Есмахаев Тілеужан
Жақсыбеков Социал
Жұматов Боранқұл
Қасымов Шәкір
Мешелова Сарқыт
Нүрпейіс Орал
Оразалин Исақ
Тойшыбеков Болат

## НҰРЛЫ НҰРАНЫҢ КЕЛБЕТІ

90 жылдан аса тарихы бар қойнауы қазынаға даласы малға толы Арқаның белінде орын тепкен Шет ауданы өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдардың аяғында аласапыран кеңестік заманда 1928 жылы құрылып, өмірдің талай тар жол, тайғақ кешуінен өтіп, аудан жұрты барлық жерде бірдей халқымыздың басына түскен ауыртпашылықтар мен қиындықтарды нар түйедей көтеріп, бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздіктің ақ таңына да қолымыз жетті. Бұл өлкеде айтулы азаматтар қара қылды қақ жарған билер, ержүрек батырлар, сазгерлер, ақындар мен жыраулар, дарынды өнер иелері өмір кешкен.

Тәуелсіздік халқымыздың зиялы қауымының өкілдері мен ел азаматтарына өткен тарихқа да ден қойып, өлгенін тірілтіп, өшкенін жандырып, естелік-жазбалар жазуға жол ашты.

Осыған орай ауданның орталығы Ақсу-Аюлы және көршілес Кеншоқы ауылдарының арда азаматтарының ой-толғамдарымен, ақыл-ой толғанысымен Нұра бойында 1930 жылдардың басында құрылған Орджоникидзе атындағы колхоздың, әрі қарай ашылған осы атты совхоздың 60 жылдығына байланысты **«Ел ырысы-нұрлы Нұра»** атты естелік-жазбаның жарық көргенін қалың бұқара жұрт қуанышпен қарсы алары сөзсіз.

Естелік-жазбаның басты мақсаты алысқа бармай-ақ кеңестік заманда, әсіресе соғыстан кейінгі колхоз еңбеккерлерінің тұрмыс-тіршілігі, жұмысқа деген жауапкершілігі жан-жақты пайымдалып, архивтік деректермен дәлелденіп, көпшілік оқырманға ұсыну. Сонымен қоса Нұра бойындағы колхоздарды басқарған аға буынның өкілдері-ел азаматтарының атқарған істері мен халыққа жасаған қамқорлығы да жүйелі жазылған.

Ауыл шаруашылық саласына ауданның шаруашылықтарына қажетті механизатор-кадр және т.б. мамандар дайындайтын 1960 жылы бұрынғы Кеншоқы кенішінде құрылған кәсіптік-техникалық білім беретін оқу орны-училище, қәзіргі Шет ауданның агротехникалық колледжінің ұжымы да назардан тыс қалмай кітапта арнайы орын берілген.

Кітапта көлемді орын алған аудан жөнінде және аттары аталған колхоздар мен Орджоникидзе атындағы колхоз, совхоз туралы бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған және жекелеген авторлардың естеліктері жазбаның жүгін жеңілдете түсіп, бірталай ауданның аптал азаматтарының істері мен артқа қалдырған іздерін рет-ретімен жүйелеп жастарға тағылым беретін үлгі-тәрбие ретінде жазылғаны байқалады.

Естелік-жазбаның құндылығы туралы екі жағдайды айта кетейін.

**Біріншіден,** кітапта **500 жуық** адамдардың келбеті мен өмірдеректері келтірілген. Бұл үлкен тағылымдық дүние. Олардың көпшілігі дүниеден өткендер. Яғни оларды еске алу, марқұмдарға тағзым ету, сауабы мол іс. Бұл жинақ аға буын өкілдерінің өмірдеректері өрнектелген энциклопедия іспетті деректі дүние деуге болады.

**Екіншіден,** естелік-жазба Тәуелсіздіктің **30 жылдығына** орай дайындалғаны кітаптың бағасын онан сайын биікке көтергендей көрінеді.

Қорыта айтқанда **«Ел ырысы-нұрлы Нұра»** атты естелік-жазбаның мазмұны мен мәні өткенімізді біршама түгендеп, таспаға түсіріп, Тәуелсіздіктің жолында ауданның ауыл шаруашылығы саласында аянбай қажырлы еңбек еткен қарапайым ауыл азаматтарының өмірі мен еңбек жолы зерделеніп, бүгінгі күні өмірден озғандарды еске алып және жанымызда қатарлас жүрген жерлестеріміздің де еңбектерін ескеріп, келешек ұрпаққа жеткізуге жетелейтін тарту деп түсінемін. Мұндай үрдісті іс ауданның басқа да өңірлдерінде жалғасын табады деген сенімдемін.

*Естеліктің ақылдастар алқасына зор ризашылығым мен алғысымды жеткіземін.*

*Тәуелсіздіктің тұғыры тұрақты, Еліміздің бірлігі бекем болсын!*

**Мұхит Мұхтаров**
*Шет ауданының әкімі*

# КІРІСПЕ

Шет ауданы кеңестік заманда өткен ғасырдың аласапран, аумалы-төкпелі тұсында **1928 жылы құрылды.** Ауданның құрылуы «ұлы» кәмпескемен тұспа-тұс келді. Сол кездегі тоталитарлық жүйенің саяси бағыты елімізде аудандық-округтік әкімшіліктерге бөлу реформасының алдындағы ең маңызды міндеттерінің бірі-отырықшылыққа көшіру болатын.

Ашаршылық жылдарынан әбден қалжырап, жан сауғалап тоз-тоз боп, жан-жаққа тарап кеткен ауыл азаматтарының басын қосып, жер-жерлерде колхоздастыру науқаны басталып кеткенді.

Қазақ жерінде большевиктердің жүргізген солақай саясатының арқасында халықтың қолындағы малдарының бәрін асығыс құрылған әлсіз колхоздарға шоғырландырып, ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан үрдісті (тәжірибені) бұзуға әкеліп соқтырды. Осының салдарынан мал басының жаппай қырылуына, аман қалғанын жылдан-жылға үстемелеп өсіп келетін өкіметтің салығына өтеді.

Алғашқыда **1929-1931** жылдары Мойынсерікке бірігіп, кейіннен олар колхозға айналды. **1931-1934** жылдары ауданда **Нұра бойында Сталин, Рыков (кейіннен Орджоникидзе) атындағы Ақсу, Аюлы, Ақтөбе, Алғабас, Қарғалы, Еңбекшіл, Байшегір, Беталыс, Игілік** колхоздары құрылып, ауыл еңбеккерлері күн көрісі үшін тынымсыз еңбек етті. Бұл шаруашылықтар негізінен малмен шұғылданды.

Ауыл басшылары ашаршылық жылдарында тарап кеткен елді қайта қоныстандырып, колхоздарды нығайтуға барынша күш салды. Колхоздың қарамағында егіншілік құрал-саймандар мүлдем жоқ болған. Жерді кетпенмен, күрекпен аударып, егін салып, қол орақпен орып, болса қырмантаспен, не мал тұяғымен үгітіп шағын астық алатын.

30 жылдардың ашаршылығы, қуғын сүргінімен, 40 жылдардағы қанды қасаптан аман қалған ел ес жинап, шаруашылықтар мал басын көбейтіп, егіншілікпен де айналыса бастады.

Елдің еңсесі көтеріліп, аузымыз нанға тойғаны өткен ғасырдың 50 жылдардың соңына қарай болды. «Тың игеру» жылдарынан бастап ауданда бірнеше жаңа совхоздар ашылып, ауылға техника келді, Ауыл шаруашылығына Одақтан қаражат бөлінді. Көптеген ауылдар көркейіп, совхоз орталықтарына айналды. Нұра бойында бұрынғы 6 колхоз бірігіп, 1961 жылы Орджоникидзе атындағы совхоз құрылды.

Совхоздың орталығы аудан орталығы болғандықтан мемлекет тарапынан кеншар арқылы мол қаржы бөлініп, Ақсу-Аюлыда мәдени-тұрмыстық ғимараттар мен тұрғын үйлер салынып, аудан орталығы жылдан-жылға көркейе түсті.

Аудан Сарыарқаның ең бір шұрайлы алқабын алып жатыр. Ауыл шаруашылығы саласымен бірге өндірістік бағыты да даму үстінде.

Нұра бойында кейінгі жылдары бой көтерген Алмалы кен орнының болашағы бар. Қәзіргі кезде аудан көлемінде 1198 шаруа қожалығы, 14 ауыл шаруашылығы кооперативі, ЖШС-і қызмет істеп тұр. Оның ішінде Нұра бойында нарықтың қатал талаптарынан өтіп, шаруашылықтың әлеуетін көтеріп, табысты еңбек етіп тұрған шаруалар баршылық.

Бұл кітап Орджоникидзе атындағы колхоздың және совхоздың тиісінше **90, 60 жыл** толуына орай Нұра бойында орналасқан елді мекендер туралы жазылған алғашқы танымдық, мұрағаттық еңбек деп санаңыздар.

Естеліктің негізгі мақсаты өткен ғасырдың қиын-қыстау кезінде шаруашылықтарда еңбек еткен ауыл ардақтыларының атын атап, түсін түстеп, бізге белгілі болған кейбір қыры мен сырын таспаға түсіріп, олардың бүгінгі арттағы ұрпақтарына жеткізу еді.

Өткен өмірге шегініс жасап, сол замандағы колхоз, совхоз өндірісін ұйымдастырушылар мен алғашқы күрен салушыларға, яғни қатардағы қарапайым ауыл еңбеккерлерінің игі істерін кеште болса жарыққа шығарып, келешек ұрпақтың назарына ұсыну.

Әрине, «Біткен іске сыншы көп» дегендей кем-кетіксіз, сын айтылмайтын кітап жазып шығару кім-кімге болса да оңай іс емес. Кездесіп қалатын әттеген-айлары да болуы мүмкін. Оған кешіріммен қараңыздар, құрметті оқырман.

Қасиетті қара Нұрадан бастау алған киелі топырақты жерді мекендеген текті ұрпақтың өмірден өткендері мен жанымызда жүргендердің қысқаша өмір деректеріне арналған «Ел ырысы-нұрлы Нұра» естелік-кітапты қабыл алыңыздар, ардақты ағайын.



**Ақсу-Аюлы: Жанғұтты би мешіті**



**Ақсу-Аюлы: Аудандық мұражай, бизнес орталығы**






**Ақсу-Аюлы: Спорт кешені мен стадион**




**Ақсу-Аюлы: Шортанбай жырау алаңы**



**Ақсу-Аюлы: Тәуелсіздік монументі**



**Жидебай батыр кесенесі, Нұра бойында**



**Толағай тауы-табиғат тумасы**



**Шабанбай би күмбезі Еңбекшіл-Кеншоқы жолында**



**Нұрлы-Нұра өзені**



**Ақсу-Аюлы арқасы**



**Аюлы тауы**

## ШЕЖІРЕЛІ ӨҢІРДІҢ ТАРИХЫНА ҚОСЫЛҒАН ҮЛЕС

Адамзат баласының белгілі бір қоғамда ғұмыр кешетіні мәлім. Ол сол қоғамнан тыс тұра алмайды. Ал, қандай қоғам болса да, еңбек ету арқылы тек өзінің материалдық қажеттілігін ғана қанағаттандырып қоймай, белгілі бір дәрежеде өзінің, тұтас бір өңірдің тарихына үлес қосады. Себебі, адамның еңбегі, іс-әрекеті, азаматтық ажары, кісілік келбеті, жетістігі мен кемістігі, мінезі, пиғылы, таным, көзқарасы, тұтастай алғанда, адамдық болмысы Өмір атты КЕРУЕН-КӨШКЕ алғышарттар жасайды.

Сондықтан да болса керек, Қарағанды облысының Шет ауданындағы **колхоз сипатындағы шаруашылықтың құрылғанына 90 жыл, совхоз боп құрылғанына 60 жыл толған бұрынғы Орджоникидзе атындағы шаруашылықтың** жоғарыдағы датасына арналған кітапты үлкен құрметпен қабылдағанымыз орынды деп ойлаймын.

Шығармашылықпен айналысқан адамдар жақсы біледі, тұтас бір ауқымды еңбекті жазбақ түгілі, ықшам бір мақала жазу да көп реттерде қиындық туғызады. Ал, көлемі жағынан ауқымды **"Ел ырысы - нұрлы Нұра"** атты аталмыш кітаптың жүгі қаншалықты дәрежеде ауыр болғаны баршаға мәлім болса керек.

Сөз реті келгенде айта кетейік, осынау көлемді еңбекті шығаруға бастамашы болған жандарға, әсіресе, аудан әкімі М.С.Мұхтаровқа, кітаптың авторы әрі ақылдастар алқасының төрағасы Б.И.Жұмкинге, орынбасары, ірі ақын Т.Амандықовқа, алқаның барлық мүшелеріне ризашылық білдірген абзал.

Тереңірек үңілсек, қазіргі жас буын кешегі ата-бабаларының жасаған материалдық игіліктерінің қызығын көруде. Кешегі тарихына ойындай кітаптардың арқасында ғана үңіле алады. Өз ата тегіңнің тарихына үңілу өңірдің, еліңнің, жалпы адамзаттың тарихына үңілуге алғышарттар жасайтыны аян.

Қазақстанның өз тәуелсіздігін жариялауы кешегі КСРО құрамындағы одақтас республикалардың жаппай нарықтық қатынасқа көшуімен тұспа-тұс келді. Ауыл шаруашылығы үлкен өзгеріске ұшырады. Колхоз, совхоздар таратылды. Біздің сөз етіп отырған шаруашылығымыз яғни Орджоникидзе атындағы совхоз да жоқ қазір. Таратылған. Алайда сол совхозда, оның алты бөлімшесінде кезінде айрықша еңбек еткен, тұтастай алғанда, өз еңбектері арқылы ел игілігіне өлшеусіз үлес қосқандар аз да болса бар. Совхоздың сол кездегі "Ақсу", "Еңбекшіл", "Нұра", "Қайрақты", "Ақтөбе", "Кежек" бөлімшелерінің тұрғындары елдің экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық тұрғыдан дамуында алға қойылған міндеттердің бәріне араласты, тер төкті.

Бәрінен бұрын, олар өмірдің мәні де, мән-мағынасы мен мазмұны да еңбек етуде деп білді. Қазақстанның өндіріс, өнеркәсіп саласындағы әлеуеті өз алдына, республика өзінің сапалы ауыл шаруашылығы өнімдері: ет, сүт, астықпен КСРО-ны қамтамасыз етуде алдыңғы қатарда болғанын ешкім де жоққа шығара алмас. Демек, сол алапат еңбекте барлық өңір сияқты Қарағанды облысының Шет ауданы, онда алғашқы боп ашылған колхоздың, кейіннен совхоз боп тұрылған осынау шаруашылықтың да айрықша үлесі болғанын басты назарда ұстағанымыз абзал.

Ақиқатын айтайық, колхоз боп құрылғанына **90 жыл, 60 жыл** бұрын совхоз боп шаңырақ көтерген осынау шаруашылықтың тарихынан кітап жазу тек хронологиялық тұрғыдан барлық жайттарды тізіп шығу емес. Осынау жылдардың аясында қыруар адамдардың тағдыры бар, іс-әрекеті бар, наным-сенімі бар, тарихы бар екенін жадымыздан шығармағанымыз абзал. Сірә, осынау салмақты жүкті дұрыс пайымдағанынан болар, ақылдастар алқасы біраз адамдарды ортақ іске жұмылдыра алыпты. Ол да құптарлық іс. Сөз жоқ, анықтамалық сипаты бар еңбекте белгілі бір дәрежеде жекелеген кемшіліктер болуы да ықтимал. Біздің білуімізше, жауапты адамдар әлі де болса, егжей-тегжейлі тексеру жұмыстарын жүргізуде сияқты.

Білген жанға, көзі қарақты оқырманға бұл кітап әрісі 90 жыл, берісі 60 жыл мерзім аясында түрлі салада еңбек еткен колхозшы, жұмысшы, мамандар, білім, мәдениет, медицина т. б. салаларға өз ізін қалдырғандарға көрсетілген құрмет екенін аңғартатын еңбек дегіміз келеді.

**Мәуен Хамзин**
*Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі,*
*Шет ауданының Құрметті азаматы*

## ЕЛ ЫРЫСЫ -НҰРЛЫ НҰРА КІТАБЫНА ПІКІР

Егеменді еліміз кезінде, яғни ССРО құрамында болғанда 15 одақтас республикалары ішінде ауыл шаруашылығы өндірісі бойынша Ресей мен Украинадан кейін үшінші орынды тұрақты иеленіп жүрді. Дегенмен де, Егеменді ел атанғаннан кейін жүргізілген ауыл реформасының қажеттілігіне еш күман келтірмейміз, дегенімізбен, бүгінде бұл іс-шарада асығыстық, ойланбай қабылданған шешімдер мен іс-әрекеттердің зардабын ауыл шаруашылығы өндірісінде орын алған кемшіліктер мен қиындықтардың куәгері болып отырғандаймыз. Ауыл реформасынан кейінгі уақытта мал шаруашылығында мал бастары мен егістіктер көлемі күрт төмендеді, материалдық-техникалық, интелектуальдық әлеуеттіктері төмен шағын, орта шаруашылық құрлымдарының еліміздегі жалпы ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісіндегі үлес салмағының басымдылығы, негізінен олардың өнімділік көрсеткіштері есебінен емес, санының артуына байланысты мүмкін болып отыр. Мысалы, әлемде ең қуатты дамыған АҚШ елінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің басым бөлігі, саны жағынан 20% құрайтын ірі шаруашылық құрлымдарына тиесілі екен. Өкінішке орай, елімізде, әсіресе мал шаруашылығы өнімдеріне деген сұраныстың басым бөлігі сырттан тасымалданады, азық-түлік нарығында, мемлекеттік қолдау, көмектердің жылдан-жылға артуына қарамай баға тұрақтанбай келеді. Осыған байланысты, шағын шаруашылық құрлымдары тиімділіктерін арттыру бағытында атқарылған іс-шаралар айтарлықтай нәтижелі болмай келеді. Қоғамда жекешелендіруден пайда болған ірілі-ұсақты ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер негізінде түрлі ұжымдық шаруашылық құрлымдарын құру қаржылық, басқа да мәселелердің реттелмеуінен мүмкін болмай отыр. Ауыл тұрғындары арасында, қайта біріктіретін болса, басында мемлекеттік (совхоздар) шаруашылықтарды неге жекешелендірді деген уәж де бүгінде аз айтылмайды. Бұл проблеманы шешу мақсатында екі рет толықтырыла қабылданған «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Қазақстан республикасы заңы да бәлендей ықпалдылығымен ерекшелене алмады. Осы себепті, еліміздің өткен кезеңдердегі ауыл шаруашылығы шаруашылық құрлымдары іс-тәжірибелеріне үңілудің қажеттілігі де туындайды.

Төтелетіп айтар болсақ, бастапқыда, демократиялық басқару жүйесімен колхоздар (ұжымдық шаруашылық) қалыптасты да, бұл шаруашылық құрлымы кезінде өз міндетін толықтай атқарып, қоғамдық талғамға сай тізгінін мемлекеттік шаруашылық құрлымдарына (совхоздарға) берді деп айтуға болады. Кейінде байқап қарасақ, «колхоз-

дық» жүйенің негізгі элементтері мен тетіктері бүгінде әлемде ауыл шаруашылығы өндірісімен ерекшеленетін Израиль елінің киббуцы, иошав шаруашылық құрлымдарында қолданыс тауып отырғанға ұқсайды. Кезінде ұжымдық колхоз шаруашылық құрлымдарының мемлекеттік кәсіпорындарға (совхоздарға) айналдырылып қайта құрылуының тағы бір себебі елде азық-түлік қауіпсіздігін тұрақты қамтамасыз етуде мемлекеттік реттеу тетіктерін қалыптастыру қажеттілігіне де байланысты болса керек.

Осы орайда, Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халыққа жолдауында: «Еліміз ауыл шаруашылығы саласында игерілмей жатқан ресурстар жеткілікті» және тұңғыш Президентіміз, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: « Өткеннің тиімді жақтарын неге пайдаланбасқа» - деген сөздері көңілге орала береді. Демек, еліміз ауыл шаруашылығы өндірісінің бастау алған шаруашылық құрлымдары, оларда еңбек еткен азаматтар туралы неге айтпасқа, неге жазбасқа деген ой келеді. Әрине, бұл мәселеде әр өңірдің өз ерекшеліктері де болады ғой.

Дегенмен де, Шет ауданында ғана емес, Сарыарқа өңірінде ауыл шаруашылығы саласының ісімен де өнегесі мен де майталман, тәжірибелі маман-ұйымдастырушысы атанған Боранбай Исатайұлы Жумкиннің кең байтақ Орталық Қазақстан ауылдық аймақтары орналасқан Нұра өзені бойы ауыл шаруашылығы құрлымдары шежіресі мен оларда жауаты қызметтер атқарған азаматтар туралы деректерінің рухани да, келешек ауыл шаруашылығы өндірісі үшін де маңызды.

Автор, инемен құдық қазғандай, ерінбей, жалықпай, көптеген тарихи деректерді іздестіріп, тауып, өңдеп, ұтымды пайдалана алған. Кітап мазмұны ерекшеліктеріне сай, 13 бөлімге топтастырылып, баяндалған, бұл да оқырмандар үшін еңбектің тартымдылығын көрсетеді. Осыған орай, бұл еңбектің ауыл оқырмандарының кітап сөрелерінен орын алатындығына сенімім мол.

**Кәкімжан Сарханов**
*Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясының академигі,*
*а.ш. ғылымдарының докторы*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ, ДЕНЕ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІНІҢ «ШЕТ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАН КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
№ 28191

# І БӨЛІМ

## Нұра бойындағы
## Шет ауданының басшылары
## (1961-2021)

## 1961-2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА НҰРЛЫ НҰРА БОЙЫНДА АУДАН ОРТАЛЫҒЫ АҚСУ-АЮЛЫ СЕЛОСЫ МЕН ШЕТ АУДАНЫНДА ҚЫЗМЕТ АТҚАРҒАН АУДАН БАСШЫЛАРЫ:

Шет ауданы құрылған 1928 жылдан бастап 1961 жылға дейін 33 жыл ішінде өңірге 20 азамат басшылық жасаған. XX ғасырдың алмағайып кезінде басшылар жиі ауысып тұрды. Көбісі 1, 5-2 жылдай ғана бұл лауазымда болған. Ауданның өсіп, өркендеуі, негізінен өткен ғасырдың 60 жылдарынан бастау алған. Соған орай өзім білетін, көзім көрген кейінгі басшылардың қысқаша келбетін келтіргенді жөн санадым. Бұл кезең 60 жылға жуықтайды, яғни менің замандастарымның өмірі іспеттес сияқты.



### Имашев Мәлік Имашұлы (1922-2013)

Шығыс Қазақстан облысы Қотанқарағай ауылында дүниге келген. ҰОС соғысының хас батырларының бірі. 1961-1963 жылдары Шет аупорткомның бірінші хатшысы болып қызмет атқарған. Мәкең ауданда азғантай ғана уақыт басқарса да, артына айтарлықтай ісі мен ізі қалған. Жұмыс бабында мен ауданның басшысымын деп шіренбей, өзі атқаратын іске, әсіресе жүрмей тұрған жұмысқа белсене кірісетін. Қырлы костюм шалбар кимейтін, галстук тақпайтын. «Аяғында керзі етік, үстінде фуфайка болатын» дейді көргендер.

1961 жылы Орджоникидзе колхозы жаңа құрылған тұста сәуір айынан бастап, алдағы саяси науқанды, көктемгі егіс жұмыстарына Мәкең өзі тікелей басшылық жасады. Орджоникидзе колхозы, совхоз боламыз деген даурықпамен көктемгі егіске дайындықсыз келген. Осы олқылықты тез арада жою мақсатында маңайдағы совхоз-колхоздардан трактор - техникалар мен жанар-жағар май алдырып, совхоздың межелеген егістік алқапты 15, 0 мыңдай жерге дән сіңіруді толықтай орындауы Мәкеңнің арқасында деп совхоздың еңбеккерлері жыр етіп айтатын.

Мәкең ауданның жастарына еркеше көңіл бөлді. Оның берген бағыт-бағдармен бірталай азаматтар өмір жолында биік белестерге көтерілді. Солардың бірі ортаға аты белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Қасымбек Медиев.

Мәлік Имашұлының айтуымен Қасымбек аға жаңадан ашылған Ағадыр ауаткомының төрағасы болып, ауданда 13 жылдай қызмет

атқарып, артына айтарлықтай ісмен ізін қалдырды. Қарапайым механизатор, Орджоникидзе совхозының тракторшысы Жұмкин Серікбай Мәкеңнің ұсынысымен 1962 жылы Қарағанды облысының пленум мүшелігіне сайланды. Ол осы мәртебелі лауазында 10 жылдай болды. Өмірлік тәжірибесі мол Мәлік Имашұлы кейіннен әр кезде Шет ауданынан шыққан жас азаматтарға қолдау жасап отырды. Жатқан жеріңіз жайлы болып, рухыңыз пейіште шалқысын!



**Дүйсембеков Камали Жұматайұлы**
**(1924-2018)**

Ұзақ жылдар бойы Қарағанды, Жезқазған облыстарының К.Ворошилов, Жаңаарқа, Жезқазған, Шет аудандарында партия, кенес органдарының басшысы болған.
Екінші жаһан соғыста жаңқиярлық ерлігі үшін «Даңқ» орденінің толық кавалері, І-ІІ дәрежелі «Отан» орденімен және көптеген жауынгерлік медалдарымен наградталған.
1964-1980 жылдары Шет ауданың партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін аброймен атқарып, аудан көлемінде артына өшпес ісі мен ізін қалдырды.

Аудан орталығы Ақсу-Аюлы селосын дамытып, көркейтуге Камекеннің еңбегі ерекше. Шортанбай Жырау, Жанғұтты би, Абай атындағы көшелердегі екі қабат тұрғын үйлер мен екі пәтерлі котедждер, мәдениет үйі, почта-телекомуникация ғимараты, Жамбыл Ақылбаев атындағы орта мектеп т.б. әлеументтік нысандар ауданның бірінші басшысы Камали Жұматайұлы басшылығымен салынып, аудан тұрғындарына пайдалануға берілген. Ауданға қарасты Просторный, Красная Поляна, Бұрма, Дарья, Талды, Нұраталды, Шет, Орджоникидзе атындағы кеншарларда Камекеннің тұсында 15,0 мың бас ірі қараға арналған толықтай механикаландырылған кешендер салынды. Бұл ғимараттарда ет және сүт өндіру жоғары деңгейге жетіп, аудан бірнеше рет Республиканың, облыстың, ауыспалы туын жеңіп алған. 1979 жылы ауданның шаруашылықтары егістіктің әр дақылдарынан 13,5 центнер астық жинап, мемлекетке 61,0 мың тонна сапалы астық өткізіп, ауданның 40-қа жуық азаматтары мемлекеттік жоғарғы наградаларын иеленді.

Камали Жұматайұлы бейбіт өмірде, «Құрмет» Октябрь Революциасы, Еңбек Қызыл ту, Құрмет белгісі ордендері және 30-дан астам медалдармен наградталған. Үш мәрте Мәскеуде Жеңіс шеруіне қатысты.

Сарыарқаның бір туар аңыз азаматы 95 жасқа қараған шағында өмірден озды. Жатқан жеріңіз жайлы болып, иманың жолдас болсын. Ұрпағынызға ұзақ ғұмыр тілейміз.



**Абаканов Мейрам**
**(1931-1998)**

Қасиетті Қарқаралы қаласының тумасы. 1954 жылы Алматы зоотехникалық мал дәрігерлік институтын тамамдап, еңбек жолын Қарқаралы ауданының Бидайық МТС-да мал дәрігерлік қызметін бастайды. Аудан көлемінде шаруашылық, партия, кеңес орындарында лауазымды қызметтер атқарып, тәжірибе жинақтап, 1967-1972 жылдары Қарқаралы аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметін абыроймен атқарады.

1972-1980 жылдары Қарағанды кейіннен Жезқазған облыстарының Жезғазған, Ұлытау аудандарына партия комитетіне басшылық жасады.

1980-1986 жылдары Шет ауданың партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды. Осы жылдары ауданның экономикасының деңгейі жоғары болған.

Мекеннің біздің ауданға дейіңгі өмірлік тәжірибесі мол, өте суатты, қазақ орыс тілдерінде жетік анық сөйлейтін. Аудан көлеміндегі ауыл шаруашылығы саласының кадр саласын қолында мықты ұстады. Мекен, шаруашылықтардың жағдайын шебер талдап, зерделейтін.

Мекеннің адами болмысымен кісілік қасиеттері өте жоғары еді. Мекеннің еңбегі өкімет тарапынан бағаланып екі мәрте Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет белгісі» ордендерімен және көптеген медалдармен марапатталды. Ағаның кейінгі өмірі денсаулығына байланысты қиындықпен өтті. Мекеннің аты, атқарған игі жұмыстарын көтеріп, жазып жүрген азаматтар баршылық, соларды біз қолдайық, Мекен 67 жасында өмірден өтті. Ұрпағына ұзақ ғұмыр тілейміз.



**Медеубаев Сағымбай Мұқатайұлы**
**(1952)**

Қарағанды облысының Осокаров ауданың орталығында дүниеге келген.

1975 жылы Целиноград (кейінгі Ақмола) ауыл шаруашылығы иститутының агрономия мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын Ақадыр ауданның Ортау кеншарында қатардағы агроном қызметінен бастаған.

1990 жылы СОКП ОК жанындағы қоғамдық ғылымдар академиясын тамамдаған. 1972-1983 жылдары Жезқазған облысының

Ақадыр аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы, аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі. 1983-1986 жылдары Жезқазған обл. аупорткомның нұсқаушысы, меңгерушісі, қызметтерінде табысты еңбек етті. 1986-1991 жылдары Шет ауданның партия комитетінің бірінші хатшысы, 1991-1992 ж.ж. аудандық Кеңесінің төрағасы болып абыройлы қызмет атқарды. Медеубаев Сағымбай ауданның экономикасын дамып көтерілуіне жастық жігер-қайратпен тың серпін берді. Бұл кеңестік кезеннің күрмеуі қиын тұстары молынан болғанын жұртшылық жақсы біледі.

Одақтан шығатын саяси шешімдердің шатқаяқтап тұрған кезі еді. Соған қарамай білімі мен қаблеті мол, іскер басшы Сағымбай маңайына бізден кейінгі білімді жастардың басын қосып, ауданның экономикасы мен әлеуметтік-тұрмыстық саласын жоғары деңгейге көтерді. Бірінші басшының басқаруымен аудан орталығында үлкен емхананың құрлысын бастап, дәрігерлерге арнайы 10-нан астам котедж тұрғын үй салынып, пайдалануға берілді. Ауданның қалың жұртшылықтын сұрауымен Ақсу-Аюлы тауының биік басына телемұнара орнатылды.

Ең бастысы Сағымбайдың сабырлығы, іскерлігі, мәдинеттілігі, кісілік қасиеті әр кезде халықтың алдында болып, аудан халық оны сыйлады және құрметтеді.

Сол заманда Сағымбай сынды азаматтармен жұмыс атқару қай қайсымызға болса да ғанибет болған.



**Медиев Қасымбек Медейұлы**
**(1938-2019)**

Шет ауданның Ақсу-Аюлы селосында дүниге келген. Еңбек жолын 1956 ж. аудан орталығы Ақсу-Аюлыда Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектептің аға пионер вожатыйынан бастаған.

1961-1964 жылдары Шет, Жаңарқа, Ақтоғай аудандарына комсомол комитетінің екінші, бірінші хатшысы. 1965-1973 жылдар аралығында Қарағанды облысының Егіндібұлақ аупарткомның хатшысы, облыстық партия комитетінің нұсқаушысы болып қызмет атқараған.

1973-1985 жылдары жанадан құрылған Жезқазған облысының Ақадыр ауаткомның төрағасы, 1985-1988 ж. ж. Жезді аупарткомнын бірінші хатшысы, 1988-1990 жылдары Жезқазған облысының партия комитетінің екінші хатшысы, 1990-1992 ж. ж. облыстың атқару комитетінің төрағасы. Лауазымды қызметтерді атқарған.

1992-1997 жылдары Шет ауданының әкімі. Бұл тұста еліміз өте ауыр

жағдайда болған. Осы бір қиын-қыстау кезенде Қасымбек Медеиұлы өзінің естелігінде «Әкім болуды өз басым Президенттің өкілі ретінде экономикалық тығырықтан шығу жолындағы оның жарлықтарын тікелей жүзеге асыра отырып, қазіргідей қиын жағдайдағы кедергілерді бірлесіп шешу, бірлікті, ынтымақты қамтамасыз ету деп білемін» - деген еді.

Қаскеннің көш бастай білетіндігі, біліктілігі, көсемдігі, алдына қойған әр ісіті ұсақ-ірі демей аяғына деиін жеткізетінін замандастары мен әріптестері өте жақсы біледі. Қаскең өз ісіне шынайы беріліп, ауданның мекеме басшылары мен бірлесе отырып, жұмыс атқарып, ауыл еңбеккерлерінің тұрмыстық жағдайын көтеруге аямай тер төгіп, еңбек етті.

Ағаның өмір жолындағы басты ұстанымы-еңбек. Еңбек жолын ауылдан бастап, республика дейіңгі басбалдақтарға көтерілуі-өзінің жұмысыңа деген талпынысы мен төзімділігінің арқасы.

Қасымбек Медиұлының еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланып, «Парасат», «Құрмет», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен, 20-дан аса медальдармен наградталған. 1996 жылы Елбасы Н.Назарбаевтың қолынан «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алуы ұзақ жылғы еңбегінің өтуі болғанындай болды.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын.... »-дегендей, Қасымбек Медиұлы Шет-ауданның халқы үшін ардақты, аяулы азамат, қамқор жан, елінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан Сарыарқаның саңлақ тұлғаларының бірі, -һәм бірегейі.

Жатқан жерің мамық, орның пейіште, артын, қуанышта болсын.



**Сарханов Кәкімжан Ахмеджанұлы**
**(1951)**

Кәкімжан Жезқазған өңірі қазақтың қара шаңырағы атанған Қарсақбайда 1951 жылы дүниенің есігін ашады. 1968 жылы Ж.Жабаев атындағы №1 Қарсақбай қазақ орта мектебінің түлегі. 1974 жылы Алматы зоотехникалық мал дәрігерлік институтын үздік бітірген. Еңбек жолын Жезқазған облыстық ауыл шаруашылығы станциясында Кеңгір кентінде аға ғылыми қызметтен бастайды. Осы жерде Кәкімжаннының ғылымға деген ойөрісі мен ынтасы ашылады. Әрі қарай Алматы қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу технологиялық институтының асперантурасын 1983 жылы тамамдап, 1984 жылы «Алатау тұқымдас сиырларды алғаш бұзаулаған кезінде іріктеудің тиімділігі» деген тақырыпты дисертация

қорғап, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидат атағын алады.

1997 жылдың 2-маусымында жаңадан біріккен Шет ауданның әкімі болып Сарханов Кәкімжан Ахмеджанұлы тағайындалып, жұмысқа кірісті.

Кәкімжан ауданның тізгінін алған кез өңірдің экономикасы мен саяси ахаулы өте қиын жағдайда еді. Таратылған Ақадыр ауданының өндіріс орындары; Ақшатау кеңбайыту комбинаты, Ақжал, Жамбыл, Жоғарғы Қайрақты, Төменгі Қайрақты кеніштері жұмысын тоқтатып, банкротқа жатқызылған. Жұмысшылар жұмыссыз қалып, күн-көрністері күрт төмендеп, дамыл-дамыл көшеге шығып, шерулеп, жол жабуға дейін барып жатты. Ауданның әкімі алдағы кезекте экономикалық даму бағытын анықтау мақсатында 1997 жылы қазан айында Шет ауданның «Тұсаукесер» шарасын (презентациясын) өткізді. Алға қойған іс-шаралардың жобасы айқындалып, өндірісті қайта жандандыруға қажетті қаржы салатын кәсіпорындармен келісім -шарт жасалынды.

Бас аяғы екі жылдың ішінде Кәкімжан әкім орын алған қиындықтар мен кедергілердің әсерін ауыздықтап, ауданның экономикасы мен әлеуметтік жағдайын көтеруге бағытталған іс-шараларды атқарды.

Осы тұста Кәкімжанның тегінен дарыған таланты мен талабы тыянақты еңбегінің нәтижесісне ұласып, оған басшылық қызметте тың серпін бергендігі байқалды.

Аудан әкімі Сарханов Кәкімжанның қаблеті мен іскерлігінің арқасында елді мекендердегі өндірістік тоқырау мен тұрғындардың тіршілік-тұрмысы түзеліп халықтық әл-ауқаты жылдан жылға жақсарғанын жұртшылық жақсы біледі.

Бүгінде ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы Кәкімжан Ахмеджанұлы ғылым мен қызметке тең қараған, екеуіне бірдей тер төккен ғалым, абройлы азамат.



**Оразханов Рысбек Борхыбайұлы**
**(1959)**

Шет ауданының Төменгі Қайрақты кентінде дүниеге келген. Осы кенттегі орта мектепті 1976 жылы үздік бітіріп, 1981 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтын тамамдап, ғалым-агроном мамандығын алады.

Жас маман еңбек жолын Ақадыр ауданының Октябрьдің 40 жылдық атындағы кеншарда бөлімше агрономынан бастайды.

1983-1992 жылдары Ақадыр ауданының халық бақылау комитетінің инспекторы, Ақсарылы селолық кеңесінің төрағасы, Ақадыр ауаткомының ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі,

Ақадыр аудандық Кеңес төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды.

1992-2005 жылдар аралығында Ақадыр, Шет аудандарының мәслихат депутаттар жиналысының баламалы түрде хатшысы болып сайланған. 2005-2007 ж. Шет ауданының әкімі болып қызмет атқарды. Рысбек көпшілік, жұртшылықтың арасынджа, әсіресе Ақадыр өңірінде аты мен орны ерекше болды. Жұмысқа қабілеті мол. Сөйлей келсе шешендігімен, қолға іс алса іскерлігімен көзге түсті. Үлкенге құрмет, кішіге ізеттілік танытты.

Ұзақ жылдар бойы Ақадырда, одан кейін Шет ауданының маслихат хатшысы болып, тиянақты қызмет атқарды.

Аудан әкімдікте көп отырмады. Біраз жылдай жеке кәсіпкерлікпен шұғылданып, шаруа қожалығына басшылық жасады.

2013 жылдан бері Шет аудандық агротехникалық колледжі басқарып, абыроймен қызмет атқаруда.



**Әбдікеров Рысқали Қалиақбарұлы (1959)**

Шет ауданының Өспен ауылында туған. Он жылдық мектепті тамамдап, 1981 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің тарих және қоғамтану пәндерінің мұғалімі мамандығын алады. 1991 жылы Алматы саясаттану және басқару институтын саясаттанушы мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын Ақадыр ауданының Босаға орта мектебінің мұғалімінен 1981 жылы бастайды.

1981-1985 жылдар аралығында Ақадыр аудандық комсомол комитеті ұйымдастыру бөлімінің, Жезқазған облысының комсомол кентінің нұсқаушысы, облыстың партия комитеті марксизм-ленизм университетінің деканы болды.

1985-1997 жылдары Жезді аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Ақадыр ауаткомы төрағасының орынбасары, әкімнің орынбасары қызметтерін атқарды. 1997-2001 жылдары Шет ауданының әкімінің бірінші орынбасары 2001-2006 жылдары Ақтоғай, Ұлытау аудандарының әкімі.

Тәуелсіздік жылдарында (1997-2001; 2007-2008;2011-2016 ж. ж. ) ауданда 10 жылдан астам қызмет атқарған, оның экономикасының дамуына, халықтың әл-ауқатының жақсаруына бір кісідей атсалысып, тер төгіп, аянбай еңбек етіп, бүгінде аудандық деңгейден Республи-

каның Парламент Сенатының депутаты лауазымындағы жерлесіміз Рысқали Қалиясқбарұлының өмір жолы келешек ұрпаққа үлгі-өнеге болмақ.

Рысқали осындай табысты еңбек жолында оның жұмысқа деген ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігі ауданға басшылық еткен кезде анық көрініп, аудан еңбеккерлерінің алдынан көрінді.

Рысқали Қалиақбарұлының бойынан мемлекеттік қызметшіге тән жақсы кісілік қасиеттерді көруге болады. Олардың алғысы бұқара халықпен шынайы қарым-қатынаста болуы.

Рысқали әкімінің екінші бір болмысы, көп басшылардан табыла бермейтін-озық санасы, хакім Абай айтқандай «Естілердің сөздерін ескеріп жүрген адам өзі де есті болады»- деген даналықты Рысқали әсте ұмытпайды. Қызмет атқарған жерінде, сол өңірдің абыз ақсақалдары, жақсы-жайсаңдармен етене силастықпен байланысты болып, оларды өте құрметтейтіні.

Рысқали Қалиақбарұлының бойындағы табиғи таланты мен өмір жолындағы жинаған тәжірибе көзі оның текті ұрпақтың жалғасынан-ау демекпін.

Келешекте Рысқали бауырымызға халқының игілігіне қалтқысыз қызмет көрсетіп, ел жанды азамат ретінде сый, құрметіне бөлене беріңіз!



**Тілеубергенов Қайыржан Кәрімұлы (1955)**

2008-2011 жылдары ауданды жерлесіміз, туысымыз Тілеубергенов Қайыржан басқарды. ҚарМУ-дың түлегі, мамандығы тарихшы, қоғамтанушы.

1981-1985 жылдары ауданның комсомол комитетінде, аупарткомда жауапты қызметтерде болды. 1985-1988 жылдары Просторный асыл тұқымды мал зауытында партком хатшысы, 1992-2001 жылдары аудан әкімнің көмекшісі қызметтерін атқарды. 1997-2001 жылдары әкім аппаратының бөлім меңгерушісі, 2001-2008 жылдары аудан әкімінің орынбасары лауазымында болды. 2008-2011 жылдар аралығында аудан әкімі болып абыройлы қызмет істеді.

Жастайынан комсомол, партия органдарында жинақтаған өмірлік тәжірибесін ауданның экономикасының дамуына, халықтың әл-ауқатының жақсаруына, мәдениет пен өнердің өркендеуіне Қайыржан аянбай тер төгіп, қажырлы еңбек атқарды. Ауданға 3 жылдай басшылық жасағанда Қайыржанның артында атқарған толағай істері мен іздері қалды.



**Жандәулетов Марат Жандәулетұлы**
**(1957)**

2016-2019 жылдар аралығында ауданды Жанарқаның тумасы Марат Жандәулетов басқарды. Марат Жандәулетұлы ұзақ жылдайр бойы Жаңаарқа ауданы әкімінің аппаратында лауазымды жауапты қызметтерді атқарып, жұмысқа әбден шыңдалған, мол тәжірибе жинақтаған мемлекетшіл қызметкері ретінде ауданның мекеме, шаруашылық басшыларымен тіл табысып, бірлесіп, өңірдің дамуына тың серпін берді. Мараттың осы кезеңде аудан көлемінде атқарған игі істеріне көпшілік-қауым, аудан жұртшылығы : Ақсу-Аюлы, Ақадыр, Мойынты, Ақжал, Жарық, Көктенкөл, Ақшатау, Талды т. б. елді мекендердің тұрғындары оң бағасын беріп, ризашылықтарын білдіргеніне көзіміз жетті. Марат әкім мұндай бағаны алам деп қызмет істеген емес. Ол өзіне, әкімге жүктелген тиісті жұмыстарды мейілінше шынайы беріліп, бар күш-жігерін салып, іскерлігімен атқарғанына халық куә.

Марат ауданның мәдениет, өнер саласына ерекше мән берді. Бұл саланы ертеден жақсы меңгерген 2018 жылы ауданның 90 жыл мерейтойын жоғары деңгейде өткізгенін аудан халқы жақсы біледі.

Мараттың еңбегі 2019 жылы Қазақстан Республикасының Президентінің Құрмет орденімен бағаланғаны оның осы лауазымда атқарған толағай табысының нәтижесі.



**Мұхтаров Мұхит Сайлауұлы**
**(1974)**

1974 жылы Ақсу-Аюлы ауылында туған. 1981-1991 ж. ж аудан орталығында М.Горький, қәзіргі Жамбыл Ақылбаев атындағы орта мектепте оқыды. 1996 жылы 0. А.Байқоңыров атындағы Жезқазған тау-кен университетін бітірген. 1997-1999 жылдары Шет ауданы әкімі аппаратының өнеркәсіп бөлімінің маманы, 1999-2001 жылдар аралығында Шет ауданы әкімі аппаратының төтеншще жағдайлар жөніндегі бас маманы. 2004-2013 жылы аудан әкімінің аппарат жетекшісі, ауданның кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің бастығы, 2013-2019 ж. ж. аудан әкімінің орынбасары, 2019 жылдың наурыз айынан бастап Шет ауданының әкімі қызметін атқарып келеді.

2012 жылы Д.Қонаев атындағы университетін бітіріп, қаржы мамандығын алды.

«Жас келсе-іске» дегендей туып, өскен ауылының тізгінін қолына алған Мұхит аудан экономикасының дамуына, халықтың әлеуметтік тұрмыстың жағдайының көтерілуіне тың серпін берді.

2020 жылы Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаевтің Қазақстан халқына «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: әс-қимыл кезеңі» атты кезекті Жолдауын басшылыққа алып, елімізде қалыптасқан COVID-19 пандемиясының зардабына қарамай 2020 жылдық қорытындысы бойынша аудан экономикасының дамуында ілгерушілік байқалды.

Нақты сектор саласында өндірісте, ауыл шаруашылығы бойынша өсім көрсеткіштері айқын болды. «Ауыл-Ел бесігі» арнайы мемлекеттік жобасы аясында аудан орталығы Ақсу-Аюлы ауылында, С. Сейфуллин, Жанқұтты би, Шортанбай жырау көшелері толықтай жөндеуден өткізіліп, көше бойлары абаттандырылды. Ауданның көптеген елді мекендерінің ішкі көшелерінде 184 шақырым автомобиль жолдары жөндеуден өтті.

Осындай игілікті үрдісті жұмыстар Ақадыр кеңтінде және басқа да елді мекендерде әрі қарай жалғасын таппақ. Жас әкімнің келешекте басты мақсаты ауданның дамуына қызмет жасап, халықтың өмір сүру сапасын жылдан-жылға жақсарту болмақ.

Мұхит баламызға осы жолда сәттілік тілейік, ағайын.



**Ғабдуллин Сайлау Ыбырайұлы**
**(1938-2009)**

Шет ауданының Сталин атындағы колхозда Нұра аулылында 1938 барыс жылы туған. Осы колхозда орталау мектепті 1952 жылы бітіріп, әрі қарай оқуын аудан орталығы Ақсу-Аюлы селосында Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепте жалғастырды. Оны 1955 жылы үздік тамамдап Қарағанды медициналық институтқа түсіп, 1961 жылы бітіріп, жоғары білімді дәрігерлік мамандығын алады. 1961-1963 жылдары Шет ауданының дәрігер-оташысы, 1965-1994 жылдар аралығында аудандық емхананың бас дәрігері болып абыройлы қызмет атқарып, аудан жұртыныың ризашлығы мен алғысына бөленді. 1994-1997 жылдары аудандық Маслихатың хатшысы лауазымы қызметінде аудан халқының тұрмыстық - әлеуметтік деңгейінің көтерілуіне өзінің қызметінде үлесін қосты. 1997-2000 жылдары аудандық Маслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы болып, ауданнның дамуына арналған бюджеттік қаражатты тиімді және мақсатты пайда-

лануға бағытталған іс-шараларды өз деңгейінеде жүргізіп, ауданның өкілетті органнының халық алдындағы рөлін жоғары деңгейде болғанын қамтамасыз етеді.

Сайлау Ыбырайұлы аудан тұрғындарымен зиялы қауымның, депутаттық құрамының алдында өзінің жұмысқа деген тиянақтылығы мен табандылығын көрсете біліп, олардың сый, құрметіне ие болды.

Жұбайы Есен (Несіпбала) өмірге 4 перзент әкеліп, тәрбие, білім нәрін бергізіп, құтты орндарына қондырды. Өкінішке орай, Сәкең арамыздан өмірден ертерек өтті.

Марқұмға жатқан жерің жәйлі болып, иманың жолдас болсын дейміз. Арттағы ұрпағыңа ұзақ ғұмыр тілейміз.



**Мақсұтов Рақымжан Рашитұлы**
**(1947-2021)**

1947 жылы 12 ақпанда Жаңаарқа ауданының орталығы Атасу кентінде дүниеге келген. 1965 жылы орта мектепті бітіріп сол кездегі ұрандаған комсомол - жастар бригадасына кіріп, совхоздың қойын бағады.

1967-1969 жылдар аралығында отан алдындағы азаматтық борышымды ақтап, әскер қатарындаболған.

1969-1973 жылдар Қарағанды коппера-тивтік институтта дәріс алып, жоғары білімді экономист мамандығын иеленді.

1973-1988 жылдары жанадан ашылған Жезқазған облысының Ақадыр ауданында аудандық тұтыну қоғамында (Райпо) қатардағы қызметкерден қоғамның төрағасының орынбасарына дейін абройлы қызмет атқарды.

1988-1997 жылдары Шет ауданының тұтыну одағында басшы қызметте болды.

1997 жылы Шет ауданы әкімінің экономика жөніндегі орынбасары болып, еңбек етті.

2008-2012 жылдары Шет ауданы Мәслихат хатшысы лауазымында қызмет атқарды.

Мақсұтов Р.Р еңбегі үкімет тарапынан бағаланып, 2011 жылы «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жыл» және 2005 жылы «ҚР Конституциясының 10 жылдық» Мерекесі медальдарымен марапатталды.

2002-2012 жылдары Шет ауданының «Нұр-Отан» партиясының филлиалының төрағасы болып қоғамдық жұмыстарға ат-салысты.

2021 жылдың 23 шілдесінде адамзат баласының басына түскен ауыр індеттен өмірден озды. Жаның жәнәтта, орның пейіште болсын.



**Әділхан Смағұлұлы (1953)**

Әділхан Смағұлұлы 1953 жылдың қаңтар айының 15 жұлдызында Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылында туған.

1960-1970 жылдары Ақсу-Аюлы ауылындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте оқыған.

1970-1975 жылдары Қарағанды политехникалық институтында оқыған және инженер-құрылысшы мамандығы бойынша бітірген.

1975-1986 жылдары Шет ауданының ауыл шаруашылығы басқармасында бас инженер-құрылысшы қызметін атқарды.

1986-1995 жылдары Шет аудандық Агроөнеркәсіп бірлестігі төрағасының орынбасары, коммуналдық шаруашылық кәсіпорынның директоры, ауыл шаруашылығы басқармасының бас инженер-құрылысшы қызметтерін атқарған.

1995-1997 жылдары Шет ауданы әкімінің орынбасары, аудан әкімінің бөлім меңгерушісі және жетекшісі болды.

2003-2016 жылдары Шет ауданының №77 жол пайдалану бөлімшесінің басшысы, Шет аудандық Маслихатының хатшысы қызметтерін атқарды.

Еңбек жасаған мерзімінде мемлекетке сіңірген еңбегі үшін 1984 жылы «Қоғамдық тәртіпті қорғаудағы үздік қызметі үшін» КСРО-ның және «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» медальдарымен, сонымен қатар бірнеше аудан, облыс әкімінің Құрмет Грамотасымен марапатталған.

Қазақстан Республикасының «Құрметті құрылысшы» төсбелгісінің иегері.



**Төлеуқұлов Бәкен Төлеуқұлұлы (1955)**

1955 жылы қазан айының 3 жұлдызында аудан орталығы Ақсу-Аюлы ауылында дүниеге келген. 1972 жылы Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіріп, 1973 жылы Алматы қазақ политехникалық институна түседі.

1978 жылы институтты үздік бітіріп, тау-кен инжинері мамандығын алды. Еңбек жолын 1978 жылы Балхаш тау-кен металлургиялық комбинатының Қоңырат руднигінде қарапайым тау-кен шеберінен бастайды.

1979-1983 жылдары Акшатау кен байыту комбинатынан Ақжал кенішінде инженер, карьер басшысы, бас инженер қызметтерін атқарды.

1983-1987 жылдар аралығында Одақтағы 5-жылдықтың екпінді құрылысы болған Ақадыр ауданына қарасты Жоғары Қайрақты тау-кен комбинатының бас инженері қызметін атқарады.

1987-1997 жылдары Ақадыр ауданының партия комитетінде ұйымдастыру бөлімінің басшысынан аудан әкімінің бірінші орынбасары лауазымына дейін көтеріліп, ауданның өсіп өркендеуіне оның өнеркәсібінің қарқынды дамуына өз үлесін қосты.

1997-2016 жылдары жанадан біріккен Шет ауданының әкімінің өндіріс саласы бойынша орынбасары болып, Тәуелсіздіктің бір күрделі, қиын кезеңінде ауданның экономикасын тығырықтан шығуына, халықтық тұрмыстық- тіршілік жағдайларының жақсаруына аянбай атсалысып, еңбек етті.

2016 жылдан осы күнге дейін Бәкен Төлеуқұлұлы аудандық Маслихатының хатшысы болып абыроймен қызмет атқарып келеді.

Бәкен Төлеуқұлұлы ұзақ жылдық еңбегі мемлекет тарапынан әр жылдары бағаланып, 2011 жылы Президенттің Жарлығымен «Құрмет Грамотасымен» марапатталды. 2019 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жыл» және «ҚР Мәслихатының 25 жылдығы» Мерекелік медалдарына ие болды.

# II БӨЛІМ

## Нұра бойы елді-мекендері мен азаматтары туралы естеліктер

## ОРДЖОНИКИДЗЕ АТЫНДАҒЫ КОЛХОЗ БЕН СОВХОЗ ТУРАЛЫ

Аудан орталығы Ақсу-Аюлы селосынан 12 шақырымдай жерде Алматы-Қарағанды тас жолының бойында солтүстік шығысқа қарай «Жүлгең» (қазіргі кезде «Қайрақты ШҚ орналасқан) деген қыстауда 1931 жылдың басында жиырма шақты отбасы, негізінен «Берлібай» атаның ұрпақтары бірігіп, ата кәсіппен мал өсіріп, өнімін мемлекетке тапсыру мақсатында «Мойынсерік» ұйымдастырады. Мойынсерікке мүше болып кіргендердің отбасылары әр жерлерде қәзіргі «Қайрақты» ауылының Ұзынағаш, Дес, Айтқантау, Үлкентау, Қожыр, Ақтал, Егінтас, Манатай тау баурайындағы бұлақтардың басында мекендеген.

Кейіннен Мойынсерік (ТОЗ) Рыков атындағы колхозға айналды. Колхоздың алғашқы басқармасы болып **Көбенов Айеш** сайланды. 1931-1932 жылдардағы ашаршылықта Айеш әкей қарамағындағы отбасыларын нәубеттен аман алып қалу үшін Жүлгеңде Балқаш қаласының мыс зауытының кірешілері тоқтайтын Бекет ұйымдастырады. Олар Балқаштан Қарағандыға келерінде осында көліктерін доғарып, оларға жем-шөп, су беріп, өздері де демалатын. Қарағандыдан қайтарында да соғып, көлік шалдыратын. Жолаушыларға көрсеткен қызметі үшін Балқаштықтар Айеш басқарған ұжымға, отбасыларына ұн, шәй, қант, балық т.б. продукция беріп тұрған. Осы көмектің арқасында ұжымнан ашаршылықтан шетінеген адамдар болған жоқ деп, айтатын ортаға белгілі құйма құлақ Жұмабай әкей.

Соғысқа дейін ауданның №1 ауылдық Кеңеске «Ақтөбе», «Игілік», «Жаңа-Жұрт», «Шаруатеңеу», Орджоникидзе атындағы 5 колхоз қараған. Оларды С.Асылханов, Қ.Бәкіров, Р.Арыстанбеков, Ә.Бекенов, 0. Сарсембаевтар басқарды.

Сонымен соғыс алдында Орджоникидзе колхозын **Ормаш Сарсембаев** басқарған. Колхоздың қарамағында шамамен: 200 ге тарта қой мен ешкі, 110 ірі қара мал, 50 жылқы және 40 түйе және жұмысқа жарамды 31 адам болған.

1940 жылы колхозда егін бітіп шығып, егінді көлік және адам күшімен орып, колхоздың қоймасына құйып алады. Осы кезеңде қуғын-сүргіннің дүбірі әлі басыла қоймаған. Қатар жүрген адамдардың өздері бір-біріне күдікпен қарайтын. Болмашыдан, түймедейді түйедей ететін жалақорлар жанының-ақ табылатын.

Осы жаламен Орджоникидзе колхозынан барлығы 7 адам сотталған. 1937 жылы ауылдың Кеңестің хатшысы Берлібай атаның ұрпағы Нұрпейісов Қасымбек «Халық жауы» болып атылды.

1950 жылы аудандағы ұсақ 41 колхоздар бірігіп, ірілендіріліп аудан бойынша 11 колхоз ұйымдастырылды. №1 ауылға қарасты Орджоникидзе, Ақтөбе, Игілік, Беталыс төрт колхоз бірігіп Орджоникидзе атын-

дағы колхоз орталығы Ақтөбе ауылы болды. Бұрынғы Орджоникидзе колхозының орталығында қазіргі Қайрақты елдімекенінде Шет аудандық МЖС (машина-животноводческая сатнция) жаңадан құрылды. Ол жөнінде әңгіме жеке айтылады.

Орджоникидзе колхозын әр жылдары: Әлкеев Изатбек, Төкенов Жұмбай, Арыстанбеков Рахым, Хайдаров Жақып, Уалиев Молдағали, Борнаев Қаппар, Тәкішев Жұматайлар басқарды.

Орджоникидзе атындағы колхозды ұзақ жылдар бойы (1942-1953 жж. ) ортаға аты белгілі **Төкенов Жұмабай** әкеміз басқарды. Жұмекеннің білімі 7 сынаптық. Қызылжар (Петропавл) қаласында ауыл шаруашылығы саласынан басқарушы мамандар даярлайтын курстан білім алып, сол замандағы партия саясатын жете меңгерген жұмысқа деген жауапкершілігімен іскер ұйымдастырушылық қабілетін аудан басшыларының алдында көрсете білген белді басшы болды.

Жұмекең, сөзге шешен, өте зерек, белгілі ертеде өткен қазақтың ақындары мен жыраулардың шығармалары мен термелерін жатқа айтатын. Абай, Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулат, Жүсіпбек Аймауытовтардың да мұрасынан сөз қозғайтынын естіп жүрдік. Жұмекеннің беделі ел ортасында, бес ата ішінде өте елеулі және силы болды.

Жұмекен, аудан басшылары Н. Алпысбаев, Ш. Дулатов, У. Елеусізов құқық органдарының бастықтары: М. Күзгібеков, Б.Мақажанов, У.Бердалин, С.Хасенов сынды азаматтармен тығыз байланыста болып, сөзімен, ұсынысын олар қолдап отыратынын ауданның сол тұстағы зиялы қауымы еске алып жиі айтатын.

Осы кезеңде колхозда тыным таппай еңбек еткен аға буынның өкілдерін айтайын.

Олар: Биғарашев Бейсек, Жалмағанбетов Түсіп - колхоз төрағасының орынбасарлары. Бәкіров Қасым, Асылханов Смағұл-қой, жылқы фермасының меңгерушілері, Исатаев Жұмке - бригадир, Әбдіразақов Әли, Қыстаубаев Әбжан -есепшілер, Маханбетчин Алпысбай, Омарбеков Кәріп, Байболов Тайлақ-мал мамандары, Қылышбеков Әбдіқалық, Рақымжанов Төлеуқәдір - агроном, Маханбетчин Қалиақпар, қойма меңгерушілері. Бұлар колхоз өндірісін ұйымдастырушылар, өте жауапты адамдар.

Сонымен қоса колхоздың егін салу, жем-шөп жинау, мал басын күту жұмыстарына әкелерімізбен бірге жастарда жегілген.

Олар: Исабек, Қыстаубай, Сулеймен, Төлеубай, Досан, Ережеп, Іргебай, Омар, Мұқабай, Жұматай, Есмақай, Жұмабай, Дүйсек, Нұрғали, Нұржан, Әрін, Айнатай, Әлқожа, Қәдірқұл, Рысқұл, Амантай, Есембек, Ахмет, Саржан, Биғараш, Әйбек, Құсайын, Терлікбай, Бөлкен, Әйділдә, Тырна, Ажақан, Сәрсекен, Әбдіқұл, Әбдікәрім, Тиышмағанбет, Кәрім, Қойбағар, Болтайбек мұғалім т. б.

Колхоздың жастары: Жанабек, Тәуіртай, Мейрамбай, Манап, Толеу-

тай, Кәрім, Рақышев, Шәйкен, Қабдыраш, Зейнекеш, Сәден, Рысбай, Дүйсенбай, Төлеутай, Әжібек, Қалықбай, Серікбай, Мұхтар, Бөгіл, Қабдыраш, Шойман, Жапау, Серік, Қапыш, Әскербай, Қайыркен, Тұрғынбай, Аман т. б.

Жоғарыдағы аталған азаматтар негізінен Ақтөбе, Игілік, Беталыс, колхоздарының тұрғындары. Бұл тізімге бұрынғы Орджоникидзе колхозының, Қайрақты ауылының Берлібай атамыздың ұрпағын қосайын: Нұрмағанбет, Майкен, Мәкен, Байжан, Әйменбет, Әбжан, Төлеубек, Жаман, Жұмке, Бөлте, Төлеубай, Тұңғышбай, Нәби, Жұмажан, Сартбай бұлар аға буынның өкілдері, әрі қарай орта бұнымен жастар келеді: Нестай, Сабыртай, Төлеубай, Шыматай,, Шәкен, Меди, Төлеу, Өкен, Серік, Төлеген, екі Елемес, Медет, Серікбай, т. б. Қыбыш, Сапы, Құнанбай, Кәрім, Қали, Әйкенбай әкелеріміз Спаск, аудан орталығында еңбек етіп, тұрып жатты.

Бұлардың аттарын неге тәптіштеп жатырсың дейсіздер ғой. Осы азаматтардан тараған кейінгі ұрпақ білсін, сол кездегі аға буынның жан қиярлық еңбегімен халыққа көрсеткен жақсылықтарын бойларына, ойларына сіңірсін деген ниетпен жазып отырмын. Осы азаматтардың біразының келбет-портреттері кітапқа енеді.

1951 жылы Орджоникидзе колхоз басқармасына төрағасының орынбасары болып Қызылжардан арнайы оқу орнын тамамдап келген жас маман-агроном Бигарашев Бейсек ағамыз жұмысқа кірiскенді. Ол кісінің бойы аласалау ғой. Соған қарамастан аттың үстінде отырғанда біздерге (балаларға) үлкен адамдай көрінетін. Жұмысқа өте берілген, жоғарғы жақтан түсіп жатқан тапсырыстарды орындауға жан-тәнімен кірісетін. Бейсек ағаның беттi, зілді тұрғысынан жастар түгілі егде тартқан колхозшылар да қатты қорқатын. Кей кезде ат үстінде қамшысын иіріп, ашу шақырып, жұмыскердің үлкен-кішісіне қарамай ауыр (боқтық «әкең ... » т. сс) сөздер айтатын. Бейсекең жөнінде ауыл ортасында неше түрлі қат-қабат көріністер болғанын, ол кісінің бір жағынан жұмысқа берілген, екінші жағынан шыдамсыздығы мен ашу-екпіні туралы талай оқиғалар болғанын кейіннен замандастары еске алатын. Бейсекең ағамыздың жасы осы кезде 24 маңында шығар.

Колхоз жөнінде әңгіме болған соң Орджоникидзе колхозының 1953-1954 жж. Қоғамдық малды қыстан қалай алып шыққан туралы ойымда қалған кейбір көріністерді айтайын. 1954 жылы қыс өте қатты болды. Қыстың аяғы созылып, мал орналасқан қыстақтарда ақпанға қарай шөп таусылған. Колхоздың төрағасы қабілеті мол, іскер ұйымдастырушы **Арыстанбеков Рахым** әкей болған. Өзінің күшімен қыстан шыға алмайтынын біліп, аудандық партия комитетінің араласуымен басқа шаруашылықтардың көмегіне жүгінеді.

Ауданның мекеме басшылары ат жеккен бір-бір кәшаба шанамен 30 шақты, колхоздың қыстақтарына шөп тасып әкелгенін көрдік. Ау-

данның 1-і хатшысы аты ортаға белгілі Кенжебеков Қауымбек ағамыз болатын. Сол басшының тікелей көмек-қолдауымен колхоздың малдарын, қыстан аман алып қалды.

1954 жылдың сәуір айының ортасына қарай Украина, Белорусия, Молдавиядан тың жерлерді игеруге Қазақстанға көптеген жастар келген. Біздің ауданға 100 тарта адам келіп, солардың он шақтысы Орджоникидзе колхозына да келіп, жұмысқа кіріскен болатын. Бірталайы біздің суыққа, тамағы жөндемді емес жағдайларға шыдай алмай, жақын қалаларға және елдеріне қайтып жатты.

Солардың ішінен жергілікті халықпен тіл тауып, бауырласып, колхоздың өндірісін көтеруге көп еңбек сіңірген ҰОС қатысушысы **Скорик Николай Николаевич.**

Бұл азаматты колхоздың еңкейген қариясынан бесіктегі баласына дейін біліп, оның шынайы адамгершілігі мен парасаттылығына тәнті болдық. Ол ағадан көп нәрсе үйрендік, соның арқасында техника тілін меңгерген талай механизаторлар шықты. Н.Скорик туралы кітапта арнайы орын беріледі.

Орджоникидзе колхозын 1955-1956 жылдары **Хайдаров Жақып** деген азамат басқарды. Мінезі өте жұмсақ жайдарлы, қатты сөз жоқ. Өзі сырт жақтан болатын. Колхоздың күрмеуі қиын шаруаларының шешілу тетіктерін жете біліңкіремейтін. Қарамағындағы қызметкерлерге нақтылы талап қоя алмайтын дейтін. Мынадай жағдайды кейіннен колхоздың қызметкерлерінен естідім. Таңертенгі колхоздың атқамінерлерінің жиынында (планерка) біздің Жұмке әкей-бригадир болатын басқарма төрағасы Хайдаров төмен қарап, алдағы атқарылатын жұмыстарға және орын алған кемшіліктерді жоюға ешқандай бағыт бағдар бермеген ғой. Содан әкей қызуланып бұл жұмыстарды шешпесек неге отырсын, онан да үйіңе барда жат, деген ғой, содан екінші күні таңертен басқарма планеркаға келмейді. Келесі күні де келмейді. Басқарманың жағдайын білейін, ауырып қалған шығар деп колхоздың бухгалтері үйіне барады. Барса басқарма үйінде кітап оқып отыр екен. Ал Жәке сіз неге жұмысқа келмей қалдыңыз десе, маған Жұмке айтты ғой, үйіңе бар да жат деп. Осы жағдайдың өзінен басқарманың қарамағындағы қызметкерлерге және жұмысқа деген түсінігін білуге болады. Марқұм бір-ақ жылдай басшы болды. Одан кейін колхозға **Борнаев Қаппар** басшылық жасады.

Қапкең көп жерлерде басшы болып, мол тәжірибе жинақтаған, іскер, сөзге шешен, ызғарлығы басым, колхозды ұршықтай иіріп әкетті.

Әттең, ол марқұм жұмыс басында қалыптасқан тәртіпті ескермей, ауткомның төрағасы Құлмаханов Өтебаймен сөзге келіп, орыннан алынды. 1957-1958 жылдар аралығында колхоздың төрағасы болып **Уалиев Молдағали** қызмет атқарды. Бұл басшының да өмірлік жолы мол, соғыс алдында 1941 жылдары ауданның атқару комитетінің тө-

рағасы болып аудан көлемінде басшылық қызметтерде ұзақ жылдар бойы қызмет атқарған.

Көзі мен қабағының қозғалуымен колхоздың кез келген шаруаларын дер кезінде шешіп отырды. Бірақта басшыға біздің колхоздың аясы тарлау болдыма, тез арада басқа жұмысқа ауысып, Нұраталды кеншарында орын тепті. Марқұмның балалары Жеңіс, Көке ержетіп, біліп алып Нұраталды кеншарында мамандықтары бойынша көп жылдар бойы еңбек етті.

1958-1961 жылдары колхозды ҰОС майдангері, бір қолы жоқ аудан жұртшылығына етене таныс **Тәкішев Жұматай** басқарды. Жұмекең жастайынан комсомол жұмысында тәрбиеленіп, шыңданған, сұрапыл соғыста қан майданнан он екі мүшесінің бірін беріп, аман-есен елге оралып, бейбіт өмірде партия совет орындарында жауапты лауазымды қызметтер болған колхозды жұмысын дөңгелетіп еңбеккерлердің ризашылығына ие бола алды. Орджоникидзе атындағы колхоздың соңғы басқармасы Жұмекең.

Орджоникидзе атындағы кеншар Шет ауданның РТС-гның негізінде құрамына Орджоникидзе, Ақсу және Сталин атындағы колхоздар кіріп 1961 жылдың 1 сәуірінен бастап жаңадан құрылды. Кеншарды 1961-1964 жылдар аралығында **Рақышев Серік** басқарды. Бұл азамат-басшы жөнінде көп айтуға да, жазуға да болады дей тұрып Секең сол кезеңдегі қазақ жігіттерінің оқыған, шаруашылықтың тетіктерін жақсы меңгерген, ұйымдастырушылық қабілеті мол, іскер басшы ретінде адами болмысымен азаматтық келбетін көрсетті. Осы кеншарда жұмыс істеп, тәжірибе жинақтап талай азаматтар кейіннен жауапты орындарда қызмет атқарды. Серік ағамыз ауданның көптеген жастарының жолын ашты десем артық айтпағаным.

1961-1964 жылдар аралығында кеншарда жоғары оқу орнын бітіріп келген ауданның бірталай азаматтары еңбек жолын бастап, ауыл шаруашылығы саласының күрмеуі қиын кезеңдерін бастарынан өткізді.

Олар: ерлі-зайыптылар: Шайхин Шаймұрат пен Мұратова Қарлығаш Москвадан Тимирязев академиясын бітірген, Аманжолов Жұмақас, Нұркеев Сәулебек, Ахметжанов Мұрат, Рақышев Бақыт, Алиев Шакар Алматы ауыл шаруашылығы институтының түлектері.

Кеншардың ферма меңгерушілері: Отыншин Төлеуқұл, Рақымжанов Төлеуқадыр, Рақымжанов Өміртай, Дарибаев Төкен, Махамбетчин Алпысбай, Скорик Николай, Ибраев Жәкен, Сулейменов Мейірхан, Кемалов Амантай кеншардың орта буындағы мал мамандары мен трактор бригадасының бригадірлері: Бигарашев Бейсек, Жақсыбеков Социал, Ахметжанов Самиғолла, Қолханбаев Қараша, Суирбаев Рысбай, Бакиров Қасым, Жуматов Қабаш, Ибраев Алпысбай, Жалмағанбетов Тусуп, Темірбеков Жамантай, Қабылбеков Шойбек, Игісинов Сарсенбай, Қаратөбелов Қаби, Макажанов Мәди, Ахметов Шойман, Айменбе-

тов Елемес, Калиев Серік, Оразалин Ғалым, Хантурин Хамит, Есмаганбетов Самат т. б.

ИТР (инженер-техникалық қызметкерлер) Ашкербеков Мәктай, Байтанасов Медет, Туганбаев Сары, Тайбеков Омар, Сейлбеков Қуаныштай, Шәкішев Тәңірберген, Қасымов Шәкір, Баданов Ескендір, Сегізбаев Сағындық, Асқаров Матақ, аға аспазшы Боранбаева Нагима, десятниктар: Жақсылықов Бейсембай, Тойшыбеков Елемес, директордың орынбасары: Жампейсов Шыматай, Матаев Орынбай, кеншардың есеп-қисабындағы мамандар: Омаров Әміржан, Айешов Нестай, Түсіпбаев Нұрғали, Қыстаубаев Әбжан, Исатаев Серік, Байжұманов Сабыртай, Толқынбаев Оңайбек, Ұлтыкеев Зұлхарнай, Махамбетчин Балтабек, Дүйсенбеков Хасен, Жампейсов Слетай, Садуакасов Дүйсен, Искаков Ынтықбек, Шалимбеков Торғай т. б.

Жоғарыдағы азаматтар бұрынғы Орджоникидзе колхозында, кейіннен Шетауданның МЖС, МТС, РТС кәсіпорындарында жұмыс атқарып, Орджоникидзе совхозының құрылуына, қалыптасуына аянбай тер төгіп, атсалысты.

Орджоникидзе атындағы кеншарға 1964-1977 жылдары он үш жыл бойы **Искаков Төкім** басшылық жасады. Қарағанды облысында партия-совет, шаруашылық орындарында лауазымды қызметтерді атқарып, мол өмірлік тәжірибе жинақтаған басшыға шаруашлықтың экономикалық деңгейін көтеруге аса қиындық бола қойған жоқ.

Төкең өте терең білімді, сөзге шешен, екі тілде де анық сөйлейтін, қазақшасы басым еді. Мақал-мәтелдерді сөз арасында жиі келтіріп, ортаға, адамдарға айтамын деген ойы мен пікірін нақты жеткізе білетін білікті, іскер, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары ауыл шаруашылығы саласының білгірі болған басшы еді.

Төкең кеншардың кадр саласына үлкен мән беріп, шаруашылықтың 4 бөлімшесіне өндірістік тәжірибелері бар, жұмысқа жауапкершілігі жеткілікті саланың майталман мамандарымен қамтамасыз етті. Олардың жұмыс бабындағы күнделікті және маусымдық шаруалары директордың тұрақты бақылауында болды. Кеншардың бас мамандарын да өндірісте алатын орны бұл кезеңде жоғары деңгейде болатын.

1965-1985 жылдар аралығында ауыл шаруашылығы саласы республика бойынша жоғары көрсеткіштерге жеткенің халық жақсы біледі. Осыған орай, Орджоникидзе кеншары да ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде жылдан-жылға қарыштап дамыған. Кеншардың негізгі бағыты мал шаруашылығы болып саналған. Онымен қоса, өсімдік шаруашылығы да ұлғайып, астық өндіру де дұрыс жолға қойылған.

1972 жылы кеншар 13,0 мың гектар жерге дәнді-дақылдар егіп, астықтық-бидайдық шығымы гектарына 12,5 центнерге дейін көтерілген. Сол жылы 12500 тонна астық мемлекетке тапсырып, кеншардың озық механизаторлары мен мамандары мемлекеттік наградаға

иеленді. Олардың қатарында: Туғанбаев Сайлау, Толеукенов Самбет, Аринов Әжібек, Ахметов Шойман, Абенов Серікбай, Баланда Викор, Тапалов Сембай, бөлімше басқарушылары: Отыншин Төлеуқұл, Айменбетов Елемес, Ибраев Жәкен, Жұмкин Серікбай, т. б. мамандар бар. Кеншар директоры Төкім Искаков «Еңбек Қызыл Ту» орденін кеудеге тақты. Осы кезенде кеншарды 5,5 мың ірі қара, 1,5 мыңдай жылқы малы болған. 1970 жылдан бастап кеншар сүт өндірумен шұғылданды. Ол кеншардың №1 Ақсу бөлімшесінде ұйымдастырылды. Осы бөлімшені 1971-1977 жылдар аралығында аты ортаға белгілі Жұмкин Серікбай басқарды. Бөлімшеде 400 бас ірі қараға арналған толықтай механикаландырылған 2 баз (комплекс) салынып, малға жем-шөп дайындайтын цех пайдалануға берілді. Осы жұмыстардың арқасында кеншарда сүт өндіру және оны мемлекетке тапсыру көлемі небәрі 3-4 жылдың ішінде 1, 5 мың тоннаға жетті.

№4 «Еңбекшіл» бөлімшесінде жылқы малының саны да жылданжылға көбейіп, 1976 жылы 1, 5 мың басы құрады. Аға бақташы **Бөлтекеев Шәкіш** 1971-1976 жж. Қазақ ССР-нің депутаты болып сайланды. Бөлімше басшысы **Отыншин Төлеуқұл** 1974 жылы Қазақ-ССР-ның еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері атағын алды.

Осындай құрметке 1975 жылы Кеншар директоры **Төкім Искаковта** ие болды.

Осындай үрдісті істердің басы қасында кеншар директоры Төкім Ысқақұлы тұрды. Осы жұмыстарға өздерінің білімі мен іскерлігін қосқан кеншардың бас мамандары мен орта буындағы азаматтардың аттарын атап кетейін. Олар: Жазыкенов Төлеген, Сейілбеков Қуаныштай, Рамазанов Шәкен, Қасымов Шәкір, Айешов Нестай, Келесбеков Құлтай, Сағындықов Әлі, Текенов Сапар, Скорик Н. Н., Жосалбаев Тұяқбай, Жампейсов Шыматай, Жексенбин Төлеубай, Тойшыбеков Елемес, партия-кеңес-профсоюз өкілдері: Есмағанбетов Хасен, Төлеуқұлов Марс, Байтанасов Медет, Абдыгалиев Төлеубай т. б.

1977-1985 жылдар аралығында кеншарға ауданның аптал азаматының бірі **Қуаныштай Сейілбеков** басшылық жасады. Кеншардың бас мамандары болып Рамазанов Шәкен, Базылов Амангелді, Жазыкенов Төлеген, Мұстафин Сулеймен, Айешов Нестай, Хасенов Совет, Ахметов Бітім, Медеубаев Қазыкен, Есмағанбетов Әбсадық, партия-кеңес органдарында Байтанасов Медет, Алкеев Кәркен, Әбдіғалиев Төлеубай, Игісинов Сәрсендер қызмет атқарды. Кеншар 1977-1979 жылдары суырмалы жердің көлемін ұлғайтуға бағытталған жұмыстарды қолға алып, №1 «Ақсу» бөлімшесіне 140 гектар жерді 2 «Волжанка» су құбырын орнатып, терең үңгіден (скважина) жер бетіне су шығарып, оған көпжылдық шөп егіп, қоғам малына қажетті жем-шөп қорын дайындап, мал өнімдерінің деңгейін көтергенді. Осы кезенде бөлімше басқарушылары болып Отыншин Төлеуқұл, Төлеукенов Самбет, Бөлтекеев

Шәкіш, Құсайынов Иманқұл, Ибраев Жәкен, Омарбеков Кәріп, Қасымов Сапар, Айменбетов Елемес, Құдайбергенов Жаңаттар тиянақты істерімен ауыл шаруашылығы саласында кеншардың экономикалық деңгейін көтеруге аянбай атсалысты.

1976-1980 жылдар аралығында Орджоникидзе кеншарынан Шет ауданының халқының атынан қазақ ССР-нің Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып №1 «Ақсу» бөлімшесінің сауыншысы **Қасымова Бақыт** сайланған. Бақыттың өз ісінде қол жеткен табыстары ауданның жас қыз-келіншектеріне үлгі, өнеге болды. Бақыт туралы арнайы бет беріледі.

1985-1991 жылдар аралығында Орджоникидзе атындағы кеншардың директоры болып, аты ортаға бимәлім **Тусупов Есенқұл** қызмет істеді. Бұл лауазымды азаматтың еңбек жолы негізінен ауданның іргелі шаруашылығының бірі болған Нұраталды кеншарында өткен. Осы жерде өндірістің қыр, сырын меңгерген майталман маман келе сала кеншардың экономикасының дамуына тың серпін беріп, "қайта құру" кезеңінде бірталай жоғары көрсеткіштерге жетті. Өсімдік шаруашылығын дамытып 1987-1988 ауа райының қолайлы жағдайын тиімді пайдаланып, егістік жерден мол өнім (астық) алуды қамтамасыз етті. Мемлекетке астық тапсыру жоспары артығымен орындап, облыс көлемінде шаруашылық алдыңғы қатардан орын алды.

1991-1992 жылы кеншарды **Хамзин Бекежан** басқарды. Бұл кезең өте бір қиын болған. Кеңес Одағы тарап, бұрынғы одаққа кірген 15 республика өздерінің Тәуелсіздігін алу үшін қам жасап жатқан уақыт еді. Бұрынғы экономикалық байланыс тоқтап, елдің дамуы да тығырыққа тірелгенді.

1992-1993 жылы кеншарды **Тлегенов Ермек** басқарды. Кеншардың негізгі қоры болып саналатын қоғамдық мал «бартер» деген әдіспен пайдаланған электр энергиясына, жанар-жағар майға т. б. шығындарға жұмсалып, шаруашылықта мал өнімін өндіру күрт төмендеп кеткенді.

1993-1995 жылдар аралығында кеншарға тәжірибесі мол, саланың білгірі **Қасымов Шәкір** ағамыз басшылық етті. 1993 жылы кеншар ұжымдық шаруашылыққа айналып, әрі қарай Президенттің Жарлығы бойынша шаруашылықтың орнына 30 астам жеке шаруа қожалықтары құрылды.

Бастапқыда 1961 жылы Орджоникидзе атындағы совхоз құрылғанда оның құрамына Кежек, Нұра, Байназар, Батыстау, Еңбекшіл, Ақсу, Ақтөбе, Қайрақты елді мекендері кірді. Кейіннен 1965 жылы Кеншоқы, 1976 жылы Ақши совхоздары жеке шаруашылық болып, жаңадан ашылды. Кітапта осы елді мекендерде, яғни Нұра бойында өмір кешіп, еңбек атқарған азаматтардың келбеттері (өмірдеректері) келтірілген. Сол себепті естелік-жазбаның атын ақылдастар алқасының ұйғаруымен **«Ел ырысы-нұрлы Нұра»** деген атпен шығаруды жөн санадық.

## ОРДЖОНИКИДЗЕ АТЫНДАҒЫ КОЛХОЗДЫҢ БІРІНШІ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ ЖӘНЕ ТӨРАҒАСЫ БОЛҒАН ӘЙЕШ КӨБЕНҰЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК

Менің әкем Нестай Әйешұлы 1990 жылы ауыр науқастан 64 жасында қайтыс болды.

Әкем 1926 жылы Шет ауданының Кызылтау ауылдық кеңесіне қарасты бұрынғы Рыков атындағы колхозында (кейіннен Совет өкіметі кезінде Орджоникидзе атындағы кеңшардың Қайрақты бөлімшесі) кедей отбасында дүниеге келген. Әкесі Әйеш Көбенұлы Спасск зауотында ұста болып жұмыс істеп, Шет ауданы құрылған кезде 1928-1929 жылдары казіргі «Жылы көң» деген жерге көшіп келіп «мойынсерік» ұйымдастырып, Рыков атындағы ауылшаруашылығы артелін басқарған. Рыков халық жауы болып ұсталып кеткеннен кейін С. Орджоникидзе аты беріліп, колхоз құрылып, осы шаруашылықта 1937 жылға дейін төраға болып қызмет істеген.

**Әкем, әкесінен жас қалып, сол кездегі бастан кешкен өмірдің ашшы-тұсшысын маған айтып, естеліктерін жазып кетіп еді.**

Үлкен әкеміз Әйеш өз заманыңда еті тірі көпшіл жан болыпты. 1937 жылы елімізде жүріп өткен саяси зобалаң кезінде сорпаның бетіне шығар, бас көтерер жақсыларды «халық жауы» деген жаламен жаппай ұстаған шақта ол кісі де саяси құрбанның бірі болып жазықсыз жапа шеккен. Ол жайында әкем ұдайы айтып отыратын еді. Әкейден естіген әңгімелерімді бүгін де айтуды жөн санадым.

- Біздің ауылда алғашқы мектептің ашылуы 1931 жылы болатын, -дейтін әкем ойын одан әрі жалғастырып:

- Әкем Әйеш ол кезде колхоз басқармасының төрағасы болатын. Алғашқы ашылған бастауыш мектепте Әбдіпазыл Маясаров пен Мырзағали Әбеуов мұғалім болды. Колхозда мектеп кеш ашылғандықтан бірінші сыныпта өзімізден он жасқа дейін үлкен жігіттермен бірге сабақ оқыдық. Ол кездері ондай жағдай өрескел саналмайтын. Соның бірі өз ағам Тұрсын және Аужан Қалиев, Балтабай Ожықұлов, Болтайбек Бөкебаевтар бірге дәріс алды. 1930 - 31 жылдары жас болсам да әлі есімде, елдің қолындағы малды өкіметке керек деп ала бастады. «Асыра сілтеу болмасың, аша тұяқ қалмасын!» деген солақай ұран сол кезде шыққан.

Біздің үйдегі бар жоғы үш ешкіні лағымен алып кетті. Ешкінің соңына ағам Тұрсын, інім Разақбай үшеуіміз жүгіріп, жылағанымыз әлі есімде. «Жылыкөң» қыстағынан Көктал өзеніне дейін жылап жүгірдік. Сонда үйге бір ешкіні тастап кетті. Бұл ашаршылық болатын ақтаңдақтың алды болатын.

1932 жылы қатты ашаршылық болғаны баршаға мәлім. Осы жылы

менің әкем Әйеш пен туысымыз Төлеубай Төкенов екеуі Қарағанды қаласынан Балқаш қаласы аралығына жүретін «Казмедстрой» кіреші-леріне бекетшілік жұмысына орналасты. Екі қала арасында жүкті ат өгіз түйеге қыста шана, жазда арба жегіп тасымалдайтын кірешілердің көлігіме шөп дайындап, қыста қорада күтеді. Шешеміз Бәтиха оларға тағам дайындап береді. Бекетші болу жағдайымызды біраз жақсартты. Себебі бекеттің жұмысына қатысы бар жандарға ай сайын белгіленген мөлшерде нақ сұлының дәні, тары, қант, шекілдеуік майын беріп тұ-рады. Бұл енді аз да болса өзек жалғарлық талғажу дүние гой. Біздің аштықтан жан сақтап аман қалуымызға үлкен себеп болды.

Атақты 1932 жылдың қысында біздің ауылдың үстінен Қарағанды-ға жаяу шұбырған адамдарды күнде көретінбіз. Өздері аш, тамақтары жоқ. Олардың түнде өткендері үйге қонуға рұқсат сұрайтын. Ол кезде қайбір кең үй бар. Әкем ақ көңіл адам еді. Қондырайын десе кірешелер «Бізді өлтіріп кетеді» деп келіспейтін.

Сол шұбырған адамдардың көбісінің жолда өліп жатқанын кіреші-лер айтып келетін еді. Ашаршылықта қайдағы оқу, мектеп жабылып қалды. Келесі жылы Ақтөбе колхозымен бірге, яғни екі колхозға бір мектеп ашты. Алғашқыда Исабек Бұланбеков деген адамның үйінің бір жағында болдық. Сөйтіп бірте - бірте хат танып, кітап, газет оқуға жарайтын халге жеттік.

Өлмеген жанға жаз да шықты. 1933 жылдың жазғұтырымында жол-да кісінің денесі көрініп жатты. Аудан басшылары жол бойында өлген-дерді жинатып, сол жерге жерлеуді ұйымдастырды. Әйткенмен жол-дан жырақта өлген адамдар жерленбей қалды. Олардың сүйектерін кейін көріп жүрдік. Осы жылы тиісті орындар арқылы әр үйге жан ба-сына есептеп бидай береді. Бұл кездегі колхоздың басқарушысы әкем Әйеш пен партия ұйымының хатшысы Қ. Ордабаевауқаты нашар от-басында көп адамы барларға тұқымдық астықтан бір кеседей беретін еді. Көктемде екі көлік соқа шығарып «Көң» деген жерге егін салды. Соқаға жеке меншік сиырлар жегілді. Ашаршылықтан құтылу үшін Көктал, Манақа, Нұра өзендерінен шимен балық сүзіп ауланған ба-лықты кешке қарай үйді-үйге бөліп беретін. Колхозға әкелген малдан жеке меншікке бере бастады. Кей үйлерге үштен қой немесе тайынша, қайсібіріне жылқы тиді. Ол кезде малды өсіру мақсатында союға тиым салынды. Асыра сілтеу салдарынан жойылып кеткен малдың орнын толтыру керек болды.

«Өлмегенге өлі балық» демекші сол жылғы егіннің түсімі ерен бол-ды. Ашаршылықтың тауқыметін тартқан ел енді-енді есін жиып, етек-жеңін буып еңбекке араласты.

Сол жылы егіннен мол өнім алынып, мал басын өз төлі есебінен көбейткені үшін әкем **Әйеш Көбенов** Сталин атындағы колхоздың басқармасы Уәли Бәйешовпен бірге Алматыға ұшақпен барғанын

жыр етіп айтатын. Ол кезде ұшаққа мінбек түгілі, оны көрмегендер көп болатын. Сол жылы омырауында **«Еңбек Қызыл Ту»** орденін тағып келді. Бағалы сыйлыққа ие болды. Соның бірі радио қабылдағыш болатын. Батареямен сөйлейтін радио қабылдағышты сөйлеткенде үлкендер «Өздерің жасырынып сөйлеп тұрсыңдар» деп сенбеуші еді. Балалардың оқуы да одан әрі жалғасты. Көң деген жерде бұрынғы бұзылып қалған үйдің кірпішінен бір бөлмелі мектеп үйі салынды. Мұндағы мұғаліміміз Сүлеймен Мұстафин мен Қойбағар Кернейбеков болды. Осы мектепте жан-жақтағы қыстақтардан оқушы балалар жаяу қатынайтын. Мектептегі 3-4 класта оқитын біздерді ауылдағы сауатсыздықты жою мақсатында үлкендерді оқытуға әр үйге бөлетін. Біз үлкендерге бір әріптен үйретіп жаздыратынбыз. Көп адам сөйтіп хат таныды. Сөйтіп сауатсыздықты жою кезінде біздің де азды-көпті көмегіміз болды.

1938 жылы бытыраңқы әр сайда шашырай қыстаған елдің басын қосу үшін қазіргі Қайрақты бөлімшесі орналасқан жерге колхоз орталығының іргетасы қаланды. Тұрғын үйлер, мектеп үйі салынды. Еңбек десе ерінбейтін жандар колхоз орталығынан үш шақырым жерде егін салды. Мен әкемді өзіміздің жеке меншік көк биемізбен таңертең егін басына апарып кешке алып қайтатын едім Бірде маған «ертең мені ұстап әкетсе қайтер едіңдер» деген еді. Мен болса саған тиіскен адамның басын шабамын деуші едім... Сөйтсем әркімді жазықсыз болса да сылтаумен әкетіп жатқан екен ғой. Оны мен қайдан білейін. Ол содан іштей қауіптенеді екен ғой. Сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Тоқтаров әкемнің меншігіндегі бәйге атын қоярда қоймай басқа бір ат беріп айырбастап алады. Екіншіден ауылға атақты палуан Қажымұқан өнер көрсетуге келгенде Тоқтаров бірге келіп, біздің үйде болады. Сөйткен Тоқтаров 1937 жылы халықжауы ретінде ұсталады. Міне осы тұста әкімнің үстінен де арыз түседі. Тоқтаровтың сыбайласы деген ғой. Әкем Әйешті де халық жауы деп ұстап әкетті. Ол түрмеге түскен соң шешем күнде сыртынан барып жолыға алмай келеді. Тамақ алдырмайды. Әкем түрмеге жабылғаннан кейін көрген қорлығымыз естен кетпейді. Бізді ауыл адамдары тіпті бірге оқыған балалардың өздері халық жауының баласысың деп мазақтап маңына жолатпайды. Үйдегі суретіне де тығып тастауға тура келді. Өйткені «суретін сақтағандарың үшін өздеріңді жазалайды» деген жанашырлардың ақылы себеп болды. Әкейдің қолда бар суретінен өстіп жүріп айрылып қалдық. Кейінірек шешем суретті жасырған жерінен таба алмады. Әкей ақталды. 1961 жылы Қарағанды облсотының төрағасы Белоусов қол қойған анықтама қағаз келді.

Әкейдің бейнесі көз алдымда жүруші еді. Жастай қалған інілерім суретін көруге құштар болды. 1965 жылы СОКП Орталық комитетінен фотосуретін сұратқан едім. Орталық комитет әкемнің 1930 жылдан

СОКП мүшелігіне кандидат 1933 жылы жызықсыз жазаланғанын жазып партбилетке түскен екі дана суретін маған тапсыру үшін аудандық партия комитетіне жібертіпті. Сурет алған күнгі біздің үйдің қуанышын айтып жеткізе алмаймын. Әкемнің өзі тіріліп келгендей болды дейтін әкем **Нестай Әйешұлы.**

1989 жылы облыстық «Джезказганская правда» газетінде жазықсыз жазаланған 29 коммунистің аты-жөні толықжазылды. Оның ішінде 1893 жылы туған Әйеш Көбеновтың есімі де бар. Тағылған айыбы Шет аудандық партия комитетінің хатшысы А. Тоқтаровпен бірге контрреволюциялық ұлтшылдық идеясын насихаттаған-мыс. Жазықсыздығы дәлелденіп ақталған асыл азаматтың партиялығы қалпына келтірілген. Міне біздің әулеттің бір оқиғасы осындай еді.

Әкем талай қиындықты басынан өткізген, халық жауының баласы деп бірнеше рет арыз берсе СОКП қатарына қабылдамай келген. Тек әкесі Әйеш жазықсыз жазаланған деп табылып, ақталғаннан кейін ғана партияға қабылдайды. Ұзақ жыл кеңшарда бас бухалтер болып қызмет атқарды.

Ия, әкеміз асқар таудай еді. Артында ұрпақтары қалды. Әке дәстүрін лайықты жалғастыруды парызымыз деп санаймыз.

Әкем Нестайдың шешесі Батиха, қалың Сарым елінің Шуаш руының қызы. Шуаштар мен біздің Берлібай ауылының адамдары «үлкен үйдегі апа» дейтін, өте пысық, кең пейілді шаруақор адам болған. Қырық жасқа толмай 1937 жылы ерінен жесір қалып, колхозда тынымсыз еңбек етіп Тұрсын, Нестай, Разақбай, Қадырқұл, Төлеу және Рымжан деген балаларын асырады.

Әйештің Тұрсын деген үлкен баласы 1943 жылы Ұлы Отан соғысына өз еркімен аттанып, оралмай хабарсыз кетті.

Шешеміз Батиха отыз үйлі Берлібай ауылының анасы болған, тұрмысы төмен, жетім-жесір отбасыларына қолдағы бар тамағын бөліп беріп, ішіңдер, жеңдер деп отырады екен.

Бертін уақытқа дейін, шешеміздің тірі кезінде (1976 жылы қайтыс болды) туысқандар күнде біздің үйге шешемізге сәлем беруге ағылып келіп жататын. Осыдан біз шешеміздің ел арасында силы, қамқоршысы болғанын білдік. Келіні менің шешем Зауремен өте тату тұрды. Көзінің алдында көрінбей кетсе, Зауен қайдасың деп іздеп отыратын. Олардың татулығын сөзбен жеткізу қиын, араларына 2 жыл салмай 1978 жылы шешеміз Зауре енесінің қасына ол дүниелік болып кетті. Шешем, келіндері Мария мен Шынарды жақсы ұстап, енелік тәрбие беріп кетті. Әлі есімізде шешемнің әкесі Нұрғали үйге атпен келіп түстеніп қайтқан кезде, шешем аттандырып қолтықтап атқа мінгізіп жіберетін. Шешелеріміздің осы жақсы қасиеттерін балалары, келіндері, немерелері де үлкенге деген силастықты сақтап келеді.

Асқар таудай әкеміз Нестай Әйешұлы ұзақ жылдар бойы Шет ауда-

ны Ордженикидзе атындағы колхозда (совхозда) бригадир, қатардағы есепші, бас есепші болып халқына адал қызмет атқарды.

Сіңірген еңбегі үшін «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы үздік еңбегі үшін», «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медальдарымен марапатталған.

Төрт сыныптық білімі болсада, көп ізденіп тоқығаны мол, сөзге шешен, білімді, әр елдің тарихы мен шежіресін білетін дарынды адам болған. Ағайындарының арасында өте силы болды. Олардың арасында бас бірліктерін сақтап, туысқандықтарын арттырып, қиын-қыстау кезеңдерінде оларға қол ұшын беріп көмектесіп тұратын. Ауыл адамдары Берлібайдың «Абайы» деуші еді. Әкеміз қайтыс болғаннан кейін жалғыз біз балалары ғана жетімсіреп қалған жоқ, бүкіл біздің елдің ағайындары жетімсірегендей болды.

**Ғабидолла Нестайұлы Әйештегі**
*Нұр-Сұлтан қаласы*



**Әйеш Көбенұлы және жұбайы Бәтиха Сүлейменқызы**



**Нестай Әйешұлы және жұбайы Зәуре Дүйсекқызы**



**Төлеубайұлы Зейнолла (1947)**

Шет ауданы Орджоникидзе атындағы колхозда 1947 жылдың 2 қаңтарда кедей шаруаның отбасында дүниенің есігін ашқан. Аудан орталығында бұрынғы М.Горький қазіргі Жамбыл Ақылбаев атындағы орыс мектепті 1966 жылы тамамдап, Целиноград (Ақмола) қаласында инженерлік-құрылыс институтын 1971 жылы бітірген.

Әрі қарай ғылым жолына бет бұрып Ленинградтың инженерлік-құрылыс институтының аспирантурасында 1973-1976 жылдары оқыған.

1978 жылы техника ғылымдарының кандидаты атағын алған. Елордадағы Л.Н.Гумилев атындағы Ұлттық Еуразия университетінің профессоры, күні бүгінге дейін еңбек етеді. 50-ден астам ғылыми мақалалардың авторы. Бірқатар салалық марапаттарға ие болған.

*Адам керуен өмірі жол ешкімге жат із емес,*
*Жолмен көшкен керуеннің алды арты біз емес*

## ӨТКЕН КҮНДЕ БЕЛГІ БАР

*(Орджоникидзе атындағы колхоздың тарихынан)*

1930 жылы Қояншы тағай руының Дәулетінің Берлібай атасынан тараған ұрпақ негізінде Н.Рыков, кейінен Г.К.Орджоникидзе атындағы колхоз құрылған.

Берлібай атадан тараған ұрпақ ертеден Қызылтау өңірін (Ұзынағаш, Жылыкөң, Айтқантау сайлары, Нұра, Көктал өзендері бойларын мекендеген. Осы жерлерде көшіп-қонып, мал бағып, ұрпақ өсіріп, қоңыржай өмір сүрген.

19-ғасырдың аяғында елдің біраз азаматтары ағылшын концессиясында болған Спассмыс қорыту заутында еңбек еткен.

Бұл кезең туралы үлкендер неше түрлі қызық әңгімелер айтып отыратын. Обалы нешік жағдайымыз жаман болған жоқ. Ағылшындар апта сайын асханаға сыйыр сойып тамақты дұрыс беретін. Сойған сыйрлардың шек қарыны мен іш майларын әйелдер тегін алып, майын шыжғырып, шек қарындарын асып, қуырып тамақ қылатын. Аптаның аяғында демалыс күні жігіттер жиналып бір ешкі сатып алып, етін асып, қуырып жақсылап дем алатынбыз. «Сойған ешкінің терісін өңдеп ағылшындарға бір сомға сатып келесі демалыста75 тиынға тағы

бір ешкі сатып алып, қалған 25 тиынына бір шөлмек арақалып тағыда тойлайтынбыз» деп күліп отыратын үлкендер.

Спасста Салықбайдың Жақыбы (Сарыжақып) қатардағы жұмыскер, өте пысық адам болған. Жұмыскерлер өз арасында Жақып әкемізді «Шахтаның қамыт пенен шілиясы, Спасстың народный судьясы» деп қалжыңдайды екен. Төңкерістен соң Спассқа Совнарком төрағасы Сәкен Сейфуллин келгенде ауылдың ауқатты азаматтары жеке үй тігіп, кедей-кепшіктер жеке үй тігіп дайындалады. Екі жақ қай үйге түседі деп бәсекелескенде Бектің Орынбегінің жанында жүрген Сарыжақып Сәкен бізге түседі депалдынан шығады. Сонда Жақаң Сәкенге «Ту биенің қазы-қартасын жеп, қара сабадан сары қымыз ішем десең анау ақ үйге түсесің, ал кедей-кепшіктің қара нанымен, шайын ішем десең мына біздің қараша үйге түсесің» дегенде Сәкен Орынбек пен Жақыпқа еріпті деп Ғабиден Мустафин өзінің «Көз көрген» романында жазады. Осы Жақып әкеміз кейін ауылға келгенде жылда Қарқаралыға барып молда жалдап әкеліп күллі Берлібай балаларын жинап оқу оқытады екен. Соның арқасында біздің әкелеріміз ескіше хат танып, мұсылманша әжептеуір білім алған екен. Кейінде Жұмабай әкеміз, Жұмке әкеміз тағы басқалар құранды заулатып оқағанда таң қалатынбыз бұлар қай жерде жүріп оқу үйренген деп. Сөйтсек Жақып әкеміздің еңбегі екен.

Спасста жұмыс істеген Мәйкен атам туралы да қызық әңгімелер еститінбіз. Мәйкен атамыз мыс балқытатын пештің балқытушысы болып істепті. Бір күні пеш жарылып жұмыс тоқтап қалыпты. Пеш жөнделгенше жігіттер жиналып әңгіме айтып, қарқылдап күліп отырса цех бастығы ағылшын келіп қалып білетін қазақшасымен «Басқалар күлем дұрыс, ал Мәйкен күлем не керек?..» деп ұрысыпты дейді. Содан кейін біздің колхозда бір орынсыз күлкі шықса «Мәйкен күлем не керек» деген мақал болып кетіпті.

Жәмпейістің Жуасбайы Спасста қара жұмыс істеп, революциядан кейін сол жақта учаскелк милиция қызыметін атқарған. Бұл кісі туралы Ғабиден Мустафин «Көз көрген» романында біраз әңгімелер келтіреді. Жүкең байлардың үйіне келгенде олар қорқып ет асып, төрге шығарып қарсы алады дейді. Сонда Жукең винтовкасын алып аузын табаққа тығып «же қара батырым же, мына етті саған жасап отыр, мені сыйласа баяғыдан бері қайда қалды» деп айтқанда үй иесі не айтарын білмей сасып қалады дейді. Мінезі тік, турашыл Жүкең кейін 1932 жылы өкімет елдің малын тартып алып жатқанда «Алматыда бір-екі ит айтты деп арқада отырып ет жемей өлеміз ба» деп малын бермей біраз шу шығарып, басы дауға қалып әрең құтылыпты деп еститінбіз. Жуасбайдың балалары Сілетай, Өкендер ауылда өсіп, өмір бойы колхозда, совхозда еңбек етті. Ортаншы баласы Шыматай өзімен бірге көп жыл Қарағандыда тұрып, еңбек етіп кейін ауылға көшіп келіп Орджоникидзе совхозында директор орынбасары болып қызмет атқарды.

Жүкең Шыматайды жас кезінде жаз айларында ауылға жұмысқа жібереді дейді. Бір жыл күзде Шыматайдың еңбеккүне шыққан астықты алам деп Қарағандыдан пар ат жеккен арбамен, он шақты қабы бар ауылға келіпті. Колхоз басқармасы Жұмабай әкеміз, ойбай Жүке егінді жинап өкіметтің астығын тапсырмай болмайды, ұстап алса тегіс сотталамыз, кейін тиесілі бидайды өзіміз жеткізіп береміз Қарағандыға, кәзір қайта беріңіз десе, Жүкең ренжіп қалаға бірақ тартыпты. (Бұл соғыс уақыты болса керек). Сол кезде колхозда сельпо, пошта, хат-хабар жұмыстарын жүргізетін Нестай ағатайым ауданға барса Қарағандыдан телеграмма келіп жатыр дейді: «Шетский район, колхоз имени Орджоникидзе, Тукенову Жумабаю, верните Шматая в колхозе больше работать не будет. Жуасбай» деп бірақ ұрыпты деп ағатайым күліп отыратын.

Менің әкем Төлеубай 14 жасында 1912 жылы Спасс зауытына жұмысқа тұрып, 1923 жылы елге оралады. Еңбекақысына тоғыз қара мал алып, жазда Жылыкөңге айдап келеді. Үлкен әкем Төкен қарсы алып; балам шайыңды ішіп алып осы бетіңмен мына малды Қайрақтыда отырған Әкіштің қорасына апарып кіргіз деді, содан келесі жылы үйге Әлжәмиланы (менің шешем) кіргізіп алдық дейтін. Содан 1925 жылы үлкен ағам Сәкітай дүниеге келді.

20-ы жылдың аяғында Спасс зауыты жабылып біздің елдің адамдары елге қайтып оралады. 1918 жылғы Совет өкіметі жүргізген әкімшілік-аумақтық реформаға сәйкес біздің ауыл Семей губерниясы, Қарқаралы уезі, Қызылтау болысы, № 1 ауыл болып бекиді. Содан 30-жылдары ұжымдастыру басталып Көбеннің Әйеші басқарып Жылыкөңде мойынсерік (ТОЗ- товарищество по обработке земли, «Қосшы» одақтары аясында) құрылып, біраздан кейін колхозға айналдырылып сол кездегі Лениннің орнын басқан РСФСР-КСРО Совнаркомы төрағасы Н.Рыковтың аты беріледі. Рыков бір нұсқауында менің атымдағы елді мекендерде, кәсіпорындарда учаскелік милиция мен радиоторабы жұмыс істесін деп бұйрық шығарды деп Жылыкөңде бір адам милиция, Дестің сайында электр стансасы орнатылып радио хабар бере бастайды. (Жылыкөң айналасындағы аталарымыз жайлаған сайлар «Кең сай», «Үш қыздың сайы» «Жіңішке сай», «Дестің сайы», т. с. с. атауларға ие болатын. Біз «Дестің сайы» деген бір Дес деген кісі аты екен десек сол сайда орнатылған дизель-электр стансасы (ДЭС) деген сөзден алынған екен.

Содан колхоз әжептеуір жұмыс істеп (негізінен мал өсіру) дүркіреп келе жатқанда 1932-і жылы Қазақ еліне бірінші басшы болып Мәскеу жіберген Голощекин (Казкрайкомның бірінші хатшысы) келіп «Қазақстанда Совет өкіметі орнамапты, біз «Кіші Октябрь» революциясын жүргізуіміз керек деп бүкіл қазақ халқының малын тартып алып, елді ашаршылыққа ұшыратып, қырып салды. Соның қырсығынан қазақ елі

40-60% адамдарынан айырылды. Үлкендердің айтуынша Қарағанды мен Балқаш арасы босқан, қырылған адамдарға толып кеткен. Біздің ауылға Қарқаралы жақтан босқан аш адамдар парсы кілемдер, алтын-күміс әшекейлерін бір аяқ тарыға айырбастап жүрді деп еститінбіз. Күлән тәтем бір алтын жүзікке қызығып едім Төкен әкем «бүлінгеннен бүлдіргі алма» деген сөз бар деп алғызбады дейтін. Содан күллі қазақ даласы аштан өлген адамдарға толып кеткенде біздің ауылдан бір адам шетінеген жоқ деп үлкендер нақыл-әңгіме айтып отыратын. Оған себеп: біріншіден ұжымның беріктігі, күштілігі. Бір үзім нан мен бір аяқ көжені бөліп ішіп, бір-біріне қарайласып, қамқор болғандық. Үлкендердің тәрбиесінің дұрыстығы. Үлкен әкем Төкен аулда құдық басына су алуға барған әйелдердің, келіндердің басын қостырмайды дейді: сендер өсек айтасыңдар, ағайын арасына ірткі саласыңдар, суға жеке-жеке барыңдар дейді екен. Екіншіден сол жылдары

Балқаш қаласында «Казмедьстрой» құрлысы басталып Қарағанды мен екі арада жүк таситын кірешілер жүргізіліп, біздің Жылыкөңде соларға тамақ дайындап, ат, түйе, өгіздеріне жемшөп дайындайтын бекет ұйымдастырылады. Соларға бөлінген азық-түліктен тамақ дайындап, олардан қалғанын өзіміз талшық қылып аман қалдық дейтін үлкендер. Кірешілер негізінен күн бата біздің Жылыкөңге жетіп, тамақ ішіп, дем алып таңертең жолға шығады екен. Олар келгенше ауыл тамақ дайындап соларды күтіп тамақ ішпей түнгі 12-ге дейін күтеді екен. Біркүні кірешілер кешігіп, жұмыстан әбден шаршап қарны ашқан адамдар: сағат неше болды, 12-і болдыма деп алаңдап отырса үлкен әкем Төкен «12-і түгілі ендігі 13 болған шығар» деп шыдамы таусылып ренжіпті деп күлетін кейін ауыл адамдары.

Содан 1928 жылы Совет өкіметі тағы бір әкімшілік аумақтық реформа жүргізіп біздің ауыл енді Қарағанды облысы, Шет ауданы, Түлкілі ауылсоветіне қарайтын № 1 ауыл болып бекйді. 1936 жылы Н. Рыков «халық жауы» деген айып тағылып атылып кеткен соң біздің колхозға Г. К. Орджоникидзе (сол кездегі КСРО ауыр өндіріс халық комиссары) аты беріледі. Одан кейін ұсақ колхоздарды бірнеше рет біріктіріп, ірілендіріп колхоз орталығы Ақтөбеге көшіріледі. Осы кезде аудандарда МЖС-МТС- тар ұйымдастырылып жатқанда Жүмабай әкеміз Нұра (Қайрақты) иесіз қалмасын деп бұл станцияны сол жерге орналастыру туралы ұсыныс жасайды. Аудан, облыс басшылары бұл ұсынысты қабыл алып станция бұрынғы Орджоникидзе колхозының орнына орналастырылады. Кейін станция аудан басына көшіріліп РТС (ремонтно-техничаская станцияға айналады). Одан кейін 1961 жылы колхоздар таратылып бірнеше колхоз қосылып РТС-ты қоса Орджоникидзе атындағы совхозға айналады. 1991 жылы Совет одағы таратылғанға дейін біздің ауыл Орджоникидзе совхозы болып тұрды.

Осы 60 жыл аясында ата-бабаларымыз, әке-шешелеріміз, аға-апа-

ларымыз неше түрлі нәубетті бастарынан өткізіп, қызығы да бар, шыжығы да бар өмір кешті. 1937 жылы Совет өкіметіне қызмет етіп, осы колхозды ұйымдастырудың басында болған Әйеш әкеміз нақақтан жала жабылып халық жауы деп атылып кетті. Одан кейін колхоз басқармасы болған Ормаш әкеміздің де тағдыры қайғылы болып аяқталды. 1939- 40 жылы колхоз төрағасы Сәрсенбайдың, Ормашы, қойма меңгерушісі Тоқмағамбеттің Күзембайы, бригадир, менің әкем Төкеннің Төлеубайы үшеуі күзгі бидай ору науқаны аяқталған соң еңбек күн есебінен колхозшыларға екі шелектен бидай бере тұрайық деген шешім қабылдайды. Бұл шешімнің аяғы өздеріне пәле болып жабысып, бұлар Совет өкіметі құлайды, колхоздың мүлкін тегіс таратып алыңдар деп үгіт жүргізіп жүр деп 58-і статья бойынша айып тағылып сотқа тартылады. Кейін Жұмабай мен Сапы әкелеріміз қуып жүріп 58-і статьяны 109-ы статьяға түсіріп үшеуін 10-жылға, соңынан 3-жыл құқығын шектеумен ГУЛАГ-тың қарамағына айдалады. Содан Владивостокке жөнелтіліп, 1941 жылы Германиямен КСРО арасында соғыс басталған соң солтүстік батысқа Архангел, Коми АССР-на айдалады. Ормаш пен Күзембай сол жақта аштан өліп, менің әкем Төлеубай Алашорда қайраткері Жақып Ақбаевтың келіні, Севжелдорлагта халық жауының семья мүшесі деген айып тағылып сотталған дәрігер Зуфнун Әубәкірқызы Ақпаеваның арқасында босап 1943 жылы елге оралады. Бұл туралы 2007 жылы

Егемен Қазақстан газетінде 30 мамыр күні «ГУЛАГ Архипелагында», 2016 жылы «Қазақ Әдебиеті газетінде» 2 желтоқсан күні «Тайгадағы таңғажайып кездесу» деген көлемді мақалалар шықты.

30- 40-ы жылдар колхоз адамдарына оңай тиген жоқ. Біраз адамдар саяси қуғын-сүргінге ұшырады, біразы соғыста қаза тапты, біразы соғыстан мүгедек болып келіп аман келгендермен бірге жұмысқа белсене кірісіп кетті. Бұл кісілер туралы мәлімет Қайрақты ауылында 2015 жылы орнатылған ескерткіште келтірілген.

Өмірдің аты өмір, тірілер тіршілігін жасап қыйындыққа қарамай қолдан келгенше өмірдің қызығын да көруге тырысқан. Үлкендердің айтуынша ауылда сауатсыздықты жою курсы ашылып («Саужой») ел жазу, оқуды үйрене бастайды. Сонда алғашқы жазу үйренгенге масаттанып Рақым («Тықы») деген нағашымыз өзінше өлең шығарып: «Айтқантаудың баурында оқу оқып жатырмыз, астымыздан сыз өтті жолдас Төлеубайға бір сәлем, орындықжасап жіберсін, әр айна, әр айна, әр айна... » деп жазыпты деп ел кейінге шейін күліп жүрді. Жастар колхозда көркем өнерпаздар үйірмесін құрып концерт, спектакль қойып, өлең айтып көңіл көтерген. Менің әкем Төлеубай өлең айтып, спектаклде рөлдер ойнап (ол кезде еркек, әйел рөлдерін ер адамдар ған ойнайды), шешеміз Әлішкен балалардың алдында қиқаландағанын не деп ренжіп, ұрысыпты деп аға, апаларымыз күлі жүретін. Той, мереке-

лерде ауыл адамдары өздерінше тойлап, «Октябрь» колхозымен айтыс ұйымдастырып, ауыл ішінде айтысқа өлең шығарып, көңіл көтереді екен. Менің үлкен шешем Шақыбай әжем суырып салма ақындығы бар екен. Бір жырларында: «Біздің елде Мәйкен жақсы, Төкен жақсы, жауған қардай борайды Тұңғышбай бақсы, . . . , Қанапия отыз үйдің анасындай, Әлішкен түлкі ішіктің жағасындай» деген сияқты өлеңдер шығарып ел кейінге шейін жатқа айтып жүрді. Әттең ол уақытта қағазға түсіру дәстүрі жоқ, бұл күнге дейін ол өлеңдер жетпей қалды.

Ол кезде колхоз жұмысына ес білген баладан кәрі шал-кемпірге дейн жұмылдырылады.

Салықбайдың Мәкені (Түйеші ата) өмір бойы колхоздың түйелерін бағып, жүз түйеден 25 бота алып, рекорд жасап Мәскеуге ВДНХ (Халық шарушылығы жетістіктері көрмесі) көрмесіне жолдама алған. Қазақстан делегациясы Мәскеуге 1941 жылы 21 маусымда келіп түседі. Ертеңінде КСРО жоғары кеңесі төрағасы М. И. Калинин қабылдап, жиналыс болады деп отырғанда, делегацияны Кремілге шақырып Президиум хатшысы Горкин қабылдап: таңертең фашистік Германия соғыс ашып, елге басып кірді, енді елдеріңе қайтып Отан қорғау жолында еңбек етіңдер деп ВДНХ медалін тапсырып елге қайтарады. Кейін Түйеші атам әңгімесін айтқанда: «Мәскеуге Сельхозайкабестапкеге бардым, кеудеме бастықтар медаль қадады, шіркін-ай, сондағы Мәскеудің орысының иісіде ерекше болады екен» деп таң қалады дейді. (сақал-мұртын алып, одеколон жағып келген ғой хатшы).

Сол уақыттың адамдары еңбекке берілген, адал, жан аямай жұмыс жасаған ғой. Бір күні Түйеші атам түйе бағып жүргенде бір түйе су ішем деп құдыққа түсіп кетіп мертігіп қалыпты. Атамыз ауылға шауып келіп, киіз үйдің маңдайшасын қағып жіберіп: «әй Жұмабай, ана түйе құдыққа түсіп кетті, ал мен кеттім, енді мен сендерге жоқпын» деп атын бір салып кетіп бара жатыр дейді. Жұмабай ағатайым жүгіріп шығып, шылбырына жармасып, аттан түсіріп, үйге кіргізіп шайға отырғызып, қорықпа кәзір өзіміз шығарып аламыз, түк етпейді деп әрең жұбатыпты. Сол түйені ауыл адамдары шығарып алып, мертікті деп акт жасап, сойып етін колхозшыларға еңбек күн есебіне таратып беріпті. Сонда қуырдаққа бір тойғанымыз- ай деп Күлән тәтем айтып отыратын.

Төкеннің Тйышбайы бар өмірін колхозда еңбек етіп 1942 жылы әскерге шақырылып соғыста қаза тапты. Жеңешеміз Рысжан өмір бойы колхозда еңбек етіп, сауыншы ретінде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген ерен еңбегі үшін Мәскеуге КСРО ВДНХ-сына барып медаль алып қайтқан. Тйышбайдың балалары Несіпбала, Тйышбала, Әшбалалар (Әшіман) бар өмірлерін осы Орджоникидзе колхоз-совхозында еңбек етіп, бірге жасасты.

Үлкен әкем Төкен ауылдың жылқысын тегін бағып, ұрпаққа тәлім-тәрбие беруге зор үлес қосты. Әкем Төлеубай лагерден келген соң кол-

хоз жұмысына белсене араласып, шөп шабу, егін егу, ұста, пеш қалау жұмыстарымен айналысып, кейін аудан басына көшіп келіп ұста дүкенінде, оқу бөлімінде, мектепте атқосшы болды, совхозда күзетші болып, өмірінің соңғы жылдарында совхоздың Қайрақты бөлімшесінде шөп дайындаумен айналысты. Сәкітай ағатайым жас кезінен колхозда еңбек етіп кейін Алматыда курс бітіріп өмір бойы Орджоникидзе колхозында, МТС-та, РТС-та, совхозда есепші-бухгалтер болып еңбек етті. Сәкең пысық, есепке жүйрік, бір айдың жұмысын бір-екі аптада бітіріп тастап қалған уақытын сайрандап жүруші еді, қалжың сөзге шебер, көп әңгімелерін совхоз адамдары аңыз қылып айтып жүретін. Жұмабай әкеміз көп жыл колхоз басқармасы жұмысын атқарды, апаларым Қазине, Мәдинелер колхозда атқа мініп шөп шабуға қатысты (погонщик). Інім Сейфолла совхозда шофер, тракторшы болып өмірінің соңғы жылдарында Қайрақты бөлімшесінде механизатор болып еңбек етті. Шешем Әлжәмила колхоздың шөбін шауып, егінін орып, малын бақты. Жалғыз көйлегін жұмыс арасында жуып-кептіріп, кейде шала кептіріп, дымқыл күйінде кие салып жұмысқа жүгірем деп суық тійіп ауырып 48 жасында дүниеден озды.

Өзім Орджоникидзе атындағы совхоздың жұмысына араласып үлгердім. Мектептің 6-ы сыныбын бітірген жылы Қабдолла бауырым екеуміз совхоз автогаражына автослесарь болып жұмысқа кіріп үш жыл сонда жұмыс істедік. 9-10 сыныптан кейін совхоздың Қайрақты бөлімшесінде ат тырнауышпен шөп жинап, шөп дайындаумен айналыстым. Мектеп бітіргенше оқу арасында совхоздың Қайрақты, Байназар, Ақтөбе, Ақсу бөлімшелерінде шөп дайындау, қырманда бидай өңдеу, егіннің арам шөптерін жұлу, сақыман сияқты жұмыстарына қатысып 1966 жылы Ақмолаға оқуға кеттім.

Міне, колхозды өз қолдарымен құрып, еңбек еткен үлкендеріміз тегіс о дүниелік болып кетті. Колхоз өмірінің шет жағасын көріп, совхоз жұмысына етене араласқан ағаларымыздан Медет, Боранбай, Төлегендер қана қалды. Ол уақытта біз ес біле бермейтін жас бала болдық. Үлкендерден естіп, есте қалған әңгімелердің шет жағасы осы ғана. Келер ұрпақ аман болып қызықта-қуанышта, шаттықта-шадыманда болуға Алла-тағала нәсіп байласын.

**Зейнолла Төлеубайұлы**
*Нұр-Сұлтан қаласы. 2021 жыл*

**Баданов Мейрам Ескендірұлы**
**(1957)**



Мен Баданов Мейрам Ескендірұлы 1957 жылы 21 сәуірде Ақсу-Аюлы елді мекенінің күн шығысында, Нұра өзенінің оң жағалауында Құмжон деген ауылда дүниеге келіппін.

1963 жылы Орджоникизде атындағы совхоздың №3 Байназар бөлімшесіндегі бастауыш мектептің табалдырығын аттап, ұстазымыз Рахима апайдың (Рахима Т емірханқызы, әкеміз Мұхаметжанов Ілиястың жолдасы) дайындық сыныбында дәріс алып, 1964 жылы аудан орталығындағы Максим Горький атындағы орыс мектебіне қабылдандым. 1974 жылы мектепті тәмамдап, Алматы қаласындағы В. И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының тау-кен факультетіне түстім. Еңбек жолымды 1979 жылы Ақшатау кен-байыту комбтинатының Ақжал кенішінде (рудник) ауысым шебері (сменный мастер) лауазымынан бастадым. Ақжал кеніші кейіннен шетелдік компаниямен бірлесіп жеке комбинат болып (ТОО «NOVA-Цинк) жұмыс жасады. Осы комбинатта кейінгі 1998-2008 жылдары бас директор қызметін атқардым.

2008-2013 мемлекеттік қызметте - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Қарағанды облысы бойынша бақылау және әлеуметтік қорғау департаментінің орынбасары, директоры қызметтерін атқардым.

2013-2015 жылдары «Самұрық Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының құрамындағы «Тау-Кен Самұрық» АҚ-да қызмет атқардым.

2015 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққан 2020 жылға дейін осы компанияға еншілес «Солтүстік Қатпар» ЖШС (ТОО «Северный Катпар») бас директоры қызметінде болдым.

1989-1994 жж. - Жезқазған облысы Ақадыр ауданының халық депутаттары Ақжал поселкелік Советінің депутаты.

1999-2003 жж. Екінші шақырылған Шет аудандық мәслихатының депутаты.

2003-2007 жж. Үшінші шақырылған облыстық мәслихаттың депутаты (Қарағанды облысы).

2007-2012 жж. Төртінші шақырылған облыстық мәслихатының депутаты.

2007 жылы 50 жасқа толуыма байланысты «Шет ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Бірнеше медальдардің, облыс әкімдігінің, министрліктің мақтау грамоталарының иегерімін.

## ӘКЕЛЕРІМ МЕН ТУҒАНДАРЫМ ТУРАЛЫ

Серго Орджоникидзе атындағы шаруашылық. Орталық кеңсесі аудан орталығы Ақсу-Аюлы елді мекенінде орналасқандықтан, тұрғындарының көпшілігі осы шаруашылыққа жұмысқа тұрып, осында еңбек ететін.

Осы шаруашылықпен біздің әулеттің де тыныс-тіршілігі тығыз байланыста болды десем артық айтпаған болармын. Өйткені сонау 1931 жылы құрылған, басында ұжымдық-шаруашылық (колхоз), кейінде 1961 жылы кеңестік шаруашылық (совхоз) болып өзгерген ұжымда үлкен әкеміз Бадан Сатпақұлы, әкеміз Баданұлы Ескендір, әкейдің інісі Баданов Тәңірберген Құдайбергенұлы, аға-іні бауырларымыз Жанат, Талғат, Жаңбырбай, Айдарлар әулеттің үш буын өкілдері әр жылдары жемісті еңбек атқарғанын білеміз. Анамыз Төлеубайқызы Мәдине де Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау жылдарында ауылдағы еркек кіндіктінің барлығы барлығы соғысқа аттанып кеткенде қол қусырып қарап отырмай, сол колхоздың жұмысына белсенді араласып еңбек етті деп өзінің естелік әңгімесінде нағашымыз Байтанасов Медет еске алады.

Ал енді атамыз Сатпақұлы Бадан (1887-1947) колхозда қандай еңбек атқарғаны жөнінде ауданымыздың құрметті ақсақалы, ардагер ұстаз, соғыс және еңбек ардагері, бір ғасыр өмір сүрген Жұматай Құтжановтың өз қолымен жазып кеткен естелік әңгімесін қоса бергенді жөн деп отырмын.

Ардагер ұстаз алдымен өзінің әкесінің біздің арғы аталарымыз Аймағамбет, Сатпақ туралы айтқан естелік-әңгімесімен былай деп бастайды:

«Құтжан әкем, көзі көрген жақсылар жайында әңгіме айтушы еді: " 13 жасымда жақсыларға еріп, атақты ақжолтай Ағыбай батырдың асына бардым. Асқа Нұрадан Жақсы Жәкеңнің інісі Әйекең (Аймағамбет) бастаған 20-30 адам барды. Ағыбай балалары Әйекеңмен құда-жекжат екен. Асқа 15-20 атан түйе, ту биелер апарды. Асқа үш жүздің тәуірлері келді. Ас Сарбұлақ өзенінің бойында берілді. Аста ат бәйгесі, күрес бәйгесі болды. Асқа атақты палуан, менің әкем Рақымбекті Әйекең алып барған еді, Ұлы жүз палуанын шығарды. Орта жүз жақсылары кешегі Жақсы Жәкеңнің інісі деп, жолды Әйекеңе берді. Әйекең " Қияметте көршіден " деген деп әкем Рақымбекті палуандыққа түсірді. Күресте әкем бас палуандықты жеңіп алды. Әйекеңнің алдына екі өркеші баладай түйе әкеп шөгерді. Түйе үстіне масаты кілем, құндыз ішік, тай - тұяқ алтын - барлығы тоғыз құнды асыл заттар. Әйекең асыл сыйлықтарды Орта жүз жақсыларына таратып берді. Өзі алған жоқ, " маған құрметіде жетеді ”, - деді. Жақсы Жәкеңе Шабекеңнің берген батасының шарапаты болар : Әйекең кең пейілді, алыстан ойлайтын, жан - жағын

көре білетін, жомарт, ұлы адам екенін байқадым. Жақсылар Әйекеңнің сөзін ынтамен тыңдап, құрметтеп отырды. Халық ақыны Жамбайдың Әбіші өлеңінде:

*Қарағым айналайын қайран Нұра,*
*Халыққа қоныс, жайлау болған Нұра,*
*Жәкеңнің, Аймағанбет заманында*
*Мұңсыз боп толып еді бақ пен малға.*
*Осы өлеңі ел ішінде көп тараған.*
*Әйекең кең дастарханды болған.*

Әйекеңде үлкен шежіре болған, ел жақсылары арнап келіп қонақ болады екен. Әйекеңнің дастарханы жиылмайды екен. Бір жылдары Әйекеңнің үйінде аспазшы болған Бөрік деген жігітке " Қарағым айттырмай қимылда" десе, Бөрік кісі келгенде ол кісіге," асты аса берейін бе ?, қайната берейін бе ?" деп жетіп келеді екен, сонда Әйекең "м” деп белгі айтады. Сонымен сол жылы соғымға сойған бес ту биенің еті жетпей қалыпты. Шүлембай деген кісі бес баласымен Әйекеңнің малын бағып, шаруашылығын күтіпті. Сонда Әйекең " ақыңа алған малыңды жұмсама, өсіре бер, біздің үйдің дастархан дәмі сенің бала - шағаңа жетеді, менің іргемнен байып кетсең болды" дейді екен. Сол Шүлембай малды болды. 1929-30 жылдары бай - құлаққа тартылып, айдалып, атылып кетті. Әйекеңнің екінші ұрпағы - Сатпақ [Сатекең) биқаталдау болды. Одан туған Бадан (Бадекең) жасынан құрбы - құрдастарына сыйлы болды. Бай баласы болса да өзімен қатар өскен кедейлерге тойға барғанда өзінің қосалқы киімін, атын беріп жүрді. Олардың адамгершілігін төмендетпей, өзімен бірдей ұстады. Дастарханына тегіс отырғызды. 1928-1931 жылдары кедей өскен Байқожаның Смағұлы, Бекетайдың Смағұлы және басқалары Бадекеңді" Бай - құлаққа ” бермей, айдаудан аман алып қалдырды».

Ақсақал әрі қарай естелігін атамыз Бадан жайлы бірер сөзбен жалғайды:

«. . . Бадекеңнің жақсылығы ұрпақтарын аман алып қалуына, өсіп - өнуіне үлкен мүмкіндік болды. Осы жоғарыдағы естелік Құтжан әкемнің айтып кеткені. Мен Бадекеңді 1932 жылдан білемін. Ақсу колхозында әкеммен еңбекте бірге, көрші болдық. Балалары Әлдеберген, Ескендірмен бірге өстік, колхозда бірге еңбек еттік. Бадекең колхозда ерінбей, өзінің адамгершілігін сақтап, еңбек етті. Менің әкем екеуі 1936 жылы колхоздың меншікті жерін Гос актілеу жұмысында, екеуі темір соқаны өгізге жегіп аграномның жанына еріп, Қайрақты, Октябрь, Егіндібұлақ, Еңбекшіл, Бәйшегір, Ақтөбе колхоздары арасындағы шекараны жаяу, өгіз жетектеп жүріп белгі салды. Сол белгілер қазір бар. Бадекең соғыс одан кейінгі жылдары колхоздың құрметті

еңбеккері, ақсақалы және ауданда еңбектің даңқтысы болды. Жылқы фермасын басқарып, 100 биеден 90-95 құлын алынды. Аудан, облыста, тойларда бәйгеге ат қосып, лайықты орынға ие болды. Астына мінген сұр айғырымен бір күнде екі қасқыр соққанын көзім көрді. Сол кезде де, қазіргі кезде де, соғыс кезінде де кәрілер мен жетімдер " Бадекең күн көріп отырған бірлі - жарымды жылқымызды, ұлықсат болмаса да, орта жылқысына қосып бағып, бағу ақысын алмаушы еді ", - деп естелік айтып отырады. Бадекең кісіге сәлемді өзі бұрын беруші еді, бұл қалай дегенде, бұл үлкеннің кішіге құрметі деуші еді. Сол үлгі қазіргі қария болған маған жұққан болуы керек. Бадекеңмен өкшелес өскен, дастархандас болған, өмірден өткен, кейінгі жастарға өнеге қалдырған жақсылар болды: Халилин Рақым, Сәбитұлы Жолдасбай, Таженов Бейсен, Әбдібек ( Әлтеке ) Нілдібаев Әлдеберген, Бөлтекей, Отыншин Төлеуқұл, Қаратөбелдің Қабиі, Аққасқаның Қапасы, бұл жақсылар колхоздың, ауданның дамуына, еңбекпен адамгершілікпен үлес қосқандар Аттарын атаған аруақтардың рухы шаттықта, топырағы торқа болсын. Алланың рахымы тисін, -деп Алладан тілеймін.

Ой тұжырымым: Шөп шыққан жеріне шығады, деген халық сөзі ғой, ақ тілеуі қабыл болған Бадекеңнің ұрпақтарына зор денсаулық, ұзақ жас, беделді қызмет, от бастарына байлық, бақыт тілеймін !».

Аталарымыз Аймағамбет, Сатпақ, Бадандардың бұл ауылға, шаруашылыққа сіңірген ерен еңбектері мен ауыл тұрғындарына деген жанашырлығын жоғарыда айтылған естеліктен-ақ байқауға болатын сыңайлы.



**Баданұлы Ескендір**
**(1916-1979)**

Асқар тау әкеміз 1939 жылы Алматы қаласында ревизорлық курсты оқып жүрген кезінде әскер қатарына алынып, содан Ұлы Отан соғысына аттанып, соғыстың соңғы күндеріне дейін өзінің майдандастарымен бірге Ұлы Жеңіске жету үшін күресіп, соғыс аяқталған соң да елге қайтпай, Қиыр Шығыстағы Жапон соғысына қатысып тек 1946 жылы елге оралған. Оқуға дейін колхоздың әртүрлі жұмыстарына ат салысып, соғыстан кейін елге аман-есен оралған соң еңбек жолын әрі қарай жалғастырған. Одан беріде аудандық тұтыну қоғамында (райпотребсоюз), коммуналдық шаруашылық мекемесінде қызмет атқарып, кейінгі жылдары зейнеткерлікке шыққанға дейін Орджоникидзе атындағы совхозда еңбек етті.

**Баданов Тәңірберген Құдайбергенұлы**
**(1928-1986)**



1961 жылдан бастап Орджоникидзе совхозының нөмірі 3-ші Байназар бөлімшесінде есепші (бухгалтер) қызметін атқарып, содан 1967 жылы жаңадан құрылған «Кеншоқы» совхозына бас экономист лауазымына тағайындалды. 1978 жылдан бастап өмірінің соңына дейін, яғни 1986 жылға дейін Орджоникидзе атындағы совхоздың бас экономисті қызметінде болды.

**Құдайбергенов Жанат ағамыз**



Құдайбергенов Жанат ағамыз осы совхозда ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етті. Еңбек жолын жылқы бағудан бастаған ол жұмысқа ерте аларасса да, оқудан тыс қалмай, еңбек ете жүрумен қатар Қарқаралы зоотехникалық мал-дәрігерлік техникумын, Целиноград ауыл шаруашылық институтын тәмамдаған. Оқуын аяқтаған соң осы совхоздың Еңбекшіл, Қайрақты бөлімшелерінде зоотехник, бөлімше басқарушысы (управляющий) қызметтерін атқарды.

Бұл кісілер өздеріне берілген жұмыстарды абыроймен атқарып, совхоз экономикасының артуына еңбек етіп, халықтың ықыласына да бөленіп үлгерді сол уақыттарда.

**Баданов Талғат Ескендірұлы**
**(1955-1979)**



Менің алдымдағы ағам Баданов Талғат 1975 жылы Отан алдындағы әскери борышын өтеп келгенен кейін өзінің қысқа болса да, саналы ғұмырының соңғы жылдарында осы совхозға жұмысқа орналасып жүргізуші болып еңбек етті.

Біздің өзіміз де бала болсақ та сол шаруашылық жұмысына көмектесіп, ат салысып жүрдік. 1960 жылдардың аяғында нағашы-

мыз Зейнолла Төлеубайұлы Целиноград қаласына жоғарғы оқу орнына түсіп, одан кейінгі Сейфолла ағамыз әскер қатарына алынып, әкей мені нағашы атам Төлеубайдың қолына берді. Мен үш жылдай сол үйде тұрып мектепте оқыдым. Сол жылдары нағашыларымыз Төкенұлы Төлеубай, Исатайұлы Жұмке, Байназар деген ақсақал бар бәрі бірігіп Орджоникидзе совхозының Қайрақты бөлімшесінің шөбін шапты, Шөлши деген шабындықта шөп шабатын мәшинеге өгіздерді жегіп, алдында біз балалар ат пен өгіздерді тартып отыратынбыз. Біздерді бөгеншік дейтін (погонщик деген сөзден шыққан болу керек). Бірінші жылы ағам Талғат, келесі жылы мен жазғы демалыс уақытында осындай жұмыстар атқардық. Сол уақыттарда ойын баласы болсақ та, үлкендерге қолдан келгенше қолғабыс етіп, еңбек ететінбіз. Одан беріде жоғарғы сыныптарда оқып жүргенде де жазғы каникул кездерінде осы совхоздың құрылыс цехында (стройцех) жұмысқа тұрғызып қоятын әкей біздерді бос жүрмесін деп. Әке сөзін екі етпейтін, әке сөзін заң деп білетін біздің бұл ісімізге қарап сол кездегі әкеміздің біздің алдымыздағы қадір-қасиетін бағамдай беріңіз.

Менен кейінгі іні-бауырларым Жаңбырбай, Айдарлар да осы совхоздың шаруашылық өміріне өздерінің үлестерін қосты.



**Баданов Жаңбырбай Ескендірұлы (1959-2013)**

Шет аудандық кәсіптік-техникалық училищесін тәмамдап, 1976 жылдан бастап 1995 жылға дейін совхозда жүргізуші болып жұмыс істеген.



**Баданов Айдар Ескендірұлы**
**(1967 ж туған)**

Шет аудандық кәсіптік-техникалық училищесін аяқтап, Отан алдындағы әскери парызын өтеп келгенен кейін осы совхоздың шаруашылық саласында 1995 жылға дейін жұмыс атқарды.

Еліміздің басынан небір қиын-қыстау замандар өтті ғой. Жалпы, біз, қазақ халқы ұлт болып қалыптасу жолында небір нәубетті бастан кешірдік қой. Соның ішінде адамзат тарихында ең бір сұмдық зұлмат ретінде есте қалған Ұлы Отан соғысынан да аман шығып бүгінгі күнге жеттік. Бұл соғыс аяқталған соң да Кеңес үкіметі үшін қалыпқа келу оңай болмады. Соғыстан кейін экономикасы өте әлсіреп шыққан Кеңес Одағында ауыл шаруашылық өнеркәсіп орындары үлкен шығынға батып көптеген қиындықтарға да тап болды. Оған әбден қажып, жүдеп-жадаған бұқара халықтың жай-күйін тағы қосыңыз. Алайда, сол кездегі адамдардың қажыр-қайраты мен ерік-жігерлерінің мықтылығы болар, бәлкім, бұл тар жол тайғақ кешуден де аман өте алды. Өздері соғыстан орала салып бірден елдің жағдайын жасауға бел шеше кірісіп кеткен аталарымыздың еңбегі ештеңемен теңесе алмасы анық.

Өткен тарихымызға тағзым - бүгінгі бақытымызға мақтаныш! Біз өзгені айтпағанда өзіміздің ауылымыздың азаматтарының совхоз тарихына қосқан үлестерін біліп, ұмытпай, насихаттау арқылы ұрпағымызға үлгі бола аламыз. Сол заманда болған бұл тарихты қазір біз естелік ретінде айтып отырмыз. Осындай бейбіт, мамыражай тіршілік кешуді армандап кеткен аталарымыз бен апаларымыздың ерлігін келер ұрпаққа ұғындыра алсақ, соның өзі олардың еңбегінің еш кетпегені.

## ОРДЖОНИКИИДЗЕ АТЫНДАҒЫ КОЛХОЗДЫҢ 1950 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ЖЕР-СУ АТТАРЫ ЖӘНЕ КЕЙІНГІ ІРІЛЕНДІРІЛГЕН КОЛХОЗДЫҢ, КЕНШАРДЫҢ ЖЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

1. Жылыкөң
2. Ұзын ағаш
3. ДЭС
4. Беласар Ақшоқысы
5. Ақбиік
6. Үлкентау
7. Айтқантау
8. Үш бұлақ
9. Қырғыз сайы
10. Қален қорасы
11. Қаракемер
12. Шошала
13. Ұзынағаш кезеңі
14. Терек сай
15. Үш қыз
16. Шорағай
17. Нұра өзені
18. Көктал өзені
19. Құлшың жұрты
20. Арал сары
21. Жоғары ауыл
22. Төменгі ауыл
23. Манаха
24. Күзек адыр
25. Бала аюлы
26. Жүкен қорасы
27. Манатай
28. Ақшоқы
29. Соқыр бұлақ
30. Торбайтал
31. Талды арал
32. Төменгі өткел
33. Смайл карнауы
34. Мәшреп
35. Бидайық
36. Ақсу
37. Құр өзен
38. Қожыр
39. Кіндік төбе
40. Қаражол кезеңі
41. Ақтас
42. Нұрекең
43. Ақтай
44. Тайжан бұлағы
45. Жидекең басы
46. Беласар бағанасы
47. Балықбай қарағаны
48. Егін тас
49. Құр құдық
50. Қан құдық
51. Сары жал
52. Арқар асқан
53. Жалғыз тал
54. Кең сай
55. Үйрек шоқы
56. Әбен қызы
57. 50 гектар
58. Ескен бүлдірген салған
59. Жоғары өткел
60. Қоспа
61. Қара-су
62. Былқылдақ
63. Жарық
64. Түйе жал
65. Майке қырманы
66. Төкен қырманы
67. Сартпай аңызы
68. Үкібай бейті
69. Ашшы су
70. Қызыл тау
71. Қоңыр тау
72. Кәрі жұрт
73. Қойкөл
74. Шора бейті
75. Сары қазан
76. Байқадам

**БҰЛ ТІЗІМДЕ 76 ЖЕР СУ АТТАРЫ КЕЛТІРІЛГЕН. ТІЗІМ 86 ЖАСТАҒЫ ОРДЖОНИКИДЗЕ КОЛХОЗЫНЫҢ ТУМАСЫ БАЙТАНАСОВ МЕДЕТ АҚСАҚАЛДАН АЛЫНДЫ**

**Орджоникидзе атындағы колхоздың** орталығы өткен ғасырдың 40 жылдарының басында, «Жылыкөң» қыстауынан қазіргі Қайрақты елді мекенге, бұрын бұл жерді «Нұра» деп атаған, қоныс тепкен. Колхоздың сол кездегі аумағы төмендегідей болған. **Батысында: Бала аюлы** тауының сыртымен, Қойкөл өзенінің бойымен, Манатай тау беткелінің жоталарымен Байқадам арқылы төменгі Нұра өзенінің Жидебай кесенесінің жанынан өзенді кесіп өтіп, солтүстікке қарай Шора зиратының алдымен, Ақсу, Сары қазақ, Егінтас, Құр құдық, Қан құдық жерлері арқылы Нұраталды совхозымен шекаралас Үлкентау, Айтқантау тауларының етегімен, шығысында Қаракемер тауымен шектесіп, Ұзынағаш өлкесінің кезеңі арқылы, тау жоталарының үсітімен Жұқаның тесік тасымен оңтүстік шығысқа қарай Беласар (Рысбай) Ақшоқы тауының етегімен, Көктал өзенінің солтүстік бойымен, «Ақсу» колхозының бұрынғы Қайрақты (Жолдасбай) қыстауы елді мекені қоспадан (Нұра мен Көкталдың қосылған тұсы) өтіп, оңтүстіктегі Ақсу-Аюлы -Жарық тас жолындағы Ержан бейтінің жанымен Бала аюлыға келіп тіреледі.

Шамамен сол кездегі колхоздың аумағы 40,0 - 45,0 мың гектардай жерді алып жатты. Бұл кеңістікте колхоздың аумағында ірілі-ұсақты тау жоталарымен қыраттар көбірек кездеседі. Колхоз орталығы Қайрақты елді мекені Нұра мен Көктал өзендерінің қыйылысында орналасқан. Батысында «Қойкөл» өзені Нұраға келіп құяды. Сол кеңестік заманда колхоздың қоғамдық малы судан тапшылық көрген емес. Колхоздың аумағында айқара ашық кең алқаптар аз болды. Дегенмен, Қайрақты ауылының солтүстігіне қарай Нұра бойында, Жидекеңнің шығыс жаңғында (өзенің бергі беті) Бек, Беласар бабаларымыз жерленген, Мәшүреп (зиратының) тауының арғы Солтүстікке қарай етегімен, Жарық, Ақсу, Шора, кесенесінң бергі жағымен Балықбай қорғаны аумақтары негізінен бұрын шабындыққа пайдаланды. Кейінен Кеңес кезінде бұл аймақтар егістік жерге айналды.

Қайрақты елді мекенінің солтүстік шығысында орын тепкен Үлкентау, Айтқантау, Құлшекең (Құлшық) жұрты орналасқан жер (қыстақтарда) колхоздардың қой фермалары болған. Бұл ортада бұлақ көздері көп болған.

«Ұзынағаш» елді мекенінде (қыстауда) тау басынан бастау алған бірнеше бұлақ көздері қысы-жазы толасыз ағып жататын.

Ауылдан 8 шықырым жердегі «Тайжан» бұлағы (Зәрубай ш/қ құрған) көк - қасқа айдын бұлақ еді. Ағысы тоқтамайтын бала кезімізде (1950-1955) осы бұлақтың төменгі арнасынан балық ұстайтын едік. Қазір бұлақтың көзі тартылып, шағын апан секілді.

Нұра мен Көктал өзендерінің суы мол болған. Жаяу адамдар көрінген жерден өте алмаған. Екі өзеннің балығы ашаршылық жылдарында көптеген адамдардың өмірін сақтап қалғанын көнекөз қариялар айтып отыратын.

1947 жылы ауданның «Байшегір» колхозына қарасты «Манақа» өзенінің бойында, «Жалпақсаз» елді мекенінің маңында қолдан, көлік күшін пайдаланып өзеннің тарлау-жіңішке жерінде бір жағы (батыс жағы) тас төбе болатын тұсқа бөгет [платина] салған. Ұзындығы 60-80 метрдей. Сол бөгетті қыстың, аяғында маңайдағы жақын Ақтөбе, Байшегір, Ақсу, Орджоникидзе колхоздарынан, кол, көлік күшін жинап, бөгеттің су ағарын қардан тазалап, жер қазып топырағын дайындаған. Өзен тасып, арнасынан асып кетсе соны бөгейміз деген ой-тұжырымы болған, колхоз басшыларнының.

Сәуір айының 10-12 кезінде таңға қарай судың көлемі мен ағысына шыдап бере алмай, су платинаны бұзып, қалың нөпір Көктал өзеніне құйылып, арнасынан асып, Қайрақты елді мекенінің (колхоз орталығы) үйлеріне кіріп кеткен. Алғашқылардың бірі болып, су төменедегі біздің қоржын үйге кіріп кетті. Үй-ішіндегі бала-шағалар, әжемізбен анамыздың көмегімен төсек жабдығымызды алып, таңға жақын үйден ауылдың шетіне қыраттау жерге қос тігілген, сонда 3-4 күндей болғанын көзіміз көрді. Қалың су біздің үйдің алдымен қазіргі Елемес ағаның үйі тұрған жерден төменгі ауыл арқылы Нұра өзеніне құйылып жатты. Әкей бұл кезде «Көктал» өзенінің сол ағысында Ақсу колхозының Қайрақты қыстағында қалып қойған колхоздың жылқыларын, биелерді өзеннен алып шығу үшін колхоздың жұмыскерлерімен бірге құлындарын жетекке алып өзеннен ары бері өтіп жүргенде, аты сүрініп, суға құлап, Қыбыш, Сапы екі ағайынның көмегімен судан аман алып шығады. Үйге келгенсоң әжемнің әкейге, баласына ұрысып жатқанын естідік. Неге соншама жаныңды салып, жұмыс істедің, суға ағып кетсең, мына өңшей «сарыауыз» балапандарыңды кім асырайды. Ойламайсыңба артыңды-деген. Осындай оқыс жағдайлар ол кезде колхоз өмірінде жиі болып тұратын.

Енді сөзімді әрі қарай Орджоникидзе колхозының ірілендірілген кезінен бастайын. 1950 жылы КСРО ОК қаулысымен Шет ауданы бойынша 41 ұсақ колхоздар ірілендіріліп, 11 колхоз жаңадан құрылды. Солардың бірі аудан маңындағы Орджоникидзе атындағы колхоз. Бұл шаруашылыққа Ақтөбе, Беталыс, Игілік колхоздары кірді. Енді біріккен осы колхоздың аумағына ден қояйын. Орталығы Ақтөбе ауылы. Алғашқы колхоз басқармасы Төкенов Жұмабай әкеміз. Шарушылықтың аумағына бұрынғы Орджоникидзе колхозының жер көлемі толықтай кірді. Әрі қарай солтүстік, солтүстік шығыста, шығыс және оңтүстік шығысы мен батыста мына шекара сызықтарынан өтеді. Нұраталды кеншарының Кермаңдай фермасына таяау Қостанқол, Қотыр Қызылтау бөктерінің Үбен ағашы, Әмір ағашы, Ақжар өзенінің бойы, Итазу, Ағоба, Қазығұрт тауының айналасы, Егіндібұлақ, Ақбұлақ, Тасты кезеңінің айнала бойы, Ақбауыр, Ақшоқы елді мекеніне қарайтын Майөзектің жоғры арнасымен Қамбарбай, Құлтай қысытақтары, Ақбұлақ, Белғойтас елді мекендері,

Манақа өзенінің оң жақ ағысы, Жүнді, Мәткеқойған жерлері, Баспалдақ өзенімен, Көктал өзенінің бойымен, Ақтөбе колхозының бұрынғы склад болған орын қазіргі «Қазығұрт»Қарқылы Ақсу колхозының Қайрақты елді мекенінің жанымен өтіп, бұрынғы Ордожникидзе колхозының Қайрақты елді мекеніне тіреледі.

Кейінгі атары аталған жерлер мен елді мекендер Ақтөбе, Беталыс, Игілік колхоздарына жатады.

50 жылдары жаңадан құрылған Орджоникидзе атындағы колхоздың аумағы 140,0-150,0 мың гектардай болған. Кейіннен 1961 жылы колхоз совхозға айналған кезде, оның құрамында 6 елді мекен (ферма) болды. Кежек ферма №6, (кейіннен Ақши кеншары) Сталин атындағы колхоз (ферма №2), Байназар (ферма№3), Ақтөбе (ферма№4), Қайрақты (ферма№5). Бұл елді мекендерді қоссақ Орджоникидзе кеншарының жер көлемі 430, 0-450,0 мың гектар шамасында болған. Осындай ұлан-ғасыр жерді бір орталықтан басқару қиын болғандықтан, 1965 жылы Орджоникидзе совхозынан Кеншоқы кеншары ашылып жаңадан құрылды, Оның жер көлемі шамамен 250,0 мың га. «Кежек» фермасының базасында 1976 жылы Ақши кеншары құрылды.

Жоғарыда келтірілген жер-су-аттары, Орджоникидзе атындағы колхоздың, кеншардың аумағы туралы деректер менің есімде сақталғандар. Кейбір келіспейтін деректердің шындықтан алыс кеткен тұстары болса оқырманнан кешірім сұраймын. Көш жүре түзеледі ғой.

**Отыншин Төлеуқұл**
**(1909-1985)**



Орджоникидзе атындағы совхозды алғашқы құрушы, ұйымдастырушылардың бірі-менің әкем Отыншин Төлеуқұл болатын. Әкем бұл совхозға өмірінің 30 жылын арнады, оның 25 жылында бөлімшеге меңгерушісі болып еңбек етті.

Совхоз бірнеше ұжымшараларды біріктіріп Шет РТС базасында, Ақсу-Аюлы кентінде ұйымдастырылды. Ол кезде әкем Сталин атындағы колхозда басқарма төрағасы қызметін атқарып жүрген еді.

Шет аудандық партия комитеті ол кісіні отызмыңдықтар есебінде, шаруашылығы артта қалған, мал басы азайып, егін шаруашылығы құлдырап, халықтың әл-ауқаты төмендеп кеткендіктен соны көтеру, колхозды өркендету мақсатында Сталин атындағы колхозға арнайы жолдама мен жұмысқа жіберген болатын.

Колхоз ең артта қалған, жарық жоқ, құрылыс салынбаған, техникалары тозған, телефон байланысы жоқ, колхоздың жағдайы өте ауыр кез еді. Қоғамға қажетті шөп, мал азығының жетіспеушілігінен көп мал өлім-жітімге ұшыраған. Астықтан өте аз өнім алынып, егіннің біразы қардың астында қалған, астық-тұқымды сақтайтын қойма да жоқ болатын. Басқарма төрағасы Отыншин Төлеуқұл келгеннен бір жыл ішінде, егін көлемі тың жер игеру жүргізіліп, 11. 000 ға болып, әр гектарына 9,8 центнерден астық алынып, мемлекетке 3000 тонна астық тапсырылды. 1958 жылы колхозда шағын электр станция салынып, халық электр жарығымен қамтамасыз етілді, ұн тартатын диірмен, 280 балаға арналған мектеп-интернат салдырды. Жанына мектеп директорына арналған 4 бөлмелі үй салынып, мектеп директоры Жүнісов С. Сол үйге кірді. Сол сияқты 10 адамға арналған аурухана салынып, жанынан дәрігерге арналған 3 бөлмелі үй салынды, Румянцев, әйелі де дәрігер екеуі сол үйге орналасып, халыққа қызмет көрсетті. Адамдар жуынатын монша салғызды.

Егін салу, оны жинау уақытында механизаторлар мен жұмыскерлер үшін «Қызылжар» деген жерде 50 адамға арналған жатақхана, асхана және 1000 т. Астық-тұқым сақтайтын қойма салынды. Сөйтіп, механизатор-жұмыскерлердің барлық тұрмыстық жағдайы жасалды.

Колхозда кадр тапшылығы өршіп тұрған кез еді. Басқарма төрағасы жастарды тәрбиелеу ісіне ерекше көңіл бөлді. 16-18 жастағы жастарды Қарағандыға, Шет ауданына, механизатор курстарына оқуға жіберді. Бұрын колхоздан көшіп кетіп қалған -4 шофер, -7 тракторист туған ауылына қайтып келді. 1961 жылдың 1 сәуірінен бастап, Орджоникидзе совхозы құрылды да Сталин атындағы колхоз совхоздың №2 «Нұра» бөлімшесі болып қайта құрылды. Бөлімше меңгерушісі болып Отыншин Төлеуқұл тағайындалды.

Сталин атындағы колхоз «Нұра» бөлімшесі кезінде қажырлы еңбегімен ерекшеленген азаматтар: Мұқан Сүлейменов-басқарма төрағасының орынбасары, Сағынтай Сағындықов-техника жағын басқарған, инженер-механизатор, механизатор-шоферлер: Аманбек Күлейменов, Сайлау Мұхтаров, Егімбай Есенбеков, Қордаш Осатаев. Бригадир-Балмағанбет Күлейменов, бөлімше басшылары-Ильяс Мұханбетшин, Нұрғали Түсіпбаев, Серік Әбдуов т. б. Төкең ақсақалдың шәкірттері еді. 1963 жылы Орджоникидзе совхозының №6 бөлімшесі болып «Кежек» бөлімшесі құрылып, бөлімше меңгерушісіне Отыншин Төлеуқұл тағайындалды. Ол кісі ештеңе жоқ жерге, палаткамен келіп, «Кежек» бөлімшесін үлкен ауыл жасады, кейінде ол «Ақши» совхозының ашылуына негіз болды.

Төкең келе құрылыс жұмысынан бастады. Палаткада 6 ай жатып, ферма орталығына жас отбасы-механизатор, жұмыскерлер үшін әр қайсы 2 бөлмеден тұратын 12 отбасына арналған үлкен жатақхана,

ал үлкен отбасылар үшін, яғни 16 отбасына арнап 6 үй салдырды. 1964 жылы бастауыш мектеп үйі, дүкен, медпункт, клуб, бөлімшенің әкімшілік үйі жеке бірнеше екі пәтерлік үйлер, монша салдырды. Көп адамдар көшіп келіп жатты. Мал басын көбейтті, егін салумен айналысты. Тың жерлерді игеріп, егістік көлемін 5000 ге дейін жеткізді. Соның нәтижесінде астықтың әр гектарынан 12-15 центнерден өнім алды. «Көжек» бөлімшесі совхоз бойынша озат бөлімше атағына ие болып, Төкең ақсақал «Еңбектегі ерлігі үшін» медальмен марапатталды.

1965 жылы жаңадан аудан орталығында орналасқан Орджоникидзе совхозының №4 «Еңбекші» бөлімшесі құрылды, оған совхоз басшылары, партия комитеті ұйымдастыру қабілеті күшті, ауылды өркендетудегі іс тәжірибесін ескеріп Отыншин Төкеңді басқарушы етіп тағайындады.

Ол палаткамен келіп, Еңбекші ауылын өзінің қажырлы еңбегінің, ұйымдастырушылық қабілетінің, білгерлігінің арқасында ауқымды табыстарға жеткізді. Келе жаңадан үйлер салғызды, контор, бастауыш мектеп, аралас сауда дүкенін, медпункт, кітапхана, клуб, монша салғызып, жаңадан 3 мал базасын тұрғызды. Бөлімше орталығында жаңадан соңғы жобамен жабдықталған екі пәтерлі 15 үй салынып, механизатор, малшыларға берілді. Бөлімшеге электр желісін тартқызып, ауылды тоқпен қамтамасыз етті. Мал басы өсіп, егістік көлемін ұлғайтты. «Сымтас» деген жерден «полевойстан» салғызып, жаңадан тың жерлерді игеріп, егіс көлемін 4000 гектарға жеткізді.

Төкең өзінің мол өмір тәжірбиесіне сүйене отырып, маңына кілең 20-25 жас арасындағы жастарды жинап, төрт-бес жылдың ішінде Еңбекшіл бөлімшесін алдыңғы қатарлы орынға көтерді. 1972 жылы Төкең басшылығымен «Еңбекшіл» бөлімшесі 3500 гектар егістік алқабынан 4500 тонна бидай жинап, оның 3600 тоннасын мемлекетке тапсырған. Төкеңнің ұйымдастыру қабілетінің арқасында бірталай жас кадрлар-механизаторлар, малшылар қажырлы еңбек етіп, үлкен табыстарға қол жеткізді. Олар: Төлеукенов Сәмбет-жастар бригадасының бригадирі, Бөлтекеев Шәкіш-жылқышы, Тапалов Сембай-жылқышы, Жұмкин Серікбай-механизатор, кейінде «Ақсу» бөлімшесінің басқарушысы, Ахметов Шойман-К-700 тракторисі, Мусин Әмет-мастер наладчик, механизатор-шафер, Укенов Көшербай-механизатор, Шұлғаубайев Аман-малшы-механизатор т.б. олардың еңбектері мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, марапатталды: Төлеукенов Сәмбет-Ленин, Октябрь революциясы орденімен, Тапалов Сембай-Еңбек Қызыл ту орденімен, Бөлтекеев Шәкіш-Қазақ ССР жоғарғы кеңесінің депутаты болып сайланды. Жүмкин Серікбай-Құрмет белгісі орденімен, Ахметов Шойман-Еңбек Қызыл ту орденімен, Отыншин Төлеуқұл -ауданда ең бірінші болып, «ҚазақССР-нің еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» құрметті атағымен марапатталды.

Қажырлы еңбектің арқасында №4 «Еңбекшіл» бөлімшесі социалистік жарыстың қорытындысы бойынша бірнеше рет аудандық, облыстық ауыспалы Қызыл туды жеңіп алды.

Отыншин Төлеуқұл өмірінің соңына дейін Орджоникидзе атындағы совхоздың «Еңбекшіл» бөлімшесінде меңгерушісі болып жұмыс істеді. Ақтоғай-Қарағанды асфальт жолына шығатын, яғни трассаға шығатын тас (грейдер) жолын салғызды. Ауданмен тікелей байланыс жасайтын телефон орнаттырды. Ауылдың 5-10 сыныпта оқитын балаларын, ауыл еңбекшілерін, Ақсу-Аюлыға, мектепке тасу үшін арнайы автобус алдырып, күніне 2-3 рет қатынайтын кестемен жұмыс істетті.

Әсіресе, ауыл адамдарына өте қамқоршы бола білді. Ол кісі таңертең атқа мініп, бүкіл ауылды аралап шығатын әдеті бар еді. Қай үйдің шөбі таусылып қалды, малы неге аш тұр, - деп көрсе-ақ болды, таңертеңгі өндірістік жиында «сенің үйіңде шөп таусылып қалған екен, неге шөп алмайсың? Қазір бар да трактормен үйіңе шөп түсір, қоймадан барып жем ал», -дейтін көрінеді. Мұндай қайырымды, қамқорлықты ауыл адамдары әлі күнге дейін жыр қылып айтып, «Шіркін, қайран-Төкең-ай», - деп отырады.

Осындай адамға ауылдың атын бермеу қиянат емес пе?

Орджоникидзе атындағы совхозда ол кісінің баласы Марс Төлеуқұлов 1971-1973 жылдары совхоз партия комитетінің хатшысы болып еңбек еткен. Екінші баласы Барыс Төлеуқұлов-зоотехник №4 бөлімшеде, совхоз орталығында шофер болып 25 жыл еңбек еткен, Баласы Бәкен Төлеуқұлов орта мектепті бітірген жылы-малшы-механизатор болып, №4 Еңбекшілде жұмыс істеген. Ең кіші баласы Марат Төлеуқұлов-механизатор-К700 тракторисі болып 20 жыл жұмыс істеді. Қызы-Раукен Төлеуқұлова-Кежек бөлімшесінде дүкен сатушысы болып еңбек еткен.

Қорыта айтқанда Отыншин Төлеуқұловтар әулетінің Орджоникидзе атындағы совхозға еңбектері сіңген, совхоздың өркендеп өсуіне, оның экономикасы мен халықтың әл-ауқатының артуына, алдыңғы қатарлы совхоз, ел болуына төккен тері, еткен қажырлы еңбегі өлшеусіз екенін айтқым келеді.

Әкеміз Төлеуқұл үш ауыл салған адам. Халықтың алғысына бөленіп, елдің құрметін көрген адам еді. Оның жасаған еңбегі мен істеген істері, төккен тері, жүрген жерлерінің соқпақтары, артында қалған іздері совхоздың әр жерінде сайрап жатыр. Ол көзі ашық, көкірегі ояу, көңілі таза, ақ ниетті адамдарға анадайдан-ақ көрініп тұрған жоқ па?

**Марс Төлеуқұлов**
*Шет ауданының Құрметті азаматы,*
*Қарағанды қаласының құрметті ардагері.*
*Қарағанды қаласы*





**КЕЛЕМІЗ ЖАЛҒАСТЫРЫП СОҚПАҒЫҢДЫ...**

Халықтың қамын ойлап, жоғын жоқтаған азаматты өмір шыңдады, еңбек өсірді. Тегінен қасиет дарыған қадірлі жанның құрметке бөленуі адал еңбегінің арқасы.

Иә, қатарынан озып туған Төкім Ысқақұлы өз дәуірінде өзгеше ғұмыр кешті. Өмірі - өнеге, өсиет. Ғұмыр соқпағы қиын-қыстау кезеңмен тұспа-тұс келсе де еңбегі ел ішінде ерекше бағаланды.

Төкім Ысқақұлының республикалық дәрежедегі дербес зейнеткері, Қазақ ССР-нің ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкері, КПСС мүшесі ретінде қалың қазақтың арасында шынымен де абыройы асқақ болатын.

Ардақты жан 1915 жылы Целиноград облысы, Еркіншілік ауданының №1 ауылында дүниеге келді. Өз өмірін елдің гүлденуіне, халықтың әл- ауқатын арттыруға арнады. Осылайша, Төкеңнің тамырындағы тектілік пен өміріндегіептілік бір арнада тоғысып жатты.

Төкім Ысқақұлы өзінің еңбек жолын 1933 жылы бастап, 1942 жылға дейін Петропавл қаласында, Целиноград, Қарағанды облыстарының Қорғалжын, Ворошилов, Егіндібұлақ аудандарында мемлекеттік банкте инспектор және бастығы болып бастады. Еңбекке ерте араласты. Қазақ ауылының қам-қарекеті жолында білек сыбанды.

Асыл азамат - Төкім Ысқақұлы 1942 - 1955 жылдары аралығында партия, Совет қызметтерінде еңбек етті. 1946 - 1948 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы партия мектебінде оқыды. Халқын сүйген азамат мұнымен тоқтап қалмады. Бойындағы білім, ойындағы мақсат-мұрат алыс арманға жетеледі. Осылайша, білім, ойындағы арман-тілекті орындауды мақсат тұтқан Төкім Ысқақұлы Егіндібұлақ, Ұлытау, Жаңаарқа, Нұра аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшысы болды. Өңірлерді өрге жетелеудің соны бастамасын жасады.

Төкім Ысқақұлы 1955-1964 жылдарда колхоз төрағасы және Қарағанды облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында әртүрлі қызметте жұмыс істеді. Аграрлы Арқаның өнімін елге ұсынуда ерекше еңбек сіңірді.

Тау тұлға - Төкім Ысқақұлы 1964 жылдан бастап 1984 жылға дейін Шет ауданында еңбек етті. 1964 - 1977 жылдар аралығында Орджоникидзе атындағы совхоздың директоры, 1977 - 1980 жылдары Түлкілі селолық Советі атқару комитетінің төрағасы болды, 1980 жылдан өмірінің соңына дейін зейнеттік демалыста жүріп, Орджоникидзе атындағы совхозда экспедитор, статист қызметтерін атқарды. Қоғамға үн қосып, бүгінгі күнге бейжай қарамайтынын аңғартты. Шет ауданында еңбек еткен жылдары да еңбегі бағаланып Мемлекеттік марапаттарға ие болды.

Иә, асыл азамат көзінің тірісінде көптің ықыласына бөленді. Яғни, Төкім Ысқақұлы аудандық партия комитетінің мүшесі, аудандық Советтің депутаты ретінде бірнеше мәрте сайланды. Атқарған қызметтері жоғары бағаланып, екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту» орденімен және көптеген медальдармен марапатталды.

Төкім Ысқақұлы жайлы ел азаматтары - Қамзе Жұмабеков, Қасымбек Медиев ақсақалдардың да жылы лебіздері жетерлік.

Қай ауданда болса да қадірі артқан жанның бұл жақсылығын - ерен еңбегінің жемісі деп білерсіз. Құрметті азамат өз еңбегінің жолында жас мамандарға тәлім берді, тәжірибесімен бөлісті.

Төкім Ысқақұлының өмірінің жалғасы - ұл-қыздарынан 11 немере, 14 шөбере тарады. Немерелерінің алды бүгінгі күнде Тәуелсіз Қазақстанның гүлденуіне үлес қосып жүр.

Ардақты жанның өмірлік жары Күлғайша Мұсатайқызы Төкім Ысқақұлымен қатар, партия қызметінде 50 жыл қызмет атқарған жан. Жоғарғы партия мектебінің тәлімін өмірдің мектебімен ұштастырған асыл ана артына өшпес із қалдырды. Ұл- қызды оқытып қана қоймай, ұлттың мүддесіне еңбек етті.

**Ұлы СЕРІК ТӨКІМҰЛЫ**

*Бабадан кеше қалған жер,*
*Балаға бүгін арман жер.*
*Алланың нұры тамған жер,*
*Талайдың шөлі қанған жер.*

*Нұраның бойы нұр тұнған,*
*Нұрлан жомарттай ұл туған.*
*Қызылшоқы қыздай қылықты,*
*Қабақ туғанда жыр туған...*

**Д. Ырысбайұлы**

## БҰРЫНҒЫ СТАЛИН АТЫНДАҒЫ КОЛХОЗДЫҢ ҚАЗІРГІ КЕНШОҚЫ АУЫЛ ОКРУГІНІҢ ОРТАЛЫҒЫ НҰРА АУЫЛЫ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР.

Жылжып өткен ғасырлар, біздің өлкеге не беріп, нелер қалдырғанын тап басып айту оңай емес. Өткен уақыт тізбегінен бүгінгі ұрпаққа жеткен көне көз табиғаты, оның сайлы құшағында сан жаңғырып жасарған адамдар ұрпағы, әрісі ата-бабамыздың қаны тамып, маңдай тері сіңген, берісі шешелеріміз келін болып, әкелеріміз шаңырақ көтерген қасиетті туған жер. Әрбір кезең, ірі құбылыс өзінің ірі қайраткерлерін тудыратыны белгілі.

Бабаларымыздың қасиетті мекені бұрынғы Сатлин атындағы колхоздың №2 «Нұра» бөлімшесі қазіргі Кеншоқы ауылының өзіндік тарихы бар.

Қасиетті Қара Нұра бойына қоныс тепкен мекенде «Түйетас», «Қызылшоқы», «Керегетас» «Алмалы» «Толагай»«Кызыл-тас» таулары ел мақтанышына айналған.

*Керегетасым -кербезім,*
*Қоралас-құдырет.*
*Түйетас - түйген тарихым,*
*Елімді жырла енді өзін.*

Ауыл аймағындағы Нұра өзенінің бойында Байсейтұлы Нұрланның, Шәндіген Торақ батыр мазарылары орналасқан. Бұл мазарлардың ерекшелігі бір ғасырдан астам уақыт өтседе өз сәулетін жоғалтпай келген.

Ұрпақтан-ұрпаққа тамыр тартып, олардың әрқайсысымен бірге өмір сүрген туған жеріміздің өзіндік тарихы бар.

ХХ ғасырдың басында осы аймақта Нұра бойында бай адамдар болған.

Торақ руы Сарым Шәндігенде 300 жылқы, 1000 қой, 100 сиыр болған. Жайлаған жері Ақши аймағы

1928 жылы атақты байлардың малы конфескіленіп, Итжеккенге айдалған.

Байлардан алынған малға, жерге күтім болмады. Халық 1931-32 жылдары аштыққа ұрынды. Астық шықпады., ақсүйек жұт болды.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін ауыл адамдары Артель онан соң ұжымға біріктірілді. 1934 жылы колхоздар құрылды. Шет ауданына қарасты №7 ауыл кеңесі ашылып, оған үш колхоз қарады: «Қарғалы», «Еңбекшіл», «Сталин» атындағы. Әр колхозда бастауыш мектептер ашылды. Ол кезде техника жоқ жұмыстың барлығы қолмен атқарылған. Күш көліктері өгіз, ат болды. Қолмен атқарылған шаруалары ауыр

болды. Еңбек ақы төленбеді. Жыл аяғында егін шықса, аздап астық берді. Колхозды басқарушыларды «басқарма» деп атады.

1934 - жылдың күзінен бастап елге бірінші кезекте мал беріле бастады.

1935 - жылы қосымша екі бас тайыншадан үлестірілді. Сонымен ауылда мал басы өсе бастады, әр отбасыға үш тоқтыдан берілді.

1936- жылы жылқы малын берді. Мақсат осы малды көбейту.

1937- жылы «Қызылтау» колхозы құрылған еді, (қазіргі Ақшоқы совхозы)

Осылай егін салып, шөп шауып ел есін жинап қалған кезде сұрапыл 37 жылдың сергелдеңі де келіп жетті.

Бұл уақытта 7-ауылдың ауыл советі төрағасы Шахының Аманжаны, Сталин атындағы колхозының басқармасы Мырзағұлұлы Абдіқас еді.

35-37 жылдары ауылда бастауыш мектеп ашылды. Ол мектепте Тлеубаев Сарымсақ, Малаев Аманбай, Игліков Қаблез алғашқы ұстаз болып дәріс берген.

1941 жылы соғыс басталды. Бұл соғыс еңсесін енді көтерген халыққа оңай тиген жоқ. Ауыл адамдары соғысқа аттанды. Соғыста 35 адам хабарсыз кетті. Соғыс басталған кезде «Ақбұлақ» орталау мектебінің мұғалімі Тлеубаев Сарымсақ еді, ол кісіні әскерге алып кетті.

От ортасынан Тлеубаев Сарымсақ, Мананбаев Бабажан, Бояубаев Қабыш, Кисин Қапас, Дуанбеков Әлкен, Балтабаев Хасен, Такишев Жұматай, Тәттімбетов Башерлен туған жерге аман оралған.

1944 жылдың аяғында ауыл кеңесінің төрағасы Мықышев Сенбек, колхаз бастығы Есмағанбетов Амандық еді.

1950 жылдың күзінде «3» колхоз ірілендіріліп, біріктірілді. Орталығы қазіргі Кеншоқы ауылы Сталин атындағы колхоз болды. Басқарма болып Шахатов Ғалым сайланды.

1950-1960 жылдар аралығындағы басқармалар:

Шохатов Ғалым 1951-52 ж

Мырзағұлов Байбосын 1952-53 ж

Ордабаев Есмақай 1953-1955 ж

Мақажанов Бақи 1955-1958 ж

Отыншинов Төлеуқұл 1958-1961 ж

1951 жылдан бастап колхоздарды ірілендіріу жөңінде қаулы шықты.

Бұрынғы №7 ауылға қарайтын Сталин, Еңбекшіл, Алғабас, Қарғалы колхоздары бірігіп Сталин колхозы болды. 10 жылдық мектеп ашылды. Колхоз басқармасы Шохатов Ғалым сайланды, орынбасары Күлейменов Балмағанбет болды. Селолық советтің төрайымы Жасұланова Мәразиля болды.

1952 жылы селолық Советінің төрайымы болып Тәжібекова Ғалия

қызмет атқарды. Бұл жылдары тек бастауыш мектеп ашылып, Қарғалыда Тлеубаев Сарымсақ, Жексенбаев Мукарам, Сталин колхозында Малаев Аманбай, Дүйсенбеков Көкен, Еңбекшілде Шәкіржанова Ануар мұғалім болды.

1952 жылы Сталин колхозының басқармасы болып Мырзағұлов Байбосын сайланды. Мырзағұлов басқа жұмысқа ауысты. Колхоз басқармасы Ордабаев Есмақай сайланды (1953-1955) жылдар еді.

1955-1958 жылы колхозды Махажанов Бақи басқарды.

1958-1961 жылдары колхозды Отыншин Төлеуқұл басқарды. Сүлейменов Мұқан сеололық Советтің төрағасы, кейіннен 1958-1959 жылдары Сыздықов Сәулебек сайланды.

1960 жылы Сағытаев Сағынай селолық Советінің төрағасы болды.

1961 жылы колхоз таратылып совхозға айналды. Сталин атындағы колхоз Шет орталығындағы Орджоникиде совхозының 2 фермасы болып аталды.

1957 жылы колхоз орталығында №7 мектеп ашылды. Директоры Жүнісов Сәулебек, оқу ісінің меңгерушісі Жексенбаев Мүкарам мұғалімдер Дүйсенбаев Күкен, Күлейменов Жолдыбек.

1965 жылы Орджоникидзе атындағы совхозынан бөлініп «Кеншоқы» совхозы құрылды. Кеншоқы совхозының құрамына «Батыстау», «Байназар», «Нұра» бөлімшелері кірді. Бірінші совхоз директоры болып Жұрынбаев Сәтілхан тағайындалды.

1973 жылы Жұрынбаев басқа жұмысқа ауысып совхоз директорлығына Сандықбаев Болат келді. 1979 жылы Бакиров Әділ, 1985 жылы Әбдіғұлов Сағат директор болды. Совхоз да 2000 жылқы, 20000 қой бар еді.

1986 жылдан бастап совхоз тарағанға дейін Мусин Қайырберлі директор болып қызмет атқарды.

Кеңес үкіметі құлағаннан кейін, Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет болды, 1994 жылдан совхоз шаруашылығы таратылып, жекешелендіру басталды. Совхоздың малы, техникасы жаңадан құралған шаруа қожалықтарына үлесіне қарай бөлініп берілді. Кеншоқы ауылының жер көлемі - 250 982 гектар, халық саны - 919 адам. Қазірде 68 адам шаруа қожалығы мал өсіріп, еңбек етуде.

## ОҚУ АҒАРТУ САЛАСЫ

1973 жылы жаңа екі қабатты мектеп салынып 10 жылдық орта мектепке айналды. Бұл кезде мектеп директоры Жексенбаев Мүкарам болды. Мектепті салғызуға қажетті жабдықтарды Жезқазған облысы, Ағадыр ауданынан тасуда көп қиыншылықтар болды. Мектеп директоры Жексенбаев Мүкарам жаңадан ашылған орта мектептің қалып-

ты жұмыс жасауына, оқу-тәрбие істерінің жақсаруына қажырлы еңбек сіңірді. Мектеп ұжымы әр кезеңде ауыл шаруашылығындағы барлық салаларға араласып, көмек беріп отырды.

Кеншоқы ауылында 10 кісілік ауруханасы бар. 1960 жылы ашылды. Бас дәрігер Румянцов Виктор деген болды. Тәжірбиесі мол өте білімді адам еді. Соғыс кезінде әскерде дәрігер болған. Көптеген ауыр науқастарды емдеп жазды. Оңан Болтеков Шөмен бас дәрігер. 1986 жылдан 2002 жылға дейін Әбеухалықова Күләш, Такишева Дәмет қызмет атқарды. Қарауында 5 адам. Қазіргі кезде 2 адам жұмыс жасайды.

## ГОЕГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Кеншоқы селолық округі Нұра өзінінің бойына орналасқан. Ақтоғай ауданының жерімен шектескен. Жер бедері таулы қыратты және ойпатты болып келеді. Табиғаты шұрайлы, жері шұрайлы, шабындығы мол өлке. «Түйетас», «Қызыл жал», «Бесшоқы», «Қызыл тас», «Тоғанбай» атты биік таулар бар. Сай-саласында бұлақтары ағып жатады. Малға жайылымы шұрайлы, қазба байлыққа бай жер Кеншоқы округінің жерінде кәзірде уақытша жабылған.

«Кеншоқы», «Батыстау», «Байназар» атты кең орындары бар. Сай-саласында отырған шаура қожалықтары көптен саналады.

## АУЫЛ ЗИЯЛЫЛАРЫ

**Сағытаев Түтәй** - педагогика ғылымының кандидаты,

**Хамзин Мәуен** - педагогика ғылымының докторы,

**Нұртазин Рымқұл** - ауыл шаруашылық ғылымының кандидаты,

**Амандықов Тезекбай** - үздік ағартушы, ақын, екі кітаптың авторы,

**Әбилдин Қалиасқар** - ақын, журналист,

**Ырысбайұлы Дәулет** - ақын, екі кітаптың авторы, журналист, жазушылар одағының мүшесі болған,

**Сейтжанов Қуаныш** - «Болашақ» бағдарламасы бойынша Түркия елінде оқыған. Түріктанушы. ҚР ауыл шаруашылық минстрлігінде қызмет атқарады. Филология ғылымдарының кандидаты,

**Әбдуов Мұхаммадғали Ілиясұлы** - профессор, КарМУ-да қызмет атқарады,

**Аманбаев Айдос** - ақын, Жзушылар Одағының мүшесі, Хабар телеарнасында қызмет атқарады,

**Тәжібеков Жанболат** - әнші, сазгер,

**Амантай Қанат** - Қазақ күресі дзюдо, самбо күрестерінің бірнеше дүркін Қазақстан жеңімпазы. Азия чемпионы,

**Ерғалы Омаров** - дәстүрлі әнші, сазгер болған,

**Медет Осатаев** - дәстүрлі әнші, бірнеше республикалық конкурстардың лауреаты.

Киелі туған жердің біз жинақтаған шежіре қысқаша тарихы осындай. Төл тарихымыздағы толықтырушылар табылар.

Кеншоқы - келген кісіге пікірін ұсынатын дархан елдің мекені.

Туған жеріміздің жайлауы жазық, топырағы алтын боп гүлдене берсін!

Тарихымызды жазу үшін деректор ауыл молласы, көнекөз қария Қабыкен Тұтқышевтың және ауылдың қарт мұғалімі - зейнеткер Мұқарам Жексенбаевтың аузынан жазылып алынды.

*Мақаланы жинақтап жазған*
*Кеншоқы ауылдық округінің әкімі*
**Боранқұл Жұматов.**

**Дәулет Ырысбайұлы**



1964 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Кеншоқы ауылында туған. Ауылдағы мектептен білім алып, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінін тамамдаған. Облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде, телерадиода-компанияда қызмет еткен.

Өлеңдері «Шет өңірі ақындарының антологиясына», Қ.Аманжоловтың 90 жылдығына орай шыққан 4 томдық жинаққа енген. 2000 жылы «Ғұмырымның тамшысы» атты өлеңдер жинағы жарық көрді.

Облыстық және республикалық басылымдарда өлеңдері үзбей жарияланып тұрған. Патриот ақын, туған жер - Кеншоқының табиғатын көптеген өлеңдеріне арқау еткен. Олар: «Туған жер», «Отан туралы», «Балалық шақ», «Нұраның нұры», «Ескі ауылды еске алу» т. б.

Д.Ырысбайұлы қамал бұзар қырықында бергеннен берері көп, кемелденер шағында өмірден өтті. Дәулеттің өлеңдерін жерлестері мақтан етеді, өйткені олар қиял ұшқырынан, өмір өзегінен алынған өлеңдер.

# ШЕТ АУДАНЫНЫҢ БҰРЫНҒЫ СТАЛИН АТЫНДАҒЫ КОЛХОЗ ТУРАЛЫ ЕСІМДЕ ҚАЛҒАН ҚЫСҚАША ЕСТЕЛІКТЕР

Біздің ауыл бұрын №7 ауыл деп аталатын. Ол жерге Сталиннің есімі қашан берілгені есімде жоқ.

Ауыл қазіргі Кеншоқы ауылынан 400м. жерде Солтүстік-шығысына қарай орналасқан.

Қазір ол жерде бұрыңғы құрылыстардан (үйлер, мал қоралары т.б.) ештене қалған жоқ. Тек кейіннен салған 3-4 үй ғана болмаса.

Ескі ауылда он шақты үй бірді-екілі мал қоралары болған. Ауылдың үлкендері ол кезде жастары соғысқа, жарамағандары еңбек армиясына (оның ішінде менің әкем Құсайынұлы Хамзада бар) кетіп, ауылда әйелдер, бала-шаға, бірді -екілі шал-шауқандар қалды.

Ауылды сол кісілердің біреуі басқарған шығар............

Осылар ауылдың бар тіршілігін ұстап тұрғандар.

Өкіметке азды-көпті ауыл-шаруашылық өкімдерін де (ет, сүт, май, бидай) тапсырып тұрды.

Ауылда көптің ішінен оза шыққан Жекей қызы Түкеш (доярка) шешеміз еді. Аудан бойынша алғашқылардың бірі болып Ленин орденімен марапатталды.

Соғыстан кейін ауыл орталығы қазіргі Кеншоқы ауылының батысына қарай бір шақырымдай жерде құрылыстарын сала бастады (үйлер, мектеп, астық қоймасы, диірмен т. б.)

Сол кезден бастап ауыл басшылары болып, қызмет атқарғандар- Елешов (есімін ұмытыппын), Ордабаев Есмақай, Тәкішев Жұматай, Мырзағұлов Байбосын, Мақажанов Бақи, Күлейменов Балмағанбет.

Менің еңбекке араласа бастаған жылдарымда колхоздың басқармасы Отыншин Төлеуқұл болды, орынбасары болып Сулейменов Мұқан, Литвин Василий қызмет атқарды. Бұлай болу себебі: сол кездері ұсақ колхоздар біріктірілді (Еңбекшіл, Алғабас, Қарғалы), ірілі-ұсақты фермалар көбейді. «Бесшоқы» фермасын менің әкем басқарды, кейін колхозда есепші (счетовод) болып істеді.

Әкемнің досы Баяманов Дәрімбай екеуі Вишневка поселкесінде болған. (Астана қаласына жақын орналасқан), қазіргі Аршалы кенті.

Айтуларына қарағанда жұмыс өте ауыр болыпты. Әкем дарынды кісі болды. Көптеген қиссаларды жатқа айтатын (Қалқаман-Мамыр, Кенесары-Наурызбай, Ерназар, Бекет т. б.). Күй тартатын, қоңыр даусымен өлеңде айтатын. Ол кезде радио, газет- журналдар ауылда бола бермейтін.

Сондықтан ауыл адамдары әкемді жиі қонаққа шақырып, қисса айтқызатын. Әңгімешіл еді. Діннен де мол хабары бар еді.

Алғашқы ұстаздар:Елешова Балкен, Қазангапов Аманбай, Тлеубаев Сарымсақ болды.

Ауылға 1947-1948 ж. ж. техникалар келе бастады (трактор, автомобиль, молотилка, лобогрейка, т. б.)

Осы азын-аулақ техниканы жүргізіп, жөнделіп тұруына механизаторлар мен авто жүргізушілерге басшылық жасаған бригадир, автомеханик болған, Сағындықов Сағынтай, Хантурин Хамит азаматтардың еңбектері ерекше еді. Олар жоқтан бар жасай алатын. Сағынтай ағай биыл 93 жасқа келді.

Осылармен қатар ерекше бір еңбек сіңірген адамдардың бірі Жұматов Қабаш. Ол кісі вет-техник кейіннен колхоздың №2, №3, бөлімшелерінде басқарушы болды.

Демалу дегенді білмейтін адамның бірі еді.

Ауылдық кеңесінің төрағалары, Жасұланова Мәрәзила, Ордабаев Қасқатай, Сыздыков Сәулебек, басқалары есімде қалған жоқ.

Ауылдан шыққан белгілі азаматтар:Жакыпов Әкімбек- тыл еңбек ері, кезінде Ленин атындағы колхозды миллионер шаруашылыққа көтерген. Кеншоқы руднигінің бастығының орынбасары Қызыл Ту колхозының басқармасы, Октябрдің 40 жылдығы совхозының директорлық лауазымды қызметтерін атқарған.

Балтин Өміртай: Шет ауатком төрағасының орынбасары, Октябрдің 40 жылдық атындағы кеңшардың директоры, Шет кеңшарының директоры, Ақтоғай аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы, Қарағанды облыстық ауылшаруашылық басқарма басшысының орынбасары, Осакаров ауданының Маржанкөл кеңшарының директоры болып абыройлы қызмет атқарған.

Смағұлов Зекен Майшекеұлы-техника ғылымдарының кандидаты, Қарағанды политехникалық институтының Жезқазған филиалының директоры. Кейінен осы институтының үш факультетінде көп жыл декан болып істеді, профессор, академик.

Балтин Мейрамбек 40 жылдай Ақтоғай ауданының байланыс бөлімі бастығының орынбасары, Шет ауданының байланыс торабының бастығы. ҚР «Құрметті байланысшысы».

Габдуллин Сайлау -бірнеше жыл аудандық аруханаының бас дәрігері, аудандық мәлихатының хатшысы қызметін атқарған.

Ауылшаруашылығында ерекше еңбек еткен Толеукенов Сәмбет «Береке» комсомол жастар бригадасын, «Еңбекшіл» бөлімшесін басқарған. Ленин, Октябрь, Революциясы ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Жуматаев Совет Кеншоқы кеншарында құрылған қой өсіруші « Жас қанат» комсомол-жастар бригадасының ұстаз-жетекшісі болып жұмыс істеді. «Халықтар достығы» орденімен марапатталды.

Алғашқы автокөлік жүргізушілер 1950-1958 жылдар аралығында:-

Серікбаев Бөдеш, Окапов Мәжен, Ақтаев Қуаныштай, Осатаев Қордаш, Қожабеков Әбдір, Есембеков Егінбай.

Тың игерушілер:Нұртазин Кәсенқұл, Осатаев Майкен, Балмаганбетов Аманбек, Тәжікеев Марат, Жүнісов Өрікбек.

Ауылшаруашылығының әр түрлі саласында қызмет атқарған азаматтар көптеп саналады. Олар: Баяманов Дәрімбай-бригадир, Жасұланов Жолдыбек-дирменші, Мусин Балық-дүкенші, Доскеев Дүйсен - ұсташы, Шәуенов Әбду-диханшы, Дуанбеков Әлікен, сельсоветтің хатшысы, пошта бастығы, Алтайбеков Есімбек -жылқышы т. б.

Бұл алдыңғы толқын әке-ағалардың барлығы да өмірден өтті. Бүгінде олардың ұрпақтары бала-шағалары, немере-шөберелері ержетіп, өсіп, Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткізген шуақты өмірдің шырайлы шарапатын көруде.

**Бекежан Хамзин**
*Еңбек ардагері*



**Хамзин Мауен (1949)**

Шет ауданының Кеншоқы ауылында туған. Аудан орталығы Ыбырай Алтынсарин атындағы он жылдық орта мектепті 1968 жылы тамамдап, 1973 жылы Қарағанды Мемелекеттік университетінің филология мамандығы бойынша бітірген.

Әдебиетші, филология ғылымының докторы, профессор. Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Шет ауданының Құрметті азаматы. ҚР білім беру ісінің үздігі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Бүгінде Қарағанды маңызды блім беретін «Болашақ» университетінің оқытушысы. «Мирас» ғылыми зерттеу орталығының директоры.

250-ден астам ғылыми танымдық мақаланың, публистикалық еңбектің авторы. Екі монографиалық, 3 оқулық, бірнеше оқу - әдістемелік құралын жазған.

# ЕҢБЕГІМЕН ІЗІ ҚАЛҒАН ЖАН



**М. Хамзин,**
*Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Шет ауданының құрметті азаматы*

Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін жарияланғанына 30 жыл толмақ. ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың бұрынырақта жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» атты еңбектерінде өткенге үңілу, тарихынды таразылау, болашаққа жоспар жасау мәселелері қамтылған. Демек, бір адамның ғана емес, жұртшылықтың, үлкен бір қауымның тарихы мен тағдырына айналған еңбек ұжымының мерейтойы сол ұжым мүшелерінің жүріп өткен жолы, қалдырған ізі, бүгінгі буынға деген өнегесі, ұлағаты деп түсінуіміз қажет. Сондай еңбек ұжымына биыл құрылғанына 60 жыл толған бұрынғы Орджоникидзе атындағы совхоз (кеңшар) жатады екен. Колхоз (ұжымшар) боп құрылғанына 90 жыл толыпты. Осынау айтулы датаға қатысты қазіргі таңда біраз азаматтар естелік, толғандарын жазып жатыр екен, олар жинақталып, жеке кітапқа арқау болады екен. Өте дұрыс шешім! Себебі, біз өткенге - салауат, бүгінге - тәуба деп, болашаққа үмітпен қарайтын халықтың перзенттеріміз ғой, сондықтан да 90 жылды айтпай- ақ (ол туралы білікті, тарихын білетін бір адам жазған шығар?), 60 жылдағы тарихты білгенімізше аздап болса да, айта алсақ, үлкен олжа болар еді. Үлкен ұжымның тарихы сол ұжымға қатысы бар адамдардың тарихы. Тағдыр - талайы. Пешене деп аталатын шетсіз, шексіз абстрактылы ұғым. Сол қыруар адамдардың өмірі, пендешілігі, танымы, көзқарасы, үміті мен күдігі, мінезі, пиғылы, ниеті. Бұл айтылғандар- мәселенің бірінші жағы болса, екіншіден, сол аға буын өкілдерінің көбі қазір бақилық боп кеткен. Қазіргі, кешегі буын сол аға буын жасаған материалдық игіліктерден нәпақамызды тауып жүрміз. Ендіше, Орджоникидзе совхозының 60 жылдық мерейтойын тойлау, сол ардагер әке, ағаларға деген құрмет. Тірі жүргендерге жасаған тағзымымыз, бақиға аттанғандардың қабіріне салған бір уыс топырағымыз деп білгеніміз жөн.

Өз басым бұрынғы Орджоникидзе атындағы совхоздың тарихына тікелей қатысым бар десем, артықтау болар. Совхоз 1961 жылы құрылып, қазіргі Қайрақты, Ақтөбе, Кеншоқы, Еңбекшіл, Ақсу, Кежек (қазіргі Ақши) елді мекендері оның бөлімшелері болды. Осылардың ішінен Кеншоқы (қазіргі) 1965 жылы өз алдына совхоз боп, бөлініп шықты. Ол кезде яғни 1964 жылы қазіргі Кеншоқының орталау мектебін бітіріп, аудан орталы-

ғындағы орта мектепте оқып жүргенмін. 1961 жылға дейін Сталин атындағы колхоз болған Кеншоқыда Б. Мақажанов, Т. Отыншин, С. Сыздықов т. б танымал азаматтар басқарма төрағасы, ауылдық кеңес басшысы боп қызмет атқарды. Қазірде филология маманы және білім саласында жүргендіктен, реті кеп тұрғанда бір жайтты айтуды парызым деп есептеймін. Қазіргі Кеншоқының, бұрынғы Сталин атындағы колхоздың тумасымын ғой, ауылдағы сегіз жылдық мектепке біраз уақыт С. Жүнісов аға директор болды, қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Ал, аудан орталығындағы орта мектепте қазақ әдебиеті пәнінен М. Төлеуқұлов аға сабақ берді. Егер мен осы уақытқа дейін филология саласында титтей де болса жетістікке жетсем, осы екі кісінің берген білімі деп білемін.

Осы шағын еңбектегі кіріспе іспетті жолдарды тәмамдап, негізгі желіге оралайық.

Облысымызға, ауданымызға, өзі қызмет еткен шаруашылықтарға аты кеңінен танымал болған жан Жұматай Тәкішов қария еді. Ол кісі өз дәуірінің перзенті болғандықтан, сол тұстағы орын алған қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттардың бәріне куә болды. Тындырымды, елгезек, жауапкершілікті түсінетін жан болғандықтан, орта және орта арнаулы білім алды, саяси және біліктілікті жетілдіру курстарында оқыды. 1913 жылы қазіргі Кеншоқы ауылында дүниеге келді. 1936 жылға дейін мектепте оқып, түрлі еңбекке араласып, 1936-1941 жылдар аралығында Шет аудандық комсомол комитетіне орналасып, хатшылық қызметке дейін жоғарлатылады, аупарткомға нұсқаушы боп ауысады. 1941 жылы екінші дүниежүзілік соғысқа аттанып, қанды қырғынның соңында қолынан жараланып, 2-топ мүгедегі боп, елге оралды. Лейтенант Ж.Тәкішов «Ерлігі үшін» т. б медальдармен, 1- дәрежелі «Отан соғысы» ордерімен марапатталды. 1946-1956 жылдар аралығында Шет ауданының Роза Люксембург, Ақтөбе колхоздарында ауылдық Кеңес төрағасы, содан соң алпысыншы жылдарға дейін колхоз болған Орджоникидзе ұжымында басқарма төрағасы, жұмысшылар комитетінің басшысы болып, Кеншоқы совхозы құрылғанда бөлімше меңгерушісі, Нұра ауылдық Кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды. 1973 жылы зейнеткерлікке шықса да, жас буын өкілдеріне өнеге боп, шама-шарқынша үлгі көрсеткен, тәлім-тәрбие берген абыз қария бола білді. Жұбайы Нәсжан анамыз екеуі 9 перзентті дүниеге әкелді. Қарап отырсақ, Р. Люксембург колхозындағы еңбегінен басқа қызметі 60 жылдық тарихы бар кешегі Орджоникидзе атындағы совхозбен, оның құрамында болған, кейіннен жеке шаруашылыққа айналған елді мекендермен тығыз байланыста болған екен.

Демек, ол кісі кіндік қаны тамған ауданын, ауылын дамытуға үлес қосса, киелі топырақ ол кісіні өсірген екен деп тұжырымдағанымыз орынды. Өмірдің ащысы мен тұщысын, тәттісі мен кермегін көбірек сезініп, талай тар жол, тайғақ кешуді бастан кешкен ақсақал өз ғұмырында жеке басының емес, қоғамның мүддесін көбірек ойлады. Тәртіпті ұнатты. Сөзді

емес, нақты істі атқаруға тырысты. Арына кір шалдырмай ғұмыр кешті. Адам- періште емес, пенде. Пендешіліктен туған кемшіліктері болады. Ол кісіде де болуы мүмкін, алайда ар тазалығын сақтауға ұмытылғанын ешкім де жоққа шығара қоймас. Мүмкін, осымен де тәмамдауға болатын шығар. Алайда бірер жайтты айта кетуді парызым деп есептеймін.

1967 жылы Кеншоқыда Нұра ауылдық Кеңесі құрылды. Төраға - Жұмекең ақсақал, хатшы- менмін. Жаңа құрылған мекеменің шаруасы шаш етектен. Есепші де, АХАЖ (ЗАГС) өкілі де, есеп, санақ жүргізетін де өзіміз. Мектеп бітірген маған өте ауыр тиді. Екеуміз совхоз директоры бөлген қуықтай тар бөлмеде отырамыз. Бір оңашада сұрағаным бар еді. Ол кісі білгендей ақтарылып, шешілмесе де, бір-екі әңгімесі есімде қалыпты. «Аудандық комсомолда істеп жүргем. Бір күні кештетіп, елеусіздеу киінген бейтаныс біреу кеп, әңгімеге тартты. Сірә, облыс не астана жақтыкі сияқты. Аудан басшылары, облкомсомол басшылары, жайлы сұрастырды. Менің жауабыма көңілі толмады-ау деймін, бұл әңгімені ешкімге айтпауымды ескертті және тағы хабарласатынын айтты, аздап қоқанлоқы көрсетіп, қорқытуға тырысты. Сөйтсем, үш әріптің адамы екен. Аупарткомда істегенімде тағы келді. Бұл жолы мені саяси сенімсіз адам деп есептейтінін айтып қорқытты. Ешкімге донос жасамаған менің жалаға ұшырайтыным анық еді, соғыс басталып, мен майданға аттанып, әйтеуір аман қалдым. Бұны бірінші рет саған ғана айтып отырмын» деген -ді. Ал, Аққыз аталған күйші анамыз (ол кісі Жұмекеңнің қайын енесі) туралы сұрағанымда, ұзақ уақыт үнсіз отырып: «Ол кісі- атақты бай Ахметтің қызы. Кәмпеске уақытында байдың қыруар мал -мүлкін тартып ап, кедейлерге таратты. Өзін жер аударса керек. Кеше ғана қыруар адамға қамқор болған Аханды бәрі ұмытуға айналады. Тек иман жүзді бір азамат кейіннен Аққызға кеп алған малын қайтармақшы болғанда, ол кісі: «Әкеме опа бермеген мал бізге опа берер дейсің бе?деп алмапты. Заман сондай болды. Қырсығым тиер деп Аққыз бізге келмеуге тырысты». деп әңгімелеп берген еді. Мен бұл жайтты кейіннен Аққыз (Мүгілсім) туралы шыққан кітапқа Беркімбай (Болат) інімнің өтініші бойынша енгіздім.

2008 жылы Шет ауданының 80 жылдық мерейтойы аталып өтті. Ауданға еңбек сіңірген аға буын өкілдеріне көрсеткен құрметіміз болсыншы деп, Қасқатай, Есмақай әкелерімізге арнап кітап шығардық. Кітапты оқып, риза болған С. Шөменбаев ағамыз: «Қаскеңе сот ауданда өтті. Жиналған халықта есеп болмады. Үкім оқылып, милициялар ол кісіні ала жөнелді. Ешкімді жолықтырып, тілдестірмеді. Сонда Жұматай Тәкішев бір милиционерді теуіп жіберіп, Қаскеңді бас сап құшақтағанына куә болғам» деген-ді.

Міне осымен тәмам. Алпыс жылдық мерейтой құтты болсын!, - деп тілек білдіремін.



**Тезекбай Амандықұлы**

Қарағанды облысы Шет ауданының Сталин атындағы колхозында / Кеншоқы ауылы / 1950 жылдың 1 қыркүйегінде дүниеге келген.

1968 жылы аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті бітірген. 1969-1973 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінде оқып, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі мамандығын алып шыққан. 1973-1975 жылдары Кеншоқы ауылындағы орта мектепте мұғалім, 1975-1977 жылдары аудандық оқу бөлімінің инспекторы, 1977-1981 жылдары Ақши негізгі мектебінің директоры болып қызмет атқарды. 1981-1992 жылдары аудандық білім бөлімінің методисі, инспекторы болды. 1992-1997 жылдары аудандық әкімдіктің маманы, тілдерді дамыту бөлімінің жетекшісі лауазымдарын атқарды.

1997 жылдан зейнеткерлікке шыққан 2018 жылға дейін білім бөлімінің кадр жөніндегі маманы, білім, ғылым қызметкерлері кәсіподағының аудандық Кеңесінің төрағасы болды. Өзінің 40 жылдан астам еңбек жолында бірнеше рет аудандық, облыстық білім басқармаларының, аудан әкімінің, Білім Министрінің мадақтама грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталды. Ол - «Қарағанды облысының білім саласын дамытуға еңбегі сіңген қызметкер», «Қазақстан білім, ғылым қызметкерлері кәсіподағының үздігі», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің «Ы. Алтынсарин» медальдарының иегері.

Шығармашылықпен, оның ішінде өлең жазумен мектеп оқушысы кезінен айналыса бастаған. Алғашқы балауса өлеңдері сол кездегі аудандық газет «Ильич туында» 7-сыныпта оқып жүрген 1965 жылы жарық көрген. Содан бері ол аудандағы шығармашыл азаматтармен, ақын-журналистермен тығыз байланыста болды. Оның өлеңдері аудандық, Жезқазған, Қарағанды облысық «Жезқазған туы», «Орталық Қазақстан» газеттерінде жарияланып келді. Сондай-ақ, «Сарыарқа саздары» атты Жезқазған облысы ақындарының жинағына, «Шет ауданы ақындарының анталогисы» жинағына бірнеше шығармалары енгізілді. Республикалық «Қасым», «Ақиқат». «Балауса» журналдарына топтама өлеңдері жарияланды. 2000 жылы ақынның жеке өлеңдер жинағы «Сәулелі мезет» деген атпен жарық көрді.

2015 жылы «Ел іші -жұмақ мекенім» атты екінші кітабы баспадан шықты. Сол жылы Қарағанды облысы әкімшілігінің бастамасымен «Сарыарқа кітапханасы» 100 томдық сериясының «Жетіген» атала-

тын жинағына топтама өлеңдері енгізілді. Ол, сонымен қатар, өзінің қаламдастары, замандастары мен ел ағаларының өнегелі өмірі мен қызметі жайлы, қоғамдағы әлеуметтік және түйінді мәселелер жайлы өз ойларын білдіретін бірнеше публистикалық шығармалар мен мақалаларын аудандық, облыстық басылымдарда жүйелі жариялап келе жатқан қаламгер ретінде де танымал.

Сонымен бірге, Тезекбай Амандықұлы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қолға алынып, қайта жаңғырған айтыс өнеріне де өз үлесін қосты. Ол 1983-1988 жылдар аралығында Жезқазған облысында өткізілген «Байқоңыр даусы», «Ұлытау үні» фестивалі аясындағы айтыстарға қатысқан алғаш дипломанттардың бірі болды.

Аудан көлеміндегі мәдени шаралардың өтуіне, талантты жас ақындарды іріктеп, олардың өнерлерінің ұшталуына ықпал етті. Қазіргі танымал ақындар Тілеген Садықов, Жәнібек Әлиман, Жанас Мұқашевтардың өнерін оқушы кезінде бағалап, олардың облыстық, республикалық байқауларға қатысып, өнерлерін дамытуына игі ықпал етті. Олардың әрқайсысы Тезекбай Амандықұлын рухани ұстазымыз деп бағалайды.

## ТУҒАН ЕЛ ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Адам баласының шыр етіп жарық дүние есігін ашқан, кіндігі кесілген туған жері, ақ бесігі мен аялы құшағында өсіп, ат жалын тартып азамат болған ортасы, туған еліне бұл дүниеде жетер ешнәрсе жоғы - даусыз ақиқат. Осы кітаптың жазылуы туралы алғаш бастама көтеріп, биыл құрылғанына 60 жыл толатын С.Орджоникидзе атындағы кеңшар туралы, осы шаруашылықта еңбек еткен ел азаматтары туралы деректер жыйнауды қолға алған ел ағасы - Борекеңнің /Б.Жұмкеұлы/ ұсынысынан кейін мен туған ауылым, оның өзім көрген, бүгінде көбі бұл өмірде жоқ әке-ағаларымыз, абзал аналарымыз бен замандастарымыз жайлы сан алуан ой кешіп, қиял жетегімен туған топырағымның әр шоқысын, әр сайын аралап, қасиетті қара Нұрамды жағалап кеткендей бір ғажайып күй кештім.

Менің туған топырағым - бүгінде Кеншоқы ауылы аталып отырған, аудан орталығынан 30 шақырым Қарағанды -Ақтоғай тас жолының бойында орналасқан ауыл. Мен ес білген тұста бұл ауыл Сталин колхозы аталатын. Ауылда Сталин атындағы сегізжылдық мектеп болатын. Колхоз басқармасы - Ұлы Отан соғысының ардагері Махажанов Бақи ақсақал, мектеп директоры - Жүнісов Сәулебек ағамыз еді. Бізді бірінші сыныпқа қабылдап, бастауыш білім берген алғашқы ұстазымыз Сәулебек ағаның жұбайы - Дәметкен апай болатын. Бертін келе, 1961 жылы бұл ауыл Оржоникидзе атындағы кеңшардың 2-бөлімшесі, Нұра ауылы болып өзгерді. Себебі, ауылдың дәл іргесінен қасиетті Нұра өзені

өтетін. Ол кездің табиғаты бүгінгімен салыстыруға келместей ерекше еді. Көктемде Нұра тасығанда арғы қабағына өткел бермейтін. Өзеннің жарқабағы құлай-құлай ауыл шетіне таянып қалған. Жағалаудағы қазыққа байланып қойған қайықпен келесі жағаға қатысып отырар еді ауыл адамдары. Ауылдың айналасын қоршаған табиғи орта да көктем мен жазда ерекше құлпырып, сай-саладан бұлақ сылдарап, көкорай шалғыны белден келетін ғажайып көрініс болар еді.

Нұраның ең бастау алар тұсы - Кежек ауылынан 20 шақты шақырым оңтүстік-шығыста орналасқан Қайдауыл тауының етегі. Табиғаттың таң қалмасыңа қоймас бір ғажабы - осы Қайдауылдың арғы бетінен Тоқырауын бастау алып, қарсы бағыттағы Балхаш көліне құйса, бергі етегінен кері аққан Нұра Сарыарқаны көктей өтіп, соноу Есілге тартады.

Біздің ауылдың батысында 12 шақырым жерде Кеншоқы атты кеніш /рудник/болатын. Бертін келе ол кеніш түрлі себеппен жұмысын тоқтатып, сол ауылда СПТУ-174 атты механизаторлар даярлайтын училище болды. Ол оқу орнына Кеңес үкіметінің түкпір-түкпірінен, Белоруссия, Украина т. б елдерден жетім, тәрбиесі қиын жеткіншектерді жинап әкеліп оқытатын. Бертін келе ол училище де аудан орталығына көшіріліп, сол ауыл бірте-бірте жойылды. Біздің ауыл өз алдына жеке кеңшар болып құрылғанда атауы Кеншоқы болып өзгертілді.

Кеншоқы кеңшарына алғаш директор болып негізі алматылық Сәділхан Жұрымбаев деген азамат тағайындалды. Ауыл көлемі ұлғайып, жаңа құрылыс қарқынды жүргізілді, көптеген тұрғын үйлер, жаңа мектеп, клуб, кеңсе, монша, трактор-машина базасы, автогараж, құрылыс бөлімі салынып, ауыл көркі жаңарып, шаруашылығы ерекше дами бастады.

Кеңшарға қарасты Кежек, Батыстау, Байназар, Нұра бөлімшелері болды. Шаруашылыққа тиесілі жер көлемі ұлан-ғайыр еді, әрі шұрайлы, көркем табиғи ортамен өрнектелгендей болатын. Оңтүстік-шығысында Қарашың, Тоғанбай тауларымен көмкерілген тұсы Ақтоғай ауданымен, Оңтүстігі Керей жалы, Қара Тоғанбай тауларынан әрі Ақшатау кеңшарымен, батысы Қызылжал, Дөңгелек, Батыстау, Ортаошоқы арқылы Ақадыр ауданымен, Шығысы Жал Алмалы, Домалақ Алмалы, Түлкілі, Борлы жоталары арқылы Ақшоқы кеңшарымен шектесіп жататын. Жоғарыда аталған таулардың әр сайнан құлдырай аққан бұлаққа сан жетпейтін.

Тоғанбай тауларының, Бесшоқының, Қызылжалдың сай-саласының табиғи жеміс-жидегі мол еді. Қарақат, бүлдірген, сарымсақ пен құланжуасын жабыла теріп тауыса алмас заман еді. Қазір олар да сиреп барады, бұлақтар да барынша азайып кеткен. Ауылдың екі қапталында тұрған Түйетас пен Қызылшоқы таулары да талай тарихтың кәрі куәсіндей.

Бұл өлкеде ықылым заманнан бер талай тарихта аты қалған батырлар мен ел басқарған тұлғалар, ақындар мен ел ішінің ұйтқысы болған билер мен аузы дуалы, сөзі уәлі шешендер өткенін әкелеріміз мақтана әңгімелейтін.

Бұл аймақ негізінен Болатқожаның Сарым тармағынан тарайтын Кәдір, Қоңырбай, Кенжебай, Шуаш аталарымыздың негізгі қонысы болған. Бертінде қоныстанған басқа ру ұрпақтары да жетерлік. Әсіресе, Керей, Табын, Алшын атаның үрімбұтақтары баршылық. Осы ауылдың ынтымағы, бірлігі мықты болғаны сонша, әлгі аталарға кімдердің жататынын біз есейе келе білдік. Себебі әкелеріміз руға бөлініп, бөлектенген емес. Бәрі бір атаның баласындай тату, сыйлас еді, біріңбірі ерекше құрметтеп, үлкені аға, кішісі іні болып жарасып отырар еді жарықтықтар. Қызылшоқының бауырында, Нұраның оң жағасында ерекше үлгіде салынған мовзолей пішінді үлкен зират тұр. Ол атақты керней Бәйсейіт бидің жалғыз ұлы, Нұрлан жомарттың кесенесі. Осыдан үш ғасыр бұрын салынған сол кесене кейінде сыр беріп, әр жері құлай бастаған соң ұрпақтары қалпына келтіру жұмыстарын жасап, оңдады.

Осы Нұрланның жомарттығын шалдар былай әңгімелейтін; Жомарттың ерекше дархандығын естіген жарлы-жақыбайлар алыс-жақыннан келіп көмек сұрайтын болса керек. Сонда Нұрекең тай сұраған-ға бие, бота сұраған-ға түйе беріп жібереді дейді. Әлгілерге қайтарда әкем ауылына соқпай-ақ қойыңдар деп ескертетін болыпты. Сонда баласы бұндай болғанда, әкесі одан да артық болар деген оймен Бәйсейіт ауылына соғатындар да болған. Сөйтсе, Бәйсекең; сендерге Нұрлан береді, маған кім бере деп баласынан алған малын тартып алады екен. Салы суға кетіп, Нұрланға қайта барған сұраншыға Нұрекең тағы беріп, риза етеді екен. Бәйсейіттің бұнысы қараулық емес, жалғызының жомарттығын жариялай түсудің тәсілі еді десетін шалдар.

Сондай тарихи тұлғаның бірі, артында аңызға бергісіз істері қалған Бөкес/Болат/ әулие көріпкел бабамыз дамыл тапқан осында. Алла бойына ерекше қабілет дарытқан бұл бабамыз алдағыны қатесіз болжайтын көріпкелдігімен, халық емшілігін терең меңгерген тәуіптігімен әйгілі болған. Белгілі мыңды айдаған Жәңгір төренің аштан өлетінін/ қылтамақ ауруынан/ алдын ала болжап айтып бергені айнымай келген дейтін үлкендер. Ол кісінің де қабіріне белгі қойылып, қоршау орнатылды. Кейінірек ол кісінің баласы Қағажақ та белгілі көріпкел, тәуіп болған. Бірақ, одан әрі ұрпақ өрбімейтінін де өздері болжаған деседі.

Ел шетіне жау тиген қилы кезеңдерде, елдің, жердің бүтіндігін сақтау үшін атқа қонған батырларда өткен бұл топырақта. Мәселен Кенесары ханның тұсында қырғыздармен соғыста мерт болған менің Қойайдар бабам туралы да дерек ел ішінде сақталған. Ол жан досы болған тарақты Байғозы батырмен тізе қоса шайқасып жүріп, Қырғыз

жерінде жараланып, қансырау салдарынан қайтыс болады. Қаратау маңындағы Қызыл қайнар деген жерге Байғозы батыр өзі жерлеп, елге айтқан сәлемі мен аманатын жеткізген екен. Сол атадан тарайтын Қасқар бабамыз ел арасының дау-шарын ушықтырмай, бітімге келтіріп, бір елдің дауын бірауыз сөзімен шешкен әділ би болған екен. Ол кісінің де зиратына белгі қойып, ауыл ортасына би бабамыздың атындағы мешіт салынып, қазір ауылдағы имандылықтың бірден-бір орталығына айналып отыр. Ол бабамыздың тікелей төртінші ұрпағы - генерал-лейтенант Талғат Сәбитұлы Мұхтаров мемлекет деңгейіндегі жауапты қызметтердің тізгінін ұстап жүр.

Жанбайдың Әбіші атты бабамыз өз заманында ортаға белгілі сөз зергері, аузын ашса жыр төгілген суырып салма ақын болған екен. Өкініштісі - ақынның өлең-мұрасы толық бізге жетпей қалғаны.

Атақты Жанқұтты би бабамызға аға сұлтан Құнанбай хабар жіберіп, төтенше сьез өткізбекші болып келгенде екі-үш күн еру болып, суын ішкен, кейіннен соның құрметіне Құнанбай бұлағы атанып кеткен тарихи орын да осы ауыл төңірегінде, Батыстаудың іргесінде. Кейінгі, біздің заманымызда да осы топырақтан шығып елге танымал болған тұлғалар аз емес. Олардың көпшілігі туралы осы кітаптың деректер бөлімінде көрсетілген. Солардың арасынан Осы ауылдан шыққан техника ғылымдарының кандидаты, академик марқұм Зекен Майшекеұлы Смағұловты, филология ғылымдарының докторы, профессор Мәуен Хамзинді белгілі ақын, инженер, журналист, қоғам қайраткері марқұм Қалиасқар Әбілдинді, өмірі өте қысқа болған талантты ақын Дәулет Рысбайұлын атап өткіміз келеді.

Ал кешегі кеңестік дәуірдегі, қиындығы мен қасыреті мол кезеңдердегі әкелеріміз бен аналарымыздың, аға-апаларымыздың бейнетке толы еңбек жолы, олардың жеткен жетістіктері жайлы термелеуді мақсат тұтпадым. Олар жөнінде осы кітаптың бөлімдерінде айтылатын болғандықтан қайталауымыз артық болар еді.

Менің туған өлкемнің өзім білетін кейбір ерекшеліктері осындай.

**Тезекбай Амандықұлы**
*ақын, білім беру саласының ардагері*

**Баймұрынов Боранбай**
**(1905-1943)**



Баймұрынов Боранбай 1905 жылы Кеншоқы ауылдық округіне қарасты Алмалы елді мекенінде орта шаруа отбасында дүниеге келген. Руы - Қанжығалы. Ескіше хат таныған, сауатты адам болған. Кеңес үкіметі орнаған соң комсомол болады, 20-жылдардың соңына қарай Коммунистік партия қатарына өтеді. Көзі қарақты жас жігіт арнайы курстардан өтіп, ел ішіндегі науқанды шараларға қызу араласа бастайды. Әсіресе, 1932 жылғы ашаршылық кезінде туысқандары мен ауылдастарын қиын кезеңнен арашалап қалу үшін бар күш жігерін жұмсаған. Сол кезді көрген көне көз қариялардың және анамыздың айтуы бойынша ерлікпен пара-пар іс атқарған. Аш адамдарға тамақ беру, «паек» үлестіру т. б. көмек көрсету шараларына белсене араласқан.

Шағын ауылдарды біріктіріп, «коллективтендіру» науқаны кезінде де іскерлігімен көзге түсіп, Еңбекшіл колхозын құруға ат салысып, ең алғашқы басқармасы болады.

Ел ішінде үкімет бар малды тартып алып, соның салдарынан ашаршылыққа ұшыраған ел үшін Монғолияға бір топ адамды бастап барып колхозға жылқы әкелген. Халықты егін салуға жұмылдырып, аштықтан есеңгіреген елдің талғажау етуіне мұрындық болған. Жастарды оқуға жіберіп, кадрлар даярлау ісіне де ат салысқан. Сол жылдары Жұматов Қасымбек, Күлейменов Балмағанбет, Сүлейменов Сейілбек, Жүнісов Сүйінбай т.б. алғашқы кадрлары еді. Жүнісов Сүйінбай деген адамды Қарқаралыға оқуға жібереді. Ол 1941 жылға дейін банк бастығы болған. Ұлы Отан соғысына кетіп, қайтып оралмаған. Немере інісі Жүнісов Зауытбайдың да оқуына ықпал етеді. Алматы қаласының политехникалық институтында оқып, Нілді руднигінде инженер болып жүргенде соғысқа аттанып оралмаған. 1945 жылы Прага қаласында жерленген.

Баймұрынов Боранбайды 1937 жылғы зобалаң да айналып өтпеген екен. Аудандық райком партияның бірінші хатшысы Тоқтаров деген «халық жауы» болып ұсталғанда, «соның адамы, ескілікті көксеуші» деген арыз бойынша қудалауға ұшырап, партбилетін алдырады. Еті тірі жігіт арызданып, өзінің ақ екенін дәлелдеу үшін сонау Алматыға барады. Алматыға Ордабаев Есмақай екеуі бірге барып, партбилеттерін қайтарып алады. Келген соң үкімет пен партия сынау мақсатында аудан басында клуб салуға тапсырма береді. Жұмысын тиянақты

атқарғанын және ұйымдастыру қабілетін ескеріп, басшылар оны Орта Шоқы, Шет Шоқы, Байназар елді мекендерін біріктіріп, ауылдық кеңес төрағасы етіп қояды.

Баймұрынов Боранбай өте өткір, әділдікті бетке айтатын адам болғандықтан, сол кездегі военкоммен сөзге келіспей қалады. Ауылдық кеңес төрағасы болған соң, әскерге адам жинауға тапсырма беріледі. Ол кезде колхоз басқармаларын, ауыл кеңес төрағаларын соғысқа алмайтындығына қарамастан, кектенген военком тиісті адамдарды жинап әкелсе де, өзіне де соғысқа аттануға бұйрық береді. Шешейдің айтуы бойынша, Ақмола қаласының маңындағы Вишневка деген жерде дайындықта болады. 1942 жылы маусым айында Шеттен барған бір топ адаммен соғысқа аттанады. Бірден соғысқа Сталинград шайқасына қатысады. 1942 жылдың желтоқсан айында соңғы хаты келеді. 1943 жылдың қаңтар айынан бастап хабар-ошарсыз кетеді. Нағашымыз өте бауырмал, адами қасиеті мол әрі балажан кісі болған екен. Артында жалғыз қызы Дәкей қалған еді. Біздің әкеміз Оспанов Дәрімбекпен 1948 жылы отасып, 10 бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана болды. 2017 жылы 90-ға қараған шағында дүниеден озды. Бұл деректердің барлығы анамыздың айтуы бойынша көзі тірі кезінде жазылып алынды.

**Оспанов Бекмұрат Дәрімбекұлы.**
*Баймұрынов Боранбайдың жиені:*



**Оспанов Дәрімбек Сыздықбекұлы**

1927 жылы наурыз айының 10-шы жұлдызында Қарағанды облысы,

Шет ауданы Ақсу колхозы Сарыөзек деген жерде шаруа отбасында дүниеге келген. 13-14 жасынан бастап еңбекке араласа бастаған. Жаз бойы Еңбекшіл колхозының шөп шабу, масақ теру т.б науқандық жұмыстарына көмектеседі.

Алғашқы еңбек жолын 1941 жылдың наурызынан 1943 жылдың ақпан айына дейін Еңбекшіл колхозында есепші болып бастаған.

1943 жылдың ақпан айынан 1945 жылдың наурыз айына дейін Шет аудандық прокуратурасында хатшылық қызмет атқарады.

1945 жылдың наурыз айынан 1947 жылдың қаңтар айына дейін Шет аудандық участковый инспектор және статистик болып қызмет атқарады.

1947 жылдың ақпан айынан 1954 жылдың қыркүйек айына дейін аудандық сельхозбанкіде инспектор болып жұмыс атқарады.

1954 жылдың қыркүйек айынан 1965 жылдың наурыз айына дейін Госбанктың Ақсу-Аюлы бөлімшесінің басшысы болды.

1965 жылдың маусым айынан 1980 жылға дейін Шет аудандық атқару комитетінің жоспарлау бөлімінің төрағасы болып қызмет атқарды.

1980 жылдың маусым айынан 1989 жылдың шілде айына дейін Шет аудандық байланыс бөлімі бастығының орынбасары болып қызмет істеді. Осы жерден зейнеткерлікке шықты. 1947 жылдан өмірінің соңына дейін КПСС мүшесі болды.

Оспанов Дәрімбек Шет аудандық кеңесіне бірнеше рет депутат болып сайланды. Халық депутаттарының кеңесінің мүшесі, тексеру комиссиясының председателі болды.

Еңбек еткен жылдарында төмендегідей марапаттарға ие болды:

1941-45 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы еңбегі еленіп, «Тыл ардагері» ретінде «Қажырлы Еңбегі үшін» медалімен, «Тың жерді игеруге қатысқаны үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін», «Ұлы Жеңіске 30 жыл», «Ұлы Жеңіске 40 жыл» және «Еңбек ардагері» орден-медальдармен марапатталды.

1987 жылы дербес зейнеткерлікке өтті. Зейнеткерлікке шыққан кейін де аудандық ардагерлер комиссиясы төрағасы болды.

Отбасында анамыз екеуі 10 бала тәрбиелеп өсірді. Тура жолдан таймайтын, әділдікті, адалдықты ту етіп көтерген адам еді. Балаларына да осындай мінезімен үлгі болды.

1992 жылдың 2 ақпанында дүниеден озды.



Боранбайқызы Дәкей

1929 жылы дүниеге келген, 2017 жылы қайтыс болды. Анамыздың әкесі Баймұрынов Боранбай алғашқы колхоз ұымдастырушылардың бірі, басқарма, ауылдық кеңес төрағасы болған. 1941 жылы майданға аттанып, 1943 жылы хабарсыз кеткен. Анамыз әкесі соғысқа аттанғанда 14 жасар қыз еді. Бастауыш мектепті ғана бітіріп, колхоз жұмысына 13 жасынан бастап араласа бастаған, тыл ардагері болды. Әкеміз Оспанов Дәрімбекпен отасқан соң, балалары есейе бастаған кезінде аудандық байланыс торабында телеграфист, аудандық «Балдырған» балабақшасында бала күтуші, завхоз болып істеді, сол жерден зейнеткерлікке шықты. Анамыз 10 бала тәрбиелеп өсірген «Алтын алқа» иегері. Ауылдық кеңеске депутат болып сайланды.

«Тыл ардагері», «Еңбек ардагері» төсбелгісімен марапатталды.

## ӨМІР ЖОЛЫМДА ЕРЕКШЕ ОРНЫ БАР АУЫЛ ЖАЙЛЫ ОЙ-ТОЛҒАМДАР...



**Біләл Доскеев,**
*еңбек ардагері, Шет ауданының Құрметті азаматы*

Есейіп, ат жалын тартып мінген азамат еңбек етеді, азды - көпті абырой, атаққа ие болады, зейнеткер атанып, жасы ұлғайған соң өткен өміріне, жүріп өткен жолына үңіледі. Бұл қалыпты жағдай ғой, ендеше, өз басыма келсек, қазіргі Талды ауылының тумасымын, еңбекке буыным қатар - қатпаста араласыппын, өмірдің ащы - тұщысын бір кісідей - ақ татыппын. Жоғары білім алдым, ауыл шаруашылығы саласында істедім. Совхозда, Шет аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында лауазымды қызмет атқардым. «Ақши» совхозының құрылуында басы - қасында жүріп, директор қызметіне тағайындалдым. Аудандағы ірі шаруашылық Шет совхозында директор, Жарық астық қабылдау кәсіпорнында басшы, Шет аудандық мамандырылған ауыл шаруашылығы бірлестігінде бас маман т. б. қызметтер атқардым. Қазір зейнеткер, ең-

бек ардагерімін. Қарағанды қалалық ардагерлер Кеңесінің мүшесімін. Шет ауданының Құрметті азаматымын. Менің жүріп өткен жолым-менің замандастарымның өмір жолы.

Осынау өмір жолымда бүгінгі күн биігінен қарасам, мен үшін ең ыстық көретін кезең Шет ауданында ( кейіннен Ақтоғай ауданына қарады) болған «Ақши» совхозы еді. Мен сол бір қасиетті өңірде азамат ретінде, басшы ретінде белгілі бір дәрежеде қалыптастым деп айта аламын. Совхоз «Орджоникидзе» атындағы шаруашылықтың құрамында болған «Кежек» бөлімшесінің орталығында құрылды. Бұл кезең, яғни совхоздың ашылуы 1974 жылы жүзеге асып еді. Сөйтіп, «Кежек» бөлімшесі совхозға айналды. Жоғарыда көрсеткенімдей, совхоз жері құнарлы, адамдары еңбекқор, дархан болып келетін жерге орнады. Егер ортақ іске бір кісідей жұмылып, ұйымшылдық, іскерлік, еңбексүйгіштік жергілікті тұрғындар тарапынан болмағанда, аз ғана уақыт ішінде қыруар шаруалар тындырып, недәуір уақыт ішінде совхоз ірі көрсеткіштерге жетпеген болар еді. Қазірде мен сол жылдарды еске ала отырып, «Орджоникидзенің» «Кежек» бөлімшесінде меңгеруші болған абзал азамат, танымал тұлға, қайраткер жан Төлеуқұл аға Отыншинді, мал маманы, бөлімше басқарған Шойбек аға Қабылбековті зор құрметпен еске аламын. Басқа да азаматтардың біразы, жоғарыда айтқан екі азаматта қазір бақилық боп кеткен. Рухтары пейіште шалқығай деп тілеп отырам. Совхоз құрылып, шаруа деген шаш етектен болып тұрғанда, ортақ іске белсене кірісіп, көмектескен М. Ысқақов, С. Байымжанов, М. Асқаров, Қ. Хасенов, Н. Сырымбетова, М. Едильбаев, М. Елубаев, Р. Нұрбеков, Д. Баяманов, З. Дәрімбаев, Қ. Бастенов, Қ. Игенбаев, Е. Смайлов, Қ. Сейтжанов, сондай - ақ механизатор, қоймашы, жұмысшылар, есепшілер, жүргізушілер, егін мен шөп шабу науқандарын қадағалаушы т. б. жұмыстар атқарған: С. Нұржаубаев, Ө. Жүнісов, Т. Садуақасов, ағайынды Маутанбековтер әулеті, О.Жасланов, Қанат, Көріктай, Өміртай Дүйсекеновтар, Р. Нұрмағамбетова, Р. Сағытаева, Қ. Терлікова, Н. Жахметова, Ә. Әбдікеров, Б. Ысқақов, Е. Жұматов, Б. Жексембин, А. Ақышбеков, Ш. Алтынбеков, Зәрүбек, Ә. Сәдуов, т. б. және мектеп мұғалімдері Р. Хамзина, З.Қашқынбекова, кейінен үлкен мектеп ашылғанда директор болған Т. Амандықов, А. Шілікбаев, Н. Құлымбаев басқа да педагогтарға бәріне - бәріне алғыс сезімімді білдіремін. Бәрін толықтай тізіп шықпағаным үшін кешірім өтінемін.

«Орджоникидзе» совхозының бөлімшесі боп, экономиканың ауыл шаруашылығы саласы бойнша жақсы нәтиже көрсеткен «Кежек», «Ақши» совхозына айналысымен де тәуір көрсеткіштерге жетуімізге алғышартар жасады. Совхоз болсымен, оның аса мол ұйымдастырушылық жұмыстары болатыны белгілі. Білім, мәдениет нысандарын салу керек, келіп жатқан қыруар мамандарға, жұмысшыларға үй керек, мал бордақылаумен айналысатын болғандықтан, мол жем - шөп

керек. Бірден айтайық, Кежектің жері - өте құнарлы, сулы, нулы жер. Егін бітік шығады. Табиғаты әсем. Осы бір мәйегі шыққан жердің «Орджоникидзе» атындағы совхоздың қуатты бөлімшесі боп, 1974 жылы «Ақши» совхозының іргетасы боп қалауында белгілі бір дәрежеде заңдылық бар деп есептеймін. Ол «Орджоникидзе» совхозының және ауданның орталығынан шалғай жатқаны өз алдына, Шет ауданының ауыл шаруашылығы саласын өркендетіп дамытуға бірден бір әлеуетті мықты шаруашылық еді. Сондықтан да сол «Кежек» «Ақши» совхозына айналды. Бөлімше кезіндегі Нұра, Қарашың, Сарша, ауыл басындағы қыстақ - бәрі де мал өсіретін, бордақылайтын орынға айналды. Негізі бағыты мал шаруашылығы, ет өндіру, өткізу болса да, біз ұйымшыл ұжымның ерен еңбегінің арқасында егін ектік, бітік егіннің мал өнімін алдық, мемлекетке өткіздік. Сөйтіп, «Орджоникидзенің» бөлімшесі «Кежектің» екінші тынысы осылай ашылған еді.

Бұл шағын еңбекте көптеген мәселені тұтастай қамтып, ортаға салуға ешқандай мүмкіндік жоқ екені белгілі. Себебі, «Орджоникидзе» атындағы совхоздың құрылғанына 60 жыл толуына арнап шығарылатын кітаптың көлемі, біріншіден, мол материалды көтермейді, екіншіден, ол кітап 1974 жылдың соңында арнайы шешім шығып, совхоз боп құрылған «Ақшиге» арналып тұрған жоқ қой. Бұларды да еске алу керек. Солай бола тұрса, ықшамдап жазуға тура келді.

Біріншіден, мен кеңінен болмаса да көбірек айтуға тырысқан «Ақши» совхозы «Орджоникидзе» атындағы совхоздың, № 6 «Кежек» бөлімшесі еді. Ендеше, совхоз тақыр жерге орнаған жоқ, белгілі бір дәрежеде қалыптасқан ұжымға арқа сүйеді. Сондықтан да «Кежек» бөлімшесінің еңбеккерлері жаңа құрылған совхозға өз еңбектерімен үлес қосып, жарқын да жасампаз еңбектің үлгісін көрсетті. Оны ешуақытта жоққа шығаруға болмайды.

Екіншіден, жергілікті тұрғындар да, сырттан келген маман, құрылысшы, жұмысшылар да совхоз ашылғандағы аса қиын, қарбалас та қауырт істерге куә болды. Директор ретінде мені түсінді, шама - шарқылары келгенше, адал еңбек етті. Бірден айтайық, мұндай жағдайлар жалғыз «Кежек», «Ақшиде» емес, совхоз ашылған көп жерлерде де болды ғой, ендеше, сол еңбек еткен, көзге түскен жандарға барлық еңбеккерлерге деген құрмет деп есептеуіміз керек.

Үшіншіден, «Ақши» совхозының тарихы белгілі бір дәрежеде кешегі «Кежектің» де тарихына жатады. Шартты түрде бөлімше, совхоз деп атағанымыз болмаса, бұларды бір - бірінен жеке - дара, оқшау қарастыру да бәлендей дұрыс шешімге жата қоймас.

Ауыл шаруашылығынан хабары бар адамдар жақсы біледі, жаңадан ашылған совхоздың ұйымдастырылуында өте күрделі жұмыстар тұрады. Сондықтан да «Кежектін» тарихына жалғас қой деп соларға тоқталғанды дұрыс деп есептеймін.

Бірден айтайын, совхоз құрылып, толықтай қалпына келгенше айрықша қамқорлық көрсеткендерге, Шет аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы К. Дүйсенбековті жатқызар ем. Ол кісі «Ақшиге» кеп, мән - жағдаймен танысып, қона жатқан да кездері болды. Аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Е.Сембинді, аупарткомның екінші хатшысы Н.Станинді, аудандық Совет атқару комитетінің төрағасы В. Кондраковты т. б. азаматтарды ерекше айтқым келеді. Бір кездері біздің өңірден облыстық Советке депутат болып, облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі Қ. Шыңғысов түсті. Бір кісідей дауыс бердік. Өтінішімізді де айттық. Салынған ғимараттар, мектеп ашуға жәрдемі керек еді. Мектеп те ашылды. Директор т.б. кадрлармен қамтамасыз етуге аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі К. Әбілдин көп көмек көрсетті. Қазір көп нәрсені біле бермейтін кейбір адамдар үшін совхоздың ашылуы, өнім өндіру, мал басын көбейту, бордақылау, өткізу, үй, мектеп т.б. нысандарды салу оп-оңай шешілген сияқты көрінеді. Әр үй үшін, совхоздың бас даму жоспарын жасап, бекіттіру үшін, техника т.
б. алу үшін қаншалықты дәрежеде еңбек сіңіргеніміз, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалғанымыз қазірдегі тірі, көне көз қарияларға мәлім. Совхоздың бас даму жоспарын бекіту үшін Жезқазған, Балқашқа талай рет баруыма тура келді. Облыстық мал бордақылау және өнім өткізу тресімен, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасымен т. б. құзырлы мекемелермен келісу, көптеген мекемелермен жағдайды айтып келісу, біразымен таныстығымызды пайдаланып, шаруаларымызды шешу т. б. шараларға көп күш-қуат жұмсауға тура келді. Тіпті директор бола тұра, машина жоқ болғандықтан, жаяу да жүрген кездерім болды. Совхоздың шаруасымен барған кездерімде кейбір басшылармен бірде ресми, бірде өзімсініп, бірде қатқыл, осының бәрін өз басым үшін емес, шаруашылық үшін сұрап отырмын ғой деп сөйлесуіме де тура келді. Обалы не керек, көптеген азаматтар түсіністікпен қарады, мүмкіндіктеріне орай, көмек беруге тырысты. Жезқазған облысында ондай мекеме жоқ болғандықтан, Қарағандыдағы гипроземмен келісіп, одан А. Агеев деген маман келіп, салынатын үйлер, әкімшілік кеңсесі, мәдениет, медицина, мектеп үйлері, мал қораларын салу жоспарын бізбен келісе отырып жасады. Трест басшысы Т.Рахметовпен, тиісті бөлімдермен қоян - қолтық жұмыс істедік. Қарағанды, Балқашты айтпай - ақ қояйын, облыс орталығы Жезқазғанға қанша рет барғанымды айтпасам да, әр барған сайын құрылыс жұмысы, материал, жанар - жағар май, ақша мәселесі, техника т. б. шаруалар үшін өтініш айту, сұрау кейде тату, кейде қату сөйлесу, т. с. болғанын өмірімдегі ең бір маңызды, жауапты сәттер болғандықтан айтып отырмын. Жарықта орналасқан «Сельхозтехника» мекемесінің басшысы Т. Мұстафин техника, автокөлікпен көмектесті. Балқашта жерлесіміз, жаңашыр азамат Қ.Томпиев бір - бір жарым жыл ішінде жасалатын бас даму жоспарының тез

бітуіне көп жәрдемін тигізді. Мамыр, маусым айларында бір мыңнан астам мал сатып алынды. Жайлауын белгілеп, қыстақтарының талапқа сай болуы үшін жұмыс істедік. Жезқазған облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетіне талай рет барып, күш салудың нәтижесінде «Балхашсельстрой»тресі құрамындағы ПМК - 1002 мекемесі «Ақшиде» құрылыс жүргізуді қызу түрде бастады. Аз уақыт ішінде олар 17 екі пәтерлі үй салды, совхоз да өз күшімен 3 екі пәтерлі үй және кеңсе салып алды. Машина, техника үшін арнайы орын, цехтар салынды. Қарқынды еңбектің арқасында ірі қараны бордақылп, Жезқазған, Қарағандыға етке өткіздік. Жақсы нәтижеге қол жетті. Еккен егінімізді «Сельхозтехника» мекемесінен алған 2 жаңа комбайн, Талды мен Нуралдыдан алған бір-бір комбайн, барлығы төрт комбайнмен ордық. Үздік өнім алдық. Сол тұста жаңа оқу жылының басталуының жақсы шара қып өткіздік. Жалпы совхозда құрылыс ісіне көп жәрдмі тиген М. Сейфуллинді ерекше атап өткім келеді.

Облыстық атқару комитетінің төрағасы Х.Жұмабековпен, ол кісінің шақыруымен бас қосуға келген С.Әменовпен кездескенім, құрылыс, әсіресе совхозда мектеп салу туралы келіскенім - бәрі де есте қалыпты. Хамзекең айтқандай, ол кезде типтік мектептер көп шаруашылықтарда жоқ-тын, сондықтан мектеп салу да басқаша тәсілменен жүзеге асты. Жезқазған шалғай болғандықтан, құрылыстың кейбір мәселелерін біз Қарағандыдағы тиісті органдар арқылы өтініш айта жүріп, шешетінбіз. Ол азаматтарға да алғысым шексіз. Маңызды шаруаға жататын мектеп те ашылды. Ауыл халқы үшін ол үлкен қуаныш болды. Балқаш қаласынан базистік магазиндегі тауарлардан мектепке материалдық -техникалық базасын нығайту үшін керекті құралдарды алдыртып тегін, мектепке автомобиль бергіздік.

Жоғарыда айтқандай, барлық жайтты қамту шағын дүниеде мүмкін емес болғандықтан, өзім үшін өзіммен бірге қызмет еткен азаматтар үшін үлкен бір өмір белесі болған бұрыңғы - «Кежек», кейінгі «Ақши» шаруашылығына қатысты ой -толғамның бір үзігі осындай еді.

**Рақымжанұлы Төлеуқадыр**
**(1934)**



Рақымжанұлы Төлеуқадыр, 1934 жылы Алматы облысы, Кеген ауданында дүниеге келген. Отбасында екі ұл, алты қыз тәрбиеленген.

Үлкен ұлы Рақымжанов Тлеуғабыл, 1955 жылы туған, білімі жоғары, атағы: «Кәсіптік-техникалық білім беру үздігі»төс белгісімен марапатталған.

1972 жылы әскер қатарына алынып, Отан алдындағы борышын өтеп келген соң, кәсіптік-техникалық білім беру саласында көптеген жылдар бойы ұстаз, бас маманы болып қызмет атқарды.

1984 жылдан «Просторненский» асыл-тұқымды зауытына қарасты №174 Шет ауданы, кәсіптік-техникалық училище филиалын басқарды.

Кіші ұлы Рақымжан Байқабыл, 1982 жылы туған, 2 жоғары білімі бар. Еңбек жолын 2004 жылдан ұялы байланыс саласында инженерлік қызметін атқарды. 2010 жылдан Қарағанды облысы бойынша осы салада филиалдың техникалық бөлім басшысы қызметінде.

Қыз балалары орта, жоғары білім алып, әр салада еңбек етуде.

Рақымжанұлы Төлеуқадыр, 1954 жылы Талғар ауыл-шаруашылық техникумын аяқтап, тың игеру жолдамасымен Қарағанды облысы, Шет ауданы, Орджоникидзе колхозына агроном мамандығы бойынша орналасқан. Колхоз басшысы Хайдаров Жақып болатын.

Осы уақытта, Украинадан тыңға келген Н.Н.Скориктің №3 комсомол-жастар бригадасы құрылды. Ауыл еңбеккерлері Жалмағанбетов Түсіп, Исатаев Жұмке, Қылышбеков Әбдіхалықтардың тәжірибесі жастардың қызу еңбекке кірісуіне ықпал етті.

20 жастағы Р. Төлеуқадыр ауыл азаматтары: Маханбетчин Алпысбай, Исатаев Серік, Әлғожин Серік, механизаторлар Әйменбетов Елемес, Ахметов Шойман, Әрінов Әжібек, мұғалім Бөкебаев Болтайбектермен қоян-қолтық араласып, еңбек жолына осы ауылда бастау алған еді. Көптеген, жас механизаторларды егін-шаруашылық жұмыстарына тәрбиелеп, еңбектерін шыңдады.

1956 жылдың көктемінде, аудан басшыларының шешімімен «Қараөзек» участогіндегі 3000 гектар тың жерді игеруге егін-шаруашылығының маманы есебінде жіберілді. Игерілген жер Карл Маркс, Жамбыл колхоздарына тиесілі еді.

1958жылғы аудандық комсомол комитетінің конференциясында егін шаруашылығындағы еңбектері бағаланып, екінші (II) хатшылыққа сайланды.

1960 жылы аудан бойынша колхоздар тарап, совхоздар ұйымдаса бастады. Соның бірі, Орджоникидзе совхозына (басшы болып) директорлыққа Рақышев Серік тағайындалды.

Республикада Тарбағатайлықтар бастамасы бойынша, біздің аудан да, аудан жастарынан «Ақсу» фермасын ұйымдастыруға Т. Рақымжанұлын басшы етіп жіберді. Бірақ қолдау таппай, совхоз фермасы ретінде бұрынғы колхоздың мал және егін шаруашылық аймағында жұмыстарын жалғастырды. Фермаға 1000-нан аса ірі-қара малы бар, 6 қыстақ, 4000-ға тарта егін-жайы бар егіс көлемі қабылданды.

Ауыл ақсақалдары Қаратөбелов Қаби, Әбдібеков Қабдолла, Ахметжанов Сәмиғолла, Жақсыбеков Мұсалар мал-шаруашылығының өркендеуіне үлестерін қосты. Сол сияқты, трактор егіс бригадасы ұйымдастырылып, басшылығына Холод Иван, кейінде Ордабаев Чкалдар келді. -Механизаторлар: Жұқанов Сәби, Жұмабаев Аманкелді, Қосыбаев Аманғалы, Байжанов Серік, Бопанов Шәкәрім, Иосиф Чигирь болып қалыптасты. Бұлардан басқа да, ауыл азаматтары: бухгалтер Түсіпбаев Нұрғали, мұғалім Нұрмұқанов Төлеутай, жүргізуші Оразалин Ғалымдар, ауыл тұрмыс-тіршілігіне ақыл-кеңестерін беріп отырды.

Ферма шаруашылығы жыл сайын белгілі дәрежеде жетістіктерге жетті.

1963 жылы жұмыс ұйымдастыру тәжірибесі мақсатында совхоздың №2 «Нұра» фермасына ауыстырылды. Кейінгі жылдары «Кеншоқы» совхозының ұйымдасуына байланысты көп жылдар бойы ферма меңгерушілігінде қызмет атқарды.

1995 жылдан «Просторненский» асыл-тұқымды зауытында совхоз директорының орынбасары қызметін атқарып, зейнеткерлік демалысқа шықты.

Рақымжанұлы Төлеуқадыр, тыңға жолдамамен келіп, тың игеруге қатынасудағы ерен еңбектері ескеріліп, алғашқы бесжылдықта, кейін, «50 лет Целине», «Тыңға 25 жыл», «Еңбек ардагері», ВЦСПС-тің «За активную работу профсоюза», «Жеңіске 75жыл» медальдары, сонымен қатар, көптеген грамоталар, алғыс хаттармен марапатталды.

Отбасында екі ұл, алты қыз тәрбиеленген.

Үлкен ұлы Рақымжанов Тлеуғабыл, 1955 жылы туған, білімі жоғары, атағы: «Кәсіптік-техникалық білім беру үздігі» төс белгісімен марапатталған. 1972 жылы әскер қатарына алынып, Отан алдындағы борышын өтеп келген соң, кәсіптік-техникалық білім беру саласында көптеген жылдар бойы ұстаз, бас маманы болып қызмет атқарды.

1984 жылдан «Просторненский» асыл-тұқымды зауытына қарасты №174 Шет ауданы, кәсіптік-техникалық училище филиалын басқарды.

Кіші ұлы Рақымжан Байқабыл, 1982 жылы туған, 2 жоғары білімі бар.

Еңбек жолын 2004 жылдан ұялы байланыс саласында инженерлік қызметін атқарды. 2010 жылдан Қарағанды облысы бойынша осы сала-

да филиалдың техникалық бөлім басшысы қызметінде. Қыз балалары орта, жоғары білім алып, әр салада еңбек етуде.

## «АҚТӨБЕ» КОЛХОЗЫ ТУРАЛЫ 83 ЖАСҚА ЖЕТКЕН САРҚЫТ АПАЙДЫҢ ЕСТЕЛІКТЕРІ



1938 жылы Үкіметтің қаулысымен маңайдағы ұсақ елді-мекендерде тұрған тұрғындардан Ақтөбе колхозы құрылыпты. Алғашқы колхоз басқарушысы Жұмабеков Әбдіразақ, селолық советтің төрағасы Төкенов Әлмен болып тағайындалыпты. Алғашқы мұғалім Кернебеков Қойбағар. Колхоздың қазығын қаққан алғашқы еңбеккерлері:

1. Бұланбеков Жайлаубай, Бұланбеков Исабек, Бұланбеков Оңайбек, Бұланбеков Қиымбек.

2. Қымызбаев Рашид, Қыздарбеков Бәкір, Аринов Төлеу, Аринов Жұмабай.

3. Құлыбеков Нұрғали, Құлыбеков Дүйсек.

4. Бахин Тырна, Байтанов Неспай, Байтанов Жиренбай, Байтанов Мейрамбай, Бахин Тәтіхан, Бахин Ақтай.

5. Кернебеков Қойбағар, Кернейбеков Манап, Үкенов Кәрім, Айтбаев Серік.

6. Әділова Мәрия, Мешелова Бикен және Елкен, Әділова Айша, Сабалақов Нұрғали, Сабалақов Санабай, Нұржанова Қамила, Құдабаев Омаш.

7. Жиенбаев Нұржан, Нұржанов Сармес, Нұржанов Әскербай, Нұржанова Тишбала, Нұржанова Несіпбала.

8. Жұмабеков Пәни, Жұмабеков Ағұл, Жұмабеков Әшім, Жұмабеков Әбдіразақ, Әбдіразақов Әли.

9. Бәймішев Темірбек, Темірбеков Алдаберген, Темірбеков Тұрар.

10. Қылышбеков Қали, Қылышбеков Көкен, Қылышбеков Әбдіғалық, Қылышбеков Әлім, Қылышбеков Әділ, Қалиев Сәден.

11. Тәжен, Әбеу, Сағындық.

12. Төкенов Әлмен, Төкенов Дәрмен, Төкенов Нұркеш, Дәрменов Тишмағанбет (осы әулеттің анасы Төкенова Мәрия жеке ауылда отырғанда қораға түскен қасқырды ұстап, соғып алғаны ел ауызында тараған әңгіме болған)

13. Каубай, Каубаев Аман.

14. Асылханов Смағұл, Асылханов Әбдіғұл.

15. Шәпенов Рахым, Шәпенов Әбжан, Шәпенов Әбдікәрім.

**1941-1943 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА СОҒЫСҚА КЕТКЕНДЕР:**

1. Асылханов Смағұл
2. Төкенов Әлмен
3. Төкенов Дәрмен
4. Төкенов Нұркеш
5. Дәрменов Тишмағанбет
6. Әбеу
7. Қылышбеков Көкен
8. Қылышбеков Әбдіғалық
9. Қылышбеков Әлім
10. Нұржанов Сармес
11. Жұмабеков Пәни
12. Жұмабеков Ағұл
13. Жұмабеков Әшім
14. Сабалақов Нұрғали
15. Сабалақов Санабай
16. Құдабаев Омаш
17. Бахин Тырна
18. Байтанов Неспай
19. Шәпенов Әбжан

**СОҒЫСТАН ОРАЛҒАНДАР:**

1. Асылханов Смағұл
2. Бахин Тырна
3. Жұмабеков Пәни
4. Қылышбеков Әбдіғалық
5. Төкенов Нұркеш
6. Дәрменов Тишмағанбет
7. Жұмабеков Ағұл

**ЕҢБЕК МАЙДАНЫНА БАРҒАНДАР:**

1. Бұланбеков Исабек
2. Қылышбеков Әділ
3. Байтанов Жиренбай

**КОЛХОЗ БАСҚАРҒАНДАР:**

1. Жұмабеков Әбдіразақ
2. Нұғманов Қасым
3. Асылханов Смағұл (1944-1947 жылдары Игілік колхозында басқарма болды, 1947-1949 жылдары Ақтөбе колхозын басқарды.)

1950 жылы ұсақ колхоздарды ірілетіп, төрт колхозды бір колхозға біріктірді. Олар: Игілік, Беталыс, Ақтөбе, Орджоникидзе атындағы. Колхоздың атауы Орджоникидзе атындағы, орталығы Ақтөбе болды. Орджоникидзе атындағы колхоздың бірінші басшысы Төкенов Жұмабай, одан кейінгілері: Арыстанбеков Рахым, Бурнаев Қаппар, Қайдаров, Тәкішев Жұматай. Басқарма орынбасарлары: Асылханов Смағұл, Жармағанбетов Түсіп, Бакиров Қасым. Ферма меңгерушілері: Бахин Тырна, Асылханов Смағұл.

Ақтөбе колхозы ұйымдасқаннан бастап 1950 жылға дейінгі аралықта ішкі шаруашылықты баскарған Бұланбеков Қыстаубай, 1950 жылдан 1962 жылдары аралығында бұл жұмысты атқарған Қылышбеков Әбдіғалық болды. 1958 жылдан 1961 жылы колхоз тараганша басқарма болған Тәкішев Жұматай, механик, зав. гар. болған Жетпісбаев Сатыбалды. 1950-1961 жылдар аралығында бухгалтер-кассир болғандар: Әйешев, Байжұманов, Қыстаубаев Әбжан, Исатаев Серік, Әбдіразақов Әли. Қымызбаев Рашид 1938 жылдан еңбек зейнеткерлікке шыққанша шаруашылықтың әр саласында еңбек еткен: қыста ұста болып, жазда шөп шауып, егін еккен. Мешелова Бикен, Нұржанова Қамила Рашидпен бірге жұмыс атқарып, 1947 жылы әр колхоздан күш жинап салынған Манаха тоғанына атсалысқан колхозшылар.

1961 жылы колхоз совхоз болып қайта құрылып, 4 бөлімшеге бөлінді: Ақсу, Ақтөбе, Қайрақты, Еңбекшіл. Совхоз орталығы аудан орталығына көшіріліп, Орджоникидзе атындағы болып аталды. 2-бөлімшенің орталығы Ақтөбе болып қалды. Совхоздың бірінші директоры Рақышев, бас бухгалтері Нұраталды совхозынан арнайы шақыртылған Маграмов Шайкен болды.

Ақтөбе бөлімшесінің басқарушылары: Махамбетчин Алпысбай мен Скорик. 1964 жылдан 1973 жылға дейін басқарушы болған Ибраев Жәкеннің бөлімшеге сіңірген еңбегі зор болды. Одан кейінгілері: Игісінов Сарсенбай, Омарбеков Кәріп, Қасымов Сапар, Мұхтаров Сайлау. Осы уакыт аралығында Іргебаев Төлеутай трактор бригадирі, Сүйірбаев Ырысбай механик-тракторист, ішкі шаруа меңгерушісі Бакиров Қасым, Шоқабаев Серік болды. 1976-1977 жылдары Тасқын бригадасы құрылып, бригада басқарушысы Әрінов Әжібек (Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы ордендерінің иегері) болды. Сонымен қоса, сүт өндіретін Аққу бригадасы құрылды. Басқарушысы Рысқұлов Аман болып тағайындалды. Еңбек үздіктері: аға малшы Есмахаев Жылдыбай, аға малшы Смагулов Жапау, Смагулова Тиыштық, Қабилдина Даметкен, Іргебаев Төлеутай (тың иегері, Достық медаль иегері), Сүйірбаев Ырысбай (тың иегері, Достық медаль иегері), озат сауыншылар: Досанова Бахыт (коммунист, селолық советтің депутаты), Сүйірбаева Бота (аудандық совет депутаты), Бакирова Тлеужан, Нұрғалиева Тлеухан.

1961-1995 жылдардағы совхоз бухгалтерлері: Қыстаубаев Әбжан,

Байжұманов Сабыртай, Ынтықбек, Асылбеков Ғарифолла, Жағыппаров Жанат.

Агрономдар: Сакенов Керім, Құлшықев Әміржан.

Зоотехник: Құсаинов Иманқұл, Окапов Мәжен, Жағыппаров Қанат, Тұрсын, Іилясов Сағат.

Мал дәрігерлері: Омарбеков Кәріп, Махамбетчин Ерғазы.

Мәдениет қызметкерлері: кітапханашы Нұркешова Бану, клуб меңгерушісі Мешелова Сарқыт. Мәдениет үйінде жеке кино аппараты болып, киномеханик Искаков Карбоз болды. 1959-1994 жылдар аралығында ауыл «Көркем өнерпаздары» үйірмесі тоқтаусыз жұмыс істеп тұрды. Оған қатысушылар: Қыстаубаев Әбжан, Рашитов Амантай, Аринов Әжібек, Асылбеков Ғарифолла, Бакирова Тлеужан, Қабилдина Даметкен, Құлшықев Әміржан, Жағыппаров Жанат және ауыл жастары мен бастауыш мектеп коллективі. Ауыл жастарының ішінде ерекше көзге түсіп аудан бойынша аты шыққан Омаров Өмірзақ. Клуб меңгерушісі Мешелова Сарқыттың басқаруымен көршілес бөлімшелерге үйірме жылына 2-3 реттен концерт қойып отырды және аудандық, совхоз аралық байқауларға қатысып жүлделі орындарға ие болып жүрді. Сонын бірі, алғашқы наурызда Ақтөбе бөлімшесінің «Көркем өнерпаздар» үйірмесі аудан бойынша 1-орынды иемденді. Атап айтқанда, Қабилдина Даметкен күресте 1-орын, «Ақ әже» ансамбль мүшелері Бакирова Тлеужан, Қабилдина Даметкен және Құлшықев Әміржан, Жағыппаров Жанат, сол кездегі мед. пункт меңгерушісі Жетпісбаева Айгүл заттай сыйлықтар пен грамоталармен марапатталды.

Тәуелсіздік жылдары Ақтөбе ауылының азаматтары жеке шаруа қожалықтарын құрып, шаруаларын дөңгелетіп, мал басын көбейтіп, өнімдерін аудан тұрғындарына және Қарағанды қаласына саудалап, пайдасын көруде.



**Жақсыбеков Сәтберген**
**(1944-1994)**

Жақсыбеков Сәтберген маусым айының 20 жұлдызында 1944 жылы Шет ауданы Ақсу-Аюлы мекенінде дүниеге келген. 1961 жылы Шет ауданындағы Ы. Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебін бітірген соң, №174 Кеншоқы ауыл шаруашылық училищесінде 1963 жылдың тамыз айына дейін курсанттарды техникамен жүргізуге жаттықтыру шебері болып жұмыс істеді. 1963 жылы Алматы Зооветеринарлық институтына түсіп, сол жылы совет армиясы қатарына алынды. Әскер қатарын өтеп келген соң, өзінің алғашқы түскен оқуын

қайта жалғастырып, 1971 жылдың сәуір айында «Ғалым зоотехник» деген мамандық бойынша бітіріп шықты. Сәтберген алғашқы еңбек жолын 1971 жылы Орджоникидзе совхозының Ақсу бөлімшесінде Зоотехник қызметінен бастап, фермада мал басын өсіру және сүт жоспарын орындауда, айырықша еңбек етіп, аудан және совхоз басшыларының қызметтегі еңбегін жоғары бағалап, 1972 жылдың маусым айынан 1973 жылдың мамыр айына дейін Шет аудандық ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, оның сапасын жақсарту мекемесінде мемлекеттік инспектор 1973 -1974 жылдары Шет ауданы дайындау мекемесінің директоры, 1974-1975 жылдары Бұрма совхозының бас зоотехнигі, 1975-1977 жылдары Шет аудандық ауылшаруашылық басқармасының бас зоотехнигі, 1977-1978 жылдар аралығында Талды мал бордақылау совхозында бас зоотехник, 1978 жылдан бастап Ақтоғай ауданының Ақши және Еңбек совхозының директоры болып, қызмет істеді. Сәтберген Еңбек совхозына директор болып барғанында жұмыстарды тізбектеп жазбайық, жапан далада бірде - бір құрылыс жүргізілмеген жерде тұрып, үй салу, мәдени орталықтарын және мектеп, медпункт, тағы басқа көтерме жол салынды. Совхоз орталығына автобус қатынасы қолға алып, Еңбек совхозы орталығы бой көтерді. Экономикасының артуына, совхоздың партия совет профсоюз комитетінің қызметкерлері аянбай еңбек етті. Сонымен қатар совхоз еңбеккерлерінің жұмысы жолға қойылып, олардың еңбекке деген құлшынысы арттыруға мұрындық болды. Сиыр 2700 ден 4000 бас, жылқы 475-800 басқа жетті. Етке өткізілген ірі қараның орташа салмағы сиыр 400 кг жылқы 350кг жетті. Сонымен қатар егін шаруашылығы 4000 мың гектарға жетті. Әр гектарынан 9 центнерден өнім алынып, аудан бойынша бірінші қатардағы шаруашылық болды. 1993 жылы Шет ауданының ауылшаруашылық басқармасының жетекші экономисі және «Арқа» қожалық ассоциациясында төраға болып өмірінің соңғы күндерін дейін қызмет атқарды. Қызмет істеген уақытында Ақтоғай ауданындағы пленум мүшесі, селолық совет депутаты, аудандық кәсіподақ комитетінің мүшесі, 1985 жылы «Заосвоение целинныхземель» медалімен марапатталған. Өзіне жүктелген жұмыс ауқымын қатаң ұстау қабі-. леті бар екендігін көрсетіп, іскерлігін танытты. Жұмыстың қай саласы болсын тез меңгере білді. Алайда ішіндегісін жасармай бетке айтатын мінезі бар еді. Өмірінің қамшының сабындай қысқа уақытта Шет және Ақтоғай аудандарының азаматтары оның адамгершілік қасиетін үлкенге аға, кішіге ілтипатпен қарайтын азаматты бүгінгі күнге дейін ел аузында. Жолдасы Бану Әлдубайқызымен отасып, дүниеге 5 баланы әкеліп, тәрбиелеп өсірді. Балаларының барлығы жоғары оқу орнын аяқтап, қызмет бабында, өз отбасыларын құрып, немере-шөберелері ержетіп қалды.

# III БӨЛІМ

## Шет аудандық МЖС, МТС, РТС және Орджоникидзе атындағы совхозы туралы мұрағаттық деректер

## ШЕТ МТС АЛҒАШҚЫ ҰЙМДАСТЫРУШЫЛАРЫ



Нақыпов Алтыбай Мойынты болысының 4 ауылында 1892 жылы дүниеге келген Шет өңірінің алғашқы коммунистерінің бірі. Шет ауданының іргe тасын қалауға атсалысып аянбай еңбек еткен. Колхоз құрлысының көрнекті өкілі. Шет өңірінде 1920 жылдардың басында бірінші болып құрылған Бозшакөл ұйымында, кейінен Ленин атындағы қоғамда жұмыс істеп, ауыл жастарының басшысы болып халқына адал қызмет еткен. Бұл қоғамда жұмсышы бірігіп атқаратын да өнім өзара бөлісіп алатын. Кейін ол Серіктестікке (ТОЗ) айналды, әрі қарай колхоз болып ұйымдасты.

Жаппай колхоздастыру басталған 1930 жылы кедей шаруалардың көпшілігі колхозға кіріді. Кейіннен көсем есіміндегі осы қоғам негізінде Ленин атындағы колхоз құрылып, одан соң ол Шет совхозына қосылды. Колхоздың орталығы Айғыржал ауылы болған.

Осы қоғамның алғашқыда 3 адамнан құрылған партия ұйымының хатышысы аты Шет ауданына мәшһүр Дәлмағанбетов Тұңғышбек әкеміздің естелігін келтіре кетейін: «Кеңес өкіметі тұсында көзі ашылып, бағы жанған бұрынғы Сарысу жұмыскері Алтыбай Нақыпов көптеген әлеуметтік жұмыстарға белсене ат салысты: алғаш ауылдық Кеңестің төрағасы, кейіннен Шет МТС директоры, колхоз председателі, бұдан соң аудандық Кеңес атқару комитеті преседателінің орынбасары болды. Сол кездегі қазақ халқының басына түскен ауыртпашылығына қарамай, Алтыбай партиялық жұмыстарға белсене қатысып, ауданның экономикасының өрге бастыру жолындағы күрестің алдынғы шебінде болды» - деген еді 72 жастағы қарт коммунист 1966 жылы.

Алтыбай әкеміз 1937 жылы Алматы қаласында партия мектебін бітірген.

1939-1947 жылдары Сарысуда Шет МТС -нің директоры болған. Аудандағы алғашқы тракторлар (ХТЗ, У-2, НАТИ, С-80, ДТ-54 т. б) колхоз-совхоз шаруашылықтарында пайдалану Шет МТС-нің тікелей көмегі арқылы жүргізілген. Осы кәсіпорында сол кезде бас агроном болып аты арқаға айғақ Социалистік Еңбек Ері Байғабылов Хайролла ағамыз қызмет істеген. Соғыстан кейін 1947 жылы МТС-ны Осакаров ауданының «Батпақ» елді мекеніне көшіреді.

Сол жерде, мекемеде МТС-та Х. Байғабылов директор болып табысты еңбек етіп, жоғардағы атақты алған. Кейінен Хайрекең 1964-1966 жылдары Шет ауданының ауыл шаруашылық басқармасын басқарды.

Алтыбай әкей 1948-1956 жылдары Шет аупарткомының екінші хатшысы, 1982 жылдан Ленин атындағы колхоздың басқармасы, Тағылы ауылдық кеңестік төрағасы қызметтерін абыроймен атқарып 1974 жылы 82 жасында өмірден өтті.



Кәзіргі бақытты ұрпақ сонау қиын-қыстау заманында өмірден өткен аға ұрпақтың игі істерін жадында ұстап, одан әрі жалғастырып, олардың салып кеткен сара жолынан табан аудармай еліміздің алға қарай қарыштап дамуына қалтықсыз еңбек етеді деген сенімдеміз.

Ауданның ауыл шарушылық саласының дамуына ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға сүбелі үлесін қосқан өмірден өткен Алтыбай, Тұңғышбек, Хайролла әкелеріміздің жатқан жері мамық, топырағы торқа болып, рухтары пейіште шалқысын.

## АВТОБИОГРАФИЯ ДЖУКЕНОВА ЕРМУХАММЕТА ДИРЕКТОР ШЕТСКОЙ МЖС (1951-1954)



Джукенов Ермухаммет родился 25 апреля в 1906 году в ауле № 6 Тельманского района Карагандинской области, член партии с 1931 года.

Трудовую деятельность начал в 1927 году в с. Май-Узек Карагандинской области в должности Народного суда. В 1930 году окончил курсы бухгалтеров в городе Акмолинске.

С 1930 г. по 1932 г. находился на счетной работе в Тельманском районе.

В 1935 году окончил Акмолинскую ВКСХШ ( Высшая коммунистическая сельскохозяйственная школа), в 1943 году - курсы при ЦККП переподготовки партработников в городе Алма-Ате.

С 1935 года по 1947 год Джукенов Ермухаммет работал на партийной работе: в Северо - Казахстанской и Кокчетавской областях: заместитель директора по политической части Булаевской МТС, ответственный редактор газеты «Социалды Енбек», заместитель начальника политотдела зерносовхоза им. Кирова, секретарь по кадрам Бейнет-

корского райкома партии, второй секретарь Енбекшилдерского райкома партии, заведующий кадрами Енбекшилдерского райпотребсоюза.

1948 - 1951годах работал на партийных должностях в Нуринском и Тельманском районе Карагандинской области.

Постановлением бюро Карагандинского обкома партии от 06 февраля 1951 года Джукенов Ермухаммет назначен директором вновь организуемой Шетскоймашинно - животноводческой станции (МЖС), в которой проработал по 1954 год.

1954 по 1971 годы работал на разных пратйно - хозяйственных работах области.

В представлениях и характеристиках секретарей Карагандинского Обкома партии К. Карибжанова, А. Абабкова, секретаря Осакаровского райкома партии П. Хлебова - ДжукеноваЕрмухаммета характеризовали как политически грамотного и требовательного руководителя, который пользовался авторитетом и уважением среди своих коллег и подчиненных.

Награжден медалью «За трудовую доблесть», «За доблестный труд». Являлся пенсионером Республиканского значения.

ДжукеновЕрмухаммет имел четверых детей: сын - Джукенов Кани, 1928 года рождения, проработал в Шетской МЖС, в с. Новая Дубовка механиком, умер в 1997 году; дочь - Джукенова Рая, 1940 года рождения, проработала в системе торговли заведующей магазином в городе Абай, умерла в 2009 году; дочь - Джукенова Рауза, 1945года рождения, проработала в системе комбината бытового обслуживания, умерла 2000 году; сын - Джукенов Мэлс, 1946 года рождения, проработал в системе Карагандинского ревизионного управления, умер в 1983 году.

У ДжукеновКаниЕрмухамметовича - 5 детей: ДжукеноваАлма Каниевна работает в системе государственной службы, ГУ «Аппарат акима района имени Казыбек би города Караганды», кадровая служба.

Джукенова Жанна Каниевна работает главным бухгалтером в КГКП «Карагандинский государственный ордена Дружбы народов русский драматический театр имени К. С. Станиславского».

Джукенов Максат Каниевич работает охранником, фирма «2050».

Джукенов Ардак Каниевич работает экономистом, ТОО « База цветов».

У Джукеновой Раи Ермухамметовны- 3 детей: сын - Жакенов Габит-Халитович проработал в железнодорожной системе, в настоящее время на пенсии, сын - Жакенов Сабит Халитович трагически погиб в 1994 году.

Дочь - Аринова Дина Халитовна проработала в уголовно исполнительской системе, в должности начальника медицинской службы, подполковник медицинской службы.

У Джукеновй Раузы Ермухамметовны один сын, Мухамедияров Ра-

хат Амангельдинович, фермер.

У Джукенова Мэлса Ермухамметовича - 5 детей: Джукенова Салтанат Мэлсовна работает в г. Астане, налоговый работник; Джукенов Болат-Мэлсович - инженер строитель в г. Караганде; Джукенова Салтанат Мэлсовна - врач, работает в Судмедэкспертизе в г. Караганде; Джукенова Айсулу Мэлсовна - индивидуальный предприниматель в г. Караганде.

У Джукенова Болата Мэлсовича - двое детей: сын - Джукенов Жанибек Болатович, студент Карагандинского технического университета, Джукенов Алихан Болатович - учащайся 10 класса.

**Джукенова Алма Каниевна**
*г. Караганда 09. 2021год*

## Тұрғанбаев Ерденбай
## (1910-1989)



1910 жылы Арқа жерінде Сарысу ауданының 4 - ауылында дүниеге келген. 1923 жылы ауылда оқып, оны Түркістан қаласында жалғастырған. 1931 жылы Ташкентте жұмысшылар факультетін бітірген соң Ленинград индустрия институтын 1938 жылы инженер-механик факультетін бітіріп, металдарды суытылған тәсілдермен өңдеу мамандығын алады. 1938-1939 жылдары Шымкент қорғасын зауытында инженер, 1939 жылдары Алматы механикалық заводында шебер болады.

1940-1942 жылдар Қарағанды тау-кен металлургия институтында ғылыми қызметкер.

1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысады. Неміс басқыншыларына қарсы көрсеткен майдандағы ерлігі үшін Тұрғанбаев Ерденбай Қызыл Жұлдыз орденімен награтталды. Соғыстан кейін, бейбіт өмірде 1946-1947 жылдары Қарағанды қаласында Порхоменко атындағы заводта механикаландыру цех бастығының орынбасары болып еңбек етеді.

1948-1954 жылдары осы заводтың бастығы, партия ұйымының хатшысы қызметін атқарған.

1955-1958 жылдары Қарағанды облпаркомының шешімімен Шет аудандық МТС директорына тағайындалады. Тап осы тұста МТС бұрынғы Қайрақты ауылынан жаңа орынға аудан орталығына көшкен болатын.

Шет ауданының экономикасы мен техникалық базасын көтеруге іскер басшы, тәжірибиесі мол Ердекең аянбая еңбек етіп, ауданның жастарын техниканың тілін біліп, тиімді пайдаланып, колхоз - совхоздардың егіс даласында табысты және өнімді еңбек етуге шақырды.

Ерденбай Тұрғанбайұлының тұсында жоғары және орта білім алып келген ауданның бір талай жас жігіттері МТС-ның шаруашылықтардың өндірістің негізгі қажетті орындарда қызметке тартылды. Солардың қатарында Алматы ауылшарушылығы институтының түлектері. Рақышев Серік, Халилин Шөктай, Амнжолов Жұмақас, Ахметжанов Мұрат, Қоңқасов Өмірзақ, Нүркев Сәулебек, Ақпанов Төлеу, Оспанов Байеділ, Әшкербеков Мәктай, Байтанасов Медет, Шәкішов Тәңірберген және Москваның Тимерязев акдемиясын бітірген ерлі-зайыпты Шайхин Мұрат, Шайхина Қарлығаш т.б орта буынды техникалық мамандар болды.

Кейіннен бұл азаматтар үлкен шаруашылықтарға басшылық жасап, Ердекеңнен алған өмірлік тәжрибелерін өздерінің қажетіне жаратты. Бізден кеткеннен кейін Ерекең 1958-1986 жылдары аралығында Қарағанды машина жасау зауытының бас инжинері, Қарағанды шахталарын газдандыру басқармасының бастығы, Қарағанды тау-кен жабдықтарын жөндеу зауытының бастығы қызметтерін аброймен атқарды. 1989 жылы өмірден өтті.

Асыл аға, білікті басшы жатқан жерің мамық болып, иман байлығы молынан бұйырсын. Арттағы ұрпақтарыңа ұзақ ғұмыр тілеймін

## ШЕТ АУДАНДЫҚ МЖС (МАШИНО-ЖИВОТНОВОДЧЕСКАЯ СТАНЦИЯ) ТУРАЛЫ АРХИВТІК ДЕРЕКТЕР (1951-1954 ЖЖ.)

Шет ауданы бойынша 1935 жылы 9 ауылдық кеңес, 44 ұсақ колхоздар болған. 1940 жылдан 1951 жылға дейін колхоздарды біріне-бірін қосып, ірілендіргеннен кейін аудан бойынша колхоз (Ленин, Сталин, Карл Маркс, Жамбыл, Абай, Ақсу, Орджоникидзе, Роза Люксембург, Қызыл ту, XXX-жылдық Қазақстан, Ақшоқы, Қарғалы және 2 совхоз (Нұраталды, Шет) болды.

### Шет МЖС (машино-животноводческая станция) Бұйрық №1

Қарағанды облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының 16 февраль 1951 жылғы №58 бұйрығымен, 15 февраль 1951 жылы МЖС-тің алғашқы директоры болып (міндетін атқарушы) Дубовой кірісті.

**Бұйрық №2**

Жеке өтініші бойынша 5 март 1951 жылдан бастап, Баймуханов Рысмұхан жолдас МЖС-тің бухгалтерлік жұмысына қабылданды.

и. о. директор (Дубовой)

**Бұйрық №3**

Жеке өтініші бойынша 12 март 1951 жылдан бастап Ұлтекеев Зұлхарной жолдас аға зоотехник жұмысына қабылданды.

и. о. директор (Дубовой)

**Бұйрық №4**

6 апрель 1951 жылы

КСРО ауылшаруашылығы Министрінің 1951 жылғы 15 февральдағы бұйрығымен Шет МЖС (машино-животноводческая станция) құрылды.

КСРО ауылшаруашылығы Министрінің №368 к 17 март 1951 жылғы, және Қарағанды облыстық ауылшаруашылығы басқармасының №107, 27 марттағы бұйрығымен + апрель 1951 ж. МЖС-тің алғашқы директоры болып Д.Жукенов кірісті:

Жукеновтің №5 бұйрығымен 1 апрельден 1951 жылдан Көшенов Хасен жеңіл автомашинаға шофер болып қабылданған. Еңбек ақысы смета бойынша.

№6 бұйрықпен 1 февральдан бастап, бөлімше механигіне Тайбеков Омар (1903 ж. ж.) тағайындалған.

(Жукенов)

10 апрельдегі №8 бұйрықпен Туғанбаев Сары (1909-1991) участковой механик болып тағайындалған.

МЖС-тің негізгі қызметі колхоздардың шөбін шауып, жинап, егіндерін бастыру.

Орджоникидзе атындағы колхозда екі КС-10 (косилка самоходная) 10 метр жерді бірақ алады. Алдында бір шалғы, екі жағында екі-екіден төрт шалғы екі метрден шөп шапты. Біреуін Айешов Нестай, екіншісін Қалиев Сәден жүргізді.

Шыбылған жердің шөбін ат тырнауышпен жинайды. Тырнауышта Исатаев Серік жұмыс істеді.

№12 бұйрықпен Ленин атындағы колхоздың №1 трактор бригадасының бригадирлігіне Омаров Едилбай, көмекші бригадирлікке Ботаев Көкіш, тракторшы болып Бектаев, старший тракторист болып Оксикбаев көмекшілігіне Махажанов Егінбай тағайындалды.

№13 бұйрықпен облыстық ауылшаруашылығы басқармасының 14

апрель 1951 ж. №1224 тапсырмасымен Кушенов Бүркітбай МЖС бір айлық сынақпен 20 апрель 1951 ж. Бухгалтер болып тағайындалды. Еңбек ақысы смета бойынша.

Директор МЖС (Жукенов)

МЖС директоры Жукеновтың №15 бұйрығымен №2 трактор бригадасының бригадирлігіне Роза-Люксембург атындағы колхозға Ермеков Шулембай жолдас тағайындалды.

№20 бұйрықпен шаруашылық меңгерушілік жұмысына 7 май 1951 жылдан бастап МЖС-қа Жунусов Дилдаш қабылданды. Еңбек ақысы смета бойынша.

№28 бұйрықпен кладовщик жұмысына 23 майдан 1951 жылдан Жукенов Қали қабылданған.

№32 бұйрықпен мал азығын дайындау уақытында №1 тр. бригадирі Омаровке колхоздар: Ленин атындағы, Қызыл ту, Абай атындағы, XXX-жылдық Қазақстан колхоздары бекітілсін.

№2 тр. Бригадирі Ермекбаевке Роза-Люксембург, Орджоникидзе атындағы, №3 тр. Бригадирі Жанабаевке Октябрь, Ақсу колхоздары № 4 тр. Бригадирі Смағұловке Сталин атындағы, К. Маркс колхоздары бекітілсін.

№35 бұйрықпен Төлегенов Шакенді жылжымалы мастерской автомашинасы ГАЗ-51 98-87-ге 2 июнь 1951 жылдан бастап бекітілді. Еңбек ақысы смета бойынша.

Директор Жукеновтің №39 бұйрығымен 1 май 51 ж-дан бастап күзетші САРСЕНБАЕВ Нұрғалиға 1, 5 ставка төленсін.

20/YI-51 ж. №46 бұйрық бойынша кладовщик Джукенов Қани нормировщик болып 50 % нормировщиктің ставкасымен тағайындалсын.

и. о. директор Дубовой

№47 бұйрықпен К.Ашлаевті ГАЗ-АА №98-88 автомашинасына шоферлікке тағайындаймын. Оклады смета бойынша.

Д-р МЖС (Джукенов)

МЖС-қа комбайндардың келіп түсуіне байланысты егін орағына, Сталинец 6 №1 комбайнға 24 июнь 51 ж. Шалгимбаев Ж-ы бекітем.

№74 бұйрықпен Янке Д.Я. жолдас 29 август 51 ж. Плотник жұмысына тағайындаймын.

Д-р Джукенов

№75 бұйрықпен Айешовты Орджоникидзе атындағы колхозға 5 август 51 ж-дан весовщикке тағайындаймын.

Д-р Джукенов

**Бұйрық №79**

Ахметжанов жолдасты 16/YIII 51-ж-н ЗИЛ-150 98-82 автомашинасына шоферлікке стажерлыққа тағайындалсын.

Сарсенбаев Нұрғали жолдасты №85 бұйрықпен күзетшіліктен босатып, плотникке ауыстрамын.

**Бұйрық №96**

Партия ұйымының шешімімен Ахимбеков Қасқатай жолдас, директордың саяси бөлімінің орынбасарлығы міндетіне 7 август 1951 жылдан кіріссін.

Д-р Джукенов

№98 бұйрықпен Плишке А.И. 2 ноябрь 51 ж. МТМ-ға токарлық жұмысқа қабылдансын.

Д-р Джукенов

Айешов жолдас Орджоникидзе колхозына сатушы болып тағайындалуына байланысты, весовщик жұмысынан босатылсын. 6 август 51ж. -н бастап.

15 февраль 1951 жылы МЖС-тың орталығы бұрынғы жеке Орджоникидзе атындағы к/з-дың орталығы болған Нұра кейіннен Қайрақты аталған елді мекенде болды.

Оған дейін бұл жерде сиыр фермасы болған. Сиыр завфермасын соғыс мүгедегі Есенбек атқарды.

Колхоз қосылардың алдында ғана, саман кірпіштен салынған үлкен мал базы пайдаланылмай бос тұрған. МЖС осы базды шеберхана жасап пайдаланды. Ішіне токарь станогін, сварка станогін, ұста станогін, электро цех және басқа құралдарды орналастырды.

МТМ-ның меңгерушілігіне Тайбеков Омарды тағайындады. Омекең ертеде Көкшетау жағында болған Қотыркөл совхоз-техникумын бітірген.

Жукенов Қали 10 декабрь 1951 жылғы №125 бұйрықпен МТМ-ның нармировщигіне бекітілді.

№126 бұйрықпен азамат Кульшиков 17 декабрь 1951 ж. атшы жұмысына қабылданды.

Орджоникидзе колхозының талап етуімен, Кульшыков Жаман атшы жұмысынан босатылып, колхоз правления қарамағына жіберілді.

28 апрель 1952 жылғы №41 бұйрықпен Айешов жолдас МЖС-қа КС-10-ке машинистке қабылдансын.

Жунусов Дильдаш жолдас 600 сом окладпен 14 июнь 1952 ж. бастап МЖС-тың құрылысына десятник болып тағайындалсын.

24 июнь 1952 жылғы №78 бұйрықпен Айешов Төлеу жолдс ЗИЛ-150 №22-27 а/машинасына стажерлыққа тағайындалды.

18 июль 1952 жылғы №94 бұйрықпен Айешов жолдас ю 98-88 жылжымалы мастерскойға ауыстырылды.

1 август 1952 жылғы №108 бұйрықпен Ахметжанов а/машина ЗИЛ-150 №98-86-ге шоферлыққа бекітілсін.

I август 1952 жылдан бастап, Ақсу колхозына весовщиктікке Токатов Абдырахман тағайындалды.

3 сентябрь 1952 ж. Айешов КС-10 машинистігінен босатылып, электро қырқу агрегатына ауыстырылды.

8 сентябрь 1952 ж. Байтанов М. У-2 тракторынан зябь жырту үшін ДТ-54 тракторына ауыстырылды.

5 февраль 1953 ж. Амандықов Мухатай МТМ-ге қабылданды. 9 февраль 1953 ж. 3 айлық шоферлік курске жіберілді.

Келісім шарттың уақыты біткендіктен Жунусов Қамзабек 10 февраль 1953 ж. жұмыстан босатылды.

№3 тр. Бригадасына Зудерман А. тракторист болып тағайындалсын. Орджоникидзе колхозына Укенов Кәрім бригадирлікке, Колоб Эдвин трактористтікке тағайындалды.

Құрылыс жұмыстарының басталуына байланысты, жұмыскер жинау үшін, завхоз Жунусов Д. 114/IY-20/IY-1953 ж. Қарағанды қаласына командировкаға жіберілді.

Директордың саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Әкімбеков Қарабас станциясына маман адам іздеуге 21/ IY-30/ IY-командировкаға жіберілді.

4 март 1953 ж. Абилдин Тоқаш жөндеу жұмысына қабылдансын, шоферлердің жетіспеуіне байланысты.

Токаревкаға 5 марттан бастап шоферлік курсқа жіберілді.

Зоотехник Ультыкеев Қарағандыға обл с/х басқармасына трактордың соқасын әкелуге жіберілді.

17 июнь 1953 ж. Шахантаев Биназар МТМ-ге слесарлық жұмысқа қабылданды.

Облыстық а/шар-ы басқармасы бастығының нұсқауымен завхоз Жунусов Д. а/ш-ы басқармасының қарамағанына 30 күнге, яғни 23/YI-23/ YII-53 ж. жұмыс сапарына МЖС, МТС-қа аттар алу үшін жіберілсін.

II июля 1953 ж. МЖС кассасына Төкенов пен аға бухгалтер Баймуханов кассаға тексеру жүргізілді. 2900 т (екі мың тоғыз жүз теңге кем болды.)

Төкенов кассирліктен босатылып кем ақшаны 25 июльге дейін орнына салсын.

Приказ №166 21 сентябрь 53 ж. Тексеру комиссия құрылып бастығы зоотехник Қоңқасов мүшелері Айешов, Каташов.

28 сентябрьде Ульткеев зоотехник қызметінен босатылып, аға зоотехник болып, Қоңқасов У. бекітілсін 26/IX 53 ж. бастап.

Д-р МЖС (Акимбеков)

Аға зоотехник Қоңқасов У. комсомол жұмысына ауысуына байланысты 22/XI-53 ж. жұмыстан босатылсын.

Д-р МЖС (Акимбеков)

Бас агроном Кулжанбеков, бас зоотехник Бекишев, Қарағанды об-

лысына а/шар-ы басқармасына бекі үшін 27/ XI-53 ж. жіберілсін.

Облыстық а/ш басқармасының 27/ XI. №8-696 бұйрығымен МЖС-тың бас мал дәрігерлігіне бекіткен Кукенов жолдасты аудандық мал дәрігерінің бастығы болып, істеуіне байланысты бұйрық өзгертілсін. Уақытша Тусупбаев Бейсенге тапсырылсын.

Тағылыға веттехникке БайболовТ. санитарлыққа Жазгибеков, Ақшатауға веттехникке Омарбеков Ж. санитарлыққа Кулшиков тағайындалсын.

Д-р МЖС (Акимбеков)

1954 жыл. Шет а/ш бөлімінің тарауына байланысты, бұрынғы колхозды ұйымдастыру бөлімінің бастығы Мустафин Қасым колхоздар жұмысы туралы аға инструктор-бухгалтер болып 1/-54 жылы тағайындалсын.

Прораб Ахтаев Б. құрылыс технигіне бекітемін.

Д-р МЖС (Акимбеков)

Колхоздардағы жұмыстарды ұйымдастыру, агрономдық, зоотехниктық, веттехниктық МЖС-ке жүктелгендіктен Қазақ ССР министрлер кеңесінің 16/XII-53 ж. 958 қаулысымен МЖС-ке қабылдансын.

Мүгедектерді, көліктерді, шөпті қабылдау үшін 4 адамнан комиссия құрылсын.

1. Бас агроном Кулжанбеков А. комиссия төрағасы.
2. Бас бухгалтер Баймуханов Р.
3. Аға ветврач Тусупбаев Б.
4. Завхоз Жунусов Д.

Приказ №17 15/1-54 ж. уақытша лаборантық бақылау-тұқымдық жұмысына 1 январь 1954 ж. бастап Жуасбаев Өкен тағайындалсын.

Д-р МЖС (Акимбеков)

Тұқым- бақылау лабороториясының үй сыпырушылығына 1/1-1954 жылдан бастап Жампейсова Рымтай тағайындалсын.

Д-р МЖС (Акимбеков)

ПРИКАЗ №1

19/1-1954 ж.

Облыстық а/ш басқармасының №410 29/XII-53 ж. бұйрығымен МЖС-тың бас инженерлігіне 29/1-1954 ж жылдан бастап, Русс Григорий Александрович тағайындалсын. 3 айлық пособия бұрынғы жұмысының еңбек ақысы көлемінде және КЗ от 82 статиясымен подьемный төленсін.

Бұрынғы бас инженер Грановский Д.Т. 16/1-54 жылдан инженер-механик ауылшаруашылық машиналары және комбайынға тағайындалсын.

Алық-берік жасау үшін құрамында Русс Г. А. Грановский Д.Т. автомеханик Туганбаев С. зав. МТМ Ким және бухгалтер Айешов Н. бар комиссия құрылсын.

Д-р МЖС (Акимбеков)

Облыстық а/ш басқармасының жер бөлімінің 21/1-1954 ж. 38 бұйрығымен 27 январь 1954 ж. Шет МЖС директорының міндетіне Кузнецов М. И. кірісті.

№34/ 4 февраль 1954 ж. Шахантаев Б. атшы-көшір жұмысына алынды.

Д-р МЖС (Кузнецов)

1 Апрель 1954 ж. №109 бұйрықпен Литвин Владимир шаруашылық меңгерушілік қызметіне тағайындалды. Жунусов Д. I/YI-1954 жұмыстан босатылсын.

Д-р МЖС (Кузнецов)

Өз өтініші бойынша Қарабұлақ ветеринарлық бөлімінен вет санитар Кулшықов Меди I/IY-1954 ж. жұмыстан босатылсын.

Д-р МЖС (Кузнецов)

Облыстық а/ш басқармасының №70 11/11-54 ж. бұйрығымен аға ветврачтық жұмысына 1 апрельден бастап Войкин В.И. тағайындалды.

МЖС штатына шоферлікке Медеуов Қ қабылдансын ЗИС-150

Пром финплан жасау үшін Қарағандыға 15 күнге Баймұханов Р. Жіберілсін.

Міндетін аға бухгалтер Төкеновке С. жүктеймін. Барлық документке екінші қол есебінен жүреді.

ВЛКСМ Орталық комитетінің үндеуі бойынша тың және тыңайған жерлерді игеруге облымтық а/ш басқармасы жіберген барлығы 44 (қырық төрт) адам МЖС штатына қабылдансын 23 март 1954 ж.

МЖС-тың МТМ меңгерушілігіне 18/III -54 ж. бастап Фищук Г.С. қабылдансын. Тайбеков О. босатылсын.

Д-р МЖС (Кузнецов)

## ШЕТ АУДАНДЫҚ МТС, РТС ТУРАЛЫ АРХИВТІК ДЕРЕКТЕР (1954-1960 ЖЖ.)

Шет МТС-і декабрь 1954 жылдан бастап істейді. МТС-тің алғашқы директоры Русс Г. А. - болды.

27 август 1954 ж. Жампейсов С. тұқымды бақылауда аға лаборант болып бекітілді.

8 декабрь 54 ж. №384 -ші бұйрықпен МТС- штатына Ордабаев Т. қабылданып, 7 декабрьден бастап инструктор-бугалтер болып тағайындалды.

№5

Облыстық а/ш басқармасының хаты негізінде Айешов Н.Инструктор-бухгалтерлікпен босатылып, кассир-счетовол жұмысына 7 де-

кабрь 54ж. ауыстырылды. Еңбек ақысы смета бойынша.

Директор МТС

Русс Г. А.

Отызыншы жылдары Сарысу разъезінде алғашқы Шет МТС-і құрылып, 1939-1948 жылдары жұмыс істеді.

МТС Директоры болып, Нақыпов Алтыбай (1892-1974 жж.)

Бұл кісі 1937 жылы Алматыда партия мектебін бітіреді.

1948-1952 жылдары Шет ауданы партия комитетінің екінші хатшысы, Ленин атындағы колхоздың басқармасы, Тағылы ауыл кеңесінің төрағасы.

Сол кезде Сарысудағы МТС-те Тайбеков О 1903- Туғанбаев Сары (1909-1991), Жанабаев Абдиір, Сыздықов Мұқай тағы басқалар механизатор болып жұмыс істеді.

19 апрель 1954 ж. МТС штатына тың және тыңайған жерлерді игеру отрядына Алматы а/ш институтының 4-курс студенті Нуркеев С 19 апрель 54 ж-дан 16 август 1954 жылға дейін отряд агрономы болып қабылданды.

Д-р МТС (Кузнецов)

22 апрель 1954 ж. №149 бұйрық бойынша Роза-Люксембург колхозына Биғарашов Б. агроном болып тағайындалды.

№219 бұйрықпен жаңадан келіп түскен С-80 №36 тракторге Литвин В., Кричковский 26 майдан бастап тракторист болып бекітілді.

Роза-Люксембург колхозының ветпункт меңгерушісі, Жунусов Аманбай Абай колхозының ветпункт меңгерушілігіне бекітілсін.

Д-р МТС (Кузнецов)

№375 26 сентябрьдегі бұйрықпен Маханбетчин Алпысбай Аюлы ветучаскесіне ветфельдшерлікке тағайындалсын. Орджоникидзе колхозын қоса атқарсын. Бас инженер Русс Г.А. 15/IX-отпуск берілсін. Бас инженерлік зав МТМ Фищук Г. С. -ке жүктелсін.

Д-р МТС (Турганбаев)

15/IX-ден зав МТМ-дік бақылаушы инженер Ракишев -ке міндеттелінсін.

Инженер землеустроитель Подгайский

Подгайский Орджоникидзе колхозына жерді пайдалану және қанша тың жер игеру комиссиясына қатысу үшін жіберілсін.

Д-р МТС (Турганбаев)

Техникаларды жөндеу жұмысы басталғандықтан 1 октябрь уческелік механик Аманжолов бақылаушы-инженер болып ауыстырылсын.

5 октябрьден бастап, МТС штатына Тікішев токарь үйренуші болып қабылдансын.

1 октябрь 1955 ж. МТС штатынан Р. Люксембург к/за зоотехникке Шайхин ауыстырылсын. Ақсу к-зна жоғарғы білімді Халилин Ш. Ста-

лин к/з-на орта білімді Бигарашев агроном болып жіберілсін.

Қарағандыға көмір алу үшін завхоз Жампейсов Ш. шоферлер Твердохлебов пен Медеуовтер жіберілсін.

Д-р МТС
(Турганбаев)

8/Х-55 ж. атшылыққа Сармурзин Шағыр ауыстырылсын. Күндізгі және түнгі күзетке Сармурзина Зылиқа болсын.

№425 18 октябрьдегі бұйрық бойынша, жақсы жұмыстары үшін экскурсияға Бүкіл Одақтықа/ш көрмесіне 14 күнге.

1. Гонарский-№5 тр. бриг.
2. Скорик -№3 тр. бр. бригад
3. Тоймарчук-№5 бр. көмекші
4. Утешов-комбайнер
5. Бондаренко-комбайнер жіберілсін.

19/Х-ден бастап МТС штатынан дипломы жоқ болғандықтан зоотехник Карсенбаев Амангелді шығарылсын.

ОблДОСАФФ-қа қызмет бабымен Поялк В. 2 күнге жіберлісін.

Д-р МТС Турганбаев

№448, 28/Х-55 ж. бұйрық бойынша автослесарлық жұмысқа үйренуші болып Туғанбаев Сайлау 1 октябрьден тіркелсігн.

Колхоздар Орджогникидзе Ақсу, Р Люксембург -ке 3 күнге а/ш техникаларының жағдайын анықтау үшін Аманжолов, Ракишев, Туганбаевтар жіберілсін.

1955 жылдық егісі 13400 га орнына 13519 га. тың көтеру жоспардағы 9850 га орнына 13 830 га болып 140% октябрь Революциясының 38-жылдық құрметіне орындалған.

МТС зоотехнигі Кокжалов З. Қызылту к/за зоотехник болып жіберілсін.

Облыстық кеңеске қатысу үшін

1. Турганбаев- директор
2. Линюк-гл. зоотехник
3. Русс-гл. инженер
4. Кулжанбеков-гл. агроном

СНК ССР-дың 19/IY-1935 ж. Ауыл шаруашлығы министрінің 28/YIII-37 ж. №2765 қаулысы бойынша, СНК ССР-дың 11/YIII-38 ж. қаулысымен, а/шар-ы министрінің 3/YIII-1946 жылғы №2956 қаулысы бойынша комбайнерлерге Натурпремия төлеу үшін бұйырамын:

Төмендегі мөлшерде 16 футов комбайнда істегендерге сезондық нормасын 210 га., 25 га календарлық күнде орындағандарға 10 пуд, 340 га сезон бойынша қосымша 15 пуд астық.

13 футов ком-де сезондық нормасын-200 га 25 күнде орындағандарға 10 пуд, сезондық нормасын 300 га орындаса 15 пуд астық берілсін.

Д-р МТС Турганбаев

**№61 бұйрық 20/11-56 ж.**

1956 жылдық егісіне арналған бидай тұқымының талан-таразыға түсуі:

1. Р.Люксембург колхозы председателі Борнаев бух-р Шумахер 5 IX-55 ж. 3402 ц құйылған. 1/1-56 ж. 1202 ц-ге азайған.

2. Орджоникидзе к-зы председателі Хайдаров, 1800 ц құйылған, 150 ц-ге азайған.

3. Абай к-зы председателі Туганбаев А. 95 ц кеміген.

Материалдары тергеу органына берілді.

Хайдаров пен Туғанбаев орнын толтыру ішкі ресурпен міндеттелсін.

Д-р МТС
Турганбаев

**1- ЯНВАРЬ 1959 ЖЫЛДАН ШЕТ РТС-І**

№1

№16, 9/II-59 ж. Шет РТС бұйрығымен 7/II-59 ж. бастап Скорик Н. Н. зав МТС-дікке тағайындалды.

№2

I/IY-59 ж. Бақылаушы механик болып Холод М тағайындалды.

№3

№44, 18/Y-59 ж. бұйрықпен бас бухгалтерге бекітілген М-72 мотоциклі тех. Надзор механигі. инженер Ашкербековке берілсін. Байтанасов акт жасап берілсін.

Д-р РТС Фишук

№55, 18/УІ-59 ж. бұйрықпен 18/YI-59 ж. бастап, Капясов С. РТС штатына шоферлікке қабылданып, ЗИС-150 №54-06 а/машинасына бекітілсін.

**№2**

8/YII-59 ж. Капясов С. РТС штатынан шығарылып Ақсу к-зына жіберілсін.

Жатон Рудольф Рудольфович

зам. Директор по снабжению

Д-р РТС

(Фишук)

**№2**

Облыстық а/ш басқармасының №475, 2/XI-59 ж. бұйрығымен, Ленинград таукен институтының аспирантурасына түсуіне байланысты Шет РТС-і директорлығынан Фишук Г. С. босатылсын.

№3

Шет РТС-і директорының міндетін атқару Ракишев Серікке жүктелсін. Бүкіл ақша-қаражат құжаттарына бірінші қолы жүргізіледі. Шет РК КПК Бюросының 27/X-59 ж. қаулысымен.

Облыстық а/ш басқармасының №476 бұйрығымен алыс-беріс жа-

сау комиссиясының төрағалығына Құлжанбеков А. мүшелері болып Ракишев С., Фишук Г.С., Баймуханов Р., Скорик Н., Байтанасов М., және завхоз, Жампейсов Ш. тағайындалсын.

Приказ №147 10/XII-60 г.

Облыстық а/ш бас-ы қатынасымен, Шет РККПК қаулысымен 3 айға Ақмола қаласына курсқа кетуіме байланысты 12/XII-60 ж. директордың міндетін атқаруға бас инженер Скорикті қалдырамын.

Д-р Шет РТС

Ракишев

Приказ №18 17/11-60 ж.

Облыстық а/ш бас-ның №28, 28/1. 61 ж. бұйрығымен Солтүстік Қазақстан облысына Чапаев с/за, Тимиртявск ауданына машина алу үшін командировкаға а/механик Байтанасов шоферлер Ангольд В., Туганбаев С., Айешов Т. жіберілсін.

Шет РТС-інің №24

6 марттағы бұйрығымен Шет РККПК және аудандық атқару комитетінің шешімімен 5 күнге 6/III-Р/III-61 ж. Мал қыстауды тексеру үшін Ақсу, Орджоникидзе, Сталин колхоздарына Автомеханик Байтанасовпен шығамын.

Д-р РТС

Ракишев

№4

МТМ-нің мех. контролдігіне, инженер тех. Надзор Ашкербеков 11. 01.60 ж. жүктелсін.

№5

Товаровед должносына 10/III-60 ж. Айешов Нестай жұмысқа қабылдансын. Штат расписания оклады.

№6

Райком КПК-ның 11/III-60 ж. шешімімен, агроном Құлжанбеков қызмет бабымен Молдав АССР 20 КҮНГЕ 14/III-2/IY-60 ;7 командировкаға жіберілсін.

№5

Аудандық РК КПК бюро шешімімен Абай колхозына 10 күнге мал қыстату мәселесімен командировкаға кетемін. Директордың міндетін атқаруға Скорикті қалдырамын.

Д-р РТС

Ракишев

№46, II/IY-60 ж. бұйрығымен обл. а/ш басшының бұйрығы негізінде 8 апрель 1960 ж. Агроном Құлжанбеков жұмыстан босатылсын.

Д-р РТС

Ракишев

№2

Трактордан экзамен алу үшін Қаз. Орта мектебіне комиссия құра-

мына Шет РК КПСС бюросының шешімімен

Ракишев С. Д-р РТС

Байтанасов М-ав. мех.

Ашкербеков М. контр мех.

рекомендовать етілсін.

№3

Жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты электрик Сейлбеков Қ. Автогаражға шоферлікке ауыстырылсын.

№4

Облыстық а/ш басшының нұсқауына байланысты РТС-тің бас бухгалтері Баймұхановке біржолғы пособия есебінен айлық еңбек ақысы 1070 сом көлемінде облыстық а/ш басшының нұсқауымен берілсін.

№5

Директордың фондысынан акқшадай көмек Жампейсов Слетайға айлық оклад көлемінде 450 сом көрсетлсін.

Приказ №2 8/1 60 ж.

8 январьдан бастап ЗИС-150 №54. 02 а/машинасына шоферлікке Тиштыбеков Төлеген Абдиұлы қабылдансын.

**№2**

Өз өтінші бойынша РТС штатынан инженер-жабдықтаушы Жатон Р. Р. жұмыстан шығарылсын.

№3

Директордың жабдықтау жөніндегі орынбасарлығына 11/I-60ж. бастап, Холод И.И. тағайындалсын.

№4

Бас инженер Рақышевке директордың фондысынан айлық еңбек ақысы 1500 сом материалдық көмек көрсетілсін. Обл с/х басқармасы бастығының орынбасары Молдабаевтың нұсқауымен.

Приказ №70 23/YI-60 ж.

XXX-жылдық Қазақстан колхозына РЗК есебінен 6 күнге 22/YI-27/YI-60 ж. Мустафин Р. Командировкаға жіберілсін.

Д-р РТС

С.Рақышев

**Приказ №7127/YI-60 ж.**

**№1**

Автомеханик Байтанасовтың докладнойы бойынша 5 күн жұмысқа шықпағаны үшін ЗИС-5 №72-23 а/машинасының шофері Андреевке сөгіс жариялансын.

**№2**

Слесарь Ермуханов Ж. а/машина №79-27-ға шоферлікке ауыстырылсын.

№3

Тиісті заңға сәйкес, жылдық отчетті сапалы жасағандары үшін айлық еңбек ақысы көлемінде бухгалтерлер: Новоселова 700 сом, Толқынбаев 550 с, Балабеков 400 сом Ұлтыкеев 375 с. марапатталсын обл с/х упр қатынасымен.

Бұйрық №75 7/YII-60 ж.

**№1**

**АУДАНДЫҚ ПАРТИЯ КОМИТЕТІНІҢ, ҚАТЫНАСЫМЕН ШОФЕР СЕЙЛБЕКОВ Қ. АҒАДЫР АВТОБАЗАСЫНА 6/YII 60 Ж. БАСТАП ЖҰМЫСҚА АУЫСТЫРЫЛСЫН.**

**№2**

Еңбек дауын шешу үшін РТС-тің бұйрығымен автомеханик Байтанасов және Жампейсов бөлінсін.

№3

Товаровед Айешовке курортқа емделуге баруына байланысты Еңбек ақысы көлемінде 675 сом бөлінсін.

Д-р РТС

Рақышев

| | | | |
|---|---|---|---|
| С началом посевнойкомпании установить дежурства нацентральный усадьбе с/за с 6 часов 6 вечера до 1 час ночи. | | | |
| Ашкербеков | 14/ IV | 21/ IV | 28/ IV |
| Байтанасов | 15/IY | 22/IV | 29/IY |
| Ультекеев | 16/IY | 23/IY | 30/Y |
| Туганбаев | 17/IV | 24/IY | 1/Y |
| Толкинбаев | 18/IY | 25/IY | 2/Y |
| Аскаров М. | 19/IY | 26/IY | 3/Y |
| Кемалов А. | 20/IY | 27/IV | 4/Y |
| До окончания посевной Д-р с/за С. Ракишев. Приказ №19 от 26/IУ -61 г. | | | |
| Закрепить на период посевной и внутри фермы а/машины с закр. шоферами: | | | |
| Ф №1 | 79-37 Жунусов | | |
| | 45-37 Уразалин | | |
| | 72-28 Сабыров | | |
| Ф №2 | 45-32 Шардарбеков ГАЗ -51 | | |
| | 72-34 ТолеукеновЗИСК -к50 | | |
| | 79-34 Мадиев | | |
| Ф №3 | 79-40 Касимов Ш | | |
| | 44-73 Касимов К | | |
| | б/н Шокабаев ГАЗ- 63 | | |
| Ф №4 | 45-43 Смаилов | | |
| | 45-93 Мустафин | | |
| | 45-35 Дарменов | | |

**Ауданның айтулы азаматының бірі болған Рақышев Серік ағамыз Орджоникидзе атындағы совхозды (1961-1964) басқарған кезде өндіріске байланысты берген бұйрықтарының кейбір көрністері**

**Приказ №9от 13 IY-1961**

| №3 | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Довести задания на посевную по каждой ферме, га: Весен. Вспашка | Боронoвие, Подготовка Посев зерна | | | |
| | за день | за день | за день | за день |
| Ф №1 | 105 | 230 | 105 | 322 |
| Ф №2 | 90 | 140 | 90 | 318 |
| Ф №4 | 230 | 216 | 230 | 308 |
| Ф №5 | 105 | 228 | 105 | 320 |
| Итого по с-зу | | | | |
| | 530 | 814 | 530 | 1268 |

№5

Установлено, что на фер №1 семенной материал в кол-ве 130 т

испорчен. Управ. тов Рахимжанову. бригадиру Холод внести предупреждение, агроному Жаксыбекову обявитьстрогий выговор.

Приказ №32 от 19/Y- 61г.

Командировать в. г. Москву на выстовку достижения Нар. Х-ва СССР трактористов БалмаганбетоваАманбека, ЖукановаСабита и Бишке Ивана Ивановична с 19 V по 1/IY-с 1961.

Приказ №54 от 20/YI-61 г.

Согласна реш-я РК партии и удостоверения и облуправления. совхозов №119/YI- 61г. зачислить в штат с/за на должность гл. аграноматав. Кисляк Николай Смайлович с 19/YI- 61г. Освободить от занимаемемой должности гл. агр. Нуркеева С. с. 19/YI- 61г.

Д-р с/з (Ракишев)

Приказ №75 от 24/YII-61 г.

На основании приказа обл с/х управления и облуправлен. совхозов от 20/YII-61 г №179 / 54-к назначить гл. инженером с/за тов. Пак Николай Василовича, тов Скори Н.Н. назначить гл. инженером по механизации трудоемкимпроцессм в жив-ве.

№6

Командировать на обл. совещание при обл. упр. савхозов гл. зоотехника Шайхина и гл. агр. Т.Кисяка. гл.ветврач Мухамеджанова с 25 по 28 июня 61 г.

Приказ № 05 от 12/1-62 г.

В связи с вызовом на экз. сессии Каркар. Зооветехникум предста-вить дополнительный отпуск с 15/I-по 23/11-62 г. сохранением зарпла-ты 80 рублей в м-ца Темирбекову Жамантая

Приказ №16 от 31/1-62 г.

№5

На оснавании решения исполкома райсовета д/т по итогам ревизии незаконно израсходовано 484 дуб 50 коп. удержать с гл. бухг-а Магра-мова Шайкена и нормировщика Кемалова А.

Приказ №51 от 2/IY-62

№11

Назначить упр-им Ф№4 тев. Скорик Н. Н. гл. инж. ио механизации с 7 апреля 1962 г согласно личному желанию.

№12

В связи с развертыванием работы Ф №6 «Кежек» с 1 апреля 1962 г. назначить:

1. Кабылбекова Шойбека -зоотехник
2. Махамбетчина Балтабек- бух
3. Алтынбекова Бораша- учетчик заправки

Приказ №61 от 7/IY-62 г.

№4

Командировать на семинар г Каркаралинск зоотех. а ф №4

Бакирова Касыма на 8 дней с 17 апреля по 24 апреля 1962 г. №6

Согласно направлению РК КПК №7 от 31 марта 1962 г. назначить тов РахимжановаУмиртаяуправл. Ф №1 с 2апреля 1962 г.

№7

Управлюещего ф №1 Рахимжанова Толсуадыра переводить упр. ф №2 с 5 апреля 1962 г.

№8

Управ-щего ф №2 Отыншина переводить упр. ф №6 с 5/IIY-62 г.

№10

На время весенние-посевной компанираспредилить механиков:

1. Ахметжанов М. Ф №4
2. Шакишев Т Ф№5
3. Сейлбеков К Ф №3
4. Туганбаев С Ф №2
5. Тайбеков О. Ф№1

Приказ №68 от 28/IY

На основании решением бюро Четского РК КПК т. Алиева Шакара с 5 апреля 1962 г. назначить гл. зоотех -ком совхоза.

№10

Т. Каратөбелов Кабия из-за неимением спец. оброзрвания

с 5 мая 1962 года освободить от обязнности зоот-ка. а. Ф №1.

**Приказ №165 от 1/х-62 г.**

РекоменновогоЧетским РК КПК тв. Молдаханова Кабдикарима назначить на должность гл. зоот-а. с/за с 26/IY-62г.

Приказ №203 от 10/XII-62 г.

№2

Принять в штат с/за для работы открывщейсястолвой и зачислять:

1. Боранбаеву Нагиму-ст. повором.
2. Магутову Майру -уборщ. с 4/XII
3. Сейлбекову Шахиа -посутмой-ей 4/XII

Приказ №17 от 26/X-62г

В связи с призывом в ряды Советской Армии уволить
с 29 октрября 1962 г.

1. Сагадиева Кошкинбая
2. Бейсенова Мадина
3. НадирбаевМейрамбека
4. Абдуова Тлеубека
5. Берившука Павла Ивановича
6. Смагулова Жапау
7. Нуржанов Аскербая
8. Бекмаганбетова Сайлауа
9. Серикбаева Кайролла
10. Михалова Василя Петровича
11. Колканбаева Караша
12. Калиева Токена
13. Жумабекова Серика
14. Свистулов Николая Алексевича
15. Акышбекова Амана
16. Тусупова Толеубека

Д-р с/за Рақышев С.

**Приказ 3 №81/от 1/YII- 61г.**

Тов. Жанпейсова Шматая считать назначенным зам дир-а по хоз. части с 1 июля.

№3

Окончивщего Каз. гос с/хозинст-а. Ахметжанова М. Б. назначить зав. маш двором с 1август-61 г.

№5

Зачислить в штат шофером а/гор-а Мухтарова С с 1/х а/м Газ 63 №45-38

Приказ№190 от 19-XI-62г.

59

Согласно решение бюро Шетского РК КПК отстранить от работы бух-а. Ф№4 Искакова Ынтыкбека с 1-декабря 62г.

**Приказ №106 от 24/YII- 63г.**

№4

О создании похоронной комиссии для похороны покойного Немзарова Петра создать в составе :

1. Байтанасова М- пред. комиссии
2. Скорик Н. -ч л.
3. Гольместр-чл.

№8

Командировать в г.Балхаш инспектора ОКГ Аймаганбетова И. за людьми шоферы: Невского А. О., Туганбаева С., Медеуова К.

Приказ №126 от 18/IX-63г.

№1

На основании разрешения нач. упр. я. тов Торегожина Т. предаставить отпуск дир-у Ракишеву С за период работ с 1

IY-62 г. по 1/IY -63 г. на р/д-я с 20/IY-63 по 17х-63г. обязнность дир-а. возложить на гл. зоотехникатв. Молдаханова К.

Приказ №129 от 23/IY-б3г.

№2

На оснавании телефонного указания секретаря Актогайского парткома Т. Садыкова командировать Конбайнаров Г. Гремянова Ю, Стуантаева Н. Цуканов Н. и Гайсина Г. в Каркаралинску произ. упр-ию с/з им. Нуркена Абдирова для помощи на хлебоурки урожая сроком на 12дней с 23/X - 63 г№ по 5/X 63г.

№3

На основании составленного акта браковки вспашки зяби тр -та Ф №5 т. Дюсекова на плошади 17, 80 га удержать стоимость грюче-смаз. материалов.

Приказ №140 от 21/X-63 г.

№4

Уволить из штата с/за тов. Темирбекова Ж от обязнности зоотехника по овцеводсту в связи с переходом на другую работу с 16/Y-63 г.

№8

Агронома по сменаводствут. Бигарашева Бейсека перевести уч. агрономом ф №5 с 21/х-63 г.

№9

На основании письмо Актогайского произ. упр-я от 23/х-63г. за №681 направить тов. Садвакасова Д. в. г.Караганду 8-ый месячный крусы бухалтеров.

Приказ №26 от 11/III-64г.

№1

На основании решениям парт бюра с/за от 28/II-64г. за №07 освободить от обязнности управ-гот. Скорик. несправшйися с работой перевести его уч. механиком Ф №4 с 28/II-64г.

№2

На основании решения партбюро с/за от 28/II-64г назначить тов. Ибравева Ж управлющим Ф №4.

№3

На основании решения Актогайского райсовета д/т от 1 /III-64 г. выделить в распоряжение Актогайского ОРВК механик автогража тов. Т. Касымова на сроком на один м-на с 18/III-64г.

№8

На основании приказа по Актог-кому производ упр-ю от 14/III -64 г. за №16 назнчить гл. аграномом с/з Т. Ракишев Бакыта с II/III-64г.

№15

В связи моим нахождением в больнице возлагаю и. о. дир-а на гл. агранома Д-р Ракишева Б. с 27 III-64г. Д-р Ракишев.

Приказ №44 от 4/v-64г.

№10

Зачислить в штат с/за качестве зам. дир-а. по хоз. части т. Матаева О. с 28-IV-64 г.

Приказ№45 от 7/v-64 г.

На основани решением бюро Актогайского порткома от 5/V-64 г и приказа д-рапроизв. упр-ю от 6/v-64г. директора с/за т. Ракишева Серика отстранить от должность д-а с/за и временную обязанность др-а возложить на гл. агр-а. Т. Ракишева Бакыт.

№2

Өкінішке орай біздің ортадағы өмір жолындағы Серік ағамыздың қызметі осылайша аяқталды. Бәлкім ағаға сол кезде, дер уақытында ақыл беретін, шынайы жаңашыр болатын азаматтар болмады -ау деген ойдамын. Бұл кезде Секеннің жасы небәрі 30-дың үстінде ғана болатын.

## ОРДЖОНИКИДЗЕ СОВХОЗЫНДА ЕҢБЕК ЕТКЕН АЗАМАТТАР: 1961-1964 ЖЫЛДАРЫ:

1. Хамзин Бекежан зачеслить шофером с 10. 04.1961
2. Иксанов Серік - с 08. 04.1961
3. Колхамбаев Караша аграном Ф№4. с. выплатить ему подемные по ст. кзот 82
4. Ахметжанов Самиголла -брг. полевоз. бригады ср№1
5. Баданов Танирберген -бухалтер ф№3 Байназар
6. Абжанов Шарип-тр-т Ф№5
7. Серикбаев Кайыркен-тр-т Ф№
8. Бигарашев Бейсек -аграном Ф№5 с. 05. 04.1961
9. Жампейсов Слетай -счетоевод-кассир с 01. 04.1961
10. Ибраев Жәкен -зоотехник Ф№5 с. 10. 04.1961
11. Жумакаев Омар -скотник Ф№4
12. Қыстаубаев Абжан-бухалтер ср№4
13. Қылышбеков Абдихалық-страший рабочий Ф№4 с. 01. 04.1961г.
14. СуирбаевРысбай -бригадир полевод. бригады Ф№4
15. Омаров Дюсенбай-тр-т Ф№4
16. Асылханов Абдыгул-ветеринар Ф№4
17. Бакиров Касым-зоотехник с15. 04.1961 Ф№4

18. Касымов Куаныш -шофер автомашины с 15. 04.1961
19. Бигожин Мустафа-разнорабочий Ф№1 с 01. 04.1961г
20. Калдыбаев Толеубек -разнарабочий ср №5 с 01. 04.1961
21. Баймурынов Байжан-разнарабочий ср №5 с 01. 04.1961
22. Кочержин Иван Прокопович -рабочий свинаферма Ф№2(бывший к/з им. Сталин)
23. Кочержина С-рабочая птицеферме №2 (бывший к/з им. Сталин)
24. Смайлов Е-зачислить шофером с 01. 04.1961 г
25. Алтынбеков Ш-зачислить шофером с 01. 04. 1961 г
26. Кожабеков Абдыр -зачислить шофером с 01. 04.1961 г
27. Муздыбаев Шойман-зачислить шофером с 01. 04.1961 г.
28. Шартарбеков С-зачислить шофером с 01. 04.1961 г.
29. Толеукенов Самбет-зачислить шофером с 01. 04.1961 г.
30. Шикмалович Вячеслав Петрович-зачислить шофером с 01. 04.1961 г.
31. Ахтаев Куаныштай-зачислить шофером с 01. 04.1961 г.
32. Окапов Мажен-зачислить шофером с 01. 04.1961 г.
33. Жуматаев Совет-зачислить шофером с 01. 04.1961 г.
34. Дарибаев Токен зачислить зоотехник Ф№2 с 01. 04.1961 г.
35. Жуматаев Кабылбек- ветврач Ф№2 с 06. 04.1961 г.
36. Капышов Жунус-санитар Ф№2 с 06. 04.1961 г.
37. Ахымбеков Аман - рабочий шофер Ф№2 с 06. 04.1961 г
38. Дуйсембеков Хасен -бухалтер Ф№2 с 01. 04.1961 г
39. Махамбетчин Болатбек - учеником Ф№2 с 06. 04.1960.
40. Жакаев Ыбырай- учеником по жив-ву Ф№2 С 26. 04.1961 г.
41. Байжуманов Сабыртай -зачислить в качестве завхоза Ф№5 с 20. 04.1961г.
42. Ибраев Алпысбай -ветврач Ф№3 с. Байназар с 01. 04.1961 г.
43. Чекман Владимир - бригадир огродгой бригады Ф№2 с 01. 04. 1961г.
44. Исатаев Серик -бухалтером Ф№4 с 21. 04.1961 г.
46. Искаков Т - учетчик фермере 01. 04.1961 г.
47. Карамаева Т-шофером с 20. 04.1961г.
48. Тусупбаев Нургали- бухалтером Ф№1 с 01. 04.1961г.
49. Жалмаганбетов Тусуп -ст. табуншиком с 10. 04.1961г.
50. Аринов Ажибек-учеником Ф№5 с 01. 04.1961г.
51. Жакибаев С. -чабан Ф№5 с 01. 04.1961 г.
52. Асылханов С. - чабан Ф№5 с 01. 04.1961г.
53. Тиштықбаев Т. -чабан Ф№5 с 01. 04.
54. Кулыбеков Н. -чабан Ф№5 с. 01. 04.1961 г.
55. Аринова Тлеукеш - чабан Ф№5 с 01. 04.1961 г.
56. Стыбаев Капаш - чабан Ф№5 с 01. 04.1961г.
57. Байжуманов Бөлте -чабан Ф№5 с 01. 04.1961г.

58. Нурпейсов Наби -в качестве табуншика по Ф№5 с 02. 04.1961 г.
59. Жакишев Сартбан -в качестве табуншика по Ф№5 с 01. 04.1961г.
60. Есенбеков Егинбай -шофером с 01. 04.1961г.
61. Касембеков Махи -в качестве таксировщик шерсти с 12. 04.1961 г.
62. Нурпейсов Сансызбай- в качестве тр-та Ф№5 с 12. 05.1961 г.
63. Кымызбаев Рашит -кузнецом Ф№4
64. Сейлбеков Куаныштай -инженером электриком с 21. 05.1961г.
65. Темирбеков Ж -временно на должность уч. зоотехник Ф№6 с 01. 06.1961г.
66. Кисляк Николой Самойлович -согласно решения РК парти на должность гл. агронома с 19. 06.1961г.
67. Нуркеев С. -освободить от должности гл. агронома с 19. 06.1961г.
68. Такишев Ж-избран пред. работником и освободить от должности Ф№4
69. Маханбетчин -назначить упрв. Ф№4 с 01. 07.1961г.
70. Толеубаев Т -зачислить автослесарам с 26. 07.1961г.
72. Айешов К - с 26. 07.1961г.
73. Пак Николай Василиевич -назначен гл. инженером с 20. 07.1961г.
74. Скорик Н. А. -назначен гл. инженером по трудоемки процесом
75. Джанпейсов Шматай -назначен зам. дир-ра хоз с 01. 07. 1961г.
76. Ахметжанов М. Б. -назначен зав. мех. довором с 01. 08.1961г.
77. Мухтаров С. -зачислить в штат шофером с 01. 09.1961г.
78. Муталипова Дамелия -уволить согласно подонного заявлением с 04. 01.1962г.
79. Жуканов Сабит -назнчить бригадиром трактора ср №3
80. Таттибаев Тлеукул-принять на работу слесарам а/г с 29. 01.1962г.
81. Сармузин Шагыр- перевести табуншикам кониферми с 26. 01.1968 г. согласно направлений РК КПК назначить управ. Ф№1 с 02. 04.1962г.
82. Рахимжанов Умертай-согласно направления РК КПК назнчить управ. ф№1 с 02. 04. 1962г.
83. Рахимжанов Толеукадыр -перевести упр. Ф№2 с 05. 04.1962г.
84. Отыншин Т-перевести упр. Ф№6 с 05. 04.1962г.
85. Сулейменов Мейрхан -назначить ветсанитаром Ф№6 с 05. 04. 1962г.
86. Игисинов Сарсенбай -назначень веттехником Ф№6 с 10. 05.1962г.
87. Сагадиев Кошкинбая -принять шофером с 17. 07.1962г.
88. Мешелова Саркыт -зачилить в штат Ф№4 разнаробочей с 01. 02. 1962 г.
89. Макажанов Меди -назначить времено зоотехником Ф№3 с 04. 04. 1962г.
90. Алиев Шакар -на основани бюро Шетского РК КПК назначить гл. зоотехником с 05. 04.1962г.
91. Каратобелов Кабия -освобожден от обязанности зоотехника Ф№1

92. Каскатаев Серик-принять на работу селсарем РММ с 19. 01.1962г.
93. Сагадиев Ермек-предаставить отпуск за 1961г.
94. Боранбаеву Нагиму-зачислить в штат с 04.12.1962г.
95. Магутову Майру-уборщицы с 04.12.1962г.
98. Сейлбекову Шаким -посудамой-ей с 04.12.1962г.
99. Молдаханов Кабдыкарим-назначен на должнось гл. зоотехника с 26. 09.1962г.
100. Садыков Толеген -принять на работу чабана Ф№5 с 04.10.1962г.
101. Айменбетов Елемес-освобожден от обязнности тр. бригадира тф.
б. приказ №5 с 15.10.1962г.
102. Ахметов Шоиман -назначить бригадиром тр. Бригады №5 с 15. 10.1962г.
103. Саденов Нургали - уволить в связи с призывом в ряды сов. армии с 21. 11.1962г.
104. Айнатаева Саябек-уволить в связи с призывом в ряды сов. армии с 21.11.1962г
105. Ахметов Шойман-уволить в связи с призывом в ряды сов. армии с 21.11.1962г
106. Досанова Гайни- зачислить доярка Ф№ 4 с 01.11.1962г.
107. Дюсеков Байдаш -представить отпуск для здачи эказамена Каркаралинский зооветтехником.
108. Капасова Балтабая -назначить планавиком-экономистов с 15.11. 1962.
109. Омарову Зубайру- зачислить в штат Ф№4 истопницей с 14. 01. 1963г.
110. Байтанасов Медет -предаставить отпуск за 1961-1962г.
111. Сегизбаев Сагындык -назначить инженером- технологом с 21. 01. 1962г.
112. БайтановМейрамбай- назначить помбриг. тр-т. приказ №3 с 01. 03.1963г.
113. Ордбаева Бахыта Есмагаевича-зачислить в штат а/г шофером с 01.04.1961г.
114. Оразалина Галым -назначить бриг. тр-т приказ Ф№1 с 01. 04. 1963г.
115. Капасова Серика - зачислить в штат а/г. шофером с 02. 06.1963г.
116. Баданова Искендира- принять на должность нач. эл. станции с 26. 07.1968г.
117. Бабаханов Тохабай- принять в штат стройцеха старший плотником с 17.12.1962г.
118. Тохметов Сагат -принять зав. складамцентр. зерносклада с 25. 06. 1963г.
119. Стыбаев С-принять на временную работу зав. током Ф№5 с 12. 08. 1963г.

120. Косыбаев А- уволить из штат тр-та в связи с уходом на учебу с 23. 09.1963г.
121. Аскаров Марат -принять на работу диспечером а/г.
122. Шалгимбеков Торгай- переведен бух. цен. бух с 02.12.1963г
123. Сулейменов А. - зачислить в штат ЦРМ учеником медный цех с 07. 01.1964г.
124. Алимбаев Сияз-принять на работу шофером с 13. 02.1962г.
125. Тайбеков Омара-уволить в связи на пенсию с 13. 02.1962г.
126. Жолдасбекова И. -зачислить в штат а/г шофером с 01. 01.1964г.
127. Ракишев Бакыт-назначить гл. аграномом с 12. 03.1964г.
128. Матаев О - зачислить в штат с/з в качестве зам директора с 28. 04. 1948г.
129. Темирханову У-назначить экон-ом по труду с 14. 05.1964г.
130. Тойшыбеков Елемес-принять на работу десятноком стройцеха с 01. 06.1964г.
131. Клиев Серик -переведен бриг Ф№6 с 22. 06.1964г.
132. Туганбаев С-исполнить в качестве слесаря кот. цеха с 03. 08. 1964г.
133. Боханов Х-назначить упр. Ф№1 с 01. 08.1964г.
134. Молдаханов К-освободить от обязнности гл. зоотехника с 18. 08. 1968г.
135. Есмаганбетов Самат-принять на работу аграном с 17. 08.1964г.
136. Хантурин Х-переведен бригадиром Ф№1 с 26. 08.1964г.
137. Жокенову Мажире-предоставить отпуск за период работ 1963-1964гг.
138. Айешов Габдулла-принять на работу шофером а/г с 12.11.1964г.
139. Сатыбалдин Магауия-назначить уч. мех Ф№4 с 16.12.1964г.
140. Литин Васил. Вас -зачислить механиком с/х машин с 25/ IY- 61г.

**Шет: МЖС-і, МТС-ы, РТС-ы және Орджоникидзе атындағы совхоздың архивтік деректерін жинақтаған 85 жастағы қария Медет Байтанас, таспаға дайынтаған Боранбай Жұмкин.**

# IV БӨЛІМ

## Орджоникидзе атындағы колхоз совхоздың еңбеккерлері

## ОРДЖОНИКИДЗЕ АТЫНДАҒЫ КОЛХОЗ, СОВХОЗДЫ БАСҚАРҒАН БАСШЫЛАР:

1. Көбенов Айеш-1931-1937жж [Алғашында «Мойынсерік» (ТОЗ)кейіннен Рыков атындағы колхоз]
2. Сарсембаев Ормаш- 1938-1940жж
3. Әлкеев Изатбек- 1940-1941жж
4. Төкенов Жұмабай-1941-1953жж
5. Арыстанбеков Рахым-1953-1955жж
6. Хайдаров Жақып-1955-1956жж
7. Борнаев Қаппар-1956-1958жж
8. Уалиев Молдағали-1958-1959жж
9. Тәкішев Жұматай-1959-1961жж
10. Рақышев Серік-1961-1964жж
11. Искаков Төкім-1964-1977жж
12. Сейілбеков Қуаныштай-1977-1985жж
13. Тусупов Есенқұл-1985-1991жж
14. Хамзин Бекежан-1991-1992жж
15. Тілегенов Ермек-1992-1993жж
16. Қасымов Шәкір-1993-1995жж

Орджоникидзе атындағы колхозды 30 жыл ішінде ауданның 9 азаматы, совхозды 60 жыл ішінде 7 азаматы басышылық жасаған.

Осы айтулы басшы азаматтардың барлығының қысқаша өмір деректері кітапта орын алған.



### Төкенов Жұмабай
### (1909-1999)

Жұмабай Төкенұлы 1909 жылы Шет ауданына қарасты Қызылтау болысының №1 ауылында дүниеге келген.

Жұмекең Қаракесек Қояншытағай руының Берлібай бұтағына жатады.

Жас кезінде ауыл молдасы Ыстыбайдың Канапия (Қапаш) молласынан ескіше, арабша білім алып, әрі қарай оқуын латынша жалғастырып, ашаршылықтан бұрын 20-жылдардың аяғында 4 сыныптың көлемінде білім алды. Жасынан зерек болған Жұматай әкеміз соғыстың алдында аудандық мекемелерде, қаржы бөлімінде халық банкісінде есеп-қисап жұмыстарын атқарып 1940

жылы Қызылжар қаласында колхоздарға басшы-кадр дайындайтын қысқа мерзімдік курсты бітіріп, Орджоникидзе колхозында, бухгалтер-счетовод, басқарма төрағасының орынбасары болып еңбек етеді.

1941-1953 жылдары осы колхоздың төрағасы лауазымында соғыс кезіңде және одан кейін халық шаруашылығын қалпына келтіруге аянбай атсалысып, тер төгеді. Әрі қарай еңбек жолы 1953-1961 жылдары ауданның «Ақбұлақ» колхозында басқарма болып, Шет ауданның тұтынушылар одағына (РайПО) қойма меңгерушісі, дүкен ұстаушы қызметтерін атқарды.

1961-1970 жылдар аралығында Орджоникидзе атындағы совхоздыа орталық жанар-жағармай базасының меңгерушісі болып абыройлы жұмыс атқарды.

Жұмекеннің ұзақ жылғы табысты еңбегі бағаланып бірнеше рет республиканың, облыстың, ауданның марапаттарына ие болды.

1941-1945жылдары «Германияны жеңгені үшін»

1957 жылы «Тың жерлерді игергені үшін»

1970 жылы «Ерең еңбегі үшін» т. б. салалық марапаттарымен награтталды.

1934 жылы Жұмаділдақызы Дариғамен шанырақ көтеріп, өмірге 4 қыз 3 ұл әкеліп, кезінде оларды құтты орыңдарына қондырды. Жұмабай әкеміз сөге шешен, бұрыңғы ертегі, қисаларды, Баян батыр поэмасын жатқа айтатын, от ауызды, орақ тілді, көргені мен көрегендігі көп болған ауданның абыз ақсақалдарының бірі еді.

Жатқан жерін жайлы болып, жанның жәннатта, тәннің рахатта болсын.



**Әлікейұлы Изатбек**
**(1890-1970)**

Изатбек ағай 1890 жылы Қарқаралы уезіне қарасты Мойынты болысының №4 ауылында дүниеге келген. Жас кезінде ауылдағы Ысқақ молладан дәріс алып, кейін өзі ауыл балаларына сабақ берген. Арабша жақсы оқып жаза білген адамға латынша оқу жеңілге түскен.

1923-1924 жылдар Қарақаралыға мұғалімдер даярлайтын оқуға түседі. Оны бітірген соң өз ауылына мұғалім болып келеді.

1930-1931 жылдары Нұраталды совхозында бастауыш мектепте мұғалім болып қызмет істейді. 1931 жылы Байшегір колхозына көшіп келіп, Қызылтау қосалқы шаруашылығына жұмысқа тұрып, Керегетас бөлімшесінің басқарушысы болады. 1934 жылы Ленин атындағы кол-

хоздың партия ұйымының хатшысы қызметін атқарады.

1937жылы ауданның оқу бөліміне, финанс бөліміне, тұтыну одағы қоғамының инспекторы болып құызмет атқарады. 1940 жылы Орджонокидзе атындағы колхозда басқарма болып қызмет істеді.

1941-1942 жылдан 1967 жылға дейін Шет ауданының Октябрь (Тұмсық а) колхозының басқармасы, әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1967 жылдан бастап зейнетке шыққанша өзінің барлық білімі мен еңбек жолын еліне, отанына жұмсаған қарт коммунист 80 жасқа келіп дүние салды. Атаны көзі көрген немерелері, шөберелері еске алып отырады. Олар ата дәстүрін әрі қарай лайықты жалғастыруда.



**Арыстанбеков Рақым**
**(1910-1960)**

Шет ауданы Қызылтау болысына қарасыты №2 ауылда дүниеге келген. Руы қояншытағай Ел тағдырын өз өмірінен биік қойған, жұртының амандығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен абзал жан еді.

11 баланың әкесі, әр баласына білім нәрін егіп, адамгершілігі мол болсын деп тәрбиелеп өсірді. Балалары еңбекқор, өз үлгілерін туған жерінің көркеюіне аянбай атсалысты. Өзі еңбекке 13 жастан бастап кірісіп, Ақбұлақ елді мекенінде қолхоздың басқармасы болып жұмыс істеді. Сол қиын кезеңде халықтың тұрмыс -тіршілігінің жақсаруына мейлінше атсалысып, қолдау жасады. Ашаршылық жылдарында жағдайы күрт төмендеп ауылдың азаматтарына қол үшін беріп, бір үзім нанмен бірге бөлісті.

1953-1955 жылдары Орджоникидзе атындағы колхозды басқарды. Осы кезеңде Рахым әкейдің өзіне жүктелген қоғамдық жұмыстарға үлкен жауапкершілікпен қарап, «жылан» жылғы жұттан қоғамдық малды шығынсыз алып шыққанына колхоз еңбеккерлері дән ризашылығын білдірген болатын. Өмірінің соңғы жылдарында аудандық тұтыну одағында - Райпода есепші болып қызмет атқарды. Өте қарапайым, жүрегі жылы, аққөңіл азамат еді.

Ел ішінде, ағайын арасындағы дау -дамайларға, бітімгершілікке араласып, сөзін тыңдата алтын. Әкеміздің жан бейнесі біздің, ұрпақтардың жадында мәңгі сақталады. Жатқан жерің жәйлі топырағың торқа, иманың жолдас болсын.



**Уалиев Молдағали**
**(1908-1990)**

Шет ауданына қарасты Қызылтау болысының №2 ауылында дүниеге келген. Қоғам қайраткері Ұлы Отан соғысына қатысқан (1942-1943) 1939 жылы Қаз ССР ХШК жанындағы совет құрлысы курсын бітірген. Жас кезінде 1917-1925 жылдары Спасск зауытында және Қарсақбай кенбайыту комбинатында жұмысшы болып еңбек еткен. 1926-1929 жылдары Орынбор қаласында жеті жылдық жас өспірімдер және өлекелік милиция курсын тамамдаған. 1931 жылы Шет ауданының құпия бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған. 1932-1938 жылдар аралығында. Қарағанды қалалық милиция бөлімінде милиционер, Нұраталды совхозының саяси бөлім хатшысы, ауылдық кеңес төрағасы болып абыройлы қызмет істеген. 1940-1941 жылдары Шет ауданының төрағасы лауазымында болған. 1942-1955 жылдары Нұраталды совхозында директордың орынбасары болып еңбек еткен. 1956-1957 жылдары Орджоникидзе атындағы колхоздың басқармасы болған. 1958-1970 жылдар арлығында Нұраталды совхозында әртүрлі қызметтерді атқарған. Молдағали әкеміздің Болат, Жеңіс, Шәйтмахмет атты балалары ержетіп, жоғары білім алып мұғалімдік және құрлысшы мамандықтарымен кеншар тұрғындарына ұзақ жылдар бойы қызмет көрсетті. Арттағы ұрпақтары ержетіп, әр түрлі салаларда еңбек етеді.



**Борнаев Қаппар Мұхамеджанұлы**
**(1904-1984)**

Ұлы Отан соғысының ардагері. 1939 жылдан КПСС мүшесі, дербес пенсионер Борнаев Қаппар 1904 жылы 12 мамыр айында Қарағанды о/ы. Қарқаралы қаласында (бұрыңғы Семей губерниясының Қарқаралы уезінде ) кедей шаруа семьясында дүниеге келген. Қапекең байдың жалшылығында жастық шағын өткізді.

Ұлы Отан соғысының ардагерлері 9 мамыр - Отанын оттан қорғап, жеңіс деп жанын шүберекке түйген азаматтардың ерліктері еш ұмытылмақ емес. Қан майданның қаһарынан ықпай, намысты ту еткен батырларымыз соғыс жылдарынан кейін түрлі салаларда жұмыс атқарып, елдің дамуына тағы бір мәрте үлестерін қосты. Биылғы Ұлы Жеңістің 75 жылдығы-

на орай ардагерлер туралы әңгіме айту - ұрпақтары біздердің ардагерлерге деген құрметімізді білдіреді. Ұлы Отан соғысына қатысып, ауыр ұрыс жағдайларында жаулармен соғыса жүре Борнаев Қаппар ержүректік, табандылық көрсетті. Ұрыс кезінде бірнеше рет жараланған Қапкең партия мен Отан алдындағы еңбегі үкіметіміздің жоғары наградаларымен аталып өтті. Шайқаста батырлық пен жігерлік көрсеткені үшін І дәрежелі Отан соғысы орденімен, «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы жауынгерлік ерлігі үшін екі «Қызыл жұлдыз» орденімен, «Жауынгерлік ерлігі үшін» басқада көптеген наградалармен марапатталды. 1931жылы Шет аудандық Р.Люксембург колхозына (қазіргі «Ақшоқы» совхозының №3 Ақбауыр бөлімшесі (колхозшы болып еніп, онда көп жыл бойы еңбек етті.

Партияның жалынды патриоты, Отан ісіне берілген азамат Ұлы Отан соғысында батылдық пен ерліктің, азаматтықтың шынайы бақытына жетті. Туған жерге оралған Қапкең соғыстан зардап шеккен халық шаруашылығын қалпына келтіруге белсене араласты. 1945 жылдың ноябрінде Р. Люксембург колхозында колхозшы, 1946-1947 жылдары Қарсаз колхозының (қазіргі Ақадыр ауданындағы «Октябрьдің 40 жылдығы» совхозының бөлімшесі) председателі, 1945-1957 жылдары Р.Люксембург, 1957-1958 жылдар Орджоникидзе атындағы колхоздардың председат- елі, 1961 жылдан 1966 жылға дейін «Путь коммунизму» совхозында (қазіргі аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігі) бөлімше басқарушысы. 1966 жылдан пенсияға шыққанға дейін 18 жыл бойы «Ақшоқы» совхозы директорының шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды.

Қапкең қандай да болмасын партиялық, өндірістік жұмыстарда өзін белсенді де принципті азамат ретінде таныта білді. Аға ұрпақ өкілдерінің орасан зор мүмкіндігі мен тәжірибесін, адамгершілік бейнесін жас жеткіншектер бойына дарытуға жұмсай білді. Қапкең алты бала өсіріп жеткізді. Балалары кәзіргі таңда ақарлы-шақарлы отбасы. Зейнеткерлікке шыққанға дейін еңбек етті.

1987 жылы 11 апрельде ұзаққа созылған ауыр науқастан қайтыс болды. Сұрапыл соғыс жылдары азаматтар біздің Отанымыздың белсенді қорғаушылары сапында болған. Ұлы Отан соғысындағы олардың ұрпаққа үлгі етерліктей ерлігі тарихта өшпестей із қалдырып, халқымыздың жадында мәңгілік сақталады.

Ардагерлеріміздің жанқияр ерлігі мен еселі еңбегінің жемісі. Уақыт өткен сайын сұрапыл соғыстың дүрбелең оқиғалары алыстап барады. Десек те, Отан үшін от кешіп, кеудесін оққа тосқан баһадүр бабаларымыздың ерен ерліктері ұмытылмайды. Ұлы Отан соғысындағы олардың ұрпаққа үлгі етерліктей ерлігі тарихта өшпестей із қалдырып, халқымыздың жадында мәңгілік сақталады. Отанымызды сүйіп, қастерлей білейік.

Ел - жұртымыз аман, берекелі заман болсын! Отанымызды сүйетін азаматтарымыз көбейе берсін!

**Жиені: Мажимова Шолпан**

**БОРНАЕВ КАППАР 60 ЖАС**

*Коммунист 40 жылдай елін баққан,*
*Лениншіл адал еңбек отын жаққан.*
*Көп алғыс 30-дан аса грамоталар,*
*Екі орден Қызыл жұлдыз алып таққан.*

*Кәзірде ақсамай қарт 60 асқан,*
*Өмір, тұрмыс бәрінің тілін тапқан.*
*Айына 90 сомнан пенсия алып,*
*Әліде еңбекте жүр үлес қосқан.*

*Жайдарлы ашық мінез бала жастан,*
*Үздіксіз өнер жігер пайдаға асқан.*
*Балдай сөз балғын деп махабаттан,*
*Коллектив мейірленіп алғыс айтқан.*

*Халық айнасы планшетке ұсынамыз,*
*Алқасы жұлдыз журнал сұранамыз,*
*Орын беріп сипатын көрсетуге,*
*Тарихын ісі дәлел баяндаймыз.*

*Қажырлы зор еңбегі сіңгендіктен,*
*Пайдалы тәжіребие бергендіктен,*
*Совхоздың коллективі тілек айтар,*
*Өлең - жыр сөзімізбен сүйгендіктен.*

**Ақшоқы совхозының коллективі:**

1. **Токишев Қияш**
2. **Айтжанов Егінбай**
3. **Керимов Құндақбай т. б. 1966 ж.**



**Тәкішев Жұматай**
**(1913-1988)**

Жұмекең Шет ауданында Нұра бойындағы Кеншокы ауылында 1913 жылы дүниенің есігін ашқан. Алмағайып кеңес заманының тұсында 30 жылдары елдің алдыңғы қатарлы зиялы азаматтарымен иық тіресіп Жұмекең ауданның ірге тасын нығайтуға атсалысқан. Жас кезінен бастап еңбекке ерте араласып, 1939-1941 жылдары Шет аудандық комсомол комитетінің хатшысы, әрі қарай аудандық партия комитетінің нұсқаушысы қызметтерін атқарды. Жұмекең осы қызметте жүргенде соғысқа алынды.

Соғыста атқыштар полкінің рота командирі болып 1944 жылы ауыр жараланып, бір қолынан айырылып, елге қайтады. Ауыр жарақатына қармастан Жұмекең бейбіт өмірде елдің күйзелген халық шаруашылығын қалпына келтіруге белсене кірісіп, атсалысады.

1946-1948 жылдары ауданның іргелі шаруашылығының бірі болған Сталин атындағы колхозды басқарды.

1945-1956 жылдары Роза Люксенбург (Ақбауыр) және Орджоникидзе (Ақтөбе) колхоздарында ауыл кеңесінің төрағасы қызметін атқарды.

1958-1961 жылдары Орджоникидзе колхозында басқарма болып еңбек етеді.

1962-1973 жылдары Орджоникидзе атындағы және Кеншокы совхоздарында жұмысшылар кәсіподақ комитетінің төрғасы болып абыройлы жұмыс атқарып, зейнеткерлікке шығады.

Отан үшін от кешкен білікті басшы Тәкішев Жұматай соғыстағы ерліктері үшін «Ерлігі үшін» медалімен, I дәрежелі Отан соғысы орденімен және Жеңістің бірнеше медалдарымен награтталған.

1956 жылы 1964 жылдары «Тың жерлерді игергені үшін» медалдарімен марапатталған.

Жұмекең арттағы ұрпағы баршылық. Нәсжан анамыз өмірге 9 перзент әкеліп, бәріне білім нәрін бергізіп, құтты орындарына қондырған. Аллаһ әкеміздің жатқан жері жарық болып, рухы пейіште шалқысын!



**Искаков Төкім**
**(1915-1984)**

Төкім Ысқақұлы Ақмола облысының Еркіншілік ауданының №1 ауылында 1915 жылы дүниеге келген. 1935 жылы Көкшетау Техникумін бітірген. Әкеден ерте айырылған Төкең еңбекке ерте араласып, өмір жолын қарапайым жұмысшыдан бастайды.

1935-1942 жылдары Ақмола облысының Қорғалжын, Қарағанды облысының Ворошилов аудандарында мемлекеттік банкта инспектор, әрі қарай басшысы болып қызмет атқарады. Төкеңнің жұмысыңа деген қабілетімен тыянақтылығы облыс басшыларының назарына түсіп, еңбек жолы кеңестік партиалық қолдаумен жоғарылай береді. 1943-1950 жылдары облыстың Қу ауаткомның салалық хатшысы, екінші хатшысы қызметтерін атқарды. 1951-1954 жылдары Ұлытау және Жанарқа ауаткомның бірінші хатшысы лауазымында еңбек етеді. 1954-1964 жылдар аралығында Нұра ауаткомының хатшысы. «Париж коммунасы» колхозының төрағасы, Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы басқарма бастығының орынбасары қызметтерін атқарған.

Төкең ұзақ жылдар бойы аудандық, облыстыңқ деңгейде партия-совет, шаруашылық жұмыстарда, лауазымдық қызметтерде болып, мол тәжрибе жинақтап, кемел жасқа 50-ге қараған шағында 1964 жылы Орджонникизе атындағы совхоздың тізгінін ұстайды. 1964-1977 жылдары Төкем кеншардың экономикасын көтеруге, халықтың әл-ауқатын жақсатруға аянбай еңбек етіп, тер төкті. Төкеніңқолдауымен Орджонникидзе совхозы арқылы аудан орталығы Ақсу-Аюлы селосында бірталай мәдени-тұрмыстық ғимараттар салынды.

Олар; ауданың мәдениет үйі, бала-бақша кешені, Абай көшесіндегі 10 екі пәтерлі тұратын үй, Шортанбай даңғылындағы бұрынғы ауыл шаруашылығы басқармасының ғимараты т. б. Орджонникизе кеншарының қаржысы арқылы салынып, аудан тұрғындарының тайдалануына берілді.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын»-дегендей жоғарыдағы халық үшін жасалған Төкеңнің жақсылықтарын бүгінде аудан тұрғындары рахатын көруде.

Төкеңнің еңбегі мемлекет тарапынан бағаланып 1975 жылы Қазақ ССР ауыл шаруашылығына еңбек сіңірген қайраткері атағын алды. Төкен екі мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен және көптеген медальдармен марапатталды. 1984 жылы өмірден озды. Төке мәңгілік тұрағында Алла жәнаттан орын берсін. Ұрпағына ұзақ ғұмыр тілеймін.



**Сейілбекұлы Қуаныштай**
**(1935-2020)**

Сейілбекұлы Қуаныштай 1935 Шет ауданы Еңбекшіл колхозында дүниеге келіп, 2020 жылы 3 шілдеде дүниеден озды. Әкесі Сүлейменұлы Сейілбекті 1942 жылы Ұлы Отан соғысына алып кетеді. Шешесі Андыржанқызы Әлия 2 баламен осы еңбекшіл колхозында тұрады. Әкесі сол кеткенше қайтып елге оралмады. Қуаныштай 1955 жылы аудан орталығында, қазақ орта мектебін бітірген. 1956 жылы Қарағанды қаласындағы кәсіптік-техникалық училищені тәмамдайды.

Еңбек жолын Шет МТС-де жөндеуші-слесарь болып бастайды. 1961 жылы Орджоникидзе кеншары құрылғанда инженер-электрик қызметін атқарды. Арнаулы оқу орынын бітіргеннен кейін 1970-1977 жылдары кеншарыда зоотехник, 1977-1986 жылдары осы кеншардың директоры, 1986-1988 жылдары аудандық қаржы бөлімінде аға инспектор болып, табысты еңбек етті.

Қуаныштайдың ерең еңбегін бағалап 1970 жылы «Ерең еңбегі» үшін медалімен, 1982 жылы КСРО жоғары Кеңесі Президумының Жарлығымен «Құрмет белгісі» орденімен және жемісті еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

ҚР Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы жарлығымен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 65 жыл медалімен, 2015 жылдың 17 қыркүйектегі Шет ауданының Мәслихатының шешімімен Шет ауданының Құрметті азаматы атағы берілді.

Қуаныштай ағамыз зейнеткерлікке шыққанан кейін де аудандық-қоғамдық саяси өміріне белсене араласты.

Өмірдегі жары Жапкенқызы Үмила 1936 жылы Шет ауданы Нұраталды совхозында дүниеге келген. Үмила ұзақ жылдар бойы Орджоникидзе кеншарыда зейнеткерлікке шыққанға дейін есепші болып жұмыс атқарды. Алтын құрсақты батыр ана. 12 баладан 32 немере 20 шөбере.

Қуаныштайқызы Гүлден осы кеншарда кітапханашы жұмысын істеді, көп балалы ана зейнеткер. Қуаныштайұлы Айдос осы Орджоникидзе совхозында 15 жылдай жүргізуші болып еңбек етті. Басқа балалары жоғары, орта білімді әр түрлі маман иесі, әке-шеше жолын жалғастырып халқына еңбек етіп, саналы ұрпақ тәрбиелеуде.

Қуаныштай өмірінің соңына дейін Шет ауданының Соғыс және еңбек ардагері кеңесінің төраға жұмысын абыроймен атқарды. Қуаныштай ағай жатқан жерің жарық, иманын серік болып, арттағы ұрпағына ұзақ ғұмыр тілейміз.



**Түсіптегі Есенқұл Ерденбайұлы**
**(1942-2009)**

Шет ауданның Шет совхозының орталығы Үңірек ауылында 1942 жылқы жылы өмірге келген. 1960 жылы аудан орталығы Ақсу-Аюлыда орта мектепті бітірген.

1969 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтының механикаландыру факультетіне түсіп, жоғарғы білімді ауыл шаруашылығы саласының инженер-механик мамандығын алады.

1970-1985 жылдар аралығында ауданның Нұраталды, Кеншоқы, Бұрма, Шет совхоздарында механик, орталық шеберхананың меңгерушісі, бас инженер, бөлімшенің басшысы қызметтерінде болды.

1985-1994 жылдары Орджоникидзе мен Акшоқы совхоздарының директоры болып, абыройлы қызмет атқарды.

1995 жылдан өмірінің соңына дейін «Ақсу» шаруа қожалығына басшылық жасап еңбек етті.

2009 жылы жұбайы Венерамен бірге жол апатынан өмірден өтті.

Есенқұл Ерденбайұлының азаматтық болмысы мен адами қасиеттері өте жоғары болған. Ортада дос-жанадары мен әріптестерінің арасында сый-құрметке иленді. Оның ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігі әр кезде көзге көрініп тұратын.

Ескенің еңбектегі табысты жетістіктері дер кезіңде жоғарғы жақтаң бағаланып ол бірнеше дүркін ауданның, облыстың Құрметі мен Алғысына бөленді.

1981-1985 жылдары Есенқұл Ерденбайұлы облыстық партия комитетінің мүшесі болып, ауыл тұрғындарының тұрмыстың әл-ауқатын жақсартуға өзіндік үлесін қосты.

Есенқұлдың қалап қосылған жары Венера Төлеуқұлқызы ұзақ жылдар бойы М.Горький атындағы орта мектепте ұстаз болып, жастарға білімнің нәрін беруге шынайы қамқорлық жасады. Артында ұрпағы баршылық. Бүгінде балалары Жанболат, Мұрат, Қанат, әке-ана жолын, ұрпақ сабақтастығын жалғастырып, еліміздің өсіп, өркендеуіне ат салысуда. Марқұмдарға Аллаһ пейіштен орын беріп, ұрпағының ұзақ ғұмыр кешуін нәсіп етсін!



**Хамзин Бекежан**
**(1939)**

Бекежан Құсайынұлы Шет ауданның бұрыңғы Сталин атындағы, қазіргі Кеншоқы ауылында 1939 қоян жылы кедей шаруаның отбасында дүниеге келген.

1956 жылы аудан орталығы Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіріп, институтқа түскенге дейін Сталин, кейіннен Орджоникидзе атындағы колхозда, совхозда қатардағы жұмысшыдан бастап, көлік жүргізушісі болып еңбек етеді.

1968 жылы Қарағанды политехникалық институтының автотранспорт факультетін бітіріп, жоғарғы білімді автокөлік саласының инженер-механик мамандығын алады. Еңбек жолын Ақмола облысының «Шалқар» совхозында автомеханик болып, қызмет атқарған. Әрі қарай еңбек жолы ауданның Шет совхозында жалғастырып совхоздың бас инженері болып еңбек атқарды.

1979-1988 жылдары Шет ауданның ауыл шаруашылығы басқармасының бас инженері, аудандық«Казсельхозтехника» бірлестігінің директоры, аудандық агроөнеркәсіп бірлестігі (РАПО) төрағасының бірінші орынбасары лауазымдарында болып, абыройлы еңбек атқарды.

1988-1992 жылдар аралығында аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы, Орджоникидзе атындағы совхоздың директорп болып қызмет атқарды.

1992-1997жылдары ауданның ауыл шаруашылығы басқармасының бастығының орынбасары, бас маманы қызметтерін атқарған.

1997-2003 жылдары Зейнетақы төлеу мемлекеттік орталықтың аудан бөлімшесінің бастығы болып, осы мекемеден құрметті демалысқа, зейнеткерлікке шығады.

Бекең бірнеше дүркін аудандық Мәслихаттың депутаты болып, аудан тұрғындарының әлеуметтік жағдайларының жақсаруына өзіндік үлесін қосқан халықтың қалаулысы болған азамат.

Бекежан Құсайынұлының еңбегі әр жылдары Үкімет тарапынан бағаланып, бірнеше рет ауданның, облыстың Құрмет грамотралары және Алғыс хаттарымен марапатталды. «Нұр-Отан» партиясның мүшесі, Президенттің сайлауларында Н.Назарбаевтың сенімді өкілі болып, 2016 жылы Елбасының Алғыс хатымен марапатталды.

Бекежан Құсайынұлының жұбайы Мырзағалиқызы Тайтөлеу өмірге 5 перзент әкеліп, отағасымен бірге оларды тәрбилеп, білім бергізіп, құтты орындарына қондырған ауданның абыройлы, үлгілі отбасы.

**Тлегенов Ермек Сатайұлы**
**(1952)**



Шет ауданы, Шет кеншары Қармыс ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары, ғалым-агроном.

Еңбек жолын 1969 жылы Шет орта мектебін бітіргеннен кейін Шеткеншарының Тұмсық бөлімшесінде есепші болып бастаған.

1970-1972 жылдары Ресей Федерациясының Кемерова қаласында Совет Армиясы қатарында әскери борышын атқарған.

1972 жылы Мичурин совхоз-техникумының «Агрономия бөліміне оқуға түсіп, 1975 жылы үздік дипломмен бітірді.

1973-1976 жылдары Тұмсық бөлімшесінде агроном болып істеген.

1976 жылы шілде айында Шет аудандық мемлекеттік тұқым инспекциясының бастығы қызметіне тағайындалған.

1978 жылы желтоқсан айында Шет аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас агрономдығына қызметіне жоғарлатылған.

1989 жылы Целиноград ауылшаруашылығы институтын бітірген.

1991-1992 жылдары аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары, **1992 шілде айынан 1994 жылдың қаңтарына дейін Орджоникидзе атындағы кеншар директоры,** 1994-1998 жылдары аудандық агроөнеркәсіп бірлестігінің өсімдік шаруашылығы жөніндегі бас маманы, аудандық шаруа қожалықтары «Нұра» қауымдастығының төрағасы, 1998-2003 жылдары аудан әкімі аппаратының кеңсе және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған.

2003-2015 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» ММ-сінің Шет аудандық филиалының директоры болып істеген.

Республикалық кәсіподақтар одағының бірінші және екінші дәрежелі «Еңбек даңқы» төс белгісімен және бірнеше Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен марапатталған.

Жұбайы: Тлегенова. А.Ә. ұзақ жылдар бойы тұқым шаруашылығы саласында қызмет істеп 2010 жылы зейнеткерлікке шықты.

Төрт баланы тәрбиелеп өсірген: Сымбат Дубовка орта мектебінде жоғары білімді ұстаз, Мақсат ішкі- істер органдарында қызмет істеп, зейнеткерлікке шыққан. Әсель облыстық жердің пайдалануымен қорғалуын бақылау басқармасының бас маманы, Айзат «Халал-Даму» ЖШС технолог маманы.



**Қасымов Шәкір Бәкірұлы**
**(1936)**

Шет ауданның Қызылтау ауыл советіне қарасты «Игілік» колхозында 1936 жылы туған. Әкесі Бәкіров Қасым соғыстан бұрын «Игілік», Ақтөбе колхоздарында басқарма болып, мал шаруашылығын басқарған.

1949 жылы Ақтөбе колхозында бастауыш мектепті бітіріп, әрі қарай оқуын Қарағанды қаласында ағасы Зәкірдің қолында жалғастырды. 1956 жылы қаладағы Жамбыл атындағы жалғыз қазақша онжылдық орта мектепті бітірді.

1987-1961 жылдары Шәкең қаладағы көлік жүргізуші 6-айлық курсты оқып, куәлік алып туған жеріне Ақтөбеге оралып, сол кезеңде аудан көлемінде ырғақты жұмыс істеп тұрған Шет МТС -қа көлік айдаушы (шофер) болып еңбек атқарды. Бұл уақытта МТС-ның бас инженері ауданға белгілі жоғарғы білімді азамат Рақышев Серік ағай болатын. Шәкеңнің жұмысқа деген жауапкершілігі мен тиянақтылығын байқаған МТС-тің директоры Секең оны автогараждың механигіне тағайындайды. Шәкеннің еңбек жолы әрі қарай Орджоникидзе совхозында жалғасады.

1961-1973 жылдары Шәкең совхоздың автогараж басқарушысы, бас инженері болып еңбек етті.

1973-1980 жылдар аралығында Шәкір Бәкірұлы ауданның «Путь к коммунизму» совхозының партком хатшысы, Жарықтағы аудандық «Казсельхозтехника» сауда конторының директоры, Шет аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінің басшысы қызметтерін атқарды.

1980-1993 жылдары ауданның «Дарья», Ақшоқы совхоздары мен ауатком төрағасының бірінші орынбасары лауазымды қызметтерді абыройлы атқарды.

1993-1995жылдары Орджоникидзе совхозының басшысы болып, оны жекешелендіріп, орнына 30-дан астам шаруа қожалықтарын құрды.

Шәкір Бәкірұлының еңбек жолындағы табыстары үкімет тарапынан бағаланып 1957 жылы «Тың жерлерді игергені үшін», 1976 жылы «Ерең еңбегі үшін» және көтеген салалық марапаттарға ие болды. Шет ауданның Құрметті азаматы Шәкең ағай балалары мен немерелерінің ортасында мамыржай күндері мен жылдарың өткізудің үстінде. Ағайға Аллаһ ұзақ ғұмыр берсін!



## Рақышев Серік Ыбыкейұлы (1931-1994)

Жаңа заман, өзгерген қоғам, адам өмірін жеңілдеткен түрлі технологиялар. Бұл әрине XXI ғасырдың жетістігі. Бұдан ел жастары қалыс қалмауы керек. Әйтседе. . . өткенді ұмытпауымыз қажет. Ата бабаларымыздың бойындағы болмысын, жанарларындағы жалынды от, алға қойған мақсат, өзіне деген сенім талай жетістіктерге жетеледі. Дәл осы қасиетке ие аптал азамат ағамыз Рақышев Серік Ыбыкейұлы туралы Тарихи- Энциклопедия беттерінде жиі кездеседі.

«Табысқа жету үшін тер төгу керек. Табыс-тердің төлемі. Адам, ең бастысы еңбектенуге, қолға алған іске күш-қуат, ақыл ойын жұмсауға ерінбеуі керек»- дейтін Орджоникидзе совхозының алғашқы ұйымдастырушысы, 30 жастағы директор болып тағайындалған Рақышев Серік Ыбыкейұлы.

Рақышев Серік Ыбыкейұлы 1931 жылы желтоқсан айында Шет ауданы Ақсу-Аюлы селосында дүниеге келген. Отбасында 5 баланың тұңғышы, 2-ұл, 3- қыз. Қазақ орта мектебін алғашқы бітірушілер қатарына жатады. Орта мектепті, он жылдықты бітірісімен Алматы Ауылшаруашылық Институтының «Ауылшаруашылығын Электрлендіру факультетіне» түсіп 1955 жылы Қызыл дипломмен бітіріп, туып өскен жеріне оралып Шет МТС-ке жұмысқа орналасады. Ол кезде білімді, оқыған мамандар -кадрлар жетіспейтін. Алғашқыда жәй механик болып, одан кейін мастерской-шеберхана меңгерушісі, МТС -тің бас инженері қызметтерін атқарды.

1958-1959жылдары МТС директоры Фищук Г.С. Ленинградқа аспирантураға кеткенде, бас инженер болып қызмет атқарған Серік Рақышев директор қызметіне тағайындалды.

Орджоникидзе атындағы кеншар Шет ауданынының РТС-ның негізінде құрамына Орджоникидзе, Ақсу, және Сталин атындағы колхоздар кіріп, 1961 жылдың 1 сәуірінен жаңадан құрылып шығады. Серік Ыбыкейұлы - жас басшы болсада сол кезде қазақ жігіттерінің оқыған, шаруашылықтың тетіктерін жақсы меңгерген, ұйымдастырушылық қабілеті мол, іскер басшы ретінде адами болмысының жоғары азаматтық келбетін көрсете білді. Осы кеншарда бірге жұмыс атқарып тәжірибе жинақтаған талай азаматтар кейіннен жауапты орындарда қызмет атқарды. Секең ауданның көптеген жастарының жолын ашып, сара жолға салды. Халық үлкен кеншарды 29 жасында басқарғандықтан «ең жас директор» деп ат қойған екен. Аудан бойынша шаруашылықтардың алдынан көрініп, аз ғана уақытта барлық көрсеткіштер бо-

йынша көш бастады. Адал қызмет атқарған, тынымсыз, қатты талап қоятын жан болған. Совхозда 6 бөлімше, 800 дей жұмыскер, қызметкерлер еңбек етті. Ұжым алдында беделі жоғары болғандықтан, халық қатты сыйлады. Кеншардың ферма меңгерушілерін атап айтсақ: Отыншин Төлеуқұл, Рақымжанов Төлеуқадыр, Дарибаев Төкен, Махамбетчин Алпысбай, Скорик Николай, Ыбраев Жәкен, Сулейменов Мейрхан.

Кеншардың орта буындағы мал мамандары мен трактор бригадасының бригадирлері: Биғарашев Бейсек, Жақсыбеков Социал, Ахметжанов Самиғолла, Бакиров Қасым, Темірбеков Жамантай, Жұқанов Сәби, Хантурин Хамит тағы басқа азаматтар болды.

Инженерлік - техникалық қызметкерлер: Ашкербеков Мәкітай, Байтанасов Медет, Туғанбаев Сары, Сейілбеков Қуаныштай, Шәкішев Тәнірберген, Қасымов Шәкір, Баданов Ескендір, Есеп- қисап мамандары Айешев Нестай, Исатаев Серік, Толқынбаев Оңайбек т. б. азаматтар болды. Осы ұлкен ұжым алдында кеншар басшысы Серік Рақышевтың беделі жоғары болды, өйткені білімділігімен, іскерлігімен, төзімділікпен, алғырлығымен, алдына қойған мақсат міндетті, жауапкершілікті жете түсініп қабілетін одан арта жоғарылата білгендіктен қиындықты жеңе білді, халықты сыйлата білді.

1961-1964 жылдары кеншарда жоғары оқу орындарын бітіріп келген ауданның бірталай азаматтары еңбек жолын бастап, ауыл шаруашылық саласының қиын кездерін бастарынан кешіп, Секеңмен бірге біте қайнасып, басшыдан үлгі алып, өз орындарын тауып, кейіннен саланың тәжірибелі басшылары болып қалыптасты. Атап айтсақ: Москваның Темирязев Академиясының түлектері Шайхин Шаймұрат пен Мұратова Қарлығаш, Алматының Ауыл шаруашылық институтының түлектері - Аманжолов Жұмақас, Нуркеев Сәулебек, Ахметжанов Мұрат, Рақышев Бақыт, Алиев Шакар.

Серік Ыбыкейұлы 1965-1970 жылдары аудан бойынша ауыл шаруашылықтарда мамандар жетіспегедіктен Кеншоқыда орналасқан СПТУ 174 Кәсіптік - техникалық училищеге оқытушы болып, ауыл шаруашылық салаларына мамандарды оқытып дайындаған.

1970-1973 жылдары Жезқазған Облыстық ауылшаруашылық басқармасы Жезді ауданының Сарысу совхозына бас инженер қызметіне жібереді.

1973-1984 жылдар аралығында Жезқазған Облыстық ауылшаруашылық басқармасына бас инженері қызметін атқарып жүргенде басқарманың механизация жөнінде бастығының орынбасары қызметіне көтерілді.

1984-1989 жылдары Обл сельхозхимия басшысы қызметін атқарған.

1989-1991 жылдары Ұлытау ауданы энерго сбыт басшысы болды;

1991- 1992 Облсельхоз энерго сбыт басқармасының бас инженері;

1992- 1993 жылдары жеке кооператив басшысы.

Зейнеткерлікке 1993 жылы желтоқсан айында шығып, 1994 жылдың қаңтар айының 28 -ші жұлдызында дүниеден өтті.

Жұбайы Мұхаметжанова Дәмеш Біржанқызы Жезқазған Облысының ауылшаруашылық басқармасында 30 жылдан астам беделді, сыйлы, қабілетімен қамқорлығы басым радист-оператор қызметін атқарып зейнеткерлікке шықты. 2020 жылы қайтыс болды

Серік Ыбыкейұлы 5 баладан 7 немере көрді.

Бойындағы бар қабілетін, қажыр қайратын, еңбегін ел игілігіне арнаған алып жүректі, Серік ағаның есімі ел есінде сақталып, кейінгі ұрпаққа үлгі болу керек.

**Ахметова Гульшара Қамиқызы**
*ҚР мәдениет қайраткері*

**Скорик Николай Николаевич**
**(1920-1982)**

**(Шет МТС, Орджоникидзе совхозының бас инженері)**



1954 жылдың наурыз айының аяғына қарай КСРО-ның одақтас республикаларынан тың игеру науқанына Қазақстанға көптеген азаматтар арнайы жіберілген. Біздің ауданға Украинадан 100-ден аса тың игерушілер келген. Солардың бірі Скорик Николай Николаевич еді. Ол 1920 жылы Украинаның Кривогород облысының Петровский ауданында туған, ұлты украйн. 1940 жылы соғысқа алынады.

Соғыстағы қызметі және бөлімі: Механик водитель танка Т-34 1 танк-б-на 630ТБР 9А ЗакФ. Әскери атағы -зам-политрук.

Н.Скоркик 06.11.1942 ж майдан даласындағы ерлігін архив деректері былай дейді:

6.11.42 тов. Скориквел танк в атаку. В то время, как командир танка уничтожил танки и огневые точки противника из пушек, механик водитель Скорик давил гусеницами вражескую пехоту, 12 человек было раздавлено танком.

В танковом бою было подбита его машина и убиты командир башни, командир танки и ранен пулеметчик Тов. Скорик танк не бросил и с помащью товарищей танк был эвакуирован с поля боя и после ремонта своим умением танк снова в бою унитчтожает врага в районе Маймамды!

Командир танкового батальона майор Андреев.

Осы жанқиярлық ерлігі үшін Скорик. Н.Н«Қызыл-Жұлдыз» орденімен марапатталады.

1955 жылы ауданның бір үлкен жиынында Скорик ауданға аты белгілі ҰОС қатысушысы Тәкішев Жұматай ағамен кездесіп «Сізбен соғыс кезінде, қай жерде бірге болдық» - деп сұрады. Жұмекең; Қазан қаласында 1941 жылы төрт айлық танк училишесінде оқуда бірге болғанын айтып, көпшіліктің алдында құшақтасып, мәз-мәйрам болғанын, көргендер жыр қылып айтқан болатын.

Әрі қарай дос болып Украйн азаматы Н.Скорик Жұмекеңнің қарамағында Орджоникидзе колхозында бастапқыда трактор бригадасының бригадирі, кейіннен Жұмекеңнің орынбасары болып, бірталай жыл бірге қызмет атқарады. Бұл татулықпен достықтың белгісі, екі ұлт азаматтарының өмір жолындағы қуныштарының көрінісі секілді.

Скорик Н.Н Орджоникидзе атындағы колхоздың, кеншардың МТС, РТС- да еңбек еткен қазақ жастарына техникаға деген өзінің бліктілігі мен тәжрибесін беруден аянған жоқ. Соның арқасында заманында жаңадан ауыл шаруашылығына келген техникаларды жете меңгерген талай дарабоз майталман мамандарына айналады.

Осындай атақты механизатордың қатрына Ленин орденді Турғанбаев Сайлау, Төлеукенов Самбет, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері: Ахметов Шойман, Әрінов Әжібек, Баланда. В, Абенов Төлеу, Жұмкин Серікбай, Айменбетов Елемес, т. б жатады. Н. Скорик ауданның экономикасының дамуына бір кісідей тер төгіп, ат салысты. Өмірінің соңы кезінде ауданның «Казсельхозтехника» бірлестігін басқарып, Орджоникидзе совхозының бас инженері және гидротехнигі қызметтерін абыроймен атқарды. 1982 жылы А.Скорикты ауыл азаматтары арулап ақтық сапарға шығарып салдық. Украйнаның бір азаматы Ақсу-Аюлының топырағында тынысталды.



**Шәкішев Тәңірберген**
**(1937-1998)**

Шет ауданының «Алғабас» колхозында туған. Әкесі Дүйсебаев Шәкіш осы колхозда басқарма болып еңбек атқарған. 1937 жылы «Халық жауы» аталып, сотталып, атылған. 1997 жылы немересі Қайыржан Тәңірбергенұлы Жезказган облыстық сотынан «жазықсыз жазаланған»-деп ақталған, құжатты алған. Тәңкең 1954 жылы Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіріп, 1960 жылдары Красно-

горск ауыл шаруашылығы техникумын оқып, техник-механик мамандығын алады.

1961-1965 жылдары Орджоникидзе атындағы совхозда орталық шеберхананың механик-контролері, машина ауласының меңгерушісі, бас инженері болып еңбек еткен.

1965-1973 жылдары аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінде, ауданаралық машино-мемюративтік станциясында (ММС) директор болып қызмет істеген.

1974-1998 жылдар аралығында аупаркомының нұсқаушысы, Түлкілі ауыл кеңесінің төрағасы, Шет ауданы ауыл шаруашылығы басқармасының бас инженері, Жарық автокөлік кәсіпорынның директоры, ауданаралық «Құнарландыру» мекемесінің басшы қызметтерін атқарған.

1980 жылы Қарағанды политехникалық инситутының автокөлік факультетін бітірген.

Тәңірберген Шәкішұлының еңбегі мемлекет тарапынан бағланып, бірнеше марапаттарға иленген.

1957 жылы «Тың жерлерді игергені үшін», 1970 жылы «Ерен еңбегі үшін», 1985 жылы «Еңбек ардагері» медалдармен және бірнеше салалық мараппаттармен наградтталған. Жұбайы Шәкішева Ләйла өмірге 10 бала әкеліп, бәрін тәрбиелеп, құтты орындарына орналастырған батыр, аяулы ана ұзақ жылдар бойы ауданның орталық дәріханасына жетекшілік жасады.

Тәңкең 1998 жылы жол апатынан дүниеден озды.

Жатқан жерің жәйлі болып, жаның жанәтта рухың-пейіште болсын қадірлі, замандас аға.

**Ахметжанов Мұрат Бердешұлы**
**(1935-1984)**



Мұрат аға 1935 жылдың 5 ақпанында Баян ауылы аймағында дүниеге келген. Әкесі Бердеш Рахымберліұлы Едіге, Шоң би, Төлеубай бабалардың ұрпағы. Анасы- Қанипа Шет ауданының тумасы, Сарым атаның Нілдібайдың қызы. Бердеш әкей жастайынан қайратты, елгезек, жұмысқа ынталы болған Омбы қаласында ветеринар дайындайтын училищені бітіріп ауылдарда мамандығы бойынша еңбек еткен. 1935 жылдары Ташкент қаласында әскери училищені үздік бітіріп, партия қатарына өтеді. Ақмола облысының Еңбекшіл, Есіл совхоздарында басшы болып қызмет істейді. Осы жерде жүргенде жалған

арыз жазылып, «халық жауы» аталып, сотталып, 25 жылға Сібірге Норилск қаласына айдалады. Ол тағылған жаланы мойындамай жоғары жақтарға арызданып, істі қайта қарап, 12 жылдан кейін зонадан «вольное поселениеге» ауысады. 1950-1960 жылдары Қарағандыда Киров шахтасында жұмыс істеп, пенсияға шығады. Әкесінің осындай жағдайда болғандықтан Мұрат ержетіп, ерте есейеді. Шет ауданындағы нағашыларының қолында болған. Ол 1956 жылы Қарағандыда №27 қазақ орта мектебін үздік бітіріп, 1961 жылы Алматының ауыл шаруашылығы институтын тамамдап, инженер механик мамандығын алады.

1961 жылы Шет ауданының Орджоникидзе атындағы совхозда инженер-механик болып жұмысқа кіріседі. Осы ауылда Мәбиев Нұрғалиқызы Бақытқа үйленеді. Білікті, білімді, жұмысқа қабілеті мол маманды 1963 жылы ауданның Ақшатау совхозына бас инженерлікке жоғарлатады. Кейіннен 1966 жылдан бастап мамандығы бойынша Теміртауда Карметкомбинатында, кен-металлургия училищесінде оқытушы болып қызмет атқарған.

1984 жылы 50 жасқа қараған шағында мезгілсіз өмірден өтті. «Адамның өзі мың жасамайды, ұрпағы мен мың жасайды»-дегендей Мұраттың арттағы ұрпағы баршылық. Мұрат жары Бақытпен өмірге 5 бала әкеліп, олар бүгінде ержетіп, жақсы тәрбие алып, бәрі жоғары білімді игеріп, отбасын құрып осы ортада абыройлы еңбек етуде. Жолдасы Бақыт, жоғары білімді-мұғалім, шаңырағын шайқатпай күні бүгінге дейін кіші баласы Берікпен бірге Мұрат ағамыз көрмей кеткен балалары мен немерелерінің қуаныштарын көріп, әдемі қартайып келеді.

Жарқын жүзді Мұрат ағамыздың жатқан жері жәйлі, топырағы торқа болып, Аллаһ иман байлығын беріп, арттағы ұрпағына ұзақ ғұмыр кешуді тілейміз.



**Қошанов Жақан Қозыұлы**
**(1938-1985)**

Жақан аға 1938 барыс жылы Шет ауданының Жарық кентінде туған. Әкесі-Қозы ҰОС соғысына қатысып, аман-есен оралып, Дарья кентінде еңбек еткен.

Анасы-Әсия бала тәрбиесімен үй шаруашылығымен айналысқан.

Жақан Қозыұлы 1956 жылы Дарья кентінде 10 жылдық орта мектепті бітіреді. Сол жылы Қарағанды педагогикалық институты-

на түсіп, оны 1961 жылы тәмамдап, орыс тілінің мамандығын иеленді. Жақан ағаның жары Сәуле Зейінішқызы да осы жоғары оқу орында білім алып, орыс тілі мен әдебиетінің мамандығын алған.

1961 жылы жас жұбайлар еңбек жолын Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлы селосында ұстаздықтан бастайды.

1961-1994 жылдары Жақан бұрынғы М. Горький, қазіргі Жамбыл Ақылбаев атындағы орыс мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, кейіннен мектептің директоры, аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы кызметтерін атқарған. Осы жылдары жаз айларында ағамыз отбасының қамын ойлап, аудан ортасында орналасқан Орджоникидзе атындағы совхозда жүк машинаның жүргізуші болып еңбек еткен.

Осы кезде Жақан аға аудан жастарының көшбасшысы болып, жалынды іс-әрекеттерімен жұрт алдында ерекше көзге түседі.

1964-1972 жылдар аралығында Ақтоғай аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, аупарткомының ұйымдастыру бөлімінің меңгерішісі, аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болып абыроймен қызмет атқарған.

1972-1975 жылдары Ұлытау аупарткомының хатшысы, Жезқазған облыстық атқару комитетінің бөлім басшысы лауазымдарында еңбек еткен.

1975-1977жылдары Мәскеуде СОКП Орталық комитетінің жанындағы жоғары партия мектебін қызыл дипломмен бітіреді.

1977-1985 жылдары Жезқазған облысының Приозерный ауаткомының төрағасы, кейіннен денсаулығына байланысты облаткомының жауапты орында қызмет атқарды. Жақан Қозыұлы 1985 жылы небәрі 47 жасында ауыр науқастан өмірден озды. Жары Сәуле 1998 жылы өмірден өтті.

Аға мен женгеміздің артында ұрпағы бар, өсіп өнуде. Ерлан, Ғазиз, Гуля, Марғұландар ержетіп, бәрі жоғары білім алып, әке мен ананың атына кір келтірмей, бүгінгі күні халқына, еліне адал еңбек етуде.

Жақан аға жатқан жеріңіз жарық болып, жаныңыз жаннатта, тәніңіз рахатта, рухыңыз шаттықта болғай! Арттағы ұрпағына Аллаһ ұзақ ғұмыр берсін.



**Рақышев Бақыт Аманұлы**
**(1937-2012)**

Рақышев Бақыт 1937 жылы Шет ауданының №1 ауылында дүниеге келген. 1956 жылы Қарағанды қаласасында орта мектепті орысша бітіріп, Алматы ауыл шаруашылығы иститутына түсіп, оны 1961 жылы тамамдап, ғалым-агроном мамандағын алады.

1961-1967 жылдары еңбек жолын Шет ауданының Ақшоқы қосалқы шаруашылығының аға ағрономдығынан бастап, Орджоникидзе атындағы совхоздың бас аграномы, Шет аудандық камсомал комитетінің бірінші хатшысы. Нұраталды совхозының партия ұйымының хатшысы қызметтерін атқарған.

1968-1984 жылдар аралығында Қарағанды облысының партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің нұсқаушысы, бөлім басшысының орынбасары, Тельман аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, Ульянов аупорткомның және жанадан ашылған Талды аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы лауызымды қызметтерді аброймен атқарған.

1985-2005 жылдары Қарағанды, Көкшетау облыстарда шаруашылық кәсіпорындарда жауапты орында еңбек еткен.

Бақыт Аманұлы ұзақ жылды табысты еңбегі бағаланып, «Еңбек Қызылту», «Құрмет Белгісі» ордендерімен және бірнеше мемлекеттік медадармен марапатталған.

2012 жылы Бақыт Аманұлы ұзақ ауыр науқастан өмірден өтті. Артында ұрпағы бар.



**Туғанбаев Сайлау**
**(1938-2001)**

Туғанбаев Сайлау (Ибраһим) Сарыұлы 1938 жылы 24 маусымда бұрынғы Шет совхозы (қазіргі Үңірек ауылында) дүниеге келген. Әкесі (Ибраһим) Сары Шет ауданында алғашқы тракторист болғандықтан, баласы Сайлауға техниканы меңгеруді жастайынан үйретіп, шаруашылыққа баулыған. Әке жолын қууды мақсат еткендіктен, мектеп бітіргеннен кейін, кәсіптік-техникалық училищені тәмамдайды.

Сол жылдардан бастап бірден ауыл ша-

руашылық жұмысына араласып, Орджоникидзе атындағы совхоздың механизаторы болып еңбек еткен. Көктемде егін салса, күз мезгілінде комбайнымен егіс ору науқанында ертелі-кеш жұмыс істеген. Су тоғандарын байлау инженері (инженер - гидромелиоратор), Шет ауданының Ақсу бөлімшесін басқарған.

Сайлау Туғанбаев бақытын еңбектен тапқан кеңестік бесжылдықтардың көшбасшысы, ауыл шаруашылық техникаларының барлық түрін игерген кәсіби білікті маман ретінде танымал болған. Жүргізушілік пен механизаторлықты қатар алып жүрген. Төккен тердің жемісі - құрмет деген, оның еңбегі Үкімет тарапынан жоғары бағаланған 1957 жылы арнайы берілген жолдамамен Мәскеуде өткен Халық Шаруашылығы Жетістіктері Көрмесіне (ВДНХ) барған. 1967 жылы ең жоғары марапат - Ленин орденімен марапатталып, сол жылдарда аудандық Советтің депутаты болып сайланған. Коммунисттік партия мүшесі ретінде съездерге де қатысқан. Көптеген Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің алтын әріппен жазылған Құрмет грамотасымен (08.10.1966 жыл), Кәсіптік Одақтардың Бүкілодақтық Орталық Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен (04. 11. 1972 жыл) және басқа да Құрмет грамоталарымен марапатталған. «Егін орағының үздігі 1972 жыл» (16. 11. 1972 жыл) атағы, «Ауданның үздік мелиораторы» атағы (24. 01. 1979 жыл) берілді. 1972 жылы Үкімет тарапынан «Москвич-412» сыйға тарту етілген. 1977 жылы Жезқазған облыстық телевидениесі Шет ауданына арнайы келіп, Туғанбаев Сайлаудың отбасы жайлы деректі фильм түсірген. Сайлау Сарыұлының өмір жолы туралы жайлы облыстық және жергілікті басылымдар да жарыса жазған болса, Орталықтың белгілі жазушысы Рымқұл Сүлейменов те қалыс қалмай, өзінің «Алашым - аңсағаным» атты кітабында Сайлау Туғанбаевтың еңбектері жайлы қалам тербеген.

Заманында Сайлау Туғанбаев жайлы облыстық және жергілікті басылымдар да жарыса жазған болатын. Жергілікті суретші Стасик салған еңбек ардагерінің үлкен портреті Шет аудандық комитетінің алдында ұзақ жылдар тұрды. Сондай-ақ, Сайлау Туғанбаев «Еңбек ардагері» медалінің иегері. 2001 жылы Қарағанды облысының әкімі Камалтин Ескендірұлы Мұхамеджановтың Қарағанды қаласына арнайы шақыртуымен барған Сайлау Туғанбаевқа ерекше құрмет көрсетіліп, еңбек ардагерінің иығына шапан жапқан. Шет ауданы орталығындағы мұражайда арнайы бұрыш ашылып, барлық марапаттары сонда қойылды. Қарағанды өлкетану мұражайында да арнайы бұрыш бар. Оның есімі облыстық Құрмет кітабына алтын әріппен жазылған, Қарағанды

Шет өңірінде туылып, өз жеріне елеулі еңбек сіңірген тұлғаларына арнап шығарылған энциоклопедияға да Сайлау Туғанбаевтың есімі енгізілген. Мұның бәрі еліне елеулі, халқына қалаулы болған Нар тұл-

ға - Туғанбаев Сайлауға деген үлкен құрметтің белгісі.

Жолдасы - Қиялбайқызы Күлжамалмен 30 жыл отасып, 8 бала тәрбиелеп өсіріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды. Жаратқанның жазуына не шара, Туғанбаев Сайлау 2001 жылдың 4 маусымында 63 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

Балалары - Венера, Гүлнара, Үмітжан, Бақыт, Тілеу, Бауыржан, Ержан, Маржан оқу орындарын тәмамдап, бүгінде облыстың әр саласында еңбек етуде.



## Сары (Ибраһим) Туғанбайұлы (1909-1990)

Ибраһим (Сары) Туғанбайұлы (1909-1990 жж. ) Шет өңіріне есімі белгілі алғашқы механизаторлардың бірі. Жастайынан еңбекке араласып, механизатор, механик, шеберхана меңгерушісі болды. Маман тапшылығына байланысты, соғыстан броньмен қалған. Жасы сексенге келгенше еңбектен қол үзбеген адам. Алғашқы Хатезден бастап К-700 дейінгі кеңестік тракторлардың бәрін игерген. Тыл және еңбек ардагері Ибраһим (Сары) Туғанбайұлы Үкімет тарапынан еңбегі жоғары бағаланып, бірқатар орден-медальдармен марапатталған. Оның есімі Шет ауданының орталығындағы алғашқы тракторшы-механизаторларға арнап орнатылған монументте жазулы.



## Майдангер Сілетай (1924-1964)

Ұлы Отан соғысының ызғары шарпымаған шаңырақ қалмады ғой Біздің үйден де ағамыз Жәмпейісов Сілетай Жуасбайұлы да әскер қатарына алынып алапат соғысты бастан өткерді, -дейді сексеннің үшеуіне келген Өкен ақсақал.

Ол кездің жастары жылдам есейетін. Өйткені өмірдің өзі есептейтін. Жоқшылық-таршылықта айтпағанның өзінде соғыстың салған зардабы да тұралатып тастаған жоқ па? Сілетай 1924 жылы туған. Сайым далада сайран салып өскен ауыл баласы күн ертең алапат соғысты бастан өткерем деген ой үш ұйықтаса қаперіне кірмегені анық. Өмір шіркін

басқа арнамен ақса не шара? Таңдау бар да тағдыр бар, арман бар да бұйрық бар. 1941 жылғы соғыс құйыны талайлардың арманын күл талқан еткені анық. Адамзат тарихындағы ең бір қасіретті беттер болып табылатын сол бір сұрапыл жылдарда барша халық иық тірестіріп біртұтас Отанын көтеріп, ерлікпен шайқасып, жанқиярлықпен еңбек етті. Қазақстан сол кезде шын мәнінде елдің мобилизациялық орталығына айналды. Біздің елімізде ондаған дивизиялар, бригадалар мен жекелеген бөлімдер құрылды. Олар барлық майдандарда соғысты.

1942 жылы Сілетай Жуасбайұлы да қатарластарымен бірге әскерге алынды. Жауынгерлік өнердің аз да болса қыр-сырын меңгерген оны, қысқа мерзімдік сержанттық курсқа жібереді. Орта мектепті Қарағандыда бітірген жігерлі жас орысшаға жетік, әрі ширақ еді. Украин майданында жаумен шайқасты. Бұл соғыс өртінің нағыз қайнап тұрған кезі болатын. Кешегі бейбіт өмірде бейбіт бірлікпен айналысқан ол енді құралын мылтыққа айырбастады. Жан алып жан берiскен алапат соғыстың бел ортасында болды. Сейтіп күн демей, түн демей жауынгерлік жарық жолдары жалғаса түсті. Онда да танкте атқыш радист болды.

Болат құрышты танкіде отырып дұшпанға қарсы қорғасын оқты селдетті. Ұрыс кезінде танкілерді ұрыс жүріп жатқан алып екінші бір бағытқа топтап жіберіп отыру әдеткі дүние. Сондықтан қорғаныста да, шабуылдауда жаяу әскерге көмекке келетін. Танкистер жаяу әскерлерді майданда қолдап қана қоймайтын толассыз жаңбырдан жер езіліп, жол түсіп кеткенде жүре алмай батпаққа батып қалған жүк машиналарды, арбаларды сүйретіп тартып, қол ұшын беретін. Бронетанк және механикаландырылған армия құрамында талай шайқастарда болып оқ пен оттың ортасынан аман өтеді. Нелер қантөгіс шайқастарды басынан өткерді. Әншейінде абажадай көрінетін танктердің-де дәрменсіз болатынын да көзбен көрді. Снаряд тиіп лаулап жанған танктерді, ондағы қазаға ұшырап өртенген қарулас достарын көргенде жүрегі қан жылады. Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздеген қала мен елді-мекендерді тып-типыл етті. Сталинградты - қорғауға қатысты. Бірнеше рет танкісі қирап, оны оңауға қатысты. Бірақ майдангер соғыс кезіндегі бастан кешірген қиындығы жайында онша шешіліп айтпайды екен. Тумасынан қарапайым жан өзінің ерліктерін дәріптеп, әңгімелеуді ұнатпаған. Тіпті соғыс туралы аузына да алғысы келмеуші еді, - дейді майдангерді жақсы білетіндер. Әйтпесе екінші дүниежүзілік соғыстағы ең үздік танкші атанған Т-34 танкісінде радист атқыш болып қиян кескі шайқастармен талай жерді шарлаған майдангердің көргені аз болмағаны анық. Мен ол кезде оқушымын. Қарағанды вокзалынан ағамды, Шеттің азаматы Егінбай Смайловты, кейін ауданға бірінші хатшы болған Камали Дүйсенбековті майданға аттанғанының куәгері болдым. Көп жігіттер аттанды. Әрине, қан майданнан оралмағандары да болды. Жылап-сықтап жатқан халық. Оңай

емес қой, шырағым. Жас та болсам менің де көзіме жас келді, - дейді Өкен ақсақал сол кездерді тебірене еске алып. Өрімдей жас жігіттер соғыстан оралмай соңынан қара қағаз келгені қандай ауыр. «Ерлік-елдің қасиеті, жүректілік -жігіттің қасиеті» демекші, қиын қыстау кезеңде қайсарлық танытып, үркіп қорықпай, батыл шешім қабылдай білген жауынгер экипаж мүшелерімен бірге фашист басқыншыларын тысқары, кеңестер одағының шекарасын асыра қуған ол кезекті бір шайқаста танкілері жаудың жасырған минасына тап келіп ауыр жарақаттанып контузия алады. Госпитальде ұзақ емделеді. Ұлы Жеңіс салтанатын госпитальде қарсы алып жаралылар жас балаша қуанады. Бұл күнгі қуанышты ауызбен айтып жеткізгісіз. Біреулер жылап, бәрі бірін бірі құшақтап сүйіп жатты. 1946 жылы елге оралады. Жарақаттың зардабынан бір иығы қисайыңқырап тұрды. Ата-ана, туған туыстарының қуанышында шек жоқ. «Аман ердің аты шығар» деген. Омырауында «Қызыл жұлдыз» орден, бірнеше медалі бар. Соғыс бітті, уақыт емші. Ел, жұрт еңбекке араласып, соғыстың зардабын аз да, болса ұмыта бастады. Сілетай да майданнан оралысымен аудандағы тұқым зерттеу лабораториясына қатардағы жұмыскер боп бастап, меңгеруші қызметіне дейін көтерілді. Ақжарқын жан өзінің аңқылдаған ашық мінезінен әсте бір таңбады. Көпшілік оны осы мінезі үшін де жақсы көрді. Жақсы адамға қашан да бір кісілік орын бар деген ғой. Өзі де туған жерден алысқа ұзамай Рымтай Жосалбайқызымен дәм тұзы жарасып жарастықты ғұмыр кешті. Орджоникидзе атындағы кеңшарда ұзақ жылдар кассир болып 1964 жылы дүние салды. Жолдасы Рымтай да ауылына қастерлі ел анасы атанып халқына жаққан жан болған. Жастық шағынан артық бақыт бар дейсің бе? Жастық дәуреніміз аласапыран уақытқа тап келді-деп отыратын. Сол кездің тәртібі бойынша қол жұмысының қандайына болса белді буып кірісіп кеткен. Соғыстан кейінгі жылдардағы жұмыстар оңай болмаған. Соның бәрін мойымай көтерген. Артында қалған Рымжан, Болат атты балалары бүгінде ақарлы-шақарлы. Болаты жүргізуші болып еңбектенсе, Рымжаны Батыр ана. Болаттың шаңырағында 9 мамыр күні әрдайым мереке. Немерелері майдангер атасын еске алып, қадыр тұтады. Ұрпақ жалғастығы деген осы болар.



**Жанпейсов Болат Сілетайұлы**
**(1962)**

1962 жылы туған. 1979 жылы орта мектепті, кәсіптік техникалық училищені тәмамдап Орджоникидзе атындағы кеңшарда жүк көлік жүргізушісі болып жұмыстар атқарды. 1982 жылдам механизатор-комбайншы болып осы совхозда еңбек етті. 1984 жылы кеңшардың үздік конбайншы атағын жеңіп алды. Осы шаруашылықта үзбей 1990 жылға дейін тынымсыз еңбек етті.



**Маграмов Шайкен Мәлібекұлы**
**(1927-1974)**

Маграмов Шайкен Мәлібекұлы (Әтеш) 1927 жылы мамыр айында Қарағанды облысы, Шет ауданы, Қошқарбай ауылында (кейіннен Нұраталды совхозында) дүниеге келген. 1932 жылы анасы Мейізжан көз жұмған соң нағашыларының қолында тәрбиеленген.

Жұбайының естеліктері бойынша, Маграмов Шайкен Қарағанды облысы Улянов ауданы Доскей ауылында 7 жылдық мектепте білім алып, үздік тәмәмдаған. Соғыс басталған жылдары Қарағанды қаласында Фабрично-заводское училищесінде (ФЗУ) токарь мамандығын игеріп шығады. Еңбек жолын токарь мамандығы бойынша Қарағанды облысы Нұраталды совхозында бастап, 1954 жылдың маусым айына дейін жалғастырады. Жұмыс барысында көзіне металл қиыршықтары кіріп жарақаттанып, кейіннен көзінің көруі нашарлай бастаған соң жұмысын тоқтатады. 1954 жылы 28 маусымда Солтүстік Қазахстан облысындағы Белое орта мектібіне бухгалтер мамандығына оқуға түседі. 1955 жылдың 5 ақпанында оқуын үздік аяқтап, бухгалтерлік аттестатын алғаннан соң Нұраталды совхозында бухгалтер ретінде жұмыс атқаруды бастайды. Совхоз орталығы ауысқаннан соң бас бухгалтердің орынбасары болып тағайындалады. 1961 жылы Орджоникидзе атындағысовхозы құрылып, сонда арнайы шақыртумен бас бухгалтер болып істейді. 1962 жылы қайтадан Нұраталды совхозына бас бухгалтер болып тағайындалады. Еңбек жолының соңына дейін осы қызметте істейді.

Қай жердегі жұмысында болмасын әріптестерінің ортасында сыйлы, абройлы болды. Ауылдастарының арасында, сол замандағы хат танымайтын қараңғы халыққа әр түрлі қағаз жұмыстарын жүргізуге көмек қолын созып отырған. Еңбек жолы бойында 1946 жылдың 3 қазанында КСРО жоғары совет президиумы шешімі бойынша Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерен еңбегі медалімен мараматталады. 1970 жылы Лениннің 100 жылдығына шығарылған медалімен марапатталады.

Жасынан шахмат, дойбы ойындарымен әуестеніп ойнап, кейіннен балаларына да үйретті. Жоқшылық заманында, токарь болып істеп жүріп, металл қоспаларынан шахмат фигураларын өз қолымен жасап шығарған. Шахматпен әуестеніп жүріп Мәскеу баспасында шығарылатын «Шахматы в СССР» журналының шығарылымдарындағы есептерді бірнеше жыл бойы үзбей шығарып, Мәскеу қаласына шешімдерін жіберіп отырған. Нәтижесінде 1960 жылдардың соны мен 1970 жылдардың басында Мәскеудегі КСРО Шахмат федерациясынан Кеңес Одағының батыры, ұшқыш-ғарышкер Виталий Иванович Севастьяновтың қолы қойылған хат жолданады. Хатта көп жылдан бері есептер шығарғаны үшін Маграмов Шайкенге сырттай шахматтан 1-разряды берілгені мәлімделген.

1948 жылы Мешелова Елеусіз (Елкен) Түсіпқызына үйленіп отбасын құрады. Жұбайы Елкенмен 7 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірген. Балалары: Маграмов Болат, Жанат, Боранбай, Аязбай, Қайрат, Талғат, Күлпаш, Сағдат. Балаларының барлығы дерлік Қарағанды қаласында жоғары білім алып, әр түрлі салада қызмет істеп, алды зейнетке шығып, немере -шөбере сүйіп отыр. Өзі дүниеден озған соң балаларының тәрбиесі мен өсіп-өнуіне жұбайы Елкеннің сіңірген еңбегі зор. Маграмов Шайкен 1974 жылы 4 қаңтарда дүниеден озды.



**Баймұханов Рысмұхан**
**(1925-1990)**

Баймұханов Рысмұхан 25 желтоқсан 1925 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданының «Қарашілік» деген жерінде дүниеге келген. Алғашқы білімін Қарашіліктегі бастауыш мектебінен алған соң, Ақбұлақ жеті жылдық мектебін бітірген. Еңбек жолын сол кездегі «Октябрь» колхозында шаруашылықтың егін салу, шөп дайындау, егін ору науқандарынан бастады.

1942 жылы әкеміз Баймұханов Рысмұхан мен шешеміз Лекерова Зейнекүл үйленіп, шаңырақ көтерді.

1943 жылы әскер қатарына шақырылып, Қиыр Шығыстың әскери округінде 541 жеке зенит артиллериялық дивизионында әскери борышын атқарады. Осы армия қатарында жүріп сержанттық шен алып, бірнеше дәрежедегі жауынгерлік ордендер мен медальдерінің және Монголия Халық Республикасының медалін кеудесіне тағып, 1947 жылы еліне аман-есен оралады. Елге оралған соң «Октябрь» колхозында есепші, колхоз басқармасы, МТС мекемесінің, «Орджоникидзе» атындағы совхоздың,

Шет аудандық Тұтынушылар одағының бас бухгалтері, аудандық бірлескен «Казсельхозтехника» мекемесінде, Жезқазған облысында алғашқы совхоз болып құрылғанда «Дәрия» совхозында, аудан басындағы № 11-кәсіптік-техникалық училищенің материалдық және бас бухгалтері қызметтерін үлкен абыроймен атқарды.

1958 жылы Москва қаласында өткен бүкіл одақтық ауыл шаруашылық көрмесіне қатысып, арнайы сертификатпен марапатталды.

Барлық саналы ғұмырын халық шаруашылығын өркендетуге және аудан экономикасын көтеруге арнап қажырлы еңбегін сіңірді. Соғыс және еңбек ардагері ретінде еңбегі мемлекет тарапынан бағаланып «1941-1945 жж. Германияны жеңгені үшін», 1957жылы «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен, 1985 жылы Ұлы Отан соғысының 2 дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және де әр жылдардағы Ұлы Отан соғысының аяқталуына арналған мерейтой медальдарымен, бірнеше рет Жезқазған облыстық комитетінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарымен марапатталды.

Әкеміз Баймұханов Рысмұхан 1990 жылы 65 жасында дүниеден өтті.

Өмірлік жары Зейнекүлмен 5 бала тәрбиелеп өсіріп, уақытында үлкен ордалы шаңырақ болған. Баланың үлкені Жеңіс Ермұханов еңбек жолын Орджоникидзе атындағы совхоздан бастап, өмірінің соңына дейін мемлекеттік банкі жүйесіне арнады. Қызы Жібек Қарағанды қаласында тұрмыс құрып, кәсіпкерлікпен айналысты, Зетайы «Казсельхозтехника» жүйесінде есепші болып қызмет атқарды, ал Қадыржаны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққанша Қазақстан Республикасының адвокаттар коллегиясының төрайымы қызметін атқарды. Балалардың кенжесі Марат өмірлік жолын ұстаздыққа арнады.



**Мухамеджанов Консентрат (1939-1987)**

Мухамеджанов Консентрат (руы тоқа) 14шілде1939 жылы Шет ауданы, К. Маркс колхозында (Ақшатау совхозы) дүниеге келген. Үлкен әкесі Қойлыбай, атағы халық арасында белгілі болған жақсы молла, бірадар үлкен анасы Айжан. Әкесі Мухамеджанмолла болған адам, анасы Шақым Көкенқызы. Ағасы Ләтіп, апасы Рымкуль.

1956 жылы мектеп бітіргеннен соң Карқаралыдағы зооветеринарный техникумге түсіп, 1959 жылы ветеринарный фельдшер деген мамандық иесі болып шықты. Қарқаралында студент болған кездерінде спорт пен айналысып, көптеген спартакиада, Республикалық чемпионаттарға қатысып, қазақша күрестен диплом мен мақтау грамотасымен марапатталды.

Қазақша күрестің спорт шебері атағын алды. 1960 жылы Алматы Зооветеринарлық институтқа зоотехник, мал дәрігері мамандығына сырттай оқуға түсіп, 1966-67 жылдары аяқтады.

Консентрат еңбек жолын 1959 жылы К. Маркс колхозында (Ақшатау совхозы) мал дәрігері болып бастады. 1961 -1962 жылдары Шет ауданы Орджоникидзе совхозына бас мал дәрігері қызметіне тағайындалды

1963 - 1970 жылдары Ақшатау совхозы мен Шет ауданында жұмыс атқарды.

1970 жылы Ақадыр ауданы Босаға совхозына мал дәрігері болып ауыстырылды. 1977-1987 жылдарыАқадыр ауданының «Каззоветснаб» ауданаралық ветеринарлық базаның басшысы лауазымында қызметте болды.

1959 жылы жанұя құрды. Жұбайы Шаймерденқызы Пану (руы Шекшек) Шет ауданының тумасы, әкесі Қарақатов Шаймерден соғыста қайтыс болған, анасы Әбдібекқызы Сара, ағасы Шаймерденұлы Абдыкарим

1987 жылы 6 мамырда Консентрат, жұбайы Пану 2003 жылы 6 маусымда өмірден өтті. Консентрат пен Пану дүниеге жеті ұл, бір қыз әкелді.

Тұңғышы Қазбек кішкентайынан туған ағасы Ләтіп ағай мен Шарбан анамыздың қолында тәрбиесін алыпөсті, жоғары оқу орнын бітіріп, сол үйде отбасын құрып, немере сүйгізіп қуанышқа бөледі Мемлекеттік қызметте жұмыс жасап, Астана қаласында ІІМ-де жұмыс атқарды, полковник дәрежесіне жетіп 2008 жылы 48 жасындажол апатынан қайтыс болды. Артында қалған жұбайы Алмагүл, қызы Арайлым, ұлы Ералы, қәзіргі таңда екеуіде ер жетіп, өздеріде жанұя құрып балалы-шағалы болды.

Талғат 36 жасқа дейін ғана ғұмыр кешті, сол кездегі милиция қызметін атқарып жүріп, Балқаш қаласында оқыстан қаза тапты. Артында қалған жұбайы Бағлан, қыздары Гульнур, Айжан Астана қаласында тұрады.

Жалғыз қызы Гүлнара қазіргі таңда Астана қаласында тұрады. Жолдасы қайтыс болған, қызы Айнур мен ұлы Бақытжанды аяқтандырып, немере көріп отыр.

Тлектес жұбайы Бибігүл екеуі Қарағанды қаласында тұрады, Нуралы, Ақтоты ер жетіп, өздеріде жанұя құрып балалы-шағалы болды. Кенже баласы Ерасыл оқушы, қызды қияға, ұлды ұяға қондырып, немере сүйіп отыр.

Ерқанат жұбайы Айгуль екеуі Астана қаласында тұрып жатыр. Кішкентай қызы Перизат 2008 жылы 13 мүшел жасында қайтыс болып кетті, жатқан жері жарық Нұрқанат пен жұбайы Айжан Балқаш қаласында тұрады. Ұлы Мирас қызы Диана. Балалары ержетіп, жанұя құрып, қазіргі таңда немере сүйіп, қызықтап отыр. Нұрболат пен жұбайы Бекзат Астана қаласында еңбек етіп, балалары Қуаныш пен Нұрбек үлкен азамат болып ер жетті. Қуаныш үйленіп, немере сүйіп отыр, кенжесі Нұрбек 11 сыныпты бітіріп жатыр.

Кенже баласы Сайран жұбайы Жанна екеуі Астана қаласында тұрып жатыр. Ұлы Сакен мен қызы Еркежан екеуіде мектеп оқушылары.





**11 тамыз 1966 жыл. Студенттік жарыстар, және достарымен**



**Шаймұрат Шайхыұлы**
**(1932-1979)**

Шаймұрат Шайхыұлы 1932 жылы 1 наурызда Қарағанды облысы Шет ауданының Нұраталды совхозында дүниеге келді. 1950 жылы Қарағанды қаласында орта мектепті бітіріп, сол жылы Мәскеудегі Тимирязев атындағы Ленин ордені Ауыл шаруашылығы академиясына оқуға түседі. 1955 жылы академияны үздік бітіріп және Мәскеуде батыстың қызы Қарлығаш Муратовамен үйленіп, бірге оқыған соң Қарағандыға келді. Екеуіде жоғарғы білімді маман ауыл шаруашылығын дамыту және тың жерлерді игеру ісіне атсалысу үшін туған жерінде қалуға шешім жасады. Осылайшы алғашқы еңбек жолын «Роза Люксембург» атындағы колхоз төрағасының орынбасары болып қызмет атқарды. 1958 - 1963 жылдар аралығында аудандық партия комитетінің шешімімен жаңадан құрылып жатқан МТС - бас зоотехник болып қызметке орналасты, кейін МТС - тің орнына жаңа совхоз 1961 ж. «Орджоникидзе» ұйымдастырылды. Шакең бас зоотехник болып қызметін жалғастырды. 1963 - 1965 жылдары Шет ауданы тарап, Ақтоғай ауданына қосылды, сол аралықта Шайхин Шаймұратты Кеншоқы кен орнына бірнеше мамандық дайындайтын училище (УМСХ ) ашып соған директор қызметіне тағайындады.

1965 жылы Шет ауданы өз алдына Ақтоғайдан бөлініп, Ақсу Аюлыға келіп орналасты. Шет аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып Камали Дүйсембеков, аудандық ауылшаруашылық басқармасының бастығы Қайролла Байғабылов тағы басқа басшылар келіп қызметке кіріскен еді. Аудан басшыларының шешімімен Шайхин Шаймұрат аудандық ауылшаруашылық басқармасының бас зоотехник қызметіне орналасады.

1967 жылы Қарағанды облыстық атқару комитетінің төрағасы Жақыпбек Жанғозинның шақыруымен Қарағанды облыстық атқару комитетне жоспарлау бөлім басшысы қызметіне тағайындалды. Жұмыс барысында облыстың бар аймағын аралап, ауыл шаруашылығы, өндірісін жоспарлау ісімен айналысты, үнемі байланыста, бақылауда ұстады. Көптеген қиыншылықтарды бастан өткеріп, еңбеккерлермен қоян - қолтық араласты. Күні, түні талмай еңбек еткен асыл азамат 47 жасында жүрек талмасынан ерте дүниеден озды. Оның адал еңбегі Одақ, республика, облыс тарапынан ерекше бағаланды.

Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің (ВДНХ) медальдарымен, «Тың және тынайған жерлерді игергені үшін»,« Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталды.

Шайхин Шаймұрат пен оның жұбайы Қарлығаш екеуі Қарағанды облысы Шет ауданынан шыққан алғашқы тың игерушілер еді. Жұбайы да Мәскеудегі Тимирязев атындағы Ленин орденді Ауыл шаруашылығы академиясын бітірген, облыстың ауыл шаруашылығы саласында жауапты қызмет атқарған.

Шайхин Шаймұрат өте талантты адам еді. Өлең жазып, скрипка, мандолинде, домбыра, фортепьянода ойнайтын. Адалдығы, жауапкершілігі, қайрымдылығы үшін айналасындағы адамдар ерекше сыйлайтын. Танымайтын адамдарға дейін қол үшін созатын, мәрттігі әлі күнге дейін ел есінде.

Артында ұрпағы - үш баласы қалды. Олар да әкесінің абыройына кір келтірмей, білімді азаматтар болып өсті, үлкен қызы Ләззат бар өмірін ғылымға арнап, Қазақстанның жер асты байлықтарын кешенді игеру мәслелерімен айналысуда. Ұлы Қанат білікті тележурналист, сүретші, композитор. Кіші қызы Перизат АҚШ-тағы Мұнай және Газ университетін тәмамдап, кәзір Мәскеуде еңбек етеді. Немерелері де өз орындарын тауып, адал еңбек етуде.

## Әшкербеков Мәкітай
## (1935-2001)



Әшкербеков Мәкітай - Қарағанды облысы Шет ауданына қарасты №7 ауылда дүниеге келген. 1954 жылы Қарағанды қаласының №4 техникалық училищесіне түсіп, құрылыс механизмдерінің механигі мамандығын алғаннан кейін 1956 жылы Шет ауданының орталығындағы машина-механикалық жөндеу шеберханасында (РТС ) жөндеуші слесар, бақылаушы-механик, шеберхана меңгерушісі қызметтеріне жоғарылатылған. Колхоздарды біріктіріп совхоз құрылғанда Орджоникидзе атындағы совхоздың шеберхана меңгерушісі қызметіне тағайындалды. 1959 жылдан КПСС мүшесі. 1961 жылы еңбегі бағаланып Болгария, Румыния Демократиялық Республикаларына жолдама алды. 1969-1970 жж. Кеншоқы кеңшарында бас инженер, 1973 жылы еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігінің инженері болып еңбек етті. 1974 жылдан 1988 жылға дейін Кеншоқы селолық Кеңесінің төрағасы қызметін абыроймен атқарды. 1988 жылы Кеншоқы кеңшарының Кәсіподақ комитетінің төрағасы болды.

«1980 жыл- Социалистік жарыстың жеңімпазы».

Бар өмірін халық игілігіне жұмсаған азаматтың еңбектері бағаланып, әр түрлі марапаттарға ие болған.

 

**Нұркеев Сәулебек Оспанұлы**
**(1932-1995)**

1932 жылы дүниеге келді. 1950 жылы Алматы қаласындағы ауыл-шаруашылық институтындағы агроном факультетіне түсіп, 1955 жылы тәмамдады.

Қарағанды облысы Нұра ауданында бас агроном қызметін атқарды. 1956 жылы Ахметова Күлпанға үйленіп шаңырақ көтерді. 1959-1961 жылдары Шет РТС және Орджоникидзе атындағы совхозда бас агроном болып қызмет атқарды. Ақбауыр елді мекенінде агроном қызметінде болды. 1965 жылы Қарқаралы ауданына қарасты Ынталы ауылында бас агроном қызметін атқарды. 1968 жылы Нұра ауданына қарасты Балықтыкөл ауылында бас агроном қызметін атқарды. 1968 жылы Шет ауданы, Ақсу-Аюлыға көшіп келіп, 1976 жылға дейін райком партияның ұйымдастырушы бөлімінің меңгеруші қызметін атқарды. Музыкадан білімі болып, зейнеткер жасына дейін музыкадан сабақ берді. КПСС мүшесі. 1995 жылы қайтыс болды.

**Жұбайы-Ахметова Күлпан Балтабайқызы**

1936 жылы Нұра ауданына қарасты Нұра кеңшарындағы Кенжарық елді мекеніңде дүниеге келген. 1954 жылы Нұра ауданы, Жараспай ауылындағы мектепті бітірді. Бес бала тәрбиелеп өсірген көп балалы, аяулы ана.

Балалары: Серікбай (қайтыс болған), Назгүл (Қарағанды қаласында ИП жетекшісі), Назым (жеке кәсіпкер), Талғат (жеке кәсіпкер), Мұрат (қайтыс болған). Нұра ауданында дүкен меңгерушісі және директор қызметін атқарды. 2013 жылы қайтыс болды.



**Темірбеков Жамантай**
**(1919-2012)**

Темірбеков Жамантай, 1919 жылы Қарағанды облысы Шет ауданы 7-ші ауылда туған. Ауылдың хат танитындарынан білім алғаннан кейін, 1935 -1939 жылдары Қарқаралының педучилищесін үздік бітіреді. 1939 жылы әскер қатарына шақырылып Өзбекстанның Ташкент, Түркменстанның Мары қалаларында борышын өтеп елге қайтар кезінде соғыс басталып туған топыраққа келместен соғысқа аттанады. Ұлы Отан соғысын 1941 жылдың қыркүйегінде Орталық Азия Соғыс Округі 9-шы танк баталлионында башня-командирі болып ұрысқа кіргеннен батыс, кейіннен орталық фронттарда: Брянск, Смоленск, Орлов, 1943 жылы Курск иініндегі отты алапат шайқаста жарақаттанып, Қазан қаласының № 996 әскери госпитальіне түседі. Онда 6 ай емделіп қалалық горнизонның комиссия шешімімен кадр жетіспеушілігіне байланысты, Қазан қаласындағы Қызыл тулы танк училищесіне курсанттарды дайындауға жіберіледі.

1946 жылы елге оралады. 1947- 1955 жылдар аралығында Шет аудандық партия комитетінде, насихатшы, бөлім меңгерушісі қызметінде жүргенде партияның жолдауымен Қазақстан Орталық Партия Комитетінің жанындағы 2 жылдық жоғары партия мектебіне жіберіліп оны үздік бітіреді.

20.11.1955-1959 жылдары Қарағанды облысы Шет ауданының партия комитетінің үшінші хатшысы.

26.11.1959-1961 жылдары Қарағанды облысы Шет ауданының партия комитетінің екінші хатшысы.

01.06.1961-1963 жылдары Орджоникидзе совхозында партком секретары.

08.10.1963-1964 жылдары Ақтоғай аудандық ауылшаруашылығыбасқармасында инспектор ұйымдастырушы қызметінде жүріп Қарқаралы Зооветтехникумін сырттай бітіріп, зоотехник мамандығын алады.

22.12.1964-1967 жылдары Орджоникидзе совхозында бас зоотехник.

20.09.1967-1973 жылдары Кеншоқы совхозында партком секретары.

16.02.1973-1979 жылдары Жезқазған облысы Шет ауданы атқарукомитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі.

16. 10. 1979 жылдан құрметті зейнеткерлік демалысқа шықса да еңбек жолын 25.11.1984 жылға дейін аудандық радиода хабар ұйымдастыру-шысы қызметімен аяқтады. Еңбек жолы үкіметпен бағаланып, Ұлы Отан соғысында «1-ші дәрежелі соғыс Ордені», «За отвагу», «Мар-

шал Жуков», «ҰО соғысында Германияны жеңу», бейбіт өмірде «Тың жерлерді игеру», «Үлкен күміс», «Лениннің 100- жылдығына байланысты ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», тағыда көптеген медалдармен марапатталған. Ауданның құрметті азаматы, сегіз бала тәрбиелеп өсіріп жұбайы Күлбибі екеуі ұзақ жылдар бойы бірге жасасып келді. 2012 жылы дүниеден өтті. Жатқан жеріңіз жайлы болып, рухың пейіште шалқысын.



**Канапина Күлбибі**
**(1926)**

Қарағанды облысы Шет ауданы Шаруатеңеу колхозында дүниеге келген.

Білімі: орта- кәсіптік. 1947 жылы Қарағанды қаласындағы Абай Құнанбаев атындағы педучилищені бітірген. 1948 жылдың 7 қарашасында Темірбеков Жамантаймен отбасын құрып 6 қыз 2 ұл тәрбиелеп өсірген.

Еңбек жолы: 1948 -1952 жылдары Қайрақты орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет етті.

1952-1967 жылдары Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек етті.

1967-1973 жылдар аралығында Кеңшоқы совхозының Орджоникидзе атындағы мектепте бастауыш сынып мұғалімі болды.

1973-1986 жылдар аралығында Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек етті. 1986 жылы зейнеткерлікке шықты.

Педагогикалық өтілі: 38 жыл.



**Боханов Хабдрахман Боханұлы**
**(1927-1980)**

*Әке, сен, жансың биік, дара туған.*
*Нұрынан ізгіліктің жаратылған,*
*Отбасына мейірлі, елге қамқор,*
*Халықтың жүрегінде дана тұлғаң,*

демекші, уақыт - емші, өмір - дерек. Ардақты әкем, Боханов Хабдрахман Боханұлы туралы жанға жылу сыйлайтын естелікпен бөлісуді жөн көріп отырмын. Себебі кейінгі жастар өткен заман, онда ғұмыр кешкен азаматтар туралы білуі керек. Оның бәрі - тарих, ойымызда сайраған

аяулы өткен шақ енді біздің ізімізді жалғаушы буынның санасына сәулесін төккені жөн.

Әкем 1927 жылы 20 наурызда Қарағанды облысы Шет ауданына қарасты Орджоникидзе атындағы совхозда туған. Еңбек жолын 1944 жылы Шет аудандық қаржы бөлімінде инспекторлық лауазымнан бастаған. 1944-1948 жылдары Ташкенттің қаржы техникумында білім алып, оны аяқтаған соң Халық ағарту министрлігі жүйесінде қызмет атқарады. 1948 жылы Х.Боханов партия қатарына (КПСС) қабылданды. 1960-1963 жылдары Шет ауданы Жамбыл атындағы колхозда бас бухгалтер болып еңбек етті. Одан кейін Қарағандыдағы облысаралық Совет-партия мектебін тәмамдады. Содан соң Орджоникидзе совхозының Ақсу бөлімшесінің басқарушысы болып тағайындалды. 1973жылы ол кезде Шет ауданынан енші алып отау тіккен Ағадыр ауданының Ағадыр совхозына бас зоотехник болып барып, өмірінің соңына дейін осынау қызметті атқарды. 1980 жылы 10 тамызда ұзаққа созылған ауыр науқастан қайтыс болды.

Әкем білгір ұйымдастырушы, принципшіл коммунист, жолдастарына кішіпейіл азамат, балаларына қамқор, өте балажан кісі еді. Жары, яғни анам Әубәкірқызы Нұржамал екеуінің шаңырағының ерекше қонақжай екендігін көзі таныс адамдар әлі күнге айтып жүреді. Жастайынан үлкенге құрмет пен кішіге ізет секілді қасиеттерді бойына сіңіріп, аға алдын кеспеген, інінің маңдайынан сипаған жүрегі жомарт болғанына ел куә. Күйгеліктік қанында жоқ, болмысы байсалды әкем бос уақытын кітап оқумен өткізетін. Осынау істен айрықша ләззат алып, барған қаласынан жаңа кітап ала келетін.

Жан парасатын заманына қажет біліммен көмкеріп, елге, жұртқа маңдай терімен қызмет қылды. Кіндік қаны тамған өлкесінің көркеюіне, болашағының жарқын болуына барынша үлес қосып, азаматтық айбынымен кейінгі ұрпаққа үлгі бола білді. Өзі жілігін шағып майын ішкен салада талай саңлақ шәкірттерді, яғни жас мемлекеттік қызметкерлерді дайындады десек артық айтқандық емес. Лайым аға ұрпақ өкілінің ұлағатты істерін кейінгі толқын жадынан шығармай, соңынан қалдырған ізгілік жолын жалғай бергей.

**Қызы,**
**Боханова Нүриде Хабдрахманқызы**
*2021 жыл, Теміртау қаласы*



**Төлеген Жазыкенов**
**(1930-2000)**

Шет ауданының әлеуметтік - экономикалық дамуына, оған қарасты Орджоникидзе атындағы кеңшардың (совхозының) өсіп өркендеуіне тер төгіп атсалысқан өмірден өткен талай ауыл шаруашылығы саласының санлақты ардагерлері баршылық. Солардың бірі, һәм бірегейі Төлеген Жазыкенов.

Тыл және енбек ардагері Төлеген Жазыкенұлы қасиетті Сарыарқа төсіндегі Шет ауданының №1 «Жаңажұрт» ауылында 1930 жылы дүниеге келген. Еңбекжолын Ұлы Отан соғысы жылдарында тоғыз - он жасынан бастаған. 1945 жылы орталау мектепті бітіргеннен кейін «Жаңажұрт» колхозында есепші болып жұмысқа кіріседі. 1944-1950 жылдары колхоздың басқарма төрағалары және озат еңбеккерлері Шаян Қойшыбаев, Дүйсенбек Шәкенов, Әбдірахман Дүйсебеков, Нөгербек Оразбеков, Мұқаш Омаров ағаларымен бірге шаруашылықтың қат-қабат маусымдық жұмыстарын атқарды. Осы басшылар Төлегеннің адалдығын, жұмысқа қабілеттігін, іскерлігін бағалап, ақылдарын айтып, үлкен сенім білдірді. «Жаңажұрт» колхозының тұрғылықты еңбеккерлері, аға бұынның өкілдері Оспан Ахметов, Сқақ Алтынбеков, Қодар Бәйтин, Төкен Дүйсенбаев Алтайбай, Ахмағанбет Ақболатовтар, Құрмаш Жұмажанов, Әукеш, Аманбек, Төртбай Мықтыбаевтар, Игенбай Тоқтауылов, Жиенқұл, Жұмағұл, Кенжеберген, Тікіш ақсақалдар, өзінің замандастары Әубакір, Тоғайбай, Жақып, Рақымжан, Қоқаш, Сатыбалды, Тілеутай, Сағынай, Балтабай, Сұлтан, т. б. бірге еңбектес болғандар. Төкең жастайынан партия қатарына мүше болып, жақсы қызмет атқарды. 1950-1953 жылдары Петропавловск қаласындағы колхоз төрағалары мектебін үздік бітіріп, Шет ауданының «Роза Люксембург» атындағы колхоздың төрағасының орынбасары қызметіне орналысты. Колхоз басқарма төрағасы Қаппар Борнаев, ауылдық совет төрағасы Исатай Омаров, колхоз мамандары Виктор Морост, Басар Аманбаев, Төлеген Алдабергенов, Қасым Тәпенов, Шайхы Жұманбетов, Бекен Хасенов, Әбен Қожасов т.б. азаматтармен бірге колхоздың өркендеуіне аянбай еңбек етті.

1958 жылы Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтынқызыл дипломға бітіріп, Төкең агроном мамандығын алды. Осы жылы наурыз айында Қарағанды облыстық ауылшаруашылық басқармасының бұйрығымен Қарқаралы ауданының «Киргизия» совхозына бас агроном қызметіне тағайындалды.

1958-1959ж. егін өте жақсы өнім беріп, совхоздың көрсеткіші жоғарлап, жоспар екі есе орындалды. Осы адал еңбегі үшін Төлеген Жазыкенұлын Қарқаралы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Е.Ергебековтің ұсынысымен және Қарағанды ауылшаруашылық басқармасының бұйырығымен КСРО ВДНХ-ның қола медалімен марапатталды.

1960-1965 жылдары Қарағанды облысының Ульянов және Шет аудандарының «Бабаев» және «Нұраталды» совхоздарында бас агроном болып жемісті еңбек етті. 1963 жылы ауданның «Нұраталды» совхозының бас агрономы болып қызметке келді. Бұл совхозда облыс көлеміндегі ірі шаруашылық болатын, өйткені егін көлемі 15 мың гектардай, ет-сүт өндіру аудан бойынша ең көп өндіретін шаруашылық. Совхоз төрт бөлімшеден тұратын: №1 Ақсу бөлімшесі, №2 «Аққияқ», №3 «Шопа», №4 «Қызылқой».

Аудан бойынша бұл шаруашылық жұмысы қалыптасқан, кадрлары тұрақты, мамандары жеткілікті, шаруашылық көрсеткіштері жоғары деңгейде еді. Совхоз директоры Сәрсенбай Өтегенов жоғары білімді, әрі аспирантурада оқыған кандидаттық қорғауға кірiскен болатын. Кеңшардың партком хатшысы Е.Кенжин өте сауатты комсомол, совет, партия жұмыстарында қызмет атқарған азамат. Кәсіподақ төрағасы, М.Күлейменов, селолық совет төрағасы, Ә.Әбеуов, мамандығы мұғалім. Совхоз мамандары білікті мамандар: Ж.Жахметов, Ғ.Жарқымбеков, Қ. Рахымберлин Л. К. Полуцкий, Н. П. Толоконцев барлығы сайдын тасындай өз орындарында. Бөлімше меңгерушілері: Д.Бижанов, Ә. Шоланов, Ш. Нұрмуханбетов, Қ. Мухановтар жұмыс істеуге толықтай мүмкіншілік болды - дейтін Төкең ағай әркез.

Төкең Нұраталдыда екі жылға тақау жұмыс атқарып, отбасының жағдайына байланысты ауданға қоныс аударып, Орджоникидзе атындағы совхозға бас агроном болып 1965 жылы қызметке кіріседі.

Төкең осы кеңшарда зейнеткерлікке шыққанша еңбек етті. Совхоз директорлары: Төкім Исқаков, Қуаныштай Сейілбеков, Ермек Тлегенов, Бекежан Хамзин, Шәкір Қасымов, Есенқұл Түсүпов т.б. Партком хатшылары: Марс Төлеуқұлов, Медет Байтанасов т. б. Бас мамандар: Шакен Рамазанов, Құлтай Кенесбаев, Аман Түсіпханов, Нестай Әйешев, Рысмухан Баймуханов, Әлі Сағындыков т. б. Бөлімше меңгерушілері: Нұрғали, Жәкен, Мейірхан, Төлеуқұл, Серікбай, Елемес, Сәмбет т. б.

Төлеген Жазыкенұлы -өз мамандығын жетік менгерген, терең білімді, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, Орджоникидзе кеңшарының дамып, өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан іскер азамат. Осы адал еңбегі үшін 1970 жылы В. И. Лениннің 100 жылдығы медалімен, «Тың және Тыңайған жерлерді игергені үшін» әр жылдардағы мерей той медальдарымен марапатталған. 1956 жылы жұбайы Хайруллина Ермек Қасымқызымен бас қосып, отбасында 4 бала, 10 немере, 13 шө-

бере өсіп жатыр. Ермек Қасымқызы мамандығы дәрігер. Көп жылдар әр аудандарға (Қарқаралы, Ульянов, Шет) ауруханада басшы қызметте болды. Он төрт жыл бойы Шет аудандық атқару комитетінің төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарды. Аудандық партия комитетінің бюро мүшесі және бірнеше дүркін аудандық кеңестің депутаты болып аудан жұртшылының ризашылығы мен алғысына бөленді.



**Үкенов Кәрім**
**(1926-2012)**

Кәрім Шет ауданының Қызылтау ауыл советіне қарасты №1 ауылда 1926 жылы туған. Төленгіттің тумасы, кейінен ұлы жүз «сіргелі» аталды. Кәрім нағашымның жақын туыстары; Бұлқынбек, Нармағанбет, Қойбағар, әкесі Үкеңнің ағасы Асан, бұл кісі менің анам Базардың әкесі. Бұл адамдар негізінен Ақтөбе, колхозында өмір кешіп, еңбек еткен. Қойбағар нағашы 30 жылдары Қызылтау советіне қарайтын Ақтөбе, Игілік, Орджоникидзе колхоздарында мұғалім болған.

Сөзге өте шешен, маңайындағыларға әңгімені дуылдатып отыратын. Сол замандағы жастарға латынша сабақ беріп, білімге баулып, олардың жолдарын ашқан ұстаз болған. Қойбағар нағашымның балалары Манап, Төлеутайлар да Ақтөбе ауылында өміркешіп, еңбек етті. Олардың ұрпақтары бар.

Кәрім әкеден жастай қалып, еңбекке ерте араласты. Колхоздың қара жұмыстарын атқарды. Бастауыш мектепті Ақтөбе ауылында ағасы Қойбағардың қолында бітіреді.

1944 жылы Балқаш қаласында еңбек армия қатарына алынып, жерқазушы (земля коп) болып қара жұмыс істейді. Сонда 4 жылдай болып елге оралады.

1948-1958 жылдары ауданның Қызылтау ауыл советінің хатшысы, Орджоникидзе колхозында Ақтөбе ауылында счетовод, Шет аудандық машина-мал стансасында (МЖС) тракторист, механик, МТС-да нефтебазаның қоймашысы болып еңбек етеді.

1961-1992 жылдар аралығында зейнеткерлікке шыққанға дейін Орджоникидзе совхозында орталық материалдық қойманың меңгерушісі болып абыройлы қызмет атқарған. Білімі 4 класс болғанымен Кәкеңнің зеректілігі мен көрген затын еске сақтау қабілеті өте жоғары еді. Әсіресе, совхозда өндірісте пайдаланатын сан түрлі теехникалардың бөлшек заттарының аттары мен бағасын жатқа айтып, келген алушыға қолма-қол тауып беретін. Мұндай зеректілік пен көрегенділік

екінің біріне бұйырмаған. Кәкеңнің еңбегі МТС, РТС, совхоз дирекциясының тарапынан әркезде бағаланып, Құрмет, Алғыс хаттармен қатар заттай, ақшалай сыйлық беріліп тұрды.

1951 жылы Жұбайы Әниямен (Сарым шуаштың-тумасы, әкесінің аты Аманбай болуы керек, Ақсу колхозында тұрған) шаңырақ көтеріп өмірге 4 ұл екі қыз әкелді.

Бұл күнде балаларының алды 70-тен асты. Рая, Дариға, Марат атты балалары өмірден өтті. Артында ұрпақтары баршылық. Оғанда тәубе дейік.

Кәкең менің жақын нағашым. 1952-1953 жылдары МЖС-да Қайрақты елді мекенінде механик болып жұмыс атқарған. Әния мен екеуінің-қолында бір жылдай оқу оқып 1953 жылы 4-і орыс классын бітірдім. Аяулы нағашыларыма жатқан жерлерің жәйлі болып, Иман байлығы молынан бұйырсын деймін.

**Байтанасов Медет Тұңғышбайұлы**
**(1936)**



Байтанасов Медет Тұңғышбайұлы 1936 жылы Шет ауданы, №1 ауылдың Орджоникидзе атындағы колхозда туған. 1955 жылы Шет Қазақ орта мектебін бітірген. Сол жылы Қарағанды қаласындағы №4 тех. училищесінің автомеханик курсына түсіп, 1957 жылы бітірген. «Механик по ремонту и эксплуатации автомобиля» мамандығын алған. Облыстық ауылшаруашылығы басқармасының жолдамасымен Шет МТС-іне жұмысқа тұрып, 1957-58 жылдары көлік жүргізушісі болып істеген. 1958 жылдан Шет МТС-і, Шет РТС-і, Орджоникидзе совхозында 1966 жылға дейін гараж меңгерушісі, 1966-1972 жылдары совхоз жұмысшылар комитетінің төреғасы, одан кейін агроном-семеновод, зам. директор, бақылаушы механик жұмыстарын атқарды.

1973-1987 жылдары совхоз партия ұйымының секретары қызметін атқарды. 1988 жылдан тұқым жөніндегі агроном, техникалық складтың меңгерушісі болып совхоз тараған 1995 жылдарыға дейін істеген. 1995-2005 жылдары КШБ шаруа қожалығының жетекшісі. Одан бері «Ақбиік» шаруа қожалығының жетекшісі.

1996 жылдан зейнеткер. Шет аудандық парт. конференциясына

XIX-XXI-XXIII-XXYI-XXII-XXYII-XYIII-XXIX-XXX сьездеріне - делегат, I-II- Ақтоғай партия конф. делегат.

XXVII - рай. комсомолск конференциясына делегат

III - Делегат Жезказ. Облыстық партия конференциясына делегат

VII - конференция Рай. Обществознание

Түлкілі селолық Советіне 1965ж., 1977,1979,1982 ж. депутат болып сайланған. VIII - Республикалық ауылшаруашылығы кәсіподақ делегаты, 1967 жыл.

Байтанасов Медеттің еңбегі бағаланып «Еңбек үздігі», «Еңбек ардагері» және Жеңістің 30, 65, 70, 75 жылдығы мерекелік медальдармен марапатталған.

## ЕСМАҒАНБЕТОВТАР ӘУЛЕТІНІҢ МӘЛІМЕТТЕРІ.



### Есмағанбетұлы Хасен
### (1918-1972)

Есмағанбетұлы Хасен 1918 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданындағы №7 ауылда дүниеге келген. Алғашқы еңбек жолын 1937 жылы аудан басындағы мектепте «пионер вожатый» бастаған. 1939 жылы Совет Армиясы қатарына алынып, сол жақта әскери борышын өтеп жүрген жерінен майданға аттанған. 1939-1940 жылдары ақфиндермен соғысқа қатысқан. 1941 жылдары Ханько қаласын қорғауға қатысып, бораған оқтың астында қатерлі шақты өткерген. Ұтымды қимылы мен ұтқыр әрекеттері бағаланып, 1941 жылдың қараша айынан бастап Ленинград әскери соғыс округінің 42 - Қызыл Тулы жеке атқыштар дивизиясы, 270 - ші полкінің 136 - шы жеке атқыштар бөлімшесінің командирі болып тағайындалған. 1942 жылы 63-ші жеке атқыштар дивизиясының 190 - шы полкінің бөлім командирінің көмекшісі болған. Революция ошағы саналатын Ленинград қаласын қорғауға қатысып, «жан алысып, жан беріскен» қанды шайқастардың бірінде ауыр жарақат алады. Майдан даласындағы еселі еңбегі үшін 12 мәрте мемлекеттік марапатқа ие болған. Оның ішінде, «II дәрежелі Ұлы Отан соғыс», «Құрмет белгісі» ордендері, «Ленинград қаласын қорғағаны үшін» медалы бар. 1943 жылы аудандық әскери бөлімде меңгеруші қызметін атқарған. 1946-1949 жылдары аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы ретінде жастардың бойына жалынды жігер дарытты. Кейін 1949 жылдың ортасына дейін аудандық партия комитетінің хатшысы, 1949-1952 жылдары ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. 11.1952-09. 1958 жылдары Шет ауданының машина - трактор станциясының (МТС) партбюро меңгерушісі

қызметін атқарды. 1958 - 1962 жылдары Карл Маркс атындағы колхоздың төрағасы, аудандық шикізат дайындау кеңсесінің директоры лауазымдарында абыройлы қызмет атқарды. Өмірінің соңына дейін ауданда жоғары партиялық қызметтердің тізгінін ұстап, омырауына «Еңбек ардагері» төсбелгісін қадады. Ардақты тұлға, ақыры сол соғыста алған ауыр жарақатының салдарынан 1972 жылы 54 жасында дүниеден озды.



**Есмағанбетұлы Әбсадық**
**(1924 -1992)**

Есмағанбетұлы Әбсадық (1924 - 1992) Нұра болыстығында туған. Екінші жаһан соғысына қатысушы (1942-1949). Стлинград қырғынына қатысады, Европаның Румыня, Польша мемлекеттерін жау қолынан азат ету ұрысында взвод командирі болады. 1941 жылы Шет ауданының байланыс бөлімі бастығының орынбасары, ауданның шикізат дайындау кеңсесінің бастығы, ауданның жоспарлау бөлімінің бастығы (1949 - 1965), Октябрьдің 40 жылдығы совхозының директоры (1965 - 1975), Орджоникидзе совхозы директорының орынбасары (1975-1986) қызметтерінде болған. 1975 жылы аудандық халық банктің меңгерушісі қызметін атқарды. 1986 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққан соң, еңбегін аудандық «Қазавтомотолюбитель» ұйымының төрағасы міндетін орындаған. II дәрежелі Отан соғысы орденімен, көптеген медальмен марапатталған. ХШЖК күміс медалымен марапатталған. 1992 жылы Есмағанұлы Әбсадық дүниеден озды.



**Әбеуқызы Рабиға**
**(1931-2020)**

Әбеуқызы Рабиға 1931 жылы 10 ақпанда Қарағанды обл, Шет ауданы Нұраталды ауылында дүниеге келген. Рабиға Абеуқызы өзінің еңбек жолын 1950-1974 жылдары Нұраталды аулында кітапхана меңгерушісінен бастады. Сонымен қатар 1974-1977 жылдары құрылыс бөлімінің бастығы қызметінде абыроймен атқарды. Рабиға Әбеуқызы бірнеше мәрте аудандық халық депутаттары кеңесінің мүшесі болып сайланды. 1981 жылы зейнеткерлікке шық-

қаннан кейін де Астық қабылдау элеваторында меңгеруші қызметін абыроймен атқарды. Рабиға Әбеуқызы Шет өңірінің өсіп өркендеуіне рухани түрде өз үлесін қосты. Ол кісі еселі еңбегінің арқасында «Тыл ардагері», «Алтын Алқа иегері», көптеген республикалық медальдар мен алғыс хаттармен марапатталған. Рабиға Әбеуқызы 4 тамыз 2020 жылы 90 – ға қараған шағында дүниеден озды. Аяулы ана өмірге 7 бала әкелді. Олар: Мырзабала, Мұрат, Айгуль, Шолпан, Ғалия, Абай, Алтай бәрі жоғарғы білімді, отбасын құрған, алған мамандықтары бойынша қызмет істейді.



**Есмағанбетов Дәулет Хасенұлы**
**(1959-2000)**

Шетауданының Ақсу – Аюлы селосында дүниеге келген. 1980 жылы ҚарМ – дің денешынықтыру факультетін бітірген. Ы. Алтынсарин мектебінің мұғалімі (1980), аудан әкімшілігінің жалпы бөлімінің нұсқаушысы, 1987 жылы аудандық спорт бөлімінің төрағасы, 1989 жылы Дария кенттік кеңесінің төрағасы, 1993-1995 жылдары Дария ауылдық округінің әкімі болып істеген. Жұбайы Омарова Гүлнар-мұғалім. Өмірден қыршын кеткен Дәулеттің артында Жасұлан, Айгерім, Айтолқын атты ұлы мен қыздары әкесінің көрмеген қызықтары мен қуаныштарын бастарынан өткізуде.



**Есмағанбетов Марат Көбілікұлы**
**(1948)**

14 қантар 1948 жылы Шет ауданы Ақсу – Аюлы ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1966 жылы Орджоникидзе атындағы совхозда тракторист, автокөлік жүргізушісі болып жұмыс істеді. 1968-1970 жылдары әскери борышын өтеді(ГСВГ). Әскерден келген сон халықтық бақылау комитетінің председателының автокөлік жүргізушісі болды. 1972 жылы Шет АІІБ бөліміне қызметке орналасты. Полиция майоры Шет АІІБ жол бақылау инспекторы, кезекшілік бөлімінің аға инспекторы, аудан арлық күзет бөлімінің бастығы болып істеген. Бірқатар салалық марапаттарға ие болған. Қаз ССР ІІМ «Кезекшілік бөлімінің таңдаулы қызметкері» атағы берілген. «Мінсіз қызмет атқарғаны үшін І-ІІ-ІІІ дәрежелі медальдармен» марапаттал-

ған. Отбасының иесі Ирина өмірге 2 ұл, 3 қыз бала әкеліп, Маратпен бірге оларды қанаттандырып, балалары мен немерелерінің шуақты күндерін өткізуде. Балалары: Думан, Мейрамкүл, Дәурен, Дархан, Құндыз бәрі жоғарғы білімді, әр түрлі салада қызмет атқарады.



**Есмаганбетов Самат Есмаганбетұлы**
**(1937-1995)**

1937 жылы 2 ақпан айында Ақсу - Аюлы ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1954 жылы Шет аудандық байланыс кеңесінде бухгалтер болып бастаған. 09.1962-08. 1964 жылдары Қарағанды қаласының кеңес партия мектебінің қызметкері. 08. 1964-02. 1965 жылдары партия мектебін бітіргеннен кейін Орджоникидзе атындағы совхоздың бас агрономы болып жұмыс істеді. 02.1965-01. 1968 жылдары Шет ауданы, Ақсу - Аюлы ауылы Қазақстан КП аудандық комитетінің партко-миссиясының төрағасы қызмеін атқарды. 10. 1972-02.1973 жылдары Қарағанды қаласының халық депутаттар кеңесінің Қарағанды облыстық атқару комитетінің мал - шаруашылығы мәселелері жөніндегі аға референті. 11.1988 жылы ауыл шаруашылығы басқармасы бастағының орынбасары. Ағадыр кентіндегі ауыл - шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және өндіру жөніндегі жұмыстар төрағасының орынбасары болды. 11. 1988-09. 1990 жылдары Ағадыр кентінің ауыл - шаруашылығы өнімдерінің сапасы бойынша жетекші маманы болды. 09. 1990-06. 1995 жылы Ағадыр кентіндегі «Ауыл шаруашылығы - сумен жабдықтау» ЖӨБ - нің бастығы қызметін атқарды. Жұбайы Байболова Рахатпен өмірге перзент әкелді. Бүгінде Ләззат, Жанар, Олжас үйлі-баранды, өмірдің қуанышты кезеңін көруде.



**Спанов Самат Мұратұлы**
**(1939-1986)**

Арқаның белінде 40 жыл болыс болған Сарым-Шуаштың Ұрпағы: Дәулет-Арыстанбек бидің тумасы Спанның Мұратының баласы Самат Шет ауданының Ақшоқы ауылында 1939 жылы туған. 1957 жылы аудан орталығында Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті бітірген. Целиноград ауыл шаруашылығы институтының түлегі (1967), экономист. Алматы жоғары партия мектебінің тыңдау-

шысы (1970-1972). Орджоникидзе совхозының бас экономисі (1965-1967). Шет аудандық, комсомол комитетінің бірінші хатшысы (1967-1970), Ульянов аупарткомның нұсқаушысы, Энгельс совхозының партком хатшысы (1972-1975), Жезқазған облпарткомының нұсқаушысы (1975-1978), Ұлытау аупарткомының екінші хатшысы (1978), Ұлытау ауаткомының төрағасы (1982-1985) қызметтерін атқарған Ағанның комсомол-партия, шаруашылық жұмыстарындағы табысты еңбегі кезінде мемлекет тарапынан бағаланып бірнеше медальдармен марапатталды.

1966 жылы Ақмоланың тумасы Шаманбаева Макешпен отбасын құрған. Қарлығаш есімді қызы жоғары білім алып, Қарағанды, Нұрсұлтан қалаларында еңбек етеді. Мұрат әкейдің отбасында өмірге келген Жарылғап, Самат, Ғайни, Мәжит атты балалары ержетіп, өсіп, үйлі-баранды болып, өмірден өтті. Балалары мен немерелері ұрпақ сабақтастығын жалғастырып, әр түрлі салада еңбек етуде.

Самат Мұратұлы өмірінің соңғы жылында (1986) Жезқазған облыстық кәсіподақ ұйымында қызмет атқарды. Жатқан жерің жайлы болып, топырығың торқа болсын Жан аға.

**Інісі: Бауыржан Спанов**





**Түсіпханұлы Аман**
**(1940-2021)**

Шет ауданының №10 ауылында дүниеге келген. 1988 жылы Акшатау кентінде орта мектепті бітіріп, сол жылы Алматы зооветеринарлық мал дәрігерлік институтына түсіп, оны 1963 жылы үздік тамамдап, жоғары білімді зоотехник мамандығын алды. Еңбек жолын Аман Акшатау совхозының зоотехник болып бастады, кейін (1965-1972) жылдары осы шаруашылықтық және жаңадан құрылған Қарабұлақ кеншарының бас зоотехнигі лауазымында қызмет атқарды.

1974-1982 жылдар аралығында Орджоникидзе атындығы савхоздың бас экономисі, Шет ауданың ауыл шаруашылығы басқармасының орынбасары, 1982-1987 жылдары Ақшоқы кеншарының директоры қызметтерін абыроймен атқарған. 1987-2005 жылдар Шет ауданының агроөнеркәсіп бірлестігі бастығының орынбасары, аудан әкімінің экономика комитетінің төрағасы, әкімнің бірінші орынбасары лауазымы қызметтерінде болып, өзінің жұмысқа деген іскерлігімен ұйымдастырушылық қабілетін көрсете білді.

Шет ауданының Құрметті азаматы (2009). 2020 жылы Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен «Ерең еңбегі үшін» медалімен наградталды. Бірқатар салалық марапаттар мен облыстың ауданың Құрмет Громаталарымен және Елбасының алғыс хаттарымен марапатталды.

Аудандық Нұр-Отан партиясы филалының төрағасының орынбасары болып, халықтың ризашылығы мен алғысына бөленген айтулы абыройлы азамат 2021 жылы 81 жасында өмірден озды. Артта ұрпағы баршылық. Бүгінде балалары: Ерсайын, Ерлан, Анар, Рүстем, Бану, Дастандар әкесінің жолын жалғастырып, ауданның әр түрлі салаларында табысты еңбек етуде. Жатқан жерің жайлы болып, ұрпағыңа алланың нұры жаусын.



**Боранбаева Нағима**
**(1912-1987)**

Семей облысы, Күршім ауданында дүниеге келген. Алғашқы Қазақстан Әйелдері қозғалысының жетекшілерінің бірі.

Москвада Кенес Одағы Коммунистік Партияның 1 хатшысы Калининнің қабылдауында болып, сол кезде шағыммен келген ең алғашқы қазақ әйелі деп аталған.

1961 жылы Алматыда өткен Қазақстан Әйелдерінің 1 съезіне делегат болып сайланған. 1937-1939 жылы еңбек жолын Қарағанды каласындағы Киров атындағы шахтасында кітапхана менгерушісі болып бастаған. Одан кейін 1939-1943 жылдары Ұлы Отан соғыс жылдары осы шахтада электровоз машинисі болд. Кейінде 1943-1944 жылдары Шет ауданы, Нұраталды совхозы директорының орынбасары, 1944-1949 жылдары Шет ауданы өндіріс комбинатының директоры болып еңбек еткен. 1949-1954 жылдары Ақшокы ауылдық кенесінің төрағасы, 1954-1955 Төменгі Кайракты кентінде мектеп директорының шаруашылық орынбасары, 1955-1957 жылдары Қайрақты кентінің Кенес төрағасы болып еңбек еткен. Кейінде 1957-1972 жылдары Орджоникидзе атындағы совхозыңда асхана меңгерушісі болса, 1972-1983 жылдары жұмысшылар кәсіподағының қазынашылық кассирі болып абыройлы еңбек еткен.

Нағима Боранбаеваның еселі еңбегі бағаланып, түрлі марапаттарға ие болған.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлігі үшін медалін алса, 1956 жылы Тың және тыңайған жерді игергені үшін медалімен марапатталған.

1972 жылы «Құрмет Белгісі» орденін иеленсе, 1975 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медаліне ие болған. 1985 жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 30 жылдығы медалімен марапатталған.

**Садвакасов Дүйсен**
**(1920-2004)**



Соғыс, еңбек ардагері. Әскери билеті НТ №1448434 1941-1943 ж. ж. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Жарақатына байланысты елге қайтып, тылда еңбек еткен.

Тың жерлерде игеруге қатысқан. Зейнеткерлікке шыққанша, Орджоникидзе совхозында есепші болып қызмет істеді.

Соғыс ардагері ретінде «За победу над Германией в ВОВ 1941-1945г. »«Кеңес Одағының маршалы Т.К Жуков» медалімен. «Отечественный войне» орденімен т. б. медалдерімен марапатталған. Еңбек ардагері ретінде «Ветеран труда», «За освоение Целинных земель»,« За доблестный труд» в ВОВ, «За доблестный труд в ознаменования 100-летия со дня рождения В. И Ленина» т. б. медальдарымен марапатталған.

Орден, медаль құжаттар көшірмесі бірге тіркелген. Халыққа сыйлы, беделді болды.

Өнегелі отбасы 2 ұл, 1 қыз, олардан тараған ұрпақ 13 немере, 15 шөбере. Қазіргі таңда бір ұлы зейнетке шыққан.

Бір ұлы аудан көлеміне спорт саласында қызмет атқаруда. Қыз баласы Шет ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі мекемесінде еңбек етуде.

**Сағындықов Әлі**
**(1927-2008)**



Сағындықов Әлі 1927 жылы 27 мамырда Қарағанды облысы Қоңырат ауданына қарасты Чапаев атындағы колхоздың Қорғантас селосында дүниеге келген. 1934 жылы Ақсу-Аюлы селосындағы қазақ орта мектебіне барып, 1940 жылы 7 сынып бітірген.

Еңбек жолын 1941 жылы маусымда Қарағанды облысы, Қоңырат ауданы, Буденный атындағы колхозда есепшіліктен бастаған. 08.1943- 12.1944 жылдары осы колхозда ауылсовет хатшысы болған.

12.1944 жылы 26 желтоқсанда Шет аудандық финанс бөліміне бухгалтер болып жұмысқа қабылданған. 1947 жылдың 25 қарашасында Шет аудандық финанс бөлімінің бас бухгалтері болған.

1983 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін Шет аудандық ауыл шаруашылық басқармасында бас бухгалтер болды.

Ауданға сіңірген еңбегі ескеріліп «Шет ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

1982 және 1985 жылдары Шет аудандық Советінің депутаты болып сайланған.

2008 жылдың 1 наурызында қайтыс болды.



**Мұстафин Қасым**
**(1906-1966)**

Мустафин Қасым 1906 жылы Шет ауданының оныншы ауылы бұрынғы Қарабұлақ колхозында туған. Шет ауданының іргетасын қаласқандарының бірі болды. Қарқаралының қазақ-орыс мектебінің есепшілік-бухгалтерлік бөлімін бітірген. Мустафин Қасым өзінің бар білімі мен қабілетін, тәжірибесін ауданды, туған жерін өркендетуге жұмсады. Ашаршылық жылдарында, соғыс кезінде, соғыстан кейінгі ауыр жылдарда да талай істің басы-қасында бола білді.

Соғыс кезінде колхоздардан жарамды мықты аттарды жинап, Владивосток қаласына баратын эшелонды басқарып апарған екен. 1953 жылы Оралдан ағаш кестіруге ауылдың әлді деген азаматтарын жинап, өзі басқарып апарған. Ол ағаштардан ауданда үй салуын бастаған. Шет ауданы бойынша қаржы бөлімінің тексеру комиссиясын басқарған. Аудан бойынша қаржылық тексеру барысын әділ ұйымдастырған. Сол жылдары қай колхозды тексеруге барса да, қысы-жазы Қасымның ат арбасы мен ат шанасы дайын тұрған.

Ауданда бірталай салада жұмыс атқарған: райпотребсоюзда, жер бөлімі мекемесін басқарған. 1960 жылдардан өмірінің соңына дейін Орджоникидзе совхозында МТС бухгалтері болып істеді. 1966 жылы 16 қыркүйекте ауыр науқастан дүние салды. Жолдасы Қамила әжемен 7 бала тәрбиелеп өсірді. Балалары өмірде өз жолдарын тауып, әр салада жұмыс істеді. Үлкен ұлы Шайхы ДЭУ-де жол бойының мастері болып, зейнеткерлікке шыққан. Зайыбы Шәмшия 6 бала тәрбиелеп өсірген зейнеткер ұстаз. Қасым атасының өмір жолын немере, шөбере, шөпшектері мақтан тұтып, еске алып отырады.

**Нұржанова Қамила**
**(1922-2015)**



Нұржанова Қамила 1922 жылы Ақтөбе ауылында дүниеге келген. Тыл ардагері. 1936-1951 жылға дейін жұмыс істеген. 14 жасынан бастап колхоздың жұмысында болды. Өгіз жегіп, соқамен жер жыртты, шөбін шапты. Әрқашан таңның атысы-күннің бастысы істегені қара жұмыс.

Соғыс жылдардағы тылдағы еңбектері үшін бірнеше медальдармен, «Құттықтау хаттарымен» марапатталды. 7 бала тәрбиелеп өсірді. Немере, шөбере сүйіп, шөпшек көріп, 93 жасында 2015 жылы 11 қаңтарда өмірден өтті. Жолдасы Мустафин Қасым 1909 жылы ауданның басқару орындарында әр түрлі қызметтер атқарып, 1966 жылы қайтыс болды.

Қазақстан Республикасының қыркүйектегі Н.Назарбаевтың«Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 55 жылдығы құрметіне» құттықтауы, Облас әкімі Қ. Мұхамеджанов «Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 55 жылдығы құрметіне құттықтау» Аудан әкімі К. Сарханов Қазақстан Республикасының Тәуілсіздік күнімен құттықтауы, 2004 жыл 16 желтоқсан.

2015 жылы өмірден озды.

**Төлеуқұлов Марс**
**(1935)**



Мен, Төлеуқұлов Марс 1935 жылы дүниеге келгенмін, білімім-жоғары. Еңбек жолымды Қайрақты орта мектебінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі болып бастағанмын. Шет аудандық оқу білімінің инспекторы, Қызыл ту жеті жылдық мектебінің директоры, 1961-1966 жылдары Ақсу-Аюлы селосындағы Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебінің директоры. 1966-1979 жылдары Шет аудандық партия комитетінде нұсқаушы, Орджоникидзе атындағы совхоз партия комитетінің хатшысы, аудандық ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподақ комитетінің төрағасы, 1979-1992 жылдары Шет аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, Ақшоқы совхозы партия комитетінің хатшысы, 1992-1997 жылдары Шет ауданы әкімінің аппарат басшысы қызметтерін атқардым.

Менің адал да қажырлы еңбегім ерекше бағаланып, бірнеше марапат-

тарға ие болдым. Олар: 1957 ж. «Тың және тыңайған жерді игеру» медалі, 1970 ж. «Қажырлы еңбегі үшін» В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына байланысты медаль, 1976 ж. «Құрмет белгісі» ордені, 1986 ж. «Еңбек ардагері» медалі, «1941-1945 ж. ж. Ұлы Отан соғысы жеңісінің 60-65-70-75 ж. » медалі, 2009 ж. «Шет ауданының Құрметті азаматы» атағы берілген, «Тыл ардагерімін» 18 жыл Шет аудандық партия комитетінің мүшесі және бюро мүшесі болып сайландым. Қарағанды қалалық ардагерлер кеңесінің пленум және президум мүшесімін. 2020 жылы «Қарағанды қаласының құрметті ардагері» атағы беріліп, төс белгісімен марапатталдым. Сол сияқты Қарағанды қаласының 80 жылдық медалінің иегерімін, «Қарағанды облысының білім саласына еңбегі сіңген қызметкері» төс белгісімен марапатталдым. Қазір зейнеткер-ардагер болсам да, әлі де қоғамдық жұмыстарға араласып жүрмін. Әртүрлі жиналыс, форумдарға шақырып, жастарға түрлі салада кеңестер беріп отырамын.

Мен, 1971-1973 жылдары Орджоникидзе атындағы совхоз партия комитетінің хатшысы болып еңбек істедім. Совхоз директоры болып Төкім Искаков деген азамат жұмыс істеді. Ол тәжірибесі жұмыста ысылған, Қарағанды облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында әртүрлі қызметте жұмыс істеген, білімді де, белгілі азамат екенін көрсетті. Орджоникидзе атындағы совхоз күрделі, 6 бөлімшеден құралған, аудан орталығында орналасқан совхоз.

Ол кісі ауыл шаруашылығы өндірісін жетік білетін маман. Таңертеннен кешке дейін, бөлімшелерді аралап, қай жерде не болып жатқанын, таңертеңгі мәжілісте баяндап, әр қайсынан қойылған тапсырмалардың орындалысын қатаң талап етті. Совхоз партия комитетімен бірлесе отырып, көп мәселелерді партком мәжілісінде қарап тиісті шаралар белгілейтінбіз. Малшы-механизаторлардың еңбегіне, олардың тұрмыстық жағдайларына көп көңіл білетін. Әсіресе, жас кадрларға, олардың жұмыстарына үнемі бақылау жасап, өсуіне мүмкіндігінше көмек беріп, өзінің іс тәжірибесін, кеңесін беріп отыратын.

Соның нәтижесінде біздің совхоздан көп жас кадрлар өсіп, үлкен лауазымды жұмыстарға жіберілді. Мысалы, Қасымов Шәкір Бәкірұлы-совхозда бас инженер, «Қазселхоз техника» кәсіпорының директоры, партком хатшысы, үш савхоздың директоры болып жұмыс істеді. Сейілбеков Төкен-зав. гар., зав. машдвор, аудандық коммуналдық шаруашылық директоры, Жақсыбеков Кенже-зав. машдвор, аудандық жол (ДЭУ] басқармасының директоры, аудандық партия комитетінің партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, Жарық темір жолы партия комитетінің хатшысы, Ақсу-Аюлы селолық кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды. Ахметов Бітім-инженер, бас инженер, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, Бұрма совхозы партия комитетінің хатшысы болып жұмыс істеді. Сейілбеков Қуаныштай-зоотехник, бас партком хатшысы. Сырымбетова Нәскен-экономист, бас экономист, Батық сов-

хозының партком хатшысы, Ақши совхозы партком хатшысы қызметтерін атқарды.

Совхоз директоры Төкім Ысқақов совхозды 20 жыл басқарды. Совхоз аудан, облыс көлемінде алдыңғы совхоздың бірі болды. Мал басы өсті, егіннен мол өнім алынды, ауыл халқының әл-ауқаты жоғары дәрежеге көтерілді. Совхозда жаңадан екі пәтерлі үйлер салынып, дүкен, медпункт, клуб, бастауыш мектеп, монша, кітпахана, әкімшілік кеңселері, грейдер автожолдар, телефон желіліері тартылып, мал баздары салынып пайдалануға берілді.

Совхоз директорының қажырлы еңбегі ерекше бағаланып екі рет Еңбек Қызыл ту орденімен бірнеше медальдармен марапатталды, «Қазақ ССР-нің ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкері» құрметті атағы берілді. Төкең халықтың үлкен құрметіне бөленді. Оның өмірі-өнеге, өсиетке айналды.

Екі Төкеңнің де еткен еңбектері мен жасаған істерінің сұлбасы бар, төккен тер мен жүрген іздерінің табы әлі күнге сайрап жатыр-Сарыарқаның жерінде.

**Марс Төлеуқұлов-тыл және еңбек ардагері.**
*Қарағанды қаласы 28. 05.2021 ж.*



## Абдыгалиев Төлеубай
## (1940-1994)

Абдығалиев Төлеубай 1940 жылы наурыз айының 5 жұлдызында дүниеге келген. Жастайынан ата-анасына көмекші болып, жұмысқа төселген. Ерте есейген Төлеубай әскер қатарына алынып, аман есен ауылға келгеннен кейін 1959 жылы Түлкілі селолық ауыл советіне қарасты бөлімін еңбекке араласып, кейінде басшылық қызметіне қабылданған. 1961 жылы аудан орталығындағы жол жөндеу мекемесінде мастерлік қызмет атқарса, 1962 жылы Қарағанды облыстық ДОСААФ комитетінің аудандық бөлімшесінде төрағалық қызмет атқарған. 1963 жылы өзінің ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында Түлкілі селолық советіне жұмысқа қабылданып, кейінде осы мекемеде төрағалық қызметке ауыстырылған. Осы жұмыста аудан басшыларының ғана емес, ауыл тұрғындарының ризашылыңғына бөленіп, ауданымыздың көркеюіне ат салыса білді. Іскер азамат 1973 жылы аудандық мәдениет үйіне меңгеруші болып жұмысқа қабылданады. Мұнда да ауыл мәдениетінің дамуына үлес қосып, өнерпаздардың өнерін шыңдауға көп қолғабысын тигізген жан.

1977 жылы аудан орталығындағы Орджоникидзе атындағы совхозда директордың ауыл шаруашылық жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалған. Кейінде осы кеңшарда кәсіподақ ұйымының төрағасы қызметін абыройлы атқарған.

Қолынан іс келетін іскер басшы 1980 жылы Түлкілі селолық советі халық депутаттары атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалды. Еңбек атқарған жылдарында адал еңбегі үшін бірнеше аудандық, облыстық Құрмет грамоталары мен алғыс хаттарға ие болған. Кейінде 1984 жылы Жезқазған облыстық тұтынушылар қоғамы аудандық бөліміне төраға орынбасары қызметіне ауысқан. 1985 жылы Орджоникидзе атындағы совхозға шаруашылық жөніндегі орынбасары қызметіне ауысып, ол жерде де жемісті еңбек етті. 1987 жылы Жезқазған облыстық ДОСААФ комитеті аудандық бөлімшесінде төраға болып қайыра тағайындалады. Осы жерде өмірінің соңына дейін қажырлы еңбек ете білді.

Жұбайы Қадишамен отау құрып 8 баланың ата-анасы атанды. Бүгінде балалары бір-бір шаңырақтың ұйытқысы, әр салада абыройлы қызмет атқаруда. Осы перзенттерінен немере-шөбере сүйген бақытты отбасы болатын. Марқұмдардың жаны жәнатта, тәні рахатта, орындары пейіште болсын.



**Дүйсембаев Кәрімтай**
**(1920-1998)**

Дүйсембаев Кәрімтай 1920 жылы Шет ауданының Түлкілі ауыл советіне қарасты. №1 ауылында дүниеге келген. Жастайынан еңбекке араласып, Ақсу колхозының қара жұмысына жегіледі. Білімі 4 кластық. 1941 жылы советтік Армия қатарына алынып, соғысқа аттанды. Батыс майданда 39 атқыштар дивизиясында атқыш болып қырғын соғыстың ауыртпалығын басынан өткізеді. Соғыстағы ерлігі үшін бірнеше медалдармен наградталады. Елге 1945 жылы оралып, бейбіт еңбекке кіріседі. Бастапқыда колхоздың, кейіннен Орджоникидзе атындағы совхоздың майталман механизаторы-трактористі болып қажырлы еңбек етеді. 1970 жылы Қазақ ССР Минестерлер советінің қалаулысымен бойынша Дүйсембаев Кәрімтай ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттырудағы аса көрнекті табыстары үшін Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Құрмет Алтын Кітабына жазылды. 1957 жылы «Тың жерлерді игергені үшін», 1973 жылы «Ерең еңбегі үшін», 1980 жылы «Еңбек ардагері» медалдарымен марапатталды.



**Тойшыбеков Ақпанбай**
**(1907-1981)**

Шет ауданының Кежек ауылында туған. Еңбек жолын Балқаш мыс қорғау зауытында аға жұмыскер, электр стансасында ауысым жетекші болып еңбек еткен.

1941 жылдан колхоз жұмысына араласып мал шаруашылығында бригадир, Ақсу колхозында басқарма болып қызмет атқарған. Күн-түн демей тылдағы тынымсыз еңбегімен Жеңіс күнін жақындатуға ат салысқандардың сапында болды. Егін салып бастыру, мал азығын дайындау, сүт фермасының жұмысын жолға қою сияқты келелі істерге ұйытқы болды. Барлық жұмыс қолмен атқарылатын. Нар атанның белін қайыстыратын колхоздың қара жұмысы барша елге ауыр тиген еді. Соғыстан соң да тұралап қалған шаруашылық, бүлініп қалған көңіл-күйлерді қалпына келтіру үшін де жан аямай еңбек етті. Байыпты мінезімен, істің көзін тапқан іскерлігімен танылды. Кейінірек жылқы фермасының меңгерушісі, аудандық мал бордақылау мекемесінде дайындаушы болып ұзақ жылдар еңбектенеді. Қазақтың ауыз әдебиетін жетік білген, сөзге ұста, өз жанынан мысқыл өлеңдер шығарған.

Жолдасы Орынбала Балабекқызы колхоз өміріндегі түрлі науқандық жұмыстарда ерлермен қатар еңбектеніп, өзіндік үлес қосты. Майдандағы жауынгерлерге жылы киімдер, қолғап дайындау сияқты шұғыл шараларды жүзеге асыруға белсене араласты. Кейіннен аудандық артелде тігінші болып ұзақ жылдар еңбектенеді. Осы бір іскер жан тіккен сәнді тондарға деген сұраныс аса жоғары болды. Ал, баласы Болат Тойшыбек аудандық баспасөзде жауапты қызмет атқарып, бүгінде құрметті еңбек демалысында.



**Тойшыбеков Елемес Әменұлы**
**(1936-1995)**

Шет ауданының тумасы, мінезі біртоға, салмақты жан болған. Табиғи қалпын бұзбай, шыр етіп дүниеге келгенде тәңірісі маңдайына жазған адамдық қасиеттерден айнымай, уақыттың желімен құбылып соқпай, жүзі жарқырап жүретін жайсаң жан еңбек жолын, жүргізуші моторист болып бастаған. Отан алдындағы әскери борышын өтегеннен кейін Балқаш қаласындағы тау-кен техникумын бітіріп Осака-

ровка ауданында ЖМК (ПМК) мастер, прораб болып біраз жылдар еңбектенеді. Аудан орталығындағы Орджоникидзе атындағы кеңшарада прораб болып қызмет атқарған кезеңде, өз ісіне тиянақты, білікті маман, іскер ұйымдастырушы ретінде танылды. Оның өндіріске енгізген өнертапқыштық еңбегі лайықты бағаланды, кеңінен насихатталып, арнайы төсбелгімен марапатталды. Елемес Әменұлы еңбек еткен жылдары шаруашылықта тұрғын үй құрылысы мен шаруашылыққа қажетті нысандар көптеп салынды. Кейіннен Жаңарқа ауданындағы ЖМК мекемесінде ұзақ жылдар бас экономист қызметін атқарды. Әртүрлі салалы марапаттарға ие. Жолдасы Рая Адыйқызы да әр салада жемісті еңбек тенген. Мейрам, Мейрамкүл, Алтынкүл есімді алтын асықтай балаларды дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген.



**Қайыпбай Мәтібекұлы**
**(1937-2004)**

Қайыпбай барша қатарластары сияқты балалық шағы, бозбала күндері тым келте қайырылып, ерте есейген сан мыңдаған ұрпақтың бірі болды. Орта мектепті Ақсу-Аюл ыдағы орта мектепте оқып тамамдады. Мектеп қабырғасында жүргенде - ақ алғырлығымен, ынта жігерлігімен ерекшеленген бозбала жігіттін жоғарғы оқу орнында білім жалғастыруына бірден жолы бола қоймады, бірақ алғашқы сәтсіздікке мойыған жоқ. Орджоникидзе атындағы кеңшарда (РТС-те) үш жылдай жүргізуші болып еңбек етті. Жастайынан шаруашылық ісіне жете қанық, әрі іске жылдам бейімделгіш жас бұл орайда дабірден көзге түсіп, сенімге ие болды. Жыл мерзіміне орай, бірі аяқталса, екіншісі басталып жататын науқандық жұмыстарға белсене араласа жүріп адамдармен қарым қатынастың алғашқы сабағын алды. Бұдан кейінгі еңбек жолы аудандық ішкі істер бөлімінде жалғасты.

Өмір жолында қарапайым кісілік, адамдық ақ жолдан таймай өткен айтулы тұлғаның жарқын өмірі келешек ұрпаққа өшпестей үлгі-өнеге болған жан зейнеткерлікке шыққанан кейін де Ақсу-Аюлы ауылдық округінде әкім болып абыройлы еңбектенді. Ал Орджоникидзе кеңшарының Қайрақты, Ақтөбе бөлімшелерінде қасақана үйілген маяға от қоюшы қаскөйлерді анықтап тапқанын ауыл тұрғындары жырдай қылып айтатын.

Жолдасы Жәмел алты бала тәрбиелеп өсірген, алтын құрсақты ана. «Ардақты ана» күміс медалінің иегері. Үлкен баласы Тынысбек Астана қаласында Ішкі істер министірлігінде жауапты қызмет атқарып, пол-

ковник дәрежесінде отставкаға шыққан. Маржаны да әке жолын қуып ішкі істер органында жемісті қызмет атқарған, бүгінде еңбек демалысында. Басқа балалары да әртүрлі салада жемісті еңбектенуде.

**Тойшыбеков Болат**



## Әлікеев Кәркен Изатбекұлы
## (1934-1990)

Замандастары ауыл азаматтары жайында әңгіме болса қалған жағдайда"нар азамат" еді деп Кәркен жайында ризашылықпен еске алысып отыратын. Расында ол жастайынан тұлғалы, ірі денелі болып өсті. Балалық балғын дәурені, ес біліп ер жеткен жастық жылдары осы Ақсу-Аюлы топырағында өсті. Балалық балғын дәурені соғыс жылдарымен тұспа-тұс келгендіктен бе? Сол кездің балалары жылдам есейетін. Жанашырлық танытып тұратын. Алғырлығымен ерекшеленетін. Білімге деген ынта жігерлері де жоғары болатын. Спорт десе жанып түсетін.

1952 жылы құрылған команда мүшелері спорттың бұл түрінен де жоғарғы жетістіктерге қол жеткізді. Қозыкен Медеубаев жоғарғы оқу орнында жүріп шебер ойынымен көзге түсіп Қарағанды облысы құрамында республика құрамасы қатарына қабылданып, өнер көрсетті. Бұл сол кездегі жастардың ойын шеберлігінің қандай деңгейде болғанын аңғартқандай. Сол тұстағы Кәркен аға бастаған Қыбышев Шөпбай, Көкенов Егінбай, Түсіпов Тілеужан, Атақан мұғалім, тағы басқалары жұмыстан қолдары босаған сәтте, демалыс күндері волейбол алаңынан табылып, екі топқа бөлініп жарыс көрігін қыздыра түсетін. Спортты өмірлеріне серік еткен жандардың бұл тірлігіне, әсіресе, жасөспірімдер жағы қызыға қарап, еліктеп өскені сөзсіз. Ауданымыздағы алғашқы спорт қарлығаштарының салауатты өмір салтын насихаттаған өршіл жасмпаз істері қашанда үлгі болып қала берері анық. Кәркен Изатбекұлы кезінде бағалы силықтарға әртүрлі салалық марапаттарға ие болған.

Жолдасы Нұрғайша Ағзомқызы ұзақ жылдар М.Горький атындағы орта мектепте математика пәнінен сабақ берген, ұлағатты ұстаз. Баласы Мұрат «Балхаш энерго» жүйесінде абыройлы еңбектенген, бүгінде құрметті еңбек демалысында.

**Тойшыбеков Болат**



**Тойшыбек Болат Ақпанбайұлы**
**(1953)**

Шет ауданында дүниеге келген. Қазақстан журналистер Одағының мүшесі. Ақмола а.ш институтын бітірген. Еңбек жолын аудандық ветеринарлық станцияда бастаған. Орджоникидзе атындағы кеңшарада зоотехник болып он жылдай еңбек етіп, шаруашылықтың өркендеуіне өзіндік үлес қосты. Аудандық "Шет шұғыласы" газетінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары, редактор қызметін атқарып, зейнеткерлікке шыққан. Қазақстан Республикасы «Ауыл шаруашылығы ардагерлер Кеңесі» Қоғамдық бірлестігінің «Құрметті ардагері» белгісінің иегері.

Жолдасы Жадыра Мәуленқызы аудандық тұтыну кооперациясы саласында сатушы болып қызмет атқарған. «Кооперация қызметінің үздігі» белгісінің иегері. Жанұясында үш баласы бар. Үлкені Іңкәр Астана қаласында кәсіпкер. Әнуары Қарағанды қаласында полиция, абыройлы еңбектенуде. Кенжесі Мұхтар аудандық ветлабараторияның меңгерушісі.



**Жосалбаев Тұяқбай Аханұлы**
**(1936-1992)**

1936 жылы наурыз айының 20 жұлдызында Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақшатау кентінде дүниеге келген. Ақшатау кентіндегі Киров атындағы мектепке пионер вожатый болып жұмысқа орналасып. кейінде бастауыш сыныптарға дәріс берген. Білімді жас жігітті мектеп басшылығы орыс мектебіне есепші етіп қабылдайды. Одан соң Тұяқбай әскери міндетін өткеруге аттанады, ол жерде оны партияға кандидат ретінде қабылдайды. Жас коммунист әскерде де темірдей тәртіпте өзін жақсы қырынан көрсетіп, аман-есен елге келеді 1958 жылы Алматы қаласында партия мектебін аяқтап келгеннен кейін аудандық комсомол комитетіне инструктор (нұсқаушы) болып қабылданады. Осы қызметте жүргенде аудан басшылығы жақсы жұмыстарын ескеріп, партия (КПСС) қатарына алады.

1961 жылы аудандық тұтынушылар қоғамында товаровед болып жұмысқа алынады. Осы салада орталық сауда саласының директоры,

меңгерушіболыпеңбекетеді. 1965 жылы өмірдің ағымымен аудан орталығындағы С.Орджоникидзе атындағы совхозға прораб, директордың орынбасары болып жұмысқа тұрады. Кейінде 1968 жылы аудандық тұтынушылар қоғамына жұмысқа ауыстырылып, төрағаның орынбасары, автоколонна мекемесінің бастығы, инженер-технолог жұмыстарын атқарады. Іскер де білгір азамат аудандық тұрмыстық комбинатта директор, Ақадыр ХРСУ мекемесінде шебер, жұмысшы топтың жетекшісі жұмыстарын адалда абыройлы атқара білді.Т.Жосалбаев кейінде аудандық тұтынушылар қоғамына ауысып,өмірінің соңына дейін Орталық сауда саласының директоры міндетін абыройлы атқара білді. Т. Жосалбаев аудан басшыларының, облыстық тұтынушылар қоғамының алғыс хатымен, Құрмет грамотасымен марапатталған. Тұяқбай Аханұлы 1992 жылы қазан айының 25 жұлдызында өмірден озды. Бес қыз, екі ұлы бар.

**Құрмантаева Әмина**
**(1940)**



1940 жылы желтоқсан айының 29 жұлдызында Айғыржал ауылында дүниеге келген. Орджоникидзе совхозында 1959-1960 жылға дейін тері қабылдайтын агент болып жұмыс атқарған. Одан кейін дүкенде сатушы болып еңбек еткен. 1971 жылдан 1990 жылға дейін автогаражда диспетчер болып жұмыс атқарып зейнеткерлікке шыққан. Көп балалы Алтын алқа иегері.

**Ордабаев Шәкәрім Есмақайұлы**
**(1939-2010)**



Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылында 1939 жылы 5 наурыз күні дүниеге келген. Осы ауылда орта мектепті бітіргеннен кейін, еңбекке ерте араласады.

1957 жылы Орджоникидзе атындағы совхоздың машина-трактор жөндеу шеберханасында «слесарь» болып жұмысқа орналасады. Шеберхана ішінде бірнеше цехтар болатын, соның ішіндегі ең күрделі де ауыр цехы - мотор жөндеу цехына «мотор жөндеу шебері» болып ауысып, бірнеше жыл еңбек етеді. Сол уақыт аралығында өзін жақсы қырларынан таныта біледі. Еңбекке деген жігерінің арқасында осы қиын да күрделі саланы меңгер-

гендіктен, совхоз ұжымы оған осы шеберхананы басқаруды сеніп тапсырады. Шеберхананы бірнеше жыл басқарады.

1960 жылдардың ортасында аудандық мелиорация мекемесіне «инженер мелиоратор» болып жұмысқа орналасады да, бұл мекемеде деабыроймен қызмет атқарады. Кейін бұл кәсіпорын жабылып таратылады.

1970 жылдардың басында Жаңа-Арқа автобазасының Шет ауданындағы филиалының директоры қызметін атқарады.

1970 жылдардың аяғында аудандағы Казсельхозтехника бірлестігіне бөлім басшысы қызметіне ауысады. 1995 жылы жекешелендіру кезеңі басталып, Казсельхозтехника мекемесі таратылғанға дейін осы мекемеде үзбей қызмет атқарды.

Инженерлік қызметімен қатар, 1966 жылдан бастап партия ісіне де белсене қатысады. Казсельхозтехника бірлестігінде партия ұйымының хатшысы болып тағайындалады, бірнеше рет аудандық партия конференциясына делегат болып сайланады.

Қызмет атқарған жылдардағы еңбегі жоғары бағаланып, салалық марапаттармен және «Еңбек ардагері» медалымен марапатталған.

2010 жылы 71 жасқа қараған шағында өмірден озды.



**Ордабаев Бақыт Есмақайұлы**
**(1942-2010)**

Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылында 1942 жылы 9 желтоқсанда дүниеге келген. 1957 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін, еңбек жолын аудандық санэпидемстанциясында жүргізуші болып бастады. 1963-1964 жылдары Орджоникидзе атындағы совхозда жүргізуші болып жұмыс істеді. Кейін аудандық ауруханада жедел-жәрдем жүргізушісі болып жұмысқа орналасады. Дәрігерлерді әрбір жедел шақыруларға уақытылы жеткізу - маңызды іс болып табылады. Ол осы іске жауапкершілікпен қарап техниканы әр қашан уақытына сай дайындап, дәрәгерлерді уақытылы жеткізіп отырды. Жақсы жұмысының арқасында аурухана ұжымының құрметіне ие болды және де салалық марапаттармен марапатталды.

«Райгосзаготинспекция» мекемесінде біраз уақыт жұмыс атқарды. 1970 жылдары «Ақсу-Аюлы» әуежайында механик болып жұмыс істеді.

1980 жылдан бастап аудандық өрт сөндіру мекемесінде механик-жүргізуші болып жұмысқа орналасты. Жұмысқа жауапты қарап өз ісін меңгере білгенінің арқасында жүргізушілер ұжымы командирі - «аға механик-жүргізуші» болып тағайындалды. Барлық өрт сөндіру техни-

касының уаықытылы жөнделіп, төтенше жағдайларға дайын болуына жауапты болды. Ол осындай жауапкершілікті істі абыроймен атқара білді.

Өз ісіне жауакершілікпен қарап, адал еңбек еткені үшін өрт сөндіру басқармасының алғыс хаттары мен грамоталарымен және де республиканың «Құрметті өрт сөндіруші» медальімен марапатталған. Өрт сөндіру саласында үзбей 30 жылдан астам уақыт еңбек етіп, осы мекемеден зейнетке шығады.

Мінсіз қызметімен қатар ұлағатты әке де бола білді. Жолдасы Бақытжанмен бірге 4 бала өсіріп-тәрбиеледі. Балалары Саян, Ноян, Ұлан және Баян қәзір әр түрлі салада жұмыс атқаруда.

2010 жылы 18-ші шілдеде дүниеден озды.



**Биғожин Ерболат Мұстафаұлы**
**(1939-1985)**

Биғожин Ерболат Мұстафаұлы (25.10.1939 - 22.03.1985). Ғалым агроном. Целиногорад ауыл шаруашылық институтың бітірген. Еңбек ардагері. Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылында шаруа отбасысында туған. 1942-1957 жж аралығында Ақсу-Аюлы селосында Шет қазақ орта мектебін бітірген.

1957 жылы 05. 07 бастап Орджоникидзе совхозына слесарь жұмысына қабылданған. 1958-1962 жылдар аралығында Совет армиясы қатарында борышын өтеген. 1962 ж мамыр айынан бастап токарь, 1966 жылдан 1972 жылдары аралығында Ақсу бөлімшесінің агрономы, 1973-1979 жж. аралығында Шет аудандық атқару комитетінің нұсқаушысы. 1979-1981 жж аралығында Шет аудандық мемлекеттік тұқым инспекциясында агроном инспектор болып жұмыс атқарған. 1981 жылдан бастап Шет аудыны Орджоникидзе совхозының бас агрономы болып жемісті қызмет атқарған. 1985 дүниеден қайтқан.

Орджоникидзе атындағы шаруашылықтың егін, көкөніс өсіру, жалпы шаруашылықтың экономикалық өсіп-өнуіне елеулі үлес қосқан білікті маман.



**Биғожин Мұстафа Биғожаұлы**
**(1905-1988)**

Биғожин Мұстафа Биғожаұлы (1905-1988) Соғыс және еңбек ардагері. 1941 жылдың 1 шілдесінен Шет аудандық военкоматы әскерге шақырып соғысқа жіберілген, соғыста және еңбек армия қатарында болған. Орден және медальдармен марапатталған. 1935 жылдан бастап Ақсу колхозында, 1961-1965 жылдар аралығындаОрджоникидзе совхозында зейнеткерлікке шыққанынша жылқышы болып жұмыс атқарған.



**Биғожина Зықия Рахымқызы**
**(1911-2012)**

Биғожина Зықия Рахымқызы (1911 - 2012) Тыл ардагері, көп балалы ана, күміс алқа иегері. 1935 жылдан Ақсу колхозында, Орджоникидзе совхозы құрылғаннан бастап зейнеткерлікке шыққанынша жұмысшы болып жемісті еңбек еткен. 1946 жылдың 10 желтоқсанда "1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін " медалімен және басқа да көптеген мерекелік медалдармен марапатталған.



**Дүйсекұлы Төкей**
**(1919-1978)**

Дүйсекұлы Төкей 1919 жылы Қарабұлақ ауылында дүниеге келген. 1939 жылы әскерге аттанады, екі жыл әскери борышын өтеп болғанда, 1941 жылы соғыс басталып, елге келместен, майданға кетті. Неміс зеңбіректерінің кесірінен әкеміз жарақат алып, 1944 жылы елге қайтады. Әрі қарай ауылға оралған соң, еңбек жолын Шет ауданындағы совхоз Орджоникидзеде 22 жыл слесарь қызметін атқарады. Қазірде артында қалған 9 ұрпағы және аяулы да, ардақты анамыз Аллаға шүкір ортамызда. Әкеміз 1978 жылы 61 жасында ауыр сырқаттан қайтыс болды. Егер тірі болған асқар таудай әкеміз 99 жасқа толар еді.

Қуантарлығы сол, әкеден алған өнегелі істі қолымыздан келгенше

өзіміздің балаларымызға баулып, жақсы білім беруге, адал еңбек етуге тәрбиеледік. Бұл күндері немерелері де әр алуан мамандық иелері болып отыр. Әкеміздің өмірлік жолы, болашақ ұрпақтары үшін үлкен мақтаныш пен үлгі-өнеге болатынына сенеміз. «Жақсының аты өлмейді» - деген шындық шығар, сірә. Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Өткен адам болады көзден таса, өлді, өшті болады көзден таса, ол кетсе де белгісі жоғалмайды, керектісін ескеріп ұмытпаса», - демекші, әкеміздің жақсылықтары өшпейді, рухы біздің арамызда мәңгі бірге жасай бермек. Асқар таудай болған әкеміз ортамыздан кеткеніне 40 жылға жуық уақыт өтіпті. Артында қалған ұрпақтары сағынышпен еске ала отырып, үлкенге деген құрмет, ізет ретінде аз да болса шексіз алғысымызды білдіріп, отырмыз. Оқыған дұғамыз қабыл болып, әкеміздің жаны жұмақта болғай!

**Ахметжанов Зекен**
**(1930-1988)**



Ахметжанов Зекен 1933 жыллы Ақсу-Аюлы ауылында дүниеге келген. Ауыл мектебінен 7 жылдық білім алған. 1952 жыл мен 1955 жыл аралығында әскер қатарына алынып, онда қатардағы әскер және жүргізуші болған. 1955 жылдың қараша айында ауылға келіп. 1956 жылдан бастап Орджоникидзе атындағы совхозда еңбек еткен. Еңбек еткен жылдары ерен еңбегі үшін 1979 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, 1970 жылы «Халықтық бақылау комитеті Қазақ СССР » значогымен марапатталған. Күз мезгілінде машинаны қойып комбайн литурвалына отырып егін оруға қатысқан. 1979 жылы Ақсу фермасы «Жарас» егістік даласында мол астық жолындағы бүкіл халықтық күрестің алғы шебінде болған әкелі-балалы Зекен мен Болат Ахметжановтар жемісті еңбек етіп, коллектив құрметіне бөленген. Олар науқан тұсында күніне 20 тонна астық бастыруды қамтамасыз еткен. Осы еңбегі үщін өнегелі коммунист, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

Зекен өмірлік жолдасы Ахметжанова Уатаймен бірге 3 ұл, 6 қыз тәрбиелеп өсірді. Қазіргі таңда ұрпағы жалғасып, өсіп өнуде. Әр баласы әкеден көрген еңбекқорлықпен адамгершілік қасиеттері арқасында әр салада өз қызметтерін атқаруда. Атап кетсек үлкен ұлы Сейіт жол жұмыскерінен өсіп жол бойының лауазымды қызметінде, әке жолын қуып бұл ұлыда ерен еңбегі үшін «Құрметті Жолшы» 2018 төсбелгісі, «Қазақавтожол 20 жыл»2019 жыл, төсбелгі марапаттарға ие.

Екінші ұлы Болат әке ізін басып, беделді жүргізуші, кіші ұлы Самат «KEGOC»АҚ лауазымдық қызмет атқаруда. 6 қыз баласы түрлі мамандық бойынша халыққа қызмет етуде.



**Ахметжанова Уатай**
**(1934)**

Ахметжанова Уатай 1936 жыл 5 мамырда Үңірек ауылында дүниеге келген. 1967 және 1977 жылдар аралығында Орджоникидзе совхозында дәріханасында жұмыс жасаған. Алтын алқа иегері. Қазіргі таңда өмірлік серігі болған Ахметжанов Зекенмен бірге тәрбиелеп өсірген 3 ұл 6 қыздың ұрпығының ортасында ақ жаулықты әже болып отыр. Ұл қыздарынан 25 немере, 25 шөбере сүйіп отыр. Еңбекқор әке мен анадан тәрбиеленіп өскен ұрпақ түрлі еңбек саласында өз қызметтерін атқарып, адал еңбек етуде.



**БИҒАРАШЕВ Бейсек**
**(1927-1988)**

Өзінің адал, еңбекқор, ақжарқын мінезімен туған еліне, ортасына қадірлі болған, ауданның түрлі саласында басшы қызмет атқарып үлкен абыройға ие болған Бейсек Биғарашев 1927 жылы 16 қаңтарда қарапайым шаруа адамдары, әкесі Махин Биғараш пен анасы Ағайшаның отбасында дүниеге келген. Сол кездегі заманның ыңғайына қарай, өзінің еті тірлігі арқасында Бейсекең еңбекке ерте араласып, жұмыс істей жүріп білімі мен біліктілігін арттыра білген. Сол қабілеттері арқасында 1943 жылы Шет аудандық атқару кеңесінің жалпы бөлімінің басшысы болады. Сол уақытта жиырмаға жаңа келген жас жігіт өзінің қабілеті мен білімділігі арқасында коллективтер, іскерлігімен абыройға ие болады. Сол жылдары еңбек ете жүріп, Петропавл қаласындағы басшы кадрлар даярлайтын мемлекеттік екі жылдық мектебіне түсіп, 1952 жылы агроном мамандығы бойынша үздік диплом иесі болады. 1954 жылы Шет ауданының Ақсу колхозына агроном болып, 1964 жылға дейін өз мамандығымен қызмет атқарады. 1964 жылы №2 бөлімшеге (Талды ауылы) меңгерушілікке тағайындалады. Сол қызметте 1970 жылға дейін болып, 1970 жылы аудандық Жол құрылысы және эксплуатация бөлімшесіне (ДЭСУ-353) еңбек етіп, өмірінің соңына дейін осы қызметті абыроймен атқарды.

Бейсекеңнің адал да абыройлы еңбегі үкімет тарапынан әркез жоғары бағаланып, түрлі марапаттармен атап өтілді. Ол 1951 жылы ЛКСМ-

нің V және 1953 жылы VII съездеріне Қарағанды облысы бойынша делегат болған. 1946 жылы «1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерекше еңбегі үшін» медалімен марапатталады. 1957 жылы «Тың жерлерді игерудегі ерекше еңбегі үшін» медалін алады. 1974 жылы Каз ССР автомобиль жолдары министрлігі мен КазССР кәсіподағының «Социалистік жарыс жеңімпазы» белгісімен марапаттталады.

Бейсекең үлгілі отбасының иесі болды, жары Биғарашева Жәмила екеуі 5 баланы өмірге әкеліп, тәрбиелеп өсірді. Олар Қуандық (1951-2014), Ерболат (Бөшен) атты екі ұл мен Гүлсім, Гүлнар, Гүлмира атты қыздары. Бейсекең көзі тірісінде екі ұл, екі қызын үйлендіріп, немере сүйді. Бұл күнде ол кісіден тараған 8 немересі, 19 шөбересі өсіп-өніп келеді.

Бейсекеңнің адал еңбекқорлығы, іскерлігі мен қоса, ойының ұшқырлығы, қапылыста сөз тапқыш айтқыштығы туралы көзін көрген азаматтар әлі де айтып отырады.

Бірде аупартком хатшысы Мәлік Имашев Бейсекеңе: «Сен агрономсың ғой, мынау қандай өнім деп, қиярды ұсынады. Сонда Бейсекең қиярды алып, шайнай бастайды, оны жеп болып, «Мәке, мынау дәмді шөбіңізден тағы беріңізші» деп екіншісін сұраған екен, хатшы мынаған дауа болмас деп жүріп кетіпті.

Сондай-ақ, бірде аудан басшысы шаруашылықтағы кейбір кемшіліктерді көрсетіп, колхоз басшысы Бейсекеңді бюрода қарап, бұндай басшыны соттап жіберсе артық емес деген екен. Сонда Бейсекең: « Жолдас хатшы бұл мәселе үшін бірінші сіз сотталасыз» дейді. Сасқан хатшы: -Мен не үшін сотталамын, - деп таңданады. Сонда Бейсекең: «Сіз мен сияқты нашар адамды колхоз басшысы жасағаныңыз үшін сотталасыз» деген екен. Осы сияқты Бейсекең айтқан ұтқыр ойлы әңгімелер ел ішінде көп айтылады.

Ең бастысы, артында үлгілі істері, тәрбиелі ұрпағы қалған Бейсекең бейнесі туған халқының жадынан өшпейді.



### Жексенбіұлы Төлеубай
### (1927-2008)

Жексенбіұлы Төлеубай 1927 жылы мамыр айының 5-де қазіргі Қарағанды облысыСпасск өңірінде, Байдәулет тауының бауырында, Көкөзек өзенінің бойында дүниеге келген.

1942 жылы 15 жасынын еңбек жолын Спасск заводындажұмыскерболыпбастады.

1943 - 1945 жылдарааралығындаішкіістерорганындақызметатқарды.

1956-1958 жылдары сауда саласында қызмет атқарды.

1960 -1964 жылдары Шет аудандық тұтыну одағының қоғамында қызмет етті.

1966 -1975 жылға дейін Орджоникидзе атындағы кеңшарда кадрлар бөлімінің аға инспекторы болды.

1973 - 1976 жылдары ДЭУ мекемесінде нормалаушы қызметінде еңбек етті.

1976 - 1979 жылдары Жаңаарқа АТП «КСХТ» диспетчер қызметін атқарды.

1979 жылы Шет ауданы комммуналдық мекемесінде директорлық қызмет атқарды.

1985 жылы құрметті демалысына зейнетке шықты.

Жексенбіұлы Төлеубай- үлгілі отбасының тірегі, туған-туыстарына қамқоршы бола білген тұлға. Адамбайқызы Бижамалмен отау құрып төрт бала тәрбиелеп өсірген, балалары жоғары білімді. Светлана ұзақ жылдар бойы білім саласында жемісті еңбек еткен, қазіргі уақытта зейнеткер Нәсіпжан медицина қызметкері болса, Венера заңгер, ал Бауыржаны «Қазақмыс» Акционерліккоғамында қажырлы еңбек етуде.

Сонымен қатар, Төлеубай атамыздың суырып салма ақындық қасиеттері болған. Өзінің туындыларын «Әділет» атты кітабында жинап шығарған.

1941-1945 жылдары тылда еңбек атқарғаны үшін төсбелгілермен және құрмет грамоталарымен марапатталған



**Әйділда Кенжин**
**(1903-1986)**

Ә.Кенжин 1903 жылы қазіргі Қарағанды облысы Шет ауданының №5-ші «Беталыс» ауылында дүниеге келген. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары құрылған «Беталыс» колхозында жұмысшыдан бастап, қолхоз төрағасына дейін көтерілген.

1942 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылған, Смоленск, Курск, Беларуссия, Польша үшін шайқастарға қатысып, ерен ерліктері үшін, 2 дәрежелі «Отечественая война» орденімен, «За боевые заслуги» және басқада медалдармен марапатталған. Майдан даласында алған жарақатына байланысты елге оралып, еңбекке араласқан.

Шет ауданы аумағында колхоздың жұмыскері, бригадир, бөлімше меңгерушісі және басқада жұмыстар атқарған. Еңбегі үшін «Ветеран труда», «За освоение целинных земель» медалдарымен марапатталған. 1986 жылы қайтыс болды.



**Еден Кенжин**
**(1927-1988)**

Е. Кенжин 1927 жылы Шет ауданы №5-ші ауылында туған. Еңбек жолын 1941 жылы маусым айында Шет ауданы №5-ші ауылда орналасқан «Беталыс» колхозында колхозшы болып бастады. 1943 жылы Шет аудандық Советінің жоспарлау комиссиясының жоспарлаушы-экономист, 1943-1952 жылдары Шет аудандық партия комитетінің есеп секторында есепші, кадр бөлімінің нұсқаушысы, есеп секторының және өнеркәсіп бөлімдерінің меңгерушісі. 1952 жылғы 21 сәуір күні 8-ші аудандық конференциясында Шет аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланып, бұл жұмысты 1953 жылдың аяғына дейін атқарған. 1954-1962 жылдары Кеншоқы руднигінің кадр бөлімінің бастығы, Қайракты руднигі партия ұйымының сектетары, техникалық жабдықтау бөлімі бастығы қызметтерін атқарды. 1962-1965 жылдары Нұраталды совхозының партком секретары, 1965-1971 жылдары ауыл шаруашылық жұмыскерлері мен қызметкерлері кәсіподағының аудандық комитетінің төрағасы, 1971-1980 жылдары Халық депутаттары аудандық Совет атқару комитетінің секретары болып жұмыс істеді.

Е.Кенжин құрметті еңбек демалысына шыққан 1987 жылға дейін аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатының директоры, 20.04.1984 ж. 14.09.1985 ж. дейін- Орджоникидзе совхозында статист болып, одан кейін Шет аудандық тұтыну қоғам басқармасы төрағасының орынбасары қызметін атқарған.

Е. Кенжин қоғамдық өмірге белсеңе араласты. Бірнеше рет аудандық партия комитетінің мүшесі, аудандық Советтердің депутаты болып сайланды. Тапсырылған жұмыс учаскесіне деген адал қөзқарас, принциптік және адамдарға деген сергектік Е. Кенжинды қызметтес жолдастары, ауылдастары арасында құрметке бөледі.

Оның ел алдындағы қызметі лайықты бағаланды, ҚСРО-ның 15 шақты медалдарымен және бірнеше мараппатау қағаздарымен марапатталды.

17 желтоқсан 1988 жылы қайтыс болды



**Әлқожаұлы Шәйкен**
**(1934)**

Шет ауданының 5-і ауылы Беталыс колхозында кедей шаруаның отбасында 1934 ит жылы дүниеге келеді. Әкесі Әлқожа арабша хат таныған діндар, ел ортасында сый, құрметке иеленген. Анасы Сақып Әндіржанқызы да қожа әулетінен, өмірге 14 құрсақ әкелген алтын құрсақты аяулы ана, немерелерінің сүйікті әжесі болған. Осы перзенттерден қиын-қыстау, қуғын-сүргін жылдары аман қалып, ортада, оның ішінде кейіннен Орджоникидзе колхозының орталығы «Ақтөбе» ауылында ержетіп, өмір кешіп, оқу оқып, еңбек еткен әулеттің үлкені Шәйкен аға. Одан кейінгі Серік пен Жексенбай. Жексенбай менімен бірге қатар оқып жүрген кезде, 1958 жылы өмірден ерте кетті.

Шәйкен ағаның балалық шағы, сол кеңестік замандағы барша жастардың маңдайына жазылған тағдырына тән, Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келіп, ауылдағы мылтық көтеруге жарайтындар майданға аттанып, қалған кәрі-кемпір шалдары мен бала-шағалар колхоздың қат-қабат қара жұмысына таңнан тұрып, қас қарайғанша тыным таппайтын. Бұғанасы қатайып, белі әлі бекмесе де Шәйкен аға 10 жасынан бастап, өгізге мініп, егін салып, соқа айдаушы, шөп шабушы, мал бағып, ет, сүт, май өндірушілерге әжелері мен әпкелеріне көмекші болып, қолқанаттық жасайды. Сол кездегі колхозшылардың балалары, тұрмыс-тіршіліктің жүдеулігінен мектепке 8-9 жасынан, кеш барған. Осындай себептермен Шәйкен аға 10 жылдық орта мектепті аудан орталығында ағайындас-туысы Сәйділда әкесінің қолында 1955 жылы бітірген. Сол жылы Армия қатарына алынып, азаматтық борышын 3 жылдай -өтеп келеді. Еңбек жолын өзі оқыған мектептің дене шынықтыру мұғалімдігінен бастайды. Аға жас кезінен спортпен қатты айналысқан. Әсіресе, қысқы спорттың маңдай алды-қасқасы шаңғының шаңын бұрқыратып, 10 сыныпта жүргенде 1-разрядтың биігінен көрінгеніне біздер куәміз. Әрі қарай жұмысы аудандық соғыс комисириаты мен ДОСАФ-та жалғасын табады.

1962-1988 жылдар аралығында Шет аудандық Ішкі істер бөлімінде жауапты жұмыстарды абыроймен атқарып, 1988 жылы зейнеткерлікке шықты.

1961-1988 жылдары ауданның ішкі істер бөлімінде жауапты қызметтерді атқарады.

Шәйкен ағаның еңбектегі табыстарды дер кезінде бағаланып, 1957 жылы «Тың жерлерді игергені үшін», 1985 жылы «Еңбек ардагері» медальдарымен және 10-ға жуық Қазақ ССР-ның Ішкі істер Министрлігінің арнайы белгілерімен марапатталған.





Шәйкен аға 1958 жылы Семей облысы, Үржар ауданының тумасы Рамазанқызы Бәтимамен шаңырақ көтереді.

Бәтима жеңгеміз 1958 жылы Семей қаласында қаржы техникумын бітіріп, жолдамамен Қарағандыға келіп, Шет ауданының қаржы бөліміне жұмысқа тұрады. Осы мекеменің басшысы Жонкин Рысқұлдың қарамағында еңбек етіп, орынбасары қызметіне дейін көтеріліп, табысты қызмет атқарады. Бәтима жеңгеміз өмірге: Гүлбахрам, Ерлан, Ержан, Ғазизолла, Гүлнәр, Динара атты балаларды әкеліп, отағасымен бірге бәрін тәрбиелеп, қанаттандырып, құтты орындарына қондырған, бүгінгі күні ауданымыздың мерейлі отбасы. Балалары: Ақсу-Аюлы ауылында, Қарағанды, Нұр-Сұлтан қалаларында әртүрлі салаларда еңбек етеді.

Шәйкен ағаның інісі Серік аға туралы айта кетсем, артық болмас. Серік 1939 жылы өмірге келген. Ағасы Шәкеңе қарағанда мінезі өтетін, сөзге жетік, мысқылшыл, жұмысқа ширақ еді. Бұл менің іні болсам да, топшылауым. Секеңді жақсы білетінім біріншіден бірге, тете өстік, Ақтөбе ауылында. Екіншіден, Секең менің тете ағайым Серікбаймен құрдас, дос-жолдас болды. Екеуі сонау 1959 жылы Қарағандыдан арнайы МТС-ның жолдамасымен кәсіптік училищені бітіріп, МТС-да әуелі тракторист, кейіннен шофер болып еңбек еткен.

Серік ағай 1960 жылдардың маңында Нұркеш қызы Пәнумен отау құрып, өмірге: Күләй, Сержан, Мейрам, Бейбіт, Жанагүл, Айнагүл аты балаларды әкеліп, ержеткізіп, білімімен сусындатып, өмірдің сара жолына салды. Бүгінде олар үйлі-баранды, өмір жолында әр түрлі салада еңбек етуде. Серік аға мен Мейрам, Бейбіт балалары өмірден өтті. Алла оларға иман байлығы бұйырсын деймін. Пәну женгеміз 80-нің сеңгірінен асты. Балалары мен немерелерінің қызығын көре берсін деген тілек білдіремін.

Шәйкен аға-Бәтима жеңгей алдағы көретін қызықтарыңыз ұзағынан болсын, ұрпағыныз көбейе берсін! Дендеріңізге саулық, жүректеріңізде шынайы жылылық мол болсын.



**Бақтайұлы Мұқаш**
**(1879-1957)**

Бақтайұлы Мұқаш Тұмсық ауылы Манатай тауының бөктерінде дүниеге келді. Руы Қояншы-Дәул ет-Танай. Оның ішінде Дәулет-Тәуке. Көп жылдар ұсталық кәсіппен еңбек еткен. Соғыс жылдарда фермаға басшылық жасаған. Ауыл ақсақалдары атанып, барлық жақсы сөздер осы кісіден қалған. Имандылық жолында болған.



**Мұқашұлы Жаманқұл**
**(1935-1967)**

Мұқашұлы Жаманқұл Тұмсық ауылы Қособа қыстауында дүниеге келген. Руы Қояншы-Дәулет-Танай. Оның ішінде Дәулет-Тәуке. Жасынан пысық, ширақ болып, өз құрбыларының үнемі алдында болған. Есеп-кредит техникумын бітіріп, Жинақ кассасында, Орджоникидзе кеңшарында бухгалтер (1956-1960), ДЭУ-де бас экономист қызметін атқарған (1960-1967).



**Мұқашұлы Нәсіпқұл**
**(1938-1981)**

Мұқашұлы Нәсіпқұл Тұмсык ауылы Қособа қыстауында дүниеге келген. Руы Қояншы-Дәулет-Танай. Оның ішінде Дәулет-Тәуке. Барлық өмірін Орджоникидзе кеңшарында механизатор-шофер бола жүріп (1958-1981), балаларын адам болуға жұмсай өтті. Ағайын-туысқанға қамқор болған.



**Демесін Серік Әбілдаұлы**
**(1936-1998)**

Демесін Серік Әбілдаұлы Шет ауданның Айғыржал ауылында дүниеге келген. Руы Қояншы-Дәулет-Танай. Оның ішінде Танай-Кешубай. Ауыл мектебінен кейін Қарағанды қаласындағы N2 орта мектепте оқыған. Сол жылдары спортқа ден қойып, классикалық күреске қатысады. 1955 жылы Воронеж қаласындағы Одақтық жарыста, 1956-58 жылдары Ташкенттегі Орта Азия студенттері арасындағы жарыста, Мәскеудегі жарыстарды жүлдегер атанды, 1960 жылы Семейде әлем чемпионы Болат Тұрлыхановпен белдесті. Осы жолы чемпион атағын алды. Шарықтау жылдары сонау 1960-70 жылдарға келетін Серік Әбілдаұлы аймақтағы аты шулы палуандардың санатында болды. Бірнеше дүбірлі жарыстарда бас жүлдені иеленді. Түрлі той-домалақ, сән-салтанаттардың құрметіне жайылған бозкілемнің үстінде небір жүлделі атанды, қайратты жігіттермен күш сынасып, айласын асырған, айбыны тасыған сәттері көп болды.

Қазақ күресінен Орта Азия мен Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы. Қазақ күресінен алғашқы спорт шеберлерінің бірі. Белгілі бапкер Жұмаш Әкеновтың баптауымен үлкен спортқа келіп, қазақ күресінің жұлдыздары Әлімшайқы Сәлімбаевпен, Қылан Бақыжановпен жеңіс тұғырының ең биік сатысынан көрінеді. Сөйтіп дүние жүзіне әйгілі балуан атамыз Қажымұқан Мұңайтпасов айналысқан классикалық күрес түрін қалап алған ол чемпион атағын иеленді, түрлі жарыстарда жеңімпаз болып, жүлдегер атанып, арнайы сыйлықтарға, марапаттауларға да ие болды. Кейінде жасы келіп, шау тартқан соң да күрес алаңынан қол үзбей, шәкірттер даярлау ісіне, жаттықтырушылыққа ден қойды. Зейнеткерлікке шыққанға дейін өз өнерін кейінгі жастарға үйретіп кетеді. Аудаң орталығында оның құрметіне қазақ күресінен жарыс өтіп тұрады.



**Ермұханов Жеңіс Лекерұлы**
**(1944-1984)**

Ермұханов Жеңіс Лекерұлы 23 желтоқсан 1944 жылы Шет ауданы, Ақсу-Аюлы селосында дүниеге келген.

1961 жылы Ы.Алтынсарин атындағы мектебін бітіріп, сол жылдың қазан айында Орджоникидзе атындағы совхоздың ағаш ұстасының көмекшісі болып жұмысқа қабылданады да одан кейін осы совхоздың автогаражына автослесарь болып ауысып еңбек етеді. 1962 - 1966 жылдар аралығында Қарағанды политехникалық институтында оқыды. 1966-1968 жылдары Ташкент қаласында әскери борышын аман-есен атқарып келіп, аудан басындағы машинно-тракторный станциясына инженер болып жұмысқа орналасады.

1969 жылдың қазан айынан бастап Ақсу-Аюлы мемлекеттік банкісінің бөлімшесіне кредиттік инспектор ретінде жұмысқа орналасады.

1971 жылы СССР Мемлекеттік банкасының Алматы есеп-кредит техникумына түсіп, аталған оқу орнының ауыл шаруашылығын қаржыландыру және кредит беру мамандығы бойынша 1973 жылы бітіріп шығады.

1974 жылы Жезқазған облысы, Никольский (қазіргі Сәтпаев қаласы) мемлекеттік банкасы бөлімшесіне басқарушы болып қызмет атқарды. Бірнеше мәрте облыстық және қалалық кеңесінің депутаттығына сайланды. Уақытында адал еңбегі үшін мемлекеттік тарапынан бірнеше Құрмет грамоталарымен марапатталды.

1984 жылдың 22 мамыр айында ұзақ науқастан кейін өмірден өтті.

1969 жылдың күзінде жеңгеміз Қасқатаева Бағадат екеуі шаңырақ көтеріп, дүниеге төрт бала әкеліп, тәрбиелеп, білім беріп өсірді. Үлкендері Жанна тұрмыста, екіншісі Диана Қарағанды қаласындағы Гиппократ клиникасында медбибі болып қызмет жасайды, үш баланың анасы. Құралайы екі баланың анасы, Нұр-Сұлтан қаласында тұрады, жеке кәсіпкер.

Ал баланың кенжесі Жеңісов Мұрат әкесінің жолын қуып, Қарағанды қаласындағы «Казцветметремонт» ЖШС экономист болып қызмет жасайды, екі баланың әкесі.

Жеңгеміз Бағадат уақытында әртүрлі салада қызмет атқарып, зейнеткерлікке шыққан, қазіргі уақытта ұлы Мұраттың қолында немерелерінің қуанышына бөленіп өмір сүріп жатыр.



**Сияз Алибаев**
**(1939)**

Сияз Алибаев Ақсу-Аюлы ауылында 1939 жылы наурыз айының 25 жұлдызында дүниеге келген. Аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте 1958 жылы тамамдады. 1959 жылдың аяғында Теміртау қаласындағы №6 техникалық училищесін оқып, геодезист-құрылысшы мамандығын алды. 1960 жылы Кеншоқы өңірінде жанадан ашылған, ауыл шаруашылығы саласының кәсіби мамандығын даярлайтын №11 техникалық училищесін 1961 жылы бітіріп, тракторист -машинист мамандығын алды. Сияз еңбек жолын аудан орталығының іргесінде орналасқан Орджиникидзе атындағы кеншарда қатардағы механизатор жұмысынан бастады. Көктемде жер жыр жыртып, егін салуға, жазда қоғамдық малға пішен дайындауға, күзде егін салуға белсене ат салысты. Ол өзіне жүктелген жұмысын ұқыпты атқарып, тиянақтылығымен көзге түседі. Өткен ғасырдың елуінші жылдардың ортасында тың игеру мақсатында қазақстанға одақтың басқа республикаларынан Ресей, Украйна, Беларусь, Молдова жерлерінен 20-30 арасындағы жастар келген болатын. Біздің ауданға да 100 -ден астам азаматтар келіп, тың игеру науқанына кіріскен. Осылармен бірге ауыл жастары да сыртта қалмай, бұл іске де ат салысқан. Сол жастардың қатарында Сияз атамызда Орджиникидзе кеңшарының тың жерлерін игеруге өзінің үлесін қосқандарының бірі еді.



**Жолғұтты Исақ Жолғұттыұлы**
**(1939)**

Мен Шет ауданына қарасты Нұра өзенінің бойында қәзіргі Ақши округінде Шыныбек қысауында (Нұра елді мекені) 1939 жылы қаңтардың 5 жұлдызында дүниеге келдім.
Әкем- Тәттібайұлы Жолғұтты шамамен 1888 жылдары туған. Анам-Тәттібаева Жұбаныш Шыныбек қажы қызы, Сарым-дербісалы-Иман, Тоқтыбай бабалардың тумасы. Шыныбек нағашым Мекеге сапар шегіп, сонда топырақ бұйырған, шамамен 1910 жылдары. Отбасында 7 бала болған, 5 ұл, 2 қыз. Балалардың көбісі жастайынан шетнеген. Үлкен ағай Ермек 1964 жылы жол апатынан отбасымен бірге өмірден өтті.

1957 жылы аудан орталығында Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебін бітірдім. Еңбек жолымды 1957 жылы Ақсу-Аюлы ауылында балалар балдырғанында (дет ясли) счетовод жұмысынан бастадым. Әрі қарай Шет ауданында РТС-те селесарь болдым, жұмысымды жалғастыры Орджоникиз атындағы совхозда, көлік жүргүзушісі жұмысын атқардым.

1965-1970 жылдары Шет аудандық «Казселхозтехника» бірлестігінде гостехнадзор инспекторы, аудандық ДОСАФ комитетінде төраға, Алматы арнайы милиция мекткбі КСРО ІІМ. Жезқазған қалалық ІІМ МАЙ инспекторы болып қызмет атқардым. 1970 жылдан бастап. 1994 жылдың октябрь айына дейін зейнеткерлікке шыққанша Шет ауданының ішкі істер бөлімінде мемлекеттік автоинспекция қызметін және учаскелік бөлімінде инспектордың қызметін басқардым.

Қоғамдық жұмыстарға белсене ат салысып аудандық ардагерлер ансанбелінің мүшесі болдым. Бүгінгі күні отставкадағы подпольковник млиция шенінде зейнеткерлік демалысында немере-шөберелерінің ортасында бақытты өмір сүріп жатқан жайым бар.

Ұзақ жылғы табысты еңбегім мемлекет тарапынан әр кезде бағаланып ІІМ Республика, обылыс және аудан деңгейінде салалық марапаттар мен төс белгілеріне иелендім.

1975 жылы Қазақ ССР ІІМ «Таңдаулы мемлекеттік авто инспектор" атағына ие болдым. Менің қысқаша өмірдерегім осы.



**Ақпанов Берік Аманжолұлы**
**(1940-2021)**

1940 жылы Орджоникидзе атындағы колхозда дүниеге келді. 1963-1974 ж.ж. Орджоникидзе атындағы кеңшарда жүргізуші болып еңбек етті. Одан кейін Жезқазған, Қарағанды қалаларында әр-түрлі мекемелерде зейнеткерлекке шыққанға дейін жұмыс істеді. ҚСРО Жоғарғы Кеңесінің президиумының 1972 жылғы 13 желтоқсандағы Жарлығымен «Еңбек Қызыл Ту» орденімен наградталған. 1961 жылдың Коммунистік еңбек екпіндісі.

**Қасқатаев Серік**
**(1940)**



Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлы ауылында туған. Орта мектепті бітіргеннен кейін еңбек жолын ерте бастайды, алғашқыда аудандық мал дайындау мекемесінде (Заготскот) еңбек етеді.

1962 жылы орталықтағы Орджоникидзе атындағы совхозға жұмысқа тұрады. Совхоздағы еңбек жолын машина-трактор жөндеу шеберханасында слесарь болып бастайды, шеберхана бірнеше цехтардан тұратын осының бәрімен танысуға тура келеді.

Аздаған жылдар ішінде осы цехтардағы жұмыс процестерімен танысып үйренеді. Үзбей ізденістің, еңбек сүйгіштігінің арқасында көп уақыттар өтпей совхоз ұжымы осы істеп жүрген шеберхананың меңгерушісі етіп тағайындайды. Бұл өте қиын да ауыр жұмыс болатын, себебі совхоз көп салалы шаруашылық болып есептелетін, ондаған мың гектар егістік жері, мал шаруашылығы қоса дамыған ет, сүт өндіретін ауыл шаруашылығының барлық техникасы болатын.

Ауыл шаруашылығы техникасының барлығы осы шеберхана арқылы жөнделіп шығатын. Осы жауапкершілікті сезіне біліп үзбей 17 жыл шеберхананы басқара білді.

Совхоз ұжымының және әріптестерінің алдында өте сыйлы болды. 1995 жылы совхоз тарап, жекешеленге дейін еңбек етті. Осы жылдардағы еңбегі ескеріліп, бірнеше салалық марапаттарға ие болды.

Қазірігі таңда зейнеткер, ұлағатты әке, жолдасы Зәпура көпбалалы ана, алтын алқа иегері, 9 бала өсіріп жеткізді. Балалары: Жастілек, Ерсайн, Ертарғын, Ерғали, Елжас (Ардақ), Айзада, Нұрдана, Фариза, Нұрзада. Балаларының барлығы жеке-жеке жанұя, әртүрлі салада еңбек етуде. Осы балаларынан 15 шақты немере және шөбере сүйіп отыр. Қазіргі таңда өзінің туып-өскен жері Ақсу-Аюлы ауылында тұрып жатыр.



**Абенов Толеу**
**(1940-2008)**

Абенов Төлеу 1940 жылы 17 сәуірде Қарағанды обл. Шет ауданында дүниеге келген

1947 ж 1-і сыныпқа барып, 1954 ж мектепті 7 сыныппен аяқтаған

1958 ж 1 класстық тракторист-машинист оқуын аяқтаған. Осы жылы Орджоникидзе совхозында трактор жүргізуші, көлік жүргізуші, комбайыншы болып қызмет атқарған

1960-1963 ж Отандық борышын атқарған. Армиядан келген соң Орджоникидзе совхозындағы жұмысын жалғастырған

1965 ж 9-ы мамырда Серікбаева Тілеужанмен отау құрған. 10 баланың әкесі, олардан немере- шөбере сүйді.

1970 ж 11 тамызда Орджоникидзе совхозында комбайнер курсын-аяқтаған

1991 ж Нұрсұлтан Назарбаветің Қазақ КСР-ның тұңғыш президенті-қызметіне кірісуіне арналған Қазақ КСР жоғарғы Кеңесі сессиясының мәжілісінің салтанатты отырысына шақырту алып, барып қайтқан.

Орджоникидзе совхозына 38 жыл еңбегі сіңген, 1995ж 17 сәуірде зейнет жасына шыққан

2005 ж 8-і қарашада ҚР президентінің жарлығы бойынша «Тыңға 50 жыл» мерекелік медальіне ие болған. Сонымен қатар бірнеше марапаттар мен алғыс хаттарға ие болған

2008 ж 26 желтоқсанда дүниеден озған. Артынан балалары, немерелері, шөберелері қалды.



**Мұхтаров Сайлау**
**(1940-2005)**

Мұхтаров Сайлау - 1940 жылы шежірелі-Шет ауданының кезіндегі Түлкілі (қазіргі Кеншоқы) ауылында дүниеге келген. Ауылдағы орта мектепті тәмәмдап, Қарағанды облысы, қазіргі Абай (бұрыңғы Мичурин) ауданындағы совхоз-техникумында механизатор мамандығы бойынша арнайы білім алған. Ересектермен бірге еңбекке ерте араласып кезіндегі Орджоникидзе шаруашылығында жүргізуші, тракторшы, комбайншы болып еңбек етеді. Өзінің кезкелген жұмысқа деген жоғары жауапкершілігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында кеңшардың гараж, шебер-

хана, кейіннен ферма меңгерушісі болып абыройлы да жемісті қызмет атқарады.

Ұзақ жылғы қажырлы еңбегі мемлекет тарапынан да ескерусіз қалмады. Әр жылдары "Құрмет Белгісі" орденімен және "Еңбек ардагері", Тың жерлерді игергені үшін" медальдарымен марапатталған. Сонымен қатар, кезіндегі Кеңес үкіметінің түрлі деңгейдегі социалистік жарыстарына белсене қатысып, бірнеше мәрте жеңімпазы атанған.

**Таттыбайтегі Тлеуқұл Жолғұттыұлы**
**(1940)**



Таттыбайтегі Тлеуқұл Жолғұттыұлы -1940 жылы Кежек ауылында туған, Шет ауданының Құрметі Азаматы, Қазақстанның еңбегі сінген Құрметті автокөлікшісі, Президенттің Жарлығымен «Ерен енбегі» медалінің иегері.

С.Орджоникидзе атындағы совхозда 1961 жылдан 1982 жылға дейін еңбек етті. Ұста көмекшілігінен бастап, кейін автослесарь болып жүріп Қарағанды техникалық училишесін бітіріп келіп посевной трактор айдады, жер жырттып астық септі. Күз айында орақ уақытысында комбайынға шығып егін орды, кейін 3 прицеп тіркеп автопойызбен шабылған егінді ХПП-ға тасуға ат салысты. Күніне 75 тонна астық тасып совхозға үлкен еңбегін сіңірді. Осы еңбектерін бағаланып 6 жыл қатырынан «Ударник труда» төс белігісіне, Обл. Обкомның құрметті тақтасында суреті ілініп, ҚазССР Жоғарғы Президиумының Құрмет грамотасымен марапатталды. Сонымен қатар, «Лениннің 100 жылдық» медалі, «Еңбек даңқы» орденіне ие болып сыйлыққа автокөлік алды. Қазақстанның Аграрлық саласындағы «Кімнің кім екені» кітабында Т. Ж.Таттыбайтегі еңбек жолы аталды.

**Оқапов Мәжен**
**(1936-2002)**



Оқапов Мәжен - 10 қаңтар 1936 жылы Шет ауданының №7 ауылында дүниеге келген. 6 бала тәрбиелеп өсірген. (4 ұл, 2 қыз)

1. Еңбек жолын 24 қыркүйек 1954 - 13 қантар 1955 жылдары- Актөбе колхозыың агенттік меңгерушісі болып бастаған. Зав агентством к - За Актюбе

2. 16 қантар 1955 - 11 шілде 1955 жылдары - Шет аудандық әскери комиссариатына іс жүргізуші - машинист. Четский рай военкомат

на должность дело производитель - машинист

3.20 ақпан 1956 -1 сәуір 1961 жылдары- Сталин атындағы колхозда жүргізуші. колхоз им. Сталина в качестве шофера

1994 жылдың - зейнетке шыққанға дейін - Қарағанды мемлекеттік университетінде шаруашылық меңгеруші. 2002 жылы дүниеден озды.



**Шонанов Куанышбек**
**(1940)**

Мен Шонанов Куанышбек 1940 жылы 20 ақпанда №10 ауыл «Екпінді» ауылында дүниеге келдім. «Екпінді» ауылында 1947-1950 жылдар аралығында 4-сыныпты бітірдім.

1950-1955 жылдар аралығында Ақшатау кентінде 8 жылдықты бітіріп, 1956 жылы Шет ауданында трактористік курста оқыдым. Ақшатау совхозында сырттай 11 жылдықты бітірдім. Сол алған білімім бойынша 1957-58-59 жылдары Орджиникидзе совхозында трактор айдап, трактор ремонтына қатыстым. Ол кездері Орджиникидзе совхозында Скорик, Туғанбаев Сары, Тайбеков Омар деген кісілер басшылық жасап, солардың қол астында жұмыс істедім.

1959 жылы сол Ақсу-Аюлы ауылының тумасы жарым Әбүирова Күлпашпен қосылып, отбасын құрдым, совхозда трактрист, одан кейін механизатор болып жұмыс істедім.

1964 жылы партия қатарына қабылдандым. Тракторларды бірінен кейін бірін жөндеп «Илич туы» газетіне ауылдың бір азаматы «Оқымаған-маман» деген мен туралы мақала шығарды, ол мақалада оқымаса да темірден түйін түйген шебер деген менің еңбегіме берілген баға еді.

1978 жылы Ресейдің Ростов-на Дону қаласында екі апталық комбайнның құрылысы мен эксплуатациясын үйрену курсын аяқтадым. Комбайнмен талай егін ордым.

1984-1987жылдар аралығында Мичурин совхоз техникумына түсіп, техник-механик мамандығын алдым. Диплом алғаннан кейін инженер- механик қызметін атқардым.

1987 жылы көп жылғы еңбегім бағаланып Жезқазған облыстық халық депутаттары советінің «Еңбек ардагері» медалімен марапатталдым.

1990 жылы Ауыл шаруашылық қызметкерлері мерекесіне орай еңбектегі жетістіктерім үшін «Құрмет грамотасымен» марапатталдым.

1995 жылы 55 жасымда ауыл шаруашылығында 40 жылдан астам жұмыс істегенім үшін жеңілдікпен зейнеткерлікке шықтым.

**Шайзадаев Әбдіғалым**
**(1932-2017)**



Шайзадаев Әбдіғалым- тыл ардагері, 1932 жылы Алматы облысы Кеген ауданында дүниеге келген. Балалық шағы «1941-1945 жылдар аралығындағы ІІ-Дүниежүзілік сұрапыл соғыспен» қатар келіп, 1944 жылы 12-жасында сол Кеген ауданының Тоғызбұлақ колхозына колхозшы болып жұмысқа кіріп, 1968 жылға дейін осы колхоздың электр және газ дәнекерлеушісі, отын цехінің слесары қызметтерін атқарған. 1968 жылы ата-бабаларының туып-өскен мекені Қарағанды облысы Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылына көшіп келеді. Сол жылы аудандық коммуналдық шаруашылық мекемесіне моторист қызметіне жұмысқа қабылданып, 1969 жылы Шет аудандық ауыл-шаруашылық басқармасының «Орджоникидзе атындағы совхозға» жанармай аппаратураларының реттеуші слесарі қызметіне ауысып, 1993 жылға дейін құрметті еңбек демалысына дейін осы қызметті абыроймен атқарып шыққан.

Шайзадаев Әбдіғалым ақсақал өзінің еңбек жолында жоғары кәсіби біліктілігін, тәжірибелі және өз ісінің шебері екендігін көрсетті. Ұжымда адамгершілік қасиеттері, білім-білігі үшін сый-құрметке ие болды. Қызмет барысында жұмыстағы жетістіктері үшін бірнеше мәрте ақшалай сыйақы, алғыс хаттар мен құрмет грамоталарымен марапатталған. Сонымен қатар, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55-жылдығы құрметіне «1941-1945 ж. ж. соғыс ардагері» Белгісі тапсырылып, Қазақстан Республикасы Президентінің тиісті Жарлықтарымен «1941-1945 ж. ж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл», «1941-1945 ж. ж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 65 жыл», «1941-1945 ж. ж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 70 жыл»мерекелік медалдерімен марапатталған.

**Төкен Сейілбекұлы**
**(1942-2014)**



Төкен 1942 жылдың 20 наурызында ауданның Ақшоқы округінің Сарыөзек ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын аудан орталығындағы орта мектепті бітіргеннен кейін он жеті жастан бастап Ақсу колхозының қол жұмыстарына кіріседі. Өткен ғасырдың 60 жылдарының басында аудан орталығындағы МТС-те тракторист мамандығын алып, әрі қарай Қарағанды қаласындағы арнайы курста оқып, көлік жургізуші куәлігін алады. 1960 жылдан

бастап Орджоникидзе атындағы кеншарда жүк көлігінің жүргізушісі болып, жемісті жұмыстарды атқарады. Осы жерде табан аудармай он алты жылдай еңбек етеді. Қатардағы жұмысшыдан автогараждың механигі, басқарушысы, совхоздың жұмысшылар комитетінің төрағасы қызмметтерін атқарады. 1977-1989 жылдары Төкен Жарық кентіндегі ауданаралық «Казселхозтехника» сауда бірлестігінің, аудандық «Казселхозтехника» кәсіпорынының директоры болып, табысты еңбек еткен.

1990-1996 жылдары ауданның коммуналдық шаруашылығын басқарды. 1997-2004 жылдары Қарағанды қаласындағы «Казэнерго» бірлестігінің қосалқы шаруашылығын, әрі қарай Приозерск қаласындағы «Горводканал» кәсіпорындарына жетекшілік жасайды. Төкен Сейілбекұлының осынау айтарлықтай еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағасын алады. 22 жасында «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Ол сан мәрте ауданның және облыстық деңгейдегі алғыстары мен құрмет марапаттарына ие болған. Төкең жұбайы Рымжанмен өмірге 7 перзент әкеліп, 9 немере сүйген. Балаларының бәрі ер жетіп, отбасыларын құрып, жоғары оқу орындарын бітіріп, әр түрлі салада қызметтер атқарады. Төкеңнің адал еңбегі, оның байсалдылығы мен кішіпейілділігі, адами парасаттылығы мен жайдарлы қасиеттері оны ортаға сыйлы да танымал етті. Төкеңнің сыйластыққа, достыққа ерекше тазалығы мен тұрақтылығы оның маңындағы достарын көбейтіп, туған-туыстарын қуанышқа бөлейтін.



**Құлшықов Аманжан**
**(1949)**

Аманжан Жаманұлы (Ысқаққали) 1949 жылы Орджоникидзе атындағы колхозда өмірге келген. Әкесі Жаман ҰОС қатысушысы 1942 жылдың аяғында Смоленск қаласының маңында қоршауда қалып, пленге түседі. Әрі қарай немістерде Польша, Чехославакия, Югославия, Италияда пленде болып елге аман-есен 1947 жылы оралады.

Аманжан аудан орталығында Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепті 1968 бітіріп, әрі қарай Қарағанды политехникалық институтына түседі. Бірақ-та оны толықтай аяқтамай еңбек жолын 1971 жылы Шет аудандық атқару комитетінде қатардағы инженерлік қызметтен бастайды.

1973-1975 жылдары әскер қатарында болып, азаматтық борышын өтейді.

1975-1982 жылдар аралығында аупарткомның «Білім» қоғамында жауапты хатшы, «Ильич туы» газетінде әдеби қызметкерлік жұмыс-

тарды атқарады. 1982-1996 жылдары Жезқазған облысының Шет ауданы бойынша Қаржы минитрлігінің бас тергеушісі-ревизоры болып қызмет атқарады.

1996-2010 жылдары ауданның қаржы бөлімінің меңгерушісі және орынбасары қызметтерінде еңбек етті.

Аманжан жұбайы Анарбекқызы Шәкенмен отбасын құрып, өмірге 4 перезент әкеліп, оларды оқытып, тәрбиелеп, құтты орындарына қондырды. Балалары: Айнұр, Гүлнұр, Айдын, Айбат бәрі жоғары білімді, әр түрлі салада қызмет атқаруда.

Аманжан мен Шәкен бүгінде балалары мен немерелерінің ортасында солардың қуаныштары мен қызықтарын көріп, мамыражай өмір кешуде.

**Базылов Амангельды Базылұлы**
**(1945-1994)**



Базылов Амангельды Базылұлы- 23 ақпан 1945 жылы Нұраталды совхозы Шет ауданы Қарағанды облысында туған.

1964-жылы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті бітірген.

1964-1969ж. Целиноград ауылшаруашылық институтын зоотехник мамандығы бойынша бітірген.

08.08.1969-10. 10.1971 ж.ж Шет ауданы Шет совхозы Қармыс бөлімшесінде зоотехник болып жұмсын бастаған.

12.10.1971-24. 11.1975 ж.ж Шет аудандық комсомол комитетінде нұсқаушы, екінші хатшы болып қызмет атқарды.

24.11.1975-20.10.1978 ж.ж Шет аудандық партия комитетінде нұсқаушы, 20.10.1978-21. 04.1982 жылы Шет ауданы Шет совхозына партия хатшысы болып сайланды.

21. 04.1982-26.12.1983 ж. ж Шет ауданы Шет совхозы бас зоотехник.

26.12. 1983-08.01.1985 ж.ж Шет аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бас зоотехнигі.

08.01.1985-07.12.1984 ж.ж Шет ауданы Орджоникизде атындағы совхозында бас зоотехник болып қызмет атқарды.

Қызмет істеген кезінде жұмыста тиянақтылығы мен сауаттылығы аңғарылып 1983 жылы Шет аудандық ауылшаруашылық басқармасының бас зоотехнигі қызметіне тағайындалған, кезінде Батық, Просторный, Красная Поляна асыл тұқымды мал зауаттары ірі қара малының басын көбейтумен шұғылданды. Бұл шаруашылықтарда қазақтын "ақ бас" және "даланың қызыл" асыл тұқымды ірі қара малдың генефон шоғырланған.



Сонымен қатар Орджоникизде совхозында бас зоотехник, болған уақытында Львов облысындағы сүт өндіру ісінде қолданылған, "Львовтің әсіл-тәсілі" Ақсу бөлімшесінде енгізілген. Белоруссия Гомел облысынан асыл тұқымды "Симментал" ірі қара малын әкеп басын көбейтті.

Бірнеше мәрте облыс аудан әкімшілігінің Құрмет грамоталары және Алғыс хаттарымен марапатталған.

Әкесі: Қылышбеков Базыл-1905 жылы туылған.

Шешесі: Күзембаева Муслима-1910 жылы туылған

Қылышбеков Базыл-ұста болған. Күзембаева Мүслима-сауыншы болып жұмыс істеген.

1967жылы жұбайы Байнимен отбасын құрды. Өмірге Қайрат, Айгүл, Қанат, Айнұр, Дархан атты ұл қыздары әкеп, оларды тәрбиелеп білім бергізіп немере сүйеді.

1994 жылы жол апатынан мезгілсіз өмірден озды.



## Сатыбалдин Мағауия
## (1942)

### С. Орджоникидзе атындағы кеңшар-Еңбек жолымның басталған жері

Шет ауданы орталығы Ақсу-Аюлы селосындағы қазақ орта мектебінде бірге оқыған сыныптас досым Боранбай Жұмкеұлы екеуіміз 1959 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтына түсіп, аталған оқу орнын 1964 жылдың қазан айында бітіріп шықтық. Боранбай институт кафедрасында ассистенттік қызметке қабылданды да, мен жолдамам бойынша туған ауылға оралатын болдым. Институт жолдамасы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының С. Орджоникидзе атындағы кеңшарына-тын.

«Ақтоғай ауданы» делінгені, бұл қарсаңда елімізде облыстар мен аудандар «өндірістік-селолық» болып бөлінулеріне орай, 1961 жылдың аяғында Шет ауданы таратылып, ауыл шаруашылығы саласы көрші Ақтоғай селолық ауданына, өндіріс ошақтары жаңадан құрылған Ақшатау өндірістік ауданына қаратылған кезі еді.

Сонымен тәртіп бойынша Қарағанды облыстық, Ақтоғай аудандық ауыл шаруашылығы басқармаларында болғаннан кейін, С.Орджоникидзе атындағы кеңшар директорының бұйрығымен 1964 жылдың желтоқсан айында кеңшардың орталық шеберханасында бақылаушы инженер-механигі қызметіне тағайындалып, еңбек жолымды бастадым.

Кеңшардың орталық шеберханасында тракторлар мен астық комбайндарының сапалы жөнделуіне атсалыстым.

Екі жарым жылдан кейін, яғни 1967 жылы мамыр айында аудан басшылары мені ауданның Ақшатау кеңшарына бас инженері қызметіне ауыстырды. Көшерде кеңшар басшылары Рысжан екеуімізге -«сендер әлі жассыңдар, келешектерің алдарыңда, бөтен ауылға бара жатырмызғой деп жүрексінбеңдер, әлі-ақ үйренісіп кетесіңдер, барған жерлеріңде бақтарың ашылып, еңбектерің жансын» деп, жақсы ниет-тілектерін айтып, баталарын беріп шығарып салған еді.

Әке-шешем біз (балалары) туып-өскен Ақсу-Аюлыны, Шет ауданы өңірін: «Жай жер емес, қасиетті өңір. Бұл жер - халықтың қамын ойлап, әділ билік жүргізген Жақсы Жаңқұттының өмір сүрген мекені. Әрі, қазақтың әйгілі би-батырлары: Шабанбай, Жидебай, Сеңкібай, Деріпсалы, Шортанбай жыраулар да осы өңірде өмір сүріп, мәңгілікке тыныстап та жатқан жері. Қасиетті жер болатыны сондықтан» -деп отыратын.

Бұл өңірдің мәңгі өзіне тартып тұратынын жасырмаймын. Араға отыз жыл салып, сол Ақшатау және Кәрім Мыңбаев атындағы кеңшарлар мен Ақадыр ауыл шаруашылығы басқармасында қызмет атқарғаннан кейін, 1997 жылы қайыра туып-өскен ауылыма оралып, зейнеткерлікке шыққанша еңбек еттім.

Өмірімде жеткен жетістіктерім, осы қасиетті жерде дүние есігін ашып, еңбек жолымды бастап, қанат қаққандығымнан да болар деп ойлаймын. Тәубе деймін!. Туған жерім Ақсу-Аюлыны, Шет ауданы өңірін еш жерге теңгермеймін.

**Мағауия Медетбекұлы Сатыбалдин**
*Шет ауданының Құрметті азаматы*
*Қарағанды қаласы, 4 шілде 2021 жыл.*



**Сәкенов Болат Әлімқұлұлы**
**(1946-1993)**

Әлімқұлұлы Болат 1946 жылы Ақсу-Аюлы селосында дүниеге келді. 1964 жылы Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіріп, Орджоникидзе совхозында еңбек жолын бастады. 1975-1980 жылдары Ақсу-Аюлы селосында мұнай құю станциясында аға оператор болып еңбек етті.

1980-1993 жылдары Жарық станциясындағы «Мұнай өнімдерімен жабдықтау» кәсіпорнының директоры болып еңбек етті. 1993 жылы 6 қарашада жол апатынан қаза тапты. Қысқа ғұмырында ауыл шаруашылығының қыр-сырын білген ұйымдастырушы, адал азамат ретінде танылды. Талапшыл, қабілетті, елгезек, беделді адам болды.

Болаттың жарқын бейнесі халықтың жүрегінде мәңгілікке сақталады. Тарихты өте жақсы білетін, білімді адам еді. Домбыра тартып, ән айтатын. Жұбайы Мұсақызы Баянмен бақытты ғұмыр кешті. Ұрпақтары: Даулет, Динара, Жанар, Назгүл.



**Жақсыбеков Кенже**
**(1946-2020)**

Жақсыбеков Кенже 1946 жылы 20 қазанда дүниеге келген. 1964 жылы Ы.Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебін бітіріп, сол жылы Қарағанды Политехникалық институтының инженер-механик мамандығы бойынша 1969 жылы бітіріп, 1969-1971 жылдарда Дальний Востокқа кадрлық офицер болып, борышын атқарған. Әскерден келген соң 1971-1973 жылдары Орджоникидзе совхозында Завгар.

1973-1970 жылдары ДЭСУ-336 мекемесінде бас инженер. Осы уақыттар аралығында Кенженің басшылығымен 100 шақырымнан астам, Нұраталды, Талды, Ақшоқы, Дария, Қарамұрын Ақшатау кентінен Ақшатау совхозына дейінгі тас жолды және аудан орталығындағы стадионды салуға көп еңбек етіп, 30 астам шырша егіліп, ауданның көркеюіне үлесін қосты.

1980-1983 жылдары Шет аудандық Партия комитетінің нұсқаушысы және парткомтөрағасы қызметін атқарды. Осы жылдар ішінде өзінің ұйымдастырушылық қабілетін байқап аудан басшылары Кен-

женің 1983 жылы Жарық станциясына Партком хатшылығына жіберді. Жарық станциясы бүгінде Сәкен Сейфуллин атында. Осы кентте ауданның негізгің мекемелері ПМКА, НЕФТЕБАЗА, сүт зауыты, автобаза астық қабылдау пункті осы Жарықта орналасқан. Осы ірі мекемелерінің басшыларының басын қосып, кент тұрғындарының өзекті мәселелерін шешуге талап қойды. Ұйымдастырды. Іскерлігін шындады. Ұйымдастыру қарымы күшті, бағыт-бағдарды байқағыш, адами қасиетімен ерекшеленіп, 1987 жылға дейін қызмет атқарды. 1987-1995 жылдары сельхозуправлениеде бас инженер болды.

1995-2005 жылдары Ақсу-Аюлы округінің әкімі қызметінде еңбек атқарды.

2019 жылы тамыз айында өмірден озды. Жолдасы - Жақсыбекова-Гульнара -зейнеткер. Екеуінен екі ұл, екі қыз тәрбиелеп өсіріп, барлығын жоғары білім алуына ықпал жасап, алған мамандықтары бойынша еңбек етіп жатыр.

**Әлкеев Жанат Забираұлы**
**(1947-2011)**



Әлкеев Жанат Забираұлы 1947 жылы Қарағанды облысы Шет ауданы Ақсу-Аюлы селосында дүниеге келген. 1966 жылы Шет ауданлағы Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіреді. Сол жылы "Орджееникидзе" совхозына автогаражға шофер болып орналасады.

1968 жылы Совет Армиясы қатарына әскери борышын атқарып 1970 жылы елге оралады. Әскерден келген соң, Шет Раисполкомына-дене-шынықтыр) және спорт председателі болып тағайындалады.

1978 жылы партия қатарына өтеді. Содан қоғамдық қызметтерге белсене араласады. Осы жұмыстары үшін " Чехословакия, Венгрия" елдеріне туристік жобамен барып қайтады.

Жылсайн халық дәулеті алтын астықты ысырапсыз төкпелі-шашпай жинап алу жолында социалистік жарыста егін орағына жыл сайн қатысып, өзіндік үлес қосқан менің атам Әлкеев Жанат болатын.

Биыл "Ордженикидзе” совхозына 60 жыл толады. Осы совхоздың өркендеуіне үлес қосқан менің атам Әлкеев Жанат Забираұлы. Атамыз 2011 жылы дүниеден өтті.

Біз атамызды мақтан тұтамыз.

**Жанат Айзере.**
**ЗабираӘлімжан.**



**Асқаров Мәдениет**
**(1934-1992)**

Асқаров Мәдениет 1934 жылы14 наурызда Қарағанды облысында туған. Қарағанды техникалық техникумының техник-құрылысшы және мастер мамандығы бойынша білім алған. 1966 -1969 жылдар аралығында еңбек жолын Қарағанды облысында «Долинка» шахтасында мастер болып бастаған.

1969жылы Аудан аралық станциясында прораб, 1972 жылы Орджоникидзе совхозында шаруашылық жөніндегі орынбасары болып жұмыс атқарған. Өмірінің соңғы жылдарына дейін Шет, Ақтоғай аудандарында мастер және прораб болып қызмет істеген.

Асқаров Мәдениеттің жұмысқа деген іскерлігі, ізденгіштігін атқарған жұмыстарынан көруге болады. Осы аудан орталығындағы 1972 жылдары салынған Күлеймен көшесіндегі үйлер осы Мәдениеттің басшылығымен салынған үйлер. Мәдениеттің қазақ және орыс тілдерін жетік меңгерген. Жұмысына тиянақты. Жауапкершілігі зор. Ұжымы мен жора жолдастарының арасында беделді. Қарамағындағы адамдармен тіл табыса алатын, адамгершілігі мол адам болғандығын айтады.

Отбасында адал жар. Үш баланың әкесі. Туған туысқа бауырмал. Ақкөңіл болған азамат.



**Жақсыбекова Бибігүл Жақсыбекқызы**
**(1938-2000)**

Жақсыбекова Бибігүл Жақсыбекқызы Қарағанды облысы Шет ауданы Ақсу-Аюлы мекенінде1938 жылы 27 желтоқсанда дүниеге келген. Аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебін оқып 1959 жылы бітірген.

1956 жылы Талғар қаласындағы училищеге бухгалтерлік мамандыққа түсіп тәмәмдаған. Өмірінің барлық жақсы сәттерін өз туған жерінің өркендеуіне, дамуына, адал қызмет еткен. Өжет, білімді, тік мінезімен көпшіліктің құрметіне бөлене білген ауданымыздың тумасы. Жалпы жұмыс өтілі 36 жыл. Еңбек жолын Ақсу-Аюлыдағы банкте тәжірибесін жинақтаушы болып, 1962 жылдың 20 қаңтарынан бастап, 1992 жылдың тамыз айына дейін жұмыс атқарған. Осы аралықтарда аудандық Сабесде есепші, Орджоникидзе совхозының Ақсу-Аюлы фермасында бухгалтер, 1969 жылы Орджони-

кидзе совхозының дүкенінде дүкен меңгерушісі, 1977 жылдан бастап Райпотребсоюзде шаруашылық дүкенінде және №2 қоймасында меңгеруші болып жұмыс істеген.

Қазақ қыздарына тән қонақжай, үй шаруасына мығым, құрбы-құрдастарының алды бола білді. Жолдасы Асқаров Мәдениетпен отбасын құрып, дүниеге екі ұл, бір қыз әкеліп, бүгінгі күні балалары өсіп, қызмет атқарып жатқан жайы бар. Үлкен ұлы -Асқаров Мейрам Мәдениетұлы Қарағанды облысындағы ҚарТУ-ды және КВШ мамандығын бітіріп, ДВД-да Қылмыстық тергеу бөлімінде қызмет істеген. Екінші ұлы Асқаров Абай аудандық ішкі істер бөлімінде полиция сержанты, зейнеткер, қазақша күрестен спорт шебері. Асқарова Салтанат-ҚарКЭУ бітірген. Немерлері мен шөберелері өсіп өнуде.

**Қозыкен Медеубаев**
**(1937-2018)**



«Ел төресіз болмас, жер төбесіз болмас»дегендей ой талқысына түсіп, қаламға жол салып отырған, күш кеше біреуге дос, аға жолдас жезде, күйеу болған Қозыкен Медеубаев атамыз. Жеті ата жорғысы бойынша Төре руы-Жарылғап-Балта-Байбек -Жұмабек (1823-1911) Медеубайдың Мұқатайының бәйбішесінен туған үлкен баласы. Қозыкенатамыз1937 жылы Шет ауданындағы Қояншы-Даулет-танай ұрпағының мекені-Құттыбай деген ауылында сол уақытың жағдайы бойынша орта дәрежедегі жанұяда дүниеге келеді.

1967 жылы Шет ауданыңдағы С.Ордженикиндзе атындағы совхозында инженер құрылысшы-прораб лауазымы бойынша зейнеткерлікке шыққанша еңбек етеді.

1962 жылы өмірлік серігі Шельбаева Раузамен отбасын құрады. Жеті ата жарғысы бойынша Роза әжеміз Керней- Дау-Тұйте-Тлеуберген-Арыстанбек-Бақтияр-Шельбайдың-Әбегінен 1940ж туады. Орта білімді алғаннан соң Қарағанды қаласындағы мұғалімдер институтың бітіргеннен кейін осы қаладағы мектепте ұстаздық еткен. 1967 жылдан бастап зейнеткерлікке шықанша Шет ауданыңын оқу білімінің методист инспекторы болып еңбек етті.

Атамызбен әжеміз төрт баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп, оқытып, ұлдарын ұясына, қыздарын қиясына қондырып жеке атауларын тіктіріп сол төртеуінен төрт немере, бес шөбере көрді. Алланың бар жақсылығын ананың табанының астында, Ана бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді дегендей бүгінгі әжеміз Роза,

атамыздың жаққан отын сөндірмей, шаңырағын шайқалтпай балаларының, немерелерің, шөберелерінің ортасында шалқып, жантайып жақсылап қартаюда. Аланың берген жасын жасай беріңіз, дәніңіз сау, ортамызда біздің кенже қызымыз болып жүре беріңіз, Ақ сәулелі Әже!

*Сағынышпен еске алып,*
*тілек білдіруші кенже баласы.*
**Бақтияр**



**Төкенов Қайыржан**
**(1954)**

Төкенов Қайыржан 1954 жылы Ақсу-Аюлы селосында туған. Он жылдықты бітірген соң Целиноград Инженерлік Құрылыс Институтын бітіріп, Шет ауданынының совхоздарында прораб болып істеді.

1970-1980 жылдары Орджоникидзе атындағы совхозда прораб болып біраз жыл жұмыс атқарды.



**Ахметов Бітім**
**(1945)**

Ахметов Бітім 1945 жылы Шет ауылдық округі Үнрек елді мекенінде дүниеге келген. 1964 жылы Ақсу-Аюлы ауылында Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіріп, сол жылы Алматы қаласындағы қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтына түседі. 1969 жылы осы аталған институттың толық курсын аяқтап инженер-механик мамандығың алып шығады. 1969 жылы тамыз айында жас маман туған жерге оралып аудан орталығындағы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасына мемлекеттік техниканы қадағалау инспекциясына инженер инспектор болып жұмысқа тұрады. Аудандық партия комитетінің ұсынысымен 1976 жылы бұрма совхозының партия ұйымының хатшысы қызметіне бекітіледі. Бұл қызметте 1980 жылға дейін 4 жылдай болып аброймен атқарып шығады.

1980-84 жылдары аудандық ауыл шаруашылық басқармасында бас инженер механик болып істейді. 1969 жылы Қызылорда облысының тумасы Тұрмаханқызы Сырғагүлмен отбасын құрып, ұрпақ жалғасты-

рар ұл-қыздарын өмірге әкеледі. Балалары Ержан, Лунара, Ұржан, Гүлнар, Бақытжан барлығының жоғарғы білімі бар, түрлі салада еңбек етеді, әрбірінің жанұясы бар. Жұбайы Сырғагүл өз мамандығы бойынша орта мектепте мұғалім болып 40 жыл еңбек етті, еңбегі бағаланып қазақстан білім беру озаты, Шет ауданы білім саласының Құрметті қызметкері. Қазіргі таңда екеуіде зейнеткер, балаларынан 10 шақты немере және шөбере сүйіп отыр.



**Бөлкенбаев Төлеубай Бөлкенбайұлы (1938)**

Бөлкенбаев Төлеубай 1938 жылы Шет ауданында дүниеге келген. Орта білімді аяқтағаннан кейін 1960-1963 жж аралығында Ленинград қаласында Отан қорғау борышын атқарған. 1964 жылы монтер болып 8-інші Басты бөлімшеге қабылданып, осы жылы Орджоникидзе атындағы ЦРМ-ге слесарьлікке шақырту алған. 1965 жылы аталған мекемеде элетрик монтер болып ауыстырылған. Аталған жылы «Қарағанды-Энерго» монтерлық курсын тәмамдаған. 1974 жылы «Комбайнерлер курсын» оқыған. 1980 жылы «Победитель Социалистического соревнования» төс белгісінің иегері атанған. 1984 жылы 5-інші разрядты электрик болса, 1987 жылы ПЭУ Ордженекидзе совхозына осы жұмыс иегері болып ауысқан. Ұлы Октябрь социалистік революцияның 70 жылдық мерекесіне арналған Құрмет грамотасымен марапатталған. 1995 жылдың ақпан айының 1-ші жұлдызында ҚР Президентінің совхоздарды тарату жөніндегі жарлығына сәйкес аталған мекемеде үздіксіз 34 жыл бойы адал еңбек еткен Бөлкенбаев Төлеубай жұмыстан босатылады.

Отбасының берекесі ер азамат пен әйелге байланысты екені белгілі. Бөлкенбаев Төлеубай 1965 жылдан бері жұбайы Искакова Майраш Ысқаққызымен бірге өрбіген ұрпақтарына тәлімді тәрбие беріп, бүгінде сексеннің екісіне жетіп отырған ақсақал. Ал әкесі Смағұлұлы Бөлкенбай кезінде аудандық «Ильич туы» газетінің шығарылуына бірден бір атсалысқан азамат. Сондықтан өнегелі отбасының ұрпағы екені даусыз.

Бүгінде тұңғыштары Гүлмира Қарағанды қаласының № 76 мектебінде шет тілі мұғалімі, одан кейінгі ұлдары Жұмакелді құрылысшы, қыздары Мадина Шет аудандық мәдени сауық орталығында директордың орынбасары, Бекболат пен Берік Қарағанды қаласының полициясында қызмет етсе, шаңырақта отырған кенжелері Дәулет «Шет ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқаруда. Алты баласынан немере, шөбере сүйіп отырған ақсақал келіндері мен күйеу балаларын ауызға алып мақтанады.



**Асылбеков Қантай**
**(1951)**

Асылбеков Қантай 1951 жылы 15 ақпан күні туылған. Шет ауданының Орджоникидзе совхозында 1979 жылдан 1996 жылға дейін механизатор болып жұмыс атқардым. Көп жылғы еңбегім еленіп Ауданның "Үздік мезанизаторы" атағына ие болып, аудандық, облыстық әкімшілігінің Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталарымен марапатталдым. Екі рет аудандық Советтің депутаты, бірнеше жыл қатарынан аудандық Соттың заседателі болып қосымша жұмыстар атқардым. Ұзақ жылғы еңбектерім елене отырып, аудандық газет беттеріне шықтым.



**Арыстанбеков Мейрам Алькейұлы**
**(1957)**

Арыстанбеков Мейрам Әлькейұлы Шет ауданы Ақсу -Аюлы баурайында 1957 жылы 15 сәуірде дүниеге келген. Әкесі Арыстанбеков Әлькей білікті бір мекеменің есепшісі болыпты, анасы Нұржанова Ұмиля еңбек жолын пошта саласында еңбек етіп зейнеткерлікке шыққан, еңбек ардагері, Кеңес заманында партия қатарында болып, белсенділігімен, жұмыста әділділігімен алды қатардағы азаматша болғандықтан женсовет болған екен. Жанұяда 6 бала, 4 ұл 2 қыз тәрбиеленген. Мейрам 4 ші балалары, Мейрамның үлкен ағасы Ермек Алькеевич Волгоградтағы Ауылшаруашылық институтын бітірген, қазыр 70 жаста. Ерекең Орджоникидзе совхозының мамандарын Мичурин совхоз техникумында ұстаздық етіп жүргенде бірнеше механик- агрономдарды дайындаған адамдардың бірі. Аға апалары жоғары білімді. Ал Мейрамның нағашысы Ракишев Серік аға Орджоникидзе совхозының іргесін қалаушы, ұзақ жылдар білікті басшы, аты әйгілі білімді болған азамат.

Мейрам Әлкейұлы орта білімді М.Горький мектебін 1975 жылы бітіріп аудан орталығындағы кәсіптік техникалық училищеге түсіп 1976 жылы бітірісімен алғашқы еңбек жолын Орджоникидзе совхозына жүргізуші мамандығымен жұмысқа қабылданады.

Жас маман кәсіби білім, тәлім тірбие алған 10 жыл еңбек өтілімі осы мекемеде. 1981 жылы 21 қарашада жас маман Жезқазған мәдени ағар-

ту училищесін бітіріп келген Гүлшара Ахметовамен отбасын құрады. Гүлшара Қамиқызы туып өскен жері Жезқазған облысы, Шет ауданының мәдениет бөліміне жолдамамен келіп нұсқаушы болып қызметті жалғастырып, мәдениет саласында ұзақ жылдар қызмет етті. Одан арғы қызметінде 1978 - 1980 жылдары аудандық мәдениет бөлімінің бастауыш партия ұйымының хатшысы, 1981-1984 жылдары аудандық білім бөліміне қарасты Пионерлер Үйінің директоры, 1984-1989 жылдары аудандық райком партияның нұсқауымен аудандық мемлекеттік киножүйесін басқарса, 1989 жылдан аудандық атқару комитеті мен аудандық райкомның ұсынысымен аудан мәдениет бөліміне 20 жыл басшылық жасады.

Қашанда туған жерінің өсіп-өркендеуіне үлестерің қосып, қандай да болмасын іс-шараларға белсене араласып, адал еңбек адамды өз мақсатына жетеліп, арманына жеткізеді. Оған осы 40 жыл отасқан мерейлі отбасының Мейрам Алькейұлымен Гүлшара Қамиқызының батыл жүріп өткен жолдары, алқынбай асып өткен асулары айқын дәлел болғандай. Самұрықтың суылына ілеспес жылдамдықтай зырғыған уақыт өз дегенін жасайды. Бүгінгі болған іс-әрекеттер мен жасалған еңбектер, ертеңгі күн тарихтың парақтарында қатталып, игі істермен оларды жүзеге асырған тұлғалардың перзент есінде сақталып жатталып қалады. Саналы ғұмырларын мәдениет пен әлеуметтік саласына арнап, басшылық қызметте сабырлық таныта білумен қатар парасаттылық пен табандылықты досы әрі айнымас серігі етіп, тәлімнің үздік үлгісін көрсетіп келе жатқан отбасы Мейраммен Гүльшараның істері, еңбектері және есімдері отбасы құндылықтары ұрпаққа ордасының тарих тасында таңбаланып қалары хақ!

**Гүлшара Қамиқызы**
*Мәдениет саласының ардагері*

## Нұржанов Ермек Алькейұлы (1950)



Нуржанов Ермек Алькейұлы Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылында, аудан орталығында 1950 жылы 26 қыркүйекте туып өскен. 6 ағайынды.

Әкесі Арыстанбеков Әлікей 1917 жылғы, анасы Нұржанова Умиля 1920 жылғы туылған.

Ермек Алькейұлы орта мектепті 1967 жылы Ы. Алтынсарин мектебін үздік бітіріп Волгоград қаласындағы Ауылшаруашылық институтына түсіп инженер механик мамандығын иегеріп бітіріп шығады. Аталмыш жоғарғы оқу орнына Шет ауданынан Айешев Қайдан, Төлеу-

баев Сейфулла бірге барып оқуға түседі.

Жоғарғы оқу орынын 1972 жылы бітірісімен алғашқы еңбек жолын Казсельхозтехника мекемесінде бригадир қызметінен бастап, автомеханиктен бас инженер болып жоғарлайды.

1973 жылы Орджоникидзе совхозына инженерлік қызметіне шақырылады.

1976-1979 жылдары арнайы Кәсіптік техникалық училищеге маман ұстаз қажет болғандықтан жоғары орындардың нұсқауымен ауыстырылып ауыл шаруашылық /КА-700 трактористін, механик/ мамандарын оқытып дайындайды.

1979-2001 жылдарда Мичурин атындағы совхоз техникумда аға оқытушы болып, мамандар дайындап облыс деңгейінде ауыл шаруашылық саласына керек мамандар дайындады.

Жалпы ебек өтілі аралығында беделді қызмет атқарды, көптеген мақтау грамоталары мен Алғыс хаттармен марапатталды.

Жұбайы Раиса екеуі бір қыз, бір ұл тәрбиелеп, әр қайсысы жоғары білімді азаматтар. 3 немерелері бар.



**Әйеш Ғабидолла Нестайұлы**
**(1949)**

Әйеш Ғабидолла Нестайұлы 1949 жылы 20 мамырда Шет ауданының Кызылтау ауылында дүниеге келді. 1967 жылы Аксу-Аюлы селосындағы Ы.Алтынсарин атындағы он жылдық қазақ орта мектебінде оқыды.

1963-1964 жылдары жазғы демалыстарла Ордженекидзе атындағы кеңшарда автогаражда слесарь болып жұмыс істеді. Мектепті бітіргеннен кейін, Волгоград (Сталинград) қаласындағы ауыл шаруашылығы институтына түсіп, 1972 жылы инженер-механик мамандығын алып шықты.

1976 жылы аудандық «Госсельтехнадзор» инспекциясының бастығы, содан кейін 1978 жылы Шет аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы қызметіне тағайындалды. Ал 1979 жылдың сәуір айында Шет аудандық ауылшаруашылығы жұмыскерлерінің кәсіподағы комитетінің төрағасы болып сайланды. 1982 жылы тамыз айында Шет аудандық партия комитетінің жаңадан ұйымдасқан ауылшаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болып қызметке тағайындалды.

1990 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің XVII съезінде Пленум мүшесі болып сайланып, аграрлық комиссияның құрамында болды.

1992 жылдан 1993 жылдың желтоқсан айына дейін Шет аудандық мамандандырылған арнаулы шаруашылық бірлестігінің бас инженер-энергетигі, ал 1993 жылдың желтоқсан айынан 2006 жылдың тамыз айына дейін Шет ауданының Талды селолық округінің әкімі болып қызмет істеді.

Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасымен және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Жұбайы Шынар бес баланың анасы. Мамандығы жоғарғы білімді мұғалім. Зейнеткерлікке шығып немерелерін тәрбиелеуге үлесін қосып жатыр.

Балалары Жанагүл, Дана, Диана және Әсел екі бірдей жоғарғы оқу орындарын бітіріп, экономист- бухгалтер мамандықтарын игерген, қазір тұрмыс құрып Астана және Қарағанды қаласында тұрып жатыр. Кенжелері Елдос Қарағанды қаласындағы Дарынды балалар мектебін, Астана қаласындағы Гумилов атындағы Евразия университетін үздік тәмамдаған. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінде қызмет атқаруда.

Тоғыз немересі бар.



**Байтанасова Зина Медетқызы**
**(1960)**

Байтанасова Зина Медетқызы 1960 жылы Ақсу-Аюлыда туған. Қазақ Орта мектебін бітірген соң, Целиноград Ауылшарашылығы Институтының бухгалтер-экономист факультетін бітіріп, мамандығы бойынша Шет ауданы Орджоникидзе совхозында бухгалтер болып, кейінгі жылдары совхоз тараганша бас бухгалтердің Орынбасары болып жұмыс атқарды.

Қазір Приозерскі қаласында тұрады. «Балхаш емдеу-сауықтыру санаториясында» істейді.

Үлкені Айғаным Г ерманияда оқуда, Зере университет бітірген, Астанада жұмыста. Арманы Қарағандыда «Болашақта» 10 сыныпта оқып жүр.



**Боранбаев Қайрат**
**(1961)**

Шет ауданында 1961 жылы дуниеге келген. Әнші, әуеской сазгер, облыстық республикалық байқаулардың лауреаты. 1978-1987 жылы енбек жолын Орджоникидзе атындағы кеңшарының мәдениет үйінің меңгерушісі болып, 1978-1981 осы жерде «Арай» атты эстрадалық ансамбль құрып жетекшілік жасады. Оның жетекшілігімен «Арай» ансамблі бірнеше рет облыстық байқаулардың жеңімпазы болды.

-Ше ауданы «Қайрат» спорт қоғамының төрағасы (197-1980)

-№174 КТ училищесінің өндірістік оқу шебері «Жас түлек» ансамблінің жетекшісі (1981-1985)

-Шет ауданы Мәдениет үйінің директоры (1985-1988)

-Шет ауданы Киносеть директоры (1989-1999)

-Шет ауданы агротехникалық колледжі:директордың орынбасары (2005-2015) өндірістік оқу шеберхана меңгерушісі (2017)

Еңбегі, Мәдени, Спор, Білім, Кино салалары бойынша аудандық облыстық Құрмет грамоталары, Алғыс хаттарымен марапатталған.



**Жосалбаева Гүлжанат Тұяқбайқызы**
**(1960)**

Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылында дүниеге келген. 1978-1986 жылдары еңбек жолын Орджоникидзе атындағы кеңшарында енбек еткен. 1987-1994 жылдары осы аталған совхозда балабақшада тәрбиеші, орталық асханада меңгерушісі болып еңбек еткен. Шет аудандық мемлекеттік архивінде 20 жылдай еңбек жасап келеді.



**Ахметжанов Аманкелді Құлсарыұлы (1962)**

1962 жылы қаңтар айының 5 жұлдызында Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылында дүниеге келген. 1979 жылы М.Горький орта мектебін аяқтағаннан кейін Чита жерінде әскери міндетін атқарған. Әскери міндетін атқарып келгеннен кейін С. Орджоникидзе атындағы совхозында спорт нұсқаушысы болып бірнеше жыл еңбек еткен. Одан кейін 1987 жылы осы совхозда директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары болып бірнеше жыл қызмет атқарды.
Отбасылы.



**Әубәкіров Барлыбай Егеубайұлы (1936-1992)**

1936-жылы дүниеге келген. Еңбек жолын Қарқаралыда бастап, сол жерде үйленіп, 1962-жылы балалары Қуандық дүниеге келді. 1967-жылы Шет ауданына қоныс аударып, Орджоникидзе атындағы совхозға механизатор болып жұмысқа алынды. Совхоздың төрт бөлімшесінде «К-700» тракторымен көктемгі, күзгі дала жұмыстарын хас шеберлікпен атқара білді. 25 жыл осы кеңшарада тынымсыз еңбек етіп, шаруашылықтың озық шығуына сүбелі үлесін қосып, кейінгі жас мамандарға үлкен ұстаздық тәжірибесін көрсете білді. 1992-жылы науқастан дүниеден озды.

Ұлы Қуандық пен келіні Алмагүлден немерелері Еркебұлан, Динара, Айбек, Айдана, Әйгерімдер әр қайсысы әр салада еңбек етуде. Бүгінгі күні немерелері отбасын құрып, Қарағанды қаласында тұрып жатыр.



**Әубәкіров Шашубай Егеубайұлы**
**(1939-1993)**

Ақбауыр өңірінің азаматы. 1939-жылы Ақшоқыда дүниеге келді. Әке-шешеден ерте айырылып, апасы Сараның, жездесіЗәкір мен ағасы Барлыбайдың қамқорлықтарында болды. Ортамектептен кейін Қарағандыдағы шоферлық курсты тәмамдап, Қарқаралыда еңбек жолын бастады.

1964-жылы Ақсу-Аюлыға келіп, Орджоникидзе атындағы совхозда жүк көлігінің жүргізушісі болып жұмысқа кіріседі. Еңселі өмірінің 30 жылын осы совхозда өткізіп, аянбай тер төккен аптал азамат. Бұл еңбегі кеңшар басшылығымен, аупартком тараптарынан өз бағасы беріліп, сол жылдары құрмет грамоталарымен, медальдарымен марапатталды.

Кеңшардың озатеңбеккерлерінің қатарында жүріп, үлгілі жүргізушінің бейнесін құрмет тақтасында үнемі көруге болатын. 1967-жылы шаңырақ көтерді. Жары Рымжан екеуінен 10 бала дүниеге келді. 1993-жылы ауыр науқастан небәрі 54жасында дүниеден озды.

Артында калған аяулы жары Рымжан балалардын бәрін өсіріп-оқытып ұлды ұяға, қызды қияга жеткізген жан. Бүгінде ұлдары Ерболат, Бекболат, Даниярлар әкесі Шашубай сияқты ауыл шаруашылығы, жол көлік техникасын толық меңгеріп, осы уақытта түрлі салада еңбек етуде.



**Жампейсова Рымжан Слетайқызы**
**(1949)**

1949-жылы Шет ауданының орталығында Ақсу-Аюлыдадүниеге келді. Еңбек жолын 1967-жылы Шет ауданының Орджоникидзе атындағы совхоздың бала-бақшасында бала тәрбиешісі ретінде бастады. Өмірінің 30жылдан астам кезеңін совхоз, аудан орталығы тұрғындарыныңбалаларының тәрбиелеуіне арнады. Ұжымшардың қоғамдықжұмысына да белсене араласып, басшылықтар тараптарынан бірнеше рет марапаттауларға ие болды, аудандық халық депутаты болып сайланған. 1967-жылы Әубәкіров Шашубаймен отбасын құрып 10 баланы дүниеге әкелді. Бүгінгі кезде балалары жан-жақта, олардан немере және шөбере көріп қуаныштарын қызықтаған ақ жау-

лықты «Батыр ана». Жолдасы Шашубайдан ерте айырылсада, балаларын жеткізді, үйлі-баранды кылды. Ел ортасында қажырлы еңбегімен ерекше көзге түсіп, абыройға кеңеліп отыр.

**Еркебаева Нұржамал**
**(1948)**



1948 жылы 10 қаңтар айында Балқаш қаласында дүниеге келген. 1969 жылы Қарағанды педагогикалық училищиесін бітіріп, 1969-1986 жылдар аралығында Шет ауданы бала бақшасына тәрбиеші қызметін атқарады. «Балдырған», Орджоникидзе атындағы совхоздың «Айгөлек» балабақшасында 16 жылдай меңгеруші қызметін атқарды. 1970 жылы Рашитов Амантаймен отбасын құрды. Отбасында үш ұл, бір қызды дүниеге әкелді. Тұңғышы Рашитов Еркебұлан Амантайұлы, Политехникалық институтты бітіріп, Костенко щахтасында қызмет атқарады, 2-ші ұл- Рашитов Бауыржан Амантайұлы КарГУ мен Политехникалық институтын тәлімдалған, кәсіпкер, ал 3-ші ұлы -Рашитов Нұрлан Амантайұлы КарГУ университетін бітірген, инженер. Кенже қызы Рашитова Алия Амантайевна КарГУ университетін бітірген-Заңгер. Он немересі бар. Педагогикалық жалпы еңбек өтілімі 40 жыл аралығында бірнеше Республикалық грамоталар мен дипломдармен марапатталған.

**Нияз Кенжебаев**
**(1943)**



Нияз Кенжебаев, майталман механизатор.
1943 жылдың қаңтар айының 1-і күні Шет ауданында туған. Руы Кіші жүз Табын. Шет ауданының Құрметті азаматы. Еңбек жолын 1961 жылы Орджоникидзе кеңшарында бастайды.
1965 жылы әскер қатарынан келгеннен кейін кеңшарда жер өлшеуші (учетщик), құрылыс цехында, автогаражға жүргізуші болып ауысып, еңбек етеді.

Осы кеңшарда астық тасымалдауда жоғары көрсеткішпен жоспарды асыра орындап, әр науқанда 1200 тоннадан астам астық тасымалдап, алдыңғы шепте болды.

1978 жылы егін орағына белсене қатысып, жоғары көрсеткішке қол жеткізгені үшін аудандық атқару комитетінің шешімімен «АЗЛК Моск-

вич» жеңіл автокөлігі сыйға тартылды және әр жылдарғы жемісті еңбегі кеңшар басшылығы тарапынан Құрмет грамотасымен және көптеген Алғыс хаттарымен марапатталған.

Еңбек еткен жылдары «Жол апатына жол бермегендігі үшін» төсбелгісімен, сол кездегі «Социалистік жарыстың жеңімпазы», «Коммунистік еңбектің екпіндісі», атанып, суреті Құрмет тақтасына ілінген. Еңбек ардагері, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталған.

1968 жылы жұбайы Кенетайқызы Рымтаймен отау құрып, 7 бала тәрбиелеп өсірген. Кенетайқызы Рымтай, руы Қояншытағай, ауруханада медбике болып ұзақ жылдар жемісті еңбек еткен. «Алтын алқа» иегері. Ұлдары Мержан заң орнында істеген, майор, Мейрамы подполковник екеуі де зейнетте. Қайраты жеке кәсіппен айналысады, Русланы жүргізуші болып істейді. Қыздары Мейрамкүл, Қарлығаш, Айгүл тұрмыста. Осы балаларынан немере, шөбере сүйіп отырған бақытты жандар.



## Алтынбекова Рымкеш Еркебайқызы (1950)

Алтынбекова Рымкеш Еркебайқызы 1950 жылы 27 ақпанда Ақадыр кентінде дүниеге келген. 1973 жылы еңбек жолын «Балдырған» балабақшасында тәрбиеші болып бастап, тәрбиешілік жұмысын жалғастыра жүріп, сырттай Балхаш педагогикалық училищесіне түседі. Аталмыш оқу орнын 1981жылы бітіргеннен кейін әдіскер, ал 1991-1995жылдары өзі жұмыс істеп жүрген балабақшасының меңгерушісі қызметін атқарады. Рымкеш өз отбасында айрықша құрметпен аталатындар: ибалы қыз, келісті келін, сырлас жеңге бола білді. Ол өз туыстарының аяулы қызы болды, келін болып түскен жеріне сыйлы, ибалы жан болды.

«Мен алғашқы еңбек жолымды «Балдырған» бала бақшасында бастап, ата-аналардың алғысына бөлендім. Осы атқарған еңбегімнің жемісін де көрдім. 1993жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталдым. 2009жылы «Қазақстан әйелдері» журналының №2 санында Қазақстан әйелдерінің энциклопедиясына ұсынылдым. «Бала адамның бауыр еті» демекші ұрпақ өсіру бала-бақшадан басталады емес пе?Аудандық оқу бөлімі көп жылдық еңбегім үшін «Құрмет грамотасымен» марапатталдым. 2010 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген «Балалар жүрегінен орын тапқан» кітабында Рымкеш Еркебайқызы жайлы деректер жарық көрді.

2018 жылы «Шет ауданына 90жыл» атты мерекелік медальмен марапатталдым.»

Рымкеш 5 бала, келін тәрбиелеген, қызын қияаға, ұлын ұяға қондырған ана. Балаларының бесеуі де жоғары білімді. Үлкен қызы Жазира «Назарбаев зияткерлік мектебінде» ұстаз, Айтбала жеке кәсіпкер, Алуа Аудан әкімшілігінде кадр бөлімінің басшысы, Айнур математика магистрі, ұлы Абай Шет Аудан прокурорының орынбасары, келіні Маржан Ауыл әкімшілігінде бас маман.

**Тулеукулов Марат Марсович**
**(1957)**



Тулеукулов Марат Марсович 1957 жылы 04-ші маусымда Шет ауданы, Ақсу-Аюлы селосында дүниеге келген.

1975 жылы аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебін бітіргеннен кейін Орджоникидзе атындағы совхозда қатардағы жұмыскер болып істеген.

1976-1978ж.ж. Совет Армиясы қатарында әскери борышын атқарған.

1978-1988ж. ж. Орджоникидзе атындағы совхозда «Еңбекшіл» бөлімшесінде Ленин және Октябрь революциясы ордендерінің иегері «Береке» трактор бригадасының бригадирі С.Төлеукеновтің қол астында механизатор болып еңбек еткен.

1984-1988ж. ж. Мичурин совхоз техникумын агроном мамандығы бойынша толық бітірген.

1988-1991ж. ж. Орджоникидзе атындағы совхоздың «Ақсу» бөлімшесінде агроном болып қызмет атқарған.

1991-1993ж. ж. Шет аудандық МРПО «Плодородия» мекемесінде агроном болып қызмет атқарған.

1993-1995ж. ж. Ақшоқы совхозының «Ақшоқы» бөлімшесінде агроном болып қызмет атқарған.

1995-2002ж. ж. әртүрлі жұмыстар атқарған.

2002-2003ж. ж. ҚР АШМ АӨК МИК Шет аудандық аумақтық инспекциясында жетекші маман мемлекеттік фитосанитарлық инспекторы болып қызмет атқарған.

2003-2021ж. ж. ҚР АШМ АӨК МИК «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ Шет аудандық филиалында фитопатолог лауазымында қызмет атқарып келеді.

Еңбектегі жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы және қайта өңдеу ұйымдары қызметкерлері кәсіподақтар заңды тұлғалар бірлестігінің Орталық комитетінің салалық 3 дәрежелі «Еңбек

Даңқы» төс белгісімен, Республикалық Орталықтың облыстық филиалдың Құрмет грамоталары және аудан әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталған.

Осы мерзім ішінде ауылшаруашылығы саласына сіңірген зор еңбегі үшін, сонымен қатар өзіне жүктелген міндеттеріне жауапкершілікпен қарап өзін орындаушылық қабілеті жоғары маман ретінде көрсете білгені үшін «Ерен еңбегі үшін» медалымен марапатталған.

Үйленген жолдасы Төлеукулова Қарлығаш зейнеткер, төрт бала тәрбиелеп өсірген.

Барлық балалары жоғары білімді, әр салада өз мамандықтары бойынша мемлекеттік қызметте еңбек етеді.



**АбдыгалиеваЖанагуль Толеубайкызы**
**(1967)**

1967 жылы сәуір айының 19 жұлдызында Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылында дүниеге келген. 1984 жылы М. Горький атындағы мектепті бітіріп Орджоникидзе совхозына жәй жұмыскер болып жұмысқа тұрып, совхоздың жолдамасымен СБШ-ға (счетно-бухгалтерская школа) оқуға түсті. 1985 жылы бітіріп, Орджоникидзе совхозына автогаражға есепші болып келді. 1986-1988 жылдары Мичурин совхоз-техникумын бітіріп, кайтадан осы совхозға есепші болып еңбек етті. 2001-2004 жылдары Қаржы институтының «қаржы және несие» мамандығын бітірді. 1991 жылдан 2012 жылға дейн Шет ауданының әкім аппаратының есепші қызметін атқарды. 2012 жылдан«Шеткөмек» Кредиттік серіктестігі ЖШС да бас есепші.

1988 жылы Жумкин Фархат Серікбайұлы мен отбасын құрып 2 ұл, 1 қызды өмірге әкелген. Ең үлкен ұлы Жанат Шет агротехникалық коледжінде директор орынбасары. Екінші қызы Айгерім Нұрсұлтан қаласында Қазнашылық басқармасында бас маман болып қызмет атқаруда. Кіші ұлы Қарағанды қаласының полиция басқармасында қызмет инспекторы.

Үш немересінің әжесі.

**Жумкин Мақсат Боранбайұлы**
**(1968)**



Мақсат 1968 жылы Қарқаралы қаласында туған. 1986 жылы аудан орталығында бұрыңғы М. Горький, қазіргі Жамбыл Ақылбаев атындағы орта мектепті бітіріп, Целиноград ауыл шаруашылық институтына түседі.

1991 жылы институтты бітіріп, ғалым-агроном мамандығын алды. Украйна елінің Одесса қаласында әскери міндетін атқарған.

1993-1996 жылдары Орджоникидзе атындағы совхозда еңбек атқарып «Беласар»шаруа қожалығына жетекшілік жасады.

1996-2011 жылдары аралығында аудандық ауыл шаруашылық аумақтық басқармасында өсімдік шаруашылығы бойынша карантиндік инспекторы болып қызмет істеді.

2012-2021 жылдары ауданның ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы, аудан әкімінің орынбасары қызметтерін атқаруда.

Мақсат Боранбайұлының еңбегі жоғары орындардан бағаланып, ауданның, облыстың салалық төсбелгілері және Құрмет грамоталарымен марапатталған.

1998 жылы өсімдік шаруашылығы бойынша тәжірбие жинақтау мақсатында Министрліктің ұйымдастыруымен шетелде, Мысыр елінде делегациясының құрамында 15 күндік іс-сапарда болып қайтқан. Жұбайы-Шәшубайқызы Зәмзагул өмірге 5 бала әкеліп, ата-аналары бәрін тәрбиелеп, білім нәрін бергізуде. Үлкені Ағыбай Мақсатұлы 2018 жылы Қарағанды политехникалық институтын тамамдап, тау-кен инженері мамандығын алып, «Нова-Цинк» ЖШС еңбек етеді.

Биыл, және 2021 жылы осы институттың магистратурасын бітірді. Басқа балалары жоғары оқу орындарынада білім алуда.



**Жакупов Аманқұл Мұхамедияұлы**
**(1958-2002)**

Еңбек жолын 1979 жылы Орджоиникидзе атындағы совхозында (шофер) жүргізушілік-тен бастаған. Күз айларында егін науқанына қатысып комбайн жүргізген. 1980-87 жылдар аралығында Ақтөбе, Ақсу, Қайрақты, Еңбекшіл бөлімшелерінен сүт жинап, Жарық сүт заводына тасымалдаушы болып ауыл тұрғындарының алғысына иеленген. Әрі қарай 1987-1995 жылдары жүргізушілік жұмысын жалғастырды, жүргізушілік жұмысын жалғастырды.

Бірнеше рет ауданның, облыстың Грамоталарымен бағалы сыйлықтарға ие болған. Аудандық конференцияларға делегат болды. 1979 жылы Әжібекқызы Аманкүлмен отбасын құрды.

Дүниеге екі бала келген. Үлкені Думан жұмыс орнын аудандық әкімшіліктен бастап, салық басқармасында қызмет атқарды. Қазіргі кезде Т. Қайрақты ауылдық округінің әкімі. От басылы, 2 баласы бар.

Екінші баласы Нұрболсын заңгерлік мамандығы бар. Қазіргі уақытта жол бойында түрік компаниясында жұмыс істейді.

Отбасылы, 3 баласы бар. Аманқұл 2002 жылы өмірден озды.



**Құлшықов Мейрхан Медиұлы**
**(1965)**

Құлшықов Мейрхан Медиұлы 1965 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының Ақшатау совхозында дүниеге келген.

1987 жылы Отан алдындағы әскери борышын өтеп келгеннен кейін Орджоникидзе атындағы совхозға жүргізуші болып жұмысқа тұрып, 1994 жылы совхоздың тарауына байланысты отбасылық жеке шаруашылық құрылып, шаруа қожалығында қажырлы еңбек етті.

Қазіргі уақытта жеке көлігімен жолаушылар тасымалы жұмысымен айналысады. 2020 жылдан бастап Қарағанды қаласының тұрғыны. Үш баланың әкесі.

# V БӨЛІМ

## Сталин атындағы колхоз, Кеншоқы, Ақши, Байназар, Батыстау елді мекендерінің азаматтары туралы



**Мырзагулов Байбосын**
**(1911-1996)**

Мырзағұлов Байбосын 1911 жылы туған. 1933-1934 жылдары Целиноградтағы колхоз төрағаларын даярлайтын ФТУЗ-да оқыған. Оқуын аяқтап келіп Нұраталды, Қызылқой, Шопада колхоз төрағасы болып ауыл шаруашылығын басқарған.

1941 жылдан 1946 жылға дейін Жапон соғысына қатысқан. 1946 жылдың мамыр айында соғыстан аман-есен оралып, колхоз-совхозда ауыл шаруашылығын басқарып еңбек етті.

1965 жылдың қаңтар айынан 1975 жылдың маусым айына дейін №174 Шет аудандық кәсіби техникалық ухчилищесінуде оқу шаруашылығының бастығы, кассир-есепші, асхана меңгерушісі, бухгалтер қызметтерінде жұмыс жасаған.

Мырзағұлов Байбосын 1996 жылы 27 сәуірде өмірден озды.

Әкеміздің ағасы Мырзағұлов Әбдіқас Сяталин колхозы құрылғанда колхоз төрағасы болып еңбек етіп, 1941 жылы соғысқа аттанды. Соғыста жараланып, Қазан қаласындағы госпитальыда емделіп, қайтадан соғысқа кетеді. 1942 жылы Мырзағұлов Әбдіқас хабарсыз кетті деген хабар келеді.

Мырзағұлов Байбосынның әйелі Сенбіқызы Көкен соғыс жылдары колхозда сауыншы болып еңбек еткен тыл еңбеккері. Көкен шешеміз 1988 жылдың мамыр айында дүниеден озды.



**Тлеубаев Сарымсақ**
**(1910-1993)**

Тлеубаев Сарымсақ 1910 жылдың 9 мамырында Сталин колхозында дүниеге келген. Сталин колхозында 7 сыныпқа дейін мектепте оқыды. 1932 жылы отбасы құрып, 14 балалы болған. Балалары: Серикбек, Сессия, Аманбек, Пәну, Амангельды, Бақытгүль, Шаттыгүль, Бақытбек, Жанатбек, Қанатбек, Гүльшар, Гульнар, Гульшахар, Армашка.

1940-1941 жылдары Кеншоқы бастауыш мектебінде 1-3 сыныптарға мұғалім болған. 1942 жылы Ақбұлақ орталау мектебінің директоры болған. Шет аудандық оқу бөлімінің 1942 жылдың 9 наурызындағы № 27 бұйрығымен Ақбұлақ орталау мек-



тебінің директоры Тлеубаев Сарымсақ Армия қатарына шақырылуына байланысты 1942 жылдың 10 наурызынан жұмыстан босатылған. 1942 жылы Шет ауданындағы Райвоемкоматтың шақыруы бойынша әскерге кетті. 1942-1943 жылдары соғысқа қатысып, «Красноармеец» және де «Орденом Красное Знамя» төс белгімен марапатталған. 1942 жылдың наурыз айынан 1946 жылдың шілде айына дейін Ұлы Отан соғысында болған.

1946-1952 жылдары Сталин мектебінде бастауыш 1-3 сыныптарға мұғалім, 1953-1954 жылдары Нұраталды бастауыш мектебінде мұғалім, 1954-1955 жылдары Сталин мектебінде бастауыш 1-3 сыныптарға мұғалімі, 1955 жылдың наурыз айынан тамыз айына дейін Ақжал орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, 1955 жылдың тамыз' айынан 1958 жылдың тамыз аралығында Женет бастауыш мектеп мұғалімі, 1958 жылдың тамыз айынан 1964 тамыз айына дейін Кеншоқы бастауыш мектебінде ұстаздық қызметтерін атқарған.

Шет аудандық оқу білім бөлімінің 1946 жылғы 17 шілдедегі №45 бұйрығымен Ұлы Отан соғысынан оралған Тлеубаев Сарымсақ Сталин мектебіне бастауыш 1-3 сыныптар мұғалімі болып, 1946 жылдың 15 тамызынан жұмысқа қабылданды. Содан бері 47 жыл мұғалім мамандығы бойынша жұмыс істеген. Мектептен зейнетке шықты.

1993 жылдың 14 наурызында өмірден озды және қазіргі Қарағанды облысы, Шет ауданы, Кеншоқы аулында жерленген.



**Сарымсақов Амангельді**
**(1948)**

Сарымсақов Амангельді 1948 жылыдың қыркүйек айының 1 - ші күні Шет ауданы, Сталин колхозында дүниеге келген. 1966 жылы Сталин колхозында мектепті аяқтап, 1967 жылы әскерге шақырту алды. 1967-1969 жылдың желтоқсан айына дейін әскері қызметін атқарды. Үш жыл Отан алдындағы әскери міндетін өтеп келген соң, еңбек жолын 1970 жылы «Шеское СПТУ №174» Помчабан болып бастады. Сталин колхозында комбайыншы да, жүргізуші де болып істеп, науқандық жұмыстарға араласқан. 1970-1973 жылдың маусым айында«2 - Ферма»-да трактор жүргізушісі болып жұмыс атқарды. 1973-1982 жылдары «Локоматив депо станция Агадырь»- да машинистін көмекшісі болып жұмысқа қабылданды. «Пожарная охрана» - да жүргізуші болып өз еңбек жолын жалғастарды. 1982-1990 жылдар арлығында жерасты шахтасында және геологиялық экспедицияда бұрғылаушы болып жұмыс жасаған. 1990 -1997 жылдар аралығында «Комхоз» жүргізуші болып жұмыс атқарды. 1997-2009 жылдар арлығында Аудан әкімшілігінде күзетші болып істеген. Еңбек кітапшасында марапаттары туралы мәліметтер жазылған беттердегі әр жылдары жеткен жетістіктері, түрлі марапаттары мен алғыстары, ақшалай сыйлықтарымен марапатталғаны туралы ақпараттар бар, атап айсақ, Еңбек еткен жылдары Ауыл шаруашылығы «Қазмеркжар» өндірістік жоспарын орындауда жоғары Еңбек көрсеткені үшін алғыс жарияланған. Геологиялық экспедициядан Алғыс хатпен марапатталған. Зейнетке шығар алдында, 2009-2013 жылдар аралығында №54 орта мектебінде күзетші болып жұмыс атқарды. 2013 жылдан бастап зейнеткерлікке шықты. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де бос қарап отырмады. Қарағанды қаласы «Қарағанды Конфеті»АҚ жұмыс істеді.

**Қоянбаев Қабдия**
**(1919-1970)**



Әкем, Қоянбаев Қабдия 1919 -жылы туып, 1970 жылы қайтыс болған. 1939-1941 жылдары фин соғысында, 1941-1944 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан. Ұлы Отан соғысының 1-ші және 2- ші дәрежелі орденімен, «Даңқ» орденімен, «За оборону советского заполярья» медалымен тағыда басқа бес медальдармен марапатталған. Соғыста барлауда болған, Ұлы Отан соғысының мүгедегі оң аяқтан айрылған. Өзінің мамандығы мұғалім, бастауыш мектептерінде он үш жыл, колхоз жұмыстарында қалған ғұмырында еңбек еткен қадырлы, сыйлы адам.

Анам, Алібекова Зейне 1924 жылы туып, 1981 жылы қайтыс болды. Кеншоқы совхозының соғыс жылдардағы уақытында басқарушы қызметін атқарған, партия жұмысына белсене араласып, өмірінің соңына дейін қызмет істеген. Ауылдық, облыстық депутат болған кісі.

Атам, Жасақбай Нақбетов осы елде туып - өсіп тылда еңбек еткен, ардақты адам. Әжем, Әрінова Қамила да тылда аянбай еңбек еткен.

Жасақбаев Аман 1945 жылы туып, 1991 жылы қайтыс болды. Осы совхоздағы электр жүйесін басқарып, сонда еңбек етті.





**Нақбетов Жасақбай Жасақбаев Аман**
**(1945-1991)**



**Бейісбаев Секербай**
**(1903-1998)**

Ұзақ жылдар бойы Кеншоқы кеншарында жылқышы болып жұмыс істеді. Домбыра тартуға, етікшілік өнерге бейім болды, саяткерлікпен, аңшылықпен айналысқан. Сексен жастан асқанша аттан түсбей, жылқышы болып еңбек етті. Еңбекқорлығы арқылы елге сыйлы, шаруашылық басшылары алдында беделді болды. Үздіксіз еңбегі бағаланып, «Коммунистік еңбек екпіндісі /1968 ж/, «Ерен еңбегі үшін /1970ж/, «Еңбек ардагері» /1977ж/,«Жеңістің 40 жылдығы» медальдарымен марапатталған.

Зайыбы Зубайда Нажімеденқызы екеуі 8 бала тәрбиелеп өсірді. Қазір балалары, немерелері мен шөберелері өсіп өніп, қоғамдық өмірдің әр саласында еңбек етіп жүр.



**Баяманұлы Дәрімбай**
**(1904-1981)**

Бала кезінен байдың қозы-лағы мен малын бағып ержеткен. Алғашқы коллективтендіру кезінде белсенді жұмыс жасаған. Соғыс жылдарында еңбек батальонында болды.

Қарғалы, Сталин, Еңбекшіл колхоздарының құрылуына, өркендеуіне үлесін қосқан адам. Бұл шаруашылықтардағы егін салу, малға жем-шөп дайындау, саласы бойынша негізінен дала бригадирі жұмысын атқарды.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де совхоздың науқандық жұмыстарына көмек беріп жүрді.

Еңбегі бағаланып, КСРО-ның "Екпінді еңбегі үшін ” медалдарымен марапатталған, 1959 жылы Москва қаласында өтетін Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысқан.

Жұбайы Имашқызы Шабақ (1910 жылы туған) екеуі сегіз бала тәрбиелеп өсірді. Ұрпақтары халық шаруашылығының әр саласында еңбек етуде.

**Дәрімбайұлы Наурызбай**



**Баяманов Жамбыл Дәрімбайұлы**
**(1938-2018)**

Еңбекке бала кезінен араласты. Сол кездегі-колхоз жұмыстарының барлығына қатысып, Соғыстан кейінгі ауыл жағдайын көтеруге ат салысты.

1957-1960ж.ж. үш жыл әскер борышын өткерген соң, жоғары оқу орнына түсіп, 1966 жылы Қарағанды Политехникалық институтын инженер-металлург мамандығы бойынша бітірді.

1966-1974 ж.ж. Павлодар облысы Ақсу қаласындағы "Ақсутемірқортпалары" зауытында жұмыс жасады.

1974 жылдан зейнеткерлікке шаққанға дейін, Қарағанды қаласында Кәсіподақтардың облыстық Одағында және Өнеркәсіпте, кен орындарында жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің облыстық округінде жауапты қызметтер атқарды. Көптеген Үкіметтік, облыстық марапаттарға ие болды.



**Дәрімбаев Наурызбай**
**(1950)**

Дәрімбаев Наурызбай (1950) Шет ауданының Кеншоқы ауылында дүниеге келген. Павлодар индустриалды институтын бітірген (1975), құрлыс инженері. Теміртау қаласы №2 «Қазтемірконструкция» тресінің құрлыс шебері, прорабы (1975-1977), Ақтоғай ауд. Ақши совхозының аға прорабы, Ақтоғай ауд. а. ш. басқармасының құрлыс саласы бойынша бас инженері, аупартком нұсқаушысы болған (1978-1984). 1984-1997 ж. «Жезқазған ауыл құрлысы-11» тресінің Ақтоғай және Шет ауд. механикаландырылған жылжымалы колонналарында бөлім бастығы, бас инженері, №1107 Ақтоғай колоннасының бастығы қызметтерін атқарған. 1997 ж-дан зейнеткерлікке шыққанға дейін Шет ауд-ның бас сәулетшісі, құрлыс, сәулет және қала құрлысы бөлімінің бастығы болды. Аудан елді мекендерін көркейуіне, сәулеттендіруге, әлеуметтік-тұрмыстық объектілер, мен ауыз-су жүйелерін салуға өз үлесін қосты.

**Шәуен Әбду**
**(1903-1975)**

Шәуен Әбду 1903 жылы туған-1975 ж. 30.07. қайтыс болған. Руы Сарым оның ішінде Кәдір. Жұбайы Самал, руы Қоңырбай.

Сталин атындағы колхоздардың ірге-тасын қалаушылардың бірі болды. Колхозда бұл кісі атқармаған жұмыс болмаған шығар: малшы, диханшыда, мал азығын дауындаушыда т.б. жұмыс атқарып, құрметті, силы болды. Еңбек майданда еңбек еткен. Бірнеше медаль мен грамоталармен марапатталған.



**Жасыланов Жолдыбек**
**(1907-1975)**

Шет ауданы Кеншоқы ауылында туған, бұғанасы қатпай жатып еңбекке ерте араласады. Соғысқа дейінгі қиыншылық уақытта колхоздың шөбін шауып мал азығын дайындайды шалғы қайрап ұсталықпенде айналысады. Соғыс уақытында тылда мал шаруашылығының өнімдерін өндіруге ат салысады. Соғыстан кейін елуінші жылдары осы Сталин атындағы колхозда ұн тартатын дирмен ашылып дирменде ұн тартушы болып істейді. Бұл өте ауырда жауапты жұмыс болатын, орылған егінен түскен бидайды қаптап оны тартып халыққа ұндай беріп отырады. Ауыл халқы Жөкеңнің тартқан ұны деп еске алып отыратын. Кейінгі жылдары ұсталықты қолына алып аздап көрік басып шанаға, арбаға шен тартып темір терсекпен жұмыс жасайды. Осы арада яғни өзі туып өскен жерінде колхоздың ірге тасын қаласқан, суығына тоңып, ыстығына күйген адам, оған куә жоғарыдағы еңбектері. Оның бәріне өзінің еңбек сүйгіштігі, аққөңілділігі арқасында жетеді. Сонымен қатар ат баптап, тазы ертіп аңшылықпенде айналысады. Жолдасы Мәразила екеуінен 1946 жылы ұрпақ жалғастырар ұл Аман дүниеге келеді. Аманда ержетіп әке жолын жалғастырып өзі туып өскен Сталин атындағы колхозда, кейінірек Кеншоқы совхозы болып аталған совхозда мал дәрігері қызметін атқарады. Жөкең ақсақал Аман баласынан 3 немере сүйеді. Немерелері Айзат, Тілеш, Гүлжанат. Немерелеріде түрлі салада еңбек етуде, әрбірінің өзінің жан ұясы бар бала сүйіп тәрбиелеуде. Жөкең ақсақал балаларының қолында, жұбайының алдында 1975 жылы 68 жасында өмірден озды. Артында өшпес із қалдырды.



**Жасыланов Оңайбек**
**(1910 -1981)**

Жасыланов Оңайбек Қарағанды облысы, Шет ауданы, 7 ауылда (қазіргі Кеншоқы ауылы) 1910 жылы 14 қаңтарда дүниеге келген. Жоғарыда аталған ауылда елмен бірге түрлі, қара жұмыс түрлерін атқарады. Қиын уақытта колхоздың өркендеп, дамуына бір азаматтай үлес қосып, ауыл азаматтарымен бірдей қиын өмірдің дәмін татты. Ауыл егін шаруашылығымен айналысқан соң колхоздың малына жем-шөп дайындауда аса қажырлы еңбегімен фуражир болып жұмыс істеген. Ауылдың мал шаруашылығында мал емдеу ісіменде айналысып ветсанитар қызметінде атқарды. Өңкеңнің бойында елге танымал серілік қасиеті бар еді, қазақтың қара домбырасында шертіп, қазақи қалжыңы жарасқан, отырған жерін думандатып, қызық-қуанышта, елдің көңілін көтеретін еді. Сондай-ақ аламан бәйгіге ат баптап, аудандық, облыстық деңгейде өткен ат жарыста бірнеше Торы аты бәйгіден бірінші келген. Бәйгісінің жүлдесі дипломмен марапатталып, кілем, түрлі тұрмыстық техникаға ие болған. Өзінің тағы бір көңіл сүйіп айналысқан ісі аңшылық еді. Жер жерден қазақтың жүйрік тазыларын таңдап, баптап аңға қосатын. Өңкең ауыл ішіндегі үлкенді кішілі түйінді мәселелелерден де тыс қалмай, ауыл белсенділермен бірлесіп маңызды шешім қабылдауға ат салысқан. Өзінің адал еңбегінің арқасында ел ішінде «Өңкең айтқан», «Өңкең жасаған» деген сияқты сөздер ел аузында қалды. Бәйбішесі Рымбалаға көзі тірісінде Өңкең мені атап келген адамға, ренжімей бір тамағыңды бер деп тапсыратынын, бәйбішесі өмірден өтер күніне дейін еске алып жиі айтып отыратын. Өңкең шаңырағы қонақжай, көпшіл, берекелі, атқа мінерлердің аяғы түсетін бірінші үй болған. Ауыл жұртының, ағайын-туыстың мұңы мен мұқтажын тыңдап, жоғын жоқтап, барын бөлісіп жақындарына жылулық танытып қамқорлығымен ерекше ел есінде қалды. Өңкең көрші Кежек ауылында 1981 жылы 31 наурыз айында балалары мен бәйбішесі Рымбаланың алдында 71 жасында өмірден өтті. Өңкеңнің мәңгілік мекені Қарағанды облысы, Шет ауданы, Кеншоқы ауылы. Ұрпақ жалғастығы дегендей Өңкеңнің артында Шакен, Мұрас есімді ұлдары қалды. Шакен ұлынан Тоғжан, Толғанай, Толқын, Мұрас ұлынан Дастан, Абылай, Еркежан есімді немерелері өсіп келеді. Бүгінде Өңкеңді көзі көргендер үлгі болар ізгілікті істерін, қамқорлығын мақтанышпен еске алады.



**Жолдыбеков Аман Жолдыбекұлы**
**(1946-2020)**

1946 жылы 18 маусымында Кеншоқы совхозында (бұрынғы Сталин колхозы) дүниеге келген.

1961 жылы орталау мектепті бітірісімен №174 УМСХ -да 01. 09. 1962 ж. - 1964 ж. оқып трокторист-машинист, көлік жүргізуші мамандығы бойынша Шет ауданы Орджоникизде совхозына көлік жүргізуші болып жұмыс істейді. 1965ж. Кеншоқы совхозына ауысады.

1966-70ж. Қарқаралы зooветеринарлық техникумді бітіріп Кеншоқы совхозында 1980 жылға дейін веттехник болып жұмыс атқарады. 1980 жылы Ақтоғай ауданы РСХО-да №1 бөлімшесінде управляющии болып тағайындалады. 1980-1990 жыл аралығында мал дәрігері болып жұмыс атқарды. 1986 жылы 5 сәуірден 5 маусым аралығында Көкшетаулық республикалық ауыл шаруашылығын басқару мектебінде оқып мал дәрігері қызметін атқарады. 1995 жылы «Сары-Арқа» бірлестігін жекешелендіруге байланысты шаруашылық қожалығының мүшесі болып жұмыс істеді. Еңбегі еленіп бірнеше мақтау громаталарымен марапатталған. 1996 жылы отбасы жағдайына байланысты Қарағанды қаласына көшіп «МГТ-Астана» құрылыс фирмасына күзетші болып жұмысқа тұрады. 2007 жылы зейнетке шығады. Ағайын-туыс, жақын, жолдас арасында Аужекең деген атпен ел аузында қалды. Бала кезінен аңқылдақ, айналасына адал, ерке, бұлаң болып өсті. Жолдыбек пен Оңайбек әкеміз не ішем, не киемін дегізбей алаңсыз өсірді. Жігіт кезінде күреспен айналысып, балуан болған. Бүгінде әкеміздің бұл қасиеті Ержан немересіне дарып, немересі көптеген жарыстарда жүлделі орынға ие болып, өзі қызмет істейтін мектебінде күрестен дәріс беріп жүр. Анасы Мәрәзилә әжеміз ұлы аңға кетіп бара жатқанда артынан О, Алла, жалғыз торғайымды сақтай көр, қолдай көр, қорғай көр» - деп, көзіне жас алып, шығарып салатын. «Атадан қалған мұра дегендей әкеміздің қансонарда аңға шықпай отырмайтыныда әдетке айналған. Өзі туып өскен қарт Нұра өзенін жағалап, балық аулауды ұнататын. Қанжығасын қандатып қайтатын әкеміз жомарттығымен олжасын кездескен жанға байлайтын әдеті болды. Әкеміз әрдайым, жолдан келгенде сыйлыққа кітап әкелетін. Қарттық шаққа жеткенде, әкесі Жөкеңнің темірден түйін түйетін қасиеті қонғандай балта, балға саптап, шаруашылық құралдарын жасайтын болды. Өз ортасында үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білді. Әкеміз әңгімешіл, ат қойғыш қасиеті де болды. Құрдастарымен, жақындарымен әдемі қалжыңдасып

отыратын, балдыздарын еркелетіп керегін әперіп жезделік құрметкеде ие болды. Өмірлік жары Орынтаймен 53 жыл жұптары жазылмай өмір сүрді. Алла берген Айзат, Тілеш, Гүлжанат, Мұрас есімді балалар дүниеге келді. Ал бүгін әр баласы өз алдына бір шаңырақ болып, еңбек етуде. Тұңғышы Айзат қыз баласынан Әділет, Ботакөз жиендерін көріп, Әділет жиенінен Дәрия, Әлия жиеншарларын маңдайынан иіскеді. Ал, Тілеш баласынан тұңғыш немересі Біржан, Ержан, Баян есімді немерелерін көрді. Гүлжанат қыз баласынан Назым, Ұлпан жиендері бар. Мұрас ұлынан үлкені Дастан, Абылай, Еркежан есімді немерелерін көріп кетті. Әкеміз Қарағанды қаласында 13 шілде 2020 жылы 74 жасында өмірден өтті. Әкеміздің жарқын жүзі әр баласының есінде қалмақ.

**Ордабаев Қасқатай**
**(1893-1974)**



Шет ауданы, Кеншоқы ауылында 1893 жылы дүниеге келген. 1905 жылы Спасск мыс балқыту зауытына жұмысқа орналасып, еңбекке ерте араласады. Бұғанасы қатпай жатып қара жұмыста жүріп, ысыла келе мыс балқыту пешінің мастеріне дейін көтеріледі.
Арнайы білімінің болмауына қарамастан, іс-тәжірибесінің арқасында мыс балқыту ісінің қыр-сырын меңгерді.

1921 жылы зауыт жабылғаннан кейін, көзі ашық, қолынан іс келетін маманды Жамбыл облысындағы Новотройцк тері илеу зауытына мастер етіп жібереді. Мұнда сегіз жылға жуық еңбек етті.

1929 жылы Ақсу-Аюлыға қайтып оралады. 1929-1931 жылдары аудандағы Живсоюз мекемесінде агент болып жұмыс істейді.

1931-1937 жылдары ауданның Нұраталды совхозының меңгерушісі болып қызмет атқарады. Бұл жылдар халық үшін ұлы нәубат - ашаршылық жылдары болатын. Сол кездегі өзі жауапты болған ауылдардың халқы мен малын осы нәубаттан мейлінше аман сақтап қалуды басты мақсат етіп, аянбай еңбек еткен.

Одан кейінгі жылдары Нұра ауылдық кеңесінің төрағасы, Қызылтау совхозы директорының орынбасары қызметтерінде болды. 1938-1943 жылдары Ақсу-Аюлы май зауытының меңгерушісі болып еңбек етеді. 1943-1948 жылдары Роза-Люксембурт атындағы колхоздың басшысы болды. Осы жылдары колхоз аудандағы 44 колхоздың алдында жүрді. Өзі басқарған колхоз бес жылда «миллионер колхоз» атанды.

Соғыс жылдарындағы ұйымдастырушылық еңбегі мен колхоз шаруашылығын өркендетудегі тамаша табыстары үшін І дәрежелі «Ұлы

Отан соғысы» және Ленин ордендерімен марапатталды.

1953-1954 жылдары Ақсу колхозы басқарма бастығының орынбасары болды. 1954 жылдан бастап зейнетке шыққанға дейін Шет аудандық Заготскот мекемесінің меңгерушісі қызметін атқарды.

Жолдасы Гүлжан Төкенқызы екеуі 1925 жылдары қосылады. Балалары: Рысжан, Сағадат, Тұрсын, Серік, Бағадат. Осы балаларынан немере, шөбере сүйіп, 81 жасында 1974 жылы дүниеден озды.



**Ордабаев Есмақай**
**(1904-1974)**

1904 жылы Шет ауданы Кеншоқы ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын Спасск мыс балқыту зауытында қара жұмысшыдан бастады. Осы өңірде жүріп кеңес өкіметін орнатуға атсалысты. Кейінгі ғұмыры партия-кеңес орындарындағы қызметке жалғасады.

1927-1928 жылдары Қарқаралы уезі Кедей болысының төрағасы, 1928-1929 жылдары Қарқаралы аудандық атқару комитетінің хатшысы болып жұмыс атқарды. 1929 жылы Шет ауданына оралып, аудандық комсомол комитетінің хатшысы болып сайланды. 1929-1942 жылдар аралығында: аудандық жер бөлімінің басшысы, Нұраталды совхозының жұмысшылар комитетінің төрағасы, аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, аудандық Совет атқару комитетінің хатшысы, байланыс торабының басшысы қызметтерін атқарды. Сеніп тапсырылған қызметтердің қай-қайсысында болсын, ол өзінің іскерлігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, адамдармен жұмыс істей аларлық ерекше қасиетімен танылған.

Отанымызға қауіп төнген уақытта, 1942 жылы, қолына қару алып соғысқа өз еркімен аттанды. Соғыс барысында аға лейтенант шеніне дейін көтеріліп, 98-ші атқыштар полкында алғашында взвод командирі, кейін батальон командирінің орынбасары лауазымына жетті. Батыс Двина өзенінің бойындағы шабуыл барысында взводты білікті басқарып, жауынгерлік ерлік көрсеткені үшін «Қызыл ту» орденімен марапатталды. Осы ұрыста 1944 жылы оң қолынын айырылды.

Елге оралған соң да халық шаруашылығынан қол үзген жоқ. 1945-70 жылдары аудандық мал дайындау мекемесінің басқарушысы, байланыс торабының бастығы, Сталин атындағы колхоздың басқармасы, аудандық шикізат дайындау мекемесінің директоры қызметтерін атқарды.

Сталин атындағы колхозды басқарған кезде Кеншоқы ауылына

алғаш рет электр желісін тарттырып, әр бір үйге жарық жеткізді, ұн тартатын диірмен орнатты. Қарағанды облысы «Казпотребсоюз" мекемесімен екі жақты келісім жасасып колхозға алғашқы автомобиль алғыздыртты.

Аудан экономикасы мен шаруашылығын дамытуға қосқан еңбегі үшін көптеген медальдер мен грамоталармен марапатталды.

Көз көрген аудан халқы - «Ескең нағыз шыншыл, әділ, қайтпас-қайсар шындықты көзге тура айтатын» - деп еске алып отыратын. Осы арқылы аудан халқының құрметі мен ықыласында бөленді.

Жолдасы Сафия екеуі 1930 жылы отбасын құрып, жеті баланы тәрбиелеп-өсірді. Балалары: Кәтай, Көкен, Шәкәрім, Бақыт, Тілеужан, Бәтен, Майя. Балалары ер жетіп, түрлі салада еңбек етті.

1974 жылы 70 жасында Ақсу-Аюлы ауылында дүниеден өтті. Өзі өлсе де ісі өлген жоқ, артында өшпес із қалдырды.

**Жасланова Мәразила**
**(1910-1980)**



1910 жылы Шет ауданы Қайрақты ауылында дүниеге келген.

Ұлы Отан соғысы жылдары ер азаматтардың жүгін арқалап, Кеншоқы ауылдық кеңесінің төрағасы қызметін атқарады. Сол бір қиын кезңдерде елді басқара білген, көпке кемеңгер сөз айта білген, жастарға жол, үлкенге құрмет көрсеткен, жылағанды жұбатып, сүрінгенді сүйей білген өте кішіпейіл адам болған. «Таңертен атқа мінгеннен, кешке үйге келгенде ғана аттан түсетін» - дейді оның көзін көрген адамдар.

Соғыстан кейінгі, 1947-1958 жылдары осы ауылда пошта бөлімінің меңгерушісі болып қызмет етеді. Қызмет жылдарындағы еңбегі жоғары бағаланып, бірнеше салалық марапаттарға ие болды.

Жолдасы Жолдыбек екеуі тату-тәтті өмір сүріп, бала сүйіп, немерелерін көрді. 1980 жылы 70 жасында дүниеден өтті.



**Жақыпов Әкімбек**
**(1909-1971)**

1909 жылы Шет ауданының жетінші ауылы - Кеншоқыда дүниеге келген.

Соғыс жылдары майданды ауыл шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етуде көп еңбек сіңірген. Ленин атындағы колхоздың басқарма басшысы болып, колхозды миллионер шаруашылық атандырды.

1950 жылдары жаңадан ашылған Кеншоқы кеніші бастығының орынбасары қызметін атқарды. Кеншоқы кеніші жабылғаннан кейін, Қызылту колхозының басқарма бастығы, «Октябірдің 40 жылдығы» совхозының директоры қызметтерінде болды. Осы жылдардағы еңбегі өте жоғары бағаланып «Қызыл жұлдыз» орденімен және бірнеше медальдермен марапатталды. Кеңес үкіметінің бүкіл одақтық ауыл шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысып, 1 дәрежелі дипломмен марапатталды.

Аудандық партия комитетінің партия конференциясына бірнеше рет делегат болып сайланды.

Білікті, еңбеққор, халық қамын ойлайтын басшы болуының арқасында аудан халқының сый-құрметіне ие болған. Халық аузында аңызға айналған адам болған. Ленин атындағы колхозды басқарған кезде ауылда алма ағаштарын еккен бақты, осы уақытқа дейін халық - «Әкімбектің алма бағы», - деп айтып жүр. Қызметпен басшы болып тағайындалған ауылдардың барлығында жұмысын ең бірінші жұмыскер қауымға тұрғын үй салудан бастайтын, себебі - «жайлы үйі бар азамат, жұмысқа ерекше ынтамен кіріседі» - деп санаған.

1971жылы 62 жасында ауыр науқастанып, Ақсу-Аюлы ауылында, балаларының қолында өмірден озды.



**Шақыұлы Әлімқұл**
**(1919-1983)**

1919 жылы Шет ауданы Кеншоқы ауылында дүниеге келген. Еңбекке ерте араласады, алайда Ұлы Отан соғысы басталып соғысқа аттанады. Соғыстың басынан аяғына дейін болып, елге аман-есен оралады. Еңбек жолын Кеншоқы кентіндегі кен байыту комбинатында кен ұсату цехында бастайды. Еңбек сүгіштігі мен жұмысқа жауапты қарауының арқасында, аз уақыт аралығында өзін жақсы

қырынан көрсете біледі. Комбинаттағы еңбегі жоғары бағаланып, кеңес үкіметінің түсті металлургия министрлігінің мақтау грамоталарымен, дипломдарымен марапатталады.

Кеніштегі комбинат жабылғаннан кейін аудан орталығындағы Орджоникидзе атындағы совхозға механизатор болып жұмысқа орналасады. Кейін, совхоздың күзет қызметіне ауысады. Зейнеткерлікке осы жерден шығады. Зейнеткерлікте жүріп ДЭУ-355 мекемесінде күзет қызметін атқарады.

Жолдасы Бикен екеуі 9 бала өсіріп-ержеткізді. Балалары: Нұрғазы, Ерғазы, Банукеш, Байғазы, Төлеуғазы, Мара, Даркеш, Мейрамкүл, Кенжеғазы. Қазіргі кезде балалары түрлі салада еңбек етеді.

1983 жылы 64 жасында Ақсу-Аюлы ауылында өмірден озды.

## Ордабаев Тұрсын Қасқатайұлы
## (1936)



1936 жылы 28 желтоқсан күні Шет ауданының бұрынғы Сталин атындағы колхозында (қазіргі Кеншоқы ауылы) дүниеге келген. 1954 жылы Шет ауданындағы Ы. Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебін бітірген. Еңбек жолын Шет МТС-інде бухгалтер болып бастаған. 1961 жылы Қарағанды политехниклық институтының инженерлік-құрылыс факультетіне түсіп, оны 1966 жылы бітірді. 1972 жылға дейін Қарағанды қаласының құрылыс ұйымдарында еңбек етті. 1972-1974 жылдары «Иртышканалстрой» жүйесінде бас инженер, 1974-1978 жылдары «Карагандаводстрой» трест басшысының орынбасары, бас инженер, трест басшысы болып қызмет атқарды. Бұдан соң он жыл бойы «Казглавнадстрой» жүйесінде ЖМК-81 бастығы болды. 1988-1991 жылдары «Иртышканалстрой» трестінің құрылыс басқармасының бастығы, «Джезказганмелиорация» ПСЭО бастығы болып істеді. 1991-1994 жылдары «Карагандапромстрой» жүйесіндегі ЖМК-1010 бастығы болды. 1994 жылдың тамызында Қарағанды облыстық су қоры комитетінің төрағасы болып бекітілді. 1999 жылы осы комитеттің базасындағы «Карагандаводхоз» РМК директоры болып қызмет атқарды.

Ордабаев Т.Қ. қатардағы нұсқаушыдан аса ірі трестпен республикалық деңгейдегі мемлекеттік кәсіпорынның директоры қызметіне дейін өсіп, үлкен еңбек жолынан өтті. Өзіне және өзгеге талап қоя білушілігі, іскер маман екендігі, парасат-пайымы мен адамгершілік қасиеттері оны ел ағасы дәрежесіне көтерді. Адал еңбегі үшін Т. Қ. Ор-

дабаев 1986 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен және кейінірек ҚР тәуелсіздігінің он жылдығы медалімен марапртталды. Қазір зейнеткер, еңбек ардагері, жас буынның ақылшы, тәлімгері.

Жолдасы Зағия Балақызы екеуі 1958 жылы отбасын құрды. Балалары: Салтанат, Ләззат, Гүлнара, Венера, Талғат, Азат, Әсет, Дамира. Балаларының барлығы ержетіп, қазіргі уақытта әр түрлі салада еңбек етуде. Ұлағатты әке осы балаларынан немере, шөбере сүйіп отыр. Қазіргі кезде балаларымен Қарағанды қаласында тұрады.



**Қазанқапұлы Аманбай**
**(**1907-1957**)**

**Руы: Сарым-Кәдір**

Кеншоқы кенішінде туып 1907-1957 жылдар аралығында өмір сүрген. Сталин колхозында ұстаздық қызмет атқарған. Бірнеше шәкірт тәрбиелеп шығарған. Аудан төңірегінде сол кісінің қолынан білім алған азаматтар баршылық. Аманбай атамыз ұстаздықпен қатар қолөнер шеберлігін қатар алып жүрген. Тері илеп, қайыстан жүген, қамшы, тартпабау, шылбыр, арқан тәрізді ат әбзелдерін дайындаған. Домбырада күй де шерткен. Көзкөргендер жаны жомарт, сабырлы, әділдікті ту қылып ұстаған жан еді деп еске алып отырады. Бәйбішесі ерте қайтқан атамыз кейін екінші рет отау құрып ұрпақ жалғастырған. Аманбай атамыз жарты ғасырлық ғұмырында елге елеулі еңбек еткен азамат болған. Шәкірт тәрбиелеп өсірген ұлағатты ұстаз ретінде ел есінде мәңгі қала бермек.



**Аманбайұлы Аманкелді**
**(**1939-2020**)**

**Руы: Сарым-Кәдір**

Жастайынан анасынан жетім қалған бала еңбекке ерте араласты. Жас болса да Кеншоқы кенішінде шахтада кен қазушы болып жұмысқа орналасып, қара жұмыстың ащы дәмін татып, еңбекке деген құлшынысын таныта отырып, еңбекқорлығымен көзге түсіп, үздіктер қатарынан көрініп отырған. Кейін есейе келе Сталин атындағы колхозда «Механизатор» қызметін атақарды.

Ақши совхозының Кежек бөлімшесінде бригадир болған. Кеншоқы руднигі жабылған соң 1973 жылы Кеншоқы совхозына көшіп келіп МТМ-де шопыр, снабженец, инженер гидро-техник қызметтерінде болып, совхоздың бөлімшелері мен малды ауылдарының бәріне су құбырын қазып, шөлден су шығарған Аманкелді деген атқа да ие болған. Осы қызметін адал атқарып, зейнеткерлікке шықты. Жұмыстың ауыр, жеңіліне қарамайтын қайратты адам еді. Өмірінің соңына дейін Кеншоқы ауылының ақсақалдар кеңесінің төрағасы болды.

## Бағдат ананың естелігі
## (1941)

### (Абилова Бағдат Зарауқұлқызының айтқан сөздерінен үзінді)

*Осы әңгімемді Зейнелден тараған ұрпаққа атадан-балаға тарихтан естелік ретіне қалдыруды жөн көріп отырмын. Өйткені, кейінгі ұрпаққа ата-бабасының, нар тұлғалы үлкен аталары мен әкелерінің өмірі, жүрген жолы, ерлігі, атқарған мәртебелі қызметі - ерекше дерек көзі, көкіректеріндегі оларға деген сағыныш, жүректегі мақтанышы.*

*Олай болса, «Бисмиллә»-деп әруақтардың атын атап, «ұрпағы мың жасасын» деген мақсатпен, текті бабадан шыққан текті ұрпақты жалғастыра отырып, әңгімемді бастайын:*

*. . . Қиымбектен (арғы ата]- Әніз (үлкен әже) есімді қыз, Сейіткен, Зейнел есімді ұл (үлкен ата ) дүниеге келген. Әнізден-Күлиә, Тәңірберген, Күлиәдан-Бағдат есімді қыз туылған.*

Зейнел-Сарым руының Кенжебай бұтағына жатады. 1909 жылы Қарағанды облысының Шет ауданында Нұра өзенінің бойында өмірге келіп, жастайынан алғыр, 9 жасында бәйге шауып, уақыт өте керемет аңшы, атбегі болған кісі. Бәйгеге қосатын тұлпарлардың бітіміне баға беріп, бір қарағаннан танитын қасиеті бар сыншы еді. Қазақтың құмай тазыларын асырап, аңшылық еткен. Мінезі өте байсалды, өте балажан, ой түйіндеп, сөз саптап сөйлетін кісі болған еді. Сол кездері ауылдағы мектепте завхоз болып жүргенде 1941 жылы қызыл әскер қатарына шақыртылып, 1942 жылы майданға аттанып, онда екі мәрте жараланып, Ұлы Отан соғысы майданында төккен тері мен жауынгерлік ерлігі үшін жоғарғы дәрежелі «Отечественная война» орденімен, «За боевые заслуги» медалімен наградталған. Зейнел атамыз 1997 жылы 88 жасында өмірден озды.

Атамыздың жары - менің енем Ахатова Жамилә ер азаматты әрдайым биікке қоятын, ақылы мен даналығы бойына жарасқан келбетті, биязы, өте жақсы кісі еді. «Бес саусағынан бал тамған» өнерлі, іскер жан болған. Жолдасы Зейнелдің аңшылықтан атып әкелген түлкі терілері-

нен тұмақ тігіп, Қарағанды өңірінің шет аймақтарының талай адамдарынан арнайы тапсырыс түсіп, оларға сырт киімдер, шапан тігіп, ешуақытта «шаршадым» - деген сөзді айтқан емес. Қазақы сырмақтың шебері еді.

Ал, өз әкем - Зарауқұл-Керней руының Шаң атаның тумасы 1923 жылы Қарағанды облысының Шет ауданында өмірге келіп, 1942 жылы әскерге шақыртылып, Ленинград майданындағы шайқасқа қатысып, Кямяря станциясында қоршауға алынған жаудың қарсылас 3 автоматчигін, 2 пулеті мен жаяу әскерін жайратып, осы ерлігі үшін 2-ші дәрежелі «Отечественная война» медалімен наградтталған. Өкінішке орай, әкем соғыстың аяқталуына сәл қалған кезде 1945 жылдың 25 наурызында жастай 21 жасында жау қолынан қаза болып, Польшаның Купферхаммер өңірінде жерленген.

Сол кездері, Зейнелден -Мұрат есімді ұл, Гүлбара есімды қыз туылып, осы тұста... «өмірдің соқпағымен жетім қалған, Күлиәдан туылған жиен Бағдат қыздың тағдыры не болмақ?, қызымыз жатқа бармасын»-деген оймен ағайындар өзара келісімге келіп, мені Зейнелдің жалғыз ұлы Мұратқа қосып, екеуімізден - бес ұл: Көмек, Аян, Ер-Саян, Баян, Ноян өмірге келді.

Гүлбара - қайын сіңілім бұрындары бухгалтер және Қарағанды қаласының техникумында директордың орынбасары болып істеп, қазіргі таңда зейнетте.

Мұрат - Ордженикидзе совхозында шофёр болып болып жұмыс істеп, мен РАЙПО-да сатушы, қойма меңгерушісі болып жұмыс істеп, бес баламызды оқытып, жеткіздік. Жолдасым Мұрат жоғары білімді болмаса да, өте зерек, көпті көрген, көп білетін адам еді. Білім-ілімнің санасына терең бойлағаны болуы керек, оның өз біліміне сенгені соншалықты, 10-шы сынып бітіргенде ауылдың мұғалімдерін елемей емтихан тапсырмай қойып, ауданнан келіп одан емтихан қабылдаған жайы бар. «Ажал айтып келмейді» деген бар. 59 жасында өмірден озды.

Бертін келе, «Аллаға сансыз шүкір!»:

Көмектен-Гүлмира (Алидар, Дарина), Мадина, (Айлин, Дания) Әлібек;

Аяннан-Аманкелді (Нұр-ай, Аделя, Сұлтан, Тоғжан, Кәусәр), Данияр (Әмір, Айша, Ислам Мәриам).

Ерсаяннан- Бахтияр (Камила, Алдияр, Жантөре), Эльмира (Дамир, Арсен,), Мадияр, Айбек;

Баяннан-Айнұр, Азамат, Айжан, Аружан, Алмас;

Нояннан- Айдан (Әбілмәнсұр, Әлімхан), Арлан, Айым, Айгерімдер тарады.

Көмек-Алматы (КазГУ) заң оқуын тамамдап, қызмет бабымен Жезқазған, Алматы облыстарында он шақты жылдай прокурор қызметінде, 1996-2012 жылдары аралығында Ішкі істер министрлігі Тергеу

департаменті мен Алматы облысы Әскери тергеу басқармаларының басшысы болып қызмет атқарып, «Мінсіз қызмет үшін» медальдарының үш дәрежесімен, тағы басқа да бірталай медальдармен наградтталған. Өмірінің 30 жылын құқық қорғау саласына арнап, қазіргі кезде зейнетте.

Аян - Қарағанды облысының Балхаш қаласында ұзақ жылдар бойы жол полициясы қызметкері болып қызмет атқарды. Тура жолмен жүріп «біреудің ала жібін аттамағанның» арқасында «Мінсіз қызмет үшін» медальдарымен наградтталған. Аброймен құрметті зейнетке шығып, құр отырмай, қазіргі уақытта «Бөрі Батыр» шаруа қожалығының жетекшісі.

Ер-Саян - Балхаш қаласының [ДЭУ] жол құрылысы басқармасында шопырлық жұмыс атқарып, сол саланы жалғастыруда.

Баян - ауылда, әке отын өшірмей қара шаңырақты ұстап отыр. Ауылшаруашылығымен айналысуда.

Ноян - 97 жылдан бастап Балхаш қаласында жол полициясының инспекторы болып біраз жыл қызмет атқарып, Ішкі істер министрлігінің өзінде бірталай жыл қызмет атқарып, Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасы, Кадр және Өзіндік қауіпсіздік басқармаларының бастығы лауазымына дейін көтерілген. Ағаларының ізін басып, лайықты қызмет атқарып, ол да «Мінсіз қызмет үшін» медальдарының үш дәрежесімен де, басқа да наградалармен марапатталды. Қазіргі таңда Жамбыл облысы полиция Департаментінің тыл саласына жетікшілік етуде.

Жаратушы ием - Алла тағалам көп көрмесін...

«Бір баласы бардың шығар-шықпас жаны бар,

Бес баласы бардың Алла берген сыйы бар», - деп балаларым үшін жаратқанға ризалығымды білдіріп, іштей қуанып қоям. Пендеміз ғой. «Алланың берері мол, ұрпағымның берекесі мол болсыншы?!»-деген арманмен, оларға аналық батамды беріп, әрдайым амандығын тілеп, осы әңгімемді саналы ұрпағым - сөз астарын «Атадан - тағлым, анадан -өнеге» деп қабылдар деген сенімдемін.



Зейнел Жәмилә



Бағдат Мұрат





**Зарауқұл** **Көмек** **Аян**



**Әбілдин Көшкінбай Әбілдаұлы**
**(1928-2003)**

1928 жылы 15 желтоқсанда Ақтоғай өңірінде дүниеге келген. Төрт жасында әкесінен айрылып, Кеншоқы ауылының тумасы, ағасы Адамияның қамқорлығымен оқуға түсіп, оны үздік бітіреді (Қарқаралы педучилищесі 1946-1949; Алматы қаласындағы С. М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті 1949-1954). Ленин сыйлығының лауреаты, жазушы, ғұлама ұстаз М.Әуезовтен дәріс алады.

Өз ісіне жоғары жауапкершілікпен қарайтын, өзіне де, басқаларға да талап қоя білетін азамат қатардағы мұғалім қызметінен жоғары партия қызметтеріне дейін көтеріледі. Он бес жыл бойы Шет ауданының оқу бөлімін абыроймен басқарады. Он бес жылдың ішінде аудандық білім беру саласының дамуына елеулі үлес қосады: республика бойынша қазақ мектептері жаппай жабылып жатқан кезде отыздан аса қазақ мектептерін ашады. Өте принципшіл, білімді басшы жас мұғалімдердің кәсіби тұрғыда қалыптасуына көңіл бөліп, ағалық қамқорлық таныта білді. Әбілдин Көшкінбайдың қол астында бір топ білікті ұстаз, елге танымал азаматтар қызмет атқарды: З. Игіліков, Т. Мусин, З. Сүйіндіков, Ш. Жұқанов, М. Қосылбеков, С. Жумкин, С. Шөменбаев, М. Алтынбеков т. б.

Қызметі мен марапаттаулары: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары (Ақшатау кенті), мектеп директоры (Қайрақты кенті), аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі. Шет аудандық білім

бөлімінің меңгерушісі, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің директоры, халық депутаттары Түлкілі селолық Кеңесінің төрағасы, аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы. Білім КСРО медальдары, Қазақ КСР Жоғары Советі Президиумының грамотасы, Қазақ КСР оқу ісінің үздігі, Шет ауданының Құрметті азаматы.

1966 ж. Бүкілодақтық мұғалімдер съезіне қатысқан Қазақстан өкілі (Мәскеу).

Балалары да жоғары білімді, өз еліне сыйлы азаматтар: ұлы Болат Мәскеуде профессор, Қанат Шет ауданындағы кәсіптік лицей директорының орынбасары, Саят техникалық ғылымдар кандидаты, бизнесмен. Айгүл бас дәрігер (Нұраталды кенті), Нұргүл қазақ тілі және орыс тілі мұғалімі, Гүлнарай «Арселор Миттал» компаниясында бөлім меңгерушісі.

**Баласы: Қанат 13. 09. 2021 ж.**

## Балтин Өміртай Көбентайұлы
## (1932-2000)



Шет ауданының 7 - ауылына қарасты қазіргі Кеншоқы ауылы округінің орталығы «Нұра» ауылында дүниге келген.

Бастауыш мектепті осы ауылда Сталин атындағы колхозда 1944 жылы бітіріп, әрі қарай оқуын аудан орталығы Ақсу-Аюлы ауылында жалғастырды.

1950 жылы 10 жылдық орта мектепті үздік бітіріп, білім қуып Алматы зоотехникалық мал дәргерлік институтқа түсіп, оны жоғары деңгейде тамамдап, ауыл шаруашылығы өндірісінің зоотехник мамандығын алады.

Жоғары білімді маман Өмкең ағамыз 1955 жылы ауданның іргелі шаруашылығының бірі Нұраталды совхозының бөлімше маманы бас зоотехнигі болып 1959 жылға дейін қызмет атқарып, 1959-1961 жылдары ауткомның төрағасының орынбасары лауазымында жұмыс істеді.

Аудан, облыс басшылары Өмкеңнің жұмысқа деген жоғары ұйымдастырушылық қабілетін көріп, 1961-1965 жылдары ауданнның шарушылығы шатқаяқтап тұрған Шет совхозына, кейінен октябрдің 40 жылдық атындағы кеншарға директорлыққа тағайындайды.

1965-1970 жылдары аралығында Өмкең Ақтоғай ауданының ауыл шарушылық басқармасына басшылық жасайды.

Еңбек жолы 1970-1972 жылдары Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы басқармасында, бөлім басшысы болып, әрі қарай облыс-

тың Осакаров ауданының «Маржанкөл» кеншарда жалғасады.

Осы шаруашылықтың экономикасын көтеруге, халықтың әл-ауқатын жаңартуға аянбай тер төгіп, еңбек етеді.

1972 жылы кеншарда бітік егін өсіп, облыста алғашқы шаруашылықтың бірі болып, мемлекет қоймасына 1.0 млн тоннадан астам жоғары сапалы астық құйды.

Осы еңбегінің ескерген Қазақстанның Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.Қонаев совхоз директоры Балтин Өміртай Көбенұлына «Волга» Газ-24 автокөлігін арнайы сыйға тартады.

Балтин Ө.К ауыл шарушылығы саласына сіңірген еңбегі мемлекет тарапынан кезінде бағаланып 2 мәрте «Құрмет белгісі» орденімен және 1973 жылы «Еңбек Қызыл-Ту» орденімен награтталды.

Жан жары Мәкен екеуі өмірге жеті перзент әкеліп, барлығын тәрбиелеп қанаттандырды.

Ерекше табиғи болмысымен, адамгершілікпен ізгілікті бойына жинаған, қалың жұртқа қадірлі болған арқаның абыз азаматы Өміртай ағамыз өмірден ертерек кетті. Жатқан жерің мамық болып, арттағы ұрпағына ұзақ ғұмыр тілейміз.



**Балтин Мейрамбек**
**(1939)**

Шет ауданының Сталин атындағы колхозда, казіргі Кеншоқы ауыл округінің орталығы «Нұра» ауылында 1939 жылы дүниеге келген. Әкесі Балта өте іскер, қолының шеберлігі бар болып, колхоздың іргетасын қалауға атслысып күн-түн демемей ерінбей еңбек атқарған, елдің сый-құрметіне бөленген абзал азамат еді-дейді кейінгі көзкөргендер.

Мекеңнің өмірі оңайға түскен жоқ. Үш жасында анадан айрылып, әлі буыны қатаймаған кезінде әкесі-де жер қойнауына аттанды. Жастайынан мектеп қабырғасында жүргенде Мейрамбек колхоздың шаруасына қатысып, жазда шөп шабуға көмектесіп, күзде масақ тереді. Колхозда 1951 жылы бастауыш мектепті бітірп, 1956 жылы аудан орталығы Ақсу-Аюлыда Южылдық мектепті тамадайды. Еңбек жолын 1957 жылы ауданның байланыс канторының қарапрайым жұмысшыдан бастайды. Әрі қарай 1959-1960жылдары Нұраталды кеншарында байланыс бөлімінің меңгерушісі, аудан байланыс канторының есепшісі қызметтерін атқарады. 1960жылы облыс байланыс басқармасының ұлғаруымен Ташкент қаласындағы байланыс институтына оқуға түсуге талпынады.

Бірақ-та институтқа түсе алмай, елге оралып, Ақтоғай ауданының байланыс бөлімінің бастығының орынбасары, кейіннен бастық болып қызмет атқарады.

1975 жылы өндірістен қол үзбей, қайтадан Ташкент байланыс институтына оқуға түсіп, оны сырттай 1981 жылы бітіреді.

Мекең 13 жылдай көрші Ақтоғай ауданының байланыс торабыының бастығы болып қажырлы қызмет істеді.

1976 жылы зейнеткерлікке шыққанға 2000 жылға дейін ауданның байланыс торабын басқарып, абыройлы еңбек етті. Мекеңнің ұзақ жылдар бойы осы саладағы еңбегі мемлекет тарапынан бағаланып 1974 жылы ССР жоғары Президиумының шешімімен «Еңбектегі ерлігі үшін» медальмен 2014 жылы Қазақстан Республикасының «Құрметті байланысшысы» атағына ие болды. Мекеңнің сүйікті жары Дәкең өмірге 7 перезент әкелген аяулы ана, әдемі әже.

Бүгінде олар балаларымен немерелерінің арасында шуақты күндерімен қызықты қуаныштарын көріп, Қарағанды шаһарында арқалы - жарқалы ғұмыр кешуде.

**Смағұлұлы Майшеке**
**(1903-1961)**



Бұл кісі соғыс жылдарында тыл жұмыстарына қалдырып ауыл шаруашылығында қызмет атқарған.

Қазіргі Қарасаз ауылында (колхоз) басшы болып істеді. Кейіннен 1946-1950 жж. Қарғалы колхозында басқарма басшысы болып істеді.

Кейіннен Қарғалы, Алғабас, Еңбекшіл, Сталин атындағы колхозына қосылғаннан кейін жаңадан ашылған Кеншоқы руднигінде сауда ұйымында қызмет атқарады.



**Зекен Майшекеұлы Смагулов**
**(1940-2013)**

Зекен Майшекенұлы 1940 жылдың қаңтардың 15 жұлдызында қазіргі Қарағанды облысы, Шет ауданы, бұрынғы Сталин атындағы колхозда (қәзіргі Кеншоқы ауылы) туған.

1958-1959 жылдары өзінің еңбек жолын Шет аудадындағы Кен-Шоқы кенішінде байыту фабрикасында классификаторщик болып бастаған.

1959 жылы Қарағанды политехникалық институтқа түсіп, 1964 жылы қызыл дипломмен оқуды бітіреді.

1965-1966 жылдары Қарағанды политехникалық институтындағы «Пайдалы қазбалар кен орындарын игеру» кафедрасында стажер болып жұмысқа орналасты. Ал 1967-1970 жылдары сол кафедрада аспирант, 1970-1971 жылдары ассистент қызметін атқарды.

1977 жылдан бастап «Пайдалы қазбалар кен орындарын игеру» кафедрасына доцент болып тағайындалады.

20 жылдан астам Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің политехникалық институтындағы әртүрлі бөлімшелерінде басшылық лауазымын атқарды.

-1975-1977 жылдары Жезқазған жалпы техникалық факультетінің деканы

-1977-1978 жылдары Қарағанды политехникалық институтының Жезқазғандағы филиалының директоры

-1979-1983 жылдары Инженерлік-құрылыс факультетінің деканы

-1983-1985 жылдары Дайындық бөлімнің деканы

-1985-1988 жылдары Кешкі оқу факультетінің деканы

-1988-2000 жылдары Тау-кен факультетінің деканы

-2000-2010 «Пайдалы қазбалар кен орындарын игеру» кафедрасының (РМПИ) профессорі.

-1970 жылы Зекен Майшекеұлы «Исследвание системы разработки полос по восстанию (падению) без предварительной нарезки полос в условиях Тентекского, Чурубай-Нуринского районо Карагандинского угольного бассейна» атты тақырыпта кандидаттық диссертацияны қорғап шықты.

Зекен Майшекеұлының ғылыми еңбектері негізінен технологиялық даму схемаларын жетілдіруге және Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттарын дайындаудың оңтайлы параметрлерін белгілеуге, тау-кен жұмыстарының қауіпсіздігіне, кеншінің еңбегін қорғауға арналған.

-1973 жылы Зекен Майшекенұлына доценттің ғылыми атағы берілді.

-1988 жылы Қазақстан Республикасының Жаратылыстану ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі болып тағайындалды.

- Зекен Майшекеұлы Социалистік жарыстың жеңімпазы, ҚР білім берудегі үздігі, спортшы, аңшы, Еңбек ардагері.

-2009 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Жаратылыстану ғылымдар академиясының Академик атағын алды.

- Зекен Майшекеұлы 59 ғылыми жұмыстын авторы, оның ішінде:

3 монография, 5 оқу әдістемесі оның 3-уі қазақ тілінде, қазақ тіліндегі тау-кен ісі бойынша терминологиялық сөздіктің авторы, 10 оқу-әдістемелік нұсқаулар жазған.

- Зекен Майшекеұлы (1959-2010 жж) оқу жолын, еңбек қызметін тек бір Қарағанды политехникалық институтта оқу орнынның қабырғасында өткізген.

Отбасында әйелі, ұзақ жылдары білім саласында ұстаздық қызметін атқарған Смагулова Светамен бірге төрт бала тәрбиелеп өсірді. Бүгінде балалары, немерелері отбасылы, әр салада қызмет етуде.

## ӘУЛЕТІМІЗДІҢ АРДАҚТЫЛАРЫ:



### *Жекеева Разила (Түкеш)* **(1912-1993)**

Сталин атындағы колхозда, кейін Орджоникидзе атындағы совхозда ұзақ жыл сауыншы болып еңбек еткен. Шет ауданы бойынша алғашқы болып «Ленин» орденін алған. 4 ұл, 1 қыз, 13 немере тәрбиелеп, асыраған ардақты ана, асыл әже.



**Төлеукенов Совет**
**(1936-1993)**

Еңбек жолын бастағаннан өмірінің соңына дейін Сталин колхозында, Орджоникидзе совхозында жүргізуші болып жұмыс істеген. Ерекше еңбекқорлығымен, адалдығымен ел құрметіне бөленген. Кейінгі жылдары Кежек, Еңбекшіл бөлімшесіңде шофер, шаруашылық меңгерушісі болып, ауылшаруашылығының дамуына зор үлес қосты.



**Төлеукенов Самбет**
**(1940- 2017)**

Еңбек жолын Шет ауданының Сталин колхозынан бастаған. Орджоникидзе совхозының «Нұра», «Кежек», «Еңбекшіл» бөлімшелеріндегі сол кездегі қысы-жазы толастамайтын үздіксіз науқандарының қайнаған ортасында тыңбай еңбек етіп, сол еңбегінің арқасында «Береке» комсомол жастар бригадасын басқарып, тәлімгер аталған. Аудандық, облыстық, республикалық жарыстың әлденеше мәрте жеңімпазы атанды. Оның адал еңбегі «Ленин» (1971 ж.), «Октябрь революциясы» (1980 ж.) ордендерімен, көптеген медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «Құрмет грамотасымен «марапатталған. 1982 жылы Москва қаласында өткен КПСС-тің XYII съезінің делегаты ретінде қатысқан. Газет, журнал беттеріне мақалалары жарияланып, әр-түрлі жиындардың төралқа мүшесі болды. Еңбекшіл бөлімшесінің басшысы болып жұмыс атқарды. Ел-жұртқа сыйлы азамат ретінде есте қалды.



**Есмағанбетов Хамит**
**(1957)**

1973 жылдан бастап Орджоникидзе атындағы совхозында алғашқылардың бірі болып К-700 тракторын игеріп, тынымсыз еңбек еткен. Көптеген марапаттарға ие болған. 1978-1984 жж. ауылдық кеңестің депутаты болып сайланды. Қазір зейнеткер.



**Төлеукенов Мажит Советұлы**
**(1961-2001)**

Орджоникидзе совхозында жүргізуші болып еңбек етті. Көп жылдар жұмыскерлерді жанар-жағар маймен қамтамасыз ететін арнайы автокөлік жүргізді. Совхоз, аудан басшылары тарапынан мақтаулар мен марапаттарға ие болған.



**Төлеукенов Ардақ Сәмбетұлы**
**(1966)**

Орджоникидзе атындағысовхозыныңЕңбекшіл бөлімшесінде механизатор, комсомол жастардың «Береке» бригадасының жетекшісі болған, социалистік жарыстардың жеңімпазы, озат еңбекқор болды. Республикалық, облыстық, аудандық марапаттарға ие болған. 1990 жылы IX облыстық комсомол конференциясының делегаты, Қазақстан комсомолының XVII съезіне делегат болып қатысты, сонымен қатар Еңбекшіл бөлімшесінің бригадирі болып жұмыс атқарған.



**Амандықұлы Бөлекбай**
**(1953 - 1992)**

Кеншоқы, Орджоникидзе атындағы совхозының Еңбекшіл бөлімшесінде механизатор болып істеген. Бірнеше дүркін социалистік еңбек жеңімпазы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, озат еңбегі үшін атаулы тракторды сыйға алған.

**Еске алушы: Тезекбай Амандықұлы**

# АСЫЛ АЗАМАТ ЖАЙЛЫ БІР ҮЗІК СЫР



**МӘУЕН ХАМЗИН,**
**Қазақстан Журналистер**
**Одағының мүшесі,**
**ҚР Мәдениет қайраткері**

Асылы, мына жарық дүниеден мәңгілік бақиға аттанған адамдар туралы еске алу сипатындағы шағын дүние жазу қиын. Егер кешегі кеңестік дәуірде «атақты еңбеккер еді», «коммунистік мұраттарға адал жан еді» деп мадақтасақ, қазіргі уақытта ел алдындағы сіңірген еңбегін айтып қана қоймай, әлгі адамның азаматтық ажарына, кісілік келбетіне айрықша назар аударып, қимастықпен еске аламыз.

Сондай жандардың қатарына облысымыздағы Шет ауданы, қазіргі Кеншоқы ауылының тумасы Қабаш аға Жұматұлы жататын. Ол кісі 1929 жылы дүниеге келсе де, барлық құжаттарында 1933 жылы туған деп көрсетіліп келді. Тәңірдің сыйлаған біраз жасын жасап, 2012 жылдың маусымында бақиға аттанды.

Әдетте, өзің қадыр-қасиетін айрықша бағалап, құрмет тұтатын адам туралы қалам тербегенде, сонау бала кезіңнен бастап, санаңда орныққан ойларынды ортаға салғың келеді. Көп жағдайларда бұқаралық ақпарат құралдарында атақты еңбек майталмандары туралы ғана емес, аса жоғары лауазымды қызметтерде болған тұлғалар туралы сала-құлаш мақала, хабарлардың куәсі боласың. Дұрыс, мына жарық дүниеде

аз немесе көп жыл ғұмыр кешті ме, әйтеуір, артында көмескілене қоймайтын ізі қалса, неге мадақ сөз айтпасқа?!

Аяулы ағамызды елден ерекшелеп, даналықтың немесе, қаһармандықтың шыңына шығарғалы отырған жоқпыз. Адам, бәрінен бұрын, пенде. Пендешіліктің арқасында кез келген адамның соңынан «пыш-пыштаған» Сөз ереді, көре алмаушылық, ұсақтық, ғайбат болады. «Жуас түйе жүндеуге жақсы» деген сөз бар, әлгіндей өсек - аяң көбінесе жуас адамдарға астамшылықпен қарайтын жандар тарапынан туындайды. Қабаш ағамыз да пенде ғой, алайда, өзгені ғайбаттау, күстаналау пиғылын көрмеппіз де, естімеппіз де. Ол кісіні Алланың ақ жолымен жүрген, әділдікті арының туы еткен адам еді дегенді қолымызды жүрегімізге қойып тұрып айтқымыз келеді.

Қабаш аға бойын өсек-аяң, дау-дамайдан аулақ ұстайтын. Той-томалақ, келін түсіру, құдалыққа бару т.б. думанды мерекелерге де өте сирек баратын. Онысы қуанышты бөлісуге қарсы болғандықтан емес, әрі жұмыс бастылық, әрі көп реттерде артық шу-даңғазаны ұнатпайтын дегдарлығынан еді. Ол кісінің орнын толтырып, ондай бас қосуларда үнемі Тілеу жеңгеміз (біз ол кісіні Тілеужан демей, балалары атап кеткендей, Тілеу деп атаймыз) жүреді. Қабекең өз пікірін үнемі сыртқа шығара бермейтін, алайда кез келген құбылысқа өзіндік ой - пікірі бар, мықты көзқарасы бар жан болса да, сол ұяңдығымен ешқашан өзгеге таңып, одақ құруға талпынған жан емес-ті. Ол кісіні көп жұрт сыйлады. Сірә, көсемсіп, басқаға данышпан боп көрінуге тырысқаннан емес, көбінесе саяқтау жүретін, ұсақтыққа үйір емес, таным дүниесі де биік сұңғылалық табиғатынан болса керек.

Біз әкемізден ерте айрылдық. Анамыз Кенжеш мәпелеп өсірді. Ел қатарлы ержеттік. Біздің тағдырымызды жетік білетін Қабаш ағамыз бөліп бермесе де (несін бөліп берсін, байлықты мұрат етпеген жан өз үйіне бір машина шөпті қар жауғанда әзер түсіретін), өз білімімізбен жеткен жетістігімізге сырттай тілектес болуы жасымыз іші болса да, бізге деген құрметіне ұласып жататынын сезуші ек. Бала-шаға қамын, қорасындағы малының жайынан гөрі, шаруашылық жұмысын бірінші кезекке қоятын ағамызды еске алғанда, кешегі адалдық қоғам мүддесін қара басының қамынан жоғары қоятын тазалык дегендер біртіндеп кейінге ысырылып байлық, ақша, ашкөздік пен озбырлық белең алған қазіргі қоғамға қарап, қан жылайсың.

Сірә, сол Қабекеңдер мен оның замандастары (бақилық болғаны бар, тірі жүргені бар) саф тазалықты өздерімен бірге алып кетті ме немесе алып кетпек не деген оймен қамығасың...

Қабыкен күйініп отырып, айтып қалса керек, «екі жақсы қосылмайды» деген сөз бар. Үстірт айтылған пікір: Егер дәлел қажет болса, Қабаш ағамыз бен Тілеу жеңгемізді мысалға алар ек. Балдыздары: «Ана ағаларыңның махаббаты ерекше, біздің апамыз екеуі тура Ләйлі-Мәж-

нүн, Қыз Жібек-Төлеген, Қозы Көрпеш-Баян» сияқты деп әзілдейтін, жаны бар әзіл.

Екеуі Алланың берген ұрпақтарын өсірді. Оқытты, лайықты тәрбие берді. Үрім-бұтағының қызығын көрді.

Табиғаты таза, санасы сара, дегдарлығы дара Қабаш ағамыз 2012 жылы маусым айында дүниеден озды. Өмірдің мұрат екенін, өлімнің ақиқат екенін философтар баяғыдан айтқан: Өмірге адам өлу үшін келеді. Баяғыда Керней Байсейіт бабамыз бәйге атымен ауылынан шыға шауып, қазіргі Кеншоқы ауылының іргесінде тұрған Қызылшоқы тауының тасына ат екпінін бәсеңдетпей, шапқан күйінде шығып, жан- жағына қарап: «Шіркін, дүние-ай, осыншама кең болсаң да, адам-пенде үшін қамшының сабағындай тым келте, қысқа екенсің-ау!» деп, таудың етегіне жерленген ұлы - Нұрлан мырзаның мәңгілік үйіне беттейді екен. Қабекең ағамыз тәңірінің берген жасына келіп, өмірден кетті.

Тағы да қайталап айтайық, ағаны ұлылықтың эталоны еді дегелі отырған жоқпыз. Айтылған ойымыз - өз болмысымыздан туған пікір. Өзгенің құптауы немесе келіспеуі шарт емес. Бұл шағын дүние қарапайым да саф таза адамның рухы мәңгілік дамылдап жатқан зиратына оқыған дұғамыз әрі мінажатымыз деп қабылданса болғаны.

Сөз соңында Қабаш ағаның рухы пейіште шалқығай, аяулы Тілеу жеңгемізге ұрпақтарының қызық-қуанышын көруді Аллам нәсіп етсін дегіміз келеді.

## ЕСІМДЕ АБЗАЛ АҒА БЕЙНЕСІ



*Мәуен Хамзин*

1961 жылы бұрынғы колхоз таратылды да, орнына Орджоникизде атындағы совхоз ұйымдастырылды. Мен тумасы боп есептелетін қазіргі Кеншоқы ауылы Орджоникизде совхозының бөлімшесі болды. Тек 1965 жылы Кеншоқы совхоз боп құрылды. Демек, бұрынғы Сталин атындағы колхоз 1961 жылдан 1965 жылға дейін Орджоникизде атындағы совхоздың №2 Нұра бөлімшесі, 1965 жылдан совхоз атанған Кеншоқы басқа шаруашылықтар сияқты тұтас бір дәуірді бастан кешкен екен. Ол дәуірдің қозғаушы күші адамдар десек, сондай жаннын бірі-Төлеубек аға Мұқажанов еді.

Ойды ой қозғайды, 1965 жылы Кеншоқы совхозы құрылды, 1967 жылы ауылдық Совет ашылды Тәкішев Жұматай ақсақал-төраға, мен хатшмын. АХАЖ(ЗАГС), аудандық қаржы бөлімі т. б. мекемелерге не

бәрі орта білім бар мен шабамында жүремін. Көп нәрсені үйрену керек. Қаржы бөлімінде Р. Жонкин деген білімдар, ірі маман болды, сол кісі маған көп нәрсені үйретті, қаржыға сақ болу туралы кеңінен айтып еді. Бірде «Әрине сен жассың, үнемі ауданға осылай келе бересің бе?». Ауылдағы Төлеубек Мұқажанов деген кісіні білесің бе? Міне, сол кісіге жолық. Ол кісі көп нәрсені үйретеді деген еді. Сөйтіп жаңа құрылған ауыл советтін қаржылық саласына қатысты көп жайтты мен сол Төлеубек ағадан үйреніп ем. Сенесіз бе, сенбейсіз бе мен үшін сол кезде Төкеңнен артық есепші, қаржыгер білікті маман жоқ болып көрінетін. Мен ол кісінің тек мектептен алған білімімен осындай деңгейге көтерілгеніне таң қалатынмын. Тіпті сенбеуші ем. Менің ойымша ол кісі бір ірі институттың «бухгалтерлік ісі» немесе «қаржы», «экономика» мамандықтарын бітірген жан боп көрінетін. Кеншоқы совхозында ұзақ жылдар бойы бас бухгалтер Сейілхан Жақсыбеков істеді. Төкең бухгалтерияда бухгалтер-кассир болып еңбек етті. Бірден Секеңнің:- Мен осы жасыма дейін іштен оқып туды ма екен, сенің Төлеубек ағаңдай білгір адамды көрген емеспін. Біздін өзіміз жабылып, ол кісіден бухгалтерлік істін мән-жайын сұрастырып, үйреніп жүрміз» деп еді. Мен әзілдеп «Секе, естуіңіз бар шығар?! Мен де өзіңіз айтып отырған Төкең де Арғын, Қаракесектің Сарым деген тармағынан жатамыз. Сарымда көзінің тірісінде, «Жақсы Жәкең» деген атқа ие болған қазақтың Жанқұттыдай ұлы биі болған. Абайға бата берген. Құнанбай, Алшынбай, Мұса, Ыбырай, Бейсейіттермен ерекше сыйласымда болған. Құнекең аға сұлтан боп сайланғанда, Жәкең: «Карадан хан боп туған қарағым-ай!» деп сүйсініп, сәлем айтыпты. Міне, сіз риза боп отырған. Төлеубек аға ешқанадай институт, университет бітірмеседе, қарадан шыққан осы заманның білгірі емес пе? деп әзілдей жауап беріп ем. Бізге аға боп келетін қазірде көзі тірі қария аға Тұрсын Ордабаев бірде әзіл-шыны аралас: «Осы біздін Төлеубектің институт бітірмедім дегені өтірік ғой деймін. 1961 жылы Орджоникидзе совхоз боп құрылғанда, жұмыс көп жақсы мамандар керек, совхоздың бухгалтериясына Төлеубекті сан рет шақыртқанынан хабарым бар» деп осы уақытқа дейін айтып отырады.

Төлеубек аға табиғаты таза, санасы сара, барынша адал, іскер, тәртіпті ұқыптылықты, жинақылықты ерекше сүйетін жан еді. Өз ғұмырында біреуге тілі тиіпті, біреуге қиянат жасапты дегенді естіген емеспіз. Әділдікті сүйетін. Қиямат көрген адамға ара түсетін азаматтығы бар еді. Алтын құрсақ Дәмеш жеңгеміз екеуі он перезент сүйіп, бәрін оқытып, ат жалын тартып мінгізген екен.

Бәрімізде пендеміз ғой, асыл азамат дүниеден озғанда артында кімі бар, бала шағасы қандай екен деп сұрап жатамыз. Тәубә, бұл тұрғыдан келгенде ағамыздын өзі фәниден бақиға ертерек аттансада, арты жақсы екен.

Ағамыздың рухы пейіште шалқып жатқан шығар?!

Осынау қарапайым еңбек адамы туралы шағын жазбаны сол кісінін рухына арнап, алды пейіш, арты кеніш болса екен деп тілек білдіремін!

## ЕҢБЕГІ ЕЛЕУГЕ ТҰРАРЛЫҚ ЖАН ЕДІ



М. Хамзин,
Шет ауданының Құрметті азаматы

Өміртай аға 1935 жылдың 17 қаңтарында дүниеге келді. Әкесі, оның інісі екінші дүниежүзілік соғысқа аттанып, қанды қасаптан оралмады. Өмекең де, бауырлары да балалық балғын шақты бастан кеше алмай, ерте есейгендер қатарына жатады. Ер жетер-жетпестен қаршадай күнінде ауыр жұмыс істеді. Өгіз жетектеп, соқа тартты. Мектепті де толықтай бітіре алмады. Ел басына күн туған ауыр кезең өз толқынымен бұларды да үйіріп алып кетті. Аш- жалаңаш болған жоқ шығар-ау, алайда тоя тамақ ішпесе де, бойын жылытар қалың киім кимесе де, бұлар, бұлармен құралпылар небір азапты, ауыр жағдайды көріп өскені анық. Ол кезде Кеншоқы кенішінде, Сталин атындағы колхозда қысқа мерзімді тракторшы-механизаторлар дайындайтын курстар болды. Ол кісі соны бітірді. Кеніш фабрикасында жұмыс істеді. Колхозда, Орджоникидзе атындағы совхоздың Нұра бөлімшесінде тракторшы, көмекші шопан болып жұмыс істеді. Колхозда Орджоникидзе атындағы совхоздың Кежек бөлімшесінде сол кезеңде Т.Отыншин сияқты танымал азамат меңгеруші, Ш.Қабылбеков сияқты іскер азамат басында мал маманы, сосын бөлімше меңгерушісі болды. Осы жерде бір жайтты айта кетейік, біріншіден, Өміртай ағамыз үлкендер соғыстан оралмағандықтан, жас та болса, өмір ерте есейтіп, бауырларына, жақындарына, бүкіл әулетке өзін естиярмын деп есептеді, соларды аман-есен мына зұлмат қыспақтан алып шығуым керек деп есептеді. Ал, аман алып қалудың бірден-бір жолы еңбек ету, нан табу деп білді.

Бір оқиға есіме түсіп отыр. Мен, жұбайым Әлия екеуіміз жетпісінші жылдардың басында Кеншоқыдағы орта мектепке ЖОО-ын бітіріп, қызметке тұрдық. Малға шөп керек, көрші Кежек бөлімшесіндегі меңгеруші Шойбек ағаға барып, шөп сұрадым. Әңгіме үстінде осы Өміртай ағаға байланысты сөз қозғалды, сонда өмірден көргені мен түйгені көп Шойкең ағамыздың: «Осы өмірде біраз нәрсені көрдім. Қазір міне, ферма басқарып отырмын. Талай адаммен қызметтес боласың, жұмыс

бабында бірге ренжіп, бірге қуанып жүресің. Ал, енді ана сенің Өміртай ағаңдай адамды жиі көрмеппін. Ол шаруашылықтың төл алу жоспары орындалмай жатса, өз малын қосып, орындауға тырысады. Қатықсыз қара су ішсе де, ортаның бір тышқақ лағын рұқсатсыз сойып жемейді. Бұндай адалдық екінің бірінде кездесе бермейді ғой. Сен оқу-білім қуып жүрсің, болашағың бар. Осы ағаңның бала-шағасына шамаң келсе жәрдемші бол»- деген-ді. Кейінгілерді қайдам, адалдық, адами арына кір шалдырмау, бірін-бірі құрметтеу сияқты абзал, азаматтық қасиеттер сол кісілермен бірге бақиға аттанып кетті ме бүгінде деп толғанатынымыз да рас. Қазіргі Кеншоқы ауылы да кезінде Орджоникидзе совхозының шекпенінен шыққан совхоз еді ғой, Ақши совхозы құрылғанда Кеншоқыға ауысқан. Өміртай аға Алмалы аталатын қыстақта шопан болып, 100 саулықтан 100 қозы алып, үздік еңбектің үлгісін көрсетті. Өзіне де, жеңгемізге де (шопан көмекшісі) үкімет тарапынан мемлекеттік медаль ерен еңбегі үшін табысталды. Жас, буыны қатпаған кезінде көрген ауыл бейнеті ме, аяулы ағамыз, нағыз еңбекқор жан 65 жасында дүниеден озды. Жеңгеміз 2018 жылы қайтыс болды. Өмірге келу де, одан өту де заңдылық. Тек пенде ретінде өміріңде өзгеше орны бар осындай жандар қайтыс болғанда қамығасың. Арты қалай боп жатыр екен деп алаңдайсың... Аллаға тәуба!

Сөз соңында айтулы еңбек етіп, Орджоникидзе, Кеншоқы совхоздарының өркендеуіне қатардағы еңбеккер боп, өлшеусіз үлес қосқан Өміртай ағамызбен Майра жеңгеміздің рухына арналған осынау шағын дүниені аяқтай келе, аяулы жандардың алды пейіш, арты кеніш болса екен деп, барша ұрпақтарына Алла бүкіл жақсылығын нәсіп етсе екен деп тілеймін!!!

## НАҒЫЗ ЕҢБЕКҚОР ЖАН ЕДІ



М. *ХАМЗИН*

Кіндік қанымыз тамған Шет ауданында бір игілікті іс қолға алынып жатыр екен. Қазірде елағаларының біріне айналған Б. Жұмкин ағамыз, Т. Амандықов бауырымыз бас боп бүгінде ешқандай савхоз болмаса да, 1961 жылы құрылған Орджоникидзе атындағы шаруашылыққа биыл 60 жыл толатындықтан, ауқымды кітап шығармақшы екен, еңбекқор, танымал жандар туралы естеліктер жинастырып жатыр екен деген хабар алдық, бізге де өтініш айтылды, шамамыз келгенше материал жинастырып, білетін адамдарымыз жайлы ықшам дүниелер жаздық. Өз басымыз Кеншоқы ауылының тумасы болсақ та, бұл

ауылдың кезінде сол Орджоникидзенің бөлімшесі болғанын, экономикасының дамуына недәуір үлес қосқанын, бүгінде арамызда жоқ еңбек майталмандары, танымал жандар туралы жаздық. Екіншіден, адам періште емес, пенде ғой. Пендешілікпен жіберген аздаған кемістіктері де бар шығар, алайда қазірде ондай адамдардың адамгершілік қасиеттеріне, адами болмысына жұртшылықтың көбірек назар аударатыны да мәлім. Сондықтан да біз өз жазбаларымызда осы мәселелерге ерекше ден қойдық.

Ойды ой қозғайды, мен ауыл шаруашылығы маманы емеспін. Мүмкін, біреулерге артықтау болып та көрінетін шығар?!. Ертеде атақты майдангер Б. Момышұлы Совет Одағының Батыры М. Ғабдуллинге риза боп: "Қолымда билік болса, саған батырдың екінші жұлдызын да берер ем" депті. Ал, Рейхстагқа ту тіккен (қазір ғана шындық ашылды ғой, бұрын зымиян саясат пен тоталитарлық өктемдік, шовинизм зардабынан айтылмаған) Рақымжан Қошқарбаевтың: "Жұрттың бәрі Баукең екеумізді батыр дейді, бірақ батырлық белгілерің қайда? деп сұрамайды" деген жан тебірентерлік сөзі бар еді. Бұның бәрін айтып отырғандағы мақсатым мынау. Егер мына менің қолымда билік болса, өзім білетін қарапайым еңбек адамдары Қ. Нұртазин, С. Жұматаев, С. Төлеукенов, т. б. майталман жандарға Еңбек Ері атағын берер едім (ондай нағыз еңбекқорылары көп, бәрін айтып шығу міндет те емес, мүмкін де емес, сондықтан кешірім өтінемін).

Біздің осы ықшам жазбамызға арқау боп отырған Қасенқұл Нұртазин 1939 жылы қазіргі Кеншоқы ауылында (бұрынғы Сталин атындағы колхозда) дүниеге келді. Ағасы Қасен, інісі Рымқұл (басқа бауырларын айтпағанда) екінші дүниежүзілік соғыстың салқынынан өз мәнінде қамсыз балалықтың қызығын көре алмай, ерте есейген буынның қатарына жатады. Әкелері Нұртаза соғысқа аттанды, басында "аманбыз, майданға кірдік, енді бір үлкен арпалысқа кіргелі тұрмыз" деп хат жазып тұрса да, кейіннен байланыс үзілген. Қанды қасапта қаза тапқан белгісіз солдаттың біреуі болды ма, әйтеуір, хабарсыз кеткендердің біреуі болды. Ал, тағдыр ерте есейткен Қасенқұл аға еңбекке ерте араласты. Алпысыншы жылдардың басында республикада колхоздар таратылып, орынына ірі, қуатты созхоздар құрыла бастады. Орджоникидзе атындағы совхоз құрылып, құрамына алты бөлімше енді. Өте ірі территория, жер көлемі мол совхоздың алғашқы кезде ұйымдастыру шаралары, жұмысты ширату, үздік көрсеткіштерге жету мәселелері өте қиынға соқты. Озат, нағыз еңбекқор жандар ауадай қажет еді. Міне, сол тұста жаңа совхоз әкімшілігі Қасенқұл сияқты еңбек адамдарынан үлкен үміт күтіп еді. Қаскең ол үмітті ақтады. Осы тұста екі түрлі жайтқа ерекше ден қойған жөн сияқты:

біріншісі, алдымда сол алпысыншы жылдары шыққан аудандық, облыстық газеттер тігінділері жатыр. Газет тілшілері аудан, Орджони-

кидзе атындағы совхоз бойынша аса үздік еңбек адамдарын атапты, арасында Қасенқұл аға да жүр. Тілші сұрағына ол кісі: "Шаруашылықты, Орджоникидзе атындағы совхозымызды үздік совхоз ету үшін еңбек етіп жатырмыз" деп қысқаша жауап қайтарыпты. Ол кезде қазіргі Кеншоқы сол Орджоникидзе совхозының №2-бөлімшесі болатын;

екіншісі, өзім куә болған жайттарды айтайын. Осы Қасенқұлаға механизатор боп жүргенінде, алып К-700 тракторымен таңғы 4-5-тердің кезінде шығып, түнге дейін 160 км жердегі Қарағандыдан екі рейс жасап, көмір жеткізетін, егер осыны біреу айтса, өзге түгілі, мына мен сияқтылар да ешуақытта сенбес еді, ал, мен өзім көргенмін, өзім куә болғанмын ол кезде оқушы болсам да, соңсоң айтып отырмын.

Бәріміз де адамбыз, тіпті сол Қасенқұлдай абзал ағамыздан оншақты жас кіші мына біздер де жетпістен асыппыз қолымды жүрегіме қойып тұрып айтсам, біз құралпы бауырлары үшін Қасенқұл ағалар нағыз өнеге мектебі, алдына отырғызып ап, бізге ғақлия айтып, тәрбие жұмысын жүргізбесе де, өз басым солай қабылдағам. Өз ісіне ұқыпты, пысық, тындырымды, қақ-соқ, пенделік ғайбат сөзден бойын аулақ ұстайтын аяулы жеңгеміз Тиыштық екеуі он перзентті дүниеге әкелді. Осылайша жеңгеміз алтын құрсақты ана атанды. Қандай танымал тұлға, майталман еңбеккер болса да, ондай адамдардың адами келбетіне жұртшылықтың көбірек назар аударатыны да анық. Мәселеге осы тұрғыдан келсек, Қаскеңнің адами болмысына тоқталғым кеп отыр.

Шынын айтайын. Қаскең табиғатында үнемі күліп, жарқылдап жүретін жандардың қатарына жатпайтын. Өңі жетік біле қоймайтын адамдарға суықтау көрінетін. Ешқашан ешкімге жағымпазданып, жалтақтауды білмейтін. Еңкейгенге еңкейіп, шалқайғанға шалқоюды білетін. Тым принципшіл болатын. Өзіне қойған қатаң талапты өзгеге де қоя білетін. Зейнеткерлікке шыққанша Кеншоқы совхозындағы машина паркінде (мащдвор) меңгеруші болды, МТМ басшысы болды. Қол астындағы механизаторларға қатаң талап қоя отырып, көп нәрсені үйрететін. Сонысын қазір сол жігіттердің көзі тірілері үнемі айтып отырады. Қасенқұл аға көкейіне қонбаған іске құлшына кіріспейтін. Өтірік айтқанды суқаны сүймейтін. Әділетсіздікке жаны қас-ты. Басынан сөз асыра қоймайтыны өзі таза болғандықтан еді. Көлгірлікті, ұсақтық пен аласалықты көрсе, бетің бар, жүзің бар демей, әкесі тіріліп келсе де бетіне айтатын. Ішкені жоқ, жегені жоқ шаруашылықтың да, басқа адамның да ала жібін аттамай таза жүрген жан өйтпегенде, қайтсін?! Уақытты тоқтату немесе кідірту ешқандай адам баласының қолынан келмейді. Сондықтан да Уақыт пен Кеңістік деп аталатын тарихи-философиялық ұғымдар тұрғысынан келсек, Қасенқұл ағамызға берілген жоғарыдағы баға менің жеке пікірім екенін еске салғым келеді. Ал, ақиқатқа сүйенсек, осы "Меннің"біраз "Бізге” де тән екеніне бәс тіге аламын.

Мен жеті жастан асқанымда әкем өмірден озды. Мені де, қарындасым мен інімді де ержеткізіп, осы қалге жеткізген анам Кенжеш Жекейқызы еді. Айтайын дегенім: осы асыл анам да, Қаскеңнің анасы Кенжетай шешеміз де үнемі Қасенқұл ағаға үлкен құрметпен қарайтын. Менің анам Қаскеңді елжірей жақсы көретінін бетіне айтқан емес. Әйтеуір бізге де ол кісіні құрметтеңдер деп өсиет айтып отыратын. Сірә, ағамыздың табиғатындағы адалдықты, ақылға негізделген салқын қандылықты іштей бағалап, түйсінгені болар?! Қаскең бос уақытында кітап оқығанды ұнататын. Біздің үйдегі менің кітаптарымды түгелдей тауысқан сол кісі болатын.

Әрине, жинаққа кіретін мақалаға көп нәрсені сыйғыза алмайтының анық. Мен де басты-басты деген нәрселерге қысқаша тоқталуға тырыстым. Ағамыздың рухы бейіште шалқып, арты жақсы болғай дегім келеді.

## ЕҢБЕК МАЙТАЛМАНЫ БОЛҒАН АБЗАЛ ЖАН



*М. ХАМЗИН*

Совет Жұматайұлы 1937 жылы Шет ауданындағы қазіргі Кеншоқы ауылында дүниеге келді. Аудан орталығы Ақсу-Аюлыдағы Ы. Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебін 1956 жылы бітірді. Бірге оқыған замандастары Ж. Ақылбаев, К. Медиев, К. Жүнісов, Ж. Күлейменов, Ж. Қаленов, С. Шөменбаев, М. Аманбеков т.б. азаматтармен үнемі байланыста, сыйластықта болды. 1973 жылы Жезқазған облысы құрылды. Сол жетпісінші жылдардың басында-ақ Қазақстанда СОКП ОК Бас хатшысының тапсырмасымен қой санын 50 млн-ға жеткізу міндеті болған-ды. Семей облысы жастарының екінші тың аталған қой шаруашылығын өркендету бастамасын Шет ауданы Кеншоқы совхозы жастары қолдап, қой өсіруші «Жас қанат», «Жігер» комсомол жастар бригадалары құрылды. «Жас қанат» шопандар бригадасының ұстаз-жетекшісі боп С. Жұматаев тағайындалды. Ол кісінің бастамасымен осы жастар бригадасы талай жаңалықтарға қол жеткізді. Қыста мал төлдету, әр жүз саулықтан мол төл алу, мал бордақылау, мәдени-сауықтыру шараларын ұйымдастыру, оқу залы мен кітапхана жүйесін жандандыру, бригадада үлгілі еңбек еткен жастардың жоғарғы оқу орнына жеңілдікпен түсуі, үгіт-насихат жұмысы т.б. жүзеге асырылды. Тиісті органдар Ағаның лайықты еңбегін жоғары бағалады. Шет аудандық партия комитеті мен ҚКП Жезқазған облыстық комитетінің партия конференцияларына делегат боп, бірнеше рет қатысты. Мемлекеттік медальдар, төс-

белгілермен марапатталды.

1979 жылы Кеншоқы совхозы Ақтоғай ауданының құрамына кірді. Үлгілі еңбегі бағаланғандықтан, бригада жетекшісі С. Жұматаев аудандық партия комитетінің мүшесі, ал өмірлік қосағы, еңбеккер ана Әлиман Ахметова аудандық Кеңестің депутаты болып сайланды. Сәкең мемлекеттік награда «Халықтар достығы» орденімен марапатталды.

Ақиқатын айтайық, кеңестік дәуірде еңбегімен өзгеге үлгі болған адамдарға деген құрмет ерекше еді ғой. Сәкеңнің партия ұйымдарына мүше боп сайлануы, мемлекеттік орденмен марапатталуы, сол тұстағы аудан басшылары, танымал азаматтар: К.Дүйсенбеков, Ж.Шайдаров, С.Тохметов, С.Дүйсебеков, К. Медиев, совхоздағы лауазымды азаматтар Қ.Сейілбеков, С.Жұрымбаев, Б.Сандықбаев, Ж.Күлейменов, Қ. Мусиндермен жақсы іскерлік қарым-қатынаста болуы-бәрі де еңбек етуді бірінші кезекке қоюымен қатар, таза адамгершілік, адалдық қасиеттерінен туған еді. Ақтоғай ауданының құрамында болғанда әйгілі еңбек озаттары С. Сейілханов, З. Көпбаев, М. Бабашев т. б. азаматтармен еңбек бәсекесі ғана емес, терең түсіністік, тәжірибе алмасу үдерісі жолға қойылғанын да баса айтқанымыз орынды деп білемін.

Шет ауданындағы Орджоникидзе атындағы совхоздың құрылғанына (қазір, әрине, совхоз жоқ) 60 жыл толуына байланысты жазбалар кітап болып шығар қарсаңда бірер жайтқа ден қойған жөн сияқты:

- біріншіден, қандай оқиға, құбылыс болса да, ол уақыттық мәнге ие боп келеді яғни кешегі немесе оның алдындағы жайттар уақыт өткен сайын сәл де болса, көмескіленетіні анық, сондықтан да бүгінгі ұрпақ кешегі аға буын өкілдерінің еңбегін біле жүрсінші деп, кітап шығару сияқты (Орджоникидзе атындағы бұрынғы совхоздың 60 жылдығына) игілікті істі барынша қолдағанымыз жөн;
- екіншіден, аудан тарихы ма, ауыл тарихы ма, өңір тарихы ма, сол тарих нақты адамдардың іс-әрекеті, еңбегінен туындайды, демек, адамдарды құрметтеу дегеніміз тарихымызды құрметтеу деген сөз;
- үшіншіден, ең басты мәселе мынада: белгілі бір танымал адамды ол ғұмыр кешкен ортамен тығыз байланыста алғанда, бүгінгі күнмен, қазіргі ұрпақтарымен салыстырасың.

Ендеше, С.Жұматаев ағамыздың арты қандай? Ұрпақтары қандай? Олар қандай жандар? Әкенің, ананың болмыстарына сіңірген тәрбиесі қандай болып еді? Дәстүр сабақтастығы, жалғастығы қандай дәрежеде? Міне, осы сұрақтардың көкейде тұратыны анық. Мәселеге осы тұрғыдан келсек, абзал ағамыз бен жеңгеміз дүниеге әкелген перзенттері ата-ана нұсқаған бағытпен жүріп, көкіректеріне имандылық пен инабаттылық, үздік тәрбие ұялатқанын мақтанышпен айта аламыз. Мақсат-жеке шаруа қожалығының иесі. Білгір, іскер азамат. Өз төңірегін ғана емес, ауылдағы талай отбасының қамын ойлап, шөп, отынын түсіріп беріп, жәрдемдесетініне жұртшылық разы. Бірі құқық қорғау

саласында, біразы білім беру, медицина саласында абыроймен қызмет етіп жүргеніне тәуба дейміз.

«Артында бар оңалар» деген қанатты сөз бар. Асыл жеңгеміз елу жасқа жетпей, абзал ағамыз жетпіске толмай, келместің кемесіне мініп, бақиға аттанып кете барды. Тағдырдың ісіне не шара?! Көңілдің аз да болса жұбанатыны -арттарында жақсы ұрпақ қалғандығы. Сөз соңын-да аға-жеңгеміздің алды бейіш, арты кеніш болса екен деп, Тәңірінен жалбарына тілейміз!!!

## ӘУЛЕТТІҢ ДӘУІРЛЕГЕН КЕЗЕҢІ

Тарихтан белгілі: қоғамның әрі мемлекеттің дәуірлеу кезеңдері болатыны. Бұл құбылыс - ғылым мен мәдениетке, өнер мен әдебиетке де қатысты айтылып, олар «Қайта Өрлеу» дәуірі, «Алтын ғасыр», «Күміс ғасыр» атты тарихи таңбаларды иеленді.

Осындай өрлеу кезеңді ата-бабаларымыз, оның ұрпақтары, яғни, әулеттері басынан кешірді. Бұл үрдісті - әлемдік немесе отандық құндылық деп атамасақ та, оның ауыл үшін, аймақ (аудан) үшін маңызы зор болып, жалпы елдік арнаға құйылды.

Сондай үлгі тұтарлық әулеттердің бірі - Шет өңірінде өсіп-өнген, өмір сүрген Күлеймен әулеті. Әулет басының шығу тегінің түп тамырын ұзақ жіліктемей, жұрт көкейіне құйылып, сіңген, бабалар есімінен таралған буындарды атасақ: Арғын - Қаракесек - Сарым - Кенжебай - Күлеймен.

Кенжебай есімі - жер иесі ретінде, өлкелік тарих картасына енген адам; Бөрі батырдың әкесі, оған мына жолдар айғақ: «Баласы Кенжебайдың - Бөрі деген, Қажымас қайсар жанның біреуі екен» (Ж.Байтуов). Мүмкін, Күлеймен есімі де, уақыт өте келе, құлыптасты буынға айналар.

Сонымен, Күлеймен әулетінің дәуірленген кезеңі - 1940-2020 жылдар, 80 жылдық кезең: осы уақытта ұрпақтары көк шөптей қаулап, өсіп-өнді; әсіресе, мемлекеттік қызметтегі ағайындылар еңбегінің жалғастығы мен сабақтастығы - назар аударарлық әрі үлгі аларлық жәйт. Халықпен бірге болды: бірге қуанды, бірге жұбанды; арттарына «жақсы адамдар», «қоғамға еңбегі сіңгендер» деген көпшіліктің лайықты бағаларын қалдырды.

Әулет өкілдерінің мемлекеттік қызмет саласындағы еңбектері - кем дегенде 300 жылды құрайды: Кеңестік кезеңді де, тәуелсіздік жылдарын да қамтиды. 80 жыл әрі 300 жыл - екі түрлі сандық көрсеткіштер, бірақ, бір-бірімен байланысты, мағыналы; әулет шежіресінің сырлы беттері.

Шартты түрде аталмыш кезеңнің алынуы, әулеттің қазіргі әрі келешек ұрпақтарына сенімсіздік көрсету емес, тек аға буынның - үлкендердің еңбек жолдарының бір дәуірі аяқталғанын көрсету әрі жаңа заманда жаңаша өмір сүріп, еңбек ететін буынға үлкен үмітпен қараудан туындаған ой пайымы.



Нақты айтсақ, жоғарыда аталған кезеңнің басында - 1940 жылы ұжымшар (колхоз) төрағасы болып сайланған Балмағанбет Күлейменұлы, ал, соңында - салиқалы да үмітті нүктені қойған - ұзақ жылдар басқару қызметінде болған, аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы, 2020 жылы, шілде айында, дүниеден озған Қуаныштай Сейілбекұлы, Күлейменнің ағасы Сүлейменнің немересі, ұлдан жалғызы.

Күлейменнің жұбайы - Елубай, Шуаш, Малшыбай бұтағынан. Дүниеге бір қыз, үш ұл әкелді: Қатжан, Балмағанбет, Ақмағанбет (Мақай), Жұмабек. Қатжан алшын Түсіпқажының баласы Исабекке тұрмысқа шыққан.

Әулеттің жаңа қоғаммен кірігуінің бастауында тұрған адам - Балмағанбет (1909-1989 жж.)

Кеңшоқы ауылында дүниеге келді. 1927 жылы Балқаш мыс зауытының «Қызылтау» көмекші шаруашылығында («подхоз») қатардағы жұмысшы болудан бастады. Қиындықтарға қарамастан, аянбай еңбек етті, көзге түсті. Жігерлі жас жігіт 1935 жылы комсомолдың (жастар ұйымының) жолдамасымен стратегиялық маңызы бар Мойынты - Шу темір жолының салынуына қатысады. Ата-ананың, ауылдың жағдайын ойлаған Балмағанбет, «Еңбекшіл» колхозына көшіп келеді, тынымсыз әрекетті қалайтын бригадирлік жұмысты атқарады.

Өмірлік шыңдалған тәжірибесі бар жас жігіт, жер аумағына өзгерістер енгізілген «Сталин» колхозының төрағасы болып сайланады. 1940-1949 жж. қамтыған төрағалық қызмет - соғыс әрі шаруашылықты қалпына келтіру жылдары - Балмағанбеттің кісілік келбеті және ұйымдастырушылық қабілеттерін аша түсті. Ескінің жолын әрі жаңа заманның талаптарын терең түсініп, меңгерген ол, ұжымшардың шаңырағын шайқалтпай ұстауға бар күш-жігерін жұмсады. Қыршын жастар соғысқа аттанып жатты, ал ауыл: баладан бастап, қарияға дейін, «Майдан үшін», «Жеңіс үшін» ұйқы-күлкі көрмей, еңбек етті: киім-кешек, тамақ дайындап, әскерге жіберді, жеңісті жақындатты.

Ұлы Жеңістен кейін де, ауыр жылдар басталды, жаңа міндеттер тұрды: елдің әл-ауқатын жақсарту, байырғы кәсіптер - мал әрі егін шаруа-

шылықтарын дамыту, үй салу.

Балмағанбет, негізінде, бұл шаруаларды абыроймен атқарды.

Аймағымызға белгілі ақын Жәкен Байтуов атағы өзінен кем емес Жылқыбай ақынмен айтысында:

«Басқармам - Күлейменов Балмағанбет,
Осындай беруден дауыс, үш жыл қызмет,
Колхозды өркендетіп, мал өсіріп,
Қалған жоқ, орындалмай бүгін міндет.
Жеңіп алған туы - әлі қолда,
Тапжылмай, бір орыннан қозғалған жоқ.
Жыл сайын қарқынына қарқын қосып,
Келеді бір кемімей, алдында боп.
Жарыста, ұлы дүбір, бас қосқанда,
Отырар жеке қара, халық алдында көп,
Осындай, жұрт сүйсінер сенде бар ма?
Дегенмен, жиған шөбім, бидайым көп», - деп жырлауы - шаруашылықтың өркендегеніне дәлел.

Еңбегі бағаланды: 1946 жылы - «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, 1947 жылы Қазақ ССР-ы Жоғары Кеңесінің «Құрмет Грамотасымен» марапатталды.

Аталмыш колхозды Жұматай Тәкішев, Төкен Жұмабаев, Бақи Мақажанов, Төлеуқұл Отыншин секілді азаматтар басқарған жылдар болды.

Колхоз төрағалығынан кейін де, Балмағанбет әр түрлі жұмыстарды атқарды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін, орны толмай қалған құлшылығын жалғастырды, имандылықты уағыздады. Сол кезде парторг болып, қызмет атқарып жүрген баласы Жолдыбекті әрі өзін, бұрынғы коммунисті, мұқату үшін жоғары жаққа арыз жазылады. Келген тексерушілерге: «Мен ел басына соғыс ауыртпалығы түскенде, қызмет істеген адаммын, адал болдым. Ауыл ақсақалы атанып отырғанда, үлкендік жолмен жүруге хақым бар шығар. Баламның өз қызметі бар, мен оған араласпаймын, тек қолдаймын. Оның жұмысын менің ішкі шаруаммен шатастырмаңыздар» деп олардың бетін қайтарған.

Жұбайы - Күндила Есмақайқызы, Шуаш, аталмыш шаруашылықтарда ауылдастарымен бірге ауыр жұмыстарды атқарды. Қос қария өмірден озғанша, өз саласының «Үздік маманы» атанған баласы Болатбек пен келіні - Алтынай Кәрімқызы Сәлімбаеваның қолында болды. Қара шаңыраққа немересі Ерлан ие болып отыр, ал, немересі Нұрай қоғамдық өмірде белсенділік танытып, «Жастар көшбасшысы» атанды.

Алтын құрсақты ана, 7 баланы дүниеге әкелді: Жолдыбек, Аманбек, Тишкүл, Тишжан, Болатбек, Мейрамбек, Кәрібек. Бәрі де үйлі-баранды, араларынан мемлекет қызметшілері, еңбек майталмандары шығып, олардың іздерін ұрпақтары: немере-шөберелері ғалым ретінде, қызметші ретінде, жастар көшбасшысы ретінде еңбек етіп жатыр.

Балмағанбет аудан халқының есінде ел басына сын сағаттар түскен кезде - «төраға», «басшы азамат» ретінде; ал, немере, шөбере, шөпшектердің есінде жалғыз сөз «Аға» деген қадірлі атпен қалған адам.



Күлеймен әулеті ұрпақтарының партиялық-кеңестік жұмыстарда үздіксіз, ұзақ жылдар қызмет етуінің бастауында Ақмағанбет (Мақай) тұрды.

1912 жылы дүниеге келді. Еңбекке ерте араласты. Қызметтік жолын Нұра селолық кеңсесінде еңбек етуден бастады. Іскерлігін, сауаттылығын әрі адамдармен дұрыс қарым-қатынаста бола білетіндігін көрсетті. Осы қасиеттері үшін, ол 1938 жылы Шет аудандық партия комитетінің парткабинеті лекторлығына бекітілді. Әрі қарай қызметтік сатыларға көтеріле берді. 1942-1953 жылдары аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі бола жүріп, аудан басшыларының жиі ауысқан жағдайында, кадрлік құрамның негізін сақтап қалуға, қалыпты партиялық - кеңестік жұмысты қалыптастыруға бар күш-жігерін жұмсады. 1953 жылы аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасарлығына сайланады, аудан басшыларының біріне айналады. Бірінші хатшылар: С. Ержанов, Н. Алпысбаев, Ш. Дулатов, У. Елеусізов, М. Рамазанов, А. Кенжебеков, Ө. Күлмахановтармен бірге қызмет етті. Замандастары: Аймағанбетов Рахым, Әрінұлы Нұрмағанбет, Байнамазов Жұмаәділ, Есмағанбетов Хасен, Ордабаев Есмахай, Тәттімбетов Башерлендермен істес болды.

Кейінгі қызметтері «Нұраталды» совхозымен байланысты болды. 1958 жылы совхоз партия ұйымының хатшысы, кейіннен жұмысшылар комитетінің төрағалығын өмірінің соңына дейін атқарды. ҚазССР Жоғарғы кеңесінің Грамотасымен, медалдармен марапатталды.

Мақай - Шет ауданының дамуына әрі қалыптасуына зор үлесін қосқан жандардың бірі. «Нұраталды» совхозының өркендеп, дамуына ықпал етті. Шет ауданын 16 жыл басқарған Кәмәли Дүйсенбеков: «Шет ауданына келген күндерімде алғашқы кездескен - Мақай Күлейменов еді. Мақаң - Жұмабектің ағасы. Сөзге салмақты. Ойлы пікір айтатын жан еді» деп жазды.

Замандастары, көзін көргендер оның көркем мінезін, қызметке деген адалдығын, адамдармен сыйластықта болғанын арттағы қалғандарға айтып кетті.

Жұбайы - Рымбала Жиенбайқызы, берлібай. Алтын жұлдызды ана.

дүниеге 9 баланы әкелді: Бақыт, Мейрамкүл, Қуанышбек, Боранбек, Алтынкүл, Қайырбек, Лейлә, Ғалия, Серікбол. Үлкені Бақыт Шет өңіріне белгілі басшы-азамат Балтабай Қапасұлына тұрмысқа шыққан.

Мақай - Рымбаланың балалары да үйлі-баранды болып, әр салада еңбек етті.



Күлеймен әулетінің абыройын биікке көтергендердің бірі де, бірегейі де - оның кенжесі Жұмабек болды (1930-1984)

Ол Шет ауданы, Нұра ауылдық кеңесіне қарасты елдік мекенде дүниеге келді. Жастық шағының заманның ауыр әрі соғыс жағдайына келуі, оны ерте есейтті: құрдастары секілді соқа айдады, шөп шапты, қырман тазалады. Бұның бәрі оны шынықтыра түсті, ағаларының жақсы қасиеттерін бойына жинады.

Мектепте жақсы оқыды, жақсы бағалармен аяқтады. Сыныптастары да: Егінбай Сембин, Зәбира Әлкеев, Тілеубергенов Базыл, Ақажанов Зияда, Жұмал Балықов, т. б. кейіннен ауданға белгілі азаматтар болды.

Хат тасушы, «Союзпечать» бөлімшесінің басшысы (1944-1945), аудандық комиссариатта іс жүргізуші (1945-1951) болып еңбек етті.

1951-1953 жылдары Қарағанды мұғалімдер институтын бітіріп, Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Кейіннен жоғары білім алу үшін, Семей педагогикалық институтына түсіп, ойдағыдай аяқтады. Себебі, мұғалімдер институтын бітіргендер «білімі жоғары емес» санатына жатқызылатын. Шәкірттерінің арасынан қоғам қайраткерлері, еңбек майталмандары, белгілі ғалымдар шықты.

1955-1959 жылдары аудаан жастарының (комсомолдың) жетекшісі міндеттерін атқарды.

1959-1960 жылдары «Ы.Алтынсарин» мектебінің директоры болып, еңбек етті.

1960-1970 жылдары Шет ауданы партия комитетінің ұйымдастырушысы, кейіннен идеология жөніндегі хатшысы болды. Арасында, 1962-1964 жж. жаңадан құрылған Ақшатау өндірістік аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды.

Комсомол және партия саласындағы жылдар - Жұмабек үшін нағыз өмірлік әрі саяси шыңдалудың мектебі болды; өз адал еңбегімен, іскерлігімен өзін танытты әрі қаншама тұлғалы азаматтармен таныс болды. Қарағанды облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы,

кейіннен Жезқазған обкомының бірінші хатшысы болған Николай Григорьевич Давыдов, Орталықта, Мәскеуде қызмет еткен, Қазақстанның тәуелсіздік ел болып жарияланған жылдарында мемлекет, Парламент қайраткері Қаратай Тұрысов, бірінші хатшылар Мәлік Имашев, Мұқаев Ыбрайхан және Кәмәли Дүйсенбековтермен қызметтес болуының өзі көп нәрсені аңғартады. Олар Жұмабекті бағалай білді. Қоғам қайраткері, турашылдығымен жұрт есінде қалған М.Имашев: «Ауданда үш жыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарғанымда, Жұмабектей қарапайым, мәдениеттілік, парасаттылықты ана сүтімен бойына сіңірген, көкірегі ояу, көзі ашық азаматты кездестіре алмадым десем, артық айтпағаным болар» деп, тебірене жазды.

«Адам болған соң, бастан не өтпейді» дегендей, Жұмабектің басынан да, кейіннен күліп еске алатындай бір кішкене ғана оқиға өтеді.

1957-1958 жылдар болу керек. Жұмабек - аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы. Ауданға жұмыс сапармен Қарағанды обком комсомолының бірінші хатшысы Н.Г. Давыдов келеді. Мақсаты - комсомолдан құрылған жастар бригадасын аралау, жұмыспен танысу. Кеншоқы, Байназар жақты аралайды, танысады, бірге тамақтанады. Жас кездері, ашық сөйлеседі. Жақсы көңіл күймен қайтып келе жатқанда, жоғарыдан келген жас басшының «Волгасы» бір өзектен өте бергенде, сазға түседі де кетеді. Шопыр газды қосып алға-артқа береді, дөңгелектер бір орында айналып, тұрып алады. Жұмекең, шопыр сыртқа шығады, тастар әкеледі, қараған төсеген болады. Облыс өкілі болса, тапжылмай көліктің ішінде, орнынан қозғалмайды. Шопыр рөлге отырады, Жұмекең артынан итереді, не керек, біраз алысады. Киімі болса, лай-лай. Бастығы енді шығып, көмектесер деп ойлайды. Қайдағы, міз бақпай отыр, артына қарамайды да. Сонда, Жұмекең ыза болып, «әй, обком партияның бірінші хатшысы боларсың, не бюрократ боларсың» деп ішкі қыжылын шығарады.

Айтқаны келді, ол бірінші хатшы болды, ал, бюрократтығы басқаша әңгіме.

Ал, сол Н. Давыдов Жұмабектің қайтыс болғанын 1984 жылы естігенде: «Абзал азамат еді. Менің отбасына көңіл айтуымды жеткізіңдер» деген екен әрі ауданға келгенде, отбасы жағдайын сұраған.

Жұмабек аудан бойынша кадрлық корпусты жасақтауда шеберлік танытты. Қоғам қайраткерлері Қасымбек Медиев, Сағадат Дүйсебеков, партия-кеңес қызметкерлері Өкен Жуасбаев пен Зекен Ізбасаров, шаруашылық басшылары Ермек Байжанов пен Біләл Доскеев секілді азаматтардың естеліктерінде оларға Жұмекеңнің қолдау көрсеткендері ерекше бір жылылықпен еске алынады.

Шет - Жаңарқа жұртшылығының социалистік жарысты қорытындылау жиынында, Шет ауданының атынан аудандық пионерлер

Үйінің директоры, жап-жас жігіт Қ. Медиев сөйлейді. Бұл - Жұмабектің ұсынысы еді.

Жұмабек әріптес жос-жарандардан кенде болмады. Жамантай Темірбеков, Егінбай Смайылов, Әбдіғұл Катиков, Көшкінбай Әбілдин, Кәрім Тілеубергенов, Шілікбай Көкенов, Төлеутай Жұманов, Ескендір Тәженов, Қапас Кәрібеков, Еден Кенжин, Шөкітай Халилин - бастары қосылса, күліп-жадырасып, әзілдесіп, жарасып жүруші еді.

Замандастарының айтуы бойынша, Жұмабек партиялық қызметті ғана емес, өндіріс әрі ауылшаруашылық салаларын жақсы меңгерген, өзінің салмақты ұсыныстарын айтып, өткізіп отырған. «Шет - Қарағанды - Балқаш» электр желісінің тартылуына, Кеншоқыдан кәсіптік-техникалық училищенің аудан орталығына көшірілуінде, аудан орталығында парк салынып, тау етегіндегі бұлақтан көшелерге суды ағызып, абаттандыруда, «Ақсу-Аюлы» ансамблінің құрылуында, аудандық газеттің заман талаптарына сай шығарылып, баспахана қызметкерлеріне қамқорлық жасауда Жұмекеңнің бір кісідей үлесі болған.

1970 жылы, идеологиялық хатшылық - нәзік жандылардың еншісі деген үрдіс кең етек алып, іске асырыла бастаған соң, Жұмабек осы сала бойынша өз қызметінен босайды. Ыбырай Алтынсарин атындағы мектептің директоры, өмірінің соңғы жылдары директордың бастауыш сыныптары бойынша орынбасары қызметін атқарады (1970-1984 жж.).

Мектепті басқарған жылдары оның материалдық-техникалық базасын нығайтып, мұғалімдерге қамқорлық шеберліктерін жетілдіруіне ерекше мән берді. Мектептің білім берудің «қара шаңырағы» болып қалуына бар қайратын жұмсады.

Күлейменов Жұмабектің еңбегі КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен екі мәрте марапатталды (1957,1960 жж.); «ҚазССР халық ағарту саласының үздігі» белгісімен марапатталды (1974 ж.).

Әр саладағы жетістіктері үшін Құрмет Грамоталарымен, медальдармен, белгілермен марапатталды.

Бірнеше мәрте аудандық және ауылдық Кеңестердің депутаты болды.

Қарағанды XI облыстық партия және Қарағанды XI облыстық комсомол конференцияларының делегаты болып сайланды;

Қазақстан ЛКСМ IX съезіне делегат болып қатысты.

Жұбайы - Рахия Медетқызы, Әлтеке, Ақбота буынынан. Ұзақ жылдар ұстаздық етті: Ақсу-Аюлыда және Ақшатауда.

Жұмабек дүниеден озған соң, Рахия оның есімін ел жадында қалуы үшін, осы кезде ауырып жүрсе де, жолдасын қадірлейтін жандарға қозғау салды. Естелік кітабы шықты. Аудан орталығында Ж.Күлейменов атындағы көше пайда болды. Бұл - жалғыз Жұмабектің ғана емес, Күлеймен әулетінің ел алдындағы еңбегін бағалау еді.



Күлеймен әулетінде Кеңестік қоғамда әрі жаңа Қазақстанның жергілікті басқару жүйесіндегі лауазымдық қызметтің бастауында Жолдыбек Балмағанбетұлы тұрды (1938-2016 жж.).

Жолдыбектің бүкіл ғұмыры ауылы Кеншоқымен байланысты.

1938 жылы «Еңбекшіл» колхозында дүниеге келді. Мектепті аудан орталығында аяқтады. Қарағанды педагогикалық институтын тәмамдап, физика-математика пәнінің мұғалімі мамандығын иемденді.

1956 жылы «Сталин» колхозының (қазіргі «Кеншоқы» ауылдық округі) жеті жылдық мектебінде аталмыш пәндердің мұғалімі ретінде еңбек жолын бастайды. Пән мұғалімі ретінде қызметі сегіз жылға созылады. Пәнін терең білуі, оның оқыту-әдістемелік жолын меңгеруі - оны аудан бойынша алдыңғы қатарлы мұғалімдердің қатарына шығарды.

1964-1973 жылдары мектептің директоры болып тағайындалады. Мектептің оқыту-материалдық базасы нығая түседі, педагогикалық құрамның сапасы жақсарады, оқушылар саны арта түседі. Осы оң көрсеткіштер мектептің он жылдық білім беру жүйесіне айналып, жаңа оқу ғимаратын салу қажеттігі туады, кейіннен, тиісті органдардың қолдауы арқылы, жүзеге асады.

1973 жылдан бастап, Жолдыбектің қоғамдық жұмыстарға араласуы басталады.

1973-1988 жж. совхоз партия комитетінің хатшысы, 1988-1993 жж. совхоз кәсіподақ комитетінің төрағасы, 1993-1997 жж. ауылдың тұңғыш әкімі ретінде қызмет атқарады.

Бір ауылда 40 жылдан астам еңбек етіп, оның ширек ғасырын қо-. ғамдық, лауазымдық жұмыстарға арнаған Жолдыбек үлкен абыройға ие болды. Оның пікірімен әрі ісімен аудан басшылары санасып отырды, тіптен, облыс активі адамдарының оның кеңсесіне, не үйіне әңгімелесу-дидарласу үшін соқпай кетпейтіндері сирек болатын.

Дос-жарандары шығарған әзілі мен шындығы аралас: «Жолдыбек жалғыз «зарплатасымен» отырып, байлардан асып, дастарқан жасайды» деген тәмсілдің жаны бар еді.

Жоғары жақтың есіктері де, оған ашық болатын.

Оның мұндай дәрежеге жетуі - оның қоғамшылдығында, көпшілдігінде әрі отбасының берекелілігінде еді.

Ауылдың инфраструктурасын дамытуда айтарлықтай

жетістіктерге қол жеткізді: типтік мектеп салынды, клуб Үйі пайда болды, тұрғын үйлер қаз тұрды, ауыл іші абаттандырылды.

Жолдыбектің ауылы үшін жасаған ең үлкен жақсылықтарының бірі - Кеңшоқының Шет ауданының территориялық құрамына қайтарылуы. Ол Ақтоғайдың, одан жамандық көрмесе де, құрамында қалуы жұртқа ауыр тиетініне көзі жетті: іргеде - Ақсу-Аюлы, аудан орталығы; жүріп-тұру, ұсақ мәселелерді шешуде қиындықтар туғызды.

Осыны түсінген Жолдыбек, Ақтоғай ауданының әкімі Сағадат Дүйсебековтің бұл шаруаға түсіністікпен қарайтынына сүйене отырып, өзі дүниеге келген ауданының әкімі Қасымбек Медиевтің құшақ жая қарсы алатынына иек артып, облыстық дәрежеде әңгіменің қозғалуына себепші болды. Ақыры, бәрі сәтімен шешілді.

Жолдыбектің есімінің Кеншоқы ауылының тарихында өзінің лайықты орнын ойып тұрып алары - шындық.

Ж.Күлейменов еңбегі Оқу-ағарту министрлігі тарапынан, Үкімет тарапынан жоғары бағаланды: әр түрлі деңгейдегі марапаттарға ие болды.

Жұбайы - Мәку Төлеуқұлқызы, сарым.

Балалары: Ғазиз, Ардақ, Ғалымбек, Алмас, Сәлима, Бәнугүл, Дана, Алма. Олардың арасында ғалым да, мемлекеттік қызметшілер де бар.

...



Күлеймен әулетінде өмір жолын ауыл шаруашылық саласымен байланыстырған, «Еңбек Қызыл Ту» орденді, еңбектің майталманы аталғандардың бірі - Аманбек Балмағанбетұлы (1940-2003). Қарапайым еңбек адамы болса да, облыстық активтің санатында болған кездері болды. Облыстық партия комитетінің мүшесі ретінде ауылдың, ауданның мәселелерін көтерді.

Аманбек 1940 жылы Шет ауданы, Кеншоқы ауылында дүниеге келді. Жетіжылдық мектепті - ауылында, оқуды Ы. Алтынсарин атындағы мектепте жалғастырды.

Еңбек жолын 1957 жылы «Сталин» колхозында тракторист ретінде бастады. 1964-1967 жж. Совет Армиясында әскери борышын өтеді. Әскерден оралған соң, «Кеншоқы» совхозында автокөлік жүргізушісі болды. Осы кезден оның тынымсыз еңбегі басталды. Ішкі шаруашылықтан бөлек, қаладан құрылыс материалдары, жанармай, тағы басқа қажетті заттарды тасыды. Қажеттілік туындаса, егін салды, астық жинады; шөп шапты, мая тұрғызды; ауыл адамдарының мұқтажын

орындады. Қажырлы еңбегі еленіп, жоғары марапат - «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері атанды, облыс активінің құрамына енді.

Өндірістен қол үзбей жүріп, 1985-1988 жылдары «Мичурин совхоз-техникумында» оқып, «Техник-механик» мамандығын алғаннан кейін, Аманбектің қызметі инженерлік-механикалық бағытқа ауысты.

1977 жылы Кеншоқы совхозының бөлімшесінде механик, 1981-1983 жж. Орджоникидзе атындағы совхоздың автогаражында еңбек етеді. 1983-1985 жж. аталмыш совхоздың инженер-жабдықтаушы, 1989-1992 жж. «Сельхозхимия» мекемесінде инженер, 1992-2003 жж. №11 кәсіптік-техникалық училищеде аға шебер қызметін атқарады.

Аманбек - еңбекқор жан атанды. Мінезі турашыл, кемшіліктерді бетке айтатын, сонымен қатар, әріптестерін қадірлей білетін азамат болды.

Марапаттары:

1973 ж. «Еңбек Қызыл Ту» ордені - КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығы бойынша.

1961 ж. ҚазССР-і Жоғарғы Кеңесінің Грамотасы.

1972 ж. КСРО халық шаруашылығын дамытудағы жетістіктері үшін «Қола» медаль.

1973-1974 жж. «Социалистік жарыстың жеңімпазы» медальдары.

2005 ж. - «Тыңға 50 жыл» мерекелік медалі.

Басқа да көптеген марапаттары бар.

Жұбайы - Тілеуқор Тұмайқызы Жолшоринова, мектеп жанындағы интернатта тәрбиеші әрі ұзақ жылдар Ы. Алтынсарин атындағы мектепте қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі болды. Алтын құрсақты ана, дүниеге 9 бала әкелді: Тілекбек, Ботагөз, Күлсара, Асхат, Нұрхат, Русланбек, Нұрлан, Нұржан, Маржан.

Балалары әр салада абыройлы еңбек етіп жүр.



Күлеймен әулеті өкілдерінің мемлекеттік қызмет саласындағы істерін абыроймен жалғастырғандардың бірі - Қайырбек Ақмағанбет (Мақай) ұлы (1951-2009).

1951 жылы Ақсу-Аюлыда дүниеге келді.

Осы жерде мектепте оқыды. Кейіннен Қарағанды мемлекеттік университетінде білім алды.

1970 ж. еңбек жолын Нұраталды мектебінде мұғалімдіктен бастады. 1970-1971 жылдары Новосибирск қаласында әскери міндетін өтеді, байланысшы болды.

1971-1972 жж. совхоз Мәдениет үйінің меңгерушісі қызметін атқа-

рып, көркемөнерпаздар үйірмесін ашып, Клуб үйінің жұмысын жандандырады, еңбекшілерге мәдени қызмет көрсетуде ауданға үлгі болады. Істі ұйымдастыра білуімен, сауаттылығымен көзге түседі.

Отыз жастағы Қайырбектің ендігі өмірі селолық советтік (ауылдық кеңестік), Тәуелсіз Қазақстанның басқару жүйесінің жаңа құрылымы - ауыл (округ) әкімдіктегі қызметі басталып, отыз бес жылды құрайды.

1972-1992 жылдары - Нұраталды ауылдық Кеңесінің хатшысы, төрағасы, 1992-2006 жылдары алғашқы округ әкімі міндеттерін атқарды.

Нұраталды шаруашылығының, оның әлеуметтік өркендеп дамуына айтарлықтай үлес қосты, ат салысты. Ауыл орталығында типтік үлгідегі мектеп ғимаратын, әлеуметтік нысандарды салу қажеттілігіне совхоз басшылығымен біріге отырып, жоғары тұрған билік өкілдерінің көзін жеткізді.

2009 жылы қоғам қайраткері, облыстық мәслихаттың хатшысы Қ. Медиев Қайырбектің қайтыс болуына байланысты ұйымдастырылған іс-шарада: «Ақсу бөлімшесінде негізгі мектеп үшін типтік ғимарат салу идеясын ұсынған Қайырбек еді» деп ағынан жарылды.

Қайырбектің сынықтылығы, кішіпейілдігі, кісілік келбеті - ел есінде. Ақырын жүріп, айғай-шусыз шаруаларды бітіретін. Ауылдық кеңесті басқарып тұрғанда, облыс бойынша жеңімпаз атанып, ауыспалы Қызыл Туға ие болды. Жаңа құрылым - әкімдіктің негізгі бағыттарын тап басып, заман талабына сай құра білді. Кәсіпкерлік, фермерлік істердің өріс алуын қолдады, өзі де үлгі көрсете білді.

Еңбегі мемлекеттік медальдармен, грамоталармен атап өтілді.

Жұбайы - Гүлім Кәрімқызы, қояншытаңай. Мектепте бастауыш сыныптың мұғалімі болды, балалары: Ақылбек, Анар.



Күлеймен - Сүлеймен әулетінде өмірдің ауыр соқпақтарының сынына шыдап, шыңдала түсіп, тынымсыз еңбегінің жемісіне бөленген адамдардың бірі - Қуаныштай Сейілбекұлы (1935-2020).

Шет ауданы, «Еңбекшіл» колхозында дүниеге келді. Тым жас кезінен жетімдіктің зардабын тартады. Әкесі Сейілбек Ұлы Отан соғысына аттанып, сол кеткеннен қанша іздеу салса да хабарсыз кетеді.

Үйде 7 жастағы Қуаныштай, 5 жастағы қарындасы Шәкім, анасы қожа Әбжалқызы Әлия қалады. Қаршадай 8 жастағы Қуаныштай үйдің қалқанына айналады: шамасына қарай мал азығын дайындауға, астық қоймаларын тазалауға, т.б. маусымдық жұмыстарға қатысады. Ауыр

қара жұмыс оны шыңдай түседі, табыстың көзі еңбекте екенін түсінеді, оқу оқып, мамандық алуды көздейді.

1955 жылы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіреді, 1956 жылы Қарағанды қалалық кәсіптік-техникалық училищені тәмамдап, «бұрғылау шебері» деген мамандықты иемденеді.

Осыдан кейін Қуаныштайдың 65 жылға созылған еңбек жолы басталады. 1957-1960 жылдары Шет МТС-нің (мәшине-трактор стансасы) слесарь-жөндеушісі, слесарь-электриктің көмекшісі, слесарь-электрик, автогараж жүргізушісі, МТМ-нің электригі, автокөлік жүргізуші жұмыстарын атқарады.

Нағыз қауырт шақ. Жас жігітті қайда жұмсаса, сонда кете береді. Уақытпен санасу жоқ. Анасы Әлиядан: «Балаңыз қайда?» десе, «Жалғызым таң ата кетеді, «монтёр» дей ме, отыру жоқ, күн бата келеді, әйтеуір, аман болса болды» деп шүкіршілік жасайды екен.

1960-1961 жж. Ақадыр автотранспорт колоннасының механигі міндетін атқарады. Өндірістен қол үзбей жүріп, жоғары білімді мамандықты алады.

1961 жылы Орджоникидзе атындағы совхозы құрылған соң, Қуаныштайдың ширек ғасырлық қызметі осы шаруашылықпен тікелей байланыста болады: инженер-электриктен - совхоз директорына дейін көтеріледі. МТС-тегі жұмыстары осы құрылған шаруашылықтың жерінде болатын.

1961-1965 жж. - совхоздың инженер-электригі, 1965-1968 жылдары - директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары, 1968 жылы - жұмысшылар комитетінің төрағасы, 1968-1977 жж.- бөлімшенің зоотехнигі, совхоздың бас зоотехнигі болып істейді.

1977-1986 жж. - совхоздың директоры міндеттерін атқарады.

Қуаныштай басқарған совхоз - аудан бойынша ірі шаруашылықтардың бірі: төрт бөлімшесі: Ақтөбе, Ақсу, Еңбекшіл, Қайрақты болды, мемлекетке ет, сүт, астық тапсырады. Совхозды басқарудың күрделі жағдайлары болды, себебі, совхоз орталығы аудан орталығымен қабыса орналасқандықтан, Ақсу-Аюлының адамдары көмекті осы шаруашылықтан сұрайтын: отын-суын әкелу үшін көлігін пайдаланады, шөп-жемін алып, есебін тауып, салған үйлеріне жармасатын. Совхоз, шын мәнінде, аудан орталығының жұртшылығын қоректендіруші болды.

Кең пейілділігі, әріптестерімен дұрыс қызметтік қатынаста бола білуінің әрі бай өмір тәжірибесінің арқасында басшылық буында тамаша ұжымды ұйымдастыра білді. Қуаныштай (директор) - Медет Байтанасов (парторг) - Нестай Әйешев (бас бухгалтер) - Шәкен Рамазанов (бас веттехник) секілді азаматтардың тіл табысып, бірлесе атқарған істері - үлгі тұтарлық.

Қуаныштай - ары таза, менмендігі жоқ, мансап құмарлықтан ада жан болды.

Мысалы, бас зоотехник болып тағайындалған соң, бөлімшенің бірінен ірі қара малмен бірге заңсыз жолмен ұсақ малды (қой-ешкі) бағып келгенін байқайды. Әрі жұмсалуы күмән туғызғандықтан, қолма-қол малдың «көзін құртады». Осысы үшін біреулерден сөз де естиді, «бірақ, осы ісім, біреулерге жақпаса да, өзімнің адал жүруіме себепші болды» деп еске алатын.

Бірде Мәскеуге, ауыл шаруашылығы жайында кеңеске барады. Біреулердің аралық болуымен, СОКП Орталық Комитетінде жауапты қызметте істейтін жерлесімізбен таныстыруға мүмкіндік туып, кездесуге уағдаласқанда, бармай қалады. Мұнысын еске алғанда, «осы ісім дұрыс болмаған секілді» дейтін.

1986-1988 жж. - мемлекеттік қамсыздандыру аудандық инспекциясының бастығы, 1988-1992 жж. - аудан бойынша селекция және асылдандыру ісі бөлімінің зоотехнигі, жетекші зоотехнигі жұмыстарын атқарады.

1992-1997 жж. - аудан қаржы бөлімінің аға инспекторы болып істейді.

2005-2020 жылдары өмірінің соңына дейін, ардагерлердің аудандық Кеңесінің төрағалығы жауапты қызметін абыроймен атқарды.

Бар өмірлік тәжірибесін ардагерлер мәртебесін арттыруға жұмсап, билік пен ардагерлердің арасын жақындатушы тұлға ретінде көрінді.

Еңбегі жоғары бағаланды, марапаттары:

Шет ауданының Құрметті азаматы;

1970 ж. - «Ерен еңбегі үшін» медалі;

1982 ж. - КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының Жарлығы бойынша «Құрмет белгісі» ордені.

2014 ж. - Республикалық ардагерлер Кеңесінің «Құрмет Грамотасы»;

2015 ж. Қарағанды облысы әкімінің «Құрмет Грамотасы»;

2020 ж. «Қазақстан Конституциясына - 25 жыл» төсбелгісі. Тағы басқа он шақты марапаттары, алған алғыстары.

Қуаныштай өмірі - қарапайым еңбек адамының жолы.

Жұбайы - Үмилә Жапкенқызы, қояншытаңай. Алтын алқалы ана, 12 баланы дүниеге әкелді: Елдос, Айдос, Жандос, Қуаныш, Олжас, Гүлден, Гүлбаршын, Бақытгүл, Гүлмира, Жаңагүл, Гүлзада, Бақшагүл.

Балалары үйлі-баранды болып, бір дүйім жұртты құрап, әр салада еңбек етуде.

Сөзсоңы: Аталмыш әулет өкілдерінің қысқаша ғұмырбаянын бұрынғы «Орджоникидзе», «Еңбекшіл», «Сталин» шаруашылықтарында, соларға іргелес елді мекендерде өмір сүрген, еңбегі сіңген жекеленген адамдар, тұтас бір әулеттер жайында кітап шығармақшы бастамашыл

топтың сұрауы бойынша жіберіп отырмын.

Бастамашыл топқа, оның ішінде, өңірімізге белгілі азаматтарға: Боранбай Жұмкеұлына, Медет Байтанас ұлына, т.б. ризашылығымды білдіріп, істеріне сәттілік тілеймін.

**М. И. Түсіпов**
**Қарағанды, 17. 07. 2021**



## Қожабеков Әбдір Қожабекұлы (1937-1988)

Қожабеков Әбдір Қожабекұлы 1937 жылы 12-ақпанда Жезқазған облысы, Шет ауданы, Еңбекшіл ауылында дүниеге келген.

Ұлты - қазақ. Алшын руынан шыққан. 1954 жылы 10 жылдық орта біліммен мектепті аяқтаған. 1957 жылдан Кеншоқы совхозында көлік жүргізуші болып еңбек жолын бастаған. 1970-77 жылдары кейіннен көлік жөндеуші (моторист) қызметін атқарған. 1977 -1981 жылдар аралығында Кеншоқы совхозы Орджоникидзе мектебінде сантехник болып жұмыс істеген. 1982-1988 жылдар аралығында совхозда көлік жөндеу қызметімен айналысқан. Ауылымыздың көркеюіне, әлеуметтік дамуына орасан зор үлес қосқан.

1958 жылы қазан айында Махажанова Жамалмен шаңырақ көтеріп, 6 перзентті дүниеге әкелген.

Орасан зор еңбегі үшін бірнеше рет «Алғыс хаттармен», «Құрмет грамоталарымен» марапатталған.

1988 жылы 6 қаңтарда 50 жасында дүниеден озды.

# КЕНШОҚЫДА ӨТКЕН ТОҒЫЗ ЖЫЛ



**Әділ Бәкіров,**
*Қазақстан ауыл шаруашылығы ардагерлер кеңесінің мүшесі. Құрметті ардагер. Шет ауданының құрметті азаматы*

1977 жылдың ақпан айында Шет аудандық партия комитетінің ұйғарымымен Кеншоқы совхозына бас мал дәрігері қызметіне көршілес Ақшатау совхозынан ауысып келдім. Кеншоқы совхозы жері бай, жері байдың елі бай, соған сай арқа өңіріндегі Шет-Ақтоғай тас жолы бойында орналасқан, аудан орталығынан небәрі 30 шақырым, қой шаруашылығына негізделген совхоз болатын.

Кеңшар директоры Сандықбаев Болат (оңтүстіктің жігіті), партия ұйым хатшысы Күлейменов Жолдыбек, ауылдық кеңес төрағасы Әшкербеков Мәкітай, кәсіподақ комитетінің төрағасы Дулатбеков Орынбасар, комсомол комитетінің секретары Тәкішов Болат, бас есепші Жақсыбеков Сейілхан, бас экономист Баданов Тәнкібай, бас зоотехник Әбжанов Жанат, бас мал дәрігері Мусин Мұрат, құрылыс прорабы Мананбаев Таңатқан. Мектеп директоры Жексенбеков Мүкарам. Барлығы еңбекте сылған, өмір тәжірибелері мол басшылар еді.

Совхоз бойынша мал қыстату өте ауыр жағдайда өтіп жатыр екен. Әсіресе, №1 Батыстау фермасында жағдай қиын екен. Мені совхоз директоры сол күні №1 фермаға мал қыстатудың жағдайын көруге жіберді. Ферма қыстақтарында шөп таусылған, көп мал шығынына жол берілген. Ферма басшылары Төлеуқадыр, Бораш, Қордаш, Далабайлар жұмыстарын қараусыз қалдырған.

№ 1 Ферманың жағдайын жақсарту үшін, совхоз партия комитетіне, совхоз дирекциясына мәселе көтеріп дереу кадрлық өзгеріс жасауды ұсындым. Ұсыныс бірден қолдау тауып, ферманың меңгерушісінен бастап барлық мамандарды жаңа кадрлармен ауыстыратын болдық. 1977 жылдың наурыз айында МТМ меңгерушісі Әбдуов Серікті ферма меңгерушісі етіп тағайындадық. Әбдуов Серік мамандарын өзі таңдап, ферма зоотехнигіне Кемал Амантайды, трактор бригадиріне Аманбаев Амангелдіні, ферма бухгалтеріне Оразов Қайыржанды тағайындап алды.

Әбдуов Серік алғашқы күннен бастап, қызметіне өте жауапкершілікпен қарап, қарамағындағы мамандарға, шопан, механизаторларға талап қоя білді. Әсіресе, сала шаруашылығы болған соң, мал азығын дайындауға баса назар аударды. Ұйымдастыру қабілетінің арқасында шаруа-

сы ақсаған бөлімшенің жұмысын қысқа мерзімде аяққа тұрғызды. Совхоз көлеміндегі, тіптен аудан көлеміндегі алдыңғы қатардағы бөлімше қатарына қосылды.

Жұмысты бірден іліп әкеткен Серік Әбдуов, қой шаруашылығының науқандық жұмыстары, күйек алу, мал қыстату, әсіресе төл алу науқанына ерекше мән беретін, әр саулықтан қозы ертуге талап қоя білді. Соның арқасында жылма жыл жүз саулықтан 95-97 қозы ертіп, аудан көлеміндегі озат ферма атанып, еңбек биігінен көріне білді.

Серік қан сонарды құр жібермейтін, жақсы ат ұстап, ит жүгірткен аңшы еді. Тоғыз жыл бірге қызметтес болғанда еңбек демалысын алған емес. Жездесі, №2 ферманың меңгерушісі Жұматов Қабаш екеуі бір жеті ит жүгіртіп, аң аулайтын. Қалған уақытты жыл бойы жұмыспен өткізетін.

Жұматов Қабаш зейнет жасына жеткенше басшылық қызмет атқарып, тәжірибелі маман, ұйымда өмірден өтті.

Кеңшар бөлімшелерін іс-тәжірибелері мол, ұйымдастыру қабілеттері жоғары Әбдуов Серік, Жұматов Қабаш, Мұқанов Әбілмаш, Оразов Қайыржандар басқарды.

1979 жылы, мамыр айында Кеншоқы совхозы жоғарғы жақтын қаулысымен Ақтоғай ауданына қосылды. Шет ауданынан 30-ақ шақырымда тұрған ауылдың 90 шақырым Ақтоғай ауданына қосу, ауыл халқының арасында орынды реніштер туғызды. Осы жылдың тамыз айында Ақтоғай ауданы партия комитетінің ұсынысымен Кеншоқы совхозына директор болып тағайындалдым.

Мен жұмысымды совхоз бастауыш партия ұйымының басшылығымен қоғамдық ұйым басшыларымен ақылдаса отырып, бас мамандар, бөлімше басшыларымен мамандарының жауапкершілігін арттыруды міндет етіп қойдым. Соның нәтижесінде аз уақыттың ішінде жақсы көрсеткіштерге қол жеткізе бастадық. Халықтың қолдауына, сеніміне ие болдық.

Сол уақыттағы аудан басшылары Кеншоқы совхозының жеткен жетістіктерін партком хатшысы Күлейменов Жолдыбектің басшылығымен, қоғамдық ұйым, совхоз дирекциясының бірігіп, ақылдасып атқарған жұмыстарының нәтижесі деп, басқа шаруашылықтарға үлгі қылып айтатын.

Әшкербеков Мәкітай туған туыстарына бауырмал, қайырымды, көңіліне реніш алмайтын, кімнің болса да сөзін бұзбайтын, бәріне шексіз кешіріммен қарайтын, ешкімге жамандық ойламайтын, құрдастарымен әдемі қалжақтасатын ақ көңіл адам еді. Үй арасында үй жоқ, сыйласымыз жарасқан көрші болдық.

Кәсіподақ комитетінің төрағасы Дулатбеков Орынбасар ақсақал Ақтоғай ауданынан сол уақытта ауысып келген екен. Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын, деп тегін айтпаған. Алғашқы еңбекке аралас-

қан уақытта бейтаныс ортаға үйренісіп, бірден қызметтік міндетімді меңгеріп кетуіме қол ұшын созып, ақыл-кеңесін аямай, қиыншылықты жеңуге әкелік көмегі көп болды.

Мен бас маман болып жүргенде жоғарыда айтылған бас мамандармен қоса орта буын мамандар: Мусин Исләм, Тәжкеев Марат, Ақтаев Қуаныштай, Жүнісов Құнан, Дуанбеков Қасенқұл, Қатарлар еңбек етті. Әсіресе, ауыл ақсақалы соғыс және еңбек ардагері Тәкішов Жұматай ақыл-кеңесін беріп, өмір тәжірибесімен бөлісіп отыратын.

Кеншоқы совхозы Ақтоғай ауданына қосылған соң, көптеген кадрлық өзгерістер болды. Ақтоғай ауданына жаңа толқын жоғары білімді жас мамандар келді. Олар: Садықов Үмітбек- кәсіподақ комитетінің төрағасы, Құлыбекова Кәмила-мектеп директоры, Шардарбеков Мұхамедия-бас зоотехник, Сәмбет-бас инженер, Хамзин Орал-бас агроном.

Кеншоқы совхозы еңбеккерлерінің Ақтоғай өңірінде өшпес ізі қалды. Аудан басшысы Тохметов Саят Кеншоқы совхозының бес басшысының бірігіп жұмыс істеу нәтижесінде жақсы көрсеткішке жетіп отыр деп, басқа совхоз басшыларына үлгі етіп айтатын. Ал, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жаманқұл Шайдаров Ақтоғай ауданына жаңадан қосылған Кеншоқы совхозын үнемі қолдап отыруының нәтижесінде совхоз тез арада алдыңғы қатарлы шаруашылыққа айналды. 1980-1985 осы бір бесжылдықта мал басы 22000 бастан 32000 басқа жетті.

ЦК КПСС-тің Құрмет грамотасымен марапатталды. Осындай жоғары көрсеткіштерге жетуге озат механизаторлармен шопандардың еңбегі зор. Атап айтқанда механизаторлар: Шыңғысбаев Серікбай, Шұғаев Нияз, Дуанбеков Иманқұл, Әбдіғұлов Болат, Оқапов Тәжен, Жас қанат шопандар бригадасының жетекшісі-Жұматаев Совет. Шопандар: Есбергенов Керімбек, Шәмитов Тұрсынбай, Осатаев Майкен т. б.

Басқармасы көп ауыл атанған, Сталин колхозынан қалған басқармалар Төлеуқұл, Жұматай, Балмағамбет, Байбосын, Сарымсақ, Дәрімбай ақсақалдардың батасын алып, құрметіне бөленгенімді еске аламын.

Бертінде Парламент мәжілісінің депутаты Дулатбеков Нұрлан және Полиция полковнигі Тәкішов Болатпен бірге Кеншоқы совхозына жол түскен болатын. Көптеген игі істердің куәсі болдық. Жаңадан салынған мешіт үйінде болдық, мемлекеттің қолдауымен Байсейіт Нұрлан бабамыздың басын қайта жаңғырту жұмысын көрдік. Бұл игі істің бастамасын көтерген мәжіліс депутаты Дулатбеков Нұрлан еді. Оны әрі қарай жалғастырушы аудан басшыларымен ауыл әкімінің жұмысына дән риза болдық. Әсіресе, осы ауылдың тумасы Боранбайдың жоқтан бар жасап, жаста болса бас болып, қазақ ауылына қарап, азаматын таны демей ме, көптеген атқарылып жатқан істердің куәсі болдық. Өзің бір уақытта қызмет жасап кеткен ауылыңда, игілікті жасалып жатқан жұмыстардың куәсі болу әрине қуанышты.



**Қайырберлы Мусин**
**(1948-2020)**

Мусин Қайырберлы 15 мамыр 1948 жылы Шет ауданы Кеншоқы елдімекенінде дүниеге келген. Еңбек жолын 1964 жылы «Орджоникидзе» атындағы совхоздың №2 бөлімшесінде ветеринарлық қызметінен бастаған.

Еңбек ете жүріп, сырттай Қарқаралы қаласындағы зоотехникалық мал дәрігері техникумының «Зоотехниктік» мамандығын тәмәмдап, 1968 жылы Кеншоқы совхозына қарасты №1 «Батыстау» бөлімшесінің зоотехнигі болып қызмет атқарған.

1970-1976 жылдары аралығында Семей облысы Семей қаласының зооветеринарлық жоғарғы оқу орнына түсіп, жоғарғы білімді мал дәрігері мамандығын тәмәмдаған.

1976-1978 жылдар аралығында Шет аудандық ветеринарлық станциясында врач эпизоотолог, кейіннен осы Шет аудандық ветеринарлық станциясы бас мал дәрігерінің орынбасары болып қызмет атқарған.

Ал 1978-1986 жылдар аралығында Ақтоғай ауданына қарасты жаңадан ұйымдастырылып ашылған «Мамандандырылған шаруашылық бірлестігінде» бас мал дәрігері, кейіннен бас зоотехнигі болып еңбек еткен.

Ақтоғай аудандық Партия комитетінің ұсынысымен 1986 жылы қараша айының 12-ші жұлдызынан Кеншоқы совхозының директорлық қызметіне тағайындалып, 1997 жылдар аралығына дейін шаруашылық басшысы болып қызмет атқарған.

1997 жылдан Қарағанды облысы Шет ауданы Кеншоқы ауылы әкімі қызметін атқарып, 2011 жылы құрметті еңбек демалысы зейнет-. керлікке шыққан.

Қай ауданда қызмет етсе де атқарған абыройлы еңбегі еленіп, екі мәрте Ақтоғай аудандық Советінің депутаты болып сайланған. Кейінде Кеншоқы совхозы Ақтоғай ауданынан Шет ауданына қарағаннан кейінде Жезқазған облысының Шет аудандық Мәслихаты-Депутаттар жиналысының депутаты болған.

Қайырберлы Мусин елеулі еңбектерінің арқасында көптеген марапаттарға ие болған:

- КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының атынан Жезқазған облыстықхалық депутаттары Кеңесі атқару комитетінің 15.09.1989 жылғы шешімімен ұзақ мерзімді адал атқарған еңбегі үшін 06.10.1989 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.

- Қазақстан Республикасы Президентінің 03.12.2001 жылғы жарлығы бойынша «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», екінші мәрте Қазақстан Республикасы Президентінің 10.11.2011 жылғы жарлығы бойынша «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалдарымен марапатталған.

- Облыс және аудан әкімдерінің құрмет грамоталары, алғыс, құттықтау хаттарымен марапатталған.

Көп жылдан «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық саяси Партиясының мүшесі, Қазақстан Республикасы «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық саяси Партиясының кезектен тыс шақырылған XII-съезінің делегаты болған.

Саяси және экономикалық көз қарасы жетік, еңбекқор, ізденісі жоғары, зерделі де беделді азамат.

Қайырберлы Мусин 1973 жылы Абилхаликова Күляш Ахатқызымен отбасын құрып, екі баланы тәрбиелеп өсірген.

Жұбайы Абилхаликова Куляш Ахатқызы Гурьев облысы, Есбол ауданы, Зеленый аулында мұғалімдер отбасында 1948 жылдың 30 қазанда дүниеге келген.

Куляш Ахатқызы 1966 жылы Қарағанды мемлекеттік медициналық институтының педиатрия факультетіне жоғарғы оқу орнына түсіп, 1972 жылы аталған институттың педиатр дәрігері мамандығының иесі атанды.

-1972 жылы Алматы қалалық темір жол емханасында бір жылдық интернатурадан өтеді.

- Куляш Ахатқызының еңбек жолы 1973 жылы Қайырберлі Мусинмен отбасын құруына байланысты, отбасы жағдайымен Семей қалалық №2 балалар емхансында педиатр дәрігері мамандығы бойынша басталады.

-1976 жылдан Шет аудандық емханасының, кейіннен 1978 жылы Ақтоғай аудандық емханасының учаскелік педиатр дәрігері қызметтерімен жалғасады.

-1987 жылы Шет ауданы, Кеншоқы совхозы дәрігерлік амбулаториясында балалар консультациясының педиатр дәрігері қызметін атқара жүріп, осы жылы аталған амбулаторияның бас дәрігері болып тағайындалады.

Ұзақ мерзімді адал атқарған еңбегінің жемісі арқасында Күляш Ахатқызы 1996 жылы құрметті еңбек демалысына шықты.

Абилхаликова Куляәш Ахатқызы денсаулық сақтау саласының үздігі, құрмет грамоталары мен алғыс, құттықтау хаттарының иесі.

Саналы ғұмырын денсаулық сақтау саласына арнаған өз жұмысының жауапкершілігін сезіне білген тәжірибелі маман иесі. Сырқаттанып, ем іздеген талайдың дертіне дауа, көңіліне демеу, адам жанына араша бола білді.

**Қалиұлы Төкен**
**(1941-2021)**



Қалиұлы Төкен 1941жылы 16 сәуірде дүниеге келіп, 2021 жылдың 9 қаңтарында қайтыс болды.

Жұбайы Қалиева Күланда Жаманқызы 1944 жылы 15 сәуірде дүниеге келді. Көп балалы ана, алтын алқа иегері. Шет өңіріне адал еңбек ете білді, сол еңбектің нәтижесімен зейнеткерлікке шықты. Қазіргі таңда зейнеткер, немере, шөберелердің ардақты әжесі.

Осы әулеттің отағасы Қалиұлы Төкен үйдің кенжесі болғандықтан, еңбек жолын 13 жасынан бастады. Еңбекқор, адамгершілігі мол азамат бола білді. Бар өмірін еңбекке арнады. Халыққа сыйлы бола білді. Және еңбегіде жоғарғы деңгейде бағаланды.

Кеншоқы ауылында 1954 жылдан бастап (шофер) машина жүргізуші болып қызмет етті.

1962-1966 жылы Кеншоқы ауылында комбайнер болып жұмыс істеді, нәтижесінде 1969 жылы Ленин орденімен марапатталды.

1978 жылдан бастап Батыстау бөлімшесінде бригадир болып қызмет атқарды.

1980 жылы Қайрақты бөлімшесінде бригадир болып, сол еңбектің арқасында ауылдық депутат болды және мақтау қағазымен марапатталды.

1983-1990 жылдар аралығында Ақсу ауылында бригадир болды және осы жылы аудандық депутат болды. Партия қатарында болды. Бірнеше медалдармен мараппатталды.

1991 жылы Кеншоқы ауылында есепші болып қызмет атқарды.

Зейнеткер туып-өскен жері Кеншоқы ауылында зейнеткерге шықты

Біз әкемізді анамызды өмір бойы мақтан тұтамыз.

**Әбдуұлы Серік**
**(1942-2017)**



Әбдуұлы Серік, руы Кәдір. 1958 жылы Сталин атындағы колхозда орта мектепті бітіреді. Ең алғашқы еңбек жолын 1958-1961 жылдары осы колхоздан бастап, әрі қарай Орджоникиздзе атындағы совхозда тракторист болып жұмыс істеді.

1967 жылы Кеншоқы совхозының тракторисы. 1971 жылы Кеншоқы совхозының МТМ-нің механикгі болды, 1976-1977 жылдар аралығында-

жөндеу шеберханасының меңгерушісі (зав реммастерской), 1977-1989 жылдар аралығында «Бастыстау» фермасының басқарушысы болып жұмыс атқарды.

1989-1991 жылдар аралығында совхоз орталығында кормоцехты басқарып, 1991 жылы №1«Бастыстау» фермасының басшысы болып тағайындалады. 1994 жылы-«Шәуен» шаруа қожалығының басшысы болып өмірінің соңына дейін еңбек етті.

Әр жылдары Серіктің табысты еңбегі бағаланып ол 1968 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен «Үздік еңбегі үшін» медалімен марапатталды, 1970 жылы Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының атынан «Ерең еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

1989-1994 жыл аралығында Жезқазған обылысы Ақтоғай ауданының Кеншоқы селолықсоветінің депутаты болып сайланған. Серік 1963 жылы Бейсенқызы Рымкүлмен шаңырақ көтеріп, Өмірге 5 перзент әкелді. Балалары:(Берік), Жамал, Гүлжахан, Ерік, Сағынғандар ұрақ сабақтастығын жалғастырып, үйлі-баранды болып, әр түрлі салада еңбек етуде.



**Оқапов Тәжен**
**(1942)**

«Еңбекшіл» колхозында дүниеге келген. Әкесі 1942 жылы соғысқа кетіп, майдан даласында өмірден озған. Жастайынан жетім-әкесіз қалып, балалық шағы қиындықпен өтеді. 1949-1953 жылдары ауылдың бастауыш мектебінде оқыды. Анасының қамқорлығымен 5-сыныпты Сталин атындағы колхозда оқыды. 7-сыныпта оқып жүрген кезіңде анасы қайтыс болады. Отбасының жағдайы өте ауыр еді. Содан 8-сыныптан кейінгі күн көріс, нан табу үшін «Кеншоқы» руднигінде СПТУ ашылып, 1-жылдықтракторлық мамандығын дайындайтын курсқа түсіп, соны бітірді. 1958-1967 жылдары Сталин атындағы калхозда, қәзіргі Кеншоқы ауылында трактор айдап, жер жыртып, егін салуға және оны оруға механизатор-комбайнер болып жұмыс істеді.

1962 жылы әскер қатарына алынып, 3 жыл Семей қаласында азаматтық борышын атқарады. Әрі қарай еңбек жолын Орджоникидзе атындағы кеншарда, тракторшы, шофер болып еңбек етеді.

1966 жылы Орынтаймен отбасын құрады. Олар бүгінде жанұясында 6-қыз бала, 2 ұл бар, 3 немере, 2 шөбересінің қуаныштарын көру үстінде.

Ұзақ жылдағы еңбегі бағаланып, Тәжен 1964 жылы «Тың жерлерді игергені үшін» және 1988 жылы «Еңбек ардагері» медальдарымен және көптеген «Еңбектің ерені» төс белгілерімен марапатталды.

80-нің сеңгіріне тақалған көнекөз қарияның айтары бар; «Дүние алма кезек, сондықтан сен бүгін мықты болсаң, өзгеге көлеңкенді түсіре көрме Уақыт бәрінен де мықты» - дейді.

**Қасымов Аманқұл**
**(1949-2020)**



Қасымов Аманқұл, 1949 ж. т., қазақ, Қараганды (қазіргі) облысы Шет ауданы, Кеншоқы ауылының тумасы, білімі - жоғары, зоотехник, Алматының зоотехникалық-малдәрігерлік институтын 1976 жылы бітірген.

Қасымов Аманқұл 1949 жылғы 1 наурызда Шет ауданының Кеншоқы ауылында дүниеге келген. Әкесі Дуанбеков Қасым, Қарғалы ауылында бастауыш мектебінің мұғалімі болған, анасы Түсіпова Кенжетай, үй шаруасымен айналысқан.

Қасымов Аманқұл 1956 жылы Кеншоқы ауылының 8 жылдық мектебінің 1-сыныбына қабылданып, сол мектепті 1964 жылы үздік аяқтаған. Сол жылы Қарқаралы зоотехник-малдәрігерлік техникумына түсіп, оны 1968 жылы үздік аяқтап, еңбек жолын Кеншоқы совхозында бастаған. 1968 жылы әскер қатарына шақырылып, 1968-1970 жылдары Байқоңырдағы Ленинск қаласында әскери борышын атқарған.

1970-1971 жылдары жоғарыда аталған совхозда мал шаруашылығы саласында жұмыс істеді. 1971 жылы Алматының зоотехникалық-малдәрігерлік институтына түсіп, оны да 1976 жылы үздік дипломмен тәмамдады. Оқу орнында белсенді, озат, бес жыл бойы өз группасының «старостасы» болған. Осы тұста айта кетсек артық емес шығар, Алматы зооветеринариялық институтында диплом қорғау сәтінен кейін Аманқұлдың сол кездегі ғылыми жетекшісі, ғылым докторы, профессор Е.Есентаев тебіріне сөз сөйлеп «Институтта қал, ғылыммен айналыс» деген екен, бірақ бұл ұсынысқа көнбеген Аманқұл туған жеріне еңбек етемін деп шешкен.

Жоғары оқуды аяқтағаннан кейін, 1976 жылы өзінің туған жері Шет ауданына жолдамамен келіп, Ақшоқы совхозына бас зоотехник болып жұмысқа орналасады. Ақшоқы совхозының Ақбауыр бөлімшесінде қазақтың ақ бас асыл тұқымды сиырларын шоғырландыруға Аманқұлдың еңбегі зор болды десек артық емес. Осы еңбектерінің негізінде Жезқазған облыстық мал тұқымын асылдандыру бірлестігінің көмегімен, асыл тұқымды ақ бас сиырлары Жаңаарқа, Ақтоғай аудандары-

ның шаруашылықтарына сатылып, совхоз экономикасына қаржылай орасан зор кіріс әкелді. А. Қасымовтың осы еңбегін, оның іскерлігі мен таланттылығын ескеріп, 1981 жылы сол кездегі аудан басшсы М. Абақанов А. Қасымовты «Дария» совхозына бас зоотехник қызметіне жібереді. А. Қасымовтың тынбай еткен еңбегінің арқасында 1981-1983 жылдары шаруашылықтағы жұқпалы ауруға шалдыққан малдың жағдайы қалыпқа келіп, совхоз сүт өндіретін шаруашылыққа айналды, совхоз сапалы өнім өндірумен көзге түсті.

1983 жылы Шет аудандық ауылшаруашылық басқармасында бас зоотехник болып тағайындалып, іскерлігінің нәтижесінде 1985-1988 жылдар аралығында Шет аудандық партия комитеті ауыл шаруашылық бөлімінің меңгерушусі қызметін атқарды. Сексеніші жылдардың екінші жартысында ҚСРО-да Горбачев бастамасымен қайта құру, жариялық, демократия элементтерінің аз да болса салтанат құруымен ерекшеленіп еді. Сол кездері лауазымды қызметтерге баламалық тәсілмен сайлауға түсу арқылы ғана тағайындалатын. Аудандық ауыл шаруашылығы (РАПО дейтін ол кезде) басқарманың бастығы қызметіне А.Қасымов та ұсынылып дауысқа түсіп, сайлау қорытындысы бойынша Аманқұл басым дауысқа ие болады. Басым дауысқа ие болса да, облыстағы әлде кімдерге ұнамады ма, бұл қызметке кірісу кештеу болды. Аудан мен облыс орталығына шапқылау, сайлаудың барысында өзгелерден өзінің басым дауысқа ие болғанын дәлелдеу тура екі айға созылғаны да жасырын емес. Ақыры, әділеттілік үстем болды.

А.Қасымов Шет аудандық агроөнеркәсіп бірлестігінің төрағасы қызметіне кіріседі. Содан, 1988-1992 жылдар аралығында осы қызметті атқарғанда Республика басшылығының бұйрығы бойынша ауыл шаруашылық саласын, мемлекет меншігінен алу, тарату ісі де сол кезеңге дөп келіп еді. Осыған орай 1990 жылдардың басында іс сапармен Францияда болып, онда жекеменшік шаруашылықтары мен шағын орта бизнестің дамуына өте күшті деңгейде дамығаны жөнінде тәжірибе алмастырып келді.

1991 жылы бастаған бұл іс бүкіл шаруашылықтарды таратты. Жекеменшік иелері, шаруа қожалықтары пайда бола бастады. 1992-1997 жылдары аралығында аудандық экология және биоқорлар басқармасының бастығы қызметін атқарды, кейіннен Қарағанды облысы бойынша Шет ауданындағы мемлекеттік табиғат қорғау инспекторы болды.

Күнгейі мен көлеңкесі қатар жүретін мына фәни жалғанда атқарған азды - көпті ісіне қолдау білдірген ағалық ақылын айтып, демеу болған жандармен, замандастарымен бір уақытта, бір кеңістікте ғұмыр кешкенін мақтан тұтатын. Атап айтар болсам, олардың қатарына аудан басшылары болған К. Дүйсенбеков, М. Абақанов, С. Медеубаев, К. Медиев, А. М. Костин, сондай - ақ, Ш. Қасымов, Қ. Керімов, Б. Жумкин, З. Ізбасаров, Ж. Есмағанбетов, Б. Хамзин, В. Прокопенко, т. б. азаматтарды жатқызып еді.

Содан, 2012 жылы денсаулық жағдайына байланысты, зейнеткерлікке шықты (созылмалы қант сырқатына байланысты 1 топтағы мүгедек).

Өзінің денсаулығына қарамастан 2015 жылы "АМАНАТ" Шет ауданының мүгедектер қоғамы" қоғамадық бірлестіктігін құрып, осы қоғамға төрағалық етті. А. Қасымов бұл қызметінде де белсенді болды. Ауданның мұқтаж азаматтарына көмек көрсетіп, қайырымдылық істер атқарды.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан сүбелі үлесі үшін Аманқұл Қасымов облыс, аудан басшыларының Құрмет грамоталарымен, ҚР Тәуелсіздігінің мерейтойына орай «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» медалімен марапатталған.

Отбасында әйелі, ауданның мекемелерінде ұзақ жылдары бас есепші қызметін атқарған Гүлжихан Қасымовамен бірге үш бала тәрбиелеп өсірді. Бүгінде балалары отбасылы, әр салада қызмет етуде.

Үлкен қызы Сағындықова (Қасымова) Гүлмира, 1975 жылы туылған, Шет ауданындағы Ы. Алтынсарин орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, ұлы Қасымов Марғұлан, 1977 жылы туылған, Алматы қаласы бойынша мемлекеттік кіріс департаментінің «Жетісу» кеден бекетінде қызмет атқарады, қызы Қасымова Фарида 1978 жылы туылған, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінде қызмет атқарады. Бес немересі бар.

**Зайыбы Қасымова Гульжихан Айпкалиқызы**

*08 июнь 2021 жыл.*

## Хамзин Мұхтар Құсайынұлы
## (1955)



Шет ауд. -ның Кеншоқы а. -да дүниеге келген. Еңбек жолын осы аттас кеңшарда жұмысшы болып бастаған. 1973-1975 ж. аралығында КСРО-ның Қарулы Күштер қатарында қызмет етті. ҚР Прокуратурасының Құрметті қызметкері(2005). Ұлытау ауданының Құрметті азаматы (2006). ҚарМУ-дің заң факультетінің түлегі (1980), құқықтанушы. Ақадыр ауд. а. ш. Басқармасында заңгер (1980-1981), Жезқазған обл. Шет ауданы прокуратурасының тергеушісі, обл. прокурорының аса маңызды істер жөніндегі тергеушісі, аға тергеушісі қызметтерін атқарды(1981-1990). Қаражал қаласының, Тоқырауын және Шет ауд.-ның прокуроры (1990-1999) қызметтерінде болды. 2000 ж.-дан обл. прокуратурасының Басқарма прокуроры, 2000-2004 ж. Жезқазған

қаласы прокурорының орынбасары, 2004-2009 ж. Ұлытау, 2009 ж.-дан 2012 ж. қаңтарына дейін Ақтоғай ауд. прокуроры қызметін атқарған. Осы уақыттан бастап зейнеткерлікте. 2012 ж. қыркүйегінен 2020 ж. қыркүйегіне дейін Қарағанды жоғары "Болашақ" колледжіндеоқытушы болып қызмет етті.



**Хамзина Рымкүл**
**(1952)**

Хамзина Рымкүл 1952 жылы 14 қыркүйекте Қарағанды облысы Шет ауданы Кеншоқы

(бұрынғы Сталин колхозы) ауылында туған Білімі - орта-арнайы. 1979 жылы Алматы облысы Есік педагогикалық училищесін "жалпы білім беретін мектептің бастауыш класс мұғалімі" мамандығы бойынша бітірді. Р.Хамзина еңбек жолын 1972 жылы 28 тамызда Шет ауданы

Орджоникидзе атындағы совхоздың №6 Кежек бөлімшесіндегі бастауыш мектепте "Мектеп меңгерушісі және бастауыш сыныптар мұғалімі" лауа-зымынан бастады.

Алғашқы оқу жылдарында 1-2-3 сыныптар біріктіріліп оқытылды. Сыныптар 2-3 оқушыдан ғана болды. Бала санының аздығына байланысты сыныптар қосылып оқытылды. Материалдық база төмен болды. Сынып жабдығы тек парталар, тақта мен бор ғана еді. Көрнекіліктер шамалы болды. Қажеттілері қолдан жасалынды. Сол кезде білім алған оқушылар бүгінде әр түрлі салада еңбек етіп жүр. Аудандық білім бөлімінен әдістемелік көмек беріліп отыратын. Ондағы кездескен қиыншылықтар, сабақ кестесін құру барысында сыныптардағы пәндердің бір сағатта өтуі ауыл халқы санының өсуіне байланысты артта қалып, кейіннен бала саны 30-35 жетті. 1977 жылы аталмыш оқу орны Кежек орталау мектебі болып құрылды. Мектепте 40 - 45 оқушы білім алды. 1977 жылы мектептің орталау мектеп санатына өтуіне және атауының өзгеруіне байланысты Р. Хамзина "Бастауыш сыныптар мұғалімі" болып тағайындалды. 1978 жылы 1 қыркүйектен "Ақши орта мектебі" Ақтоғай аудандық оқу бөліміне бағынды. Сонымен, Р. Хамзина саналы өмірін педагогтік қызметке арнап, бір білім беруұясында 40 жылдай еңбек етті. Қаншама түлек тәрбиелеп, оларға білім беріп, ұядан ұшырды. Олар қазір еліміздің түкпір - түкпірінде табысты еңбек етіп жүр. 2010 жылы 1 қыркүйекте Р. Хамзина зейнеткерлікке шықты. Еңбектегі жетістіктері үшін бірнеше ведомстволық марапаттарға ие.

**Ақтайұлы Қуаныштай**
**(1938)**



Ақтайұлы Қуаныштай 1938 жылы 1-ші қарашада Енбекшіл ауылында дүниеге келген. Әкесі Шынғожаұлы Ақтай 1896 жылы туып, 1940 жылдары қазіргі Ақжал кент округі, Қарабұлақ совхозы, Аяқши ауылы (бұрынғы Жамбыл колхозында 1941жылдан 1946 жылға дейін басқарма қызметтін атқарған).

1956ж-1960 жылдары өзінің айтуы бойынша, Сталин колхозына екі жаңа машина Газ-51 (полуторка) келіп Оқапов Мажен және өзі шофер болған. 1960 жылдары Сталин колхозында зав. гараж қызметтін атқарған. 1965 жылы Кеншоқы совхозы құрылып, директоры Сәділхан Жұрымбаев тағайындалыпты, ол кісі Алматының малдәрігерлік институтын бітірген, мамандығы зоотехник. 1965 жылдан 1994 жылдар арасында Кеншоқы совхозында әр түрлі қызметте:бас инженер, рабочком, зав. МТМ, ауыл совет төрағасы, прораб, инженер по тех. безопас болып қызметтер атқарған. 1995 жылы Ақтоғай ауданы экологиялық ауданға жатуына байланысты, зейнеткерлікке шыққан. Шешеміз Калиева Раш екеуі 1960 жылдары отбасын құрып, дүниеге 6 (алты) бала - 2 ұл, 4 қыз әкелген.

**Шамитов Тұрсынбай**
**(1947-2006)**



1947 жылы 25-тамыз айында Қытай Республикасында дүниеге келген. Тұрсынбай атаның бес апасы болған, анасы Қанымай жалғыз, әкесіз өсірген еді, үш жасында әкесінен айырылған. 1962-1963 жылдары Қазақстанға келіп, 1969 жылы отбасын құрған. Жанұясында екі ұл, үш қызы болды.

1969 жылдан бастап мал шаруашылығымен айналысты. Әр жүз саулықтан 100-135 қозы алып, 4 келіге дейін жүн өткізген алдыңғы қатарлы шопандардың бірі болған Тұрсынбай атамыз 1973-1975 жылдары XIX партия конференциясында Ақтоғай ауданында үздік аға шопан деген атқа ие болды. Тұрсынбай атамыз КСРО жоғарғы кеңесінің делегаты, депутаты, XXVII съездің делегаты сияқты көптеген кездесулерге барған жәнеелбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен де кездесуде болған еді. Сонымен қатар, көптеген марапаттарға ие болды, атап айтсақ, Социа-

листік еңбек ері, "Құрмет", "Ерен еңбегі үшін", күміс медальдарымен т. б. Жолдасы Райхан апамыз ылғи да атамызға қолдау көрсетіп отырды.

1993 жылы жеке "Сасықбұлақ” шаруа қожалығын құрды. Қазіргі уақытта жанұясында екі келіні екі отаудың түтінін тұтатып отырған жәйі бар, екі ұлы қайтыс болған еді, екі қыз баласыда қайтыс болған, 7 немересі, 1 шөбересі, бір жиені бар. Тұрсынбай атам еңбектің ері, адамгершілігі мол, кең пейілді адам. 2006 жылы қараша айында қайтыс болды.



**Төлеубаев Тілеуқұл Ахмедияұлы (1942-2018)**

Шет ауданы Кеншоқы бұрынғы Сталин атындағы колхозда кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Сарым атаның Кәдір бұтағына жатады. 1961 жылы шоферлық курсын оқыған. 1962 жылдан 1967 жылға дейін шофер болып жұмыс істеген. 1967 жылы Қарқаралы қаласында зооветтехникумында оқып, 1970 жылы бітіріп, еңбек жолын Кеншоқы совхозында мал дәрігері веттехник болып жалғастырған. Совхозда 1998 жылға дейін еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан. 1963 жылы Ақсу ауылының тумасы Әбубекова Рымкешпен отау құрып, 12 бала тәрбиелеп өсірген. Тұңғыш баласы Қабылкеш әскер саласында оқу оқып, қызмет атқарып майор шенінде 2016 жылы зейнеткерлікке шығады. Қазіргі таңда қара шанырақ иесі. Одан кейінгі баласы Қазали Жарық кентінде темір жол бойында жұмыс істеді. Үшінші ұлы Нұрәли Жарық кентінде тұрып, жол бойында қызмет етіп, отбасылы болып екі баланың әкесі атанды. 2017 жылдың күзінде кенеттен қайтыс болды. Одан кейінгі ұлдары Жанали, Руслан, Еркебұлан отбасылы болып еңбек етуде. Ортаншы ұлы Еркеұлан 2009 жылы кенеттен өмірден озды. Қыздары Жанар, Анар, Манар, Ғазиза, Динара өз теңдерімен қосылып, тұрмыс құрып, балалы-шағалы болып, өмір кешуде. Жұбайы Рымкеш 2017 жылдың қыркүйек айында қайтыс болды. Араға 1 жыл салып өзі де өмірден өтті. Аллаһ жатқан жерің жайлы болып, ұрпағына ұзақ ғұмыр тілейміз.

## ЖАДЫМЫЗДА ЖАҢҒЫРҒАН ЕСТЕЛІК



М.Хамзин

Өмірдің біз біле бермейтін бір заңдылығы шығар, уақыт өткен сайын тарихымызда азды-көптіорны бар оқиға құбылыстар біртін-біртін көмескілене бастайды екен, кезінде ереулі орын алған жайттар мына зымыран уақыттың шаңынан көрінбей қалатын сияқты. Алайда бір жайтқа ерекше ден қойғанымыз абзал: ол - тарих та, сол тарихтың сүрлеу-соқпағы да адамдардың іс-әрекеті, еңбегімен жасалатындығы. Ендеше, кешегіні бүгінгіге жалғастырып, адамдар жадысын жаңғыртуға бағытталған игілікті іске тек қана алғыс айтқан абзал.

Егер кешегі сіз бүгінгіміз жоқ, бүгінгімізсіз ертеңгіміз жоқ деген қағидаға сүйенсек, сол Орджоникидзе совхозының «Кежек» бөлімшенің өркендеп дамуына айрықша үлес қосқан жандардың қатарына Шойбек аға Қабылбековті жатқызар едік. Ол кісіні жетік білетін қариялардың айтқанына сүйене отырып, төмендегідей мінездеме бергенді жөн көріп отырмыз.

Шойбек ағамыз өз дәуірінің перзенті еді. Сондықтан да жаңа өмір, адамдардың жақсы тұрмыс кешуі, әл-ауқаты, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің сақталуы - бәрі де сүттей ұйып отырған қазақтың аулында деп білді. Ал, олар сақталып, мәңгілікке ұласуы үшін адал, беріле еңбек ету қажет деп білді. Білгені өз алдына, замандастары мен кейінгі жас буын өкілдеріне еңбек етуді үнемі насихаттап отырған-ды. Философия ілімінде: «Ағып жатқан өзенге екі рет түсе алмайсың. Түсерсің-ау, бірақ ол басқа су, өйткені, өзен ағып жатыр ғой» дегенге келіңкірейтін қағида бар. Оны айтып отырғанымыз: Шойбек ағалар еңбек еткен кезең енді қайтып келмейді. Мемлекеттік жоспарды орындау керек, мал шаруашылығын дамытып, төл алуды жақсарту керек, етке өткізілетін мал қоңды болу керек деп күндіз күлкіні, түнде ұйқыны ұмытып, жан аямай еңбек еткен адамдар туралы қазірде жас буын өкілдеріне әңгімелесек, тура бір ертегі айтқандай әсерде болатыны анық. Бірақ бір мәселені жүрегімізде ұстайықшы: ол - біздердің сол Шойкең сияқты еңбекқор жандар өндірген материалдық игіліктердің жемісін көруіміз. Егер сол кісілер сияқты ірі азаматтар Кежек бөлімшесін алдыңғы қатарлы шаруашылыққа жеткізбесе, ол жерде 1974 жылы совхоз ашылмас еді.

Әйгілі азамат, ауылшаруашылығының ірі ұйымдастырушысы Т. Отыншин Кежек бөлімшесінің меңгерушісі болып тұрғанда, ол кісімен Шойбек ағамыз бірге қызмет істеді. 1953-1970 жылдар аралығында бөлімше зоотехнигі болды, ал, 1970-1974 жылдар аралығында бөлім-

ше меңгерушісі болды.

Шойкеңнің Кежектегі еңбегін айта келіп: «Біз Кенжекті көтеруге ерекше үлес қостық. Меңгеруші ретінде анда-мында шапқылап жүрем, сонда үлкеннің де, кішінің де тілін тауып, еңбеккерлермен бірге туған адамдай оларды еңбекке жұмылдыратын Шойбек ағаң болатын. Мен қызметім ауысып, Еңбекшілге кеткенімде, меңгерушілікке Шойбекті ұсындым. Ол менің ғана емес, басшы органдардың және ең бастысы, бөлімше халқының сенімін ақтай білді. Оны қалың жұртшылық сыйлады. Қамқоршымыз, қолдаушымыз деп есептеді. Көпшіліктің бұндай ықыласына бөлену екінің бірінің маңдайына жазылмаған. Ол биік лауазым іздеген жоқ, керісінше, жауапты қызметтер оны өздері іздеуші еді» деп баратын.

Шойбек аға Қабылбеков 1930 жылдың 25-маусымында Кеншоқы жеріндегі Мәдени-Қызылтаста туған. Жас та болса, 1932 жылдың аштығынан зардап шегіп, әйтеуір аман қылғанымен, 1941-1945 жылғы сұрапылда қаршадайынан ауыр еңбекке араласқан. Сталин атындағы колхозда орталау мектепті бітіріп, Қарқаралы зоотехникумын тәмамдаған. Ақтөбе бөлімшесінде зоотехник болып, 1950-1953 жылдары әскери борышын Мурманскіде өтеген. Кіші сержант болған. 1953 жылдан Кежекте зоотехник боп істеген. Т. Отыншин- басшы, бұл кісі мал маманы. Төкең Еңбекшілге ауысқан соң, 1970 жылы бөлімше меңгерушісі боп, 1974 жылы Кеншоқы совхозының Байназар бөлімшесіне меңгеруші боп ауысады. Кеншоқыда мал бордақылау кешенінде зоотехник, совхоз құрылыс цехының қойма меңгерушісі боп істеген. 1990 жылы зейнеткерлікке шығып, 1996 жылы дүниеден озды. Ол кісінің қысқаша өмірбаяны осындай еді.

Ең бастысы, аяулы жеңгеміз Мәрфуза екеуі он бір перзентті дүниеге әкеліп, тәрбиеледі, ержеткізді. Сірә, әке аманатына, өнегесіне, ана ұлағатына адалдықтары болар, солардың бірде-біреуінің жаман аты шыққан жоқ. Шойбек ағамыз да, Мәрфуза жеңгеміз де ауыздарынан тәубасы мен қанағаты түспеген жандар еді.

Ағай мен женгей өмірден өткенде келе алмадым. Сондықтан осынау шағын дүние қабірлеріне салған бір уыс топырағым, оқыған құраным болсыншы деген ниетте отырмын. Рухтары асқақтап, алдары бейіш, арттары кеніш болса екен, тәңірім барша ұрпақтарына рақымын, жақсылығын нәсіп етсе екен дегім келеді.

## ТАНЫМАЛ АЗАМАТ



Мәуен ХАМЗИН

Кейіпкеріміз Кеншоқы ауылының тумасы еді. 1942 жылы дүниеге келді. 1959 жылдары мектеп бітірді. Оның әкесі (ағалары Қасен, Қасенқұлдың да) Нұртаза екінші дүниежүзілік соғыстан оралмады. Балалық шақтың жарқын сәттерін Рымқұл құралпылар бастап кешіп еді деуге болмайды. Рымқұл ағамыз да, өмірдің мәні де, мағынасы мен мазмұны да еңбек етуде деп білді. Мектеп жасындағы кездерінде де, бітірген соң да ол сол қаршадайынан өз тұстастарындай еңбекке араласты.

1966-1971 жылдары Целиноград ауыл-шаруашылығы институтында оқыды. Оқу бітірісімен Шет ауданындағы Кеншоқы совхозында, яғни өз ауылында қызмет атқарды. Ал, 1975-1977 жылдары Орджоникидзе атындағы совхоздың бас агрономы болды.

1974 жылдың соңында Оржаникидзе атындағы совхоздың бұрыңғы Кежек бөлімшесі жеке совхоз боп құрылды. Кадрлар қажет. Бірнеше рет шақырту алса да, Р. Нұртазин сол Ақши совхозына тек сол 70 жылдардың аяғына қарай ауысты, бас огроном әрі совхоз директорының өңдірістік жағынан орынбасары болды.

Ол қызмет еткен жерлерінде тым талапшыл болды. Ең алдымен өзін-өзі аямайтын. Өте білікті, тынымсыз жан болатын. Өзің аямаған соң өзгеге де қатаң, алайда әділ талап қоятын. Тым қаталдау болған кездері де болушы еді. Алайда сол бұрынғы үш совхозда оның қатаң тәртібін көрген бірде бір адамның оны жамандап, ренжігенің көрген емеспін. Қайта «Шіркін, Рымқұл болса, тәртіп болатын еді, бізді ол тәртіпке, іскерлікке, білгірлікке, әділдік пен еңбексүйгіштікке баулап еді ғой, біз оны жас та болса, ұстазымыз санайтынбыз»деген сөзді талай адамнан естігеніме қуанамын. Ақыры ол кандидаттық диссертацияның тақырыбын бекіттірді. 1980-1993 жылдар аралығында Ақмолада (Целиноград) топырақтану институтында ғылыми қызметкер болды.

1992 жылы биология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациясын сәтті қорғады. Бір шаруаның соңына түссе, тыңдырмай қоймайтын. Рекең ғылыми жұмысын тиянақтау үшін талай жерді шарлағаның, бейнетке де, қиындыққа да төзгенің замандас әріптестері жақсы біледі. Болашағынан мол үміт күттірер жас ғалым туралы оны жетік білетін жандар көп айтатын. Шәкірттері оны ерекше сүйетін. 1993 жылы кезінде өзі бітірген оқу орнына, яғни қазіргі С. Сейфуллин атындағы аграрлық-техникалық университетке ауысты. Адал еңбек етті. Жастың да, аға буын өкілдерінің де сый құрметіне бөленді. Тағдырдың ісіне не шара,

жүрегі елім деп соққан, ауыл-шаруашылығын жетік білгендіктен, алдына талай мақсаттар қойған азамат 2001 жылы өмірден озды.

Рымқұл аға тым турашыл, тым әділ, тым таза, қиянатқа төзбейтін, әділеттілік үшін отқа түсуден таймайтын, тым принципшіл жан болатын. Оның болмысында жеке басының мүддесі үшін еңбек ету, пайда табу деген ұғым болмайтын. Бұл тұрғыдан алғанда, ол Алланың шын сүйген құлы еді. Мен 1982 жылы Жезқазған пединститутына ауыстым. Сол сексенінші жылдарға дейін ұзақ уақыт Ақтоғай ауданын басқарған қажырлы азамат Ұлытауға ауысты. Не дәуір уақыттан кейін сол Ж. Шайдаров Жезқазған облыстық полиграфия, кітап саудасы басқармасына басшы болып келді. Ақши де, Кеншоқы да Шет ауданының құрамынан кетіп, Ақтоғайға қарайтын ол кезде. Жаманқұл ағаны сол кезден білем, мекемесіне барып, сәлем бердім. Сонда кезінде өзі жетік білген Рымқұл ағай туралы көп сұрады. «Тым іскер азамат. Мен сол жігітті совхоз директоры, сонан аудан басшылығына ауыстырып үлгермедім. Партия Ұлытауға жіберді. Ол өте адал, істі білетін, тым тегеуірінді жігіт болатын. Қызмет бабында өсіріп үлгермедім-ау деп қазірге дейін өкінемін» - деген еді. Үлкен аудандарды басқарған сол кісінің бағасын естігенде, көкірегіме үлкен мақтаныш ұялағаның ерекше айтқым келеді. Рымқұл аға өмірлік қосағы Бақыт екеуі жақсы ұрпақ өсірді. Жеңгей ағамыздың түтінін сөндірмей, бала-шағаға қамқор боп, лайықты ана, әже атанып отыр.

Міне осымен тәмамдайық. Аяулы ағаның алды бейіш, арты кеніш болғай, Тәңірім барша жақсылығын отбасына, үрім-бұтағына нәсіп еткей деген тілек білдіремін.

## ӨМІРІ ӨНЕГЕЛІ, ТАҒДЫРЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ЖАН



*Мәуен Хамзин*

Талай адамдардың тағдыры мен тарихына куә болған бұрынғы Орджоникидзе атындағы совхоз Шет ауданындағы іргелі шаруашылықтардың бірі еді. Оның өркендеп, дамуы қалың жұртшылықтың көз алдында болды.

Солардың бірі тағдыры жасынан - ақ күрделі әрі қиын болып қалыптасқан жан Дуанбеков Әлкен ақсақал болатын. Осы жолдар авторына ол кісі әке орнындағы адам еді.

Әкеміз 1916 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Сталин атындағы колхозда дүниеге келді. Осы жерде ескертетін жайт мынада. Жоғарыдағы облыс, аудан, колхоз атын бертіндегі атауларымен айтып отырмыз. Әйтпесе, 1916 жылы (Қазан төңкерісіне бір - ақ жыл қалған кез) ешқандай облыс, аудан, колхоз болған жоқ. Бертіндегі Сталин

атындағы колхоз Нұра болысы боп, Қарқаралы уезд орталығы боп тұрған еді.

Әлекеңнің маңдайынан тағдыр атты құдірет ыстық алақанымен сипай қоймапты. Інісі Қасым екеуі әке - шешеден ерте айырылған, сол кездің заңына сәйкес «Балапан - басына, тұрымтай тұсына » дегендей, екеуі қаршадайынан балалар үйінде тәрбиеленіп, мектепті тәмамдап, әскер қатарына шақырылған. Көп ұзамай екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Қанды қырғында қолынана ауыр жарақат алып, жарты жылдай әскери госпитальда жатып, мүгедектік куәлігімен елге қайтқан. Елуінші жылдардың ортасында інісі, ауылдық Кеңес атқару комитетінде хатшылық қызметте болды. Ал, қазіргі Кеншоқы 1961 жылы құрылған Орджоникидзе атындағы совхоздың №2 Нұра бөлімшесіне айналғанда байланыс (почта) торабының басшысы болды. Ол қызметі 1965 жылы Кеншоқы жеке совхоз боп құрылғанда әрі қарай жалғасын тауып, зейнетке шыққанынша сабақталды. Осы айтылғандардың бәрі де соғыс ардагері, қанды қасапта алапат бейнет көріп, өмір мен өлім беттескен қырғыннан мүгедек боп оралған абзал адамның туған өңіріне сіңірген еңбегін аңғартса керек. Әлекең әкеміздің көп сөйлемейтінін, сәл суықтау түріне қарап, қандай қиын жағдай болса да, қажымайтын қатал жан деген болжамымыздың күлі көкке ұшқанына, ол кісінің тым сезімтал, тым бауырмал, жүрегі тез жараланғыш жан екеніне көзімнің жеткені бар.

1979 жылы болса керек, жақын туысқанымыз Рахымберлі Дәулетбеков Алматы облысының Шелек ауданында тұрып жатыр еді ( «Қазақстан» совхозында), сол кісі қатты сырқат, операция жасалмақшы дегенді естідік. Ауданнан Көшкінбай ағамыз бен Бекежан ағай кеп, мән - жайды айтып, Әлекең екеуімізді Алматыға аттандырды. Ұшаққа Қарағандыдан отырып, таңертең ерте Алматыға жеттік. Облыстық ауруханаға бардым. Дәрігермен сөйлестік, Өзімен тілдестік. Қайран Рахаң, еш қорықпай, бізбен жарқын сөйлесті. Тәуір болысымен елге барам, сағынып жүремің деді. Көп ұзамай операция жасалып, ол кісі оянбай, қайтыс боп кетті. Сондағы Әлекең әкеміздің еңіреп жылағанын көрсеңіз. Зорға дегенде жұбаттым. Жаны бұндай әсерленгіш деп ойламаппын. Ақыры, елге әкеп, жерлеп едік. Әкеміз сәл тұйықтау, біртоға адам еді. Жасынан тағдыр тауқыметіне көп ұшырағандығы ма, тым қанағатшыл жан болатын. Шама-шарқының келгенінше, өз отбасының ғана емес, иісі ағайын - туыс, жекжаттың басының аман, денінің сау, бауырының, бүтін болуына тілектес боп отырушы еді. Мен алапат соғыста болған адаммын, соғыс мүгедегімін, маған үкімет тарапынан жеңілдіктер болуы керек, маған курортқа жолдама, тамаша үй, жеке меншігіме жақсы автокөлік керек деп басшы адамдардың алдына барып, өтініш жасап жүргенін өз басым көрмеппін де, естімеппін.

Міне, осымен шағын дүниені аяқтаудың да реті келді. Ықшам дүниеге көп нәрсені сыйдыра алмайтының анық. Біз де Әлкең әкеміздің өмір жолындағы басты - басты деген белестерге тоқталдық. Толғамы мол, қарапайым, жан әлемі таза әкеміз бен анамыздың мәңгілік тыныстап жатқан мекендері нұрға толғай, алды пейіш, арты кеніш болса екен деп тілек білдіремін!!!



**Балтина Нәсіпжан 1934 жылы 4 сәуірде Шет ауданы** Сталин колхозы Жетінші ауылда туған. Әкем Көбентайұлы Балта орта шаруа, сол жердің тұрғыны, руы Кәдір. Менің балалық шағым өте қиын уақытта өтті. Шешем қайтыс болып кетті. Ұлы Отан соғысы басталды. Мен төрт-бес жаста, ағам Өміртай тоғыз-он жастарда болған кездешешем інім Мейрамбекті туып, баладан қайтыс болыпты. Соғыстың уақыты халыққа өте ауыр болды. Ауылда ешкім жоқ, ауыл азаматтарының барлығы соғысқа аттанған, бірең-сараң улкен кісілер және әйелдер ғана бар. Менің әкем Балта және сол ауылдың үлкен кісілері басшы болып сол ауылды ұйымдастырып отырды. Соғыстан жараланып келген біраз азаматтар ауылға келіп басшы болып, ауыл тіршілігі біраз жақсарып қалды. Ол уақытты Елешов деген басшы болды. Одан кейін бір қолынан жараланып келіп, Такишев Жұматай ауыл басқармасы болды. Мәрәзила деген шешеміз завферма болды. Құсаинов Хамза деген әкеміз бухгалтер болды. Жекеев Ыбрай ауылда бидайдың кладовшигі, содан соң магазинші болды. Менің әкем Балта диханшы болды. Ауылда ұйымдастырып егін салды. Қазіргі мынау Ақтайбек деген бейіт, соның маңынан жер жыртып, егін салды. Ол соқаға өгіз, сиыр жегеді. Жерді жыртқаннан кейін малалайды. Малалағаннан кейін әкем мойнына дорбаға бидай салып алып, жерге себеді. Оның неше шақырым екенін білмеймін, хылықтың ризығы ғой, бидай биік болып өсетін. Бидайды

өзеннен арық жасап суарады. Арықтың бір жағын талдармен байлап, бекітіп қояды. Ертеңіне түйемен келіп, екінші жағына ауыстырады. Мен сонда әкемнің қасында жүремін, өйткені мен кішкентай едім. Ол егін піскеннен кейін лагаварика (машинаға} өгіз жегіп, сиыр жегіп әлгі бидайды орады. Лагаварикаға екі кісі отырады, біреуі өгіз айдайды, біреуі бидайдың басын кесіп отыратын машинаның басын ұстайды. Орылған бидайды қаппен жинап қырманға әкеліп төгеді. Оны күрек-пен ұшырады, бидайын бір бөлек, келдегін бір бөлек алады. Таза би-дайды әкеліп складқа төгеді. Келдектерін жұмыскерлерге бөліп береді. Осының бәрін қасына кісілерін алып, менің әкем жасайды. Содан ха-лық менің әкемді «диханшы папа» деп атайды. Соғыс біткеннен кейін де жағдайымыз онша жақсы болмады. Соғысқа кеткен азаматтардың көпшілігі қайтыс болды. Қалған бірен-сарандары жаралы болып келді. Содан кейін біраз жағдайымыз жақсарып қалды. Мектеп ашылды, киіз үйде оқыдық. Кезінде оқи алмаған үлкеніміз, кішіміз екінші класс оқыдық. Сарымсақ, Аманбай деген мұғалімдер болды. Үшінші класста соғыстан келген Әбдікеров Қалиақбар деген, Елешова Балкен деген мұғалімдерім болды. Біздің колхоз Кәдір, Қоңырбай екі атадан тұра-ды. Тұрғындар өте тату, ұйымшыл болды. Ең алдыңғы колхоз болдық, көсем аты берілгеннен кейін тіптен күшейді. Ауыл жағдайы жақсарды.

Мен ауданға төртінші класс оқуға келдім. Өміртай ағам екеуіміз Ма-таев Орынбай деген ағамыздың үйінде жатып оқыдық. Негізі Орынбай ағатайым Кәрсөн, бірақ менің әкемнің туған апасынан туады. Күйеуі қайтыс болған кейін әкем апасын Шу жақтан көшіріп әкеліпті. Содан ол уақытта Орынбай ағатайым екі жаста екен. Содан біз ол кісіні аға-тайым деп кеттік. Менің әкем Орынбай ағатайымды үйлендіріп, төрт класс оқытыпты. Содан әрі қарай өзі оқып, қызметке ауданға келіпті. Өміртай мектепті бітіріп, өз күшімен Алматыға зоотехникалық инс-титутқа түсті. Мен оныншы класс бітірдім. Мейрамбек сегізінші класс оқиды. Мені ағам Алматыға оқуға әкетемін деді, әкемнің жібергісі келіңкіремей, мен де әкемді қимай жүргенде, әкем бір-ақ түнде ауырып қайтыс болып кетті. Өте өкінішті. Сол жылы ағам Өміртай оқу бітіретін жылы еді. Үйде ешкім жоқ кейінгі шешеміз кәрі адам. Содан мен Алма-тыға бара алмай қалдым. Әкем мені тіршілігінде тұрмысқа бергісі кел-ген. Оған ағам Өміртай қарсы болды. Соған мен қатты өкінемін, Ағай да сол кезде қатты өкінді. Содан ағам бар қолымыздан келгені, Ақтоғай ауданында ауыл шаруашылығы басқармасында ағам басшы болғанда Алматыға барып, граниттен құлпытас жасатып басныа әкеліп қойды. Бар қолымыздан келгені сол болды. 1955 жылы ағам бітіріп келіп Нұ-раталды совхозына бас зоотехник болды, отбасын құрды. Мен мектеп-ке «счетовод» болып жұмысқа тұрдым. Мейрамбек институтқа түсе алмай сол ауылда пошта меңгерушісі болды.



Мен осы елде ауданның азаматы Жұманов Төлеутайға тұрмысқа шықтым. Төлеутай мамандығы мұғалім, жеті жылдық орыс мектебінде директор болды. Одан кейін партияның аудандық комитетіне ауыстырып алды. Сол аудандық комитетте жиырма бес жыл істеді. Өмірімнің ең жақсы кезі еді, халық жағдайы да жақсы еді. Одан кейін тұрмыстық комбинат деген мекемеде бухгалтер кассир қызметін атқардым 50 жасымда бес баламен зейнетке шықтым. Содан кейін Төлеутай кенеттен ауырып қалды. Содан клубқа директор болып жеңіл жұмысқа ауысты. Ақыры сол аурудан қайтыс болды. Төрт қызды ұзаттым. Жалғыз ұлым Ғалымды үйлендірдім. Аллаға шүкір одан екі-үш немере көрдім. Қазір жасым сексен жетіде. Аллаға шүкір балаларым аман болсын. Алладан иман тілеп отырмын.



## Мырзағұлов Өмірбек Байбосынұлы (1937-2017)

Мырзағұлов Өмірбек Байбосынұлы 1937 жылы 24 мамырда Шет ауданы Жаңажұрт ауылында дүниеге келген. Руы Сарым ішінде Кәдір.

1947 жылы 7 жасында Нұраталды ауылында орта мектептің табалдырығын аттап, 1950 жылы Ақсу-Аюлы ауылындағы Ы. Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебін 1957 жылы бітіреді. 1958-1961 жылдары Совет әскері қатарына шақырылып әскери борышын Украинада өткеріп келеді.

1967 жылы Петропавл қаласындағы техникалық училищесіне түсіп, техник-механик мамандығын алған. Еңбек жолын 1962 жылдан бастап училище СПТУ-174 мекемесінде көлік жүргізу нұсқаушысы, 1971-1981 жылдары Кеншоқы ауылдық Кеңесінің хатшысы болып абыроймен жұмыс атқарады.

1981-1989 жж Кеншоқы кеңшарында есепші қызметін атқарып бірнеше грамоталармен және алғыс хаттармен марапатталады. 1989-2000 жж аралығында «С.Орджоникидзе» (қазіргі Нұра) орта мектебінде мұғалім болып, 1990 жылы «Ы.Алтынсарин» атындағы төсбелгісімен марапатталады, сол жерден 2000 жылы зейнеткерлікке шығады.

Жұбайы Хасенқызы Мәремен 1963 жылы отбасын құрып, жеті бала өмірге әкеліп, 16 немере сүйді. Хасенқызы Мәре «Алтын алқа» иегері. Балаларының бәрі ер жетіп, жоғары оқу орындарын бітіріп, отбасыларын құрып, әр түрлі салада қызметтер атқарады.

Өмірбектің адал еңбегі, оның байсалдылығы мен кішіпейілділігі, адами парасаттылығы мен жайдары қасиеттері оны ортаға сыйлы да танымал етті.

Өмірбек Байбосынұлы 2017 жылы ауыр науқастан 01 мамыр күні 80 жас шағына қарағанда дүниеден озды.

# VI БӨЛІМ

## Шет агротехникалық колледжі

# ШЕТ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ
# КОЛЛЕДЖДІҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ



Қарағанды облысы, Шет ауданындағы кәсіптік білім беру саласындағы оқу орны болып саналатын «Шет агротехникалық колледжі» КММ өз тарихын 1960 жылдан Кеншоқы руднигінде бастаған. Кеншоқы руднигі базасында УМСХ-174 өндірістік оқу орны аудан шаруашылықтарына механизаторлар даярлау үшін құрылған.

Оқу орны 1975 жылы Кеншоқы руднигінен аудан орталығы Ақсу-Аюлыға жанадан салынған ғимараттарға көшірілді. № 174 кәсіптік - техникалық училище болып атауы ауыстырылды.

Жезқазған облыстық проф тех білім басқармасының 1984 жылғы 29 тамызындағы № 297 бұйрығына сәйкес «№174 ауыл шаруашылық механизаторларының училищесінен №11 кәсіби техникалық училищеге болып атауы өзгерді.

Қарағанды облысының білім басқармасының 1996 жылғы 1 шілдедегі «Кәсіптік техникалық училищелерін кәсіптік техникалық мектептерге атауын қайта өзгерту» №378 бұйрыққа сәйкес№ 11 кәсіптік техникалық училище №11 кәсіптік техникалық мектеп болып атауы өзгерді.

Қарағанды облысының білім департаментінің 2002 жылғы 6 ақпандағы «Кәсіптік техникалық мектептерді кәсіптік мектептерге атауын қайта өзгерту» №58 бұйрыққа сәйкес №11 кәсіптік техникалық мектеп № 11 кәсіптік мектеп болып өзгертілді.

Қарағанды облысының әкімдігінің 2008 жылғы 19 желтоқсанындағы № 33/10 қауылысы негізінде № 11 кәсіптік мектептің атауы №11 кәсіптік лицей болып өзгертілді.

2012 жылы 28 желтоқсанында Қарағанды облысы әкімінің «Мемлекеттік білім беру ұйымдарын қайта атау» туралы № 66/06 қаулысы бойынша «Шет агротехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып аталады. Көпшілікке кәсіби маман беретін Шет агротехникалық көледжінің құрылғанына да 60 жылдан асты. Осы оқу орнында жастарға білім берген колледждің педагогикалық ұжымының ұстаздарының қысқаша өмір деректеріне де ден қояық.

**Оқу орнының директорлары:**

Колледждің даму, өркендеу үрдісінде әр кезеңде оқу орның басқарған басшылардың әрқайсының өзіндік үлестері бар. Колледжді 1962 жылдан бастап төмендегі адамдар басқарып, директорлық қызмет атқарды:

**Жапаров Абдығали - 1960-1964 жж.**



**Ермекбаев Төлеу**

Ермекбаев Төлеу1932 жылы 1 қаңтарда дүниеге келген. Ермекбаев Толеу Қарқаралы қаласындағы ауыл шаруашылық техникумын «агроном» мамандығы бойынша бітіріп, Алматыдағы «Высшая партиная» школада оқып жоғары білім алған.

Ермекбаев Төлеу Кеншоқыдағы кен орнында (яғни руднbackte) 1950 жылдан - 1964 жылдары аралығында рудник директоры және 1964-1967 жылдары аралығында «СПТУ №174» директоры қызметін атқарды.



**Арыстанбеков Жақан**

Арыстанбеков Жақан - 1937 жылы дүниеге келді. Еңбек жолын 1955-1958 жылдары автокөлік жүргізуші болып бастады. 1961-1964 жылдары Қарағанды techinstitutын бітіріп, Ақсу-Аюлы селосында Ыбырай Алтынсарин атындағы мектепте мұғалім және директор болып қызмет атқарды. 1964-1967 жылдары аудандық партия комитетінде нұсқаушы болды. 1967-1979 жылдары № 174 және №165 кәсіптік техникалық училищелердің директоры болып еңбек етті. 1979-1998 жылдары Қарағандыда жастарға арналған кешкі мектепте жұмыс істеді.

Еңбек ардегері, «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалімен, «Украинаның азат етілуіне 60 жыл» мерейтойлық медаліменмарапатталды. «КСРО кәсіптік білім беру Одағының үздігі», «Қазақ ССР Халыққа білім беру ісінің үздігі» атақтарына ие болды.



## Сарсенбаев Рақымжан

Сарсенбаев Рақымжан-Шет ауднының №1 Қызылтау ауыл советінің Жаңа-жұрт ауылында туған. 1956 жылы Қарағанды педагогикалық институтының жаратылыстану факультетін бітірген. 1963-1968 жылдары Ақсу-аюлы селосында Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің директорының оқу жөніндегі орынбасары және осы мектептің директоры болған. 1969-1970 жылдары кәсіби-техникалық училищенің директоры қызметін атқарған.



## Ісімақов Серік

Ісімақов Серік Шет ауданында туған. Семей қаржы-есеп техникумын, Қарқаралы малдәрігерлік техникумын бітірген. Жаңаарқа ауданында қаржы бөлімдерінде қызмет атқарған. 1970-1974 жылдар аралығында Кеншоқы руднигінде кәсіби-техникалық механизаторларының училищенің директоры болды. Зейнеткерлікке шыққанға дейін Ақадыр ауданында атқару комитетінде басшы қызметте болған.



## Бөкенаев Дюсенбай Бөкенайұлы

Бөкенаев Дюсенбай Бөкенайұлы1938ж. Жаңаарқа ауданы, Үлгілі ұжымшарының Аюбек қыстағында туған. Самбо күресінен спорт шебері, белгілі палуан. Самбо күресінен қазақ жастарының арасынан шыққан алғашқы спорт шебері. Мамандығы инженер механик, Алматы ауылшаруашылығы институтының түлегі. 1974-1982 жж. Шет ауданының кәсіптік-техникалық училищесінің директоры. «КСРО кәсіптік техникалық білім беру саласының үздігі».

## Нусупов Санақ Нүсіпұлы



Нусупов Санақ Нүсіпұлы - Ақтоғай ауданы Қоңырат кеңшарында 1946 жылы дүниеге келген. Қарағанды педагогикалық институтының физика факультетін бітірген. Интернат меңгерушісі, Жезқазған облысының білім басқармасының кәсіптік білім беру әдіскері, облыстың бас инспекторы болып қызметтер атқарған. 1982 жылдан бастап өмірінің соңына дейін (2005 жыл) 23 жыл бойы колледждің директоры болып қызмет істеді. Қазақ КСР-і білім саласының еңбегі сіңген қызметкері атағы берілген. Қазақстан Республикасының құрметті мұғалімі орденінің иегері.

## Халилин Мұрат Кадирбекұлы



Халилин Мұрат Кадирбекұлы1960 жылы Ақсу-Аюлы селосында дүниеге келген. Қарағанды политехникалық институтының түлегі. Мамандығы автокөліктерге қызмет көрсету. «ДЭУ-9» мекемесінде жүргізуші, Қарағанды жоғары политехникалық колледжінде өндіріс шебері болып жұмыс істеді. 2005-2013 жылдар аралығында колледж директоры болып қызмет атқарды.

## Оразханов Рысбек Борхибайұлы

Оразханов Рысбек Борхибайұлы 1959 жылы 2 қазанда Шет ауданының Қайрақты кентінде дүниеге келген. Целиноград ауыл шаруашылық институтын бітірген. Мамандығы ғалым-агроном.

Еңбек жолы:

1981-1984 жылдары Ақадыр ауданына қарасты «Октябрьдің 40 жылдығы» атындағы кеншарда агроном болып жұмыс атқарған.

2013 жылдың тамыз айынан бастап қазіргі уақытқа дейін Шет ауаны, Ақсу-Аюлы ауылында орналасқан «Шет агротехникалық колледжі» КММ-де директор болып қызмет атқарады.

**Колледждің қалыптасуы мен дамуына төмендегі оқытушылар мен өндірістік оқу шеберлері және қызметкерлер үлкен үлес қосты. Қазіргі таңда бұл зиялы адамдар осы колледждің ардагерлері болып саналады:**

1. Исатаев Серік Жұмкеұлы
2. Нүкеев Жұмаділ (1960-2002)
3. Телпекбаев Орынбай Телпекбайұлы
4. Шөменбаев Совет Шөменбайұлы
5. Суханберлин Ошақбай Суханберліұлы
6. Тугамбаев Дәрібек Тугамбайұлы 1975-2013жж.
7. Аймағанбетов Болат Аймағанбетұлы
8. Күлчикенов Жәкен Күлчикенұлы (1961-)
9. Тұтқышев Тұрлыбай Тұтқышұлы (1961-)
10. Жұмашев Төлеутай Жұмашұы
11. Сүйеубаев Серік Сүйеубайұлы
12. Жашкеев Мекен Елубайұлы (1983-1994)
13. Рахымжанов Тлеуғабыл Төлеуқадырұлы
14. Сәрсенбаева Күләй Сәрсенбайқызы
15. Амандықова Нәскен Амандыққызы
16. Ізбасарова Күләндә
17. Дагарова Балқаба Қалиқызы
18. Абдикерова Гаухар Салимқызы 1982-2009 жж. (27 жыл)
19. Жексембина Светлана Толеубайқызы 1978 - 2013 жж. (35 жыл)
20. Утегенова Рыскүл Бләлқызы (1977-1994)
21. Жұмабаева Сәтен Советқызы
22. Тасубаев Орал
23. Лобанова Надежда Василиевна
24. Быхина Марал Мұхамеджанқызы
25. Смайлов Рысбек Орынтайұлы
26. Сейілбекова Гүлбаршын Қуаныштайқызы
27. Бейсбаева Несипжан Секербайқызы 1982-2020 жж. (38 жыл)
28. Бейсбаева Нәсіпжан Секербайқызы
29. Абильдин Қанат Кошкимбайұлы 1985-2020жж. (35 жыл)
30. Жумкин Фархат Серикович 1986-2019 жж. (33 жыл)
31. Ауесбаева Дариға 1974-2013жж. (39 жыл)
32. Омарбеков Алтай Жайлығұлұлы 1980 жылдан бастап (30 жыл)
33. Тукенов Мақсат Сәкітайұлы 19
34. Ахметжанов Қуаныштай Сәмиғоллаұлы 1998 - 2020 (22 жыл)
35. Асылбеков Қантай 1998 - 2018 (20 жыл)
36. Жүнісов Тлеуқұл 1998 - 2016 (18 жыл)
37. Балтина Көкен 1998 - 2016 (18 жыл)
38. Түсіпбаева Күлпан 1998 - 2021 (23 жыл)
39. Айешова Умитжан Нестайқызы 1984 жылдан бастап (37 жыл)
40. Жуманов Ғалым Төлеутайұлы 1986 жылдан бастап (34 жыл)
41. Темірбеков Өмірбек Жамантайұлы (24 жыл)
42. Оразбаева Әсемкүл Кәрімжанқызы (21 жыл)



**Абдикерова Гаухар Салимқызы**
**Әдіскер**
**1982-2009 ж. ж.**



**Исатаев Серік**
**Бас есепші**
**1984-1998 ж. ж.**



**Суханберлин Ошақбай Суханберліұлы**
**Директордың оқу-өндріс жөніндегі орынбасары**
**1977-1997 ж. ж.**



**Ауесбаева Дариға**
**Шаруашылық басқарушысы**
**1974-2013 ж. ж.**



**Жексембина Светлана Төлеубайқызы**
**Орыс тілі және әдебиетіпәнінің оқытушысы**
**1978-2013 ж. ж.**



**Бейсбаева Несипжан Секербайқызы**
**Математика пәнінің оқытушысы**
**1982-2020 ж. ж.**



**Жашкеев Мекен
Елубайұлы
Арнайы пәндер
оқытушысы
(1983-1994)**



**Утегенова Рыскүл
Біләлқызы
Директордың
оқу-ісі жөніндегі
орынбасары
1977-1994**



**Абильдин Канат
Көшкімбайұлы
Директордың
оқу-өндіріс жөніндегі
орынбасары
1985-2021 ж. ж.**



**Жумкин Фархат Се-
рикұлы
Өндіріс шебері
1986-2019 ж. ж.**



**Омарбеков Алтай
Жайлығұлұлы
өндірістік оқу
шебері
1980-2021 ж. ж.**



**Темірбеков Өмірбек Жамантайұлы**
**Арнайы пәндер оқытушысы**
**1984 жылдан бастап**



**Жұманов Ғалым Төлеутайұлы**
**Дене шынықтыру пәнінің оқытушысы**
**1986 жылдан бастап**



**Оразханов Рысбек Борхибайұлы**
**Колледж директоры**

Білімі:Жоғары.

Целиноград ауыл шаруашылық институтын

Мамандығы: Агроном-ғалым

Санаты: Бірінші.

Лауазымы: 2013 жылдың тамыз айынан бастап қазіргі уақытқа дейін
Шет агротехникалық колледжінде директор.



**Айешова Умитжан Нестайқызы**
**Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары**

Білімі:Жоғары.
1. Қарағанды политехникалық институтгы.
2. Қарағанды экономикалық университеті.
Мамандығы: 1. Инженер құрылысшы-технолог.
2. Экономист
Санаты:Жоғарғы.

Қызмет орны: Шет агротехникалық колледжі,
Лауазымы:Арнайы пәндер оқытушысы 1984-2004жж.
2004 жылдан бастап директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.



**Тусупова Индира Төлешқызы**
**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**

Білімі: Жоғары.
1. Қарағанды мемлекеттік университеті.
2. Қарағанды экономикалық университеті.
Мамандығы: 1. География пәнінің оқытушысы.
2. Ақпараттық жүйелер

Санаты :Жоғарғы.

Қызмет орны: Шет агротехникалық колледжі
Лауазымы:География және информатика пәндерінің оқытушысы 1999-2013жж.
Колледж әдіскері 2013-2015жж.
2015 жылдан бастап Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.



**Сериков Жанат Фархатұлы**
**Директордың оқу өндіріс ісі жөніндегі орынбасары**

Білімі: Жоғарғы. 2004-2008 жылдары Қарағанды политехникалық колледжі, мамандығы: Автомобиль көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру технигі.
2008-2011 жылдары Қазақ қатынас жолдар университеті
Мамандығы: Көлік, көлік техникасы және технологиялары бакалавры. Санаты: Жоғарғы.
Еңбек жолы:
2008-2009 жылдары ТОО «TODINI» - жұмысшы;
2009-2010 тамыз - Шет ауданының мәдениет үйі - дыбыс операторы;
2010 қыркүйегінен - 2014 тамыз айына дейін - «Жезқазған Бизнес
және көлік колледжі» ЖМ - өндірістік оқыту шебері.
2014 қыркүйегінен қазіргі уақытқа дейін «Шет агротехнилық
колледжі» КММ мекемесі:
Өндірістік оқыту шебері 2014 - 2016 жж.
Колледж әдіскері 2016 - 2020 жж.
2020 жылдан бастап директордың оқу өндіріс ісі жөніндегі орынбасары.

## ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС






Қазақстанның білім стратегиясы:
жаңашылдық, сана, отансүйгіштік

## КОЛЛЕДЖ ТҮЛЕКТЕРІ



**Қиымбеков Ноян Мұратұлы**
**22. 10. 1973 ж.т.**

1988-1991 жылдары №11 кәсіптік-техникалық училищесінде «Электр және газбен дәнекерлеуші» мамандығы бойынша оқыды.

Қызметі: Жамбыл облысының жол полициясының басшысы



**Жумашев Болат Рымқұлұлы**
**21.05. 1973 ж.т**

1988-1991 жылдары №11 кәсіптік-техникалық училищесінде «Тракторист-машинист» мамандығы бойынша оқыды.

Қызметі: Абай атындағы ЖББ мектебінің директоры



**Жагыпберова Салтанат Токабайқызы**
1968 ж.т.

1985-1988жылдары «Сылақшы-сырлақшы» мамандығы бойынша №11 кәсіптік-техникалық училищесінде оқыды.

Қызметі:Теміртау индустриялды - технологиялық колледжінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.



**Аринова Сәуле Серікқызы**
**14. 10. 1970 ж. т.**

1985-1988 жылдары «Сылақшы-сырлақшы» мамандығы бойынша №11кәсіптік-техникалық училищесінде оқыды.

Қызметі:«Мемлекеттік корпарация», «Азаматтарға арналған үкімет» Нұр-Сұлтан қаласы



**Жұмкин Балғат Боранбайұлы**
**30. 05. 1970 ж. т.**

1985-1988 жылдары «Тракторист-машинист» мамандығы бойынша оқыды.

Қызметі: 1992-2008 жылдары Шет ауданының Қарағанды облысының әкімдіктерінде қызмет істеді. Әрі қарай жеке бизнес саласында жеке кәсіпкер.



**Қанжанов Қайдар Мейржанұлы**
**14. 12. 1974 ж. т.**

1989-1992 жылдары №11 кәсіптік-техникалық училищесінде «Тракторист-машинист» мамандығы бойынша оқыды.
Қызметі: ОМБЖ «Жас сұңқар спорт мектебінің директоры»
ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы.
Дзюдо, самбо, қазақ күрестерінен еңбек сіңірген спорт шебері

Шет агротехникалық колледжінің деректерін дайындаған:
**Айешова Үмітжан Нестайқызы.**

# VII БӨЛІМ

## Нұра бойындағы елді мекендердің мәдени-рухани көріністері

# ЕЛ ІШІ - ӨНЕР КЕНІШІ

Шежірелі Шет өлкенің қасиетті топырағына тамыр тартқан Шет өңірінің тарихы тым әріде жатқанын кейінгі ұрпаққа жеткізу сізбен біздің міндетіміз. Осы орайда, Шет ауданының «Құрметті азаматы» «Құрмет» орденінің иегері, ертеректе ұмыт қалған деректерді жинастырып естелік-кітап шығаруды қолға алған істің жұмысын ұйымдастырушы, Орджоникидзе колхозының тумасы, елінің патриот-жанашыр перзенті, ауданымыздың өсіп өркендеуіне үлес қосқан Жұмкин Боранбай ағамызға ризашылығым шексіз. Ата мекенінің арғы бергі тарихын жеткізіп, үкілі үміт жетегіндегі жас ұрпаққа өнегелі тәлімін, танымдық деректік кітап арқылы жеткізіп отырғаны «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламаны басшылыққа ала отырып, ауылдың ірге тасын қаласып, өркендеуіне ат салысқан азаматтарды айшықтап көрсете білген. Борекеңе, - «ауыл халқы өнерсіз болған емес және білім бұлағының қайнар көзі - кітаптар емеспе, менде мәдениет саласының ардагері ретінде естелік-жазбаңызға үлесімді қосайын» - деп қолқа салдым.

Мәдениет пен өнер саласында қол жеткізіп жатқан толайымды табыстарға, қазақи әдеп ғұрыптың, ұлттық мәдениеттің, салт сананың, тілдің, даналық пен саналықтың бастауы, өнер біткеннің қайнар көзін ашатын әрине мәдениетті басқара білген азаматтарға байланысты. Осы орайда мен Орджоникидзе колхоз-совхоз кезінде аудан мәдениетінің гүлденуіне қамқорлық жасап, аудан бойынша мәдениет бөлімін басқарған азаматтарды атап өткім келеді.

Алькеев Забира -1967-1969 жылдары;
Мұқашев Алпыс - 1970-1972 жылдары;
Әбдіғалиев Төлеубай - 1972-1977 жылдары;
Сүйіндіков Зарубай - 1977-1980 жылдары;
Маясарова Шәкен -1980-1983жылдары;
Тельпекбаев Рымқұл-1984-1986 жылдары;
Кулейменов Қайыргелді - 1987-1988 жылдары;
Ахметова Гульмира -1988-2008 жылдары.
Карибеков Аян -2008-2015 жылдары
Тиышмағанбетова Салтанат- 2015- 2019 жылдары;
Ахмедия Самат - 2019 қ. у.

1974 жылдан аудандық мәдениет саласынан еңбек жолымды бастаған едім, сол жылдары Орджоникидзе атындағы совхозға қарасты қлубтармен кітапханалар болатын. 1981 жылдан кино жүйесін директоры қызметімде, 1989-2008 жылдар аралығында ауданның мәдениет





Алькеев Забира Мұқашев Алпыс Әбдіғалиев Төлеубай





Сүйіндіков Зарубай Маясарова Шәкен Тельпекбаев Рымқұл





Күлейменов Қайыргелді Ахметова Гульшара Карибеков Аян

бөлімін 20 жылдай басқарып жүрген кезімде ауданымыздың қадірлі азаматы атанып, «Үздік киномеханик» төс белгісіне иеленген, 45 жыл аудандық мәдениет бөлімінде киномеханик болып еңбек еткен, мәдениет саласының ардагері Омаров Мұғаз ағаның аудан көлемінде, оның ішінде Орджоникидзе колхоз халқына мәдени қызмет көрсеткен кезінен бертінге дейін еңбегіне куә болды. Кино таситын автоклубына мініп алып апталап, ерінбей, шаршамай шалғай жатқан елді мекендерді, жәйлауларға, шөпшілермен қыстақтарға апарып киносын қойып халыққа қызмет көрсеткен адам. Мұғаң өте еңбекқор, шыншыл, бір беткей жан еді. Ұзын бойлы, ат жақты, тік жүретін, дауысы зор, жүзі қатыңқы, сөйлегенде барлық қызметкерлер, аудан басшыларының өзі қаймығып отыратын. Темірдей тәртіпті жақсы көрген адам, ауыл-аймақ, қыстақ-жайлауларда кішкентай баладан, үлкен қарияға дейін күтіп отыратын. Сол уақытта қазіргідей телевизор, кинотеатр болмаған төрінде жасы шамалас еріптестерімен өнерпаз жастармен бірге спектакль концерт қойған уақыттардағы қызықты хикаялары бір төбе.

Мұғаз Омаров үзеңгілес әріптестерімен автоклубымен киноларын бірге алып жүріп Шет ауданының барлық елді мекендерінде Үгіт бригада мүшелерімен спектакль қойылымдарын, концерттерін еңбекқор халық алдында, күнделікті күйбің тірлікпен қолдары тимейтін қарапайым шаруашылықпен айналысатын тұрғындармен балаларға өнерлерімен ауыл халқының көңіл күйлерін көтеріп қайтатын. Барлық мәдени шаралар қойылымдарын арнайы маршрут бойынша бөлімше клубтарында көрсету, халыққа ұсыну осы аудан орталығында орналасқан Орджоникидзе совхозының халқынан басталатын.

Халық театр актерлері, «Ақсу-Аюлы» ән-би ансамбль, «Сарыарқа» үгіт-насихат бригада мүшелерін атап айсам: актер, ақын, күміс көмей әнші болған, кезінде облыстық Сәкен Сейфуллин театрының белді актері Ермек Мұстафин, режиссер-актер Сайран Түсіпбеков, асаба, ақын, әнші Амантай Рашитов, суретші, күйші, актер, композитор Ыбыжан Төлегенов, жазушы- ақын, актер, сценарист Саябек Айнатаев, Тезекбай Амандықов, әнші Марал Медеуова, актриса Күміс Қасымбекова, күйші ағамыз Дәулетбек Сәдуақасов, актриса Света Қаппарова, сол кездегі жас мамандар Света Жұмкина, Қайрат Мұстафин, «Жас түлек», «Арай» ансамбльдерінің мүшелері Алтай Омарбеков, Қайрат Боранбаев, Сейілхан Аманбеков, Серік Төкенов, ағайынды Кулейменовтар киелі өнер тарландары қасиетті ауыл топырағынан нәр алып қанаттанған. Мен бәріне куәмін. Театр мүшелері, өнер мен мәдениеттің даму, өрлеу жолында Бекзат Қойшыбаев, Әсемкуль Ахметжанова, Рыскүл Досанова, Анар Тәжібекова, Шолпан Дуанбекова, Жанболат Тәжібеков, Елубек Түсіпбеков, Мадина Бөлькенбаева т.б кешегі жастар бүгінгі осы саланың қызметкерлері еңбек ардагерлері. Мұғаң ағамыздаң үлгі алып,

ақыл тыңдап, сабақ алған. Ағамның есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Рымбала апамыз балаларымен бірге айтуға тұрарлықтай, өшпес із қалдыратын мұра-кітап шығаруды қолға алып «Аманат» атты кітабі жарыққа шығарылды. Артында қалған балалары өсіп өніп, білікті маман атанып, қазірде бір бір шаңырақтың иелері. Мұғаз Омаровпен бірге аты аталған азаматтар еңбегі барлық елді мекендердегі ауыл халқына еңбегі сіңген айтарлыққа тұратын азаматтар болды.

## ОРДЖОНИКИДЗЕ СОВХОЗЫНА ҚАРАСТЫ МӘДЕНИ НЫСАНДАРДА ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН АЗАМАТШАЛАР ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР

Орджоникидзе совхозына қарасты 5 клуб, 5 кітапхана болды:совхоз орталығында, Ақтөбе, Қайрақты, Ақсу, Еңбекшіл бөлімшелерінде мәдени нысандардың есеп қисап жұмыстарын мәдениет саласында еңбек етіп зәйнеткерлікке шыққан ардагер апамыз Жщнкина Күлмара жүргізіп отыратын.



## МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

Аудан бойынша кітапханалар жүйесіне 1965 жылы Минскінің Педагогикалық институтының «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша жолдамамен біздің елге келіп, өнерпаз-сазгер, сері атанған Төлегенов Ыбыжан ағамызбен шаңырақ көтеріп, Төлегенова Татьяна/Таисия/ Павловна 40 жылдай бір салада еңбек етіп басшылық жасап зейнеткерлікке шықты. Әдіскерлер Ещанова Гульсара Созақбайқызы, Аубакирова Нағима, Айтжанова Жұмакуль, Биғарашева Күлянда, Бельгужанова Гүлнәр ауылдық кітапханашыларға методикалық нұсқаулар беріп, кітап пунктері жандандырып оқырмандар арасында жан жақты шаралар ұйытқысы бола білді.



### Төлегенова Татьяна

Төлегенова Татьяна Павловна - орталықтандырылған кітапхана жүйесін ұйымдастырушы, осы жүйенің алғашқы директоры. Ол кісі 1965 жылы Минскінің педагогикалық инстиутының «Кітапхана ісі» бөлімін бітіріп, Қазақстанға жолдамамен келген. 1965-1976 жылға дейін аудандық көпшілік кітапханасында жұмыс істеген. 1976-2002 жылға дейін орталықтандырылған кітапхана жүйесінін-директоры болды. Аталған жылдары кітапханада кітап қоры 4500 дей дана кітап болған. 1977 жылы мәдениетминистрінің марапатына ие болған. Тың игерудің - 25 жылдығына орай мәдениет министрінің «Кітаптарды насихаттаудағы ерен еңбегі үшін» медалімен және көптеген алғыс хаттармен мараппаталған. Қазіргі уақытта «Құрметті еңбек демалысында».

**Кітапқа деген сүйіспеншілікті тудыру әрбір кітапханашының міндеті, борышы. Кітапхана өмірі - сырт көзге біліне, байқала бермейтін ағысы баяу, тулаған толқындар ішінде жататын өмір. Осы парасатты мәдени орында Ақтөбе бөлімшесінде Бану Нуркешева, Еңбекшілде Тиыштық Қожабекова, Қайрақтыда Сартбайқызы Несіп, Ақсуда Әбдібекова Зүбан апаларым еңбек етті, ал совхоздың орталық кітапханасынан еңбек жолын бастаған жас маман Нурпейсова Мейрамкуль бүгінгі күні Аудандық орталықтандырылғын кітапқана жүйесінің директоры.**



**Әбдібекова Зүбән**

Әбдібекова Зүбән 1949 жылы 29 қаңтарда «Ақсу» ауылында дүниеге келген. 1955 жылы мектеп табалдырығын аттап, 1966 жылы Ы. Алтынсарин атындағы 11 жылдық мектепті бітірген.

1966 жылы Қарағанды Педагогикалық институтына түскен. 1970 жылы май айында «Ақсу» ауылына кітапханашы болып орналасқан. Кітапханада жұмыс жасап жүрген кезде бірнеше мақтау қағазы мен газетке Зубаннің жұмысы туралы мақала шыққан. Көп балалы ана ретінде 1, 2, 3 дәрежелі ордендер алған. 1998 жылы кітапхана жабылуына байланысты зейнеткерліке шықты.



**Қожабекова Тыныштық**

Қожабекова Тыныштық 1942 жылы 10 наурызда Шет ауданы Еңбекшіл колхозында дүниеге келген Еңбек жолың 1969 жылдан бастап Еңбекшіл ауылында кітапханашы болып бастап 1984 жылға дейін қызмет атқарып зейнеткерлікке шыққан.



**Сартбайқызы Несіп**

Сартбайқызы Несіп 1954 жылы 1 қантарда туған. 1961 жылы мектеп қабырғасына барып, 1971 жылы бітірді. 1972 жылдың май айынан бастап «Қайрақты» бөлімшесінде кітапхана меңгерушісі болып еңбек етті. Білімі орта дәрежелі, кітапханашы мамандығын бітірген.



**Нурпеисова Мейрамгуль Сансызбайқызы**

1987 жылы Қарағанды мәдени ағарту училищесін, 1997 жылы Алматы қыздар педагогикалық институтының кітапханашы-библиограф мамандығы бойынша бітірген. Оқуды бітірген жылы Шет аудандық орталық кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің абонемент бөлімінде кітапханашы болып бастаған. 1987 жылдың желтоқсан айынан 1991 жылдың маусым айында аудан жанында орналасқан Орджонокидзе атындағы совхоздың кітапханасының кітапханашысы қызметін атқарған, 1992 жылдан аудандық балалар кітапханасының әдіскері, меңгерушісі, 2012 жылдан Шет аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры болып қызмет атқарады.

Клуб үйлері совхоз орталығында және 4 бөлімшеде өз деңгейінде мәдени көпшілік шаралар ұйымдастырып, ауыл жастарына сауық кештер, киноқойылым, кездесу кештерін, байқаулар өткізіп, және мәдени бұхаралық іс шаралар өткізіп отырды.

Ақтөбе клубында - Мешелова Сарқыт, Мауленова Мейрамкуль

Ақсу клубында -Тажібекова Анар, Ахметжанова Әсемкуль,

Еңбекшіл клубында - Қаппарова Сағын, Досанова Рыскүл,

Қайрақты клубында- Досанова Рыскуль, Нурпейсова Айткуль

Совхоз орталығында-Ибраева Бибігүл, Бөлкенбаева Мадина



**Ахметжанова Асемкүл Самиғоллақызы**

Ахметжанова Асемкүл Самиғоллақызы 1965 жылы Шет ауданы, Орджоиникидзе атындағы совхоздың Ақсу бөлімшесінде туған. Білімі жоғары. 1984 -1986 жылдар аралығында Жезқазған мәдени - ағарту училищесінің «клуб қызметкері, халық аспаптар оркестрінің жетекшісі» мамандығын, 2016 жылы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің «Мәдени - тыныңу жұмысы» мамандығын тәмамдады. Еңбек өтілі 34 жыл. Еңбек жолымды 1987 жылы Орджиникидзе атындағы совхоздың Ақсу бөлімшесінің клуб меңгерушісі болып бастаған. 1988 жылы аудандық мәдениет үйіне әдіскер болып қызметінде, 2000 жылдан Шет аудандық мәдени - сауық орталығының директоры болып қызмет атқарып келеді.

**Нұрпейісова Айткүл Советқызы**



Қайрақты бөлімшесінің клуб меңгерушісі Нұрпеисова Айткүль, 1989 жыл.

Нұрпейісова Айткүл Совет қызы, 1968 жылы 5-науырызда туылған 1987-жылы Қарағанды мәдени-ағарту училищесіне түсіп, 1989 жылы еңбек жолын Қайрақты бөлімшесінде, яғни өзінің ауылында клуб меңгеруші қызметін атқарды. 1991 жылы басшылықтың шақыруымен Шет аудандық үйінің жанынан құрылған орталықтандырылған автоклуб жүйесінің меңгеруші қызметін атқарды.

Орджоникизде клубы көркемдік жетекшісі қызметін атқарған.

**Бөлкенбаева Мадина Толеубайқызы**



Бөлкенбаева Мадина Толеубайқызы 27.07. 1970 жылы Шет ауданы Ақсу -Аюлы ауылында дүниеге келдім. 1987 жылы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіріп, 1988 жылы аудандық мәдениет үйіне жұмысқа орналасады. 1989-1993 жылдар аралығында Орджоиникидзе атындағы созхоздың клуб үйінде көркемдік жетекші, 1993 жылдан бастап аудандық мәдениет үйіне ауысып, кадр жөніндегі инспектор, одан кейін директордың орынбасары болып қызмет атқарып келеді.

**Тәжібекова Анар Аманкелдіқызы**



АҚСУ ауылының клуб меңгерушісі Тәжібекова Анар Аманкелдіқызы 1968 жылы Шет ауданы Ақсу бөлімшесінде дүниеге келген,

1975 жылы 1 сыныпқа барып 1985 жылы Ы. Алтынсарин атындағы мектептің 10 сыныбын аяқтап сол жылы Жезқазған облысы Никольск қаласының мәдени - ағарту училищесіне оқуға түсіп 1987 жылдың желтоқсан айында Жезқазған мәдени - ағарту училищесінің клуб меңгерушісі және оркестр жетекшісі мамандығы бойынша бітіріп 1988 жылдың 1 ақпанынан бастап Орджоникидзе атындағы совхоздың №1 Ақсу бөлімшесінде клуб меңгерушісі болып қызметке қабылданады.



**Ибраева Бибігүл Қалиқызы**

Ибраева Бибігүл Орджоникизе клуб меңгерушісі 1983 жыл. 08.08.1962 жылы Шет ауданы талды ауылында дүниеге келді. 1980 жылы орта мектепті аяқтап, сол жылы Жезқазған қаласындағы мәдени - ағарту училищесіне түсіп, 1983 жылы би жетекшісі мамандығын тәмамдады. 1983-1993 жылдар аралығында Орджоиникидзе совхозының клуб үйінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1988 жылы аудандық мәдениет үйіне би жетекшісі болып еңбек етті.



**Досанова Рыскүл**

Еңбекшіл ауылының клуб меңгерушісі Досанова Рыскүл 1964 жылы қараша айының 19 жұлдызында Қарағанды қаласында дүниеге келген. 1983 жылы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіріп 1984 жылы желтоқсан айында Қайрақты бөлімшесінің мәдениет үйіне көркемдік жетекшілікке орналасты. 1986 жылы Алматы қаласында ауыл клубының 3 айлық курсында дәріс алып, клуб меңгерушілік қызметіне тағайындалады, 1987 жылдан бастап аудандағы Орджоникидзе атындағы совхоздың мәдениет үйінің директорлық 1988 жылы аудандық мәдениет үйіне би үйірмесінің жетекшілігі әрі қарай халық театрының режисері қызметін атқарды.



**Каппарова Сағын Нұржановна**

24 шілде 1955 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақшатау посёлкасында дүниеге келген. 1961 жылы мектеп табалдырығын аттап, 1972 жылы аяқтады. 1980-1994 жылдары Еңбекшіл бөлімшесінде Клуб меңгеруші болып істеді. Осы жылдар аралығында «Береке» ансамблын құрып, театр қойылымдарымен ауыл халқына мәдени шаралар ұйымдастырып отырды. «Шет аудандық археологиялық-этнографиялық музейі Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Шет аудандық археологиялық-этнографиялық музейі» КМҚК. Музей басшысы Қа-

мытбаева Салтанат Дартаевна. Музей 1988 жылы ауданның 60 жылдық мерейтойына орай салынып, ашылды. Музейдің алғашқы көне жәдігерлерді жинақтаушы Бақи Мақажанов жетекшілік жасады. 1990-2003 жылдары жазушы Кәмел Жүністегі. 2003-2005 жылдары Кейкин Қанат Еркебайұлы, 2005-2016 ж. Зәрубай Сүйіндіков директоры болды.

«30 жылда 30 игі іс» шаралары жалғасын табуда.

**Ахметова Гүльшара Қамиқызы**
**ҚР Мәдениет қайраткері**



**Медиев Қасымбек, Жұмабеков Хамза, Орманбет имам. Мешіт 1996**




**Аудандық мұражай 1996**

# VIII БӨЛІМ

## Тәуелсіздік жылдарында Нұра бойындағы «Шеткөмек» Кредиттік Серіктестігі ЖШС-нің шаруаларға қолдауы.

## Нұра бойында Тәуелсіздік жылдарында «Шеткөмек» Кредиттік серіктестігінің шаруаларға жасаған қаржылай қолдауы туралы көріністер.

2005-2021 жылдары ауданның ауыл шаруашылығы саласындағы еңбеккерлердің кәсібін көтеруге бағытталған Қазақстан Республикасының Президентінің 2003 жылғы 23 наурызындағы Заңмен арнайы құрылған «Шеткөмек» Кредиттік Серіктестігі ЖШС ауыз толтырып айтарлықтай біршама игі жұмыстарды атқарды.

«Шеткөмек» Кредиттік Серіктестік (әрі қарай Серіктестік) 2005 жылдың 1 шілдесінен бастап қызмет істейді. Алғашқыда Серіктестіктің құрамына 24 шаруа қожалықтары (ШҚ) кіріп, несие арнасы 34, 0 млн. теңгенің көлемінде жұмысты бастағанбыз. Несие шаруа қожалықтарына жылдық 6 пайыз банкілік сыйақымен берілді. Құрылтайшылардың басым бөлігі ауданның маңындағы бұрынғы Орджоникидзе, Кеншоқы совхоздарының шаруалары, Серіктестіктен жеңілдетілген пайызбен несие алып, мал басын сатып алып, біршама шаруашылық деңгейін көтеріп алды. Солардың қатарында «Ақсу» ш/қ жетекшісі - Есенқұл Ерденбайұлы, «Жалаңтөс» ш/қ жетекшісі - Жақыпбайқызы Маржан, «Ақжол» ш/қ жетекшісі Мұстафа Серғазы, «Ернат» ш/қ жетекшісі - Бөртебаев Еркінтай, «Нұржанат» ш/қжетекшісі - Касембеков Мейрам т. б.



**Қарағанды обылысы бойынша Аграрлық несие корпорациясының филиалы және "Шеткөмек" ұжымының мамандарының Ортау ауылдық округ шаруа қожалықтары: Ш/Қ "Бірназар", Ш/Қ "Қақсал”, Ш/Қ "Аманбай” басшыларына тексеріске келеген сәтінен естелік сурет**

Бүгінгі күні Серіктестіктің қатысушылары (мүшелері) 200-ден асты, несие арнасы - 2, 3 млрд. теңгені құрайды.

Осы жылдар ішінде Серіктестік ауданның 500-ден астам шаруа құрылымдарына 3,0 млрд. теңгеге жуық несие-қаржы беріп, олар жылдан-жылға шаруашылықтарының әлеуетін көтеріп келеді.

Серіктестік өзінің қатысушыларына мына бағытта қаржылай қолдау жасап отыр: «Агротехника» бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу, «Сыбаға» бағдарламасы бойынша Ірі қара мал мен қой түлігін өсіру, «Агробизнес» бойынша 5 бағытта мал, өсімдік өнімдерін қайта өңдеу т.б. Жұмыспен қамту Бизнестің Жол картасы 2017-2021 жылдары «Іскер» бағдарламасы бойынша несие 5-7 жылға берілді. Қазіргі кезде өз кәсібімді ашып, оның жұмысын дөңгелетем деген азаматтарға мемлекет тарапынан қаржылай қолдау мен көмектің мүмкіндіктері бар.



**«Сыбаға» бағдарламасы бойынша "Ербол" шаруа қожалығының басшысы Бика Ербол 2019 жылы 40 млн. теңге несие алды. Осы қарыздың нысаналы мақсаты бойынша саны 1334 бас аналық қой алынды.**





Серіктестік Тәуелсіздіктің 16 жыл бойы ауданның шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлерге бизнесін ашуға және оны әрі қарай дамытуға тұрақты түрде қол жетімді несие-қаржы алуын қамтамасыз етуде.

Серіктестіктің іскер басшысы Иманбаева Ақжарқын мен білімді мамандары: Абдығалиева Жанагүл, Бекеева Жадыра, Мақажан Бекзат, (Темірбекова) Алгожина Гүлім, Жиренбай Мөлдір, Әлімбетова Ырыскүл, Қабас Рауан, Абенов Рахымжандар өз мамандықтарының мықтылары. Серіктестіктің қатысушыларына мінсіз қызмет көрсетіп, олардың кәсіптерінің дамуына тынымсыз, адал еңбек атқаруда. Баршасы Серіктестіктен несие-қаржы алушылардың құрметі мен алғысына ие болған азаматтар.



2005 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін «Шеткөмек» Кредиттік серіктестігі ауданның ауыл шаруашылығы саласына қаржылай қолдау көрсетіп, жылдан-жылға тауар өндірушілер мен жеке шағын кәсіпкерлерге несие беру ауқымын кеңейтіп келеді. Өздеріңізге белгілі екінші деңгейдегі банкілер ауыл шаруашылығына несие беруге құлықсыз. Себебі несие алушылардың ауыл тұрғындарының кепілдікке қоятын мал-мүліктерін олар алмайды. Ал біздегі жұмыс атқарып тұрған Кредиттік Серіктестік борышкерлердің, несие алушылардың мал-мүлкін қажетті құжаттармен рәсімдеп, олардың нарықтағы бағасын шығарып, сол бойынша несие алуға барлық мүмкіндіктерді жасайды.

**Жеке кәсіпкер "Жұмтай Ә. С. ” жетекшісі Жұматай Ә. С. 5 300 000 теңге несиеге, 10 бас аналық ІҚМ және 8 бас жылқы малдарын сатып алып, кәсіпкерлікті дамытуға қадам басты**



Тәуелсіздіктің осы жылдарында (2005-2021) Серіктестіктен несие алып, өз жұмыстарын дөңгелетіп, қарамағындағы малдардың басын көбейтіп, одан өндіретін өнімдердің көлемін ұлғайтқан жүздеген шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлерді атап айтуға болады.

Олар, Серіктестіктің алғашқы құрылтайшылары: Ақсу-Аюлы ауылдық округінен: «Нұржанат» ш/қ жетекшісі - Касембеков Мейрам, «Ақтөбе» ш/қ жетекшісі - Қасымұлы Сапар, «Харекет» ш/қ жетекшісі - Хантурин Қуаныш, «Қайрат» ш/қ жетекшісі - Ыбырай Шынатай, «Айнабұлақ» ш/қ жетекшісі - Өтегенов Талғат, т. б.

  

**Ш/Қ «ШАЛҚАР» басшысы Сағындық Ш. С. 2020 жылы «Агротехника» бағдарламасы бойынша 12 620 000 теңге алды. Нысаналы мақсаты:Трактор "Беларус- 80.1” саны бір дана., 2019 жылы шығарылған, Косилка екі б-русты, тіркеме КПФ- 4М (рама жиналатын, саусақты) саны бір дана., 2019 жылы шығарылған, Пресс-іріктеуші ПРФ-145 рулонды, саны бір дана, 2019 жылы шығарылған.**

Кеншоқы ауылдық округінен: «Жалаңтөс» ш/қ жетекшісі -Жақыпбайқызы Маржан, «Түлкілі» ш/қ жетекшісі - Дәрімбаев Азамат, «Шалқар» ш/қ жетекшісі Сағындық Шалқар, «Бағлан» ш/қ жетекшісі Дүйсебеков Марат, «Қойтас» ш/қ жетекшісі Тайжанов Марал, «Шилі» ш/қ жетекшісі Жұматаев Мейрам, «Шәуен» ш/қ жетекшісі Абдуов Ерік т.б. Бұл шаура қожалықтары Серіктестіктен бірнеше рет несие алып, мал басын көбейтіп, шаруашылыққа қажетті техника алып, оның әлеуетін, көтеруде.

Тәуелсіздіктің қиында күрделі кезеңінде Тұңғыш Президентіміз Елбасының алға қойған мақсаттары мен міндеттерін орындауға Кредиттік Серіктестіктің ұжымы білімі мен біліктілігімізді, қажыр-қайратымызды салып, еңбек етіп, халықтың әл-ауқатын көтеруге қолдау жасағанымызды бүгінгі күні мақтаныш сезіммен айта аламыз.

Біздің Серіктестік облыс, республика бойынша алдыңғы қатарда. Серіктестік туралы көп айтуға да жазуға болады. Бірақта оны тоқтатып, сөз соңында ылайым әрі қарай келешекте Серіктестіктің ауыл еңбеккерлеріне көмегі мен қолдауы көп болады деген сенімдеміз. Серіктестіктің ұжымына және оның қатысушыларына қаржылай қолдаудың арқасында жаңа белестерден көріне беріңдер деген тілектемін.

Серіктестіктің бүгінгі күні атқарып жатқан жұмыстарын жазба-фото көріністерден таныс боласыздар.



«Кенжебай» ш/қ басшысы Есенкулов Т., 2020 жылы «Агробизнес 5 бағыт» бағдарламасы бойынша 24 884 000 теңге алды. Нысаналы бағыты: XCMG LW 500 FN маркалы фронтальды тиегіш 1 дана сатып алынды, 2019 жылы шығарылған және жылқы малы 10 бас.




«Алға» ш/қ басшысы Татипанов Серекпай 2020 жылы «Агротехника» бағдарламасы бойынша 7 300 000 тенгеге доңғалақты МТЗ-82. 1 тракторы мен 2 750 000 тенгеге ПРФ-145 маркалы шөп пресстейтін тіркемелі құрылғысын алды.



«Дандан» ш/қ жетекшісі Дандан Ардашер 2020 жылы «Сыбаға Алтын асық» бағдарламасы бойынша 18 500 000 тенгеге 465 бас қой малын (ҰММ) сатып алды.

**Тәуелсіздік жылдарындағы бұрынғы Орджоникидзе атындағы совхозының орнына құрылған жеке шаруашылықтарының бірі «Харекет» шаруа қожалығының көріністері.**

**Хантурин Қуаныш Хамитұлы** 1963 жылдың маусым айының сегізінші жұлдызында Шет ауданы (бұрынғы Сталин колхозында) қазіргі Кеңшоқы ауылында дүниеге келген. Руы-Тоқа, тегі-Хантөре. Әкесі-Хамит Әйділдәұлы колхоз құрылысының қайраткері. Тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде Орджоникидзе совхозының барлық бөлімшелерінде бригадир болып жұмыс атқарған. Шет ауданының шаруашылықтарында тракторшылар бригадасының бригадирі, СПТУ-де аға оқыту шебері қызметтерін атқарған. «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.

Анасы-Сара Жақыпбекқызы 1928ж 17-наурызда Орташоқы ауылында дүниеге келген, тыл ардагері. Көптеген жылдар бойы әр түрлі салада қызмет еткен. Жеті баланың анасы.

Хантурин Қуаныш 1970ж 7 жасында аудан орталығындағы М.Горький атындағы орта мектептің табалдырығын аттады. «Әке көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер» демекші сегізінші сыныптан кейін Шет аудандық СПТУ 174-ке тракторист-механизатор мамандығы бойынша оқуға түсті. 1978-1981 ж үш жыл оқыды. Сол жылдары әкесі Хамит

кәсіптік училищеде мастер-механик болып қызмет атқарған. Әкесіне ілесіп шөп шауып, тракторге отырып, тырнауышпен шөп жинап жүріп, кәсіптік училищенің директоры Д.Бөкенаевтың көзіне түсіп, 15 жасынан бастап өзге тракторшылар қатарлы еңбекақы алып, ерте еңбекке араласты. 1981ж Ақмола облысының Щучинск қаласындағы Щучинск өндірістік-педагогикалық Техникумда (ЩИПТ] оқуға түсті. Оқуға түскен жылы Отан алдындағы борышын өтеу үшін Ақмола облысынан Ресейдің Орынбор облысы, Троицк қаласына әскерге аттанды. 1983жылы әскерден келіп әрі қарай ЩИПТ-да оқуын жалғастырды. 1986ж техник-механик өндірісі ісінің шебері «мастер производственного обучения» мамандығын алып шықты. Одан кейін аудандық СПТУ-174те 7 жыл ұстаз болып қызмет атқарды. 1993-1995ж мұражайдың бір бөлмесін алып, «Ғибадатхана» ашып, жас балалардан қарияларға дейін имандылық пен дінді үйретті. Мектептерде имандылық пен төтенше жазудан (ескіше) сабақ берді. 1995-1996 жылдары аудан орталығындағы мешіттің ашылуына ат салысып, сол мешітте қызмет атқарды.

1996-2000 жылдар аралығында Шымкент, Ташкент медреселерінде дәріс алды.



2005жылдан бері «Харекет» ШҚ жетекшісі. Осы шаруа қожалығының (ШҚ) үлес қосып жатқан азаматтарға тоқталсам.

**Балбеков Айбек Ескендірұлы**

Ең алғаш шаруашылықты ашқанда басы-қасында болып, осы уақытқа дейін мал бағып, (оның ішіндегі қой малы) қыстың бораны мен аязында, шілденің аптап ыстығы мен жауын-шашындарда бір малын шашау шығармай бағып, осы шаруашылықтың ыстығы мен суығына төзіп жүрген, 17 жасынан бастап осы қыстақта еңбек етіп келеді.

**Хамит Батырбек Қуанышұлы**

2007 жылдан бастап еңбек етіп келеді. Бүкіл шаруашылықтың техникаларын, қыстағы малдың азығын, жем-шөбін, отын-суын қамтамасыз етіп, шаруашылықты жүргізіп отырған екінші ұлы. Қыстай техникаларымен қар күреп, малдың қиын шығарып, жол ашып, жаздай шөп шауып, артынан ерген інілерін еңбекке баулып, техниканың қыр-сырын үйретіп, шаруашылықтың дамуына өз үлесін қосуда.

**Райымқұлов Қанат**

2009 жылдан бастап еңбек етіп келеді. Мамандығы-құрылысшы (плотник). Әдемі үйлердің, үлкен баздардың, қоралардың шаруашылықтағы жалпы құрылыстың салынуына қолдау жасай үлес қосқан азамат. Бүгінде осы қожалықтың бригадирі. «Харекет» ШҚ басшысы Хантурин Қуаныш осы аталған үш еңбек ардагерлеріне қожалықтың атынан аудан орталығынан әрқайсысына жеке-жеке 4 бөлмелі, 3 үй салып берді. Қанат өзі басшы болып, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей бригадасымен екі жылда үш үйдің салынуына тер төгіп, атсалысты.

**Шуишалин Қалихан**



2008 жылдан бастап шаруашылықтың барлық жылқыларына ие болып, бағып жүрген жылқышы. 2014ж. «Шеткөмек Кредиттік Серіктестігінен» «Құлан» бағдарламасы бойынша несиеге қол жеткізіп, 55 бас жылқы алды. Осыдан бастап жылқы малы өсе бастады. Жаз жайлауында «Орыс өлген», «Аққоян» маңына жылқыларын жаяды. Бұл өлкенің қысы қатты болғандықтан қыста жылқыларын «Толағай», «Қанжығалы» жерлеріне жаяды. Аттың қыр-сырын жақсы білгендіктен жастарға атқа мінуді, шабуды үйретеді.

**Әсемхан Дархан**

2010 жылдан бастап осы шаруашылықтың ірі қара малының өсіп-өнуіне зор еңбегін сіңірген сиыршы. 2011 жылы «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 15млн. ға 80 бас ірі қара мал алдық, 2015 жылдан бастап таза ақ бас сиыр малына көштік.

Ата-бабамыздың салып кеткен сара жолы мал бағу кәсібін қолға алғанда Қуаныштың бірде-бір малы болған жоқ. 2006-2011 ж. халықтың малын баққан. Содан бері бір-екі малын өсіріп, шағын қыстақ салып, «әрекетке берекет» дегендей еңбек етіп «Харекет» ШҚ ашты. Жұдырықтай жұмылып, аянбай еңбек еткен осы қожалықтың жұмыскерлерінің арқасында қазір аудан бойынша шаруа қожалықтардың алдыңғы қатарында. Қазіргі таңда 500-ге жуық қой, 7 үйір жылқы (300-ге жуық), ірі-қара таза ақ бас -145-аналыққа жетіп, өсіп-өніп келеді. Төлдерін сатып, күнделікті тұрмыс-тіршілікке пайдаланады. Ұрғашы бұзауларын малдануға шаруашылыққа сатып, еркектерін басқа шаруа қожалықтарының малдарын асылдандыру мақсатында пайдаланады. Еліміздің «ірі-қара малды асылдандыру» бағдарламасы бойынша жұмыс атқарып жатқан «Харекет» ШҚ жылдан-жылға одан әрі дамып, өсіп-өркендеп келеді.



«Харекет» шаруа қожалығының басшысы Қуаныш Хамитұлы

Ауданымыздың көркеюіне орасан зор үлесін қосқаны үшін бірнеше мәрте аудан, облыс, министрліктер тарапынан марапатталды. Қазақстан Республикасының 23 жылдығы аясында өткізілген «Үздік маман иегерлері» аудандық байқауында «Үздік кәсіпкер» номинациясын, Республикалық «Жомарт жүрек» байқауының аудандық кезеңінде «Ерен еріктілік» номинациясын, аудандық «Жыл тұлғасы 2020» номинациясын, Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз 2020» Республикалық конкурсына қатысқаны үшін ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Б. Нұрымбетовтен алғыс хат алды. Қазақстанның озық және үлгілі ер азаматтарының топтамасын шығару мақсатымен таңдау жасалып, Қарағанды облысының ұсынуымен «Топ самыхуспешных мужчин Казахстана» кітабына кірді. 2019 жылы «Шаттық ел» қайырымдылық қорын ашып, сол қордың басшысы болып жұмыс атқаруда. Қайырымдылық қор ашылғалы тыңбастан еңбек етіп, аудан басындағы мұқтаж жандарға барынша көмек көрсетуде.

**«Харекет» шаруа қожалығының басшысы Хантурии Қ. Х. 2014 жылы "Құлан" бағдарламасы бойынша 20 млн. несие алып, жылқы малының санын көбейтіп және қожалықтың жұмысын жылдан жылға дамытуда.**



Отбасылық жағдайы: төрт әйелі, 18 баласы бар үлкен жанұяның отағасы. Елбасымыздың саясатының арқасында мемлекетіміз ауыл шаруашылығына ерекше көңіл бөлуде. Ерінбей еңбек еткен адамның өсуіне, алдыға қарай дамуына көптеген мүмкіншіліктер беріліп жатыр. «Ерекше айта кететін дүние, бұл біздің аудан орталығындағы «Шет-көмек» несие серіктестігінің басшысы, елінің жанашыры Жумкин Боранбай ағамызға және сол ұжымда еңбек етіп жүрген барлық қызметкерлеріне айтар алғысы шексіз. Бірнеше жылдар бойы осы ұжыммен жұмыс жасаудың арқасында ауданымыздың талай кәсіпкерлері өз істерін жүргізіп, шаруашылықтарын дөңгелетіп ауылшаруашылық саласын көркейтуге өз үлестерін қосып келеді» - дейді Қуаныш Хантурин.

«Харекет» ШҚ басшысы Қуаныш Хамитұлының отбасына, халқына, еліне жасап отырған игі істері үшін алғысымызды айтып, келешекте үлкен жетістіктерге жетуге толағай табыс тілейміз.

# IX БӨЛІМ

## Ақсу колхозымен №1 Ақсу бөлімшесінің еңбеккерлері

## АУДАН ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ІРГЕСІНДЕ ОРЫН ТЕПКЕН «АҚСУ» КОЛХОЗЫ ЖӨНІНДЕ КЕЙБІР АРХИВТІК ДЕРЕКТЕР.

Қазақстанда колхоздастыру науқаны 1928-1933 жылдары қарқынды серпінмен жүргізілгені бізге мәлім. Осыған орай «Ақсу» колхозы шамамен 1933жылда құрылған. Ауданның мұрағат деректерінде «Ақсу» колхозы бойынша 1933-1948 жылдар аралығында құжаттар болмады. Бұл колхозды аттары ортаға белгілі Каратөбелов Қаби, Омаров Әміржан, Аққаскин Қапас т.б. басқарған. Колхоздын соғыстан кейінгі жылдарында, колхозшыларға ауыр күн көрістің көрністерімен есте қалған жұртшылық жақсы біледі. Колхозда атқарылатын маусымдық жұмыстар негізінен қол күшімен жүргізілді.

Егін салуды бір тілді соқамен атқырылды. Соқаға 4 өгіз жегетін. Соқашы қолының күші бар ер азамат, көлікті (өгіздерді) соқа айдаушылар жаяу-жалпылы түрде айдайтын. Тұқым себуді колхоздың сенімді, жұмысына жауапкершілікпен қарайтын адамға тапсыратын. Ол мойынына 15-20 кг дай бидай сыйатын дорба асынып, жаяу жүріп қолымен тұқымды себетін.

1948 жылы «Ақсу» колхозы бойынша 53 адам көктемгі егістік жұмыстарға тартылған. Сонымен қоса осы жылы қой фермасында 18, сиыр фазандасында 11 адам еңбек еткенін архив деректерінен көруге болады. Айта кету керек колхоздың сол кезіндегі қоғамдық жұмыстарын жүргізуге неміс халқының көмегі ерекше болған. «Ақсу» колхозында 30-ға тарта сол ұлттың өкілдері болып, жергілікті қазақ халқымен бірге қоян-қолтық еңбек атқарған.

«Ақсу» колхозынан 1951-1959 жылдар аралығында Қазақ ССР-нің Жоғары Кеңсесіне сауыншы Муталипова Дәмелия екі дүркін депутат болып сайланған. Бұл аяулы анамыз жөнінде естелікке арнайы орын берілді. Осы «Ақсу» бөлімшесінен 1976-1980 жылдары Қазақ ССР-нің Жоғары Кенесіне сауыншы Қасымова Бақыт депутат болып сайланған. Оның да өмір деректері кітапта орын алады.

### Соқашылар: «Ақсу» к/зы 1948 жыл деректері

1. Мақажанов Әбен соқашы
2. Көшіков Хасен
3. Солтанбеков Мақаш
4. Бопанов Рахымжан
5. Жақыпов Игісін
6. Ақпанов Алдаберген
7. Мусабеков Төстік
8. Имағанбетов. Т
9. Ержанов Ж.
10. Биғожин Мустафа
11. Оразов Сағындық
12. Зигерт Август. Отто
13. Зигерт Юлюс. Отто

**Малшылар:**

1. Ақыжанов Есімқұл
2. Қырықбаев Бексұлтан
3. Оспанов Дәрінбек
4. Быканов Яков
5. Фенглер Герман
6. Клян Адолар

**Соқа айдаушылар**

Зигерт Адольф
Бетка Болде
Калян Валя
Метлинштейн Эрна
Зигерт Гелда
Германов Раубат
Мақажанова Қапыш
Әбдібекова Сақып
Қанафина Бақыш
Хайкина Тырнақ
Омарбекова Бодік
Аманбаева Әния
Смақова Сара
Көмекова Бибізия
Бетка Ольга
Минных Райнат
Быканова Эла
Жақыпова Жәмила
Бекеева Ажар
Тұтқышова Зылиқа

**Тұқым себуші:**

Тұтқышов Нұрмыхан себуші Хайкин Әбдірахман күзетші (охран]
Тяласбаев Қалияхбар Бекмаганбетов Ж. тасушы

**Күш көлік бағушы:**

Дүйсенов Жүніс, түнгі бақташы
Түсіп Әкім, күндізгі
Тұтқышов Олжабай, түнгі
Бекеев Төлеуқұл, күндізгі

**АҚСУ КОЛХОЗЫ КОЛХОЗШЫЛАРЫНЫҢ 1948 ЖЫЛҒЫ ТІЗІМІ, ҚОЙ ФЕРМАСЫ:**

| | |
|---|---|
| Жақыпов Серік | ферма бастығы |
| Толқынбеков М. | бақташы |
| Әбжанов Қаштай | күзетші |
| Толқынбекова Өрік | сауыншы |
| Жақыпова Запан | |
| Әбжанова Қантбала | |
| Көшікова Сәкен | |
| Құсайынова М. | |
| Бетка Эльза | |
| Базылова Жақыл | |
| Баданова Зейнекүл | |

| | |
|---|---|
| Мақажанов Тәжібай | бойдақ бақташы |
| Мақажанова Шәует | сауыншы |
| Нығметова Алтынбала | |
| Ақымжанова Жұмаш | |
| Нығметов Кадан | бойдақ күзетші |

Колхоз төрағасы: [Аққаскин]
хатшысы: (Акимов)

**Сиыр фермасы.**

| | |
|---|---|
| Сәбитов Жолдасбай | ферма бастығы |
| Рысжанов Қызыл | бақташы |
| Бекетаев Снақ | күзетші |
| Оразова Әмина | сауыншы |
| Шмид Нина | |
| Клян Ленда | |
| Брунмеер Нателия | |
| Марипова Зылыя | |
| Сабитова Зубайра | бөлімшеші |
| Жарасов Әбдіш | |
| Жарасова Жайқылған | күзетші |
| Метлшитейн Ренатта | айран ұйытушы |

Тізгін дұрыс:
Колхоз төрағасы: (Аққасқин)
хатшысы: (Акимов)

**Ыстық асқа аспазшылар:**

| | |
|---|---|
| Исмаганбетова Хадиша | ыстық аспазшы |
| Қасымова Нұрбибі | |
| Бектұрғанова Мәкітай | |
| Сәдуақасова Нұржамал | |
| Бопанова Салиха | |
| Талысбаева Нұрке | |

**Ұсталар:**

| | |
|---|---|
| Нұртазин Темір | ұста |
| Ахпанов Алдаберген | көмекші |
| Мусабекова Күлтай | көрікші |

Құрылыс жұмысына:
Крум Бектер
Бернат Пьюс
Бетка Рустав

Метлиштейн Роза
Пишман Мила
Фленглер Лидия
Бетка Эрна
Фнглер Эдуард — айран тасушы
Мусабеков Амандық — тауық бағалаушы, склад күзетші
Қожықаев Балтекен — түнгі жылқышы
Әбішов Мұқан — айран тасушы

Колхоз төрағасы: **(Аққаскин)**
хатшысы: **Акимов**

**Көктемгі егіс жұмысына бөлінген адамдар тізімі. 15. ІІІ. 48ж.**
**1954 жылғы Ақсу қолхозы басқарма мүшелерінің жаңа**
**ТІЗІМІ**

Омаров А. 1914. партияда жоқ 6 к/з орта төрағасы
Муханбетчин Л. 1909г. 4 кл. 9 төраға орынбасары
Муталипова Д. Әмелия 1902 п/ж. м/гр. 15 сауыншы
Нуртазин Т. 1901 б/п. 10 ұста
Мақажанов Мади 1911 п/ж. 4 кл. зав мтды. 1.
Дюсембаев Дастан. 1916 б/п м/гр колхоз 25
Абжанов Қаштай 1904 г. кпсс м/гр 17

Ақсу кол. төрағасы: Омаров
Есепші: Тусупбаев Нұрғали

**Тек. комиссиясы 1/02.1955 ж.**
**ТІЗІМІ**

Мукашов Сембай 1900 б/п м/гр пр. рев. ком
Бархина Б 1897 б/п н/гр член р/ком
Бекмаганбетов Ж. 1904 б/п н/гр

Ақсу кол. төрағасы: Омаров
Есепші: Түсіпбаев

Архивтік деректерді жинақтаған
**Медет Байтанас**



**Мүтәліпова Дәмелия**

Мүтәліпова Дәмелия 1902 жылы туған. Шет ауданының «Ақсу» колхозының сауыншысы, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 2 дүркін (1951-1955 ж.ж.) депутаты. Отбасының екінші баласы бүгінде 86 жасқа келген қария Орынбайдың жазған естелігін келтірейін:

Анам Маутайқызы - Дәмелия Мүтәліпкеліні 1902 жылы тудым деп отыратын. 1932 жылғы аштықтан бір үйлі жаннан жалғыз-ақ қалдым дейтін. Жолдасы Сабыр Мүтәліпұлы 1939 жылы ноябрь-декабрде әскерге алынды. Содан 2-3 жылдай хат келіп тұратын дейтін. Кейін еш хат-хабар болмады деп жылап отыратын.

1933 жылдың жазында Қатпар деген жерде «Бәйшегір» колхозы ұйымдасқан болатын. Мен сол колхозда аспазшы (повор) болып жұмыс істедім. Жолдасым Сабыр өгізбен, соқамен егін салуда болды. Колхозда 20-шақты үй болды. Өмірге төрт бала әкелген ардақты асыл Ана: Оспан, Орынбай, Рымтай, Орынтай атты. Содан екеуіміз бармыз. Сабырұлы Орынбай, Орынтай (Қарғажан), қалған екеуі қайтыс болған. Өмірдің қиыншылығын көп көрдім деп, ренжіп, жылап отыратын. 1938 жылдан 1959 жылға дейін «Бәйшегір», кейіннен «Ақсу» колхоздарына сауыншы болып жұмыс істедім. Менің соғыс жылдары колхозда істеген адал еңбегімді бағалап, үкімет екі рет Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутаттыққа сайлады.

Бірінші рет 1951 жылы 18 февраль күні № 267 Шет округінен сайланды.

Екінші рет 1955 жылы 6 март күні № 186 Шет округінен сайланды. 1959 жылы зейнеткерлікке шықты. 1967 жылы 16 ноябрьде Үңірек, Шет совхозында қайтыс болды. Топырағы торқа болсын Анашым.

Әкемнен 5 жасымда жетім қалдым. Соғыс жылдары және одан кейінде анама көмектесіп, бұзау бақтым. Өгіздің басын жетектеп соқамен жер жыртып, егін салуға көмектестім. Өгіз-ат жегіп, шөп шаптым. Өгіз жегіп, логобарейкемен егін ордым. 1957 жылы шофер болып «Ақсу» колхозында жұмыс істедім. 1964 жылы Қарқаралы зоовет техникумын бітіріп, Кеншоқы совхозында зоотехник, 1969 жылы Ақшағыл с/зында гл. зоотехник, 1969 жылдан 1996 жылға дейін Шет совхозында ферма меңгерушісі, директор орынбасары және кадр бөлімі болып жұмыс-қызмет атқардым.

Еңбек ардагері және тыл ардагері деген дәрежем бар. Сегіз баланың әкесімін. Балаларымның бәрі жоғары білімді, бір-бір үйдің иесі. Менің қысқаша өмірім осылай өтті.

## Аққасқин Қапбас



Мен, Аққасқин Қапбас, ескіше Семей губерниясы, Қарқаралы уъезі, Нұра болысы, Кедей елі, №5-ауылда, осы Ақсу-Қатпардың Қара ағаш деген жерінде ноябрь айының 7 күні 1910-жылы тудым: кәзіргі Қазах ССР Қарағанды облысы Шет ауданы Ақсу-Аюлы селосы Түлкілі ауыл советінде Қатпардың Қарағаш ағаш деген жері.

Сол 1910-жылдан 1923 жылға дейін әке-шешемнің және туған туыстарымның қарауында болдым.

Осы 2023-жылдың 1930-жылға дейін ауылда және осы Шет аудан орталығында бастауын және орталық мектептерден оқу оқып, 7-класс көлемінде білім алдым.

Сонымен осы оқып шыққан жылы 1930-жылдан 1931 жылға дейін аудандық оқу білімінің нұсқауы тағайындау бойынша осы Шет ауданы ескіше №9-ауылда шала және сауатсыздар оқытушысы болдым.

Сол 1931- жылдан 1932 жылға дейін осы Ақсуда колхоз құрлысында болып, 1932-жылдан 1935 жылға дейін осы Шет ауданы Нұраталды ауылында есепші болдым. Сол 1934 жылдан 1937 жылға дейін осы Ақсу колхазында есепші болып қызмет атқардым.

Сол 1937 жылдан 1942 жылға дейін осы Түлкілі ауыл советінде хатшы болдым.

1942 жылдан май 1943 жылға дейін Ақсу колхозында басқарма болып қызмет атқарды.

## Мухамбетчин Ильяс



Мухамбетчин Ильяс - 1909 жылы ақпан айында Шет ауданы Ақсу колхозында туған.

Бастауыш мектепті бітіргеннен соң Ақсу колхозында ауыл советтің хатшысы болып, 1934-1939 жылдары осы колхозда сиыр фермасының меңгерушісі болып қызмет атқарды.

1939-1943 жыл Ұлы Отан соғысына қатысты. Бірнеше ордендер және медальмен марапатталды. Ауыр жараланып 1944 жылы елге қайтты.

1950 жылға дейін Түлкілі ауыл Советінің төрағасы қызметін жалғастырды.

1950-1952 жылдары Орджоникидзе колхозы Қызылтау ауыл со-

ветінің төрағасы, 1952-1957 жж. Ақсу колхозында басқарма төрағасы болды.

1957-1964 жылдары Орджоникидзе колхозының Байназар бөлімшесінде қой фермасының меңгерушісі болып қызмет атқарды, зейнеткерлікке шыққанға дейін қойма меңгерушісі болып жұмыс істеді.



**Темирханова Рахима**

**Жұбайы Темирханова Рахима** - 1921 жылы туған. Мектепті бітірген соң 1939 жылы Қарқаралы педагогикалық училищеге түсіп, 1942 жылы бітірген.

1950 жылдан бастап Ақсу колхозында бастауыш мектебін басқарды.

1958 жылдан Орджоникидзе колхозы Байназар бөлімшесіне бастауыш мектебінің меңгерушісі, зейнеткерлікке шыққанға дейін осы мектепте қызмет атқарды.

«Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» медалімен тағы басқа орден медальдар мен марапатталған.

Ұрпақтары: Совет Қанат Сағат Мурат бүгін ержетіп, үйлі-баранды, немерелерінің қуаныштарын көруде.





**Қабылда Әбдібеков**

Қабылда Әбдібековтың қысқаша өмірбаяны

Әбдібеков Қабылда Әбдібекұлы Қарағанды облысы, Шет ауданына қарасты Ақсу ауылында 1919 жылы орта шаруаның отбасында дүниеге келген. Аудан орталығындағы жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін Ақмола қаласындағы ветеринарлық - мал дәрігірлік техникумына оқуға түседі. 1938 жылы веттехник куәлігін алған 19 жастағы атам

Қызыл Армия қатарына шақырылады. Отан алдындағы азаматтық борышын абыройлы өтеп, 1941 жылы енді елге қайтамыз деп тұрғанда екінші дүниежүзілік соғыс басталып кетеді.

Қолына қару алып, атқыштар полкінің сапында соғысқа кіреді. Кіші сержант Қабылда Әбдібекұлы бөлімше командирі ретінде қарамағындағы жауынгерлерді жауға қарсы бастап, алдыңғы шепте ерлік көрсетеді. Соғыстағы ерліктері үшін менің атам үшінші дәрежелі «Даңқ» орденімен, көптеген жауынгерлік медальдармен марапатталады. 1948 жылы номер 10 шы ауылда тұратын Әбдешев Бодаубек деген кісінің қызы Ырысбалаға үйленіп, шаңырақ көтереді. Жұбайы Рысбала Бодаубекова 1928 жылы «Онышны ауылда» - Қарабұлақта - дүниеге келген. Білімі орта. Қабылда Әбдібеков - руы Әлтеке - Есболай, Рысбала Бодаубекова - руы Керней - Ораз.

## Әбдібеков Бақыт Қабылдаұлының қысқаша өмірбаяны

Әбдібеков Бақыт Қабылдаұлы 1951 жылы қараша айында Қарағанды облысы Шет ауданы Ақсу ауылында туған. 1958-1968 жылдары Ы. Алтынсарин атындағы мектепте оқып бітірген. 1969-1974 жылдары Қарағанды облысының Мичурин совхоз техникумын инженер-механик мамандығы бойынша бітіріп шыққан. 1971-1973 жылдары Кеңес Армиясының қатарында әскери міндетін атқарған 1974 жылдан бастап Шет ауданының Орджаникидзе атындағы совхозында еңбек жолын бастаған. Ақсу бөлімшесінде механик, совхоз орталығында машина ауласының меңгерушісі, техника қауіпсіздігінің инженері, автогараж меңгерушісі, 1989 жылдан бастап совхоз тарағанша совхоз кәсіподақ комитетінің төрағасы болып қызмет істеген.

## Рақымжанов Өміртай
## (1922-1982)



1922 жылы 22 желтоқсан айында Шет ауданы Ақсу-Аюлы селосында дуниеге келген. Анасынан 3 жасында, әкесінен 9 жасында жетім қалған. Әкесінің інісі Омаров Әміржанның қолында қалған. 1942 жылы Ұлы Отан соғысына қатысып 1947 жылы елге оралған. Елге оралған соң 1947 жылы Асылбекова Шакураға үйленген. Үш балалары бар. Үлкені Мәжит 1948 жылы, екінші баласы Ақбала 1950 жылы, үшінші баласы Ғабит 1963 жылы өмірге келген. Өмкең соғыстан келген соң аудандық мекемелерде аудандық тұтыну қоғамында, анаткомда қаржы бөлімінде 1952 жылдан 1962 жылға дейін қызмет атқарған. 1962-1965 жылдары Оржоникидзе совхозының Ақсу бөлімшесін

басқарған. 1965 жылдан 1971 жылдары аудандық атқару комитетінде ұйымдастыру-кадр бөлімінде меңгеруші болып қызмет істеген. 1971-1975 жылдары аудандық госстрахты басқарды. 1975-1982 жылдары Шет ауданының Нұраталды совхозында Аққияк бөлімшесінде зоотехник болып еңбек етті. 1982 жылы өмірден өтті. Қарқаралы зооветтехникумын сырттай оқып бітірген. Жұбайы Асылбекова Шакура 1926 жылы Шет ауданы Ақбауыр ауылында туған. Аудандық «Госбанк» мекемесінде ұзақ жылдары есепші болып жұмыс атқарған.



**Мақажанов Меди (Ахмедия)**
**(1910-1971)**

1910 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданының 7-ші ауылында дүниеге келген. 1927-1930 жылдары Егіндібұлақ бастауыш мектебінің 3 классын бітірген. Әрі қарай оқуға мүмкіндігі болмағандықтан 1930-1932 жылдары Шет ауданы НКВД бөлімінде милиция болып қызмет атқарған. Колхоздың сұрауы бойынша 1932-1934 ж. ж. Егіндібұлақта бригадир, 1934-1939 жылдары осы колхозда есепші болып істеген. Аудандық партия комитетінің ұйғарымы бойынша 1939-1942 жылдары Нұра аудандық Кеңесінде хатшы қызметінде болған. 1942 жылы Кеңес Армиясы қатарына шақырылып, Ақмола облысының № 139 атқыштар полкінде болған. Майданға 1942 жылдың тамызында Минск облысының Вязьма станциясында соғысқа араласып, қолынан жарақат алып госпитальға түскен. Ростов қаласында немістердің қоршауында қалып, 1943-1945 жылдары Германияда тұтқында болған. Елге оралғаннан соң 1945-1954 жылдары Ақсу колхозында есепші, аупарткомның ұйғарымы бойынша осы колхоздың, 1954-1957 ж. ж., сиыр фермасының меңгерушісі болып жұмыс істеген.

1957-1961 жылдары осы Ақсу колхозында есепші жұмысын атқарған. 1961-1966 ж.ж., Байназар фермасының меңгерушісі болып жұмыс істейді. Содан кейін аудандық ауруханада басқа салаларда әртүрлі жұмыстар істеген.

1933 жылдан БЛЖКО, 1939 жылдан КПСС мүшесі. Қарағанды облыстық советі атқару комитетінің жанындағы еңбекшілер депутаттарының советтері басшысы қызметкерлерінің облыстық курстарын бітірген. В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай «Үздік еңбегі үшін» медалімен марапатталған. 1971 жылы 24 маусымда дүниеден озды.



**Жақсыбеков Социал**
**(1935)**

Жақсыбекұлы Социал 1935 жылы «Ақсу» колхозында дүниеге келген 1960 жылы Талғар ауылшаруашылық техникумын бітіріп, өмір жолын Абай, Орджоникидзе және Сталин колхоздарында агрономдық қызметінен бастаған. Одан кәсіподақ комитетінің төрағасы «Ақшатау» селолық советінің төрағасы, Ақшату совхозының партком хатшысы қызметін атқарған.

Әкесі Қақабайұлы Жақсыбек 1890 жылы туған. Отызыншы жылдардың басында алғашқы «мойын серік» артелін ұйымдастырушысы және жетекшісі болған. 1937 жылдары «ауылнай» қызметін атқарып жүріп, халық жауы болып 58 статьямен сотталып, алты айдан кейін ақталып шыққан.

Социал ағаның «Ақсу» колхоз туралы қысқаша естелігі.

«Ақсу» колхозының председательдері:

Жүнісбеков Иген, орынбасары Ордабаев Қасқатай

2) Омаров Әміржан орынбасары Мақажанов Меди

Ферма меңгерушілері Жолдасбай, Әбубек.

Бригадирлері: Ахметжанов Самиғулла.

**Ақсу фермасының меңгерушілері:** Рахымжанов Төлеуқадыр, Рахымжанов Өміртай, Түсіпбаев Нұрғали.

Бригадирлері: Ахметжанов Самиғулла, Хантурин Хамит.

Аграном: Жақсыбеков Социал, бухгалтер Жақсыбекова Бибігүл, кітапханашы Жақсыбекова Назым, мұғалім Нұрмұханов Төлеутай, зоотехник Туғанбаев Жабықбай, мал дәрігері Әбдібеков Қабылда. Қазақ ССР депутаты Сабырова Дамелия.

Автолавка (меңгерушісі) жүргізушісі - Амадыков Мақатай.

Трактор жүргізушілері: Жұқанов Сәби, Ақанов Мұрат, Ақанов Қуат, Тәжібеков Бәкен, Рахымжанов Шәкәрім, Түсіпов Асымжан, Нұрмұқанов Сайлаубай.

Көлік жүргізушісі: Оразалин Ғалым, Мойыныв Кәртай.

Қойшылар: Қосыбаев Амнағалы, Сағындықов Амандық, Сембай.

Сиыршылар: Мамажанов Сағади, Жампейсов Сүйіндік, Ақылбеков Сағынай, Аймағанбетов Есімқұл.

Жылқышылар: Ағзомов Рүстем, Бөлтекеев Шәкіш, Айдархан.

Ақсу фермасының ақсақалдары: Қақабайұлы Жақсыбек, Мұсабеков Амандық, Мұсабеков Қасым, Мұсабеков Аманбек, Жақсыбеков Мұса, Қаратөбелов Қабыл, Мәділ, Ақылбек, Әлібек Байжанов, Аймағанбетов

Есімқұл, Темір, Жүніс, Қатыран, Жарқымбек, Жалғабек. Осы тізімде көрсетілген азаматтар колхоз және совхоз шарушылығын өркендетуге үлесін қосқан ұлағатты ерлер. Бұл кісілер кішіпейіл, жастарға үлгі өнеге беретін, тәрбиеші, іскер жандар. Сондай-ақ бұл азаматтардың қолынан іс келетін шаруа майталмандары, ұлағатты ұстаздар жас мамандарға ақыл кеңес беретін, іс-тәжірибелерін үйретуден жалықпайтын, тәрбиелік мәні бар істерді ортаға салып отыратын ардагерлер еді.



**Серікбай Жұмкеұлы**
**(1938-1977)**

Орджоникидзе атындағы колхозда өмірге келген. 1957 жылы аудан орталығында Ыбрай Алтынсарин атындағы орта мектепті тамамдайды, 1957 жылы Шет ауданнының МТС-ның (машина техникалық стансасы) жолдамасымен Қарағанды кәсіптік-техникалық училищені бітіріп, 1958-1961 жылдары Шет МТС, РТС-да механизатор, тракторшы, комбайншы, көлік жүргізуші мамандықтарымен жұмыс атқарды. 1963-1970 жылдары Орджоникидзе атындағы кеншарда одан кейін сол совхоздың «Еңбекшіл» бөлімшесінде трактор бригадасының бригадирі болып жұмыс істеді. 1963-1973 жылдары Қарағанды облысының партия комитетінің плениум мүшесі болып сайланды. 1957 жылы «Тың жерлерді игергені үшін» медальмен марапатталған. 1970 жылдан өмірінің соңына дейін (1977ж) кеншардың №1 «Ақсу» бөлімшесін басқарды. Осы қызметте өзінің іскерлігін, жұмысына деген зор жауапкершілік және ұйымдастыру қабілетін толықтай көрсетті. 1970 жылы Қазақстан ССР Орталық партия комитетінің Қазақ ССР Жоғары кеңесінің мақтау грамотасымен және күн көсемінің туғанына 100 жылдық мерей той медальмен наградталды. 1972 жылы кеншарда астық бітік өсіп, «Ақсу» бөлімшесі егістіктің әр гектарынан 14.0 центнерден астық жинап мемлекет қоймасына 4000 тонна астық құйып, бөлімше басқаршуысы Жұмкин Серікбай «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Серікбайдың жүріп еткен өмір жолы мен еңбегі оны білген азаматтардың есінде ұзақ сақталады. Бүгінде ұрпақтары балалары мен немерелері оның жасамаған жасын, көрмеген қызықтарын жалғастыруда. Серікбай ағаның отбасы Тілеужан шешей, Марина, Света, Қайрат, Асхат, Мақпал атты балаларымен Жезқазған қаласында тұрып жатыр.

## Отыншыұлы Серік



Отыншыұлы Серік Шет ауданына қарасты Нұра өзенінің бойында, Түлкілі тауының етегінде, Отыншы қорасы дейтін жерде, қазіргі Ақши ауылының маңында, Иман ауылында 1918 жылы дүниеге келген. Тоқпай ауылындағы қожа молдадан оқып хат таныған. Алғашқы еңбек жолдарын 1937 жылы Шет аудандық дайындау бөлімінде бухгалтер жұмысынан бастайды.

Әрі қарай 1940-1961 жылдары Қу, Қоңырат аудандық халық комиссарлар дайындау орындарының аудандық өкілі, Қоңырат аудандық тұтыну қоғамы дайындау кеңесінің директоры, Ленин, Каганович колхоздарының төрағасы жұмыстарын атқарды.

1961жылы зейнеткерлікке шыққаннан бастап 1985 жылға дейін Шет аудандық мал дайындау базасының менгерушісі болды. Орджоникидзе атындағы совхозда бөлімше басқарушысы, зоотехник қызметтерін, аудандық жинақ банкінің бастығы жұмыстарын атқарды.

Бар саналы ғұмырын ауыр кезеңдерде жауапты және басшылық қызметтер атқарып ел игілігіне, Отан байлығын арттыруға өлшеусіз үлес қосқан. Еселі еңбегі ескеріліп КСРО-ның бірнеше медаль және ордендерімен марапатталған, тыл ардагері Отыншыұлы Серік жұбайы екеуі бес перзент тәрбиелеп өсірді.

## Қасымова Бақыт Мұсабекқызы (1942-2015)



Бақыт 1942 жыл жылы Шет ауданының Ленин атындағы колхозда дүниенің есігін ашады. 1961 жылы аудан орталығы Ақсу-Аюлы ауылында Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті бітірген.

Еңбек жолын кеншарда қатардағы қарапайым жұмысшыдан бастап, 1974-1985 жылдары Орджоникидзе атындағы совхоздың Ақсу бөлімшесінде «Ақбұлақ» комсомол-жастар биригадасында сауыншы болып еңбек еткен. Бақыт кеңестік заманда атқарған жұмысының қыры мен сырын, кәсіби тетіктерін жете меңгеріп, бірнеше мәрте ауданның алдыңғы қатарлы сауыншысы атағына ие болады. Өзіне бекітілген 25 бас сауын сиырдың әр қайысысынан 1800-2000 литрге дейін сүт алып, кеншар бойынша социалистік жа-

рыстың жеңіңпазы аталады. Бақыт Мұсабекқызының еңбектегі ерен табыстарын бағалап, оны 1980 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайлайды.

Бұл лауазымды қоғамдық жұмысты Бақыт 4 жыл бойы абыройымен атқарып, өңірдегі сайлаушылардың мұң-мұқтаждарын Үкімет тарапынан оң, шешілуіне бар күш-жігерін салып, халықтың қадірлі қалаулысы атанып, депутаттық міндетін жоғарғы деңгейде атқарғанын аудан тұрғындары жақсы біледі.

Бақыттың қол жеткен жоғары жетістіктері бағаланып, ол Еңбек Қызыл Ту орденімен және көптеген Мерекелік, Еңбек ардагері медальдарымен марапатталады.

Бақыт 2015 жылы өмірден озды. Артта балалары-ұрпағы баршылық. Жатқан жерің жәйлі, топырағың торқа, жанның жәннатта болсын дейміз.





Шет ауданы Орджоникидзе совхозының Ақсу бөлімшесінде қажырлы еңбек еткен ерлі-зайыптылардың біреуі

**Ахметжанов Самиголла және Ахметжанова (Дарменова) Камиланың отбасы еді.**

Қасиетті жеті ата бойынша Керней-Дау-Балта -Жамбы-Амангелді -Қаратоқа-Талдың Ахметжанынан Самиголла, Аманолла, Зейнолла, Кәрімолла туады.

Ахметжан өте ширақ, ұқыпты болған тұлға. Өзінің отбасында әжептәуір мал басы болған, осындай жағдайдың арқасында Ахметжан Шет ауданындағы №10 ауылдық Кеңесінің төрағасы болып жұмыс атқарады. Сол уақытта ол кісі аудандық прокурор, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысымен жақсы араласады, дастархандас, дәмдес болады. Ол кісілермен бірге аңға шығып тұрады. 1937 жылы жаппай жазалау басталғанда осы кісілермен қоса Ахметжанда «халық жауы» деген бапқа ілігіп, сол жылы атақты Сәкендермен қоса атылады. Бірақ артынан осы сотталғандар ақталады. Әкесі Ахметжан халық жауы болып ұсталғандықтан үлкен баласы Самиғолланы соғысқа алмайды, бірақ Ақмоладағы «Вишневка» еңбек армиясына жіберіледі. Самиғолла елдің ақылымен лагерде жұмысты жақсы атқарады. Сол себептен оны 10 тұтқынның «Старший сопроводитель» дәрежесіне көтереді. Оның

міндеті 10 адамды жұмысқа апарып, жұмыстан алып қайтатын болған. Еңбек лагерінде жұмысты жақсы істегендерге демалыс беретін болған, сол берілген демалыстан Самиғолла уақытында қайта алмай «Дезертиство» бабына ілігіп 10 жылға сотталуға дайын тұрғанда сол уақыттағы Түлкілі ауылдық кеңесінің бастығы Омаров Исатайдың анықтамасы арқылы ақталып, Қарағандының №16 шахтасына жұмысқа ауыстырылады. Жобасы 1946 жылы елге оралады.

Самиголла 1920 жылы туып, сол уақыттағы ұрпақтың маңдайына жазылған тағдыр ұйғарыммен орта білімді шала ала сала, ерте еңбекке араласады. 1939 жылдан 1961 жылға дейін Ақсу колхозында қозы, бұзау бағып, шөп шауып жұмыс атқарады. 1961 жылы Орджоникидзе совхозы құрылғанда сол совхоздың Ақсу бөлімшесінде малшы болып, зейнеткерлікке шыққанша малшы, аға малшы болып еңбек етеді. Қажымас қайраты, еселі еңбегі үшін Үкіметтен көптеген сый-сияпатқа ие болды.

Әрине әр ана үшін дүниедегі ең үлкен сыйлық өмірге әкеліп, тәрбиелеп өсірген баласы сол үшін Қамилаға «Батыр ана» ордені 1969 ж бұйырды. Самкең мен Қамкең дүниеге 10 баланы әкеліп, тәрбиелеп өсіріп, оқытып ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, әр қайсысының жеке отауының шаңырағын көтеріп кетті. Бүгінде Ахметжановтар әулеті үлкен бір тайпа ел, 10 баладан 27 немере, 46 шөбере. Өмір деген қамшының сабындай зат, дүниедегі барлық тірлік Алланың жазуымен болады, сол жазумен 1993 ж Самиғолла атамыз, 2006 ж анамыз Қамила келместің кемесіне мініп пәниден бақилыққа озды. «Өлді деуге болмайды, артына өшпестей із қалдырса» деген нақыл осы екі кісіге бұйырған.



Ой елегіне ілініп қалам ұшқа түрткі боп отырған, Байшегір өзенінің бойында өмірінің көп бөлігін өткізген, еңбек еткен **Әбеубек ақсақал болып отыр.**

Қасиетті жеті ата жарғысы бойынша Кәрсен - Наурызымбет - Қозыбақ - Бөлеген - Атығай - Тайқы - Нұрмағанбет - Соқырдың Ахмет атты баласынан Әбеубек және Ілияс туады. Ілияс жастайынан зерек болып, оқуға, білімге ұмтылып, 1919 жылы педагогикалық курс, 1921ж Москвадағы Шығыстану институтының қиыр шығыс факултетінің жапон бөлімін аяқтаған, қазақ, жапон, ағылшын, араб тілдерін меңгеріп, өмірінің ақырына шейін «Еңбекші Қазақ» газетінің бөлім меңгерушісі болып, Тұрар

Рысқұлов, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқановтармен қызметтес болған. 1938 жылы Ілекен осы аталған азаматтармен қатар ұсталып (Сәбиттен басқасы) ұлтшыл, антикеңестік ұйым мүшесі және Жапонияның «ВАДА» барлау қызметінің агенті болып танылып, 1938 жылдың 5 қазанында атылған. Артында зайыбы Ахметова Гулшара қыздары Нұрлықайын, Азатшаш және ұлы Фараби қалған. Қызы Нұрлықайын ұстаз, өмір - бойы Шет ауданында қазақ мектебінде география пәнінен сабақ берген. Ұлы Фараби инженер Алматыда тұрады.

Әбеубек ақсақал төрт класстық білім алған Шет ауданының Ақой өлкесіндегі Байшегір өзенінің бойындағы ең бірінші мойынсерікті ұйымдастырушысының біреуі болған. 1930-1931 ж.ж Совет үкіметі атақты «Алжир» лагеріне жер іздеп Ақой, Бұрма жерлерінде отырғандарды, зорлап көшіріп, Әбеубек бастаған қалың Кәрсен - Керней балаларын Бозшакөл, Ақсу-Аюлы жерлеріне әкеледі. Қозыбақтан шыққан Халпе ақын сол уақытта «Байшегірде жерді, Бозшакөлден малды, Аюлыда жанды алды сұм тажал» деп осы зорлыққа өлеңменен жауап береді. Ілиястың шетел агенті болғандығынан «Үш қарыпты» ағайдың көзінен Әбеубек ақсақал сырта қалмайды, өне бойы соңын бақылауында болады. Ақсу-аюлы жеріндегі Жалпақсаз деген жерде Әбеубек екінші рет Байшегір мойынсерігін құрып аштықтан, жоқтықтан тарыққан Кәрсен-Керней балаларын егіншілікке, бау-бақша шаруашылығына икемдейді. Колхоздастыру науқаны басталғанда осы Байшегір мойынсерігі, Ақсу колхозына малымен, жанымен кіреді. Бірақ, жоғарғы жақ Әбеубекке Ақсу колхозын басқартпайды. 1938 ж Әбеубек Алшынның Сәрсенбегінің Тиыштықдеген қызына үйленеді, екеуінен жеті қыз, үш ұл дүниеге келеді, солардан қазіргі күні жеті немере, бес шөбере бар.

**Әруағыңа сүйенуші немерең**
**Бексұлтан Ерденұлы.**



**Қаракесек Кәрсен Наурызымбет Қозыбақ Наймантай Күржінбай Мүтәліптің Сабырынан туған Орынбай ақсақал Орджоникизде совхозының Ақсу бөлімшесінде еңбек етіп, тер төкендердің біреуі. Орынбай ақсақал 1934 жылы Ақшоқы совхозының Қызылтау деген жерінде дүниеге келіпті.**

1940 жылы әкесі Сабырды армия қатарына алғаннан кейін шешесі Маутайқызы Дәмелиемен қалың Карсен - Қозыбақ балаларынан құрылған «Байшегір» колхозына келеді. 1941жылы әкесі Сабырдың соғыстан қайтқаны жөнінде «Қара қағаз» келеді. Содан бастап 5-6 жас-

тағы бала шешесімен колхоз жұмысына жегіледі. Шешесі Дәмелия сауыншы, баласы Орынбай бұзау бағады, өгіз айдап, шөп шауып, егін егеді. «Масақ теріп, нан жегембіз» деп еске алып отыратынды Орынбай ақсақал. Бір сөзбен айтқанда 1932 ж аштықтың, 1941 ж соғыстың ауырлығын басынан өткізеді.

Құдай қосқан қосағы Марфуға өмір бойы есепшілік қызмет жасады. Екеуі 8 баланы өсіріп, оқытып, ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырып, ел қатарындағы бір-бір шаңырақ иесі атандырды. Көп жылдық атқарған еңбегі үшін «Еңбек ардагері», «Тыл ардагері» медальдары мен марапатталған. Жолдасы Марфуға келместің кемесіне мініп, фәниден бақилыққа аттанған. Орынбай ақсақал 87 жаста, дің аман, денсаулығы жақсы, көрген бейнетінің зейнетін балаларының, немерелерінің ортасында бақытты өмір сүріп жатр.

**Қалам ұшымен еске алушы**
**қызы Жанар.**



**Шет ауданы Орджоникидзе совхозының Ақсу бөлімшесінде, сол бөлімшенің отымен кіріп, күлімен шыққандардың, бір жанұясы Сембайұлы Төлеутай мен Көшербайқызы Нәсіпжан марқұмдар еді.**

Сембайұлы Төлеутай 1934 жылы осы Ақсу бөлімшесінінң аумағында дүниеге келген. Шежіре бойынша Кәрсөн-Наурызымбет-Қозыбақ-Төлеген-Кешубай - Мұқаштың Сембайының жалғыз ұлы болатынды. 1941 жылы әкесі Сембай соғысқа аттанғанда Төлеутай жеті жаста болған. Сембай ақсақал қан соғыста жүрсе де артында қалған жалғызын өзінің аталас бауыры Исатайға төмендегі шумақпен аманат етіпті.

Тапсырма, сансыз Исатайға,
Мен жүрмін осы күні бір тар жағдайда.
Ер жігіт, қыран, бүркіт, ел азығы,
Келтірме кемшілікті Төлеутайға.

Сол Төлеутай 1961 жылы Кәрсөн - Құлназар ұрпағы Көшербайқызы Нәсіпжанға үйленіп, отау тігіп, төрт ұл, бір қызды өмірге әкеліп, ұлдарын ұясына, қыздарын қиясына қондырып төрт немере, төрт шөбере көрді.



**Кешубай бабаларымыздың ұрпағы Мұқашұлы Сембай ақсақал болып отыр. Сембай ақсақал 1900 жылы Шет ауданы,** Ақой өлкесіндегі Байшегір деген өзеннің бойында Мұқаш ақсақалдың жанұясында жалғыз ұл болып дүниеге келген. Осы өлкеде бірінші болып «Байшегір» мойынсеріктгін құрған Наурызымбет Өтеген - Соқыр молла ұрпағы Ахметтің Әбеубегінің тәрбиесінде болған адам. 1931 жылы Совет Үкімет, саяси лагерге жер іздегенде осы Ақой, Бұрма жерлерін босату үшін Карсөн - Керней ұрпақтарын Ақсу-Аюлы жағына зорлап көшірген Бөлеген ұрпағынан, Қозыбақтан тараған аталық Қалке ақынның өленінде айтылған Бозша көлмен, Байшегірде жерді, Шолақ еспе малды, Аюлыда жанды алған «тажал» деп Совет Үкіметін сынаған, Карсөн - Керней ұрпақтары Ақсу-Аюлы жеріне Орджоникидзе совхозының Сары-оба, Жалпақсаз жеріне көшіп келіп, Әбеубек, «Байшегір» мойынсерігін құрады, осы мойынсерігінің негізінде «Ақсу» колхозы құрылады. Сембай соған мүше болып әртүрлі жұмыс атқарады. Сембай ақсақал сауатсыз, оқымаған, бірақ осы ата ұрпағындағы, қанымен тараған зеректік, ширақтық, ақындық ол кісіде болған 1934 жылы Қозыбақ - Наймантайдың Құржібайынан тараған Мұталіптің Сабырынан туған Рәшке үйленеді. Одан бүгінгі ұрпақтары: Төлеутай, Тілеукен және Бибіғайша деген қыз туады. Төлеутай дүниеден озған, одан Мұрат, Сағдат, Сатқұл деген ұлдар және бір қыз бар. барлығы үйлі-баранды, өз алдына бір-бір шаңырақ. 1941 жылы Сембай ақсақал армияға алынып Беларусия, Москва түбіндегі шайқастарға қатысып 1945 жылы Жапонияны тізе бүктіріп елге аман-есен оралады. Сол қырғын соғыстағы бар алған жарақаты касканын сынығы жыртып кеткен басындағы терісі ғана. Өзі хат танымайтын адамдар жанындағы адамдарға жазғызып елге төмендегі шумақтарды жолдайды.

Сәлемде Қаби, Түбек, Ақылбекке,
Арымас арда күрең Ержекен,
Әуелде айырылмаған ата-жолдас
Тәңірім сіздерді тек көрсетеме!
Жасыма көңілім, жасыма
Кім келеді қасыма
Ал, туысқан аманба
Мүмкін аман қаламба.

Осылай, өлең шумағымен ауылдағы туысқан, жора-жолдастарына көңілін білдіріп, бір тәңірге табынып, өзін-өзі жұбатады. Онан кейін өзінің ағайыны Исатай соғыстан жараланып қайтқанын естіп, өзінің жалғыз ұлы Төлеутайды төменгі шумақпен аманат етеді.

Тапсырма, сансыз Исатайға
Мен жүрмін осы күні бір тар жағдайда
Ер жігіт, қыран бүркіт, ел азығы
Келтірме кемшілікті Төлеутайға

Ер-азаматқа «Жүйрік ат, берен мылтық, құмай тазы, адал жар» қанат берген. Осыған орай Сембай ақсақал отқа оранып жүрседе ауылдағы қалған жалғызы Төлеутаймен адал жары Рәшті былайша шумақтап еске алады.

Құдай-ау, не қылайын жалғанына,
Алланың кім көнбейді салғанына.
Қабырғам еске түссе қайысады,
Жағдайсыз жас баламен қалғанына.

Соғыстан аман-есен оралған Сембай ақсақал «Байшегір», «Ақсу» колхоздарында, артында сол колхоздардың негізінде құрылған Орджоникидзе совхозының «Ақсу» бөлімшесінде зейнетке шыққанынша еңбек етеді. Әрине соғыста төрт жыл қан кешкен адамда марапат болмады деуге болмайды, бірақ олар жөнінен ақпарат жоқ болды. Алланың берген қуатының арқасында Сембай ақсақал өз жалғызы Төлеутайға топырақ салып 1995 жылы 95 жасқа келгенде фәниден бақилыққа туған немересі Мұраттың қолынан аттанды.



Қаламның ұшына ілігіп, ой талқысына түсіп отырған жан ұя нағыз еңбек адамдары - олар Жокенов Құрмаш және Жокенова Мажыра.

**Жокенов Құрмаш Нілдікештегі** 1937 жылы Шет ауданының Ақтөбе аулында дүниеге келеді. 1932 жылғы аштықтың, 1941 жылғы соыстың зардабымен жоқтықтың толықтай куәгері. Өздерінің айтуларынша «Масақ теріп нан жегендер» қатарына жатады. Жеті ата тізбегі бойынша Құрмаш, Қояншы - Дәулет - Танайдың Дәулетінен - Есебай - Жайықбай - Құлбай - Кенжан - Нілдікеш - Жөкеннен тарайды. Орта білім алғаннан кейін ерте жас кезінде жұмысқа жегіледі. Құрмаш аңқылдаған ақ көңілді лирикалық тұлға болатынды. Төрт ауыз өлеңді аяқ астынан лақ еткізіп, төгіп тастайтынды, есепке жүйрік, есепшоттың мойын шегетінді. Сол себептен ең алғашқы еңбек жолын білімі болмасада аудандық қаржы бөліміне жұмысқа қабылданудан бастайды.

1960-1961 жылдары Орджоникидзе совхозы құрылғанда № 1 Ақсу бөлімшесінде, қатардағы малшы және зейнеткерлікке шыққанша азабы ауырлығы мол мал шаруашылығында аға малшы болып еңбек

етеді. Көрген бейнеті мен атқарған еңбегіне сай сый марапаттарға ие болды.



Қазақтың «Аруақ риза болмай тірі байымайды» деген нақыл сөзін еске ала бүгінгі күні пәниден бақилық болған біреудің әкесі, атасы, біреудің құрдасы болған салиқалы ақсақал, өз ісінің майталман шебері болған, ал маған үлкен аға, ақылшы, жақсы әріптес болған, Өмкең ақсақал туралы ой толғанады.

Қазақтың «Қасиетті жеті ата» жарғысы бойынша Кәрсен - Бөлеген - Наурызымбет - Қозыбақ - Топыш бабаларымыздан Айтжан - Оспан одан Шардарбек (Қоңқас) туады. Сол Қонқастан осыны жазуға себеп болып отырған 2020 жылы 94 жасында дүниеден өткен Қоңқасұлы Өмірзақ ағамыз еді. Өмкен ақсақал 1928 жылы Қарағанды облысы Ақадыр аумағындағы Доңғал стансасының жанындағы «Еспе» деген ауылда кедей шаруаның жан-ұясында дүниеге келеді. Қу жоқшылық, басталған соғыс орта білімді алуға да мүмкіндік бермей 1942 жылы жеті классты бітіргеннен кейін ерте еңбекке араласады, тракторист, комбайнер болып еңбек етеді. 1949 жылы Қарқаралы зооветтехникумін одан кейін Алматы зооветинститутын сырттай бітіріп зоотехник мамандығы бойынша диплом алады. Содан Шет ауданының ауылшаруашылық бөлімінің аға зоотехнигі болып тағайындалады. 1950-1954 ж. ж Отан алдындағы борышын қиыршығыста «Приморье» әскери округінде өтейді. Осыдан кейін Өмкен ақсақалдың қызметтік «эпопеясы» басталады. Ұзақ жылдар бойы ауданның экономикасының көтерілуіне аянбай тер төгіп, ат салысты. Алған марапаттары да бір кісіге жетерліктей.

Өмкен бейнесі ұрпақтары үшін күн өткен сайын айқындалып, үлкейе бермек. Армансыз адам болмайды, Өмкеннің арманы жасаған жасы мен еңбегі үшін «Шет ауданының «Құрметті азаматы» деген еді, бірақ соған ие бола алмай кетті. Оған бірінші себеп тағдыр, екінші Өмкеңнің тура мінезімен, ашық, қатты сөзі себеп болды деп есептеймін. Осы естелікті төрт ұлдың көңілдеріне қарамай мен кешегі Өмкеннің інісі, 30 жыл бойы әріптесі болған Оразалы Исақ Ғалымұлы жазып отырмын.

Өлді деуге болама, пәнилікте өшпес ізбен іс қалдырған артына. «Алладан рахмет, Пайғамбардан шапағат, жатқан жерін жайлы, топырағын торқа, жолдасын иман болсын» Аға.



Шет ауданының Орджоникидзе совхозының Ақсу бөлімшесінде өмір сүріп, еңбек еткендердің біреуі Қосыбаев Аманғали еді. Қасиетті жеті ата тізбегі бойынша Керней-Балта-Итқара-Бекмырза-Жанас-Тұрғынбек (Болат]-Қосыбайдан Мажыра деген қыз Болат және Аманғали туады. Аманғали 1937 жылы кедей шаруа жанұясында дүние есігін ашады. Аштықты, соғыстың ызғарында көреді.

Ақсу-Аюлы орта мектебінен орта білім алып, алғашқы құрылған колхоздың құрамында тракторшы. Комбайшы болып еңбек етеді.

1961 жылы Наурызымбет-Қозыбақ-Төлеген-Кешубай бабаларымыздың ұрпағы Мұқашұлы Сембайдың Бибіғайшасымен отбасын құрады. Бір ұл, алты қызды тәрбиелеп, оқытып, ұлын ұясына отырғызып, қыздарды қиясына қондырып, ел қатарлы оттарын жақтырып, шаңырақтарын көтертті. Бүгінде олардан үш немере, төрт шөбере шауып жүр. Колхоздар совхозға біріккен кезде Ақсу колхозы жаңадан құрылған С.Орджоникидзе атындағы совхоздың №1 Ақсу бөлімшесіне айналды. Сол уақыттан Аманғли сауын гуртінің малшысы, Бибіғайша сауыншы болды. Одан кейін атасы Сембай ақсақал екеуі бойдақ малдардың табынын алып Ақсу бөлімшесінің Сарыоба, Жалпақсаз қыстақтарында етке өткізілетін малдарды бағып, аналық сиырларды бұзаулатты. Бибіғайша бұзаушы болды. Ол қыстаудағы жұмыстардың барлығы қол күшімен атқарылатын. Көрген бейнетінің зейнетін көріп, Аманғали Аудандық Советтің үш шақырылымында депутат болып сайланды және ол дәрежені жоғары ұстады.

Аманғали өзіне Алланың өзіне берілген уақыты аяқталып, 1999 жылы фәниден бақилыққа озды.

*Қалам ұшымен еске алып*
*ой толғаушы Аманғали немересі*
**Қайратұлы Құрмет.**



Қуандықов Төлеутай «Қасиетті жеті ата» таралымы бойынша, Керней->Балта->Қараша->Алшынбай-> Қоянбай деген бабамыздың бірінші баласы Жанабайдың Қуандық деген екінші ұлынан туған.

Атамыз 1944 жылы Шет ауданы «Роза Люксенбург» колхозы, Ақсу жерінде дүниеге келген. Ол кісі дүниеге келгенде әке мен шеше болмаған. Майкоттен туған Оразалы шөбере ағасымен екеуі Қоянбай атамыздан қалып, бірін бірі сүймелеп, жоқшылықта өмір сүреді. Бізге жеткен ақпарат бойынша Оразалы Шетшоқы деген жерде ауыл советтің хатшысы болып тұрғанда Балқаштың балық зауытына барып бидай мен сауда жасасып жүргенде руы Әлтеке, Маужанқызы Несіпбала шешемізді алып келіп Төлеутайды үйлендірген. Төлеутай әкеміз бабында отырғанда шешемізбен қалжыңдасып сені бір пұт бидайға әкелгенбіз деп отыратын. Әкеміз колхоздың одан кейін совхоздың сиырын бақты, шешеміз сауыншы болды. Өмір бойы ауыр жұмыста жүріп, бастарынан күн өтіп, балтырларымен саз кешіп жүріп төрт ұлды, алты қызды дүниеге әкеліп, барлығын тәрбиелеп, оқытып ұлдарын ұяға қондырып, қыздарын қияға ұшырып әкеміз Төлеутай 65 жасында 1979 жылы, шешеміз Несіпбала 66 жасында 1993 жылы «Келместің кемесіне» мініп бақилыққа аттанды. Төрт ұл, алты қыздан бүгінгі күні 32 немере, 57 шөпшек, 3 неменелері шауып, ойнап жүр. Ұлдары мен қыздары өмірдегі өз орындарын тапқан, елмен қатар жүріп жатыр. Майкоттың ұлы Оразалы 1946 жылы өлер алдында Төлеутай әкемізбен Несіпбала шешемізге өзінен қалған ұлы Ғалыммен қызы Манзураны (Зура) аманат қылып кетіпті. Әкемізбен шешеміз сол аманатты толықтай орындап Ғалымды үйлендіріп, Сарым-Малшыбай Бекейдің Төлеуқұлына Манзураны тұрмысқа берген және өздері дүниеден өткенше осы үш ата баласы бір бидайды бөліп жеп, осы қадиғаны келешек ұрпақтарына өсиет еткен. Әкеміздің мінезі үшқыр, тез болатынды, бірақ қасиетті атадан жаралған Несіпбала шешеміздің жүрегі үлкен, сабырлығы мол, жайылған ақ дастарханы асқа толы болатынды. Сондықтан бұл үйден қонақ арылмайтынды. Өзінің он баласы түгіл, туған қайын інісі Ғалымның он бір баласын, Манзурадан туған жиендерін «балапандарым» деп қалтасындағы тәттілерін беріп отыратынды. Совет дәуірі еңбек адамына марапат жасаған жоқ, ауыр жұмыспен, аз еңбек ақымен озбырлық қанау жасады. Марапат жалғыз анамызға балалар үшін берілген «күміс және алтын»медальдары болды. Әкемізбен шешеміздің өмірлері қысқа болды, небары 66 жас жасап, арттарында қаншама ұрпақ қалдырды, сөз соныңда айтарымыз «Құдайдан рахмет Пайғамбардан шапағат, жатқан жерілерін жайлы, топырақтарын торқа, жолдастарын иман болсын». Асқартаудай әке, ақ сәуле ана!



**Кушенов Бүркітбай**
**(1924-2001)**

8 марта 1924 года (дата рождения)

23 октября 2001 года (дата смерти)

Со 2 ноября 1942 года по 15 июля 1946 года воевал.

Закончил войну в Польше.

Закончил высшую бухгалтерскую школу в Петропавловске в 1937 году.

Начал трудовую деятельность с ранних лет. Работал бухгалтером. Награждался медалями и орденами:

Медаль «Ветеран труда»,

Орден «Отечественной войны»,

Медаль «За Победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 г. г. » и др.

Воспитал шестерых детей.



Ойға сөз салып қаламды жорғалатып отырған қасиетті Нұра өзенінің суына шомылып Ақсу жерінің Тоба Жалпақсаз топырағында туып, отбасын құрып, балаларын өсіргендердің біреуі **Тусупбаев Елеусіз Нұрғалиұлы мен Түсіпбаева Аманжан Ахметқызының отбасысы.**

Түсіпбаев Елеусіз 1949 жылы Шет ауданы Ақсу жеріндегі Жалпақсазда «Байшегір» колхозында дүниеге келді. Ата жолы бойынша Керней-Балта-Жамбы-Қаратоқа-Талдың-Түсіпбайының Нұргалиының үлкен баласы. 1964 жылы 8 каласты Шет ауданындағы Ы.Алтынсарин мектебінде бітіргеннен кейін Қарағанды қаласындағы Мичурин совхоз техникумының агрономия факультетін «Агрономия» мамандығы бойынша аяқтап, 1965 жылы Шет аудынының ауылшаруашылық басқармасында агроном болып жұмысын бастаған.

1969 жылы Орджоникидзе совхозының Еңбекшіл бөлімшесінде, агроном, 19993 жылдан Орджоникидзе совхозының Ақсу бөлімшесінде меңгерушісі, 1995 жылдан 2001 жылға дейін «Бірлік» шаруа қожалығының жетекшісі болып қызмет атқарды. Зайыбы Түсіпбаева Аманжан Ахметқызы 1951 жылы Шет ауданы Қызылтау колхозында дүниеге келген. Орта білім алған жан. Кейін өмір бойы зейнеткерлікке шыққанша Ақсу, Еңбекшіл бөлімшелерінде сауыншы болып істеген.

Жанұяда 6 баланы туып, өсіріп, оқытып ел қатарлы отау тіктірген. Қазір ата-әже еңбек демалысында балаларының ортасында салауатты қартаюда.





Қасиетті Нұра өзенінің бойында Ақсу колхозының Орджоникидзе совхозының Ақсу бөлімшесінде туып, үйленіп, еңбек еткен жанұяның біреуі Сабыров Қарғажанмен Шельбаева Албаудың отбасы болатын.

**Сабыров Қарғажан** жеті ата жолы бойынша Карсен-Наурызымбет-Қозыбақ-Наймантайдың бәйбішесінен туған Күржімбайдың Мутәліпінен Сабырдың кенже ұлы Қарғажан 1940 жылы Ақсу өлкесіндегі Жалпақсаз жерінде, Байшегір колхозында дүниеге келеді. Орта мектепті аяқтаған соң, 1968 жылы Теміртаудың электро-техникалық училищесін аяқтағанан кейін, Ақсу колхозында электрик, ауылға тоқ беретін дизельде істеді. 1969-1975 ж. ж Орджоникидзе совхозында инженер электрик болып істеді. 1976 жылы Шет совхозына қоныс аударып комбайнер, тракторист, одан 1994 жылы зейнеткерліке шықанға дейін малшы болып істеді. Көрген бейнетіне сай Еңбек Қызылту орденимен, Құрмет орденімен марпаталған. 1963ж Керней-Дау-Түйте бабамыздың Шелбайымнан тараған атақты ақын, ойшыл, Түбектің Албау деген қызымен отбасын құрды. Албау өмір бойы малшы, доярка болды. Екеуі сегіз баланы дүниеге акеліп ұлын ұяға, қыздарың қияға қондырып, бөлек отау тіктіріп, олардан 28 немере, 1 шөбере көріп отыр. Ана үшін ең үлкен марапат туған баласы ғой осындай балалары үшін Албау «Ана даңқы» медалінің толық 3- дәрежелі иегері болды. Алланың жазымымен Албау 1999ж фәниден бақилыққа аттанды.





*Жорғалап заманында Шабдар жорға,*
*Бас бәйгіні бермеген 11 жылда,*
*Ер қанаты -жорға болып бабыменен,*

Әкелген ат бегілік қасиетпен "Қаштай сайын", Керней-Шан-Ақтантегі-Абжанұлы Қажытайға осындай төрт шумаққа негіз болып отырған **Абжанұлы Қажытай атамыз.** Қажытай (Каштай) атамыз жеті ата жарғысы бойынша Керней-Шаң-Сүйіндік-Бәйтік-Жомарт-Қара -Ақпан-Абжаннан туған. Бұл кісі үш экономикалық формацияны феодализм-капи-

тализм-социализм басынан өткізіп, сол дәуірлердің қуанышы мен ренішін басынан өткізіп осы дәуірлерге куә болған адам. Атамыз 1900 жылы Кернейдің отаны болған №10 ауылда қазіргі Қарабұлақ жерінде дүниеге келген. Ол кісінің алған білімі жөнінен толық ақпарат жоқ, бірақ ол газет-журналдары оқитыны белгілі болған. Алғашқы еңбек жолын Балқаш қаласындағы Қоңырат кең қорыту зауытында алғашқыда қатардағы жұмыскер, сонан соң зауытта жез қорыту цехында, қазіргіше ыстық цехта "сталевар"болған ыстық цехта балқытушы болғандықтын "броньмен" соғысқа қатыспаған. Сол цехта жүргенде қолынан жарақат алған, 1930 жылы Ақсу жеріне қоныс аударып, Байшегір, онан кейін Ақсу колхозына еңбек еткен. Алланың босатқан уақыт мерзімі жетіп атамыз Қажытай 1991 жылы 91 жасында келместің кемесіне мініп фәниден бақилыққа аттанды. "Өлді деуге болмайды артында өшпейтұғын із қалдырса", өзенің бойында туған Шерубай мен Нұра Аюлының бөктеріндегі Қаштай сайы заманында жорғалаған Шабдар жорға атамыздың артында қалған із мәңгілік із.

1952 жылы атамыз Бекметова Рабиға атақты Асқанқызымен отбасын құрады. Әжеміз Рабиға атақты Ноғай көпесі Бекметовтардын кезінде байлығын көрсету үшін ақшамен самаурын қайнатқан қуаты бай адамдар шыққан әулеттің қызы еді. Кезінде Қарқаралы уезінде дуанбасы Құнанбаймен үзенгілес, табақтас адам болған Қарқаралыдағы қарағайдан салынған 12 бөлмелі үйін Құнанбайға сыйға тартқан сол үйде бүгінде атақты Хакім Абайдың музейі орналасқан дейді бізге жеткен аңыз. Әжеміз Рабиға осындай жерден шықсада атамыздан әрқашан төмен тұрды, оның еркек басын сыйлады, Қажытай мал бақса ол күзетші, шөп шапса полевойстаның повары от басы ошақ қасының берекесі молшылығы болды. Отбасында тәрбиеленген бес баладан 12 немере, 17 шөбере қалды. Құдайдан рахмат Пайғамбардан шапағат жатқан жерлерің жайлы, топрақтарың торқа болып, Алла қабірлеріңді Иман нұрымен нұрландырсын, ғасыр замандасы-Қажытай ата ақ сәулелі нұрын шәшқан Рабиға әже сағынышпен еске алушы дұға қайырушы немересі Айбат Шерубайұлы.

**Бекеев Төлеуқұл жары**
**Бекеева Мәнзура**



Ой толқысына іліиіп, қолға қалам алдырып, отырған адам ол Төлеуқұл ақсақал. Ата жолы тізбегі бойынша Сарым-Шуаш-Малшыбай- Қазыбек-Жексен-Оспанның Бекейінен ағасы Жиенқұл және Төлеуқұл туады. Мал-

шыбай ұрпағының ішінде Оспан тұқымы аз, өспеген тұқымға жатады. Жиенқұлдан бүгінгі күні жалғыз қыз Нұралтай ғана.

Төлеуқұл ақсақал 1920 ж осы Ақсу жерінде дүниеге келеді. Жетімдікті де жалғыздықты да көреді. 1932 жылғы аштықты, 1937 жылғы жалпылай жазалауды, 1941 ж Ұлы Отан соғысының бастапқы кезенің басынан өткізеді. Жастайынан Ақсу колхозының жұмысына жегіліп «Труда деньмен» өмірін сақтайды. Бізге жеткен ақпарат Төкен ақсақал үш рет отбасын құрған. Бірінші жолдасы Ажар деген шешеміз, жобасы ширақ, әлді болған сияқты себебі бізге жеткен 1948 ж Ақсу колхозының тізімінде екінші жолдасы Тиыштық деген әйел болатын. Осы кісілер жөнінен нақты дерек жоқ. Нақтысы екеуіненде бейбітшілік жолымен ажырасқан. Басты себебі осы кісілердің құжатттары қалмаған. 1940 жылы Төлеуқұл ел қатарлы соғысқа аттанып 1942 жылы ауыр контузия салдарынан жарақат алып бірінші топтағы мүгедек болып елге оралады, алынған контузия салдарынан ол сөйлесу қабілетінен айырылады. Сонан соң колхозда жұмыс атқарады. 1957жылы Төлеуқұл үшінші рет отбасын Керней-Дау-Балта-Қараша-Қоянбайдың Майкөтінің Оразалысының Манзурасымен (Зура) отбасын құрады. Ерлі зайыптылар колхозда, артынан Орджоникизде совхозынынң Ақсу бөлімшесінде мал шаруашылығында еңбек етеді. Екеуі өмірге сегіз бала әкеліп, асырап, өсіріп, оқытып, ұлдарын ұясына, қыздарын қиясына, әр қайсысын жеке отау құрғызады. Балалары: Талғат, Айдаркүл, Жанагүл, Канат, Сайлаукүл, Сауле, Қайрат, Болат. Бүгінгі күні осы балалардан 19 немере, 2 шөбересі бар Нұртөре, Азиза.

Алланың жазуымен Төлеуқұл атамыз 80-нің сеңгірін атқарып 2001 жылы фәниліктен бақилыққа озды.

Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі мен жанқиярлық еңбегі үшін атамыз көптеген мемлекеттік марапаттарға ие болды.

Манзура әжеміз 85-не аман есен көтеріліп, атамыздың шаңырағын шайқатпай, жаққан отын сөндірмей бір қолымен Бекей ұрпағының бесігін тербетіп отыр. Әжемізге Алланың берер жасын сұраймыз. Дені сау ортамызда жүре берсін дейміз. Сағынышпен еске алып, қалам ұшымен дұға қайтарушы немерелері. Асхат Талғатұлы, Фархат Қанатұлы, Рахат Қанатұлы, Мақсат Қайратұлы, Ахат Болатұлы, Санжар Болатұлы, Ғибрат Болатұлы.



Ақсудың саз балшығын басып, Нұраның суына шомылғандардың біреуі **Акимов Асылхан марқұм және жұбайы Сулейменова Риза.** Жеті ата жарғысы бойынша Асылхан атамыз Сарым-Тоқсан-Мастан-Кульжан-Айдабол-Деріпсалы-Қармыс-Алдияр-Әкімжан бабамыздың екінші баласы. Асылхан атамыз 1942 жылы Ақсу колхозында дүниеге келген. Жанұяның екінші баласы болғандықтан Қайрақтыдағы мектептің

10-шы сыныбын аяқтағанан кейін еңбекке ерте орналасады. Ақсу колхозында жұмыс істеп жүріп Аскен атамыз өзінің өмірлік серігі Риза әжемізбен отбасын құрады. Жеті ата тізбегі бойынша әжеміз Карсен-Наурызымбет - Қозыбақ - Наймантай - Биқаш - Сүлейменің Мухамеджанынан туады. Осы екі кісі он баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп, оқытып әрқайсысын отау құрғызды. Былайша айтқанда ұлдарын ұясына, қыздарын қиясына қондырды. Бүгінгі таңда олардан 20 немере, 10 шөбере бар.

Алланың бұйрығымен атамыз Аскен 71 жас шағында дүниеден озып фәниден бақилыққа, келместін кемесіне мінді.



Ақсу колхозының Жалпақсазымен, Сарыоба өлкесінде туып, адамзат болып, еңбек етіп отау құрып балаларын дүниеге әкеліп арттарына ұрпақтарын қалдырған отбасының біреуі - **Оразалы Ғалым және Қуанышпекқызы** Орынтай марқұмдар еді. Оразалы ұлы Ғалым 1929 жылы Қарағанды облысы Шет ауданы Ақсу колхозының Сарыоба қыстағында «Оразалы қонған» деген сайда кедей шаруаның отбасында дүниеге келеді. Жеті ата тізбегі бойынша Керней-Балта-Қараша-Алшынбай-Қоянбай деген бабамыздан Жанкөт, Балкөт, Майкөт тараған. Балалары шетней бергендіктен бабамыз балаларына осылай теріс ат қойған. Майкөтен Үсенбек және Оразалы туған. Оразалыдан Қасен, Ғалы, Ғалым және жалғыз қыз Манзура. Жанкөтен Оразгүл, Жақсылықбай, Балкөтен ұрпақ жоқ, Тілейубайдан Күшік, Мүбәрәк және осы екі ата балаларының қайда жүргенін білмейміз, үлкен қиын заманда Оңтүстік жаққа өтіп кеткен шығар ой бар.

Жанабайдан Жиенбек-Қуандық, одан Төлеутай. Осы келтірілген ди-

ректер бойынша Қоянбай бабамыздың ұрпағы өспеген атаға жатады. Себебі осы бес ата баласынан Шет ауданы көлемінде екі атадан ғана тұқым бар. Жанабайдан Жиенбек, Қуандық, Сүйіндік, Әлі. Осылардан Құандықтан жалғыз Төлеутай.

Майкөтен Оразалы одан Қасен, Ғалы, Ғалым, Манзура. Қасен ертеде қайтыс болған, Ғалы соғыстан қайтпаған, сонда Оразалыдан Ғалым мен Манзура ғана қалған. Оразалы ақсақал өте жинақы, жоғарға дауысты, бір сөзді екі қайталамайтың, жалған сөйлемейтін, қатал адам болған. Өмір бойы қабағын көтермеген адам болса керек. Осы қасиеті үшін замандастары жылап отырған баланы «Оразалы келе жетыр деп» қорқытатын болған. Ешкімге көнбей, өзінің айтқанын істеген екен. Мынаны былай істейік деген адамға көнбей «Бас біреу ақ» деп жауап берген, осы қасиеті үшін колхозда бригадир болған дейді. Ол уақытта бригадир елді ерте тұрғызып жұмысқа қуып, жұмыстан кеш қайтаратын болған. Сол уақыттағы ауылда егісте жұмыс істейтін шешендер Оразалыға қатал мінезі үшін «Шайтан» деген ат қойыпты. Осындай мінезінің арқасында ол кісі Шетшоқы ауылдық Советінің хатшылығына шейін дәрежесі көтеріліп жұмыс атқарыпты. Бірақта сол мінездің кесірінен домалақ арызбен сотталып 1946 жылы ақталып келіп, сол жылы қайтыс болады, артынан бәйбішесі Жамалда аттанады.

Әке мен шешеден айырылған екі бала Ғалым мен Манзура шөбере ағасы Төлеутайдың қолына келіп паналайды. Төлеутай Оразалының өлердегі аманатын орындап Ғалым мен Манзураны аяқтандырады.

Ғалым қолхоздың қойын бағады, сол қой бағып жүріп, Кәрсен мен Керней арасындағы ерегістің кесірінен домалақ арыз жазылып, оның арты мал басының санағы жүргізіліп, жетпеген мал басына, малшы Ғалым жауапты болған. Бұл 1950 жылы Сталинның қатал тәртібі күшінде тұрған уақыты. «Групповое расхитительство» статьясы өте ауыр жаза болатынды, сол себептен колхоз басында отырып билікке таласқандар өздерінің қамын ойлап жетім бала Ғалымды азғырып, барлық кінәні мойнына алдырып, сорлы бала сегіз жыл түрмеге «Расхититель соц. собственность» бабы бойынша 8 жылға кете барады. Оның өзінде ол алысқа бармай Жезқазған аумағындағы Сәтпаев еңбек түзеу лагеріне, нақтылау келсек шахтаға түседі. Сол шахтадан «Силикоз» ауруын алып 1953 жылы Сталин өлгеннен соң ақталады.

Түрмеден келген сон Керней-Түйте-Түбектің екінші әйелімен еріп келген Керней-Шан Қуанышбектің қызы Орынтайға үйленеді. Орынтай отбасы ошақ қасында өмір бойы тіршілік жасайды. Ғалым алғашында авто машина жүргізушісі артынан Ақсу бөлімшесінің трактор бригадасының бригадиры болып еңбек етеді. Сол еңбегімен зейнеткерліке шығады. Көп жылды жасаған еңбегі үшін үкімет Ғалымды көп деген медальдармен және Еңбек Қызылту орденімен марапаттайды. Әрине олардың бәрі сақталмаған. Ғалым ақсақал байлық, дүние жи-

намаған адам және соған ешқандай қам да жасамаған. Жанұядағы 10 бала ердің тапқаның ұқсататың етекті болмаған сон өмір бойы соқыр кедейліктен шықпаған. Оның үстіне өзі туғанынан отабсындағы еңбекке дағдыланбаған адамның жағдайы, өмір тағдырдың тәлкегімен осылай болады ғой және өзінің мінезі жұмсақ, қолы ашық, ешкімнің бетін қайтармайтын болғандықтан ол кісіні Ғалым демей «Қалекен» деп атап кетіпті. Әрине «жұмсақ жерді бит басады» дегендей көп шырақ адамдар бұл кісінің осы қасиетін өздерінің пайдасына шеше білді. Оған мысал Ғалымның «30 тиынға лоторея арқылы ұтып алған Москвич - 412» автомашинасы болды. Бұл Ғалымға Алланың берген несібесі шығар, сол несібе бүкіл Ақсу ауылының таксиы болды, ол аздай бүкіл тракторшылар мен плугтың күрен тістерін совхозбен Ақсудың ортасында тасыды. Шахтада жабысқан силикозы Қалекенің өмірінің бірәзін алып, 1998 жылы ешкімге ауырлық салмай қас-көздің ортасында о дүниелік болды.

Орынтай әжеміз 49 жасында бірәз ауырып, бауырдан қайтыс болды. Екеуінің артында 10 бала қалды. 10 немере, 11 шөбере бар. Барлығы дің аман, елмен қатар өмір сүруде.

Құдайдан Рахмет, Пайғамбардан шапағат, жатқан жерлерін жайлы болсын, топырақтарын торқа болсын. Ата, Әже!

*Сағынышпен еске алушы немерелері*

**Дидар, Бахтияр Ғалымтегі.**



Қасиетті Нұраның суын ішіп, Ақсу колхозында өзінің бар салауатты өмірінде еңбек етіп, отбасын құрып, бала-шаға сүйген отбасының біреуі Ержанұлы Жалғабекжәне Жалпанқызы Нұрбибі марқұмдардың отбасы болатынды.

Жеті ата жарғысы бойынша Жалғабек ақсақал Сарым-Шуаш-Малшыбай-Тәттібай-Қалабай-Ержанның жалғыз ұлы Қалабайдан Ержаннан басқа Махамбетжан одан Төлеген, Ильяс туған, сонда бұлар Қалабайдан тараған үш ұл болған, Төлеген соғыстан қайтпаған.

Жалғабек ақсақал 1917ж. туған, ол туған жылы әкесі, 1918 жылы шешесі қайтыс болған, сонда Жәкенннің нағашылары Даулет-Мәметқұл-Әлғазы Жанқабайдың аналары болса керек. Бұлан болып өскен Жалғабектің Егінбайы Жанқабайдың Жайдарымен «Ұлы нағашым» деп ойнап жүретінді. Әке мен шешеден қас қағым сәтте айырылған Жалғабекті Қалабайдан туған Махамбет жан асырап, оның Басан Байбұ-

рынның қызы бір төсін беріп өсіріпті. Ойын баласы ойнап кетсе сол ойнап жүрген жерінен Жалғабекті тауып алып емізетін көрінеді. Жобасы Басан шешеміз үлкен жүректі, мейірманды, балажан адам болса керек. Жетім қалған бала еңбекке ерте араласады, мал бағады, күзетші болады. 1940 жылдары Қалабайдың Махамбетжанынан туған Ильяс 5 колхоз бағынған Қызылтау ауылдық округінің Советінің төрағасы болып тұрғанда Жалғабекті көзінің шапыраштығын, құлағының ауратынын дәлелдеп соғыстан алып қалып «Бронга» кіргізіп, Қарағанды шахтасына кіргізіп жібереді. Шахтада жұмыс істеп жүріп 1946 жылдары Жакен орыс болып кеткен бірінші жолдасын ауылға алып келеді. Одан бір қыз бар, оны артынан Егінбай туыпты деген сөз бар. Орыс намай әйел туыстарына ұнамай, ақыры Жәкен онымен айырылысады. Сол жылы өзінің соғыста құрбан болған ағасы Төлеген марқұмның жесірі Нұрбибі женгесіне әменгерлік жолмен үйленеді. 1947 жылы Егінбай туады. Өзі атадан жалғыз болғандықтан Егінбайдың бетін қақпай ерке қылып өсіреді. Сол Егінбай әлі ерке, енді Қарашаштың еркесі. 1950 жылы Қайрақтыда ашылған трактористік курсты аяқтаған, Шет ауданына алғашқы Харьков тракторлық заводынан шыққан «Шотты аяқ» тракторына отырады. Осы уақытан бастап 1977 жылдға шейін Жәкен талай темір тұлпардың құлағында ойнап, Ақсу колхозы, одан совхоздың жерін жыртып, шөбін шауып, қыста техника ремонттап, талай жастарды тәрбиелеп шығарды. Оның біреу өзінің Егінбайы. 1977 жылы жасына байланысты Жәкен зейнеткерліке шығады. Бірақ өмір бойы қозғалысқа үйренген жан демалмай ауданға су беретін насостың станциясында жұмыс істейді. Тіпті сол насостың жанына кішкентай ғана үйде салды. Нұрбибі әже 1992 жылы, Жәкен ақсақал 1996 жылы келместін кемесіне мініп, пәниден бақилыққа аттанды. Құдайдан рахмет, Пйғамбардан шапағат, жатқан жерлерін жайлы, топырақтарын торқа болсын асқар таудай Ата, ақсәулелі Әже.

*Сағынышпен еске алып, дұға қайырушы шөберелері*
**Абылай, Нұрдаулет, Нұрислам, Азамат ұлдары.**



Қаламның ұшына ілігіп, ойға түрткі болып отырған ата бабасы үлкен өмір жолынан өткен, адамзат, заман толғауында үш экономикалық формацияда капитализм, социализм және сағым болып орнамай кеткен коммунизм де туып өсіп, еңбек етіп, фәниден бақилыққа аттанған Қаратөбелұлы **Қабиақсақал еді.** Ата

жолымен келгенде Керней-Дау-Балта-Жанбы-Амангелді-Қаратоқа-Қаратобелден тарайды.

Қаби ақсақал 1900 жылы Керней атаның Отаны болып есептелетін Қарабұлақ жерінде дүниеге келген. Қаратөбел марқұмнан үш бала болған, үлкені Қаби, екіншісі Серікбай- Ұлы Отан соғысынан елге қайтпаған, үшіншісі қыз бала Ақын Қабанның өз кіндігін жеті ұрпақ болған, 5 қыз, 2 ұл, осы жетеудің үшеуі жастайынан «Шешек» ауруынан құрбан болған. Күляндаш, Күлян деген қыздарда дүниеден өткен, олардан бір қыз бала бар дейді аты Гүлнәр Алматы қаласында тұрады. Ұлдан үлкені Балтабай, кіші Серік бүгінгі күні бұл кісілерде келместін кемесінен бақилыққа аттанған. Шүкіршілік сол екі ұлдан ұлдары да қыздары да бар.

1960 жылы Қаби ақсақал зейнеткерліке шығып алатын пенсиясы бар жоғы 19 сом (рубль) болды деп күліп отыратынды. Адамның өмірі қамшының қысқа сабындай болғандықтан Қабан ақсақал 1977 жылы, Батима шешеміз 1997 жылы келместін кемесіне мініп, бақилыққа аттанды. Құдайдан Рахмет, Пайғамбардан шапағат, жатқан жерлерін жайлы, топырақтарын торқа болсын. Қадірменді Ата, аяулы Әже.

**Немерелері**

**Нурмуханов Төлеутай**
**(1928-2008)**



Нурмуханов Төлеутай 1928 жылы 27 қаңтар айында Қарағанды облысы, Ақсу ауылында өмірге келген. Мектеп қабырғасын 1937 жылы барып, 1947 жылы бітірген. 1950 жылы Қарағанды қаласының Молотов атындағы мұғалімдер институтын бітірді. Мамандығы тарихшы. 1954 жылдан бастап Ақсу бөлімшесінде бастауыш мектебінің мұғалімі болып 36 жыл қызмет істеді. 1961 жылдан бастап Орджоникидзе совхозының №1 Ақсу бөлімшесінде мұғалімдіктен тыс 30 жыл парторг болып қызмет істеді. Мемлекеттен еңбегі сіңіп алған наградалары:

«За освоение Целинных земель» 20 қазан 1956 жыл.

«За Доблестный труд в ознаменования 100-летия со дня рождения «Владимира Ильича Ленина» 2 шілде 1970 жыл.

«Победитель социалистического соревнования 1974 года»

«Тридцать лет Победы в Великой Отечественной Войне 1941-1945г. г.»

1991 жылы еліміз тәуелсіздік алған жылы әкеміздің еңбегін елеп тәуелсіз еліміз 1941-1945 жылдарындағы Ұлы Отан соғысындағы

«Жеңістің 55 жылдығы құрметіне» 1941-1945 ж.ж. Соғыс ардагері Белгісі тапсырылды.

2004 жылы тамыз айында «Тыңға 50 жыл» мерекелік медалімен наградталды.

1998 жылдан 2008 жылдар аралығында Отан партия ұйымының мүшесі болып 2008 жылы 15 қаңтар айында өмірден өтті.



**Амандыков Ибрагим Мұхатайұлы**
**(1961-2017)**

Амандыков Ибрагим Мұхатайұлы 1961 жылы 7 шілдеде Ақсу - Аюлы селолық округінің Ақсу ауылында дүниеге келген. Ақсу бастауыш мектебін тамамдап аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин мектебіне келіп 8-ші сыныпты аяқтайды. 1976 жылы Шет ауданындағы орта кәсіптік-училищесіне түсіп, машинист-тракторшы мамандығы бойынша 1973 жылы бітірді. 1979 жылдың қараша айында әскер қатарына шақырылып Алтай өлкесінде міндетін 1981 жылы өтеп қайтты. 1982 жылы Алматы қаласына Ауыл шаруашылық институтына түсіп, 1988 жылы инженер-механик мамандығы бойынша бітіріп шықты.



**Желтоқсан көтерілісі**

1986 жылы 16-17 желтоқсандағы студенттердің наразылығын тудырған көтерілісі кезінде түсірілген суреті арқылы ішкі істер қызметкерлері тауып алып жатаханада бірнеше студенттермен бірге соққыға жығып, оқудан шығармақшы болған. Жақсы адамдардың көмегімен ақталып, оқуын жалғастыруға рұқсат алады. 1988 жылдың қыркүйек айында Орджиникидзе совхозына бақылаушы-механик болып қабылданды. 1990 жылы РММ меңгерушісі, аға инструктор қызметіне ауыстырылды. 1992 жылы совхоздың бас инженері болып тағайындалды. 1995 жылы ҚР Президентінің Жарлығы бойынша совхоздың таратылуына байланысты жұмыстан босатылды. Аталған жылы «Біржан» шаруа қожалығының жетекшісі болып сайланды. 2006 жылы Қарағанды облысының статистика басқармасының ауылшаруашылық санақ бөлімінің бастығы орынбасары қызметіне тағайындалды. Бірінші ұлттық ауылшаруашылығы санағының нәтижелі аяқталуына орай Облыстық Статистика Басқармасының бастығы Л.В.Колесова Алғыс хатпен марапаттады. 2008 жылы Шет ауданының статистика бөліміне халық санағы уәкілі ретінде қабылданды.

Өмірінің соңғы 2016 жылы ҚР Президенті, мәслихат депутаты сайлауы кезінде сайлау учаскесінің төраға орынбасары міндетін атқарды.

Бүгінгі күні арттағы ұрпақтары Ибрагимнің жасамаған жасын, көрмеген қызықтарын жалғастыруда.

**Амандықов Мұқатай Амандықұлы**
**(1930 - 1989)**



Амандықов Мұқатай Амандықұлы 1930 жылы №5 ауылда дүниеге келген.

16-17 жасынан бастап Ақсу ауылында әр түрлі жұмыстар жасады. 1948 жылы ауылда шаруашылық меңгерушісі болып жұмыс істеді. Осы жылдың 15 қаңтарында Сұлтанбек қызы Гүлшарамен отау құрды. 1960 жылдан бастап аудан басындағы Тұтынушылар қоғамы мекемесінде автокөлік жүргізушісі әрі сатушысы болып қызмет жасады. 1967 жылы 25 тамызда жұбайы Гүлшара қайтыс болып; артында алты баласы қалды.

1967 жылы Ильясқызы Қарлығашпен қосылып, екі қыз бала дүниеге келді.

1970-1971 жылдардан бастап мал өнімдерін өңдеу үшін жинақтау агенттігінде (живсырье) жұмыс істеді. 80-ші жылдардың соңында денсаулығының жарамсыздығына байланысты жұмысты тоқтатты.

1989 жыл 27 қыркүйекте Ақсу ауылында өмірден өтті.



**Мұзапаров Есентай Күшікбайұлы**
**(1920-1996)**

Екінші жаһан соғысына қатысушы (1941-1945ж). №955 атқыштар полкінде мерген болған. ІІ дәрежелі Отан соғысы орденінің иегері (№88955511.03.1985ж) Елге оралғаннан кейін 1956 жылдан 1990 жылға дейін Орджоникидзе атындағы совхозда жер өлшеуші, есепші, қоймашы болып еңбек еткен.

Сол жылдарда «Тың жерді игергені үшін медалі» (1956жылы №728257), «Еңбек ардагері» медалі (11. 02. 1987ж), және атқарған қажырлы еңбегі үшін бірнеше мәрте Мақтау қағаздарымен марапатталған.



**Татубаева Тұрсын Затанқызы**

Татубаева Тұрсын Затанқызы 1937 жылы 8 наурызда дүниеге келді.

Көп балалы ана, алтын алқа иегері. Қазіргі таңда зейнеткер, ардақты ана,

немере-шөберелердің қадірлі де, сүйікті әжесі.

Татубаева Тұрсын Затанқызы еңбек жолын колхоз уақытынан бастады.

1956-1959 жылдары сахманда жұмыс атқарды.

1959 жылдан бастап Ақсу бөлімшесінде сауыншы болып қызмет атқарды

1975 жылы аудандық депутат болды және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

1973 жылы маусым айында» Мал шаруашылығының шебері» атағы берілді және бағалы сыйлықпен марапатталды.

Қажырлы еңбектің арқасында 1980 жылы ауылдық депутат болды

1984 жылы 2-тамызда «Ветеран труда»медалымен марапатталды.

1985 жылы облыстық депутат болды. Адал еңбектің арқасында еңбегі жыл сайын бағаланып, сый -сыяпат алып, марапатталып отырды.

1992 жылы Ақсу ауылында адал еңбегінің арқасында зейнеткерге шықты.

**Жумабаев Амангельді**



1940 жылы туылған. 1967 жылы Кеншоқы кен байыту фабрикасына 5 разрядтағы жұмыскер болып жұмысқа тұрып, Тұрғын- үй коммуналдық бөліміне (ЖКО) 3-разрядтағы жүкші болып ауыстырылады. Арада 1 жыл өткен соң 4 разрядтағы инспектор болып бектіліген соң, 1960 жылы фабриканың жабылуына байланысты қысқартуға түседі. Әрі қарай еңбек жолын 1961 жылы Орджаникидзе атындағы кеңшарға (совхоз) ферманың трактористы болып жұмысқа орналастырылады. Араға 34 жыл аталған кеңшарда тұрақты жұмыс атқарып жүргенде, Қазақстан Республикасының 1993-1995 жылдарда ауыл шаруашылығын жекешелендіру Жарлығына байланысты кеңшардың таратылуына орай жұмыстан босатылды.

Ауыл шаруашылығында адал еңбегі мен жұмысқа берілгендігі үшін 1985 жылғы 28 тамыздағы халық депутаттарының шешімімен Жумабаев Амангелді «Еңбек ардагері» медалімен марапатталады. 1958 жылы Кеншоқы кенішінде кәсіпорындағы еңбегінің жоғары көрсеткіші үшін алғыс жарияланып, қаржылай сыйақыға ие болған. 1961-1962 жылдары, 1965 жылы 1-мамыр күніне орай аталған мекемеде атқарған үлгілі еңбегі үшін алғыс жарияланған. Сонымен қоса 1977 жылы Орджоникидзе атындағы кеңшар ауыл шаруашылығы қызметкері күніне орай үлгілі тәртібі мен жоғары көрсеткіш көрсеткені үшін алғысқа ие болды.

Ақсу Аюлы ауылының тұрғыны, ауданның бүгінгі келбетіне, өсіп өркендеуіне өз кезінде үлес қосқан, ерен азаматтардың бірі және бірегейі Жұмабаев Амангелді. Бар еңбегін ауыл шаруашылығы саласында жалықпастан сіңірген ел ағасын аудан тарихына қосып айтпау мүмкін емес те болар...

# X БӨЛІМ

## №2 «Ақтөбе» бөлімшесінің еңбеккерлері



**Ыстыбайұлы Қанапия**
**(Қапаш молда)**

1887 жылы Ақтөбе елді мекенінде дүниеге келген. Жастайынан дінге өте құштар болып, ата жолын қуып, Бұхара ілімін алған. Өте діндар адам болған. «Алайғыр» кентінде, «Игілік» колхозында көп жылдар еңбек етіп еліне халқына сыйлы, қадірлі болған. Артында әр түрлі нақыл сөздері қалған. 1972 жылы дүниеден өткен.



**Ыстыбаев Зәмірбек**
**1961 жылы туған**

Еңбек жолын «Орджоникидзе» атындағы совхозда бастаған, аталған совхозда әр-түрлі жұмыстар атқарып, №2 Ақтөбе бөлімшесінде тракторшылар бригадасының бригадирі, №3 Қайрақты бөлімшесінде ортаның ауыл шаруашылығы түліктеріне дайындалған азықты босату қоймаларының жетекшісі, шаруашылық меңгерушісі және бөлімшенің есепшісі, бас есепші қызметтерінде болды. Осы 1979 жылдан 1995 жылға дейінгі еңбек жолында «Еңбек Озаты» төс белгісімен, құрмет грамотолар, алғыс хаттармен марапатталған. 1986 жылы Түлкілі селолық Советінің Халық депутаты болып сайланып, 1990 жылға дейін абыройлы еңбек етті. 1995 жылдан бері «Орал» шаруа қожалығының жетекшісі.

**Сатқанғұлов Мұқабай**
**1900-1959жж.**

Ақтөбеде, сол кездегі Игілік колхозында малшы болып еңбек еткен. Колхоздың барлық ауыр жұмыстарын атқарған. Сатқанғұлов Жұматай 1905-1964 ж.ж. Ақтөбеде туып сонда әр салада еңбек етіп, колхоздың одан беріде Орджоникидзе атындағы совхоздың ірге тасын қалауға атсалысқан. Таспаз қыстағында бірнеше гурдтың басқарушысы (гуртуправ) болған. Бұл кісілердің үрім бұтақтары бүгінгі күні осы Шет ауданында әр салада еңбек етеді.



**Сатқанғұлова Сәтжан Төртбайқызы**
**1925-1984 жж.**

Колхозда кейіннен Орджоникидзе атындағы совхозда 15 жыл бойы сауыншы болып еңбек еткен. Қысы жазы мал соңында болған.

Ауылдық, аудандық кеңестердің депутаты болып сайланып, талай үлкен үлкен мәртебелі жиындарға қатысқан. Бірнеше құрмет грамоталарымен марапатталған. Социалистік жарыстың бірнеше дүркін жеңімпазы болған.

Ол кезде әр сауыншыға 30 басқа дейін сауын сиыр бекітіліп берілетін. Соларды қолмен, бұзауын салып сауатын. Күннің ыстығына, қарлы жауынына қарамай күніне екі мезгіл сауады. 40кг. кәтке сүтті сүт таситын көлікке шығарып құйып береді. Күзде тайыншадай болып кеткен «декабрьский» бұзауларды сиырға салып иітіп барып байлап сауу дегенді, бүгінгі күні ойлаудың өзі қиын. Бұл жұмыстарды тек сол сауыншы әйелдер атқарды.



**Қылышбеков Әбдіғалық**
**(1894-1961)**

Әбдіғалық Қылышбеков Шет ауданының Қызылтау болысының Ақтөбе ауылында ауылында 1894 жылы дүниеге келген. Бұл ауылда негізінен төре төленгіт тумалары ғұмыр кешкен. Өткен ғасырдың алмағайып кезінде қазақ халқының басынан өткен өмірдің ауытпашылығын арқалаған көп балалы отбасыныың бірі болған. Әбекең жастайынан еңбекке араласып, үй жайдың күнделікті шаруасына, кірісіп кейіннен колхоздың қара жұмысына қол ұшын береді.

1941 жылы Ұлы Отан соғысына қатысып, Батыс майданда Отан алдындағы азаматтық борышын атқарған.

Әбекеңнің майдан даласындағы ерлігі туралы Мемлекеттік Қорғаныс архив документі былай дейді:

«Красноармеец Клишбеков Абдигалик в Отечественной войне участвовал на Западном фронте 105 стрелковой дивизии, 465 стрелковом полку в должности стрелка 11.11.1942 года по 21. 06.1943годы »

В уличном бою города «Воронеж» был легко ранен.

При наступлении территории Беларусии 21.06.1943 года ранен осколкам в правое бедро, с резким ограничением движения в правом

каленном суставе с повреждением костей. Лечился в эвагоспитале №3540 города «Орск» с 03. 07. 1943 года по 10. 11. 1943 года. Он предоставлен к Правительственной награде медали «За отвагу».

Әбекең соғыстан кейін бейбіт өмірде Орджоникидзе колхозының жұмысына оралып, ұзақ жылдар бойы шаруашылықтың ішкі жұмыстарын басқарады.

Әбекең жетім-жесірге, тұрмысы төмен отбасыларына қолынан келген аяған емес. Ол әрқашан маңайындағы жандарға мейірімділігі мен жомарттығын көрсете білді. Ауыл еңбеккерлері Әбекеңді өте қатты сыйлап, құрметтеді. Ол осы атқа лайық жан еді.

Әбекеңнің құдай қосқан қосағы Жамал анамызда аяулы болған. Ол үйдің дастарханы кімге болса да жайулы болатынын көрдік.

Әбекеңнің отбасында Тілеужан (соғысқа дейін туған қыз бала), Әміржан, Әнеш, Аманжол, Тілеубайлар ер жетіп, отбасын құрып, ұрпақ сабақтастығын жалғастырды. Бүгінде үлкен баласы Тілеужан 80 сеңгіріне шықты, Жезқазған қаласында бала-шағасымен немерелерінің қызығын көруде. Алла Әбекенің жатқан жері жәйлі болып, арттағы ұрпағына ұзақ ғұмыр тілеймін.



**Асылханов Смағұл**
**(1907-1998)**

Қызылтау болысына қарасты № 1 ауылында «Ақтөбе» елді мекенінде дүниесінің есігін ашқан. Жастайынан шаруашылық жұмыстарға араласып, өткен ғасырдың аласапыран тұсында маңайына қолынан келген көмегін аямаған. Алғашқылардың бірі болып «Ақтөбе» колхозына мүшелікке өтіп, мал шаруашылығының қалыптасуына атсалысады. 1938-1942 ж. ж Шет ауданының «Ақтөбе» колхозы мал фермасының меңгерушісі болып еңбек етеді. 1946-1950 жылдры ауданның «Игілік» колхозының басқармасы қызметін атқарған. 1949 жылы Петропавл қаласында ауыл шаруашылық саласын кадр дайындайтын арнайы курстан өтеді. Колхоздар ірілендірілгеннен кейін 1951-1968 ж.ж Орджоникидзе атындағы колхозда, кейіннен кеншарда ферма меңгерушісі және аға жылқышы болып жұмыс атқарған. 1946 жылы Истаева Дәрмен шаңырақ көтеріп, 50 жылдан астам балаларымен немерелерінің қызығын көріп, 92 жасқа қараған шағында өмірден озды. Артта ұрпақтары баршылық: Жапау, Өзипа, Қанат, Тишкен, Рымкеш, Рыскен, Нәсіп атты ұл-қыздары өсіп, өніп, ұрпақтары Смекеңнің атын ататуда. Смағұл әкеміздің соғыстағы және бейбіт өмірдегі еңбектері бағаланып II- ші дәрежелі Отан орденімен «Жауынгерлік еңбегі үшін»

және жеңістің 40, 50, 60 жылдығы мерейтой медальдарымен наград-талды. «Тың жерлерді игергені үшін», Еңбек ардагері медалдарымен және бірнеше дүркін облыстың, ауданның Құрмет грамоталары және Алғыс хаттармен марапатталған.



**Исатайқызы Дәрі**
**(1915-2013)**

Дәрі апамыз Шет ауданының Қызылтау болысына қарайтын №1 аулында «Ұзынағаш» деген жерде 1915 қоян жылы дүниеге келген Әкесі еретерек 1925 жылдары қайтыс болып Дәкеңнін тәрбиесі мен ер жетуі Иса анасының мойнында болған. Дәрі апамыз өте ширақ, өжет тез қимылдайтын, үйдегі түздегі шаруаның қайсысы болсада, дөңгелетіп әкететін.
Ағасы соғыста болған кезде 1941-1945 жылдары екі отбасынан 8-9 бала шағасын асырау үшін колхозда күн-түн демей, белді бекем буып, жұмыс істейді. Дәрі апамыз жәй қатардағы колхоздан сиыр және қой сүтін сауғызып, оны қол машинасымен тартып, май, құрт, бринза жасайтын колхоздын арнайы бөлімшесін басқарды. Дайындалған тағамдарды Қызыл армияға тұрақты түрде жіберіліп отырды. Үкімет тарапынан тапсырған жұмсытарды тыянақты сапалы орындайтынын көрген аудан басшылығы Дәрі апамызды 1939 жылы Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутатынын, сенімді өкілдігіне тағайындайды және аудандық кеңестің депутатына сайлайды. Дәрі апайдың алғашқы жолдасы көрші Ақтөбе колхозының азаматы Қылышбеков Көкен болған. Ол соғыста 1942 жылдың аяғында қайтыс болған. Ол жолдасынан Өзипа атты қызы қалды. Қазір Өзипа 80-нен асты, бала-шағалы өмірін өткен Мұхабаев Мейрамбек замандасымыздың жары. 1946 жылы Дәрі апамыз екінші рет Ақтөбе колхозының төрағасы Асылханов Смағұлға тұрмысқа шығып, екеуі мәнді де сәнді 50 жылдан астам ғұмыр кешті. Смағұл жездеміз Ұлы Отан соғысына қатысып жараланып, елге 1944 жылы оралған. Дәрі апамыз дүниеге 4 қыз 1 ұл бала әкеліп, 20 дан аса немере шөберелерінің қызығын көріп, 2013 жылы желтоқсан айында 99 жасқа қараған шағында өмірден озды. Дәрі апамыздың ұзақ жылдар бойы табысты еңбегін үкімет тарапынан бағаланып «Германияны жеңгені үшін 1941-1945ж.ж» «Тың жерлерді игергені үшін» «Еңбек ардагері», Ұлы жеңістің 30, 40, 50, 60, жылдың мерекесін медальдарымен ауданның, облыстың Құрмет Грамотасымен, Алғыс хаттармен бірнеше дүркін марампатталған.



## Сәкенұлы Кәдірқұл

Сәкенұлы Кәдірқұл 1909 жылы дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылған бала Кәдірқұл бауырлары мен шешесі нағашы Керней руының Балтасының тармағынан тараған Қазгелді Қаршыбектің қолында ержеткенше Шудың бойында тұрақтады.

Ержеткен соң Қарағанды қаласы Шет ауданының Ақтөбе елді-мекеніне келіп, Мұсақызы Төлеумен бас қосып, 7 бала тәрбиелеп өсіреді.

1932 жылғы зұлмат жылдар кезеңінде аштықта шешесі Қаршибекқызы Сәлипан, бауыры Сәкенұлы Тиштық, жұбайы Мұсақызы Төлеу, қайын ағасы Мұсаұлы Төлеумен Новосибирскіге өтіп сол жақта жандарын сақтап қалған. 1933 жылы елге оралып, Ақтөбе елді-мекенінде малшы болып жұмыс істейді. 1942 жылы Екінші дүниежүзілік соғысқа аттанып, Ресейде Тылда еңбек етті. 1945 жылы елге аман-есен оралды.

Кәдірқұл жас кезінде мықты көкпаршы, ұлттық ойын тоғызқұмалақтан аудан, облыс көлемінде чемпион болған. Балалары: Керім, Аманқұл, Бұлбұл, Рымкеш, Рымкүл, Аманкүл, Кенжегүл.

## Кәдірқұлұлы Керім

Кәдірқұлұлы Керім 1934 жылы тамыз айының 20 жұлдызы Қарағанды қаласында дүниеге келген. Балалық шағында Қарағанды қаласы, Шет ауданының орталығындағы орта мектепте білім алып, сол мектепті тәмәмдаған. 1954-1957 жылдары әскер қатарында болып, әскери борышын өтеп қайтқан. 1958 жылы Еңбек жолын бастап, Шет ауданының Мәдениет үйінде көркемдік жетекші қызметін атқарған. Одан кейін Шуленбайқызы Майрашпен отау құрып, Ақтөбе ауылына қоныс аударады. Сол ауылда учетник, агроном болып жұмыс істеп, шаруашылық меңгерушісі қызметіне дейін көтеріледі. Еңбек жылдары кезеңінде Ақтөбе бөлімшесінде 30 жыл агроном болып абыройлы қызмет атқарған. Отбасында үлгілі әке бола білген Керім жары Майрашпен 5 бала тәрбиелеп өсіреді. Тұңғышы Зәмзәгүл, одан кейін Нұрлан, Сайран, Еркін, Саян атты ұлдары дүниеге келді. Тың игерудің 30 жылдығы, тағы басқа да марапаттармен марапатталған. 2009 жылы дүниеден озды.

**Бәкірұлы Қасым**



1912 жылы (құжат бойынша 1914) Ақтөбе ауылында (бұрынғы Игілік ауылы) дүниеге келген. 30-шы атқыштар дивизиясына 1942 жылы 17-ші шілде Ақсу-Аюлы ауылынан майданға аттанды.

Ленинград жерінде ұрыста болып, 1942 жылы сол қолынан ауыр жараланып, елге оралды.

**Қасым Ұлша**

Соғыстан келгеннен кейін мал шаруашылығында ферма меңгерушісі болады. 1949 жылы Петропавлға мал дәрігерлік курсқа оқуға барып, онда бір жылдай оқып келеді. Игілік ауылында мал шаруашылығында басшылықжұмыстарын атқарады.

1960 жылы Орджоникидзе совхозы құрылып, Ақтөбе бөлімшесінде зоотехник қызметін атқарады. 1966-1967 жылдары дүкенде сатушы, 1968 жылдан 1977 жылға дейін қоймашы болып еңбек етеді. Өмірінің соңына дейін маяда шөп күзетуші болады. 1984 жылы 14-ші желтоқсанда өмірден озған. Атамның айтуы бойынша, үлкен атам талап қоя білетін, еңбекқор, өз ісіне мығым әрі адал кісі болған. Үлкен атамның соғыста жасаған ерліктері жөнінде ешқандай дерек біле алмадым. Құжаттары да сақталмаған.

Отбасында Ұлша әжем екеуі 6 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірген. Бүгінде балалары еңбек демалысына шығып, немере, шөбере сүйіп отыр. Балаларға жақсы тәрбие бергені үшін аудан басшыларынан бірнеше рет алғыс хатпен марапатталған. 9-шы мамыр мерекесінде ауыл мектебіне кездесуге арнайы шақырылып отырған. 1946 жылы 2 сәуірде «1941-1945 ж. ж Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медаль, 14 наурыз 1985 жылғы Президиумының Жарлығымен Ұлы Отан соғысына 40 жыл толуына орай «1941-1945 жылдардағы 1 дәрежелі Ұлы Отан соғысының ордені, Ұлы Жеңіске 25 жыл толуына орай «Ұлы Отан соғысында қажырлы еңбегі және қаһармандық ерлігі үшін» Куәлік, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына 30 жыл толуына орай медаль, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы қажырлы еңбегі үшін» медалімен марапатталды.



**Бәкіров Зәкір**
**(1927-1978)**

Шет ауданының №1 аулында туған. 1941 жылы жетіжылдық мектепті бітіргеннен кейін "Игілік" колхозында әртүрлі жұмыстар атқарады, соның ішінде есеп-қисап жұмысы. 1945 жылы Қарағандыға келіп шахтаға жұмыскер болып орналасады. 1946-1950 жылдары Қарағанды қаласындағы тау-кен техникумында оқыған. Оны бітіргеннен кейін 31-ші шахтада желдету бөлімінің бастығының көмекшісі, орынбасары болып қызмет істеді. 1953-1956 жылдары жолдамамен Свердловск қаласындағы тау-кен институтында оқыды. Институттан кейін Костенко атындағы шахтада бас инженердың көмекшісі, орынбасары, желдету бөлімінің бастығы болып қызмет атқарды. 1960 жылы "Сараньугол" трестіне қарайтын №106 шахтасына ауыстырылды. Онда әртүрлі өндірістік бөлімдерді басқарды. 1978 жылы 20 ақпанда "Сокурская" шахтасында көп адамның өмірін қиған апат жарылыста қайтыс болды.

1964-1967 жылдары Сарань қалалық кеңесінің депутаты болды. Өз заманының озат адамы, білімді және сауатты тау-кен инженеры болды. Шет өңірнен шыққан алғашқы белгілі мамандардың бірі болған. Дер кезінде туыстарына, жерлестеріне Қарағандыда оқып білім алуға, жұмысқа орналасуға көп көмек берген.



**Бәкіров Тәңірберген**
**(1940-2018)**

Шет ауданының «Игілік» колхозында 1940 жылы дүниеге келген. 1957 жылы Қарағандыдағы Жамбыл атындағы мектепті бітіргеннен кейін Орджоникидзе атындағы совхозда шофер болып жұмыс істеген. 1965 жылы Қарқаралы Зоовет техникумын бітіргеннен кейін Шет совхозы Құттыбай бөлімшесінде зоотехник болып қызмет істеді. 1974 жылы осы бөлімшеге басшы болып оны жоғарғы деңгейге көтерді. 1984 жылы Қармыс бөлімшесіне басқарма болып ауысты, екі жылдан кейін денсаулығына байланысты жұмыстан шақты. Жұмыс істеген уақытта үкіметтен әр-түрлі марапаттарға ие болды. Тәңірберген 1958 жылы Тишбайқызы Әсманмен шанырақ көтерген. Тәңкеннің арттағы ұрпағы балалары-немерелері баршылық. Олар бұл

күнде ержетіп, ұрпақ сабақтастығын жалғастырып, әр түрлі салада еңбек атқаруда. Тәңке жатқан жерің мамық, орның пейіште болсын!



**Маханбетчин Алпысбай**

Маханбетчин Алпысбай 1927 жылы (құжат бойынша 1929) Қарағанды облысы Шет ауданы Қызылтау ауылдық советіне қарасты «Игілік» колхозында туып өскен. 2012 жылы 9 қарашада Шет ауданында 86 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

1941 - 45 жылғы Ұлы Отан соғысына байланысты оқуға мүмкіншілік болмай, оқуды тастап «Игілік» колхозында тұратын әке - шешесінің қолына қайтып келген. 1941 жылдың тамыз айынан бастап колхоздың жұмысына кірісіп, ала жаздай өгізбенен егін салып, қыс болса шөп - сабан тасып, колхоз малын аман сақтаған, үлкен үлес қосқан. Еркек атаулы түгелдей соғысқа аттанған, ауылда 65-70 жастағы ақсақалдармен, әйелдер және колхозда оқудан қол үзген 13-14 жастағы 9 бала қалған. Соғыс біткенше колхоз жұмысын тастамай аянбай еңбек еткен. 1945 - жылдың қыркүйек айында Алматыға оқуға барып, 1947 жылы Алматы Зооветтехникумын бітірген. Соғыс уақытында жастайынан тылда еңбек еткен.

1947 жылдан бастап Шет ауданында мал дайындау мекемесінде еңбек жолын бастаған. 1948 - 1949 жылдары Түлкілі ауылдық кеңесінің хатшысы, 1953 - 1965 жылдары Шет аудандық ауыл шаруашылығының мал дәрігері, 1965 -1972 жылдары аралығында Қармыс, Құттыбай бөлімшелерінде, Талды кеңшарында бөлімше басшысы болып қызмет атқарған. 1972 жылы Шет аудандық санитарлық пункте, мемлекеттік сақтандыру бөлімінде басшы қызметтерін атқарған. Еңбек ардагері, бірнеше орден, медальдармен, мақтау қағаздарымен марапатталған.



## Омарбеков Кәріп
## (1928-2009)

Омарбеков Кәріп Омарбекұлы 1928 жылдың ақпан айында Игілік колхозында дүниеге келген. Бала кезінен еңбекпен шынығып өскен, халық шаруашылығын қалпына келтіруге араласан. 1965 жылы Ақтөбе ауылына қоныс аударып, мал дәрігері, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған. Жұбайы Дүйсекова Таймаш пен отау құрып 12 бала тәрбиелеп ұлын ұяға, қызын қияға қондырған. Ақтөбе ауылында еңбек етіп сол жерден зейнеткерлікке шыққан. Елі үшін атқарған ерен еңбектері еленіп, «Еңбек ардагері», «Тыл ардагері», «Құрмет грамотасымен» марапатталған. 2008 жылы 80 жастан асқан кезінде өмірден өтті. Әр түрлі жиындардың төрағасы, мүшесі болған, елінің сыйлы, дана абызы ретінде халқының есінде қалды.



## Амиров Ашим Амирұлы
## (1930-1988)

1930 жылы 15 ақпанда №1ауылда Шет ауданының, Ақтөбе ауылында дүниеге келген, 1946 жылы 8 классты бітіргеннен кейін Ақмола педагогика училищесіне түсіп, одан кейін Қарағанды педагогика училищесіне ауысып, 1950 жылы бітірді. 1969 жылы Қарағанды мемлекеттік педагогика институттың бітірді. Жана-Жұрт мектебіне мұғалім болды. 1951 жылы Совет Армиясына шакырылып, 1954 жылы қайтып оралған сон мұғалімдік жолын әрі қарай жалғастырды. 1955-1956 жылдары аудандық комсомол комитеттінде, ол 1959-1961 жылдары Нұраталды совхозында рабочком, 1961-1962 жылдары Шет ауданынның мәдениет бөлімін басқарды. 1962-1965 жалдары Орджаникидзе атындағы мектепке завуч, ол 1965-1966 жылдары аудандық партия комитетінде инструктор, 1966 жылдан 1987 жылға дейін аудандық ішкі істер бөлімінің орынбасары болып қызмет істеді. Майор шешінде пенсияға шығып, 1988 жылы қайтыс болды.

Еңбегі мемлекет тарапынан әр жылдары бағаланып 1957 жылы «Тың жерлерді игергені үшін», 1987 жылы «Еңбек ардагері» медалдарымен марапатталған.

1968-1982 жылдары бірнеше мәрте СССР мен Қазақ ССР-ның Ішкі істер Министрлігінің «Мінсіз қызметі үшін» және «Совет милициясының Үздігі» деген атақтар мен төсбелгісіне ие болған.

## Тікібеков Әмір (1882-1962)

Тікібеков Әмір 1882 жылы туған, қазіргі Шет ауданы, Ақсу-Аюлы селосына қарасты Ақтобе аулының Әмір ағашы деген жерде бұрыңғы өз әкесінің қыстағында, дүниеге келген кезінде көзі ашық орысша-қазақша таза сөйлеген, Спасск руднигінде ағылшындарға аудармашы болған, хат таныған өте зерек, күйші, қатал адам болған. Кезінде Игілік колхозын үйімдастырушылардың бірі болған, алғашқы басшысы болған. Бұл кісіні Семейдің, Қарқаралының атақты бай манатарымен, өте жақсы қарым қатынаста болған, Қоянды жәрмеңкесінде атақты адамдармен бірге болып, ел басына ашаршылық туған уақытта өз аулын аштықтан аман алып қалған, аумалы төкпелң заманда және құғын сүргін уақыттарда қазақ елінің кейбір зиялалары осы кісінің аулына келіп паналап қыстаған (1935-1937 жылдары). Сол заманда ақ гвардияшылар қашып қызыл армия келіп жаткан уақытта қарамағындағы малдарын Қазығұрт тауынан асырып баражатқанда қызыл армия солдаттар ұстап, сол уақытта бұл кісілердің хат танымайтын байқап қалған Әмір атамыз, қалтасынан мөрі бар жазылған қағазды алып, қызыл армия солдаттарына ұсынады. Ол кісілір қайтарып беріп өзін оқы дейді. Сол уақытта Әмір атамыз мынандай сөз қалдырады «Тікібегім Әмірім, без номерім винтовкам, сарттарға мың қой айдаймың» деген сөз қалып, аман есен құтылған.

## Амиров Курмангазы Ашимулы (1960ж)



13 қыркүйек 1960 жылы Нураталды ауылы, Шет ауданы, Қарағанды облысында дүниеге келген. Білімі жоғары. Ақмола ауыл шаруашылығы институтын 1983 жылы бітірген, мамандығы инженер-механик.

Еңбек жолын 1983 жылы ауданның ауыл шаруашылығы басқармасында қатардағы инжинерліктен бастап 1997 жылға дейін аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінің директорына дейінгі лауазымды қызметтерді атқарды.

1997-2000 жылдар аралығында аудан орталығы Ақсу-Аюлы ауылдық округке, Ақтөбе, Ақсу, Еңбекшіл, Қайрақты, т. б. елді мекендерге электр қуатын жеткізетін «Шет» ЖШС-ің директоры болып еңбек етті.

2000 жылдар бастап осы күнге дейін «Шет-Энерго» фирмасының басшысы болып, мекемеге қарасты аудан тұрғындарын тұрмысқа ең қажетті энергия көзімен толассыз қамтамасыз етіп, ауыл тұрғындарының ризашылығына ие.

**Амирова Софья Әмірқызы (1937-2019)**

Амирова Софья Әмірқызы 1937 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы Ақтөбе бөлімшесінде дүниеге келген. Жастайынан зерек, алғыр, өткір, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын - Софья 1954 жылы Шет ауданындағы Ы. Алтынсарин атындағы мектепті үздік бітіріп, сол жылы КарГУ-дың филология факультетіне оқуға түседі. Туа біткен ақындық қасиеті 1956 жылы Қарағанды облысының «Жас ақындар» сайсына қатысып, «Ақын қыз» атанған домбырашы, әншілігімен танылды. 1960 жылдан бастап аудандық «Ильич туы» қазіргі күнде «Шет шұғыласы» газетінің корректорлық қызметін атқарды. Әр газеттің сауаттылығына, әр мақаланың мазмұнына мән беруі Софьяның өз ортасында алғысқа ие болуының дәлелі еді.

Софья-өзінен кейінгілерге жетекші, отбасында-қадірлі Ана, сүйікті жарбола білді. Ұрпағын адалдыққа, еңбекқорлыққа, келешекке мақсат қоя білуге, шындыққа шынайы қарауға үйретті. Ол еңбегі зая кетпеді. Бүгінгі күнде: ұлы - Марат электр тоғын жөндеуші маман болса, үлкен қызы - Шарбат медбике, Ляззат - бала тәрбиешісі, Салтанат - Қызылқой ауылындағы мектептің директоры, кенжесі - Саттар ҰҚҚ қызметкері.

«Ұстазы жақсының - ұстамы жақсы» - демекші. Софьяның баспа саласында еткен еңбегін «Шет шұғыласы» газетінің ұжымы бағалай білді.

2007 жылы «Еңбек ардагері» төс белгісімен марапатталды. Аудандық газеттің мерей тойының сыйлы қонағы болды.

Әмірқызы Софья 2019 жылы 24 маусымда дүниеден озды, туған жері - Шет ауданына жерленді. Өзі өлсе де артын қалдырған қарапайымдылық мінезі, білімділігі, сабыр мен парасаттылығы ұрпақтарының жанында мәңгі сақталады.



**Сүйірбайұлы Ырысбай**
**(1936-2005)**

Сүйірбайұлы Ырысбай 1936 жылы 23 ақпанда бұрынғы Игілік колхозында туылған Мектеп бітіргеннен кейін 1953 жылдан бастап еңбекке араласты Әкесі Сүйірбай 1939 жылы Әскери комиссариятқа шақырылып 1941 жылы қайтатын уақытта Ұлы Отан соғысы басталып сол жақта майдан аланына қалып 1943 жылы қайтыс болды деп қара қағаз келді казіргі таңда кай жерде жерленгені

белгілсіз Жастайыннан әкесіз өсіп анасы Інкәрбекқызы Ажардын қамқорлықында болды қарындасы Батжан екеуі алғашқы тың игеруде көмекші тракторшы болып жұмыс істеді. Сол уақыттан бастап зейнеткерлікке шыққанша үзілссіз еңбек етті. Еңбегі елеулі бағаланып, тың игерудін 10 жылдық медальмен «Достық» орденімен Лениннің «100 жылдық» медальмен мараппаталды. 1957 жылдан 1960 жылдар аралығында аудандық күрес спорт ұйымына катысып, түрлі грамоталар мен марапаттар алды. Оржоникидзе совхозының номер екінші Ақтөбе бөлімшесінде озат трокторшыдан бригадирге дейін өсіп түрлі түсті грамоталар мен заттай сыйлықтардын иегері болды. 1957 жылы Жаркенкызы Сақыппен отбасын құрып, 10 баланың әкесі атанды. Казіргі таңда балалары үйлі боранды жан жақта тұрады. Үлкен қызы Бота бөлімшеде озат сауыншы болып облыстық Кеңестің депутаты болды. Анасы Ажар 1977 жылы дүние салды. Карындасы Батжан Қазіргі таңда Карағанды каласында бала шағасынын бірге турады зейнеткер. Жұбайы Сакып екеуі өмірдін соңына дейін тату- тәтті үлгілі отбасы болып ғұмыр кешті. Жұбайы Сақып 60 жасында ауыр науқастан 1999 жылы дуниеден өтті. Өзі 2005 жылы 16 маусымда өмірден озды. Ақтөбе бөлімшесі корымына жерленді.

**Ысқақ Тлеуқабыл Ысқақұлы (Қапыш)**
**(1941-2011)**



Ысқақ Тлеуқабыл Ысқақұлы 1941 жылы 10 маусымда Шет ауданы Ақтөбе ауылында дүниеге келген, руы Қараменде. Малдыбай.

Әкесі Ысқақ бір атаның жалғыз жұрнағы, діни сауаты бар өте сауатты жан болған. Кітапқа өте құмарлық танытып, әр шыққан газет-журналдарды түптеп жинап, өзінің жеке кітапханасын толтыратын. Сол кітапханада әр түрлі тілдегі кітаптар мен қатар әртүрлі газет-журналдар самсап тұратын еді.

Өз ойын жетік, әр сөзін саралап сөйлейтін, шыңдықтың жалауын ұстаған дара да дана тұлға еді. Ұлы Отан Соғысы кезінде майдан қатарына денсаулығына байланысты алынбасада, тылда ереӊ еңбек етті. Сол жылдары «ауылнай» қызметін атқарды. Ауылнай қызметін атқарып жүргенде өлшеніп берілетін бидайды жетім-жесірлерге бір уысын артық бергені үшін 4-5 рет абақтыда қамауда болған. Қанша ретте сотталып жатсада, сот шешіміне айтқан сөзі: «Бүгін атып тастасандар да, ертең атсандарда істерім осы» - деген екен. Осындай қайсар да батыл атамыздан Бибімәриям, Тілеужан, Тлеуқабыл, Көмек, Кәрібоз атты балалар дүниеге келді.

Атамыздың жары Жәмпейісқызы Қатша, руы Берлібай. Апамыздың



**Анасы Қатша, әкесі Ысқақ**

емшілік қасиеті болған. Немерелерің арқасына салып жүріп асыраған жан. Өзі өмірден өтседе ол кісі жайлы аңыз әліде ел аузында.

Атамыз абақтыда жатқанда, үлкен қызы Бибімәриям сымдармен байланған бұғаулардан өтіп әкесіне нан мен картопты орап кеудесіне басып апарып беріп тұрған. Ол кісіде әке ізімен өмір сүрген қазақтын қайсарлы қыздарының бірі болған еді. «Қарабұлақ» деген ауылда тұрып сол жерде дүние салды. Ел аузында «қара кемпір» - атымен естелік болып қалды. Өйткені ол кісі дауласқандардың дауын шешетін қасиетті жан болған деседі. Жолдасы Қалиұлы Қайырберлі «Қарабұлақ» совхозының бөлімше меңгерушесі болған.

Екінші әпкесі Тілеужанда өжетті, әкесіне ұқсаған бірбеткей болған. Он баланы дүниеге әкеліп, оқытып жеткізген ардақты ана. Жолдасы Сейітжанұлы Қабікен «Кеншоқы» совхозының «Мыңқауға» бөлімшесінде меңгеруші болған.



**Әпкесі Тілеужан, жұбайы Қабікен**

Тлеуқабылдың соңынан ерген Көмек атты бауыры «Орджоникидзе» атындағы совхозда әр салада қызмет атқарып жүріп, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен 1972 жылы марапатталған. Ал кенже інісі Кәрібозда осы аталған совхозда жүргізуші қызметін, артынша «Ақтөбе» бөлімшесінде киномеханик қызметін атқарып сол жерден зейнеткерлікке шыққан.

Бір атаның үлкен ұлы Тлеуқабылды әжесі Қалила үбектеп тәрбиелеп өсірген. Алты жасында нағашысы Жуасбай Тлеуқабылға сәйгүлік мінгізген. 1947 жылы 7 жасында Шет қазақ орта мектебінің табалдырығын аттап, 1958 жылы тәмамдап шығады. Сол жылы Теміртау қаласындағы «№6 техникалық училищеге» түсіп, оны ойдағыдай аяқтайды. 1961 жылы Шет ауданы «Орджоникидзе» атындағы совхозы «Ақтөбе» бөлімшесінде электростанция электригі қызметімен еңбек жолын бастады. Ерен еңбегінің арқасында «Орджоникидзе» совхозының бас ин-


Інісі Кәрібоз

женер-электрик қызметіне дейін өседі. 1963 жылы әкеміз Тлеуқабылдың тікелей басқаруымен Шет аудан орталығына электр жүйелері жүргізілді. 1970 жылы «Батыстау» бөлімшесіне бригадир болып тағайындалады.

1984 жылы Шет аудандық селхозтехника мекемесіне инженер-электрик қызметін атқарады. Тлеуқабыл Ысқақұлы өз ісіне берілген білікті маман иесі болған. Еңбегі бағалаусыз қалмады. Көптеген мақтау грамоталары мен алғыс хаттармен марапатталды. 1984 жылы «Еңбек Ері» орденінің иегері болды. Осы салада қызмет атқарып жүріп бірнеше жас мамандарды тәрбиелеп шығарды. Алғашқы шәкірттерінің бірі өз балалары Ысқақов Нұрлан Тлеуқабылұлы мен Ысқақов Мейрам Тлеуқабылұлы болатын. 1985 жылы «Орджоникидзе» совхозының «Қайрақты» бөлімшесінде моторист болып жұмыс жасады. Әке ізін қуып Мейрам Тлеуқабылұлы өз ісін жетік меңгеріп «Орджоникидзе» атындағы совхозында 10 жылға таяу электрик қызметін атқарды. Ауданымыздың ең бірінші қаланған үйлердің электрлік жарығын жүргізгендердің қатарында Тлеуқабылұлы Мейрам болатын. 1990 жылдары Шет аудандық ауруханаының іргетасын қалаушылардың бірі болып, сол емханада электрик қызметін атқарады. Өз елінің шежіресін жақсы білген. Бауырмалдығы мен елге жанашырлығымен ел аузында қалды. Өкінішке орай Тлеуқабылұлы Мейрам 2012 жылдың 16 қыркүйегінде жол апатынан қаза болды. Мейрам Тлеуқабылұлы бір атаның бетке ұстар ұлы болған. Ғұмыры қысқа болсада өнеге аларлықтай із қалдырды. Өзі салған ізбен балалары өсіп-жетіліп келеді.

1961 жылы Тлеуқабыл Ысқақұлы Сақып Тәшенқызы Кларамен отау


**Тлеуқабылұлы Нұрлан**


**Тлеуқабылұлы Мейрам**


**Тлеуқабылұлы Сайран**

құрды. Тәшенқызы Клара әкесі Сақыпұлы Тәшен, Ұлы Отан Соғысының ардагері бірнеше медалдармен марапатталған жан, анасы Бәкірқызы Ғайнижамал көп балалы ана, ауданымызға құрметті азаматтары болған. Әжеміз Бәкірқызы Ғайнижамал соғыс кезінде жауынгерлерге шұлық, қолғап тоқып, тылда қызмет еткен. Әжеміз Ғайнижамал өзінің іскерлігімен танылған, ол кісінің тіккен бөрік-шапандары әліде елді тандандыруда. Атамыз Сақыпұлы Тәшеннің жатқан керуеті қазіргі танда Шет аудандық мұражайдан көруге болады, өйткені ол 1860 жылдары танымал шебердің қолынан шыққан көненің көзі еді.

Сақыпқызы Клара Тәшенқызыда Шет ауданының көркейіп өсуіне үлес қосқан жан. Еңбек жолын 1961 жылы «Ақтөбе» бөлімшесінде медбикелік қызметінен бастап, 1991 жылы «Шет аудандық комуналдық» шаруашылық мекемесінде бухгалтерлік қызметінен зейнеткерлікке шықты. Осы жылдар аралығында ауылдық советтің депутаты, сот алқа мүшесі болып қызмет атқарды. 1990 жылы «Еңбек Ері» медалімен марапатталды. 2013 жылдың 21 қыркүйегінде «Алтын алқа» иегері болды. Әкеміз Тлеуқабыл мен анамыз Клара жеті баланы асырап тәрбиеледі.

1985 жылы «Қайта Құру» кезінде Ысқақұлы Тлеуқабыл Жезқазған облысы бойынша бірінші болып «Кооператив Энергетик» ашып, ауыл жастарын жұмыспен қамтамассыз етіп, ауданымыздың өркендеуіне орасан зор үлесін қосты. Сол жылы республика бойынша Алматы қаласында өткен кооператив иелерінің конференциясына делегат болып барды. Өзі құрған кооперативте балалары: Мейрам Тлеуқабылұлы, Сайран Тлеуқабылұлы, келіні Бибігүл Қайроллақызымен қатар қазіргі кезде ауыл имамы Маханбетшин Берік Алпысбайұлы, Жанпейісов Марат Шынатайұлы, Садуақасов Қанат Дүйсенұлы, Жүнусов Тұяқбай Жаппарұлы және тағы басқалары еңбек етті. Кооперативте жұмыс істеп жүріп әкеміз Тлеуқабыл бір күнде сал болып қалды. «Үш күндік ғұмыры қалды» - деген дәрігерлердің шешіміне қарамастан анамыз Кларамен, ағамыз Мейрам, бауыры Кәрібоз төртеуі болып, пойызбен Алматыға аттанды. Он жылдын көлемінде жұлынға 13 ота жасатса да, бір Алланың арқасында аяғына тік тұрды. Әкеміз Тлеуқабыл сөз құдыретін бағалаған адам. Тіл байлығы мол, өз ойын еркін жеткізе білетін. Әкесі сияқты кітапты сүйсіне оқыған. Әр сөзінің салмағы бар бірбеткей, өз ортасында беделі мол жан болған.

Қазіргі таңда әкеміз Тлеуқабыл дүниеден озсада бір адамға тән жетерліктей ғұмыр кешті. 20 жылдан астам ауруымен арпалысты. Сал болып жатқан жерінен тік тұрып, қайсарлық танытып 70-жасқа дейін ғұмыр кешті. Алланың салған барлық сынағына тайсалмай төзімділік танытты. Әкемізден алар өнеге өте көп. Мемлекет басқармаса да, ауданымыздың өрбіп өсуіне, көркейуіне өз үлесін қосқан жан. Әр ортада әкеміз жайлы айтылған жағымды әңгімелер, жанымызды жылытады. Соңында қалған ардақты анамыз барынша ғұмыр кешсе екен дейміз.



**Ысқақ Көмек Ысқақұлы**
**(1947-2018)**

Ысқақ Көмек Ысқақұлы 1947 жылы 25 ақпанда Шет ауданы Ақтөбе ауылында дүниеге келген. Руы Қара-менде. Малдыбай.

1954 жылы 7 жасында Шет қазақ орта мектебінің табалдырығын аттап, 1964 жылы тәмамдап шығады. Еңбек жолын 1969 жылы «Орджоникидзе» атындағы совхозы «Ақтөбе» бөлімшесінде қырманда тиеуші болып, кейін дәнекерлеуші болып жұмыс атқарды. 1970 жылдары ағасы Ысқақұлы Тлеуқабылдың қол астында ГАЗ-53 жүргізушісі болып жұмыс істеді. Кейін ағасының жанында жүріп «электрик» мамандығын игеріп алды. 1971 жылдары «Жаңарқа аудандық техникалық училищесінде» К-700 жүргізушісі оқуын оқып бітіріп, 1972-1974 жылдар аралығында «Орджоникидзе» атындағы совхозы «Ақтөбе» бөлімшесінде К-700 жүргізушісі болып еңбек етеді. 1972 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталады. Сол жылдары «Ақтөбе» бөлімшесінде комсомол хатшысы болып жұмыс атқарады. Сонымен қатар ауыл советтік депутаты қызметін қоса атқарады. Комсомол хатшысы болып жүріп, ауыл жастарын біріктіріп шығармашылық жұмыстармен айналысты. 1974 жылы «Ақтөбе» бөлімшесінде бензовоз жүргізушісі болады. Осы жылдары «Орджоникидзе» атындағы совхозында әр салада жұмыс атқарып жүріп бірнеше грамоталармен және алғыс хаттармен марапатталады. 1969 жылы Шет ауданы «Қырықжылдық» совхозының тумасы Әрінқызы Барқытпен отбасы құрады. Әрінқызы Барқыт 1971-72 жылдары «Ақтөбе» бөлімшесінде сауыншы болып жұмыс істейді. Кейін монша меңгерушісі болады. 1985 жылы Көмек Ысқақұлы отбасымен «Ақбастау» совхозы «Тихоновка» бөлімшесіне қоныс аударады. Сол жақта әр жылдары дәнекерлеуші, механизатор, электрик болып жұмыс істейді. 2000-2003 жылдары жеке кәсіпкерлік яғни, фермерлік кәсіппен айналысады. Жолдасы Барқыт екеуі он бала асырап тәрбиелейді. Барқыт Әрін қызы «Алтын алқа» иегері. Көмек Ысқақұлы 2003 жылы қатты науқастан мүгедектікке шығады. Өзінің қажырлы мінезімен қайсарлығының арқасында дертіне төтеп бере алады. Сөйтіп 71 жасына қараған шағында дүниеден озады. Қазіргі таңда балалары бірі электрик, бірі механизатор, бірі жүргізуші болып жұмыс жасауда. Әке ізін қуған осы болар.



**Қасымов Қуанышбек Қасымұлы**
**(1942-2002)**

Қасымов Қуанышбек 1942 жылдың 28 желтоқсанында Шет ауданы Орджоникидзе атындағы Ақтөбе ауылында дүниеге келген. 1953 жылы Ақтөбе ауылынын бастауыш мектебін аяқтап, 1953 жылы Қарағанды қаласындағы мектепке барып оқуын аяқтады. Мектеп бітіргеннен кейін ауыл жұмысына ерте жасынан араласты. Кәмелеттік жасқа толғаннан кейін 1961 жылдары Ленинград қаласында әскери борышын өтеп келді. 1963 жылдан бастап Шет ауданы Орджонокидзе атындағы совхозда еңбек жолын бастады. 1965 жылы Туғанбаева Куляшпен отбасын құрып дүниеге жеті перзент әкелді. Тұңғышы Қасимова Шынар Қуанышбекқызы 1966 жылы туған бүгінгі күні аудандық білім бөлімінде қызмет атқарады, ұлдары - Сағдат, Төлеген-жеке кәсіпкер. Саттар-кәсіпкер, қыздары Динара аудан әкімдігінде есепші. Ләззат Қарағанды қаласында мұғалім. Айнұр Қарағанды қаласында мұғалім. Еңбек жолында жүріп Қуанышбек 1982 жылы Қарқаралы Зоотехникалық малдәрігерлік техникумына түсіп, зоотехник мамандығын алды. Еңбегі елеусіз қалмады. 1970 жылдары «Победитель Социалистического Соревнования» белгісін алды. 1980 жылы «За трудовоую доблесть» медалімен марапатталды. 1972-1977 жылдары ауыл советтік депутаты болды. 1987-1988 жыл аралығында завгарлық қызметін атқарды. 1988 жылдан 1933 жылы денсаулығы нашарлағанша Камаз көлігінін жүргізушісі болды. 2002 жылы өмірден өтті.



**Малтабаров Рахман**

Малтабаров Рахман-1925 жылы Шет ауданы, Орджоникидзе колхозына қарасты Ақтөбе ауылында дүниеге келіп, 2000 жылы өмірден озды. Осы Орджоникидзе атындағы колхозында кейіннен совхозында көп жылдары әр-түрлі жұмыстар атқарды. Кейінгі жылдары «Казсельхозтехника» бірлестігінде істеп жүріп, маусымдық кезеңде, егін орағында, астық қабылдау алаңында қарапайым жұмысшы болып, еңбек етті. «Тың және тыңайған жерлерді игеру үшін» меділімен көптеген марапат қағаздарымен, бірнеше жылдың «Социалистік жарыстың екпіндісі» белгілерімен атап өтілген.



**Мешелова Сарқыт Түсіпқызы**

Мен, Мешелова Сарқыт Түсіпқызы, 1938 жылдың 20 мамырында Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақтөбе ауылында Қарақұдық бұлағының жанында киіз үйде дүниеге келдім. Әкем Түсіп пен анам Мәриядан өрбіген 14 перзенттің кенжесімін. Әкем мен дүниеге келгенше ауырып қайтыс болғандықтан, әкемнен қалған сарқыт ретінде есімім Сарқыт деп қойылған. Сұрапыл соғыс жылдарына тұспа-тұс келген балалық шағымды анамның тәрбиесінде өткердім. 8 жасымда Ақтөбе бастауыш мектебінде білім есігін аштым.

Ал 1958 жылдың тамыз айынанан бастап Ақтөбе колхозына басқарма шешімі бойынша жұмысқа қабылдандым. 1961 жылдан бастап сол кездегі Орджоникидзе атындағы совхозының №2 Ақтөбе бөлімшесінде селолық мәдениет үйіне қызметке кірістім. Осы мәдениет ошағында бастаған еңбек жолым 35 жылға жалғасты.

Негізгі қызметімнен бөлек, өңірдің қоғамдық өміріне де белсене араласып 1969 жылдан бастап 20 жылға жуық Түлкілі селолық советінің бірнеше шақырылым, аудандық советтің бір шақырылым депутаты болып сайландым. Бұдан бөлек аудандық халық сотының «заседателі» және аудандық халық бақылау тобының мүшесі, Орджоникидзе атындағы совхозының партия бюро мүшесі, бөлімшелік партия ұйымының жетекшісі, бөлімшелік профсоюз басқаруышсы қызметтерін қатар атқара жүрдім. Депутаттық міндеттемемде Еңбекшіл ауылына, Ақсу, Ақтөбе бөлімшелеріне трассадан ауылға кіретін грейдер жол салынуына ықпал еттім. Бөлімше еңбеккерлерінің интернатта оқитын балаларынының оқу үлгеріміне байланысты Алтынсарин мектебі мен интернат басшыларымен тығыз байланыста болдым. Бөлімшеге жаңадан келген бастауыш мектеп мұғалімдері мен мед. пункт меңгерушілері жас мамандарына қамқорлық еттім. 1994 жылы еңбек демалысына шықтым.

Қызмет барысында адал еңбек атқарғаным үшін Кеңестік билік пен тәуелсіз Қазақстан билігінің бірнеше мақтау қағаздары мен құрмет грамоталарының иегері атандым және аудандық мәдениет үйінің құрме тақтасына жазылдым. 2014 жылы ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың арнайы жарлығымен «Қазақстанның еңбек ері» грамотасымен марапатталдым. Аталған мемлекеттік награда өмірін халқына арнаған адамдар мен талай жыл бір салада тер төккен еңбек адамдарына ғана берілді. 2018 жылы Ақсу-Аюлы ауылдық округінің әкімі Арыстанбеков Бағланның 80 жас мерей тойымен құттықтау хатымен марапатталдым.

Қазіргі таңда Ақтөбе ауылында Қайрат ұлым мен Айгүл келінімнен 6 немере, 4 шөбере сүйген ардақты әже болып отырмын.



**Іргебаев Төлеутай**
**(1935-2000)**

Іргебайұлы Төлеутай 1935 жылы 20 маусымда Шет ауданы, Ақтөбе ауылының жанындағы Белқойтас елді мекенінде дүниеге келген. Әкесі Іргебай, анасы Дәріжан ерте қайтыс болған, ол кезде Төлеутай әкеміз сәби болғантын. Атамыз Іргебай Әсиямен бас қосады. Одан Жібек, Панар, Амангелді, Анар, Аманжол, Амантай, Тойбала атты балалары дүниеге келеді.

Әкеміз Төлеутай 1956-1957 жылы 8 жылдық мектепті тамамдайды. 1957 жылы мектеп бітірген кейін Отан алдындағы борышын өтеуге кетеді.

1958 жылдың күзінде Әбішқызы Дәмежанға үйленеді. Отбасыларында 1959 Оркен атты ұл бала дүниеге келеді. 1960 Жылдың күзінде шетінеп кетеді. 1961 жылы Күлшәйім атты қыз бала дүниеге келеді. Одан кейін Қарлығаш, Қайрат, Бақыткүл, Сәуле, Марат, Гүлжанат, Дулат, Әсел атты балалары дүниеге келеді.

Еңбек жолын әкеміз Іргебайұлы Төлеутай 1961 жылы сәуір айында Орджиникизде совхозында тракторшы болып бастаған. 1962 жылы өте жақсы қызмет атқарғаны үшін марапатталады.

1961-1991 жылдар аралығында совхоздың №2 «Ақтөбе» бөлімшесінде трактор бригадасының бригадирі болып, ұзақ жылдар бойы табысты еңбек етті. Төлеутай әкеміз еңбек десе ішкен асын қоя тұрып, кез-келген, уақыт күттірмейтін совхоздың қат-қабат жұмысына кірісіп, оны бітіргенге дейін бір тоқтамайтын, нағыз еңбекқор жан еді.

1991-1994 жылдары әкеміз ауданда жаңадан құрылған «Азат» шаруа қожалығында еңбек етіп, 1994 жылы құрметті зейнеткерлікке демалысқа шықты.

Төкең әкеміздің еңбегі мемлекет тарапынан бағаланып 1957 жылы «Тың жерлерді игергені үшін», 1984 жылы «Еңбек ардагері» медалдарымен және көптеген салалық марапаттарымен наградталды.

2000 жылы әкеміз дүниеден озды. Қазіргі таңда жұбайы Дәмежан 83 жаста. Аяулы ана, сүйікті әже 21 немере мен 16 шөбересінің қызықты күндерін көру үстінде.

## Қасымұлы Сапар



Мен, Қасымұлы Сапар 1949 жылы 28 желтоқсан күні Ақтөбе (Игілік) ауылында дүниеге келдім. 1956 жылы бұрын ГРП «Алабұға» деген жерде бастауыш мектепке бардым. Онда үлкен әкей Құдабаев Бәкір әкемнің қолында болып, бір жыл мұғалімім Қойбағар деген кісіден оқыдым. Ол кезде әкей қой завфермасы болып, Қосдоңғал қыстағында, Дүйсек және Нұрғали деген кісілермен қой шаруашылығымен айналысты. Содан 1957 жылы Ақтөбе ауылының басына көшіп келді. 2-3 сыныптарды Ақтөбеде мұғалімім Бөкебаев Болтайбектің қолында оқыдым. 1959-1960 жылдары Алайғыр руднигінде 4- 5 сыныптарды оқыдым. Мұғалімдер Наукенов Оспан, Рақымжан, Аманбек деген мұғалімдерден білім алдым.

1966 жылы он жылдық мектепті бітірген соң Орджоникизде совхозының директоры Искаков Төкімнен Қарқаралы зоовет техникумына жолдама қағаз алып, техникумға сол жылы түстім. 1971 жылы Қарқаралы техникумын бітіріп, Орджоникизде совхозының Қайрақты бөлімшесіне мал дәрігері болып тағайындалдым. 1971 жылы Сүлейменов Мейірханмен бір- екі айдай бірге жұмыс істедім. Содан ол кісі ауданға көшуіне байланысты орнына Әйменбетов Елемес бөлімше меңгерушісі болып тағайындалды. Елемес марқұммен 1980 жылға дейін бірге істедім.

1995 жылы совхоз тарады. Мен 15 отбасыны алып, өз алдыма жеке шаруашылық құрдым. Қазіргі күнде сол 15 отбасы өз алдарына жеке-жеке қожалық болып жұмыс істеп жатыр. Мен де өз алдыма «Ақтөбе» шаруашылығын басқарып жатырмын. Жолдасым Нәсіпжан екеуіміз 5 ұл 1 қыз тәрбиелеп өсірдік. 5 ұлдан 8 немерем өсіп келеді.

## Бәкір Құдайберееген



1945 жылы 10 қыркүйек Қарағанды облысы Шет ауданы Ақтөбе совхозында дүниеге келген. 1964 жылы Қарағанды қаласының Жамбыл атындағы №7 11 жылдық мектепті тәмәмдаған. 1968 жылы Мичурин техникумында «Инженер-механик» мамандығында оқып бітірген. Шет ауданының Үңірек ауылында еңбек жолын бастаған. 40 жылдан аса әртүрлі салада ауыл экономикасы мен мәде-

ниетін көтеруде еңбек еткен. Кейін зейнеткер жасына дейін ауылды жарық пен сумен қамтамасыз етуде үлкен еңбек атқарған. 1970 жылы отбасын құрып: Назира, Еркебұлан, Ербол, Мадина, Ерғанат, Нұржол ұрпақтары тараған. 66 жасында қайтыс болды.



**Құлшықов Әміржан Медиұлы**

1957 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының Қарғалы «подхозында» дүниеге келген. 1979 жылы әскери борышын өтеп келгеннен кейін Орджоникидзе атындағы совхозға жүргізуші болып жұмысқа тұрады. 1986-1993 жылдары совхоз тараганша Ақтөбе бөлімшесінде бригадир, агроном болып жұмыс істеді.

1991-1996 жылдарда Көкшетау ауылшаруашылығы университетінде оқып, ғалым-агроном атағын алып шықты. 2003-2013 жылдар аралығында ҚР АШМ АӨК МИК «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ-де (әрі қарай - РММ] энтомолог маман болып қызмет атқарды.

2013-2020 жылдары Нұр-Сұлтан қаласында РММ- орталық аппаратының өсімдік қорғау саласында бас агроном, басшының орынбасары қызметтерін атқарды.

Үш баланың әкесі, бірнеше төсбелгімен марапатталған. 2020 жылдың қазан айынан зейнеткерлік жасқа толуына байланысты еңбек демалысында, зейнеткер.



**Бәкіров Жетпісбай Бәкірұлы**
**(1950)**

Бәкіров Жетпісбай Бәкірұлы, 1950 - ші жылы 5 - ші қыркүйекте Қарағанды облысының Шет ауданының Орджоникидзе атындағы совхоздың №2 - ші бөлімшесі (Ақтөбе) аумағында туған. 1960 жылы Ақтөбе ауылында бастауыш мектепті бітірді, сосын Сарань қаласының №2 - ші орыс орта мектебін 1968 жылы бітірді. Сол жылы Қарағанды политехникалық институтының (ҚарПТИ) механика - технологиялық факультетінің «Машина жасау технологиясы, метал кесуші станоктар мен құралдар» мамандығына түсіп, оны 1973 жылы үздік бітіріп инженер - механик мамандығын алып шықты.

Ғылыми жұмыспен айналысуды студенттік кезінен бастаған. Детерминді және кездейсоқ күштердің әсерінен машиналар мен конструкцияларды беріктікке, орнықтылыққа және тербеліске есептеу саласының белгілі маманы болып саналады. Негізгі ғылыми жұмыстары қатты тау жыныстарын қиратуға арналған орындаушы органдарды жобалау және есептеуге арналған. Профессор Бәкіров 245 ғылыми мақала, 9 монография шығарды.

Еңбектегі жетістіктері үшін проф. Бәкіров Ж. «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудағы сіңірген еңбегі үшін» (2008) және «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2010) деген үкіметтік кеуде белгілерімен, министрдің 4 алғыс хатымен марапатталды және «2011 жылғы жоғарғы оқу орнының үздік ұстазы» атағын алды.

Казіргі уақытта халықаралық ақпарат академиясының академигі, ҚарМТУ-дағы Республикалық оқу-әдістемелік бірлестіктің мүшесі және тағы бірнеше қоғамдық жұмыстар атқарады.

**Бәкіров Мәди Жетпісбайұлы**



1980 жылы 30 қазанда Қарағанды қаласында туған. 1997 жылы сол қаладағы №10 орта мектебін бітіріп Қарағанды мемлекеттік техникалық университетіне "Жобалауды автоматтандыру жүйелері" мамандығына түсті. Оны 2002 жылы үздік бітіріп, инженер-системотехник мамандығын алып, қолданбалы механика кафедрасында ассистент болып еңбек жолын бастады.

2002 жылдан бастап Бәкіров Мәди механика кафедрасында ұстаздық барлық сатылардан өтті: ассистент, оқытушы, аға оқытушы, доцент. 2017 жылы ол сол кафедраның меңгерушысы болып сайланды және қазырде сол қызметті атқарады.

Доцент Бәкіров университеттің өміріне белсенді қатысады. Казіргі уақытта ол ҚарТУ-дағы Республикалық оқу-әдістемелік бірлестіктің мүшесі және тағы бірнеше комиссиялар мен қоғамдарда жұмыстар атқарады.

# XI БӨЛІМ

## Орджоникидзе колхозымен №3 Қайрақты бөлімшесінің еңбеккерлері

# ОРДЖОНИКИДЗЕ АТЫНДАҒЫ КОДХОЗДА, КЕНШАРДА ЕҢБЕК ЕТІП ӨМІРДЕН ӨТКЕН АЗАМАТТАР ТУРАДЫ

1. Баймұрынов Майкен (1880- 1962)
2. Баймұрынов Әйкенбай (1884-1967)
3. Баймұрынов Байжан (1896-1968)
4. Әйкенбаев Сайлаукен (1939-1976)
5. Әйкенбаев Болат (1959-2004)



**Баймұрынов Майкен (1880-1962)**



**Баймұрынов Байжан (1896-1968)**



**Баймұрынов Әйкенбай (1884-1967)**



**Темірбекқызы Злихаға**



**Әйкенбаев Сайлаукен (1939-1976)**

Баймұрынұлдары Майкен, Әйкенбай, Байжан ағайындылар Шет өңірінде Нұра бойында Қызылтау болысына қарайтын «Жылыкөң» қыстағында туған. Бұл қыстақ өздерінің үлкен аталары Жарылғастан тарайтын Бектің ұлы Салықбай Баймұрынның туған ағасы осы қыстаққа басшылық жасап 15 шақты туысқандарының басын қосып мал жандарына иелік етіп отырған. Ағайындылар еңбекке ерте араласады, Қазақстанда оның ішінде Қарағандыға таяу алғашқы ашылған ағылшындардың Спасск мыс балқыту заводына жұмыс іздеп барып қара жұмысқа жалданып жұмысқа тұрады. Жұмыс өте ауыр болады, қайламен мыс рудасын қазып өгіз арбамен, тәшкемен мыс балқытатын пешке жеткізетін. Бұл жұмысты ағайындылар Спасск кен орны жабылып кеңес үкіметі орнағанша атқарады. Бұғаналары бекіп әрбірі жеке отбасын құрады. Үлкені Майкен жолдасы екеуі үш қыз сүйеді, қыздары Мәразила, Мақтариза, Панария қыздарының барлығы ер жетіп тұрмыс құрып өз алдарына жеке-жеке отбастарын құрып бала сүйген. Байжанның алғашқы жолдасы Құстия екеуінен Кәсенхан деген ұл туады кейінірек жолдасы ауырып қайтыс болады, екінші жолы руы Қараке оның ішінде «Қуандық» Жетпісбайқызы Гүлбаршынмен 1952 жылы отбасын құрады. 1953 жылы қызды болады, қызының аты Қарлығаш. Ағасы Кәсенхан қарындасы Қарлығаш екеуіде ер жетіп жеке-жеке отбасылы болып қазіргі таңда балаларынан немере-шөберелер сүйіп отыр. Шет ауданы 1928 жылы жеке отау тігіп аудан болған соң ағайындылар жұбын жазбай туған жерге оралады. Нұра бойындағы өздерінің туып өскен қыстағы Жылыкөңге мал бағуға колхозға жұмысқа тұрады, кейінірек Оржоникидзе атындағы колхоздың Қайрақты бөлімшесіне тұрақтап мал бағуға жұмысқа тұрады. Бұл фермада ірі қара мен қоса түйе де өсіретін үлкендер түйе фермасы депте атайтын осы жұмысты да қоса атқаратын. Зейнеткерлікке шыққанша еңбектен қалған емес. Майкен ақсақал 1962 жылы 82 жасында Қайрақты ауылында інісі Байжаның қолында ағайынның ортасында қайтыс болды. Байжан ақсақал 6 жылдан кейін 1968 жылы 74 жасында осы ауылда балаларының алдында туысқандарының ортасында өмірден озды. Ағайындылардың ортаншысы Әйкенбай еті тірі ширақ Спасск мыс зауытында істеп өмірде көп тәжірибе жинаған, соғыс жылдарында Қарағанды шахтасында біраз уақыттар жұмыс істеген соғыс біткенен кейін аудан орталығы Ақсу-Аюлыға келіп пошта мекемесіне келіп пошта тасушы болып орналасады. Әйкенбай ақсақал екі рет отбасын құрған адам, бірінші жолдасынан бір ұл сүйген ұрпақ жалғастырар ұлының аты Сайлаукен. Сайлаукен, шешесінен жастай қалады ауыр науқастан қырқыншы жылдары бас кезіңде шешесі қайтыс болады. Орта мектепті бітіргеннен кейін 18 жасында еңбекке ерте араласады. 1957 жылы маусым айында Шет аудандық байланыс торабына надсмотришик болып жұмысқа тұрады. Қарағанды ЛТУ мекемесінде үзбей 13 жыл істеп 1971 жылы

отбасы жағдайына байланысты аудан орталығындағы коммуналдық шаруашылық мекемесіне электрик болып жұмысқа тұрады бұл жұмысты 1976 жылға дейін істейді. 1976 жылы өкінішке орай Сайлаукен жол апатынан мезгілсіз қайтыс болады, бар-жоғы 37 мүшел жасында. Өзі қайтыс болсада артынан өшпес із қалдырды 1959 жылы Кернейбек қызы Үмітпен отбасын құрып артында ұрпақ жалғастырар бала сүйді балалары Жомарт, Талғат, Дәулет, Қарлыға, Қанат. Көзі тірісінде өзі осы балаларының жастық шағын көріп кетті. Балаларының барлығы ер жетіп білім алып отбасылы болып қазіргі таңда әртүрлі салада еңбек етуде. Аналары Үміт осы балаларының кенжесі Қанаттың қолында аудан орталығында тұрып жатыр. Үміт анасының арманы жоқ, барлық балалларынан немере шөбере сүйіп отыр, артында бар оңалар деген осы.

Әйкенбай ақсақал екінші рет қырқыншы жылдардың ортасында төре Темірбек қызы Злихаға үйленеді. Екеуі бір қыз екі ұл сүйеді. Қызының аты Қарашаш, өкінішке орай жас кезінде қайтыс болады. Ұлдары Болат, Мұрат аудан басындағы орта мектепті бітіріп ерте еңбекке араласады. Орджоникидзе атындағы совхоздың Қайрақты бөлімшесінде ағайынды екеуі де механизатор болып жұмысқа тұрады. Бұл жұмысты 1995 жылға дейін үзбей атқарады. 1995 жылы Орджаникидзе совхозы тарап жекешелендіруге кетеді. Әркім өз үлестерін алып жеке шаруашылық ашады ағайындыларының ашқан жеке шаруашылық қожалықтарына кіріп біраз жыл соңда еңбек етеді. Кейінірек басқа әртүрлі жұмыстарға ауысады. Болат 1982 жылы Жақсылық қызы Күлжанмен отбасын құрады бала сүйеді, балалары Мейрам, Серік, Мархаббат, Нұрлан, Малика. Болаттың балалары ер жетіп әрбірі отбасылы түрлі салада еңбек етуде. Күлжан қазір аудан орталығы Ақсу-Аюлы ауылында кіші баласы Нұрланның қолында немере сүйіп отырған жайы бар. Мұрат 1984 жылы Рымбек қызы Мейіркүлмен отбасын құрып үш бала сүйеді балалары Индира, Берік, Қолғанат. Үлкен екі баласы отбасылы, қазір өздері балалы шағалы жас семья. Мұратта, Мейіркүлде зейнеткер қазіргі таңда Қарағанды қаласында немере сүйіп балаларының немерелерінің қызығын көруде.

**Естелікті жинақтаған**
**Тілеужан Есмахайұлы**



**Шахантаев Байназар**
**(1898-1960)**

Шахантаев Байназар (1898-1960)

Байназар әкеміз Берлібайдың Жарылғас атты баласының кенже ұлы Әділбайдың немересі, әкесі Шахантай. Биназар, Байназар, Жүкен үш ағайынды.

Шахантайұлы Байназар осы ортада Қызылтау облысының №1 ауылында 1898 жылы дүниеге келген. 1923-1932 жылдары Спасск кенішінде ағылшындардың қарамағында қара жұмысты атқарған.

1933 жылы Орджоникидзе колхозына орлып, колхоздың түйе фермасын басқарған. 1941-1944 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, ауыр жарақат алып, елге қайтқан. Соғыста көрсеткен төмендегі ерлігін келтірейін.

«Красноармеиц Шахантаев Байназар участовал на фронтах Великой отечественной войне на заподном фронте (Калинского направления ) в составе 360 стрелковой двизии, 1197 стрелького полка в должности -стрелка с июня 1942 года по 16 октября 1943 года.

В Настутательных боях имел два ранения (Находился на лечении в санчастях) и одно тяжелое ранения, последний раз тяжело ранен Іянваря 1944 года, сквозное пулевое ранение левой кисти с провреждением кости запястья, настаящее время отсутствует движение всех пальцев левой кисти и резкое ограничние движени в лучезапястном суставе. Ранение подверждаетя свидетелством о болезни №1042 от 5 апреля 1944 года выденное эвакогоспиталем. Он награжден орденам Славы III степени».

Соғыстан кейін колхозда түйе, сйыр фермаларын басқарып, қаржылы еңбегімен халықтың құрметіне бөленді. Әділбай атамыздың соңғы ұрпағы осы Байназар әкеміз болды. Артында түяқ қалмады. Жатқан жерің жайлы болып, рухың пейіште шалқысын.



**Нұрпейісұлы Жапат**
**(1896-1972)**

1896 жылы Шет ауданында туын 1972 жылы дүниеден қайтты. Ұзақ жылдар Орджоникидзе атындағы (ұжымшарында) колхозында (кеңшарында) совхозында қарапайым жұмысшыдан бастап әр-түрлі лауазымдарда еңбек етті. Саналы ғұмырын осы ұжымда еңбек етті. Ұлы Отан соғысы жылдарында еңбек армиясында болған «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалінің, тағы басқа марапаттардың иегері.



**Нұрпейісұлы Нәби**
**(1898-1975)**

Ұзақ жылдар Орджоникидзе атындағы колхозында кейіннен совхозында жылқышы, аға жылқышы, гуртоправ болып еңбек етті.

Саналы ғұмырын осы ұжымда еңбек етті. «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалінің, «Еңбек қызыл ту» орденінің тағы басқа марапаттардың иегері



**Смаилов Әбжан**
**(1901-1965)**

Смаилов Әбжан 1901 жылы туып, 1965 жылы қайтыс болды. Барлық саналы ғұмырын Орджоникидзе атындағы колхозының кейін кеңшарының әр түрлі қызмет, лауазымдарда еңбек еткен. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Көптеген майдан және бейбіт өмірдің марапаттары ен орден, медальдарының иегері.



**Жакишев Сартбай**
**(1901-2001)**

Жакишев Сартбай 1901 жылы туған 2001 жылы 19 шілде айында қайтыс болды. Масло заводта 9 жыл масла-промда жұмыс істеген одан кейін фермада қой, жылқы баққан.



**Сартбаев Рахман**
**(1957)**

Сартбаев Рахман 1957 жылы 19 ноябрьде туған, 1974-тен 1995 жылға дейін Орджоникидзе совхозында шофер болып жұмыс істеген.



**Исатаев Жұмажан (Жұмке)**
**(1910-1991)**

Шет ауданаының Қызылтау болысына қарасты №1 аулында өмірге келген. Әкесі Исатай өмірден ерте 49 жасында дүниеден озғандығынан, қыйыншылық көріп өседі. Оның тәрбиесі мен ержеітуі негізінен анасы Иса әжейдің бауырында болған. Иса әжей 1930 жылдың ортасында үш баласымен. Жүмке, Бибажар, Дәрілерді ертіп Сапскідегі ағайын-қайнысы Әуесбайдың жанына қоныс аударады. Ол кісі кезінде ағылшынның қарамағындағы мыс заутында абыройлы ұсташы болып жұмыс істеген. Жұмке інсін қарауына алып, балғашылыққа баулыиды. Ашаршылық жылдар аяқталған соң Иса әжей отбасымен Орджоникидзе колхозына қайта көшіп келеді. 1934 жылдың аяғында, баласын Асанқызы Базарға үйлендіреді.

Базар Асанқызы сіргелі руынан, біздің ортамызда «төлеңгіт» аталып кеткен. Ағалары, бауырлары: Бұлқынбек, Айтбай, Қойбағар, Нармағанбет, Кәрім, Манаптар Ақтөбе колзхозында көп жылдар бойы еңбек еткен, ортаға белгілі азаматтар. Әкей колхоздың қара жұмысына кірісіп, тер төгіп белсене атсалысты. Колхоздың шаруасына отымен кіріп, күлімен шыққан колхозшы. 1941-1945 ІІ-дүниежүзілік соғысқа қатысып, Батыс майданда 50- Армияның №369 атқыштар бөлімінде 1943 жылдың 13-15 шілдсінде жанқиярлық ерлік жасаған. Сол үшін «Жаугершілік ерлігі үшін» медалімен награтталды. Соғыстан аман-есен 1945 жылдың қарашасында елге оралып, колхоздың қат-қабат жұмсына қайта кіріседі. Ұзақ жылдар бойы бригадирлік жұмысты атқарады. Бейбіт өмірде еңбегі бағаланып, «Тың жерлерді игергені үшін» және «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған. Тәуелсіздіктің

ақ таңын көре алмай 1991 жылдың 26 наурызында өмірден озды. Артында атын атайтын ұрпақтары баршылық.



**Жұманов Піспек**
**(1912-1985)**

Жұманов Піспек -Қызылтау болысының №1 ауылында 1912 жылы туған. 1985 жылы қайтыс болды. Еңбек жолын Орджоникидзе атындағы колхоздан бастаған. «Қарағанды пролетариаты», «Советтік Қарағанды», «Социалистік Қазақстан» газеттерінде тілші, редактор, жауапты редактор болып істеген. Ұлы Отан соғысына қатысып, рота политругі болған. Жараланғаннан соң елге қайтып, Шет аудандық әскери комиссариатында аға инструктор болып істеген. Кейіннен Қоңырат аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болған. Шет ауданында колхоз басқармасы болып істеген. Көптеген соғыс және бейбіт күндердің жоғары мемлекеттік наградалары мен марапаттарының иегері.



**Тұмабаев Боран**
**(1914-1993)**

Тұмабаев Боран -1914 жылы Шет ауданы, болашақ Орджоникидзе атындағы колхоздың құрамына кірген Көктал өзенінің бойында туып, 1993 жылы қайтыс болды. Еңбек жолы осы колхоздан басталған. Әрі қарай Спасск, Жұмабек кенттерінде әр-түрлі қызмет, лауазымдарда партия, совет органдарында еңбек еткен. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Көптеген майдан және бейбіт өмірдің марапаттары мен орден, медальдарының иегері.



### Байжұманов Сабыртай Садықұлы (1927-2009)

Шет ауданының Қызылтау болысына қарасты №1 ауылында 1927 қоян жылы өмірге келген. Әкесі Садық дүниеден ерте 1945 жылы өткен. Отбасының үлкені болғандықтан жастайынан Орджоникидзе атындағы колхоздың қара жұмысына жегілді. Балғын балалық шағы ҰлыОтан соғысымен қатар тұспа-тұс келіп, от басының ауыртпашылығын көтеру Қанапия шешесінің екеуіне түседі. Күні-түні демей ауылдағы кәрі-қартаң және әйелдермен бірге колхоздын қат-кабат қара жұмыстарын қол күшімен көмек беріп еді. Жетінші сынып бітірген соң колхоз басқармасы, жақын ағасы Төкенов Жұмабай Сабыртай ағаны колхоздың есеп - қисабына баулап, кейіннен Қарағанды қаласына қысқа мерзімдік бухгалтерлік курсқа жібереді. Әрі қарай Орджоникидзе колхозының счетовод-кассирі, есепшісі қызметтерін атқарады. Туғанынан зерек Сәкең, бұл қызметтін қыр-сырын тез меңгеріп, машықтанып, көпшіліктің көзіне түседі. 1950-1960 жылдары жаңадан біріккен Орджоникидзе колхозының бас бухгалтерінің көмекшісі, екінші есепшілік қызметінде болып, тәжрибесін молайтады. 1961 жылы колхоз таратылып, Орджоникидзе совхоз құралғанда «Ақтөбе», «Қайрақты» бөлімшелерінің (счетовод) есеп-қисабын жүргізеді. 1988 жылы осы жұмпыстан зейнеткерлікке шығады. Еңбектегі табыстары дер кезінде бағаланып Сәкең, 1957 жылы «Тыңжерлерді игергені үшін» 1985 жылы «Еңбек ардагері» медальдарымен және ауданның, кеншардың Құрмет грамоталары, алғыс хаттармен марапатталған. Сәкеңнін атын балалары Ғазиз, Бағдат жалғастырып, бүгінде Бибіғайша қосағы немерелерінің қуаныштары мен қызықтарын көру үстінде.



### Мәйкенов Қәсенхан Байжанұлы (1927-2009)

Мәйкенов Қәсенхан Байжанұлы 1927 жылы Шет ауданы, Орджоникидзем атындағы колхоздың Жылыкөң қыстағында дүниеге келді. Еңбек жолын 1941 жылы Орджоникидзе колхозында бастаған.

1946 жылы Ташкент қаласында милиция оқуын екі жыл оқып, Шет аудандық ішкі істер бөлімінде 10 жыл қызмет атқарған. Одан кейін Шет ауданы, Шет совхозында ауылсовет

хатшысы, кәсіподақты басқарды және тағыда басқа жұмыстарды атқарды. Осы қызмет істеген уақытында бірнеше марапатқа ие болды, Тыл ардагері Ұлы Отан соғысының жеңіске арналған мерейтой медальдарымен марапатталды. 8 баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп, оқытып өмірлік еңбек жолдарына сілтеді. Осы 8 баладан 14 немере, 24 шөбере өсіп өнуде.



**Жаппаров Шәкен**
**(1929-2002)**

Қарағанды облысы Шет ауданы Қайрақты ауылында туған. Еңбекке ерте араласады, алғашқыда Қарағандыдағы ескі қалада жұмыс істейді. Шахтада жұмыс істеп жүргенде 1950 жылы әскерге шақырылып, әскерлік борышын Қиыр Шығыстағы Сахалинде абыроймен 3 жыл атқарып 1953 жылы қайтады. Әскерден келгеннен кейін шахтадағы жұмысын жалғастырады.

1956 жылыдардың ортасында Үмітжан Төлеген қызымен отасып отбасын құрды. 1960 жылдары туып өскен жері Қайрақтыға ауданды орталығындағы Орджоникидзе атындағы совхозға жұмысқа турады. алғашқыда құрлысшы болып бастап, кейінірек Қайрақты фермасында өзіне жеке меншік үй салып біржола осы жерге орнығады. Фермада басында әртүрлі жұмыстар істейді. Жазғы уақытта өзіне жеке табын алып семіртетін етті сиырларды бағады. 30 жылдай үзбей осы совхозда мал бағып енбектенеді. Осы жылдардағы еңбегі бағаланып совхоз тарапынан салалық марапаттарға иеленеді.

Жолдасы Үмітжан екеуінен осы уақыт аралығында 5 бала дүниеге келеді. Балалары Алпысбай, Әуес, Дәметкен, Маржан, Мақсат, Алданыш. Балаларынан көзі тірісінде немере сүйді. Алпысбайдан Сағыныш, Қайсар, Талғат, Сұнғат, Айзат. Мақсаттан Ардақ, Жазира, Ботакөз, Адай, Арай. Қыздарынан жиен немерелері бар.

Қазіргі уақытта артында қалған немерелерінен шөберелері бар. Қайсардан Асылхан, Әділхан, Әмірхан атты шөберелері бар. Ардақ немересінен Аниса, Шұғыла атты шөберелері бар.

Шәкен ақсақал өзі 2002 жылы Қайрақты ауылында балаларының қолында 73 жасында өмірден озды. Артында орнын жоқтапайтын ұрпақ жалғастырар ұл қыздары қалды.

**Төкенов Сәктай Төлеубайұлы**
**(1925-1986)**



Шет өңірінің Қызылтау болысына қарасты №1 ауылында бұрын Орджоникидзе атындағы колхоздың орталығы болған «Жұлғең» қыстауында 1925 жылы дүниеге келген.

Сәктай ағамыз Төлеубай әкеймен Әлжәмила шешейдің тұңғышы. Аудан орталығында 7 сыныпты бітіріп, еңбек жолын Орджоникидзе колхозында қара жұмыстан бастап, 1945 жылы Алматыда бір жылдық бухгалтерлік курсты бітіріп, өмірінің соңына дейін Орджоникидзе колхозында, совхозында, Шет аудандық МЖС, МТС, РТС-да есепші-бухгалтер болып, мекеме басшыларының алдында өзінің кәсіби мықты маман екенін танытты.

Совхоздың орталық жөндеу шеберханасында (ЦРМ) номировщик қызметінде істеген кезде цехтарда жұмыскерлердің атқарған жұмыстарының көлемімен оған кеткен уақыттарды жатқа біліп, қағазға түсіріп, әп-сәтте ойланбастан ақшасын шығарып, бухгалтерларға жеткізетінен совхоздың талай бас мамандары аңыз етіп айтып отыратын.

Сәкеңнің қолы қойылған нарядты ешкім түзетпейтін. Сондай зерек, іскер маман болды. 1955 жылы Жаңа-Жұрт елді мекенінің тумасы Тікішқызы Майшамен от басын құрды. Өмірге Мақсат, Қалиолла, Сайран, Ақмарал атты балалары келіп, олар бүгінде ұрпақ сабақтастығын жалғастыруда.

**Жампейсов Шыматай**
**Жуасбайұлы**
**(1928-1976)**



Қарағанды қаласының маңында Спасск кешенінде 1928 жылы өмірге келген.

Әкесі Жуасбай миллицияда жұмыс істеген. Мінезі өте тік, турашыл болған. От басында ағасы Сіелтай, інісі Өкен және қарындасы Розалар ержетіп, қиын -қыстау жылдардан кейін 1946 жылы Жуасбай әкеміз елге көшіп келеді. Шымекең жастайынан еңбекке араласып, өте ширақ болды. Қарағандыдан 7 сыныпты бітіріп, орысша сауаттанып, еңбек жолын колхоздың қара жұмысынан жалғастырады. 1950-1954 жылдары Қыиыр -Шығыста әскер қатарында болып, әрі қарай Шет аудандық МТС, РТС және Орджоникидзе

совхозында ішкі шаруашылықты басқарып, директордың орынбасары болып, абыроймен еңбек етті.

Шымекең іске өте қабілетті, көпшіліктің ортасында думандатып отыратын. Туған - туыстардың ортасында силы және құрметті болды. 1976 жылы оқыс жағдайда 48 жасында дүниеден озды. 1955 жылы Қзылжардың тумасы Нәсиқызы Шолпанмен отбасын құрды.

Өмірге Раушан, Қанат, Салтанат, Марат, Мұрат, Әсемкүл атты балалары келіп, олар өмірден ерте кеткен әкелерінің атын жалғастыруда.

Ағаның үлкені: Тілеужан 1947 жылы туған. Жақсы аға жатқан жерің жәйлі болып, иман байлығы молынан бұйырсын.



**Құлшықов Меди Баданұлы**
**(1927-2005)**

Шет ауданының Қызылтау болысына қарсты №1 Қайрақты ауылында 1927 жылы дүниеге келген. Әке-шешеден ерте үш жасында айрылып, ағасы Жаманның қолында тәрбиеленеді. Жастайынан колхоздың қара жұмысына жегіліп, ауыртпашылық пен жоқшылықтың зардабын қатты тартады. 1951 жылы Қарқаралы зоотехникалық -малдәргерлік техникумын тамамдап ветфельдшер мамандығын алып, ұзақ жылдар бойы ауданның Ақшатау, Қарғалы, Ақшағыл, Қарабұлақ, Орджоникидзе кеншарларында мал басын көбейтуге, оларды аурудан емдеуге тыянақты іс-шараларды жүргізіп, халықтың ризашылығына бөленеді. Біраз жылдар бойы бөлімшенің және жол бойына ағаш отырғызу мекемесінің басшысы болып абыройлы еңбек етеді. Ағаның еңбегі дер кезінде бағаланып, ауданның, облыстың Құрмет грамоталарымен және салалық төсбелгілерімен марапатталған.

Меди аға керней атаның тумасы Едігеқызы Ләззатпен отбасын құрып, өмірге: Әміржан, Бақытжан, Нәсіпжан, Мейіржан, Өміржан, Тілеужан атты балаларды әкеліп, бәрін тәрбиелеп, ержеткізіп, құтты орындарына қондырған үлгілі отбасының иесі болды. Сөзге ұстамы берік, іске қабілетті, ағайындардың арасында силы болды. Зеректігімен ертеде болған әңгіме, оқиғаларды кейінгі жастарға айтып отыратын. 2005 жылы 78 жасында өмірден өтті.

Жатқан жерің жұмақ болып, арттағы ұрпағыңа ұзақ ғұмыр берсін.



**Айешов Төлеу**
**(1930-2020)**

Шет ауданының Орджоникидзе атнындағы колхозда Жұлгөң деген қыстауда 1930 жылы дүниеге келген.

Әкесі Әйеш осы колхоздың алғашқы басқармасы, 1937 жылы «Халық жауы» деген жалған лақаппен ұсталып, Қарағанды түрмесінде атылған. Әкеден жастайынан айрылған Төлеу аға ерте есйіп 10 жасынан бастап колхоздың қара жұмысына жегілді. Өгізге мініп соқа айдады, шөп шабады. Сол кездегі колхоздың қат - қабат қолмен атқаратын жұмыстарының бәрінде басынан өткізеді. Оқудың да соңына түсе алмай, не бәрі 6 сыныпты ғана бітіріп, біржолата жұмысқа бет бұрды. 1950 жылдан бастап Қайрақты елді мекенінде жаңадан құрылған Шет аудандық МЖС-да әуелі слесарь, кейіннен шофердың көмекшісі болып, техниканың тілін біле бастады.

1952-1961 жылдар аралығында Шет МЖС, МТС, РТС кәсіпорындарында жүк машинасының жүргізушісі болып, қажырлы еңбек етеді.

1961 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққанша Орджоникидзе совхозында, автогаражда шофер, мотор жөндеуші, су тасушы жұмыстарында тынымсыз, табысты еңбек етіп, көпшіліктің алғысын алды.

1956 жылы керней атаның тумасы Қолқанбайқызы Орынтаймен отбасын құрды. Орынтай өмірге 10 бала әкелген алтын құрсақты батыр ана. 2017 жылы өмірден өтті.

Балалары: Рахметолла, Бақыт, Күміс, Дәметкен, Қанат, Самат, Сағат, Салтанат, Руслан Ұландар ержетіп, үйлі - баранды, әр түрлі салада еңбек етуде. Төлеу аға 90 жасында өмірден озды. Жаның жәнаттә, тәнің рахатта, орның пейіште болғай.



**Касембеков Маркс (Маркен)**
**(1930-1996)**

Касембеков Маркс (Маркен) 1930 жылы туып, 1996 жылы дүниеден өтті. 1955-1958 жылдары колхозда, 1958-1980 жылдары аудандық жинақ банкісінде, 1980-1983 жылдары жол пайдалану учаскесінде, 1983-1996 жылдары Шет ауданының ветеринариялық зертханасында қызмет істеді. Әр-түрлі жылдарда жасаған еңбегінің нәтижесімен алғыс хаттар мен мақтау қағаздары мен марапаттарын алған.



**Абишев Дүзел Камиевич**
**(1932-1983)**

Абишев Дүзел Камиевич 1932 жылы дүниеге келіп, 1983 жылы 51 жасында аурудан қайтыс болды. 1951 жылдан бастап Жоғарғы Қайрақты геология-барлау партиясында бұрғылау жұмысшысы, Орта мектептің мұғалімі, баспахана қызметкері, есепшісі болып, 1960 жылдан бастап РТС есепшісі, Орджоникидзе атындағы совхозда (кеңшарда) қарапайым механизатор, көлік гаражының слесарі болып еңбек етті. Әр-түрлі жылдарда жасаған еңбегінің нәтижесімен алғыс хаттар мен мақтау қағаздары мен марапаттарын алған.



**Оразбайұлы Кәрімжан**
**(1932-1996)**

Оразбайұлы Кәрімжан 1932 жылы туған-1996 жылы қайтыс болды. Орджоникидзе атындағы (ұжымшарында) колхозында дүниеге келген ұзақ жылдар бойы Ақшатау кен-байыту комбинатында геология-барлау партиясында қызмет атқарған. 1951 жылдан бастап Ағадыр кентіндегі №21 экспедициясында, Жоғарғы Қайрақты, Нұраталды, Ақшатау ГРП- ларында еңбек еткен.

Үкімет тарапынан мақтау грамоталары мен «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.



**Жуасбайұлы Өкен**
**(1932-2018)**

Өкен Жуасбайұлы 1932 жылы 7 қарашасында Қарағанды облысы Спасск поселкасында туған, ол уақытта ағылшындар ұйымдастырған мыс заводы жұмыс істейді.

Әкесі Жуасбай сол кезде Спаскіде милицияда істеген. Кейін Қарағандыда шахтер болған. Өкен Жуасбайұлының балалық шағы, Қарағанды, Спаск, Новый городта өтеді. 1-4 кластарда Новый городта бітіреді. Әкесі Жуасбай ауруға

шалдығып семьясын Шет ауданы Орджоникидзе атындағы колхозға, яғни өзінің ауылына көшіріп әкеледі. Сол жылы қайтыс болады. Өкен жас күнінен бастап колхоз жұмысына араласады. Түйеге мініп шөп шабады, өгізге мініп соқамен жер жыртады. Соғыстың зардабымен ел тұрмысы жақсара қоймаған кез. Тамақ: көк айран, талқан, нан анда-санда ыстық тамақ. Жұмыс таңнан қас қарайғанға дейін, демалыс деген мүлде жоқ. Сол уақыттағы 13-16 жастағы балалар тез ширап, тез есейеді.

Сол 1953 жылы Баяндин Амантай, Алькеев Кәркен, Жуасбаев Өкен, Елеубеков Кенжеғали Қарағандының мед. институтына түседі. Ақырғы экзаменде абитуриенттерді институт подвалындағы моргке апарады. Ванналарда жалаңаш еркек, әйел, бала-шаға қалқып жатыр. Подвалдың ішінің иісі көздің жасын ағызатын хлорка. Сол кезде Өкен лоқсып-құсып, ваннада қалқып жүрген өліктерді көріп, жүрегі қысылып қалады. Подвалдан шыға салып, біздің оқитынымыз осы ма дейді. Жанындағы жолдастары біз әлі олардың ішін жарамыз, қол-аяғын кесеміз дейді, Өкен бұл оқу менің қолым емес деп документтерін алып ауылға қайтады.

Еңбек жолын 1953-1954 жылдары Ы.Алтынсарин орта мектебінде аға пионер вожатый.

1954-1955 жылдары аудандық комсомол комитетінің путевкасымен Нұраталды совхозына комсомол комитетінің секретары.

Өкен Жуасбайұлы Шет ауданынан 1962 жылы кетіп, отыз жылдан кейін 1992 жылы ауылы Қайрақтыға көшіп келді, ауылда басшы болып қызмет атқарды. Зейнеткерлікке шықты. 2003-2005 жылдары Шет ауданының соғыс және еңбек ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Өмірлік жолдасы Әділ қызы Майраш екеуі 6 бала тәрбиелеп өсірді: Бақытжан, Қарғажан, Марал, Нәсіпжан Аманжан, Айнагүл. Бәрі семья құрып әке-шешелерінің үлгілі тәрбиесі арқасында адал еңбек етіп өмір сүріп жатыр. Өкен мен Майраштан 6 бала, 20 немере, 1 шөбере бар.

2015 жылы «Шет ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

2018 жылы өмірден озды.

## Ыбышев Жаңабек Абдрахманұлы (1933-2005)



Ыбышев Жанабек Абдрахманович 1933 жылы қарашаның 20-сында Қарағанды облысының Шет ауданында дүниеге келген. Арғы атасы Қараменде руының Малдыбай тегінен шыққан, әкесі Әбдрахман колхоз басшысы қызметін атқарған, әнші әрі ұста, халыққа абыройлы азамат болған. Ол жалғыз ұлы Жанабекті 1941 жылы бастауыш сатыдағы мектепке оқуға береді. Екінші сынып оқып жүрген кезінде

сұрапыл соғыс басталып, Әбдрахман алғашқылардың бірі болып, өзі сұранып майдан даласына аттанады. 1943 жылы майданда әкесі қаза болып, анасынан 3 жасында айырылған Жанабекті әкесінің қарындасы қолына алып, тәрбиелеп өсіреді.

1952 жылы қазан айында әскер қатарына №11733 ә/б алынып, 1953-1955 жылдар аралығында №20155 және №11003 әскери бөлімдерде қызметін өтейді.

1961 жылы Орджоникидзе атындағы совхоздың №5 бөлімшесінде шаруашылық ісінің меңгерушісі болып тағайындалады.

1964 жылы Семей қаласынан Қарағанды өңіріне келіп, сатушы қызметін атқарып жүрген Мухажанова Мадинамен шаңырақ көтереді.

1966 жылы осы совхоздың №3 фермасына қойма меңгерушісі болып ауысады. 1975 жылы 25 сәуірде Жоғарғы Кеңес СССР-і Президиумының жарлығына сәйкес Ұлы Отан соғысының 30 жылдық Жеңісіне орай еңбек майданына қатысушы медаліне ие болады. 1985 жылы социалистік жарыста жоғары өндірістік көрсеткішке қол жеткізгені үшін есімі «Құрмет кітабына» енгізіледі.

1987 жылы Орджоникидзе атындағы совхоздың №3 бөлімшесіне жылқы бағушы ретінде жұмысқа қабылданады. 1992 жылы жоғарыда аталған елді мекеннің №2 бөлімшесіне жылқы бағушы қызметіне ауысады.

1993 жылы құрметті еңбек демалысына шығады. 1995 жылы «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің елу жылдығы» мерекелік медалімен марапатталады.

2005 жылы қыркүйек айында науқастан дүние салады.



**Садықов Төлеген**
**(1935)**

Шет ауданнының №1 ауыл кеңесіне қарайтын Орджоникидзе атындағы колхозда кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Әкесі Садық өмірден ерте 1945 жылы өткен. Төлеген аға 10 жасынан бастап колхоздың қара жұмысына жегіледі. Погонщик (айдаушы) болып көктемде соқа айдауға қатысып, егін салуға қол күшін береді. Жаз айларында колхоз малына пішен дайындауға қатысады. 1947 жылы колхозда бастауыш мектепті бітіріп, әрі қарай оқуын аудан орталығында Ақсу-Аюлыда жалғастырады. 1954 жылы Ыбрай Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіріп, еңбек жолын Орджоникидзе колхозында малшының көмекшісінен бастайды. 1960 жылы зейнеткерлікке шыққанға 1996 жылға дейін ауданнның «Путь к коммунизму» кейіннен аудана-

дық ауылшаруашылық бірлестігінде (РСХО) аға малшы «Жаңа-Жұрт» бөлімшесінде зоотехник қызметін ақарады. Білімін жетілдіру мақсатында 1968 жылы Қарақаралы зоотехникалық мал дәрігерлік техникумын сырттай бітіріп, зоотехник мамандығын алады. Төкең аға жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарап, бірнеше дүркін облыстың ауданның Құрмет Грамоталары, Алғыс хаттарымен марапатталған. 1957 жылы ортаға белгілі Темірбек ақсақалдың Зілкен атты қызымен шаңырақ көтереді. Батыр ана өмірге сегіз перезент акеліп, барлығын тәрбиелеп, құтты орындарына қондырып 2012 жылы өмірден озды. Бүгінде 87 жасқа қараған Төкең бала-шағалары мен немерелерінің арасында арқалы - жарқалы өмір кешуде.

**Исатаев Серік**
**(1935-2007)**



1935 жылдың қыркүйек айында Шет ауданының Орджоникидзе атындағы колхозында дүниеге келген. 1955 жылы аудан орталығында Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебін бітіреді. Жастайынан жаз болса колхоздың қоғамдық малға жем-шөп дайындауға, күз болса егін жинау науқанына қатысып, қолынан келген жұмыстарды атқарады. 1955-1957 жылдарында Орджоникидзе колхозының счетовод-кассирі болып қызмет істейді. 1960 жылы Қарағандыдан 6 айлық есепші дайындайтын курста оқып, арнайы мамандық алады. 1961 жылы Орджоникидзе атындағы совхоз құрылғанда №5 фермасының бухгалтері болып тағайындалды.

1968 - 1984 жылдары ауданның жол пайдалану учаскесінде аға бухгалтер және ауданның «Қазсельхозтехника» бірлестігнде бас есепші қызметтерін абыроймен атқарды.

1985 жылдан зейнеткерлікке шыққанша, яғни 1996 жылға дейін ауданның кәсіптік-техникалық №11 училишесінің бас бухалтері болып еңбек етті.

Серік Жұмкеұлы өзінің таңдаған мамандығымен оған жүктеген жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарап, тыянақты атқарған. Мекеме басшылары мен еңбеккерлерінің ортасында сыйлы және құрметті болып өз ісінің білікті маманы болды.

1957 жылы «Тың жерлерді игергені үшін» 1984 жылы «Еңбекардагері» медальдарымен марапатталды. Серік аға қоғам жұмысына да белсене қатысып жұмыс атқарған мекемелерде, бастауыш партия ұйымының хатшысы және кәсіподақ комитетін басқарды.

Әріптестері мен замандастары Секеңді қатты сыйлайтын. 2007 жылы

8 маусымда жол апатынан өмірден өтті. Артта оның өмірін балаларымен немерелері жалғстыруда. Секеңнің баласы Фархат сол әкесі қызмет істеген мекемеде бұрынғы №11 СПТУ қазіргі агротехникалық колледжде 30 жылдай еңбек етіп 2019 жылы өмірден өтті.

Бүгінде сол мекемеде атасы мен әкесінің жолын жалғастырушы Жанат Фархатұлы директордың орынбасары болып қызмет атқарады.



**Смаилов Елемес Әбжанұлы**
**(1936-1990)**

Смаилов Елемес Әбжанұлы 1936 жылы Орджоникидзе атындағы колхозда дүниеге келіп, 1990 жылы қайтыс болды. Орджоникидзе кеншарының Ақтөбе бөлімшесінде жүргізуші болып, Дайындау мекемесінде- заготовитель болып, Өрт сөндіру мекемесінде күзетші болып істеген. Әр-түрлі жылдарда жасаған еңбегінің нәтижесімен алғыс хаттар мен мақтау қағаздары мен марапаттарын алған.



**Қосыбаев Қалымжан Оразбайұлы**
**(1936-1994)**

Қосыбаев Қалымжан Оразбайұлы-1936 жылы Орджонкидзе колхозында дүниеге келіп, 1994 жылы қайтыс болды. 1958 -1968 жж. Нұраталды кеңшарының аумағында орналасқан геология-барлау партиясында еңбек етті. Кейінгі жылдары Нұраталды кеңшарында- май зауытында жұмыс істеді. Ерен еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен және көптеген алғыс хаттар мен мақтау, марапат қағаздарымен атап өтілген.



**Пәниев Төлеутай**
**(1936-1965)**

Пәниев Төлеутай-1936 жылы Орджоникидзе атындағы колхозда туып, 1965 жылы ұзаққа созылған ауыр науқастан дүниеден қайтты. Жастайынан колхоз жұмысына араласп, тракторист болып, тың көтеруге қатысқан. Үкімет тарапынан еңбегі бағаланып, «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалімен тағы басқа мақтау қағаздарымен марапатталған.



**Айменбетов Елемес**
**(1938-1990)**

Айменбетов Елемес 1938 жылы Орджоникидзе атындағы колхозда дүниеге келіп, 1990 жылы қайтыс болды. Орджоникидзе атындағы совхозда қарапайым механизатордан бастап кейіннен көлік жүргізуші, трактор бригадасының бригадирі, бөлімше меңгерушісі лауазымдарын атқарды. Жұмыс істеген жылдарда Үкімет тарапынан мақтау қағаздары мен «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалімен және «Еңбек қызыл ту» орденімен марапатталған.



**Әбжанов Шәріп**
**(1939-2018)**

Әбжанов Шәріп-1939 жылы дүниеге келіп, 2018 жылы қайтыс болды. Ы.Альтынсарин атындағы орта мектепті бітіріп, Кеншоқы кеңшарындағы кәсіптік-техникалық училищесін бітіріп, Орджоникидзе атындығы кеңшарда 30 жыл бойы жүргізуші болып еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты. Жолдасы Базылова Мәкен де осы ұжымда көптеген жылдар сауыншы болып еңбек етіп, 10 бала тәрбиелеп өсірді. Өмірінің соңына дейін балаларымен құрған «Ақтал» шаруа қожалығының басшысы болды. Ерен еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен жіне көптеген алғыс хаттар мен мақтау, марапат қағаздарымен атап өтілген.



**Жұмажанов Зәружан**
**(1939-1984)**

Жұмажанов Зәружан-1939 жылы Орджоникидзе атындағы колхозда дүниеге келген. 1984 жылы дүниеден озды. 1963 жылдан бастап Шет совхозының Қармыс бөлімшесінде тракторшы болып, 1973 жылдан бастап-учетчик-полевод болып еңбек істеген. Әр-түрлі жылдарда жасаған еңбегінің нәтижесімен алғыс хаттар мен мақтау қағаздары мен марапаттарын алған.



**Айменбетов Елемес**
**(1938-1990)**

Айменбетов Елемес 1938 жылы Орджоникидзе атындағы колхозда дүниеге келіп, 1990 жылы қайтыс болды. Орджоникидзе атындағы совхозда қарапайым механизатордан бастап кейіннен көлік жүргізуші, трактор бригадасының бригадирі, бөлімше меңгерушісі лауазымдарын атқарды. Жұмыс істеген жылдарда Үкімет тарапынан мақтау қағаздары мен «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалімен және «Еңбек қызыл ту» орденімен марапатталған.



**Әбжанов Шәріп**
**(1939-2018)**

Әбжанов Шәріп-1939 жылы дүниеге келіп, 2018 жылы қайтыс болды. Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіріп, Кеншоқы кеңшарындағы кәсіптік-техникалық училищесін бітіріп, Орджоникидзе атындығы кеңшарда 30 жыл бойы жүргізуші болып еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты. Жолдасы Базылова Мәкен де осы ұжымда көптеген жылдар сауыншы болып еңбек етіп, 10 бала тәрбиелеп өсірді. Өмірінің соңына дейін балаларымен құрған «Ақтал» шаруа қожалығының басшысы болды. Ерен еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен жіне көптеген алғыс хаттар мен мақтау, марапат қағаздарымен атап өтілген.



**Жұмажанов Зәружан**
**(1939-1984)**

Жұмажанов Зәружан-1939 жылы Орджоникидзе атындағы колхозда дүниеге келген. 1984 жылы дүниеден озды. 1963 жылдан бастап Шет совхозының Қармыс бөлімшесінде тракторшы болып, 1973 жылдан бастап-учетчик-полевод болып еңбек істеген. Әр-түрлі жылдарда жасаған еңбегінің нәтижесімен алғыс хаттар мен мақтау қағаздары мен марапаттарын алған.



**Нұрпейіс Сансызбай Нәбиұлы**
**(1940-2017)**

Нұрпейіс Сансызбай Нәбиұлы 1940 жылы дүниеге келіп, 2017 жылы қайтыс болды. Орджоникидзе атындағы совхозда қарапайым механизатордан бастап кейіннен көлік жүргізуші, техника қауіпсіздігінің инженері, су шаруашылығының инженері (гидромелиоратор), трактор жөндеу шеберханасының меңгерушісі лауазымдарын атқарып, зейнетке шыққанға дейін ауданның сумен қамтамасыз ету мекемесін басқарды. (ХРСУ). Зейнетке шыққаннан кейін балаларымен өзі құрған «НСАН» шаруа қожалығының жетекшісі болды. Әртүрлі жылдарда жасаған еңбегінің нәтижесімен алғыс хаттар мен мақтау қағаздарын және «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалін алған.



**Касембеков Аманкелді Мақиұлы**
**(1943-1971)**

Касембеков Аманкелді Мақиұлы -1943 жылы Орджоникидзе атындағы колхозда дүниеге келіп, 1971 жылы ауыр науқастан дүниеден қайтты. Ат жалын тартып мінгеннен соңғы демі үзілгенше Орджоникидзе атындағы кеншарда жылқышы, аға жылқышы болып еңбек етті. Ерен еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен және көптеген алғыс хаттар мен мақтау, марапат қағаздарымен атап өтілген.



**Жұмкеұлы Боранқұл**
**(1949-1999)**

Орджоникидзе атындағы колхозында өмірге келген. Еңбек жолын осы колхоздан 1964 жылы трактористің көмекшісінен бастаған. 1970-1995 жылдар аралығында аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінде Орджоникидзе атындағы кеншарда жүк машинасының жүргізушісі болып еңбек етті. Қоғам, мекеме тарапынан тапсырған жұмысқа Боранқұл өте жауапкершілікпен қарап, оны дер уақытында, сапалы орындауда өзімнің негізгі міндетім деп санады. Кеңес заманында кеншар бойынша өндіріске қол жеткізген жоғары

көрсеткіштері үшін бірнеше дүркін еңбектің жеңімпазы атанды. 1995 жылы кеншар жекешеленгенде өзіне тиісті жермен мүлік иесін алып, жеке «Тіршілік» атты шаруа қожалығын құрып, соған басшылық жасады. Техниканы, комбайн, трактор, автокөлік машиналарын жете білгендігін ауылдың кейінгі жастарына, өзінің балаларына оларды меңгерудің қыры мен сырын үйретіп, тәлімгерлік жасады. Боранқұл 1999 жылы жүрек талмасынан қайтыс болды. Артта жары Алмагүл жеті баласымен шаңырақты шайқатпай өмірден ерте өткен жолдасының жолын жалғастырды. Бірақ ажал Алманы да өз қойнына 2019 жылы алып кетті. Бүгінде Боранқұлдың балалары: Динара, Гүлнара, Гүлшат, Анат, Бағдат, Дидар, Дана әкесінің көрмеген қызығын, жасамаған жасын жалғастырып, арқалы-жарқалы от басы болып, әр түрлі салаларда еңбек етуде.



**Бөлтеұлы Көшкінбай**
**(**1954**)**

Мен Бөлтеұлы Көшкінбай 1954 жылы Игілік колхозындп дүниеге келдім. Біз Бөлте әкемнен бес бала тудық оның бәрі жан-жақты үйлі-баранды.

Мен 1961-1969 жылдары Ы. Алтынсарин орта мектебін бітіріп, 1970-1971 жылы тракторист-машинист училищасын бітіріп 1971 жылы Орджоникидзе совхозының Қайрақты бөлімшесінде тракторист болып еңбек еттім. Сол еңбегімді бағалап 1977 жылы (Еңбекте озат) медалімен марапатталдым. Одан кейін бірнеше медальдармен марапатталдым. Екі рет ауылдық советтің депутаты болып сайландым. Партия қатарында болдым. Халқыма күш жігерімді аямай қызмет еттім.

1971-1992 жыл аралығында Орджоникидзе совхозы «Қайрақты» бөлімшесінде еңбек еттім одан кейін «Әділет» шаруақожалығында совхоз тарағаннан кейін жұмыс істедім. Қәзіро бес баланың әкесімін және зейнеткермін. Аллаға шүкір.



**Тиштықбаев Тауыртай**
**(1935)**

Тиштықбаев Тауыртай 1935 жылы "Игілік" колхозында дүниеге келдім. 1941-1942 жылы соғыстың басталған кезі.

1942 жылы "Игілік"колхозына мектепке оқуға бардым. Әкем соғысқа кетті, анам жалғызболды. Қиындау кез болды. Сол кезде жеті жастағы бала едім. Мектептен тыс колхоз басына барып өгіз жетектеп пагонщик болдым ( жер жыртып, егін егістім). Мектепті бесінші класқа дейін оқыдым. Әскерге дейін жұмыс істедім.

1954 жылы әскер қатарына шақырылдым. Қызылорда қаласы Теретамда үш жыл борышымды атқарып 1957 жылы әскерден келдім. Сол жылдары әсерден келісімен, "Алайғыр" геологиясында жұмысқа орналастым. Бадғасен қыз Аманаймен отбасын құрдым. Жұмысым қысқартылып, бір жыл жұмыссыз болдым. 1960 жылдын қаңтарынан бастап Совхоз Ордженикидзенің қойын бағуға отбасыммен "Жыланшоқы" қыстағына көшіп бардым. 1963 жылы Ордженикидзе Совхозының 3/ Қайрақты бөлімшесіне көшіп келіп, апрель айынан бастап Совхоздың басына жұмысқа орналастым. Бала шағалы болдым. Осы Совхозда сиыр малын бақтым. Жазда "Сарғазақ"жайлауында болып, қыста ауылда бақтым. Ұлым Тұрсын өзіме көмекші болды. 1984 жылы„ Еңбек ардагері "медалымен марапатталдым. Ұл-қыздарым өсіп, өз отбасыларын құрды. 1995 жылға дейін кемпірім Аманай, ұлым Тұрсын осы совхоздын малын бағып еңбектендік. Осы еңбегіміздің арқасында зейнеткерлікке шықтық. Қазіргі таңда екеуіміз де зеинеткерміз және тыл ардагерімін. Ұлым Тұрсынның қолында,, Қайрақты" бөлімшесінде тұрамын. Ұл -қыздарымнан 18 немере, 10 шөберем бар. Осыма тәуба деймін. 2010 жылы Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 65 жыл мерекелік медальмен марапатталдым.

2015 жылы 70 лет Победы в великои Отечественный воине

2020 жылы - 75 лет Победы Отечественный воине

# XII БӨЛІМ

## №4 Еңбекшіл бөлімшесінің еңбеккерлері

# ҚАЗАҚ ССР-НІҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН АУЫЛ ШАРУШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРІ - ТӨЛЕУҚҰЛ ОТЫНШИН (1909-1985)
## ТАУ ТҰЛҒА



Алдымыздан өткен ағалар толқынының жақсы қасиеттерін бойымызға, сіңіріп солардай болсақ деп ер жеттік. Оларда бірін - бірі көре алмаушылық, іштарлық жоқтың қасы еді. Соларды көзіміз көрді, куәсі болдық. Шет өңірінде талай аптал заматтар өмірге келіп, қолдарынан келген қызметтерін жасап, перзенттік борыштарын өтеп, өмірден өтті.

Сондай тау тұлғалардың бірі Төлеуқұл Отыншин ағамыз болатын. Ол шынындада екі иығына екі кісі мінгендей зор денелі, бойы биік, көп сөйлемейтін, нағыз палуан дерлік, кең пішілген адам еді. Оның пошымы қандай болса, адамға деген қамқорлығы сондай, ақ жарқын, қолынан келсе кісіге жақсылық жасағысы келіп тұратын. Алғашқы жылдары Қарағанды облысының Ақтоғай (Қоңырат), Қу (Егіндібұлақ) аудандарында сауда саласында еңбек жасап, Шет өңіріне соғыстан кейін келді, 1950 жылы Шет ауданы тұтынушылар одағы басқармасының төрағасы болып қызметке кірісті.

Ол кісімен алғашқы кездескен жылдары №2 Аққоян ауылдық кеңесінің хатшысы болатынмын. Бұл 1950 жылдардың іші болуы керек.

Ол кісі аудандық тұтынушылар одағының бастығы еді. Үлкен бедел иесі. Аудан басшылары Ө.Құлмұқанов, Қ.Кенжебековпен қатар, иық тіресе жүретін. Осындай биік сатыда жүрсе де, кейбіреулер сияқты кеудесін керіп, менсінбей, халқытың өтініш-талаптарына көңіл бөліп, мүмкіндігінше қажетін ашты, еш уақытта тілекті аяқсыз қалдырған емес.

Былай қарағанда, бір болмашы нәрсе сияқтанғанмен, ар жағында үлкен адамгершілік пен қамқорлықтың куәсіндей бір жағдайда кездескен сәтім бар-ды. Ауылдағы қара домалақ балалардың бірімін. Төкең кім екенімді жөнді блімеуші еді. Соғыстан кейінгі жоқ-жұтаң кез ғой. Бәрі де жетпейді. Тұтынушылар ат әбзелдері- ер-тоқым, қамыт, доға сияқты, әсіресе, ауылдық жерге керек заттар қоймаға түсті деп естідім. Сол -ақ екен, неде болса Төкеңе кіріп, өзіме керек доға сұрайын деп ойладым. Кабинетке кіріп барсам, жанында бір адам отыр екен. Барғаннан кейін, бірден маған назар аударып:

Шырағым, не шаруамен келдің? - деді.

Мен шаруамды айттым.

Олай болса, қойма меңгерушісіне барып айт, саған қалған бір доғаны берсін, - деді. Меңгерушіге барып «осылай Төкең айтты, маған бір

доға беріңіз» дедім. Аяғына отырғызбады (әлде мені өтірікші бала деді ме), бермей бос қайттым. Содан ұят болсада қайтейін,

Төкеңе қайтадан кіріп, жағдайды айттым.

Қап мына итті-ай, жүр! - деп жанында отырған екі адамды тастап, үлкен басымен қоймаға келді.

Мінекей, қараңыз. Бір доға үшін Төкеңді керемет мырза деп мақтайын деп отырғаным жоқ. Бірақ жөнді танымайтын ауылдың бір баласы үшін осындай қамқорлықты екінің бірі жасамайтын еді. Ол кісінің осы адамгершілік қасиеті әлі күнге есімнен кетпейді. Топырағың торқа болып, иманың шалқысын!

Екінші бір есте қалған жайт - ол кісі өте мәдениетті еді. Мәдениеттілігі тек сөйлеген сөзінен ғана емес, жүріс- тұрысынан, киім киісінен де көзге көрініп тұратын.

1952-1953 жылдары үлкен баласы Марс менің нағашым Арыстанбеков Рахымның баласы Амантаймен Қарағанды педнинститутында бірге оқыды. Ол кезде жол қатынасы тек пойызбен, Жарық станциясы арқылы өтетін. Жарыққа дейінгі жол біздің Ақбұлақтың үстімен өтетін. Төкең қара кашовка шанаға қаншырдай боп жараған қаракөк атты жегіп, ол кезде өті сәнді, сирек кездесетін ат-әбзелдерімен төгілдіріп, көшірімен Марсқа жіберетін. Рақан, да балаларына ат шана жіберіп отырады. Барып - қайтарда біздің үйге (нағашы шешемнің) ат шалдырып, жеңіл - желпі тамақ ішіп кететін.

Н.С.Хрущевтың заманында Төкең Сталин атындағы колхоздың төрағасы болды. Мен аупраткомда нұсқаушы болып, сол колхозға шефтік көмекке, былайша айтқанда, партиялық жұмыққа басшылық, көмек жасауға бекітіп қойды. Колхоздың парторгі Балтабек Махамбетшин деген кісі еді. Көбіне соның үйінде боламын. Төкең үйіне барып, София жеңгеміздің қолынан талай дәм таттық. Ол үйдің қымызы ерекше болатын. Қашан барсаң да дастарқаны жаюлы, қоннақтар бірі келіп, бірі кетіп жататын. Сонда жеңгеміз ренішсіз, жайдары көңілмен қарсы алатын.

Жақсының арты да жақсы болады дейді ғой. Төкеңнің ұл қыздарының бәріде өмірден өз орындарын тапқан, бәрі жоғары білімді, әр салада жұмыс істеп жүр. Немере-шөберелеріңнің өздері бір-бір ауыл. Қайрымды кісінің ақыры қайырлы болады деген осы дағы.

Төкең өмірінің соңына дейін Орджоникидзе атындағы совхоздың Еңбекшіл бөлімшесінде меңгеруші болып еңбек етті. Еңбекшіл деген жерге шатыр тігіп жатып, жаңадан үйлер, мал қораларын салып, үлкен ауыл жасады. Жаңадан бөлімше кеңесін, мектеп, клуб, кітапхана, медпункт тұрғызып, электр жүйесін тартқызып, үйлерге, базға дейін жарық бергізді. Ауданмен тікелей байланыс жасайтын телефон орнатылды. Ақтоғай - Қарағанды асфальт жолына шығатын тас жол салғызды.

Ол кісі басқарған жылдары Еңбекшіл Орджоникидзе атындағы сов-

хоздың ең алдынғы бөлімшесі болып, бірнеше рет аудан мен облыстың ауыспалы қызыл туын жеңіп алып, үлкен құрметке бөленді. Бұл ауылдан Төкең тәрбиеленген шәкірттері Ленин және Октябрь революциясы орденінің иегері, механизатор Сәмбет Төлеукенов, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, жылқышы Сембай Тапалов, Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутаты, жылқышы Шәкіш Бөлтекеев сияқты еңбек ардагерлері шықты. №4 бөлімше 2000 гектарға дейін егін салып, оның әр гектарынан 10-12 центнерден егін алынды. Малға қажетті жем-шөптің бір жарым жылдық қоры жиналды. Сөйтіп кішкентай ғана фермадан алдынғы қатарлы, іргелі ауылға айналды.

Төкең әсіресе ауыл адамдарына қамқоршы бола білді. Ол кісі таңертен атқа мініп, бүкіл ауылдың аулаларын қарайды екен. Қай үйдің шөбі таусылып қалды, малы неге аш тұр деп, көрсе-ақ болды, өндірістік таңертенгі жиында «сенің үйіңде шөп таусылып қалған екен, неге шөп алмайсың, қазір барда трактормен үйіңе шөп түсір, қоймадан барып жем ал» дейтін көрнеді. Мұндай қайырымдылықты ауыл адамдары осы күнге дейін айтып, «шіркін Төкең-ай» деп отырады.

Ауылдың 5-10 сыныпқа дейігі балаларын Ақсу-Аюлыдағы орта мектепке тасу үшін арнайы автобус алдырып, күніне 2-3 рет қатынайтын кестемен жұмыс істетті. Осындай адамға ауылдың атын бермеу қиянат емес пе?

Бұл мәселе бұрындары бірненше рет айтылып қалған екен. Енді ауданның 80 жылдағы қарсаңында Шет ауданының әкімдігі мен аудандық Мәслихат осы мәселені арнайы қарап, Еңбекшіл бөлімшесін Төлеуқұл (Төкең) ауылы деп атаса, халық ризашылығын білдіріп, аруақ бір аунап түсер еді.

**Аманқұл Әбдрахманов**
**Шет ауданының Құрметті азаматы**
**Еңбек ардагері 2002 ж**



**Жалмағанбетов Түсіп**
**(1914-1983)**

Жалмағанбетов Түсіп 1914 жылы 2-ші қантарда, Ақтоғай ауданы, Қонырат ауылында дүниеге келді. Руы: Сарым - Өтеміс. Жұбайы Жүнісқызы Қауажан. Төрт қызы, екі ұлы, бес немересі бар. 17 жасынан бастап бүкіл саналы өмірі Шет өңірінде өтті. Жас кезінен партия қатарына өтіп, партияның жүктеген тапсырыстарын орындап аянбай еңбек етті. 1939 жылы күзінде Қызыл әскер қатарына шақырылып,

Амурдағы Комсомольскіде өтейді. Содан соғысқа қатысады. Бірге Шет, Ақтоғай, Қарқаралы өңірінен көптеген азаматтар болды. Түсіп атамыз Ұлы Отан соғысының батыры Нұржанов Қазыбекпен, Ғалиев Қабдырашпен сұрапыл соғыс кезінде бірге болды. Біз ұрпақтары оны мақтанышпен айтамыз.

Бұл әңгімені тыл ардагері Шәйкен Алғожин атамыздан сұрадық. Бірақ ол кезде жас болдым аты-жөндері есімде қалған жоқ дейді. Кеудесінде орден-медаль көп болатын дейді. Бізге соғыс туралы көп айтатын, ондай сұрапылды көрмек түгел естімей ақ қойындар дейтін. Содан соғыс біткеннен кейін 1946 жылы бірақ еліне аман-есен оралды. Қарағанды облысы, Шет ауданы, Түлкілі ауыл совет "Беталыс" колхозында тұрды. 1960 жылы Ақтөбе бөлімшесінен Орджоникидзе совхозына бас жылқышысы болып ауыстырылды. Қарқаралыдан совхозға мың жылқы әкеліп, 1961 жылы бірінші болып Енбекшіл бөлімшесін жаңадан құрап, сонда басқарма болды. Енбекшіл бөлімше деп атауына тарихта қалуына Жалмағанбетов Түсіптің үлесі болды. Зейнеткерлікке шықса да сол кездегі совхоз директоры Сейльбеков Қуаныштайдың "Сіздің қолыңыздан жұмыс келеді" - деп өтініші бойынша 1978 жылдан 1983 жылға дейін Орджоникидзе совхозында ГСМ меңгерушісі болып жұмыс атқарды. Совхоз Орджоникидзеде ол кісінің қызы әкесінің ісін жалғастырып Жалмағанбетова Зейнегүл ГСМ меңгерушісі болып, ұлы Түсіпұлы Төлеш 1977 жылдан совхоз тарағанша жүргізуші болып жұмыс істеді.

Жалмағанбетов Түсіп соғыстан кейін шаруашылықтың әр саласында еңбек етіп көпшіліктің құрметіне бөленді. КСРО қорғаныс және ауыл шаруашылық министірліктерінің алғыс хаттарына, медальдарына ие болды. Бірнеше рет аудандық, ауылдық кеңестердің депутаты болып, партия конференцияларына делегат болып сайланған. Облыстық, аудандық атқару комитеттерінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Жалмағанбетов Түсіп 1983 жылы 1 желтоқсанда дүниеден өтті.

**Марапаттары:**

1. Медаль "за освоение целинных земель" 27.04.1957 г. от имени Президиума Верховного Совета СССР;
2. "За доблесть и отвагу в ВОВ" маршал А. Гречко;
3. "Медаль за доблестный труд в ознаменование 100-летия со дня рождения В. И. Ленина" 19. 03.1970 г;
4. Юбилейная медаль - "60 - лет вооруженных сил СССР" 22.02.1979 г. от имени Президиума Верховного Совета СССР;
5. Юбилейная медаль -"Тридцать лет победы в великой Отечественной войне" 1941-1945 гг." 22. 10. 1976 г. от имени Президиума Верховного Совета СССР;
6. Значок "Отличник социалистического соревнования сельского хозяйства" 16. 07.1977г. Министерство сельского хозяйства СССР.



**Жалмаганбетова Зейнегуль Тусуповна (1953-2013)**

1953 жылы туылған, 2013 жылы дүниеден өтті. 1978 жылдан бастап совхоз Орджоникидзеде заведующий ГСМ болып тұрды. Содан совхоз тарағанша сонда жұмыс істеді.

Жасаған енбегі еленіп үкімет, совхоз басшыларының тарапынан әр жылдарда марапаттарға иеленді. Совхоздың басқа да қоғамдық жұмыстарына белсене араласты. Ел-жұртқа сыйлы адам ретінде есте қалды.

**Тусупов Төлеш (1956)**

1956 жылы туылған. 1978 жылдан бастап совхоз Орджоникидзеге жүк машиналарға жүргізуші болып жұмысқа тұрды. «Урал», «Зил», бензовоз сынды көліктерді жүргізді. Арасында комбайншы да болды. Жұмысына жауапкершілік пен белсенділік танытқаны үшін Совхоз басшыларының тарапынан бағалы сыйлықтарға және басқа да марапаттарға ие болған. Кейін, совхоз тарауына байланысты, жер алып қожалықта болды. Қазір зейнеткер.



**Хантурин Хамит Айділдаұлы (1930-2003)**

КПСС партиясының мүшесі болған еңбек ардагері, алғашқы колхоз қадасың қалаушылардың бірі, беделді, еңбекқор, тың игеруші, алғашқы механизатор.

Ауыл шаруашылығында, техника саласында әрқашан жауапты жұмыстарды атқарды.

1957 жылға дейін Кежек кәзіргі Ақши совхозында бригадир болды.

1957 ж-1964ж. -Сталин колхозында бригадир болды, жан-жақған орыс, украин, т. б. ұлттардың жиналған кезі орысша жетік білуі, күш- қуаты мол кезінде беделмен жұмысын атқара білді.

1964ж-1976 ж. -«Орджоникидзе» совхозының бөлімшелерінде (Ақсу, Еңбекшіл) трактор бригадасының бригадирі. 1969ж. (Бөлімшеде Отыншин Төлеуқұл управляющий) Советтер Одағына мол астық тапсырып Тың игеруіне орасан зор үлесін қосқаны үшін, Шет ауданының облыс бойынша алдыңғы қатарға жеткізуге атсалысқан еңбегі үшін «Урал» мотоцикл және де Құрмет грамотамен аудан хатшысының шешімі бойынша марапатталған.

1976ж. -1982ж. -СПТУда -механик, аға шебер (старший мастер) қызметін атқарды. Сол жылдары Мичурин совхоз техникумында оқып «Механик» мамандығын алды.

1982ж. -1989ж. -Меллиорация ХРСУ мекемесінде механик одан сол мекеменің бастығы болды.

1989ж. -1993ж. - «Казсельхозтехникада» аға механик, тракторшы болып еңбек етті.

1989ж. -Шет ауданына еткен ерен еңбегі бағаланып, «Еңбек ардагері»-медалімен марапатталды.

1993ж. -Зейнеткер жасына жетуіне байланысты зейнетке шықты.

Жолдасы Жақыпбекова Сара Жақыпбекқызы (1929 жылы туған мамандығы жоғары білімді тарих пәнінің мұғалімі) екеуіде«Орджоникидзе» совхозында қызмет атқарды.

Сара апай «Ақсу»бөлімшесінде1957-1958ж. ж. кітапханашы қызметін атқарса, 1966-1967 ж. ж. сол совхоздың ашылған балабақшасының меңгерушісі болып, еліміздің өркендеп көркейуіне, келе жатқан ұрпаққа тәлім-тәрбие беруіне өз үлесін қосып ат салысқан азаматша.

Осындай еңбек ете жүріп жеті бала өсіріп, тәрбиелеген өнегелі әке-шеше.

Барлық балаларына жоғарғы білім алдырды, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған ата-ана.

Үлкен қызы Шолпан- жоғарғы білімді маман. Экономист мамандығын тамамдап Ақшағыл совхозында көп жылдар бойы экономист болып жұмыс атқарды, бүгінгі күні зейнеткер.

Раушаны- жоғарғы білімді маман. Байланыс саласында мамандығы бойынша Қарағанды қаласында Обл радио орталығында байланыс инженері болып еңбек еткен.

Дәмет - жоғарғы білімді, Қарағанды қаласында көп жылдар бойы Облыстық диагностикалық орталықта мамандығы бойынша дәрігер болып еңбек етті, бүгінгі күні зейнеткер болсада жұмысын жалғастыруда.

Толеутай -Жанаарқа ауданыңда отбасылы, үлкен әулеттің отанасы.

Қуаныш -Көкшетаудан оқып, инженер-ұстаз мамаңдығымен аудан орталығында колледжде ұстаз болып жұмыс атқарған, бүгінгі күні қажы (2 рет Меккеге барған), Шет ауданының «Шаттық ел» қайырымдылық қорының директоры, «Харекет»шаруа қожалығының басшысы.

Сәуле-саналы өмірін бала тәрбиесіне арнаған жан. Анасының жолын қуып, аудан орталағының балабақшасында тәрбиеші (5 жыл) жұмысынан бастап көптеген жылдар бойы бір жерде (30 жыл)директор қызметін атқарып отыр.

Қуаныштай-аудандық ішкі істер бөлімінде жылдар бойы қызмет атқарып бүгінгі күні зейнетке шықсада темір жол саласында жұмыс істеуде.

Ананың ізін қыз басар, Атаның ізін ұл басар деген осыдан шығар.



**Қазақ ССР-нің Жоғары кеңесінің депутаты**
**Бөлтекеев Шәкіш**
**(1939)**

Мен Қарағанды облысы Шет ауданында 09. 09.1939 ж қарапайым отбасында туып, жастық шағым Отан соғысынан кейінгі қиын кезге келгендіктен еңбекке ерте араластым. Колхозда погонщик болдым, әр түлі жұмыстар істедім. Негізгі еңбек жолын 1957 жылы Шет аудадық машина - трактор стансасына (МТС) қарасты Сталин атындағы колхозда трактористігінен бастап, 1958 ж осы колхоздың жылқышысы болып ауыстым. Содан бері 1961ж колхоз таралып, жаңадан ашылған Орджоникидзе атындағы совхоз құрамына кіргеннен 1993 жылы совхоз жекешелендіріп таратылғанша 36 жыл бойы жылқышы және бас жылқышы болып жұмыс істедім. Адал еңбегім бағаланып КСРО -ның «Құрмет белгісі» (1966ж) «Еңбек Қызыл Туы» (1976ж) ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталдым. Бекітлген жылқы басын аман сақтап, төл алудан Қаз ССР-і бойынша алдыңғы қатарлы көрсеткіштерге жеткендіктен КСРО Халық шаруашылық жетістіктер көрмесінің құрмет тақтасына жазылып, оның алтын медальмен марапатталдым. (ордендармен медальдің куәліктерінің көшірмесін қоса тіркеймін)

Заманның ағымына сай кенестер одағы коммунистер партиясының қатарына алынып, партия және қоғамдық жұмыстарға белсене араластым. Совхоздың портком мүшесінен бастап, Жезқазған облыстық партия комитетінің мүшесі болып екі мәрте сайландым.

Ауданның, ауылдың өсіп - өркендеуіне қосқан еңбек үлесім аудан және Қарағанды облысы сайлаушыларымен лауазымды органдардың назарынан тыс қалмай, мені Түлкілі селолық және Шет аудандық советтеріне депутаттығына бірнеше рет сайлады.

1971 жылы мен Қарағанды облысы Балқаш сайлау округінен 8-ші шақырылған Қазақ ССР Жоғары советіне депутат болып сайландым (Депутаттық билет көшірмесін қоса тіркедім). Депутаттық міндеттемені абыроймен атқаруға белсене кірісіп өз мәнінде атқардым. Сайлаушылардың тапсырған аманаттары толық орындалды. Округте жаңа мектеп ғимараты салынды, жергілікті жолдар салынып, күрделі жөндеуден өткізілді. Балқаш қаласымен Шет ауданы сайлаушыларымен кездесулер өткізіп, есеп беріп отырдым.

1993 жылы совхоз жекешелендіріп, таратылғанда 54 жасымда жұмыссыз қалдым. Үлеске алған жерімді, техниканы қаражаттың жоқтығы, денсаулығымның төмендегінен нәтижелі пайдалана алмадым. Сондықтан зейнетке жетпей қалған жылдарымды жеке меншіктің жыл-

қысын бағуымен өткіздім. 2002 жылы қыркүйек айында зейнетақы тағайындағанда табысым туралы мәлметтер ұсынылмады, зейнетақы қорындағы есебімдегі қаржы аз деп пенсия төменгі мөлшерде есептеді. Жеке меншіктің малын баққанға азын-аулақ табыс туралы құжатты кім бермек және зейнетақы қорына төлемді кім түсірмек?

Дүниеден озған жұбайым Тиыштық екеуіміз 10 бала өсіріп жеткіздік, олар қәзір отбасыларымен облыстың басқа мекендерінде тұрып жатыр. 31 немере, 18 шөберем бар. Өз басым қара шаңырақта кенже ұлымның от басында тұрып жатырмын. Өткен өмірге өкпем жоқ. Ендігі жерде бала - шағаларыма ұрпағыма тілейтінім ғұмырлары ұзақ болып, сендердің алдарыңда ұзақ сапарға аттансам деген тілегімді Алла қабыл ал.

## Тапалов Сембай
## (1940-2006)



Әкеміз Тапалов (Жуанышбеков) Сембай 1940 жылы 16 сәуір айында Шет ауданы Сталин атындағы колхозына қарасты Кежек (Ақши) ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. 2006 жылы қыркүйек айында дүниеден озды. Әкеміз 1957 жылдан бастап ауыл шаруашылығы жұмыстарына белсене араласып, еңбек етті. 1960 жылы Орджоникидзе совхозы Енбекшіл ауылында «Қоғамның жылқы малын өсіру» жоспары бойынша бақташы болып Орджоникидзе совхозында еңбек жолын бастаған. Бүкіл саналы ғұмырында осы ұжым жабылып, тараганша 1995 жылға дейін аянбай тер төгіп, еңбек атқарды. Әр жылдарда Үкімет тарапынан марапаттар иеленді:- 1973 жылдан КПСС партия мүшесі, №14-ші Шет сайлау округіне Қазақ ССР -нің Жезқазған облысы бойынша Шет аудандық советінің депутаты;

- 1973-1978 жылдары Социалистік жарыстың жүлдегері төс белгілерімен;

-1975-1984 жылдары екі мәрте «Еңбек Қызылту» ордендерімен;

- 1976 жылы Үкімет тарапынан кезектен тыс «Москвич-412» автокөлігі сыйға;

-1979 жылы еңбегі бағаланып мемлекеттен тегін туристік жолдама алып, шет мемлекеттерге Мәскеу, Турция, Греция, Египет жерлерін саяхаттап қайтты;

-1980 жылы IY-ші облыстық партия конференциясының XY-съезінің делегаты;

-1983жылы облыстық халық депутаттарыны кенесінің депутаты;

-1986-1992 жылдары Жезқазған облысы бойынша «Семейный подряд» бастауымен Енбекшіл ауылы Бекайдар жайлауында, сауын тоқ ап-

паратын пайдалана отырып, заманауи әдіспен 100 бас биеден сүт сауып, қымыз ашытып облыс аймағында жергілікті халықты және Жезқазған, Қарағанды, Абай қалаларын жаз айларында алты жыл бойы қымызбен қамтамасыз етті.

1960 жылдары анамыз Жонкина Рая Шөкейқызымен шаңырақ көтеріп, отбасын құрды. Анамыз 1940 жылы дүниеге келіп, 2017 жылы дүниеден озды. Дүниеге алты бала әкелді. Ербол, Базаргул, Есбол, Досбол, Айгул, Ляззат. Анамыз әкемізбен қатар жүріп кеңшарда сауыншы болып, табысты еңбек атқарған.

Әкемізбен Анамыз қамшының сабындай қысқа ғұмырларында балаларына тәрбие беріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған ардақты жандар. Жатқан жерлерің жайлы болып, тәндерің пейіште шалқысын демекпіз.

**Балалары мен немерелерінің атынан.**



**Укенов Көшербай**
**(1936-1986)**

Укенов Көшербай 26 сәуір, 1935 жылы дүниеге келді. Шет ауданы, Орджоникидзе совхозының Еңбекшіл бөлімшесінде 1959 жылдан бастап жылқы бағып, еңбек етті.

1975жылы қазан айында өндірістік жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін атқарған еңбегі бағаланып, облыстық Кеңестің Грамотасымен марапатталды. 1985 жылы 13 қазанда атқарған еңбектерімен жақсы көрсеткіштері үшін Құрмет грамотасымен марапатталды. 1976 жылы Әкеміздің атқарған еңбегі үшін және халқына деген сыйластығын бағалап, совхоз әкімшілігі жеңіл автокөлікті сыйға берді. Өмірінің соңына дейін еліне, халқына еңбек етіп, жылқы бақты.

1986 жылы 26 қыркүйекте өмірден өтті.



**Жолдасы Бөлтекеев Шәкішпен**



**Жолдастарымен бірге**



**Ахметов Шойман**
**(1938-2020)**

1938 барыс жылы Шет ауданы, Ақтөбе ауылында дүниеге келген. Сол заманда қазақ балаларының басына түскен қырғын соғыстың зардабын көріп, ерте есейіп, жастайынан колхоздың қара жұмысына жегіледі. Еңбек жолын Орджоникидзе атындағы совхоздың механизаторы, бастапқыда трактористің көмекшісі, кейіннен мықты механизаторы (трактористі, комбайыншы) болып жемісті еңбек етеді. 1965-1970 жылдары жаңадан құрылған кеншардың «Еңбекшіл» бөлімшесінде жұмыс атқарып, бөлімшенің ірге тасын қалап, сол ауылда Әрінқызы Күлипамен отбасын құрады. Күлипа ана өмірге 10 бала әкеліп, отағасымен бірге бәрін тәрбиелеп, білім бергізіп, құтты орындарына қондырды.

Шойман ағаның табысты еңбегі мемлекет тарапынан бағаланып, 1972 жылы «Еңбек Қызыл Ту», марапатталды.

1977 жылы КСРО Бүкіл одақтық халық шаруашылығының көрмесінің алтын медалымен, 1978 жылы «Социалистік жарыстың жеңімпазы», 1987 жылы «Тың жерлерді игергені үшін», 2004 жылы «Тыңға 50 жыл», 1987 жылы «Еңбек ардагері» медалдарымен марапатталады. 2006 жылы Шет ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді.

2020 жылы әлемді жайлаған ауыр індеттен өмірден өтті. Артта ұрпағы баршылық. Мейрам, Самат, Салтанат, Мұрат, Гүлжанат, Марғұлан, Еркебұлан, Кенжегүл атты балалары ержетіп, отбасын құрып, әр түрлі салада еңбек етуде.



**Қабиев Серік**
**(1947 жыл 28 желтоқсан)**

Ақсу ауылында дүниеге келген. 1954 ж мектеп табалдырығын аттап, 1965 ж Шет ауданындағы Ы. Алтынсарин атындағы өрт мектепті тамамдады. 1968 ж қаңтар айында Ағадыр кентінде шоферлық курсқа түсіп, оқып бітірді. Содан бастап атындағы совхозда шофер-механизатор болат қызметін атқарды. 1972 ж орақ науқанына қатысып, сол жылы егіннің бітіп шығуына байланысты егін орағын ойдағыдай орындауына байланысты еңбегі жоғары бағаланып, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. 1976 жылдан бастап Ақсу ауылына трактор бри-

гадасының бригадирі болып тағайындалды. Зейнеткерлікке шыққанға дейін сол салада жұмыс істеді.

Қаратөбелов Қаби 1900 жылы дүниеге келген. Ұзақ жылдар бойы Байшегір кейіннен Ақсу колхоздарында колхоз басқарушысы болып жұмыс атқарған.

1949ж Қаби ақсақалдың басқаруымен Жалпақсазда Шет ауданына қарасты барлық колхоздардың көмегімен Маңақа өзенің байлап үлкен жұмыс атқарған. Қаби ақсақал өмірінің соңына дейін Орджоникидзе атындағы совхоздың №1 Ақсу бөлімшесінде бөлімше басқарушысы, кейіннен зоотехник, сауын гуртының басқарушысы болып қызмет атқарған.

1975 ж өмірден өтті. Жұбайы Батима екеуі өмірге Күлән, Күләндаш, Балтабай, Серік есімді балаларды дүниеге әкелді. Күләндашы ертеде қайтыс болды, ал Күлән 1941 ж өмірге келді, бертінде қайтыс болды. Балтабай 1943 ж Қарқаралының зоотехникалық-мал дәрігерлік техникумына түсіп малдәрігерлік мамандығын алды. Екі жылдай аудандық малдәрігерін кеңсесінде жұмыс атқарды. Ағадыр аудан болып құрылғанда Ағадыр ауданының Босаға, Ақшатау совхозына аға мал дәрігер қызметіне жіберілді. Ол қызметті совхоз тараганға дейін атқарды. Өмірінің соңына дейін Ақшатау, Ақжал кенттерінде мал дәрігері болып қызмет атқарды. 2014 ж өмірден өтті.



**АмировТлеуберлі**

Мен АмировТлеуберлі 1949 жылы 20 мамыр күні дүниеге келдім. 1957 жылы мектеп қабырғасына бардым. 1967 жылы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіріп, отбасы жағдайына байланысты ауылда қалып механизатор болып атындағы №1 Ақсу бөлімшесіне жұмысқа тұрдым. 1972 жылдан бастап осы ауылда склад меңгерушісі, одан кейін 1977 жылдан бастап осы Ақсу бөлімшесінде аға бухгалтер болып жұмыс атқардым. Онымен қоса бастауыш партия ұйымының жетекшісі болдым.

1986 жылы сәуір айынан бастап Еңбекшіл бөлімшесіне бөлімше меңгерушісі болып тағайындалдым. Осы жоғарыдағы жұмысты атқара жүріп, Қарқаралы зоотехникалық техникумына сырттай түсіп, зоотехник мамандығын алдым.

1992 жылдан бастап совхозда бухгалтер болдым. 1993 жылдан бастап совхоз тараганға дейін №4 Еңбекшіл бөлімшесінде агроном болып жұмыс атқардым. Еңбекшіл бөлімшесінде меңгеруші болып жұмыс атқарып жүргенде бірнеше рет малға азық-түлік дайындауда мал өнім-

дерін өңдіруде бірнеше рет совхоз және аудан бойынша жеңімпаз атаныл, аудандық туды жеңіп алдық. Совхоз тарағаннан кейін «Құрмет» шаруа қожалығын құрып, оны осы уақытқа дейін атқарып келемін.



**1969 жылы Дүйсенбаева Нәсіпкүлмен** тұрмыс құрдым екеуміздің арамызда 8 бала дүниеге келді. Нәсіпкүл 1971 жылдан бастап Орджоникидзе атындағы совхоздың №1 Ақсу бөлімшесінде мәдениет үйінің меңгерушісі болып қызмет атқарды, бұл жұмысты 1986 жылға дейін жұмыс істеді. Ақсу бөлімшесінде сауыншы-механизаторлар арасында ауыл жастарын тарта отырып, ойын-сауық құрып жұмыскерлердің көңілінен шыға білді. Кейіннен 6 жыл осы Орджоникидзе атындағы №4 Еңбекшіл бөлімшесінде әртүрлі жұмыс атқарды.

Өмірге Жандос, Тамаша, Гульнара, Жазира, Жайна, Әсем, Құрмет, Зайра есімді балалар келді. Оларды тәрбиелеп өсіріп, әрқайсысының білім алуына жағдай жасадық. Үлкеніміз Тамаша медбике, ал Жандос құқық қорғау саласында жұмыс істесе, Гульнара сатушы мамандығын, ал Жазира, Жайна жоғарғы оқу орнын тамамдап өз мамандықтары бойынша жұмыс атқарып жүр. Әсем жоғарғы оқу орнын аяқтап экономист мамандығын алды. Құрмет вахталық жұмыста болса, кенжем Зайра ән-күй маманы. Әр қайсысы алған мамандықтарына қарай жұмыс атқарып жүр.

Менің шешем Шикина Күлзат 1907 ж дүниеге келген. 1939 жылдың қаңтарынан бастап 1961 жылға дейін Ақсу колхозында шөп шабу, қыс мал бағу жұмыстарында істеген. 1961 жылдан бастап Орджоникидзе атындағы совхоздың №1 Ақсу бөлімшесінде сауыншы болып, 1965 жылға дейін зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмыс атқарған. Өмірге үш бала келген, мен Тілеуберлі, үлкен апам Рая, және Тлеукен есімді. Рая қәзір тірі, ал Тлеукен 2019 жылы дүниеден өтті.

## Дүйсенбаев Оспан

1916 жылы Нұра ауыл кеңесіне қарасты Байназар ауылында дүниеге келген. 1947 жылы әскер қатарына шақырылып, сол жылдан бастап Ұлы Отан Соғысында өзінің өжеттігін көрсетіп, бірнеше медальдармен марапатталған.

Соғыстан 1946 жылы ауыр жараланып, ауылға келген. 1947 жылдан бастап Байназар колхозында өз алдына жолдасы Дүйсембаева Рымжан екеуі бір отар қой алып, әуелі колхозда, кейіннен Орджоникидзе атындағы совхоздың №3 бөлімшесі Байназарда абыройлы жұмыс атқарған. 1961 жылдан бастап екеуіде Орджоникидзе совхозының №1 Ақсу, №3 Байназар бөлімшесінде жұмыс атқарған.



**Жүнісов Рымқұл Зауатбайұлы**
**(1941-2020)**

1941 жылдың тамыз айында, Кеншоқы ауылында туған. Ақшатаудағы жеті жылдық мектепті бітірді, 1960 жылдан бұрынғы Орджоникидзе совхозының "Кежек” бөлімшесінде механизатор, сатушы, есепші заправщик, қырман меңгеруші мамандықтарын меңгерді. 1965 жылдан аудандық "Ильич туы" газетінде жүргізуші, тілші редактордың орынбасары болып, зейнеткерлікке шыққанша жұмыс істеді. Журналист мамандығымен облыстық "Орталық Қазақстан” газетінің меншік тілшісі болды. Осы екі газетке мақалаларды тұрақты жазып тұрды.



**Жүнісов Төлеуқұл**
**(1948)**

Мен, Жүнісов Төлеуқұл, 1948 жылы 10 қазанда Кешоқы ауылында дүниеге келдім. Әке шешем колхозшы болды. 1957 жылы Кеншоқы орта мектебіне бірінші сыныпқа барып, 1967 жылы Қайрақта орта мектебінен он жылдықты бітірдім. 1967-1969 жылдары Орджоникидзе кеншарының «Кежек» бөлімшесіне механизатор болды. 1969-1971 жылдары Державинск қаласында әскер қатарында болдым. 1972 жылы Орджоникидзе кешарының «Еңбекшіл» бөлімшесіне механизатор, 1983 жылдан 1997 жылға дейін осы бөлімшеде трактор «Береке» бригадасында шебер реттеуші, механик болдым. Бірнеше социолистік жарыс озаты, мақтау грамоталарымен, ВДНХ көрмесінің қола медальмен марапатталдым. 1997 жылы аудандағы колледжге өңдірістік оқу шебері болдым. 2011 жылы осы мекемеден құрметті еңбек демалысына шықтым. 1972 жылы үйлендім, үш ер бала, екі қыз бала өсірдім. Жолдасым екеуіміз бес баладан он бір немере бес жиен немере сүйіп отырмыз.

Қырмызы, Сапарғали, Тілеуғали, Қайырғали, Айдана атты балаларымыз ер жетіп, отау құрып, әр түрлі салада еңбек етеді.

**Сүйіндіков Бекмұрат**
**(1950)**



Мен, Сүйіндіков Бекмұрат 1950 жылы 11 қарашада Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылында дүниеге келіппін.

1957 жылы Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылындағы Ы. Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебінің 1 сыныбына оқуға қабылданып 1967 жылы тәмамдадым. Сол жылы Қарқаралы зооветеринариялық техникумына түсіп, техникумның толық курсын ветеринар мамандығы бойынша 1970 жылы бітіріп шықтым.

1970 жылы Шет ауданы Нұраталды кеңшарының № 2 Аққияқ бөлімшесіне веттехник болып қабылдандым.

1973-2013 жылдары ауданның ветеринария саласында табысты еңбек етті, алған марапаттары баршылық.

**Төлеуқұлов Барыс**
**(1951)**



Мен, Толеуқұлов Барыс, 1951 жылы сәуір айында Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы селосында дүниеге келдім. 1958 жылы Ақсу-Аюлы селосында Ы. Алтынсарин атындағы мектепке барып, 1968 жылы жақсы бітіріп шықтым. 1968 жылы мен еңбек жолымды Еңбекшіл бөлімшесінде веттехниктің көмекшісі болып бастадым.

Осы бөлімшеде мен мал шаруашылық саласында көп тәжірибе жинақтадым. 1975 жылы сырттай Алматы зоотехникалық мал дәрігерлік институтын бітіріп, зооменеджер мамандығын алдым. 1973 жылы Шет ауданы жаңа ашылған Жезқазған облысына қарады. Сол кезде біздің бөлімшеде мың жарымдай жылқы, екі мыңдай ірілі-ұсақты ірі қара мал болды. 1986 жылы қыркүйек айында РАПО-ның нұсқауымен мені Москваның селекция-генетикалық жоғарғы мектебіне оқуға алты айлық курсқа жіберді. 1987 жылы ақпан айында оқуды ойдағыдай бітіріп, Орджоникидзе кеншарына зоотехник-селекционер қызметімді жалғастырдым. 1993 жылы ең бірінші болып Шет ауданының әкімімен жер бөлімінің рұқсатымен Қарағанды-Алматы тас жолы бойынан Бекайдар бабамыздың тұсынан 20 кв/м жер алып, вагон қойып жолаушыларға асхана аштым. Маңдай тер мен балаларымның көмегі арқасында жұмысымыз алға басты. Екі жылдан кейін шағын АЗС

және асхана салдым. Осыдан кейін мені көріп жұмыссыз отырған аудан азаматтары жол бойына шыға бастады. Осы еңбектің арқасында балаларым жоғарғы оқу орындарын бітірді. 1999 жылы күзде балалардың жұмысы мен оқуына байланысты Қарағанды қаласына көштім. Жұбайым Ақыжанова Шырын Алматының НАРХОЗ институтының бухгалтер-экономист мамандығын бітірген. Осы мамандығы бойынша Орджоникидзе кеншарында бухгалтер, бас бухгалтердің орынбасары болып көп жылдар еңбек етіп, дербес пенсияға шықты. Өзім дербес пенсиядамын. Үлкен балам Төлеуқұлов Орман әке жолын қуып фермер. Целиноград «зоовет» институтының зооинжинер мамандығын бітірген. Қазір Ресейден әкелінген қазақтың етті тұқымы ас-бас құнажынын өсіру бағытында жұмыс атқарып жатыр. Қалған балаларым да үйлі-баранды осы қалада әр салада қызмет істеп жатыр. Өзім немерелерімді фермаға апарып малды аралап, көрсетіп, атқа мінгізіп, өзімде атқа мініп күнделікті шаруашылықты аралап дем алып қайтамыз. Немерелердің көзі ерте шаруашылыққа малға қаныға берсін, атадан балаға мұра деген қағиданы еске алып жақсы тәрбиелеп, ақыл кеңесімізді беріп халқының жақсы азаматтары болып өссе біз үшін осы бақыт.



**Адамбаев Құсайын**
**(1952-2013)**

Еңбекшіл ауылының тұрғыны Адамбаев Құсайын Адамбайұлы 1952 жылы туған. 2013 жылы дүниеден өтті. Еңбек жолын 1968 жылы тракторшы- механизатор болып бастады. Осы еңбек жолында «үздік жас механизатор» құрметіне, «Ұлы Отан соғысына 30 жыл толу» мерекесіне орай, Мәскеуде ұйымдастырылған көрмеге қатысты. 1989 жылы «Еңбек ері» медалымен марапаталды.

Сонымен қатар көркем өнерпаздар үйірмесің мүшесі болды. Жезқазған обылысы кезінде Ұлытау үніне қатысып лауреят атанды. Әкесі Адамбай 1950 жылдары Еңбекшіл ауылының ең алғашқы тұрғыны. Сол жылдары жалғыз үй болған.

Жұбайы Абишов Бақытбала еңбек жолын Еңбекшіл ауылында 1973 жылдан медбике қызметін атқарды, 1916 жылы сол ауылдан зйнетке шықты.

Балалары Думан. Сайран, Даурен, Гүлжан Ұлан барлығы да аяқтанып өз жолдарын тапты.

Дәурен 1994 жылы жастар арасында Югославия Нови Сад қаласында самбодан өткен Әлем чемпионатына қатысып, әлем чемпионы атанды.

**Абенов Алпысбай**



1954 жылы ақпанның 2-інде Шет ауданы, Еңбекшіл бөлімшесінде дүниеге келген.

1970жылдан бастап Орджоникидзе совхозында қызмет еткен.

1973-1975 жылдары Отандық борышын атқарған. Әскер қатарынан келген соң, Орджоникидзе совхозындағы қызметін жалғастырған.

1976 жылы Алматы қаласында «Механизаторлар слётына» қатысқан. Әрі қарай Болгарияға сапарлап барған.

1981 жылы Бокенова Күлімкеш пен отау құрып, бүгінгі таңда 5 баланы өсіріп, жетілдірген.

Орджоникидзе совхозында 1995 жылға дейін 25 жыл бойы еңбегі сіңген.

Социалистік жарыстар жеңімпазы. Аудандық кеңеске депутат болған.

Бірнеше медаль, төсбелгі мен алғыс хаттармен марапатталған.

**Құттыбаев Тайтөлеу**



1957 жылы 15 ақпанда Қарағанды облысы, Шет ауданы, Кеншоқы ауылында дүниеге келген. Кеншоқы ауылының мектебінде білім алған. 10 сыныптық мектеп бітіріп,

1972 жылы 12 қазанда «Орджоникидзе» совхозына жұмысқа орналасады. 1977 жылы отан алдындағы борышын қорғауға әскерге шақыртылады. 19 маусым 1979 жылы қайта жұмысқа тракторшы- механизатор болып қабылданады. 1981 жылы Есмагамбетова Айгүлмен отау құрады. Бес баланы тарбиелеп өсірді, балалары:

Құттыбаев Жұбаныш Тайтөлеуұлы 12. 10. 1982 жылғы, отау құрған, Әйелі: Тоқмаганбетова Динара Біржанқызы 12. 08.1985 жылғы, балалары; Тайтөлеу Аблайхан Жұбанышұлы 08. 04. 2006 жылғы, Тайтөлеуов Жантөре Жұбанышұлы 02. 12. 2009 жылғы, Тайтөлеу Нұрислам Жұбанышұлы 08.10. 2015жылғы.

Күттыбаева Рауана Тайтолеуқызы 13. 09. 1985 жылғы, тұрмыста, жолдасы: Кайрбеков Жанболат Төлеубекұлы 02. 01. 1980 жылғы, балалары; Төлеубек Ая Жанболатқызы, Төлеубек Мырза Жанболатұлы, Төлеубек Балнұр Жанболатқызы, Төлеубек Аруна Жанболатқызы, Төлеубек Айнара Жанболатқызы, Төлеубек Дінмұхамед Жанболатұлы.

Құттыбаева Раушан Тайтолеуқызы 12. 04. 1991 тұрмыста, жолдасы Бигельдиев Ғанибет Олжабайұлы 30.11.1986, балалары; Олжабай Айша Ғанибетқызы, Олжабай Айшуақ Ғанибетұлы, Олжабай Әдірахман Ғанибетұлы, Олжабай Мұхамед Ғанибетұлы.

Құттыбаева Гульбала Тайтолеуовна 21.04.1994 тұрмыста, жолдасы Жунусов Ардақ Берікұлы 07. 07.1992, балалары; Берік Айзере Ардаққызы 28. 08. 2016, Берік Айсұлтан Ардақұлы 29. 03. 2018.

Әкеміз 01.02.1995 жылы совхоз тарауына байланысты жұмыстан шығады.

Әкеміз техникаларының барлық түрін жүргізіп қана қоймай, оның қыр - сырын да біліп, өмірінің барлығын осы мамандыққа арнады десек те болады. Артқарған жұмыстары мен еңбектері еленіп отырды. Осы салаға Әбден еңбегі сіңді десек те болады.

2020 жылы, 63 жасында зейнетке шықты.

Есмагамбетова Айгуль Балахаевна 11.07.1962 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу- Аюлыда ауылында дүниеге келген. Ы. Алтынсарин атындағы мектепте білім алған. 1979 жылы мектепті аяқтап, сол жылдан бастап «Орджоникидзе» совхозына сауыншы болып жұмысқа орналасады.

Жоғары айтылғандай әкеміз Құттыбаев Тайтөлеумен 1981 жылы шаңырақ көтереді. 5 баланы дүниеге әкеп, тәрбиелеп өсірді. 1995 жылы совхоздың тарауына байланысты жұмыстан шығады.

1998 жылы Еңбекшіл ауылынан, Шет аудан орталығына көшіп келеді. Аудан орталығындағы «Шет Агротехнткалық» колледжінің жатақханасына тәрбиеші болып жұмысқа орналасады. Сол жылдан бері елеулі еңбек атқарды. 2020 жылға еңбек етті. Еңбегі еленіп, түрлі марапаттарға ие болып жүрді. 2020 жыл зейнетке шықты.



**Сүлейменов Ақтан Мұхамеджанұлы (1943-2001)**

Әкеміз Ақтан Мұхамеджанұлы 1943 жылдың 20-шы қазанында Шет ауданы Ақсу - Аюлы ауылында (кезіндегі Байшегір колхозында) қарапайым шаруа отбасында дүние есігін ашады. Мұхамеджан атамыз - әкеміз Ақтаннан 4 жыл бұрын Риза есімді қыз бала сүйеді. (Риза апамыз қазіргі уақытта Қарағанды қаласында тұрады) Ақтан әкеміз 17 жасынан 1960 жылдан бастап С.Орджоникидзе совхозында еңбекке араласып, бар ғұмырын осы совхозда еңбегін сіңірген, 1967 жылы 2 сыныпты тракторшы - машинист және сол жылдың та-

мыз айында комбайшы курсын аяқтайды. Ұзақ жылдар бойы ауыр еңбекке араласып, түрлі техникаларды меңгеріп қана қоймай, ауданның ауылшаруашылығы саласының дамуына зор үлесін қосты. 1971 жылы Кеңес Одағы коммунистік партиясының №36 мандатымен С.Орджоникидзе атындағы совхоздың бастауыш партия ұйымының шешімімен аудандық ХХIY партия конференциясына делегат болып қатысты. 1972 жылдың желтоқсан айында «Құрмет белгісі» (Знак Почета) орденімен, сонымен қатар, 1975 жылы «Ерен еңбегі үшін» және де басқа да медальдармен, сонымен қатар, «Құрмет» және «Алғыс» грамоталарымен марапатталады. Әкеміз Сұлубала анамызбен 1966 жылы шаңырақ көтеріп, бірге бір шаңырақ астында 35 жыл отасып, өмірге 8 бала 5 ұл, 3 қыз әкелген ардақты жандар. Олар: Алтынай, Жанагүль, Үміткүл, Боран, Дархан, Ерхан, Дастан, Рүстем балалары әр түрлі салада қызмет атқаруда. Өзінің көзі тірісінде үш қызын ұядан қиясына қондырып, үш ұлының отауын тіктеп, үйлендіріп, қалған екі ұлды анамызға аманаттап кете барады. Бүгінде артында қалған ұл - қыздарынан 17 немере, 5 шөбере тарап отыр. Жүзінен шуақ көрініп, жанарынан мейірім төгіліп тұратын жайдары жанның асыл бейнесі әлі күнге көз алдымызда. Небәрі 58 жыл ғана өмірінде қажырлы еңбек етіп, адалынан ас ішкен, адамдықтың ақ туын жықпаған әкеміздің ғұмыры біз үшін тұғыры биік тағылым мектебі. Тал бесік пен жер бесіктің арасы дұрыс пайымдай білген пенде үшін бір - ақ адым жер. Бабаларымыз мынау жалған өмірді қамшының сабымен өлшегені осыдан да болса керек. Адам фәниден бақиға өткенімен ұрпағының жүрегінде, ағайыны мен айналасының көңілінде мәңгі өмір сүре бермек. Сондай жандардың бірі Шет ауданы Еңбекшіл ауылының тұрғыны болған, аз ғана ғұмырында артына өшпес із, өлмес өнеге қалдыра білген асқар тау әке, ардақты ата Сүлейменов Ақтан Мұхамеджанұлы еді.

Артында қалған ұрпағы біздер үшін мәңгі аласармас алып бәйтерегіміздің тағдырының тамыры қиылып, жарық дүниемен 2001 жылдың 27-ші сәуірінде қош айтысады.

# XIII БӨЛІМ

## Бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған және жекелеген авторлардың естеліктері

## ӨТКЕНІ-ШЕЖІРЕ, ЕРТЕҢІ-ЖАРҚЫН

*(Орталық Қазақстан 2018 жыл)*

Қасиетті өлке, кең өлке, тарихы терең, келешегі ерен Шет өңірі қилы-қилы заманды басынан өткерген. Аттың жалы, атанның қомында жүріп алмағайып заманда елі мен жерінің бүтіндігі жолында айқасқан әріде Таңай, Дос, Ес, Баян, Есей, Сеңкібай, Жидебай, Байқозы, Жарылғап, Сазанбай, Балта, Дербісалы, Жасыбай, Күшікбай, Итқара, Бәубек, Кешубай, Берлібай, Таңыбай, Ағыбай, Дулат, Боранқұл, Бөрі, Бодық, Қойайдар, Тоқтар батырлар сынды ерлердің ізі жатыр сайын даласында. Солардың ерлік дәстүрін жалғап Ұлы Отан соғысында Шет ауданынан Кеңес Одағының батыры атағын Агеев Николай Иванович алды, ал "Даңқ" орденінің толық иегері Байзақов Ботай болды. Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен дуалы ауыз Есберген, Бәйсейіт, Жанқұтты, Кәдір, Дүйсенбай, Қараменде, Қара, Тұяқ, Құлжанбек, Байдәулет, Қасқар, Ақтайбек билердің үлгі-өнегесі, әділ де ұтқыр сөздері халықтың жадында. Өткірдің жүзі, кестенің біздей өлеңдері мен жырлары ғасырдан-ғасырға ұмытылмай жеткен Шортанбай, Ақтентек, Қақпан, Маясар, Жәкен, Қасым, Зәрубай ақындарды адамдарымыз мақтан тұтады, масаттана оқиды.

Қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушы, дауылпаз ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин, айтулы қаламгерлер Жүсіп Алтайбаев, Әуезхан Көшімов, Балтабай Адамбаев, Рымқұл Сүлейменов, Софы Сматаев, Кәмел Жүністегі, Өмір Кәріп, Алтай Смет солардың заңды ізбасарындай. "Шет өңірі - шертпекүйдің қайнар бұлағы" деп бекер айтылмаған. Қазақтың қасиетті күй өнерінің арқа дәстүрін қалыптастырған Итаяқ, Қыздарбек, Әбди, Сембек, Ақмолда, Мақаш, Кәрібек, Мұқаштың Аманы, Рысқұлбек, Әбікен, Бегім салдардың сарынын осы дәуірге жеткізген Дәулетбек, Орал, Сапуан тәрізді күйшілердің атағы алысқа кеткен. Саф алтындай сара жолды өнердің тамырынан КСРО Халық әртісі, композитор Сыдық Мұхамеджанов, әлемге әйгілі пианист Жәния Әубәкірова, сазгер-әншілер Иман жүсіп Құтпан-ұлы, Шабал Бейсекова, Ермек Мұстафин, Самат Мұсабеков, Қасымхан Асанов, Ысқақ Тәукейұлы, Ыбыжан Төлегеновтер өсіп шықты. Әсерлі әні, көркем сәнімен елді аузына қаратқан өнер саңлақтары Ләззат Сүйіндікова, Гүлбаршын Ақпанова, опера әншісі Жан Тапин халқымыздың мақтанышы. Қазақтың бірінші кәсіби сиқыршысы, Ұлы Отан соғысының ардагері, жерлесіміз Ыбырайым Өкпенов атақты Қажымұқан балуанмен бірге өнер көрсетіпті. Ел тарихына есімін алтын әріптермен жазған спортшыларымыз да аз болмаған. Заманында күрестен Қазақстан мен Орта Азияның сан дүркін чемпионы атағын алған палуандар Әлімшайқы Сәлімбаев пен Серік Демесінов және Тұрар Төлепбековтың жолын Ержан Шынкеев жалғастырды. Ол "Қазақстан барысы-2018" турнирінің жеңімпазы болды. Аттары әлемге жайылған, дүние жүзілік жарыстардың алтын жүлдегерлері дзюдошылар Смағұлов

Жансай, Қанжанов Бейімбет, Дәртаев Айдын да аудан спорт мектебінің түлектері. Өркениеттің өлшеміне айналған ғалым ағаларымыз бен апаларымыз Яхия Әубәкіров, Шәрбан Батталова, Баян Рақышев, Жамбыл Ақылбаев, Зекен Смағұлов, Мәуен Хамзиндердің есімдері алты алашқа мәлім. Айғыржал ауылынан шыққан Пәну Әбдіқасова апамыз техника ғылымдарының кандидаты, Қазақтың политехникалық университетінде оқытушы бола жүріп қазақ қыздары арасында бірінші болып шахматтан халықаралық гроссмейстер атағын алып, республиканың 17 дүркін чемпионы болған. Еселі еңбегімен ел ризығын арттыруға сүбелі үлес қосқан, соның арқасында омырауларына алтын жұлдыз таққан Социалистік Еңбек ерлері Беркімбаев Бегім, Қайқыбасов Әбду, Қуанышбаев Имаштың қажыр-қайраты кейінгі ұрпаққа тағылым болары сөзсіз.

Шежірелі Шет ауданының тарихы 1928 жылдың 3 қыркүйегінен басталады. Жылдың басында Қазақстан автономдық республикасының Орталық Атқару Комитеті ұсынған әкімшілік аумақтық құрылым жобасын осы күні Бүкілодақтық атқару комитеті өз қаулысымен бекітеді. Жаңа жүйе бойынша Семей губерниясына қарасты Қарқаралы уезінің ішінде құрылған жеті ауданның бірі Шет ауданы болады. Оның құрамына бұрынғы Нұра, Қызылтау, Шет, Ақшатау болыстары кіреді. Әуелі Қызылеспе деген жерде болған аудан орталығы ел ортасынан тымшалғайда жатқандықтан ұзамай Толағайға, кейін қазіргі тұрған жері Ақсу-Аюлыға көшіп келеді. Арасында бір жылдай темір жолға жақын Айғыржалда да отырады. 1933 жылға дейін аудан Алматы облысына қарап, Қарағанды облысы құрылған соң соның құрамына беріледі. Арада 30 жыл өткенде, 1963 жылы Шет ауданы Ақтоғай ауданына қосылады. Елге аса қолайсыз болған бұл шешім көп ұзамай бұзылып, 1965 жылдың басында Шет өзінің аудан мәртебесін қайта қайтарып алады. 1973 жылы 20-наурызда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жезқазған облысын құру жөніндегі Жарлығына сәйкес Жаңаарқа мен Шет аудандарын ықшамдау есебінен Ақадыр ауданы құрылады. 1997 жылы Жезқазған облысымен қоса Ақадыр ауданыда таратылып, ол қайтадан толықтай Шет ауданының құрамына біріктіріледі. Сөйтіп жер көлемі 65,7 мың шаршы шақырым, халқының саны 50 мың адам үстінде іріленген қазіргі Шет ауданы пайда болады. Бүгінгі күні ауданда 25 кент, ауыл округтері бар. Жерінің кеңдігі жөнінен облыста екінші, халқының саны бойынша аудандар арасында үшінші орынды иеленген аудан өзінің экономикалық потенциалы бойынша бірінші орында тұр. Осыдан он жыл бұрын, яғни ауданның 80 жылдығы аталып өткен 2008 жылы аудан экономикасының жалпы ішкі өнімі небәрі 25 млрд. теңгені құраса, 2012 жылы бұл цифр 37, 6 млрд. теңгеге жеткен. Содан бергі мерзім аудан экономикасының қарыштап даму жылдары болды десек қателеспейміз. Себебі нақты секторға жататын тау-кен өндірісінде жаңа қуаттар іске қосылды, кен орындары ашылды, өңдеуші кәсіпорындар қатары көбейетүсті. Темір кенін өндіретін «Бапы Майнинг»ЖШС-і жобалан-

ған қуатына жетсе, биылғы тамызда Алмалы кен орнында катодтық мыс зауыты іске қосылды. Соның арқасында өнеркәсіп саласы соңғы 5 жылда өнім көлемін 3 есеге ұлғайтты. 2012 жылы бұл салада 16,2 млрд. теңгенің өнімі өндірілсе, 2017 жылы ол 46 млрд. теңгеге жетті. Осы мерзімде ауыл шаруашылығы саласында өндірілген өнім көлемі 13,1 млрд. теңгеден 29 4 млрд. теңгеге жетті, яғни 2, 2 есеге өсті. Ал, шағын және орта бизнеспен шұғылданатын құрылымдар саны 1,3 есеге ғана (1985:2626) көбейсе, олардың өндірген өнімімен көрсеткен қызмет ауқымы 2 есеге өсті, сөйтіп 2012 жылғы 8, 3 млрд. теңгеден 2017 жылы 17, 0 млрд. теңгеге жетті. Сонымен 5 жылдың ішінде жалпы ішкі өнім көлемі 2,5 есеге артып 92,4 млрд теңгені құрады. Үстіміздегі жылдың 6 айының көрсеткіші өткен жылғы сәйкес мерзімге қарағанда 30 пайызға артық, мұның өзі биылғы мерекелі жылы жалпы ішкі өнім көлемі 100 млрд. теңгеден асады деп болжам жасауға болады. Аудан экономикасының ойдағыдай дамуына осы мерзім ішінде негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемінің арта түсуі де себепкер болды. Ол әр жылда әртүрлі болғанымен жалпы алғанда 100 млрд. теңгеге жуықтайды. Осыған байланысты тек ірі екі жобаны атап өтуге болады. Ол "Nova-Цинк” ЖШС-сі Ақжал кенішінде түсті металдар өндірісін шахталық әдіске көшіруі болса, аудан орталығына жақын жерден мыс кен орны ашылып, жоғарыда айтылған Алмалы катодтық мыс зауытының салынуы болды. Экономикадағы оң өзгеріс қаржы-бюджет саласының жағдайына да оң әсер етті. Бюджеттің кіріс бөлігі жыл сайын асыра орындалып келеді. Бюджеттің жалпы кіріс-шығысы 2008 жылғы 2 млрд. теңгеден 2012 жылы 4,4 млрд. теңгеге, ал 2017 жылы 6,8 млрд теңгеге жетті. Нақтыланған бюджет бойынша бұл көлем 2018 жылы 8 млрд теңгеге жуықтайтын болады деп күтілуде. Бұның өзі әлеуметтік саланы да дамыта түсуге жол ашып отыр.

Өнеркәсіп саласында жаңа кәсіпорындардың іске қосылуы, сондай-ақ, жұмыс істеп тұрған кен-байыту кешендерінің ұлғаюы ауданның еңбекке жарамды халқын оларға көптеп тартуға мүмкіндік берді. Жұмыссыздықтың азаюына "Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті қолдау" бағдарламасы аясында атқарылып жатқан іс-шаралар да өз ықпалын тигізуде. 2017 жылдың аяғында есепте 520 жұмыссыз тұрса, ол алты айда 12 пайызға кеміп, 459 адамды құрады. Халықтың әлеуметтік жағдайын көтерудің бірден-бір жолы және аса маңыздысы тұрғын үймен қамтамасыз ету болса керек. Осы тұрғыда соңғы екі жылда біраз жұмыстар атқарылды. 2017 жылы Ақсу-Аюлыда 4 пәтерлік, Ақжал кентінде 12 пәтерлік көп қабатты үйлер пайдалануға берілді. Сол жылы «NOVA-ЦИНК» ЖШС кәсіпорнының қаражатына осы кенттегі апаттық жағдайдағы 5 қабатты 70 пәтерлік үй толық жөнделіп қатарға қосылып, 300 адам қоныс тойын тойлады. Баспана мәселесі өткір тұрған Ақадыр кентінде көп жылдан бері иесіз қалған 5 қабатты 70 пәтерлік тұрғын үйді қайта жаңғырту үшін облыс әкімі Е. Қошановтың тікелей нұсқауымен тиісті қаражат бөлінді. Қазір

қарқынды жүріп жатқан құрылыс жұмыстарын жыл аяғына дейін аяқтау жоспарланған. Үлкен елді-мекендердің бірі С.Сейфуллин атындағы кентте бір мезгілде 160 бала спортпен шұғылдана алатын дене шынықтыру сауықтыру кешенінің құрылысы жүргізіліп жатыр. Кешен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне берілмекші. Халықты сапалы ауыз су мен қамту мақсатында Ақадыр, Мойынты және С. Сейфуллин атындағы кенттерде су айдағыш және су таратқыш құбырлар күрделі жөндеулерден өтуде. Ақсу-Аюлының өзеннің арғы бетінде орналасқан Құмжон шағын ауданына бірінші рет су құбыры тартылып, онда тұрып жатқан 30-ға тарта жанұя сапалы су мен қамтамасыз етілді. Аудандағы 52 жалпы білім беретін мектепте және агротехникалық колледжде барлығы 7, 5 мыңдай оқушы оқиды. 2017 жылы мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға 121 млн. теңге бөлінді. Оған бірнеше пәндік кабинеттер, робототехника зертханалары мен ПИК-тер алынды. Бүгінгі күні 1 компьютерге 5 оқушыдан келеді. Мектептер жаңа оқу жылына сақадай-сай әзірленіп өз жұмыстарын бастап кетті. 3-6 жас аралығындағы 1450 бүлдіршін 100 пайыз мектепалды дайындық пен қамтылды. Өткен оқу жылының Ұлттық бірыңғай тестілеу көрсеткіші бойынша аудан 80, 5 балл жинап, облыстағы үздік ондықтың қатарынан көрінді. Денсаулық сақтау саласындағы реформалар да ойдағыдай жүргізілу үстінде. Міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне жұмыспен қамтылған, салық органдарына тіркелген жұмыс істеушілердің барлығына жуығы қамтылды. Қазіргі кезде "Дамумед” бағдарламасыаясында цифрлық жүйеге көшу ойдағыдай жүргізілуде. Соңғы 2-3 жылда ғана 6 елді мекенде жаңа типтегі ауылдық дәрігерлік амбулаториялар салынып іске қосылды. 3 ауылда фельдшерлік-акушерлік пункттер ашуға бюджет есебінен үйлер сатып алынды. Демографиялық ахуал да тұрақтанды. Былтырғы жылға қарағанда бала туу көрсеткіші біршама жоғарылады, өмір сүру ұзақтығы 70 жасты құрады. Аудан халқының саны бір деңгейде сақталып тұр. Мәдениет, спорт және жастар саясаты саласында атқарылып жатқан барлық істер Елбасының "Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру” бағдарламалық мақаласында көрсетілген бағдарларға сәйкес жүргізілуде. Аудандық мәдени-сауық орталығы мен ауылдық клуб үйлерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға 2017 жылы 33, 3 млн теңге бөлініп, үш мәдениет үйіне музыкалық аппаратура, жеті мәдениет үйіне сахна жабдығы, онбір ауылдық клубтарға бір мыңға жуық көрермендер орындығы әперілді. Ал, 80 жылдық тарихы бар Ақадыр кентіндегі Шабал Бейсекова атындағы мәдени-сауық орталығының жиһаздары толық жаңғыртылды, бейне бақылау камералары қойылды. Өнерпаздарға сахналық киімдер жаңадан тіктірілді. Өспен ауылының 170 жылдығы жоғары деңгейде аталып өтіп, сол ауылдың тумаларының демеушілігі және ауыл тұрғындарының көмегімен бір көше асфальтталып жөнделді. Спорт алаңы қалпына келтірілді, ауыл округінің энциклопедиялық жинағы шығарылды.

Осы дәстүр ауданның 90 жылдығына дайындық кезеңінде әріқарай жалғасын тапты. Жыл басында қабылданған "90 жылдыққа- 90 игі іс” шарасы өзінің игі нәтижелерін беруде. Шара аясында елдімекендердегі он шақты жолдар жөнделіп, асфальтталды, Ақсу-Аюлыда стадион ретке келтіріліп, тартан материалынан жасалған жүгіру жолақтары ашылды. Стадионның алдындағы алаңға орнатылған қуатты фонтан су маржандарын түрлі түспен атқылайтын болды. Аудан территориясының шекараларындағы үш паспорт жаңартылды. Туғанына 200 жыл болған Шортанбай жыраудың сквері жаңартылып, әсем арқа қойылды. Ақсу-Аюлыға кіре берістегі үлкен арқа, мемориалдық кешенмен стадионның әсем дарбазасы ауылдың сәнін кіргізе түсті. Мұндай істер әр ауыл мен кентте атқарылып жатыр. Мәселен, жуырда ғана 50 жылдығын атап өткен Талды ауылындағы Дулат Смайлов атындағы саябақ жөнделіп, ішінде ескерткіш тақта ашылды, биіктігі 9 метрлік "Бәйтерек” монументі қойылды. Сталиндік қуғын-сүргін жылдары Карлагтың бір бөлімшесі болған Батық ауылында жазықсыз жапа шеккендерге арналған сквер жасалып, қаралы тас орнатылды. Сондай ескерткіш тақта ауылының күнін атап өткен Жарылғап батыр ауылында да қойылып, елдімекен абаттандырылды, жолы жөнделді. Аудан орталығының басты даңғылдарының бірі Дербісалы көшесіне ұрпақтары батырдың асқақ мүсінін орнатып, саябағын абаттандырды. Қазір ол тұрғындардың сүйікті демалыс орнына айналды. Дәулескер күйші, арқаның шертпе күй мұрасын осы заманға жеткізушілердің бірі Дәулетбек Сәдуақасұлының 80 жылдығы республикалық дәрежедегі күй фестивалімен аталып өтті. Бір мақалада бүкіл аудан бойынша істеліп жатқан жұмыстардың бәрін қамту мүмкін емес. Дегенмен ауданның 90 жылдығы қарсаңында халқымыздың рухани қазынасына айналған, ел Дала пирамидасы деп атаған "Қаражар тас қорымы” мен Талды сайдан аттар жегілген тас пәуескенің табылуы республика жұртшылығын елең еткізген үлкен тарихи оқиға болды. Бұның өзі аудан жерінде туристік кластерді дамытуға себін тигізбек. Ал, Қазақстанның киелі жерлерінің географиясына енгізілген жалпы ұлттық қасиетті орындарға 4 нысан, өңірлік қасиетті орындарға 5 нысан, жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері тізіміне 34 нысан жатқызылды. Алайда мұның өзі толық емес. Жыл өткен сайын табылған және қайта жаңғыртылған тарихи ескерткіштер мен кесенелер саны көбейе түсуде. Тарихы тым тереңде жатқан Шет өңірінің келешегі де кемел болатынына бек сенімдемін.

**Марат Жандәулетов**<br>
*Шет ауданының әкімі*



**Әрінов Әжібек**
**(1934-2010)**

Әжібек Әрінұлы Қояншытағай атамыздың | Қараменде бұтағына жатады. 1934 жылы Қазығұрт тауының теріскейінде орын тепкен | «Игілік» колхозында кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Әжібек бала кезінде ойнап жүріп үйдің төбесінен құлап, бір аяғынан кемтар болып мүгедек болып қалады. Соныcына қарамай, еңбекке деген құштарлығы мен төзімділігінің арқасында техниканың тілін үйреніп, он екі мүшесі сау адамдармен тең дәрежеде ұзақ жылдар бойы Орджоникидзе совхозында табысты еңбек етті. Халық аузында «ауданның Мерьесеві» атанды.

Тынымсыз адал еңбегі мемлекет тарапынан ерекше бағаланып, Әжекең 1966, 1982 жылдары «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы» ордендерімен және бірнеше Республикалықдеңгейдегі медальдармен марапатталды. 1977 жылы БүкілОдақтың Халық Шаруашылық Көрмесінің (ВДНХ) «Алтын» медалын иеленді.

Шет ауданның Құрметті азаматы. Ережепқызы Тілеукешпен шаңырақ көтеріп, өмірге Мейрамкүл, Аманкүл, Гүлмира, Қайырбек, Ерлан атты балалары келіп, ержетіп, отау құрып, білім алып, әр түрлі салада еңбек етуде.

Әжібек ағаның аянышты өмір жолы мен халқына сіңірген еңбегі туралы шынайы, нақты деректерді арқа өңіріне белгілі қарымды қаламгер, жазушы публицист Рымқұл Сүлейменовтің 1991 жылы жарық көрген «Алашым-аңсағаным» аты шығармасынан қысқаша үзінді келтіруді жөн санадым. Алла екі ағамыздың да жатқан мекені жәйлі, иманы жолдас болып, арттағы ұрпақтарын ұзақ ғұмыр тілеймін.



**Құрыш қазақ**

Авторы: Рымқұл Сүлейменов

Жолдасым аудандық Ильич туы газетін қызметкері Қасым екеуіміз таласып қалдық
- Соншама дәріптейтін қаншалық дәрісті ісі бар. Тракторынды екінің бірі жүргізіп жатқан жоқ па қазір, - деді ол,
-Жартылай еңбектеп жүрген Әжібек түгілі, он екі мүшесі сау өзің тракторға отырып көрші!...

Алты-жеті жасар Әжібек жаңа ғана лақша секіріп, асыр салып ойнап жүрген-ді. -Апа, мен қазір келем, - деп далаға жүгіріп кеткен.

«Қайда барар дейсің, оралар» деген оймен дастарханын жайып, әйтеуір аты шай ақ суды енді алдына ала бергенде, ананың жүрегі аттай тулап, көмейіне тығыла берді. Дегбірін кетіріп, бұлқына тыпыршыды. Ақжолтай орнынан лып етіп, тысқа атып шықты. Маңайда Әжібек көрінбейді. Түпкір қораға ене бергенде, селк етіп, біреу маңдайынан ұрғандай кілт тоқтады. Әжібегі шалқасынан түсіп серейіп жатыр. Қыймылдамайды, тырп етпейді. Ауыр ыңырсыған дыбыс ғана естіледі. Бет жүзінде сөл жоқ, қаны қашқан, құп-қу. Алайған көзі тіршілік белгісін бермейді.

Ақжолтай оның басында үш күн бойы кірпігін ілмей, таңды таңға ұрғызады.

-Қор, болдың-ау, құлыным! Қанатымның қайырылғаны, үмітімнің кесілгені ме осымен? Әрін келгенде не деймін? Қор болдың-ау!

Әр таудың сайындағы қыстақтарды паналаған көңілі жақындары, туыстары келген-кеткеннен Әжібектің жайын біледі. - Тәуір болып па? -Тәуір. Бірақ аяқтан айырылыпты. Шағын колхоз адамдары Ақжолтайдың басына келген бақытсыздықты біраз күннен кейін естіді. - Қора төбесінде ойнап жүрген бала шөппен жаба салған тесіктен аңдамай құлап түсіпті. - Құлағанда диірменнің тасына құлапты. Кіндік темірі жамбасқа кірген де, сүйегін быт шыт қалған.

-Оқудан да қол үзді ғой... Бойын тік жаза алмайды. Иә, Әжібек үйде отыра-отыра жалыққан соң еңбектеп өз бетімен далаға шығып жүр қазір.

Уақыт дөңгелегі жүйрік қой. Дәйім алға қарай зымырайды. Әжібек бұл күні жиырма жастың жотасына да ырғып шықты. Тән жарасы қалпында болғанымен, жан жарасы жазыла басылғандай. Жетінші классты бітіргеннен кейін «Жас жиырмаға келді», енді қашанға оқимын, қашанғы масыл бола беремін?»-деген сұрақ туындаған. Сол сұрақ Орджоникидзе атындағы колхоздың төрағасы Жұматай Тәкішевке келгенде, ол кісі кассирлікті, есепшілікті үйрене бер, кейін бухгалтер болып та кетесің, -деген.

Сонымен Әжібек ферма, бригадирлерды аралап жүр. Сылтауы-еңбекақы үйлестіру. Ал көкірік сезімінің сылтауы басқаша. Бүгін кеш осы ауылда алтыбақан құрылмақ. Онда қайтсе де Тілеукеш болады...

Алтыбақанда жолыққан жастар енді бірде:- Келіңдер, «орамал тастамақ» ойнайын, - деп шуылдасып қалды. Бозбала, бойжеткендер дөңгелене отырысты. Екі-үш айналымнан кейін кезек Тілеукешке жетті. Әжібек жанынан Тілеукеш өте бергенде артына қол жүгіртіп еді, орамал жатыр екен. Ақ торғынға саусағы тиісімен жүрегі су етті. «Қалап тастады ма?».

-Орамал тастап ойын жеткізейін дегенің бе, әлде ойландырайын дегенің бе?

- Орамал жол болсын деп тастадым десем, не дер едің?- Қыз бетінде жұқа қызыл сәуле жүгіріп өтті. Әжібек екі иығын қапсыра құшақтап еді, Тілеукештің талдырмаш денесі дір ете түсті. Сонда екі жүрек бір арнада тулағандай еді...

Қайтсем де үйренем деп ынтасы ауған Әжібек Әрінов соңғы екі жылда тракторды төңіректеп жүрді де, оны меңгеріп алды... Таңның атысы, кештің батысы, арасындағы шамалы үзіліс болмаса, Әжібек трактордан түспейді.

Иә, қазір Әжібек Әрінов арман асқарына шыққан. Көп жылдан бері «Белорусты» ұршықтай иіріп жүргізіп келеді. Соңғы жылдары коммунист жігіттің жай тракторшы ғана емес, рационализатор тракторшы деген аты дүр етті.

-Біздің Маресьев механизаторымыз жаңалықтың да авторы, - дейді совхоз еңбеккерлері.

Соңғы рет Әжібектің ауылына 1966 жылдары бардым. Үй ішімен таныстым Әжібектің КСРО Жоғарғы Кеңесі Президумының Жарлығы бойынша Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталғанын естіп, олар мерейленіп отыр екен.

Семья мүшелерінің бәрінің маңдайында еңбек бақыты жазылған. Әрін ақсақал алпыстың асуынан асып, жетпістің желкесіне мінген.

Бір кезде колхоздың отар қойын бағысқан. Ақжолтай шешей де зейнеткер. Әрекең әңгіме құмар екен. Өзінің өткен өмір жолына да, балаларының еңбегіне ризашылық білдіріп, мұртын ширатып отырады.

-Мүгедек болғаннан кейін Әжібегімнің келешегін көп ойлаушы едік. Шүкіршілік, күдігім жоққа шықты. 19 жастағы кенжем Тұрғынбайды Әжібектің өзі баулиды. Екі жылдан бері ол да тракторшы. Тілеукеш келінім бірнеше жыл сауыншы болды. Аудандық Кеңске депутаты болып та сайланды. Жазда шөпшілерге аспаз болады.

-Мен кемтарлығына жасымай, асмастай жарқылдаған Әжібектің жігерлігіне таңқаламын-дейді. Әжібектің жерлесі Иген (Әжібектің сұрауы бойынша оның есемін өзгерттік. Қазір ол да сөзді тастап, іске көшкен абыройлы механизатор)

-Байқап жүрем: таңертең жұмысқа кетіп бара жатқанда, кешке қарай оралғанда да үйінің алдында тұрған тракторына бір соқпай кетпейді. Жазғы дала жұмыстарын асыға күтіп жүр. Тлеукеші абзал жар ғана емес, жігер беруші жан серігі ме депте топшылаймын. Жартылай еңбектеп жүрген адамның трактор жүргізуі өмірге құштарлықтың күші ғой. Маресьевті аяқсыз аспанға ұшырған да сол өмірге құштарлық емес пе! Бұл әңгімелерді естіген жолдасым таласты қойып:

-Шынында Әжібек дала батыры екен-ау, - деді.

**Әжібек аға туралы деректерді жинақтаған Боранбай Жұмкеұлы. Орджоникидзе колхозының мүшесі 1953-1959 жылдары Әжібек ағамен еңбектес болған.**



**Майбас Төрехан**
**(1954)**

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің түлегі. Журналист - жазушы, филолог, этнограф ҚР Мәдениет қайраткері, . Қабанбай атындағы сыйлықтың лауреаты. Хикметтің, Уитменнің, Фростың өлеңдерін қазақшаға тәжімалаған. Ел, жер тарихына қатысты көптеген тарихи және танымалдық мақалалардың авторы. Мақалалары шет елдерде жарияланған. Саяси көзқарасы үшін 70-ші жылдардың басында комсомол қатарынан аластатылып қуғын көрді.

1980 жылдан бері баспасөз саласында еңбек етті. «Кенді өлке» (орыс тілінде), «Керней шежіресі», «Елқұжат», «Абадан», «Айбар» «Жаһар», «Тағылым», «Шікіл» т.б кітаптардың авторы. Шет ауданының Құрметті азаматы.

Ұзақ жылғы еңбегі бағаланып 2020 жылы Ел даңқ ордендерімен марапатталды. Көптеген салалық, мерекелік медальдармен төс белгісінің иегері.

## ҰСТАНЫМЫНАН ТАЙМАҒАН
**(Орталық Қазақстан 2014)**

Төлеуқұловтар текемесі Шет, Ақтоғай өңіріне жақсы мәлім.

Бұл әулеттің үлкені Төлеуқұл Отыншин колхоз құрылысының қайраткері болатын. Иен далада ауыл салған қазақтардың бірі.

Төлеуқұловтардың екінші легі ішінде Марс Төлеуқұловтың есімі мәлім болды. Марс ағамыз да құрылысшы, қала, ауыл салмаса да мектеп салған адам. Осы өңірдегі ағартау саласына еңбегі бір адамдай сіңген тұлға. Кейінде аудан басшыларының бірі болды.

Төлеуқұл әкеміз Шет ауданының Құрметті азаматы.

Марс ағамыз да осы атақтың иесі.

Бұл кісілердің жалғасындай Төлеуқұловтардың үшінші легінде Бәкен Төлеуқұловтың есімі шықты.

Бәкен өзіммен түйедей құрдас, туғанынан білем демесем де бір адамдай білетінім анық. Біздің араласып, тілеулес болғанымызға да қырық жыл болып қалыпты.

Оның топырағы Нұрада орын тепкен Ақсу-Аюлыдан. Бұл өңірдің балаларының қиялында зоотехника, агроном, құрылысшы болу арманы жүретін. Бәкен де мектеп бітіргеннен кейін алғашқы жылында ауылда

қалып, құрылысшы болған. Алайда, жас өскін айналасына жіті көзбен қарап, өзінің орынын жасампаздық алаңы деп білген, ол алаңы тау-кен құрылысы еді. Ол жан-жағындағы Қайрақты, Ақжал, Ақшатау сынды алып кеніштердегі қыз-қыз қайнаған еңбекті көрген. Сол жасампаздық еңбектің көрігін қыздыра алтын өзінің қарым-қабілетін бағамдаған. Сонан да барып сол кездегі ең іргелі оқу орнының бірі Қазақ политехникалық институтының тау-кен ісі факультетіне түскен. Оны бітіре салысымен институт жолдамасымен Қоңырат кенішіне келеді. Заманында мұнда Д. Қонаев, Б. Рақышев сынды ел таныған тұлғалардың еңбек жолын бастағаны белгілі. Жас жігіт соны жақсы ырымға балайды. Осы кеніште карьер шебері болып еңбек етіп, тәжірибе жинақтайды. Соңынан Ақшатау комбинатының Ақжал кенішіне ауысады. Осында жүріп білікті басшылар, кен ісінің білгірлері Б. Садықов, С. Рахымжанов, С. Қойшанов және басқаларының тәлімін алады, сол кісілердің жұмысын әрі қарай лайықты жалғастырады.

1983 жылы Жоғары Қайрақты комбинатына тау-кен саласының қопару жұмыстарын жақсы білетін бас инженер қажет болады. Мұндай құйқалы жұмысқа үміткерлердің көп болатыны белгілі. Алайда, басшылардың таңдауы Бәкенге түседі.

Жоғары Қайрақты кен орнының бірінші қадасын қағу мәртебесі осылайша Бәкен Төлеуқұлына бұйырады. Алғашқы қопарылыс сәтімен жүзеге асады. Аталмыш комбинаттың Одақ бойынша бесжылдық құрылысы болып жарияланғанына орай Орталықтан қадағалау аса қатаң еді. Ал қопару жұмысынсыз істің ілгерлеуі мүмкін емес.

Міне, осы жауапты жұмыста жас маман сыр бермейді. Оның барынша сабырлығы, мәдениеттілігі, тындырымдылығы, өз ісін жетік білетіндігі, айналасында болып жатқан істерге баға бере алатындылығы басшылар көзіне түспей қоймайды.

Ақадыр өнеркәсіпті аудан болатын. Сол кездегі Жезқазған облысында мұндай өндіріс ошағы көп өңір жоқ еді. Оның үстіне Ақадыр тораптық станса болатын. Міне, сондықтан да аудандық партия комитетінің өнеркәсіп бөлімінің меңгерушілігіне Бәкен Төлеуқұлұлы шақырылады. Білікті маман жаңа жұмысын да иіріп әкетеді. Партия тарағанша осы жұмысында болды. Соңынан Ақадыр ауданы әкімшісінің көмекшісі, көп ұзатпай өндіріс саласы жөніндегі орынбасары болады. 1996 жылдан бастап бірінші орынбасарлығына көтеріледі. Алда көптеген қиыншылықтар күтіп тұр еді. Экономикалық байланыстардың үзілуіне байланысты Ақшатау комбинаты өз жұмысын тоқтатады. Ел жаппай ереуілге шығады. Ақшатаулық ашынған кеншілер «Алматы-Екатеринбург» тас жолын жауып тастайды. Бәкен Төлеуқұлұлының қайраткерлігі, мемлекетшілдігі осы тұста айқын көрінеді.

Жұмысшылар арасына барып жағдайды түсіндіреді. Осында апталап жатуға мәжбүр болады. Комбинат болса біржолата құлайды. Қарызға

белшеден батады. Елдің жалақысын төлейтін жағдай болмай қалады. Соған орай, облыс әкімі ауданға келіп үлкен жиналыс өткізіп Бәкен Төлеуқұлұлын Ақшатау комбинатына сенімді басқарушы етіп жібереді.

Мұндай жағдайдағы комбинатты қараша айында біржолата тоқыраудан аман алып қалу оңай болмайтын. Кеншілердің айлап жалақы алмаған кезі. Тоқ үш-төрт сағатқа қана беріледі. Ел болса көп қабатты үйлерде тұрады. Соларға пеш жақтыру барып тұрған ерлік емес пе?!

Солайынша, ол Ақшатау халқын 1996 жылдың қаһарлы қысынан аман алып қалған еді.

1997 жылдан бері Шет ауданы әкімінің орынбасары.

«Шын әкім коммуналшы болу керек» деген қағида бар. Бәкен Төлеуқұлұлы осы қағида аясына сияды.

Биыл Шет, Ақадыр өңірінде қызыл су жүрді. Елді сол табиғи апаттан аман алып қалу басшылығы тағы да Бәкен Төлеуқұлұлына жүктелген. Ол әдеттегідей бұл жолы да табанының бүрі бар екендігін көрсетті. Елмен кішіпейіл болып, ықыластылығын көрсетті.

Маған Бәкен Төлеуқұлұлы құтқарушыдай болып көрінеді. Қайда қиындық, ол сол жерде жүреді. Және барған жерінен абыроймен оралып жатады.

Сол абыройы қашанда өзіне серік бола бергей деп ақжол тілегімді қосамын. Және Төлеуқұловтар әулетінің үшінші легінде де Шет ауданының Құрметті азаматы шығатынына сенімдімін.

**Төрехан Майбас**

# МЕН АУДАНМЕН ҚҰРДАСПЫН

(Шет Шұғыласы 2008 жыл)



Мен аудан құрылған жылы дүниеге келіппім. Есімді білгеннен бастап Шет ауданының қалыптасу кезеңі көз алдымнан өтті. Әкем қоңқастың айтуынша інісі Оспанұлы Кәрібек Қызылорда, Алматыда курстарда оқыған, орысша сауатты болған көрнеді. Ауданда алғаш құрылған Нұраталды совхозында директордың орынбасары болып жұмыс істеген. 1930 жылы аудандық милиция бөлімінің бастығы болып тағайындалып, 1933 жылға дейін қызмет істеді. Бұл кездері аудан орталығында күрделі құрлыстар жүріп жатқан кездер еді. Құрлысты Рахимбеков Сақып деген кісі басқарды. Менің әкем осында, ұста балташы болып жұмыс істеді. 1934 жылы аудан орталығы Айғыржал деген жерге көшірілген. Содан 1935 жылдың жазында қайыра

көшіп келді. Біз Шолақ еспе деген жерде құрылған Ленин атындағы колхозға келіп тұрақтандық. 100-ге тарта шаңырақ болды. Жазда жаппай кірпіш құйып үй сала бастады. Бастауыш мектеп үй салынды.

Мен сол жылы бірінші класқа оқуға бардым. Мұғаліміміз Серік Сызыдықов, колхоз басқармасы Теңізбай Омаров, сиыр фермасында Жақсылықов Зікір, қой фермасының меңгерушісі Төлегенов Абай болды. Колхозға мүше болып кіргендер өз еріктерімен қолдарындағы малдарын ортаға берді. Содан колхозда 50-ге шамалы жылқы, 100-ге тарта сиыр, 400-ге тарта қой, ешкі жиналды. Соның ішінде 150 бас ешкіні А. Төлегенов берді. 1936 жылы колхозды ұйымдастырудағы ерен еңбегі үшін А. Төлегеновті Мәскеуге шақырып, Бүкілодақтық староста М. И. Калинин өз қолынан «Құрмет белгісі» орденін тағады. Колхозға бір жарым тонналық жүк мәшинесі сыйға берілді. Оның алғашқы жүргізушісі Жұмабеков Өрікбай болды. Жұрттың жұмысқа деген ынтасы өте жоғары болатын. Жұмыстың бәрі қолмен атқарылатын.

Сол жылы есте қалатын оқиға ауылымызға колхоз басқармасының шақыруымен атақты палуан Қажымұқанның келуі еді. Ауылдан үш шақырым жерге кигіз үй тігіліп, құрмет көрсетілді. Біз есіктің саңлауынан сығалып қарап жүрдік. Төрде Қажымұқан, оның жанында отырған басқарманың әкесі Омар батырдың басы палуанның иығынан ғана келеді. Палуанның бітімі кесек, реңі, құлағы жырылған, жуан мойынды үлкен қара кісі екен. Жұртшылықтың қалауымен өнер көрсетті. Көгалда шалқалай жатып қалың тақтайды үстіне салып, жүк автокөлігін өткізгенін көзімізбен көрдік. Келер жылы басқарма Омаров Теңізбай «Халық жауы» деп ұсталып, атылып кетті. Ол кісіден ұрпақ қалған жоқ. Содан кейін басқарма болып Бошаев Мұса сайланды. Мұса да 1941 жылы әскерге алынып, соғыста хабарсыз кетті. Бұл кісінің інісі Бошаев Камал қазақтан шыққан тұңғыш генерал.

Мен бастауыш мектептен соң аудан орталығында оқыдым. 1942 жылы әкемнің інісі әскерге алынғаннан соң Әуес жеңгем екуіміз Ленин колхозына қайта келдік. Мен МТС-та қысқа мерзімдік тракторшы - комбайншы курснда оқыдым. Көршілес ауылдардан жастар көп болды. Курстан соң Шет МТС-інде жұмыс істедік. Директоры Нақыпов Алтыбай, бас агроном Қайролла Байғабылов болды. Кейін ол Осакаровкада директор болып Социалистік Еңбек ері атағын алды. 1965 жылы Шет аудандық ауылшарушылығы басқармасын басқарды. Мен комбайында көмекші болдым. Сталинец-6 комбайынын бір ХТЗ, бір У-2 тракторымен сүйрететін. Ал біздің комбайынды НАТИ жыланбауыр тракторымен сүйреді. Соғыс аяқталысымен МТС-тің барлық техникасын вагонға тиеп, Осакаровка стансасына жіберді. Бір жыл колхозда еңбек етіп, 1946 жылы Қарақаралы малдәргерлік техникумына түстім. Бірге еңбек еткендердің көбі педучилишеге кетті. Ол кезде мұғалімдік мамндықтың төресі саналатын. 1950 жылы әскерге алынып, сол жақта КПСС мүшесіне канди-

даттыққа өттім. Келгеннен кейін комсомол комитетіне хатшылыққа екі рет сайландым. Ол кезде хатшылар жыл сайын сайланатын. Тың жерді игеруге комсомолдық жолдамамен Кеңестер одағының түкпір-түкпірінен жастар келіп жатқан кез. Біздер оларды қарсы алып колхоз - совхоздарға жіберіп отырдық. Ауданға сырттан 200-ге жуық тың игерушілер келді. Көбі тұрақтамай кетіп қалды. Біразы қалды. Шет совхозында Н. Самохин, Шет МТС-інде Н. Скорик, Н. Холод, Баланда, Гайсин, Фищуктар тұрақты еңбек етті. 1954 жылы Қайрақты ауылындағы МТС аудан басына көшірілді. Мамыр айынан бастап күрделі құрлыстар қарқын алды. Одан басқа мәдениет үйі салына бастады. Сол жылдары мекемелер жанына, орталық көшелерге ағаштар отырғызылып, айналасы қоршалды. Суару үшін бұлақтан арық тартылып су жіберілді. Бұл іске аудан жастары кеңінен тартылды. Аудан орталығын көркейтуде, сол жылдардағы партия комитетінің бірінші хатшысы Кенжебеков Қауымбек, атқару комитетінің төрағасы Қазақ ССР Жоғары советінің депутаты Құлмақанов Өтебайдың еңбектері орасан еді.

Партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет атқарып жүргенімде партия комитетінің бюросының шешімімен Ақсу колхозына басқармалыққа тағайындалдым. Басқарманың бірінші орынбасары болып Мақажанов Меди, механизация жөніндегі орынбасары Оспанов Байдел, агроном Биғарашев Бейсек, зоотехник Ыбыраев Адамқұл, мал дәрігері Әбдібеков Қабылда, автогараж меңгерушісі Амандықов Мұқатай, трактор бригадосының бригадирі Оразалин Ғалым, сиыр фермасының меңгерушісі болып Махамбетшин Ілияс істеді. Сондай-ақ Түсіпбеков Нұрғали бас есепші, көмекшісі Баданов Тәңікбай болды. Мен колхоз қабылдап алғанда 15 трактор, 12 автомашина, басқада ауыл шаруашылық техникалар бар еді. Малдан 650 бас жылқы, 700 сиыр, 8 мың қой болды. Сол жылы күзде 2 мың гектар егістіктің әр гектарынан 12 центнерден өніп алып, мемлекетке 2 мың тонна астық өткіздік. Жоғары жетістігімізді баяндап обкомның пленуымында сөз сөйлеп, алғысқа ие болдым. Колхозға жаңадан бастауыш мектеп, кітапхана тұрғын үйлер салынды. Әр үйге жер асты кабелі арқылы радио тартылды. «Октябрдің 40 жылдығы» атындағы совхоздың Қызылтау бөлімшесінде 14 жыл меңгеруші болдым. Бөлімше жұмысы алға басты. Халықтың әл-ауқаты арта түсті. Бірнеше рет ауыспалы туды жеңіп алдық. Ақшатау совхозына бас зоотехник болып ауыстым. Менімен құрдас Қойлыбаев Ләтіп болды. Кезінде басқарма болған, ұзақ жылдар бөлімше басқарды. Бәкіров Қадір деген азамат ауылдық кеңес төрағасы болды. Үлкен ұлы Әділ кейін басшы қызметтерде болды. 1972 жылы Шет совхвозына келіп зейнеткерлікке шыққанша мал шаруашылық салысында бас зоотехник, бөлімше меңгерушісі болдым. Осы кеншарда жиырма жыл қызмет істеген уақытта бес директормен, - Қапасов Балтабай, Доскеев Білəл, Ахметов Марат, Әбеуов Төлепберген, Әбеуов Айтуғанмен бірге қызмет істедім.

Шаруашылыққа Латвиялық қоңыр сиырды әкеліп өсірдік. Жерсініп кетті. Сүті өте майлы, майлылғы 4 пайызға дейін көтерілді. Соның нәтижесінде кеншар 50-60 тонна сүтті артық беріп, сүт жоспары жыл сайын асыра орындалып, абыройлы болдық. Мал тұқымын асылдандырумен айналыстым. Сол абыройдын арқасында зейнеткерлікке шыққанымда астыма ат мінгізіп, құрметтеп шығарып салды.

Кешегі Ұлы Отан соғысына біздің Ленин колхозынан ғана 70-ке тарта адам аттанған еді. Соның тең жартысы оралмады. Менің әкем «бронмен» қалды. Колхоздың егінін салып, шөбін шабатын, жалғыз өзі күнітүні тоқтаусыз жұмыс істейтін. Өз үйіне жел диірмен орнатып, ауылдың еңбек күніне алған бидайын тартып беріп отырды. Ол кісіні ауыл «Ұста» деп атап кетті. 1982 жылы 93 жасында қайтыс болды. Бөлеген ұрпағында 90 нан асқан үшінші адам екен. Қандай жұмыс істеседе асықпай орнына келтіріп, әдемі етіп істейтін. Бұл кісінің ағаштан ер шауып отырған фотосуреті 1960 жылдан Алматы қаласының орталық музейінде сақтаулы тұр. Соғыс жылдарында Қарағанды мұғалімдер институтын бітіріп келіп Нұраталдыда мұғалім болған Нұрбеков Жылқыбай деген ақын - сазгер жас жігіт болған еді. Ол кісінің сол уақытта жазған «Құдаша» деген өлең «Дос-Мұқасан» ансамблі халық əні деп көпшілік алдында айтып жүр. Менің анық білетінім «Құдаша» өлеңінің авторы Жылқыбай. Өйткені осы өлең сол уақытта аудандық газетке жарияланып елдің аузынан түспейтін. «Қарындас» т. б өлеңдер жазып әнін шығаратын. Біраз өлеңдер қазірге дейін ел аузында.

**Өмірзақ Қоңқасұлы**
**тыл ардагері І-ші топтағы мүгедек**
**Үңірек ауылы 2008жыл**

## ҰЛЫ ІСТІҢ БАСЫНДА ҰСТАЗ ТҰРАР
(Орталық Қазақстан 2021)



Әр адам балалық балғын шағында өзін өмірге әкелген ата-анасынан кейін мектеп қабырғасында ұлағатты мұғалімдердің алдынан өтіп, олардан өшпес рухани азық, тұщымды өнегелі тәлім-тәрбие алу арқылы ересек өмірге жол тартады. Осы орайда, тал шыбықтай созылған, жүрегі таза, көңілі пәк, жас баланың саналы ұрпақ болып қалыптасуына білікті ұстаздың ықпалы, тіпті, ерекше екен. Халқымыздың хас Батыры, Қаһарман-жазушы «Ұстаз - ұлылық емес, ұлы қызмет» деген қанатты сөзінде мұғалім

еңбегін ұлы іспен тегіннен теңемеген шығар.

Расында, ұстаз күнделікті илеуіндей күйбең тірлікпен жүріп, ұзақ жылдар бойы тарыдай болып келген жас бүлдіршіннің таудай азамат болып шығуына ерекше шыдамдылықпен, үлкен қажырлы еңбегімен қызмет етеді екен, сол еңбегі зая кетпей, кейіннен ақталып жатса, ол ұлы іс емей, немене?!

Ұстаз туралы бұл толғаудың бас кейіпкері - өмір бойы мансап пен жоғары атаққа ұмтылмастан қарапайым ғана ғұмыр кешкен, өзінің қажырлы да еселі еңбегімен шәкірттерінің мәңгілік құрметіне бөленген, бүгінде салиқалы 80 жас кемеліне келіп жеткен, өңірге жақсы танымал ұлағатты ұстаз - Алла Васильевна Ободовская. Еңбегімен лайықты құрметке бөленген ардақты ұстазды Шет ауданы Ақсу-Аюлы елді мекенінде білмейтін адам кемде-кем шығар, өйткені, ол өзінің ұзақ жылдық ұстаздық қызметінде біреудің өзін, біреудің баласын немесе немересін оқытқан болатын.

Ол кісімен біздің сынып оқушыларының алғашқы кездесуі де есімде сақталып қалыпты. 1966 жылы қоңыр күзі қараша айында, II тоқсан басында бізге жаңадан мұғалім келді. Ол кезде біз Ақсу-Аюлыдағы екі мектептің бірі - М. Горький атындағы №5 орыс орта мектебінің 4-сыныбында оқуды бастап жатыр едік. Жаңа мұғалімді біз тағатсыз күтіп отырғанымызда, кенет, оқу бөлмесінің есігі ашылып, бізге орта бойлы, шымыр денелі, жинақы киінген, қоңыр түсті шашы келте қиылған, түр-әлпеті келісті, жүзі шырайлы мұғалім тық-тық басып, алдымызға келді де: «Сәлеметсіздер ме, балалар, бүгіннен бастап мен сіздерді оқытатын боламын», деп өзін орысша таныстырды да, өткір жанарымен әрқайсымызды барлай бірден шолып өтті...

Сол күннен бастап Алла Васильевна сыныптағы әр оқушының жүрегіне тура жол таба білді, көңіліміздің төрінен берік орын алып, сүйікті тәлімгерімізге, айнымас қамқоршымызға айналды. 5-сыныптан бастап неміс тілі пәнінен білім берді, ол пән біздің ең сүйіп оқитын сабағымызға айналды. «Ұстазым, менің ұстазым, өзіңмен өткен қыс жазым» деген әйгілі өлең жолдарындағыдай, Алла Васильевна біз мектеп бітіргенше, үзбей сынып жетекшіміз болып, әр жылдың 3 мезгілі бойында бізбен үнемі бірге, мектеп өмірінің қазанында бізбен бірге қайнап, балалық шақ өмірнамасының басты кейіпкеріне айналды. Қайта оралмас, сағынышқа толы сол қызық күндеріміз-ай!

Ұстазымызға деген өмір бойғы ерекше ықылас сүйіспеншілігіміздің басты себебі - «парасаттылық» деген бір ұғымға ғана сыйғызылатын оның жеке тұлғалық қасиеттері болып еді: рухани дүниетаным кеңдігі, терең білімі, жасандылық пен екі-жүзділіктен ада ашық шынайылылығы, менмендік пен тәкаппарлықтан ада қарапайымдылығы, сөзбен іс бірлігі, адалдығы, мейірімділігі, әділдігі, сезім тазалығы, бізге деген ерекше ықылас-ниеті, ұстаз үш тілде еркін сөйлейтін, тіпті ол кісінің бойындағы та-

маша қасиеттерді еске түсіріп, ұзақ тізе беруге болар еді. Біз ұстазымызға еліктеп, әр сөзіміз бен ісімізде осы қасиеттерді бойымызға дарытуға тырыстық. Ұстазымыздан алған тәлім-тәрбиеміз өмір бойы есте қалғандай: ол өнер құндылықтарына көп көңіл бөлетін, Құрманғазы, Дина күйлері, Моцарт, Бах, Чайковский симфонияларын күйтабақтан, (пластинкадан) тыңдата отырып, бізге ауыр музыканы дұрыс қабылдау үшін автордың өмірі туралы қызық деректерді айта келе, музыка мазмұнын сезінуге, елестетуге үйрететін; «адам бойындағы ең жаман қасиеттердің бірі - менмендік, тәкаппарлық болса, ең қауіптісі - немқұрайлылық, ондай адамда жек көру сезімі де болмайды, ол қоғамға аса қауіпті» дейтін. Осындай өткір өмірлік мәселелерге жиі пікір таластыратын едік, сондықтан ба, үлкен өмірде біз белсенді, тұғырлы, кез келген ортаға тез бейімделгіш болып өстік...

Алла Васильевнаның бізге алғашқы әліппені ұстатқан мұғаліміміз, білікті ұстаз Светлана Қыбышқызы Бимағанбетовамен өмір бойына жалғасқан достығы туралы жеке бір дастан жазуға болатын еді. Есейе келе қарап отырсақ, бүкіл сынып болып түскен фотосуреттерде қос ұстазымыз біздің ортамызда бас түйісіп бірге отырады екен, олардың айнымас достығы бүгінде туыстыққа жалғасқан, бұл да өнеге аларлық ғибратты жағдай.

Жоғары сыныпқа келгенде біздің ұжым Алла Васильевнаның арқасында «кітапкеміргіш сынып» болып шыға келдік. Мұғалімнің үй кітапханасы болатын, біз сонда жиі баратынбыз, алғашында шағын қызық әдеби кітаптарды өзі оқып беріп жүрді, кейін көркем әдебиет әлеміне өз бетімізбен саяхаттап кеттік. Орыс тілінде білім алып жатсақ та, ұстазымыздың нұсқауымен қазақ әдебиетінің інжу-маржандарын түпнұсқада оқыдық, сол арқылы бүгінде проблемаға айналған «орыс тілді адамдар» санатында жоқпыз. Осы арада айта кететін бір жайт, біз сол кезде Москва «Просвещение» баспасының оқулықтарымен білім алдық, оқу жоспарында қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы мүлде оқытылмайтын еді. Қазақ тілін игеруге бізді баулығаныңыз үшін, Сізге мың алғыс! Біздің сынып көп ұлтты болатын, ал біз ұлт айырмашылығына да көңіл бөлмеппіз: бәріміз тату-тәтті бір отбасындағы бауырлар сияқты өстік, бұл да кемеңгер ұстазымыздың дұрыс ұйымдастырған саясатының жемісі ғой деймін. 1973 жылы бізді мектептен түлеткенде ұстазымыз небары 32 жаста ғана болыпты, жас мұғалімнің өз шәкірттеріне соншама толыққанды өмірлік тағылым-тәрбие бере алуы керемет емес пе, не деген шеберлік! Сыныптастарымыздың бір шеті Қазақстанның түпкір-түпкірінде еңбек етіп, өмірден өз лайықты орындарын ойып алса, біразы алыс-жақын шет елдерде, оның ішінде, Америка, Германия, Россияның әртүрлі қалаларында өмір сүруде. Бірақ, олар жері қашық болса да, көңілдері сүйікті ұстазымен бірге тығыз байланыста. Бізден кейін де Алла Васильевна бірнеше мәрте түлектерді жеке өмірге шығарып салған екен.

Шәкірттерінің шынайы алғысына бөленген сүйікті ұстазымыз Алла Васильевнаның еңбек жолы да тұрақтылықтан тұрады екен: ол 1941 жылдың 22 наурызында Украинаның Харьков қаласында дүниеге келген, 1940 жылдардың тарихи жағдайына байланысты оның отбасы Қазақстанға көшіп келіп, шұрайлы Шет маңайына Орджонокидзе атындағы колхозға келіп қоныстаныпты да, жергілікті халықпен етене араласып кеткен екен. 1952 жылы менің туған ағайым Жумкин Боранбаймен бірге МЖС-да станциясында қазіргі Қайрақты ауылында бастауыш мектепті бітірген. Қазақ тіліне судай болған жас қыз бала аудан орталығындағы Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебінен білім алған. 1958 жылы жас маман ретінде Кеншоқы ауылында мұғалімдік қызметін бастаған, 1960 жылы М. Горький атындағы орыс орта мектебіне бастауыш сынып мұғалімі болып ауысқан, содан зейнет демалысқа шыққанға дейін (1996ж.) осы мектепте неміс тілі пәнінің мұғалімі қызметін мінсіз атқарған. Білімі жоғары, Алматы қаласындағы Шеттілдер институтының түлегі, неміс тілі пәні Сұраныстан шығып, оқу жоспарынан алынбағанда Алла Васильевна әлі де ондаған жылдар бойы шәкірттерге білім беруші еді, әттең, қаншама шәкірт бұл тамаша мүмкіндіктен қағылды. Ұлағатты ұстаз ұзақ жылғы шығармашыл еңбегі үшін түрлі деңгейдегі Құрмет грамоталармен, Алғыс хаттармен және ҚР «Оқу ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған. Ұстазымыздың ғибратты ғұмырын қызы Жанна жалғастырды, ол ана жолын қуып физика пәнінің мұғалімі мамандығын игерді де, анасы еңбек еткен, өзі оқыған, бүгінде аты өзгерген Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназияда абыройлы еңбек етуде. Алла Васильевна болса бүгінде балаларының ортасында немере-шөберелерінің қызығына бөленіп, бақытты әже ғұмырын кешуде. 2016 жылы ұлағатты ұстаз есімі «Қарағанды облысының үздік мұғалімдері» энциклопедиялық Құрмет кітабына енгізілді, ең бастысы, оның есімі жер тараптың түпкір-түпкірінде өмір сүріп жүрген мыңдаған шәкірттерінің жүрегінде лайықты орын теуіп, санасында алтын әріптермен жазылды. Ұстаздық кәсіптің ерекшелігі мен ұлылығы да осында шығар, сірә?!

**Ұстаз көрсең, ұлықта, киелі елім,**
**білімде тұр бар кілті дүниенің!**
**Мың алғыс Сізге, сүйікті ұстаз!**
**1973 жылы бітірген түлектердің атынан**
**ардагер-ұстаз Нәсіп Серікқызы Исатаева.**
**Сәтбаев қаласы.**

# ЕСІМІЗДЕ ҚАЛДЫ МӘҢГІЛІККЕ

**Мәуен Хамзаұлы,**
**Шет ауданының Құрметті азаматы**



Мына Өмір атты керуен -көштің өзінен алынған бір қағидаға сүйенсек, сол Өмір -тек өткен күндер ғана емес, есте қалған күндер. Қадыр ақын Мырзәлі айтпақшы, «адам өмірге жылап келеді, себебі, өзін қинайтын адамдардан қорқады, өмірден жылап кетеді, себебі, өзі қимайтын адамдар қалып барады». Адам болған соң, жасың егде тартқан соң жүріп өткен жолыңа үңілесің. Адами болмысыңда есімдері жатталып қалған жандарды еске аласың. Ал, сол адамдардың іс-әректі, еңбегі, айналып келгенде, кешегі оқиғаларды, үлкен мерейтойларды еске түсіреді. Ендеше, биылғы жылы колхоз боп құрылғанына 90 жыл, совхоз болғанына (қазірде, әрине, колхоз да жоқ, совхоз да жоқ) 60 жыл толған бұрғыны Орджоникидзе атындағы совхоздың тарихы да онда еңбек еткен адамдардың тағдыр-талайымен тығыз байланысты. Осы орайда сол совхозға қараған №2 Нұра бөлімшесінде еңбек еткен адамдардан Кәрім Баекенұлы Баекеновке тоқталғым кеп отыр. Әрине, бұл шағын дүние болғандықтан, көп жайтты қамти алмайсың, алайда бірер мәселені айта кетуді парызым деп білемін. Біраз менің таныстарым соңғы жылдары әке-шешесіне арнап кітап шығарушылар көбейді дегенді айтады. Енді біразы кітапқа арқау болған адамдар бәлендей танымал адамдар емес қой деп соғады. Біздің айтарымыз : егер кітап шығарушылар әкесін не ата-бабасын өзге өз алдына, алдымен, өз ұрпақтары, үрімбұтағы біліп жүрсінші деген мақсатпен шығарса, оның не әбестігі бар? Ал, кітап шығару үшін міндетті түрде әке-шешесі не ата -бабасы министр, әкім т.б. биік лауазымды қызыметте болуы шарт па? Бұл ықшам жазбаның кеңіпкері де министр немесе әкім, төраға, хатшы болған адам емес. Бірақ кітапқа енуге лайықты деп ойлаймыз. Кәрім Баекенов (1935-1990) орта мектепті бітірісімен, 1954 жылы Алматы қаржы техникумын «қаржыгер» мамндығы бойынша бітіріп шығады. 1954-1957жылдары әскери борышын өтейді. Сол 1957 жылдан бастап. ол кісінің барша ғұмыры Шет ауданы өңірімен тығыз байланысты болып келеді. Бұрынғы Кеншоқы кенішінде кенші, Ақшатау комбинатында жұмысшы боп істеп, 1961 жылдан бастап бұрынғы Сталин атындағы колхоз, сол 1961 жылдан бастап Орджоникидзе атындағы совхоздың №2 бөлімшесінде еңбек етті. АЛ, 1965 жылы Кеншоқы жеке совхоз боп шаңырақ көтергенде, оның «Бай-

назар» бөлімшесінде, «Нұра» бөлімшесінде бугалтер боп қызымет істеді. Совхоз бас бугалтерінің орынбасары болды. Өмірлік қосағы, алтын құрсақты жеңгеміз екеуі жеті перезент сүйді, оларға сапалы білім, саналы тәрбие берді. Қазір ол кісілер бақилық болып кеткен, егер біреу Кәрім ағамыздың арты қандай деп сұраса, лайықты ұрпақтарын айтар еді. Бәріде үйлі-баранды. Үлкен ұлы Мейрамбек Чернобыль ардагері, ҚР тұңғыш президенті - Ел басы Н. Ә. Назарбаевтың жарлығымен «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Тілектес есімді баласы Жезқазғанда темір жол саласының маманы. Думан есімді бауырымыз қазақ-түрік лицейінің ұстазы. Қысқа қайырсақ, өмір жолы осындай. Кәкең ағамыздың пешенесіне мына өмірде 55-жыл, Нурипа жеңгемізге 63 жыл жасау жазылған екен. Екеуі де жарқын еңбектің үлгісін көрсетті. Өмір жолдары, еңбекте жеткен жетістігі-бәрі де Орджоникидзе және кенінті Кеншоқы совхоздарымен тығыз байланыста еді. Әр дәуірге, кезеңге кейінгі ұрпақ өкілдері өзінше баға береді. Жас буынды кеше бәлендей адам болған, керемет еңбекқор еді деп қызықтыру қиын шығар, алайда аға буын да, жас буын өкілдері де адамның азаматтық ажарына, кісілік келбетіне айырықша ден қоятыны еш дау туғызбаса керек. Кәкең өз ісінің даңғайыр маманы еді. Есеп-қисап саласының маманына түрлі қаусет, өсек таяу жүреді ғой, бірақ менің ұғымымда Төлеубек, Кәрім ағалар нағыз ірілер еді, олар таза, кісі ақысын жемеген жандар еді. Қазірде миллиондап жұтса да, тойдық демейтін жемқорларды көргенде, апырмай, адалдық та, тазалық та сол кісілерге ілесіп, бақиға аттанып кеткен бе деп толғанамыз. Кәрім ағамыз қақ-соқ деп аталатын пенделік кемшіліктерден ада, өз ісін ғана білетін, біртоға, көп сөйлемейтін, тәкәппарлық, менмендік болмысына ұя салмаған тым қарапайым жан еді. Нурипа жеңгеміз де адами, аналық болмысына ізгілік, қайырымдылық қонақтаған адам еді. Ойдан ой туады, қазір біз жаппай күні кешегі заманды мансұқтап жатырмыз. КСРО империясының тұсындағы алапат трагедияны, ұлттық сананың бұғауда болғанын ешкім де жоққа шығармайды, алайда бір британдық ғалымның осыдан 4-5 жыл бұрын жазған еңбегін оқығаным бар еді. Кеңестік дәуірдің көлеңкелі тұстарына саяси тұрғыдан баға беріп келеді де, әлгі ғалым экономика т. б. саладағы істерге таң-тамаша қалады, өзі жауап таба алмай отырған проблемаларды ортаға салады. Біріншісі. Автор Кеңестер елінде бугалтерлік есептің айырықша жолға қойылғандығы соншалық, әлемнің бірде-бір елінде ондай ғаламат есеп-қисап болған жоқ, болмайды да деп қорытады. Екіншісі. Автор сол Кеңес үкіметі КСРО халқы 250 миллионды құраған екен, қалайша бір тиын алмай барлық сырқатқа медициналық қызмет көрсеткен деп таңқалады. Бәрі рас. Оған сол заманның шет жағасын көрген жандардың бәрі куә. Міне, сол бугалтерлік есеп айырықша дамыған ірі саланың бір өкілі осы Кәрім Баекенов болатын. Мен өз басым ол саланың маманы емеспін ғой. Бірде №2 Нұра бөлімшесінің меңгерушісі Қабаш ағамызбен әңгімелесіп қалғаным бар еді. Ол кісі бізге туыс. Ақтарылып, әңгіме айт-

қаны есімде қапты. «Мен мал дәргерімін». Бөлімшедегі мал, әсіресе, қой малының саны тым көп. Қой санын өсіру, төл алу, сақыман, жем-шөп дайындау, қыстақ, жаздағы жайлауға көші -қон, мал қыстау, мал қоралары мен шопан үйлерін жөндеу т. б. қыруар науқандық жұмыстар бір бітпейді. Әр тиынға дейін есепте. Мен күндіз-түні ат үстінен бір түспеймін. Сонда бүкіл мал басының саны, есеп-қисапты, өлім-жітім немесе көбею үдерісі, жем-шөп жете ме, оның есебі, бөлімше жұмысшыларының еңбек ақысы т. б. қыруар жауапты істерде маған тірек болған, мені алаңдатпай, бүкіл істі жауапкершілікпен тындыратын адам есепшім Кәрім еді. Оның іскерлігі мен біліктілігін совхоз басшылары да білетін. Бірақ өзіне деген құрметті сезсе де, сол Кәрімнің бір басшының алдына барып, өзі үшін, отбасы үшін бір нәрсе сұрағанын көрген емеспін. Бухгалтер боп жүргенінде бір шопаннан немесе механизатордан ол кісі туралы реніш сөз естіген емеспін. Мал шаруашылығының ережесі бойынша тоқтыдан, жасы жетпеген жылқы мен сиыр малынан төл талап етілмейді, кей жылдары тоқты қоздап, мол төл алынатын кездер болады. Сонда бұлар есепте жоқ қой, совхоздың басшылары жалпы жоспарды орындау үшін бұларды да есепке алмай тұрғанда, балаларың жас қой, келін сорпа -суын жасап берсін, ал!-дегенім бар еді. Сонда Кәрім шыр-пыр боп:« Қабеке, рахмет! Аздаған тұяқ үйде де бар ғой !» дегені есімде қапты. Сөйтіп, ол азамат бухгалтерлік саладағы біліктілігі өз алдына, тап-таза, Тәңірінің несібесін өз еңбегімен тауып жегісі келетін адам ретінде менің көз алдымда биіктеп кетіп еді деген-ді. Көзін тырнап ашқаннан бастап, еңбекке араласып, ауыл шаруашылығы саласының білгір маманы дәрежесіне дейін көтерілген Қабаш ағамның сол бір жүрек жарды пікірі осы уақытқа дейін жадымнан мықтап орын алыпты. Біз құралпы кеншоқылықтар да талайға келіппіз. Егде тартқан адамдар өткенді еске алады. Онда да шуақты сәтті, мезеттерді ой елегінен өткізеді. Сол сәттерде кездескен жандар, өзің сыйлайтын, құрметтейтін адамдар есіңе түседі. Кешегі жүріп өткен жолыңды бүгінгі уақытыңмен салыстырасың. Өмір-мұрат. Өлім ақиқат. Сірә, адам түсінуге тиіс ақиқат та осы шығар?!. Өмірден озған адамның рух байлығы да жақсы ұрпағынан, жақсы баға берер адамның жазғанынан байқалатын шығар?!. Ендеше, Кәрім ағамызға алды бейіш, арты кеніш болғай деп тілек білдіремін. Осынау шағын жазба аруағына бағыштап оқылған құраным болсыншы деген ниеттемін!!!

## «ЕЛ ЫРЫСЫ - НҰРЛЫ НҰРА» КІТАБЫ ҮШІН

ИМАНОВ Жеңіс Жұмырұлы (Қарағанды облысы, Шет ауданы, Құттыбай ауылында 20. 06. 1945 жылы туған), инженер-электрик, Алматыда Қазақ политехникалық институтын "автоматика және телемеханика" мамандығы бойынша бітірген (1968), техника ғылымдарының кандидаты (1987), Халықаралық ақпараттандыру академиясының толық мүшесі (академигі) (2013).

Табысты ғылыми-педагогикалық және қоғамдық жұмыстары үшін Ж. Имановқа бірнеше рет ҚарМТУ ректоратының алғысы жарияланған, Облыстық білім департаментінің, Қарағанды қаласы әкімінің, Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамоталарымен, «ҚарМТУ - 60 жыл»» мерейтой медалімен (2013), Академик Ә. Сағыновтың туғанына 100 жыл» мерейтой медалімен (2015) марапатталған.

## ҚЫМБАТТЫ РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ!



Қасиетті Шет өңірі жайлы, оның айтулы азаматтары туралы «Ел ырысы - нұрлы Нұра» атты еңбекті қолға алып, дайындап жатқандарыңыз мені қуантады. Еліміздің ардақты азаматы Жұмкин Боранбай ағайдың тілегімен үш мақала ұсынып отырмын («СЕГІЗ СЫРЛЫ АЙТУҒАН АБЕУОВ», «АБЗАЛ АЗАМАТ СЕРІК САПУАНОВ», «АЯУЛЫ АҒАМ, ЖЕҢГЕМ ҺӘМ ІНІМ ТУРАЛЫ ҮШБУ СЫР»), қажеттеріңізге жараса шексіз қуаныштымын. Әркімнің туған жерінің, туған топырағының намысына шабуы, туын көтеруі абройлы міндетті ғой. Шет тумасы болғандықтан құлшына кірістім, асығыс жазылды, уақыт тар болды.

Бірер сөз «АЯУЛЫ АҒАМ, ЖЕҢГЕМ ҺӘМ ІНІМ ТУРАЛЫ ҮШБУ СЫР» деген мақалам жайлы. Бұл мақала өздеріңіз білетін Ағам Есенқұл мен Жеңгем Венера, Баласы Қанат жайында. Олар туралы көлемді мақалам «Орталық Қазақстанда» 19 қыркүйекте 2019 жылы осы атпен басылған еді. Мазмұны осы кітапқа сұранып тұр деп ойлаймын, сондықтан сол бетінде беруге де болар деген шешімге келдім, бұл ойыммен Жұмкин Боранбай ағаймен де ақылдастым, сондықтан аз ғана өзгеріспен жіберіп отырмын.

Ел үшін істеп жатқан еңбектеріңізге сәт тілеймін.

**Тілеулестеріңіз**
**Иманов Жеңіс Жұмырұлы**

жылы оны ойдағыдай бітіреді, ғалым-агроном мамандығын алған.

Еңбек жолын 1969 жылы 3 шілде айында Шет ауданы Нұраталды совхозында бөлімше агрономы болып бастайды, 1970-1971 жылдары осы шаруашылықтың бас агрономы болып қызмет атқарады.

Сәкең қандай қызметте болсада беріліп істеді, тындырып істеді, адалдықтың пәктіктің үлгісін көрсетіп кетті, ешкімнің ала жібін аттаған жоқ, ешкімге сен деген жоқ, силастықтың, татулықтың туын қашанда жоғары ұстады. Ол үлгі ұмытылмақ емес.

Ол еңбек еткен Нұраталды, Ақшоқы, Просторный (Ақой) жұрты Серікке дән риза, білікті маман екенін, елге жайлы болғандығын, мейірімділігін, адамгершілігін, сенімділігін ауыздарынын бүгінге дейін тастамайды.

2004 жылы 31 тамызда № 6657 «Тыңға 50 жыл» мерекелік медалымен және басқа да марапаттардың иесі.

1971 жылы аяулы Раисамен отбасын құрып, 45 жыл тату-тәтті өмір сүрді. Екеуі алты бала (Назира, Гүлмира, Айдын, Саягүл, Индира, Ақмарал) өсірген ардақты ана, абзал әке атанды. Олардан алланың берген ұрпағын мейірлене сүйіп, ата, әже атанды. Бес қызының ортасындағы Айдыны Қарағанды облысы Қазбек би ауданында ІІБ-де қызмет істейді. Полиция майоры. Ұлы ұяда, қыздары қияда! Тәуба!

Абзал азамат 2016 жылы дүниеден қайтты.

Секең өмірден өтседе мына жұмыр жерде оның соқпағы жатыр, ізі қалды.

Ол-оның аяулы ұрпағы, сүйікті жары, туған туыстары, құдалары жекжаттары, достары, жолдастары, әріптестері. . . Ол-оның ұлағатты өмірі, ешкімге ұқсамайтын өмір сүру үлгісі, өнегесі.

*Арттағы ұрпағыңды жетлеп ең,*
*Әкеңсіз көрген бағың бекер екен.*
*Жердегі бар байлықтың құдіреті,*
*Сенің бір күлгеніңе жетеме екен?*- деп толғанады тұңғышы Назира. Ұрпағының осы бір шумағында арман да, өксік те, сағыныш та, сабырлықта, шүкіршілік те... бәрі тұрғандай.

**Иманов Жеңіс Жұмырұлы - Шет тумасы**

# СЕГІЗ СЫРЛЫ АЙТУҒАН АБЕУОВ



Өмірде естелік жазу деген оңай сияқты. Бірақ қолыңа қалам алып кіріскен кезде сәл кібіртіктеп қаласың. Бұл түсінікті де ғой. Жазбақшы адамыңды өмір бойы білетін болсаң оның салмағы ауырлай береді. Көз алдыңнан онымен болған сәттер шұбырып өтіп жатады. Бәрі де мәнді, бәрі де сәнді, бәрін де қамтығың келеді... Бірақ бұл мүмкін емес. Көсіле алмайсың - көлем тар. Сондай мені тығыршыққа тіреп отырған жан күні кеше ғана Шет өңірінде, Нұрлы Нұрада өшпес із қалдырған азамат - Абеуов Айтуған Амантайұлы.

Біз бір ауылдың тумаларымыз. Бал дәурен балалық шағымыз Шет ауданы, Шет совхозы №2 бөлімшесінде (фермасында) Құттыбай ауылында өтті. Бұл ауыл жер жаннаты Бұғылы баурайындағы ауыл, теңіз деңгейінен жобамен 800 метр биіктікте орналасқан, түнде ашық аспанда барлық жұлдыз әлемін өте анық көруге болады, космостағы ұшып жүрген жер серіктерінің (корабльдердің) жұлдыз боп ағып бара жатқан ізін қарусызақ көруге болады, ал, сансыз бұлақтарының суы тастай, бірақ қанша ішсең де тамағың ауырмайды, тамағың іспейді, дәмі балдай! Кешке сыбырлап сөйлеген сөздердің өзі анық естіліп жатады, қаттырақ сөйлесең дауыс алысқа кетеді (акустикасы керемет, тау арасында жатқандықтан болар, яғни табиғи театр!). Бүлдіргені, талқарақаты ауызды үйіреді, сарымсағы сарайыңды ашады!

Міне, осындай ауылда тал мініп, асық атып, доп қуып, ләңгі теуіп, ..., бұлақтан су тасып, отын жарып, қар күреп, аула тазалап, мал кезегін атқарып, ата-ана, мұғалым, үлкенді силап, ... балалық шағымыз бірге өтті. Шіркін, сол бір балғын балалық шақ естен кетер ме, қайта айналып келер ме... Солақай саясаттың арқасында бүгінде, өкінішке орай бір кезде 40-50 үй болған, мамыржай халық отырған құтты мекенде, кәзір 6-ақ үй отыр...

Айтуған көп балалы жанұяда өсті. Соғыс ардагері, әкесі Амантай Құттыбай фермасында ферма меңгерушісі болды. «Маман еді, елге жәйлі жақсы жан еді», - деп аузынан тастамайтын біздің әкей. Анасы Секер апай ақылды жайдары жан еді. Бұл жанұя елге үлгілі болды, біріне бірі тете ұл - қыздары: Оңғар, Айтуған, Күнтуған, Нұртуған, Айбала, Күнбала өте тәрбиелі болып өсті. Бәріміз осы семьяның балаларына ұқсас болуға тырыстық. Әсіресе Оңғар деген ағасы бәрімізге үлгі еді, жаны жайсаң жанып тұрған жан еді, дүниеден ерте өтті. Сәткен есімді Балқаштық (Тасаралдан) аяулы қызға ғашық болып ерте үйленді, Айтуғанның осы алтын жеңгесі (бүгінде бәріміздің жеңгеміз!) Секер апайдың орнын бүгінге дейін абройлы ұстап отырған аяулы жан.

Құттыбай ауылынан Алматыға тракторшы мамандығымен кеткен Айтуған Амантайұлы, 5 жылдан кейін Алматыдан ауылы Құттыбайға ғалым-агроном болып оралды! Дипломының алғашқы қызығын туған ауылына силағанды жөн көрді. Ол кез 20 жылдан соң коммунизмде өмір сүреміз деген ұранмен халықтың шабытты да табысты өмір сүріп жатқан кезі болатын. Осы ұлы дүбірде ауылының да жетістігіне үлесін, септігін тигізуді ойлады. Осылайша жас маман іске құлшына кірісіп кетті.

Сексенінші, тоқсаныншы жылдары А.Абеуов Талды, Шет, Ақшоқы тәрізді ірі шаруашылықтардың директоры болды. Бертінде Жарық станциясында салық қызметінде агент, 1997-1999 жылдары Қарағанды қаласындағы «Крамдсорталық» кәсіпорнының вице-президенті қызметін атқарды.

Айтуған қолы боста ойларын қойын дәптеріне жазып жүретін. Тіпті жас кезімізде жарыса күнделік жазатынбыз, жұма сайын жазған күнделіктерімізбен алмасып талқылайтынбыз, яғни бірімізді біріміз түзедік, күзедік, сынадық, тезге салдық, оқыттық,... бұл біздің өзіміз, екеуіміз үшін үлкен мектеп болды.

Айтуған ақынжанды да жан еді, оның бұл қасиетін көпшілік жұрт біле білмейді. Айтуған өлең де шығартын, менде бір дәптер өлеңдерінің көшірмесі кәзір де бар. Өлеңдерінің көбі ақ өлең түрінде, көңіл күйін білдіретін толғаулар («Жаңа жылмен құттықтау», «Заман-ай»), жолдастарына («Бітімге»), туыстарына («Берден аға!», «Есенге») арнау ретінде шығарылған, көп өлеңдерін жан жары Мактайға арнаған («О, Мәктайым!», «Мәктайға» ), оны қатты қажытып кеткен, қайғылы жағдайда - жігіт кезінде қолдан қаза тапқан қимас Нұрланына («Нұрланым», «Өмірге келдің боп Нұрлан») байланысты жазылған, маған да бірнеше өлеңдерін арнапты, Айтуғанның творчестволық қолтаңбасымен таныстыру мақсатында маған арнаған «Жеңіске» деген өлеңінің бір шумағын бере кетейін:

*Ассалаумағалайкум, уа Жеңісім!*
*Желіп жүріп 52-ге сен келіпсің,*
*Өмірде артыңдағы соқпақ жатыр*
*Небір қиын штрихпен көмкеріпсің.*

Айтуған әдебиетті көп оқитын, әсіресе тарихи романдарды сүйіп оқитын, тарихи тұлғалар туралы деректерді жақсы білетін. Әңгімелеріне арқау ететін. Сондықтан да болар Айтуған өз әулетінің шежіресін де түзген екен.

Айтекең қай жерде, қандай лауазымда қызмет істесе де өзінің біртектілігінен, біркелкілігінен айнымай адалдығымен ерекшелене білді. Мына жұмыр жерде оның табанының ізі қалған өңірлерде Айтуған есіміне қатысты орындар да аз емес. Мәселен, Алматы-Екатеринбург автотрассасындағы кезінде Айтуған еккізген талдар «Айтуған тоғайы», Қара-

ғанды-Жезқазған трассасы бойында, көзі тірісінде жолдастары «Айтуған бұлағы» деп атап кеткен орындар көзімізге жылы ұшырайды.

Абеуов Айтуған 1976 жылы 24 декабрьде КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы Жарлығымен номері 3 № 612551 «Ерен еңбегі үшін» - «За трудовую доблесть» медалымен және басқа да марапаттармен аталып өткен.

Амал нешік мейрімсіз ажал ортамыздан айтулы азамат Айтуғанды кемел жасында алып кетті. Шет ауданы тумасы, өз өмірін халқына қызмет етумен өткізген, кәріге қамқоршы, кішіге аға, жасқа әке болған, талайдың батасын алған ер-азамат Айтуған Амантайұлы Абеуов 2003 жылы дүниеден өтті. Араларына жыл салмай, оның сүйікті жұбайы Мәкітай Бәкірқызы Шәкірова да қайтыс болды, екеуі бірге Үңіректе мәңгі ұйқыда.

Көңілге демеу - қос қанаты: қызы - Алма Үңіректе мектеп директоры, ұлы Еркебұлан Қарағанды техникалық университетінде доцент болып істейді, немерелері, шөберелері, бауырлары, туыстары, құда-жекжаттары, кешегі бірге жүрген - азамат есімін үнемі ардақтап жүретін әріптестері мен жолдастары баршылық. Олар барда Айтекеңнің жарқын бейнесі ұмытылмақ емес.

**Жеңіс ИМАНОВ**

## АЯУЛЫ АҒАМ, ЖЕҢГЕМ ҺӘМ ІНІМ ТУРАЛЫ ҮШБУ СЫР

Өтіп жатқан өмір...



Менің ағам Есенқұл мен жеңгем Венера өмірдің барлық тәртібін, канонын сақтап өмір сүріп өткен жандар еді. Еліне елеулі, халқына қалаулы болды.

Аға болса Есекеңдей, жеңге болса Венерадай болсын, қайран ағам мен жеңгем дегім келеді. Есенқұл ағайға бірде:

*Соңыңнан ерген ініңмін,*
*Өзің сенген іріңмін,*
*Өмірде сенім артатын*
*Көп туысыңнның бірімін,-*

деп, еркелеген екенмін, інілік назымды асыра сілтеп айтқан да екенмін. Артық кетсем ағайын, айыпқа бұйырмаңыздар, Есекең ағама, өзіне ғана айтқан еркелік назым екенін, түсінерсіздер, сөкпессіздер. Әрине бұл наз осыдан 12 жыл бұрын үзілетінін кім білген...

Осыдан 12 жыл бұрын қымбатты Есенқұл мен Венераны ақтық сапарға шығарып салдық. Ажал арамыздан аяулы ағамызды, сүйікті

жеңгемізді кенеттен мезгілсіз алып кетті. Амал қанша. Кәзіргі кезде олардың жоқтығын растап, пәктігін айтқаннан басқа қолдан келер шама жоқ.

Осыдан 12 жыл бұрын біздің әулет орны толмас қазаға ұшырады. Ағай мен жеңгей біздің арысымыз еді, намысымыз еді. Ағайға ұқсап ұлымыз, жеңгейге ұқсап қызымыз өскен еді. Амал қанша, амал қанша... енді олар жоқ, қапылыс қазаға, жол апатына ұшырады. Есекеңдей нарымызды, Венерадай нәрімізді сұм ажал ортамыздан ойып әкетті.

Ең ауыры-екеуінің бірдей, бір сәтте кеткені. Ең ауыры-екеуін бірдей жоқтау екен.

Сонау өткен ғасырдың 50-ші жылдарында, әулетіміздің еркесі - балаң Есекең, мойнына гитарасын асып, қолына валеткасын ұстап, Шет ауданы орталығы Ақсу-Аюлыға білім іздеп мектепке келген еді. Бұл топырақ оған құт болды, бұл ел оған сүйікті жұрт болды. Осы жерде ол болашақ сүйікті жары Венераға кездесті, сансыз адал дос-жора тапты. Осы жерге екеуі де тер төкті: жер жыртты, егін екті, мал өсірді, ағаш екті, гүл септі, бала өсірді, ұрпақ тәрибиеледі...

Мына жұмыр жерде, әсіресе Шет өңірінде олардың салған соқпағы, іздері сайрап жатыр. Біртуар азамат Есенқұл мен қадірменді ұстаз Венерадан мәнді де сәнді естелік өмір қалды...

Міне, оларға құт болған Ақсу-Аюлы топырағы қойнында екеуі бүгінде жұп болып жатыр.

Екеуі де бір сәтте дүниеден өтті, екеуіне де бір сәтте Ақсу-Аюлы топырағы бұйырды, екеуі де бір сәтте Ақсу-Аюлы қойнына мәңгілікке енді.

Жатқан жерлерің жәйлі, топырақтарың торқа болсын. Туысқандарың - біз және халқың сендерді ұмытпайды. Жандарың жаннатта болсын.

## АКАДЕМИЯЛЫҚ СТИЛЬДЕГІ РЕСМИ ДЕРЕКТЕР.

ТҮСІПТЕГІ Есенқұл Ерденбайұлы (1942-2009) Шет ауданының Үңірек ауылында туған. Целиноград ауыл шаруашылық институтының түлегі (1969), инженер - механик. Шет ауданы Нұраталды, Кеншоқы, Бұрма, Шет совхоздарында механик болып істеген (1969-1985). Орджоникидзе және Ақшоқы совхоздарының директоры болды (1985-1994). 1995 жылы «Ақсу» ШҚ құрып, өмірінің соңыны дейін соған басшылық жасады. Бірқатар марапаттарға ие болған.(Шет ауданы энциклопедиясынан, мақала 365 бетте. Шет ауданы.Энциклопедия. -Алматы: ҚАЗақпарат, 2013.- 3826.).

ОТЫНШИНА Венера Төлеуқұлқызы (27.12.1943 ж.) Қарағанды обл. Шет ауд. Ақсу-Аюлы селосында туған. Қарағанды пединститутының химия-биология факультетін бітірген (1967 ж.) Қарағанды обл. Шет

ауд. «Путь коммунизма» с-зы «Комсомол» бөлімшесінің бастауыш мектебінде мұғалім болып бастаған. 1969-1976 жж. Нұраталды орта мектебінде биология пәнінің мұғалімі. 1976-1981 жж. - «Шет» совхозы орта мектебінде мұғалім. 1986 ж. - М.Горький ат-ғы мектеп-гимназияда биология пәнінің мұғалімі. Ұстаздың оқушылары жыл сайын аудандық, облыстық олимпиадалар, конкурстарға қатысып, әр турлі жүлделі орындарға ие болды. Отыншина Венера Төлеуқұловна оқушылар мен мұғалімдерге арналған бірнеше әдістемелік құралдың авторы. Іс-тәжирибесі, мақалалары әдістемелік басылымдарда, аудандық газеттерде басылып шықты. Мұғалімдердерге арналған семинарлар, конференциялар, тамыз маслихаттарына белсене қатысып, әріптестерімен іс тәжирибесін бөлісіп отырды. Іс-тәжірибесі аудан, облыс көлемінде таратылған. «ҚР білім ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.(«Қарағанды облысының ұлағатты ұстаздары» кітабынан, мақала 444 бетте.].

Ағам Есенқұл мен жеңгем Венерадан аяулы үш інім дүниеге келді.

Әкесі мен шешесінің өмірлерін аброймен жалғастырып отырған-інілерімнің, мына «қамшының сабындай, қысқа өмір» аясында,кәзіргі өмір талабына сай «біреуден ілгері, біреуден кейін» тындырып жатқан, істеп жатқан табысты істеріне, бүгінгі болмыстарына, тірліктеріне ағалық ризашылығымды білдіремін.

Тәуба. Ағам мен жеңгемнің тұңғышы Жанболат пен Бибігүлден - Айзада, Гүлзада, Әлібек, Жанбота, Жанерке, ортаншысы Мұрат пен Гүлбануден - Айдана, Мадина, Жәнібек, Керей, кенжесі Қанат пен Айгүлден - Шәміл, Камиля, Алуа, Самина есімді немерелері бар. Қымбатты оқырман, ағам мен жеңгемнің аруағы риза болсын деген ниетпен, өздері көріп кеткен де, көрмеген де ұрпағының есімдерін атап өткенді [бергенді] жөн көрдім.

Өкінішке орай, ажал арамыздан осыдан 6 жыл бұрын, 2015 жылы аяулы Қанатымызды да алып кетті. Амал қанша, қолдан келгеннің бәрі істелді, Алланың ісіне не шара!

Інім дүниеден өтсе де, мына жұмыр жерде оның өшпес ізі қалды.

Ол із -жанұясы, сүйікті жары, оның артында қалған ұрпағы. Ия, олар әлі жас, буындары қатқан жоқ, бірақ олар әкелерінің атына сай жандар болып өсіп шығатындарына мен кәміл сенемін.

Інім Қанат кешегі, ұзаққа созылған қазақ-қалмақ соғысында есімдері ел жадында қалған Есенаман батыр, Қыдыр батыр, Орынбай батыр, Тобышақ батыр, Қуатбек батыр бабаларының, тіке оныншы ұрпағы, ол өзінің қысқа өмірінде осы батыр бабаларына лайықты өмір сүрді.

Қанат тарихты жақсы көруші еді, қызмет бабымен ел ішінде көп болды, талай адамдармен дәмдес - тұздас болды. Олардан осы батыр бабалары туралы талай естеліктер естіген айтушы еді.



2015 жылы қоңыр күзде біздің әулет осы бабаларымызға ас бердік. Қасиетті Сарысу өзенінің бойында Еркіндікте (Қаражартаста) мәңгі тыныстап жатқан Орынбай батыр мен Тобышақ батырларға ескерткіш қойдық. Қанат ауырып жүргеніне қарамай бұл шараға бір кісідей ат салысты, білетін деректерімен бөлісті, қаражатын берді, өкінішке орай ішінде бола алмады. «Ағай, тәуір болған соң, жанұяммен бабалар басына барамын»,- деген еді ол арманы орындалмады. Қазір о жақта әкесі Есенқұл-шешесі Венерамен бірге үшеуі бабаларының жанында болар...

Қанат өз ісінің ұңғыл-шұңғылын толық меңгерген, өз ісін жан-тәнімен беріліп істеген, қызметте адалдықтың үлгісін көрсетіп кеткен жан болды.

Білетіндердің айтуына қарағанда, Қанат ашпаған қылмыс жоқ екен. Қандай күрделі тапсырма берілсе де абыроймен орындапты. Осы істе ол отқа да түсті, суға да түсті, оққа да ұшты. Тіпті қылмыскер бытырасы оның денесінде мәңгі қалды, өзімен бірге ала кетті.

Менің Қанатым, Біздің Қанат өмірді сүйді, өмірде асыққан да сияқты-40 жас деген немене - қыршын жас қой, осы қысқа өмірінде өмірді сүюдің адами үлгісін көрсетіп кетті, туған-туыстарын, жора-жолдастарын, қызметтестерін, әріптестерін сүйді, жалпы адамды сүйді. Қойған күні елдің алды қабір басында топырақ салып жатқанда, аяғы әлі ауылдан шығып жатты ғой... Халқы барда Қанат өлген жоқ, өлмейді, тек өзі ғана жоқ.

**АКАДЕМИЯЛЫҚ СТИЛЬДЕГІ РЕСМИ ДЕРЕК.**

ТҮСІПОВ Қанат Есенқұлұлы (1974-2015) Шет ауданының Нұраталды ауылында туған. 1991 жылы Шет ауданы М.Горький атындағы орта мектепті бітіреді, сол жылы Қарағанды қаласындағы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Жоғары милиция мектебіне оқуға түседі. 1995 жылы алғашқы қызметін Балқаш қаласының ішкі істер бөлімінде бастайды. 2000-2009 жылдары аралығында Қарағанды облысының Ішкі істер департаментінде әр түрлі қызметтерде істейді. 2009 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Шет аудандық Ішкі істер бөлімінің бастығының бірінші орынбасары қызметінде болды. 2015 жылы қаңтар айында дүниеден 40 жасында қайтты. Астанада Министр Сүлейменовтың қолынан «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Бірінші, Екінші, Үшінші дәрежелі Айырықша белгілерінің иегері. Мақтау грамоталар мен Дипломдармен марапатталған.(Баспасөз бет-

терінде берілген ресми қазанамаларынан, өмірбаяндарынан алынды).

Ағай мен жеңгей Шет ауданының екі мәрте шыққан энциклопедияларына енген, ал жеңгей «Қарағанды облысының ұлағатты ұстаздары» кітабынан да орын алған.

Асқар таудай Есенқұл (Есенаға) туралы, аяулы жеңгем Венера (Минә тәте) туралы, сүйікті інім Қанат туралы көзі тірісінде де, дүниеден өткеннен кейін де баспа беттерінде үлкенді-кішілі мақалалар, еңбектер, естеліктер, қазанамалар жазылды.

Бұл еңбектерде аяулы жандардың саналы өмірінде бітірген істері, іс-қимылдары, үлгі-тағылымдары, арман тілектері, марапаттары, тіпті жоспарлары да кең айтылады.

Сонысымен де бұл еңбектер болашақ ұрпақ үшін рухани мұра, рухани байлық екені даусыз. Бұл тізім уақыт өтке сайын молая беретініне сенімдіміз.

Бұның барлығы ағам мен жеңгемнің, інімнің жақындарының, достарының, қызметтестерінің есінде екенін, еліне елеулі халқына қалаулы екенін, олардың көзден кетседе көңілден кетпейтінінің дәлелі. Осы мақалада бүгінге дейін олар туралы қалам тартқан естелік жазған азаматтарға өз атымнан, туыстарым атынан рахметімізді айтамыз. Олар - Мағауия Сатыбалдин, Ертай Жәнібеков, Бану Түсіпханова - М. Горький мектеп-гимназиясының ұстазы, Боранбай Жұмкеұлы - Шет ауданының Құрметті азаматы, Мағауия Медетбекұлы - Шет аудандық Маслихатының депутаты.

Ағам мен жеңгем мәңгі ұйқыға кеткен, қастарына інім барып жатқан жерде, топырақта, елде оларға осы жылдарда көрсетіліп жатқан көл-көсір көңілдеріңізге мың да бір ризашылық білдіргім келеді.

Осындай елі, осындай жері бар олар ешқашан ұмытылмақ емес, олардың өнегелі өмірлері болашаққа үлгі бола бермек.

*Сағынышпен естелік жазған-*
**ИМАНОВ Жеңіс Жұмырұлы,**
*Қарағанды қаласы*
*20 маусым 2021 жыл*

# МЕЙІРІМІ МОЛ МЕЙРАМБЕК
## (Шет Шұғыласы мамыр 2021)

*Дүниелікке көңілі тоң,Ағайынға бауырмал,*
*Тәкаппар, жалған онда жоқ, Айнымас жүрек,күлкің бал.*
**Абай**



«Өмір - өзен», «Адам үлкен жол үстіндегі - керуен» деген ықылым заманнан келе жатқан тәмсілдің ішіне үңіле қарасақ адамзат баласының өмірге келуі, ержетуі, білім алуы, отбасы құруы т.б. соңы өмірден өтуі кезең-кезеңмен әр пенденің басынан өтетіні байқалады.

Ананың құрсағынан шыр етіп, кіндік қаны тамып, жарық дүниеге келген Мейрамбек Мұқабай баласы тірі болғанда 1- ші мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні 80-нің сеңгіріне шығатын еді. Жаратқанның жазуымен жарық дүниеде пешенесіне жазылған 61 жасқа қараған шағында 2002 жылы дүниеден өтті.

Мейрамбек Қояншытағай руының Қараменде бұтағына жатады. Үлкен атасы Сатқанғұл өз заманында би атанған адам. 1929-1930 жылдары кәмпескеленіп, жер аударылып, айдауда кетіп бара жатқанда қайтыс болған. Артында, ауылда Мұқабай, Жұматай, Бірлік, Бибіғайша атты төрт бала қалады. Мұқабай мен Жұматай бидің ұрпағы деген жаламен қуғын-сүргінді, жер аударуды бастарынан өткізіп, ақыры өмірінің соңына дейін «Игілік» және Орджоникидзеаудандық колхоздардың қыстау-жайлауларында көзден таса жерлерде мал бағып, күн көрісін көріп өмірден өтеді.

1951-1952 оқу жылында Орджоникидзе колхозының Ақтөбе ауылында біздер: Мейрамбек, мен, Қуаныш, Жексембайлар бастауыш мектептің 4-классында бірге оқып, әрі қарай оқуды аудан орталығы Ақсу-Аюлыда Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепте жалғастырдық.

Мейрамбектің қарт әке-шешесі он жылдықты бітіртпей оқудан алып кетіп, малға көмекшілікке жұмсап, бір жылдан кейін оны Көкенқызы Өзипаға үйлендірген. Мейрамбек орта мектепті кейіннен сырттай бітіреді.

Мейрамбектің балалық шағы туралы інісі Көшеннің сөздерін келтіре кетейін: «Ағайым жастайынан салмақты, пысық, тиянақты болып, әкелеріне ерте жастан көмегін бере бастаған екен. 6-7 жасында өз бетімен атқа мініп, мал қайырып, 10 жастан аса ол кездері түйелер болса керек, тайлақ үйретіп, шөп шабысып, бөгеншік болып жұмыстар ат-

қарған. Жас кезімде есімде қалыпты ағаш шауып, неше түрлі заттар жасайтын. Өзіне домбыра жасап алғаны есімде, мылтыққа құмар болып, көздеген аңын мүлт жібермепті. Бірде не екенін білмей бір құсты атып әкеледі. Сонда шешесі Рәзия марқұм «балам-ай мынау үкі ғой, бекер атқан екенсің, өзің жалғызсың, аңның киесі ауыр болады деуші еді»-дейді, содан аңға құмарлығын қойған екен.

Ағамның маған берген тәрбиесіне ризамын. Үлкенді сыйлауды, қарапайымдылықты, кішіпейілділікті, қолдан келсе адамды алаламай жақсылық істеу деген сияқты біраз қасиеттерді сол кісіден бойыма сіңірдім.»

Әлқисса әңгімені әрі қарай жалғастырайын. Мейрамбек 1959 жылы Өзипамен отау құрып, Орджоникидзе совхозында еңбек жолын бастапқыда трактордан бастап, кейін жүк машинасының жүргізушісі болды. Мейрамбектің жұмысқа деген ынтасы мен тиянақтылығы кеншар басшысының көзіне түсіп, оны 1967 жылы Целиноград қаласына қысқа мерзімдік үй-тұрмысында газды пайдалану тетігін үйрететін арнайы оқуға жібереді. Мен сол кезде қалада ауыл шаруашылығы институтында мұғалім едім. Бір жұмадай оқуын оқып, куәлік алып, ауылға келіп, кеңшардың тұрғын-үйлерін газдандырған Мейрамбек еді. Бұл өте жауапты жұмыс болатын, игілігін халық көрді. Мейрамбек-замандасым достарының арасында өте силы, оның қарапайымдылығы мен елгезектігі әрдайым көзге түсіп тұратын. Кеңшардың директоры марқұм Искаков Төкімнен бастап, бас мамандар: Сейілбеков Қуаныштай, Рамазанов Шәкен, Қасымов Шәкір, Сағындықов Әлі, Скорик Н.Н., Жазыкенов Төлеген, Айешов Нестай, бөлімше меңгерушілері: Отыншин Төлеуқұл, Ибраев Жәкен, Түсіпбаев Нұрғали, Айменбеков Елемес, Құсайынов Иманқұл, Жұмкин Серікбай, Сүлейменов Мейірхан, Махамбетчин Алпысбай ағалар Мейрамбектің жұмысына дән ризашылықтарын білдіріп, ұжым жиындарында оны көпшіліктің алдында мадақтап отыратын. Мейрамбектің еңбек жолындағы табыстар мен жақсылықтары оның жұмысына деген табандылығы мен еңбекқорлығымен келсе, ел ортасындағы мейірімділігі, әкенің қанымен, ананың сүтімен дарыған - деп айтсам артық болмас. Мейірімділігі мол азамат еді.

Мейрамбек аудан орталығы мен кеңшар бөлімшелерінде, силас достар мен қадірлес ағайындарының арасында сый құрметке ие бола алды. Олардың аттарын атай кетейін. Төлеубай Әбдіғалиев, Тасболат Серікбаев, Айешов Төлеу, Жосалбаев Тұяқбай, Ахметов Шойман, Шоқатаев Серік, Іргебаев Төлеутай, Бөлтекеев Шәкіш, Төлеукенов Самбет.

Жоғарыда айтып кеттім Мейрамбектің әкесі таңдап қосқан қосағы Өзипа менің Дәрі апамнан туады, яғни ол бізге жиен болады. Апайдың алғашқы жолдасы Қылышбектің Көкені соғысқа кетіп 1942 жылдың аяғында майдан даласында қайтыс болған. 1947 жылы Дәрі апай екінші рет Смағұл жездеме тұрмысқа шыққан. Апамыз өмірге төрт қыз,

бір ұл әкеліп, Смекеңмен тату-тәтті 50 жылдай ғұмыр кешіп, 98 жасқа қараған кезде 2013 жылы өмірден өтті.

Дәрі апамыз ағасы соғыста болған кезде екі отбасының 6-7 бала-шағасың асырау үшін колхозда күн-түн демей жұмыс істейді. Қатардағы колхозшыдан сиыр және қой фермаларының сүтін тартып, май, құрт дайындайтын колхоздың бөлімшесін басқарды, дайындаған тағамдарды Қызыл армияға тұрақты жіберіп отырған. Мейрамбектің жұбайы Өзипа өмірге 10 бала әкелген алтын құрсақты аяулы ана, сүйікті әже. Ерлі-зайыптылар балаларының бәрін тәрбиелеп, ержеткізіп, білім беріп өмірдің даңғыл жолына салды.

Отбасының тұңғышы Шолпан ұзақ жылдар бойы ауданның Қазынашылық басқармасының бас бухгалтері және бастығының орынбасары болып, абыройлы қызмет атқарып 2019 жылы зейнетке шықты. Ұл баланың үлкені Өмірбек 1962 жылы туған, қазақша күрестен спорт шебері. 1986 жылы Желтоқсан оқиғасына белсене қатысқан студент. Жастардың билікке қарсылық шеруінде ауыр жарақат алып, соның салдарынан Алматы малдәрігерлік институтынан қуылып, 2002 жылы өмірден өтті. Артында Сәкен, Нүркен атты балалары ержетіп келеді.

Мейрамбектің Серік, Берік, Ардақ, Ерлан атты балалары аудан, облыс көлемінде кәсіпкерлікпен айналысады. Серік болса ауданның үлкен Шортанбай Жырау даңғылында «Өзипа» сауда орталығын ашып, тұрғындарға қызмет көрсетеді. Берік автокөлік жүргізушісі, Алмалы кеңішінде жүк тасымалдайды.

Ержан атты баласы Қарағанды мемлекеттік университетін қаржы және несие мамандығы бойынша бітірген. 2000-2011 жылдары Шет ауданының қаржы бөлімінің бас маманы, бөлім бастығының орынбасары қызметтерін атқарды. Бүгінде Шет ауданының статистика басқармасының басшысы қызметінде еңбек етуде.

Нұрлан Мейрамбекұлы 1976 жылы туған. Қарағанды мемлекеттік университетін Ішкі Істер Министрлігі Б.Бейсенов атындағы Заң институтын тәмамдап, қатардағы полицейден аудандық ІІБ-нің бастығының орынбасары лауазымына дейін көтерілді. Полиция подполковнигі.

Бауыржан Қарағандыда Төтенше жағдайлар департаментінде қызмет істейді. Отбасының кенжесі Әлия, Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін қызыл дипломмен бітіріп, Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінде бөлім басшысы болып жемісті еңбек етуде.

Ордалы отбасының асқар тауы замандасымыз Мейрамбек Мұқабайұлының өмір айдынында көретін қуаныштары мен атқаратын игілікті шаруалары мол еді, бірақ-та Алла оның армандарын толықтай орындатпай, арамыздан ертерек жалған дүниеден фәниге, мәңгілік бақилыққа алып кетті. Өкінішті-ақ. Пенде ажалдан қашып құтыла алмаған. Дей отырып Мейрамбекті өлді деп айта алмаймыз. Себебі оның

атын ататып отырған балалары мен немере-шөберелері құдайға шүкір баршылық, санын айтпай-ақ қояйын. Тіл көзден олар аман болсын.

Аса қадірлі замандас Мейрамбек-марқұм жатқан жерін жарық болып, жанын жәнатта, орнын пейіште болсын.

Сен көрмеген шуақты күндерің мен жасамаған жасыңды Алла балаларың мен немере-шөберелеріңе бұйыртсын.

Отбасының алтын діңгегі Өзипа-жиен денсаулығың мықты болып, анаңның жасына жет.

**Боранбай Жұмкин**

# ӨТКЕН КҮНДЕР ІЗДЕРІ

**(Шет Шұғыласы мамыр 2021)**

*Жас өткен сайын кісілер, Уақыттың сырын түсінер,*
*Азайып сенен үлкендер, Көбейер сенен кішілер.*
**(әлеуметтік желіден)**



Адам өткенді еске алып, артындағыларға қарайлап қартаяды дейді ғой. Зымыраған уақыт соған көндіреді. Қартайды деуге келмейтін замандасымыз, еңбек ардагері Хайролла Медетбекұлы Сәрсенбеков 15.05.1947 жылы Ақсу-Аюлы ауылында туған.Ол жасынан шаруаға бейім еңбекқор болып өседі. Орта мектепті бітірісімен аудан орталығымен қатар орналасқан с/з Орджоникидзе атындағы кеншарда әуелі техника жөндеу шеберханасында слесарь болып еңбек етеді. Сол тұста кеншар директоры Төкім Искаков, партком хатшысы Хасен Есмаганбетов, жұмысшылар комитетінің төрағасы Медет Байтанасов, шеберхана меңгерушісі Николай Николаевич Скорик болды. 1966-1968 жылдары ауыл жастарын өндіріске қажетті аралас мамандықтарды алып игеруге кеңшар басшылары тарапынан қатты көңіл бөлінетін. (шофер, тракторист, токарь, дәнекерлеуші). 1966 жылы Хайролла Медетбекұлы, жас буын механизаторлар Әбеуов Аманжол, Рақымжанов Шәкір, Оспанов Тілеужан, Михаил Литвиновтар шынжыр табанды тракторға отырып Ақсу, Еңбекшіл бөлімшелерінде көктемгі жер жырту мен егін салу науқанына қатысады. Егіс бригадирі Ғалым Оразалин "Жарас" полевойстанында жастармен бірге болып, техника тілін жетік білуге өз тәжірибесімен бөлісетін.

1967 жылы Хайрекең техника жөндеу шеберханасында токарь мамандығын меңгереді. Сол кездегі тәжірибелі токарлар Муталапов Қамаш, Адольф Блишке, Байсалдин Тілеуқұл, Бишке Яшка, Сәкенов, Серікбаев

Болаттар күндізгі және түнгі ауысымдарда жұмыс істейтін. Ауыл шаруашылық техникаларына қажетті көп бөлшек- саймандар токарлық цехта қолдан жасалатын. Сондықтан цех шаруашылықтың аса маңызды әрі күрделі буындарының бірі болды. Кейіпкеріміз токарлық жұмысты жылдам игеріп, өзіне жүктелген тапсырысты қалтқысыз орындаумен көзге түсе білді. 1967-1968 жылдары ол аталмыш кеңшарда арнайы ашылған курста шоферлық куәлікті алып кеңшардың автогаражына автокөлік жүргізушісі болып орналасады. Сол кезде автогараж меңгерушісі Шәкір Қасымұлы, автомеханик Төкен Сейілбекұлы болатын. Жастығына қарамастан алдыңғы қатарлы майталман жүк көлігін жүргізушілерден қалмай еңбек етеді. Атап айтқанда Зекен Ахметжанов, Кәртай Мойынов, Тасболат Серікбаев, Нәси Мұқашев, Аманай Сүлейменов, Шашубай Әубәкіров, Қуаныш Қасымов, Тілеукеш Тәттібаев тағы басқалары. Хайрекең қаупі де зор, жауапкершілігі де күшті жанар-май тасығыш автокөлікпен Қарағанды қаласы мен Жарық станциясындағы қоймалардан бөлімшелерге қажетті бензин, солярканы күнделікті жеткізіп отырды. Осынау тынымсыз еңбегі арқылы шаруашылық экономикасының өркендеуіне өзінің бір кісідей-ақ үлесін қоса білді. Кеңшар өндірісіндегі аталған саланы толық игеріп тәжірибе жинақтаған Хайролла Медетбекұлының ойында қайткенде жоғары оқу орнына түсіп, білім алу болады. Оның өзінде ауыл шаруашылығы қарқынды дами бастаған кезі еді. Шет ауданы мал шаруашылығы өңірдің бірі саналып, мал мамандарының беделі артады, жастар жаппай ауылға бет бұра, бастайды. Әрі бұл салада еңбек ету абыройлы да болатын. Сөйтіп Хайролла Медетбекұлы 1968 жылдың күзінде Целиноград ауыл шаруашылығы институтына іштей оқуға түсіп, оны 1972 жылы оқымысты-зоотехник мамандығымен бітіреді. Арнайы жолдамамен Шет кеңшарының "Тұмсық" бөлімшесінде Зоотехник болып қызметін бастайды.1973 жылы Аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының аға, бас зоотехнигі, кейіннен басқарма бастығының орынбасары лауазымында еңбек етеді. 2004-2005 жылдар аралығында Аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру- кадр және құқықтық жұмыс бөлімінің меңгерушісі қызметінде істеп жақсы қырымен танылa білді. 2005 жылы Хайрекең аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы қызметіне жоғарылатылады.Бұл қызметінде де ауданның ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған біршама жұмыстарға ұйытқы болады. Соның біріне тоқталайық.

Мал шаруашылығын ғылыми негізде дамыту мақсатында Қазақ ұлттық аграрлық институтының белді ғалымдарымен бірлескен жұмыстарды жүргізіп, шаруа қожалықтары иелігіндегі мал бастарын асылдандыру, генетикалық қорын жақсарту жолында 12-ден астам шаруашылық құрылымдары әзірленіп, олардың асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылық мәртебесін иеленулеріне мұрындық болды. Хайролла Медетбекұлы қоғамдық-саяси жұмыстарды да қатар атқарды. 1989-1994 жылдары аудандық кеңестің депутаттығына сайланып аграрлық сала бойынша тұ-

рақты комиссияның төрағасы болды.Отырыстарға салынған түйітклді мәселелерді кеңшар басшыларымен келісе отырып, қарап оң шешімінің табылуына атсалысып жүрді. Кейіпкеріміз бұл қызметін зейнеткерлікке шыққанша 2013 жылға дейін абыроймен атқарды. Хайрекең кейінде өзінің ұстаздарын есіне алғанда мен қызмет істеген жылдары ауданның бірінші басшылары болған Кәмеш Дүйсенбеков, Мейрам Абақанов, Сағымбай Медеубаев, Қасымбек Медиев, Кәкімжан Сарханов, Рысбек Оразханов, Рысқали Әбдікеров, Қайыржан Тілеубергеновтер мен аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының, басшылары Мыңжасар Әдекенов, Егінбай Сембин, Боранбай Жумкин сынды ел ағаларымен бірге еңбек еткенімді мақтан тұтып, бұл кісілерден шаруашылықтарда кездесетін қайсы бір күрделі мәселелерді шешу ғана емес, сонымен қатар адамдармен қарым-қатынас пен басқару өнерін үйрендім. Осы кісілерге ұқсап еңбек етуге тырыстым дейді. Хайрекең зейнет жасында да қазақ жерін жаудан азат етуші, Жидебай батырдың 300 жылдығын өткізу шараларына белсене атсалысты. Хайролла Медетбекұлының еңбегі лайықты бағаланып 2011 жылы «ҚР-ның тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен, ҚР ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының «Еңбек даңқы» белгісінің толық иегері. 1917 жылы ҚР ауыл шаруашылығы ардагерлері кеңесінің «Құрметті ардагері» медалінің иегері Қазақстанның «аграрлық саласы Кімнің кім екені» бойынша 2012 жылы шығарылған кітапқа енгізілген. Шет ауданының 90 жылдығына арналған медалі мен марапатталған. Бірнеше мәрте облыс, аудан әкімінің құрмет грамоталары және алғыс хаттарын алған. Хайрекеңнің адами және тұлғалық болмысы, қызығы мен шыжығы қатар жүретін өмір жолында оған серік бола білген Алмаш Шәкен қызының бейнесімен ашыла түседі. Гиппократ антына адалдық танытып, халықтың денсаулығын жақсартуға өзінің сүбелі үлесін қосқан дәрігер Алмаш Шәкенқызы тексті жерден шыққан адам, атақты ақын Қасым Сырымбетұлының немересі. Көп жылғы денсаулық сақтау жолындағы еңбегі жоғары бағаланып ҚР Денсаулық сақтау министрінің арнайы медалі мен және облыс, аудан басшыларының мадақтамалары табысталған. Хайрекең мен Алмаш жеңгей бес бала тәрбиелеп, өсіріп немере сүйіп отырған қадірлі ата-әже. Ұлдары Бекнұр мен Әсет құқық қорғау саласында еңбек етсе, қыз балалары Лунара, Гүлнұр, Айгерім мамандықтары бойынша әр салада қызмет істейді. Бәрі де жоғары білімді. Бүгінгі күнде қызғалдақтай құлпырып өсіп келе жатқан балдай тәтті Сәбина, Батырхан, Исмайл, Айбар, Асылжан, Ділдә, Әліби, Анеля, Аделя, Санжар, Сармат,Сезім есімді немере- жиендерін қызықтап ел- жұрттың құрметіне бөленіп отырған жайлары бар.

**Әбеуов Төлепберген Әбеуұлы**
*Зейнеткер, Шет ауданының Құрметті азаматы,*
*ҚР ауыл шаруашылығы саласының құрметті ардагері.*

## АУДАННЫҢ АБЫЗ АҚСАҚАЛЫ АСҚАР - 80 ЖАСТА

Сұхбат алушы: Боранбай Жұмкеұлы

*20.05.2021ж*
*(Шет шұғыласы газетінен)*



**Айтжанов Асқар**
**(1941)**

***80 - ге келген шағыңыз құтты болсын! Деніңізге саулық, жан ұяңызға бірлік, ынтымақ, береке берсін:***

**Өзіңіз, ата-анаңыз туралы айсаңыз?**

Мен 1941 жылы 20 маусымда туыппын. Әкем Тұрысбекұлы Айтжан «табын» атаның тумасы. Мен туғаннан кейін 7 күннен соң соғысқа кетіп, майдан даласында шейіт болды. Шешем - Бегебайдың қызы Сәукен 1904 жылы туған, сарым-шуаш тумасы. Біз үш ағайындымыз. Құралған 1935 жылы туған, Шәкіш - 1939 ж. және мен. Үлкен ағай 1958 жылы отау құрып, өмірге Мұрат, Динагүл атты балалар әкеліп, 1961 жылы оқыс жағдайдан дүниеден өткен. Тете ағай Шәкішті 7 жасында нағашым Бөлтекей алып кетіп, өз атына жаздырып алған. Анам 45 жыл «Қарғалы», Сталлин атындағы колхоздарда сауыншы болып қажырлы еңбек атқарып, бірнеше дүркін ауданның, облыстық кеңестердің депутаты болған. 1994 жылы 13 наурызда 90 жасында өмірден өтті. Менің бар оқығаным 3-ақ класс. 1949 жылы «Қарғалы» колхозында бастауыш мектепте, алғашқы мұғалімім Женисенбеков Мүкарам. Кейіннен Н.Хрущевтың заманында сырттай он класс бітірдім.

**- Еңбек жолыңыз туралы, және сол маңайдағы колхоз-совхоз туралы не білесіз? Биыл Орджоникидзе совхозының құрылғанына 60 жыл толды. Осыған орай не айтасыз?**

Әкеден жастай қалғандықтан еңбекке ерте 11 жасымнан бастап араластым. Сталлин атындағы колхозда жазда өгізге мініп шөп шаптық, күзде егін алуға лобогарейкада ортадағы қалақта отырып қол күшімен еңбек еттім.

1960 жылы Кеншоқы руднигінде ашылған училишеге түсіп, механизатор-тракторист мамандығын алдым. Училишенің директоры егде тартқан Жаппаров Әбдіқали деген үлкен кісі болатын. Арестат деген мұғалім болды, мамандығы маркшейдер техникадан сабақ берді. 1961-1964 жылдары Орджоникидзе атындағы совхвоздың № 2 «Нұра» бөлімшесінде тракторист болып, жер жыртып егін салдық.

1965-1969 жылдары жаңадан құрылған Кеншоқы совхозында ди-

зелші болып халықты Ильич шамымен жарық бердім.

Совхоздың директоры Жұрымбаев Саділхан, бас инжинері Оспанов Байеділ, партком хатшысы Темірбеков Жамантай, селсоветі Тәкішов Жұматай, прорабы Бұхабаев Белтай т.б. 1969-1982 жылдар аралығында ауданның ІІБ-де қатардағы милиционер және МАЙ-да қызмет істедім. Бастықтарым Даданбаев Малғаждар, Жолғуттин Исақ болды. Бұл азаматтардың басшылығымен сол кезде ауданада қоғамдық орындарда тәртіп сақтап, жол бойындағы қауіпсіздік шаралары жоғары деңгейде болғанын жұртшылықжақсы біледі.

1982-1999 жылдары №11 Кәсіптік техникалық училишеде бір жылдай автоделадан сабақ беріп, әрі қарай оқу - тәжрибе шаруашылығын басқардым. Бұл тұста оқу орнының директоры аты ортаға белгілі Нусупов Санақ болды. Училишеде жүріп Жезқазғандағы Талап совхоз - техникумында оқып зоотехник мамандығын алдым. 1999-2003 жылдары «Заман» газетінде бухгалтер болып, содан зейнеткерлікке шықтым. Газеттің редакторы Кәмел Жүністегі болған -

**- Осындай ұзақ 40 жылдан астам еңбек жолыңызда қандай қиыншылықтар орын алды, қандай азаматтардан қолдау мен жақсы қасиеттерін алдыңыз?**

Жас кезімізде жетім жесірлерге, оның ішінде біздің от басымызға жанашырлық танытқан ауыл азаматтары болды. Атап айтсам Жасланов Жолдыбек, Құсайынов Хамза, туысқан Иманов Төлеген әкей, техниканың тілін меңгеруге сол тұстағы ферманың трактор бригадирі болған Хантурин Хамит ағалар көмек пен қолдауын көрсетті. Марқұмдардың жатқан жері жәйлі болып, иманы жолдас болсын.

**- Отбасы туралы не айтасыз?**

1964 жылы Төкенов Нұркештің қызы Тиыштықпен шаңырақ көтердім. Жұбайым өмірге 4 ұл, 3 қыз бала әкелген, бүгінде батыр ана аяулы жар, сүйікті әже. Балаларымның бәрін тәрбиелеп, құтты орындарына қондырдым. Мен әсіресе қыз балаларымының білім алуына ерекше көңіл бөлдім, көбісінде екіден диплом бар. Ерсайын, Нұрғайым, Жомарт, Бақыткүл, Жасталап, Қызғалдақтар ер жетіп білім алып, үйлі баранды болып, әр түрлі салаларда еңбек етеді.

**- От басында әттең-ай деген ой ішкі өкінішіңіз болды ма?**

Өткенге өкпелеме, келмпеске кейіме - дегендей өмірде от басымда орын алған тұрмыс тірішіліктің желісіне ризамын. Ендігі қалған уақыт жұбайым Тиыштық екеуіміздің тілеуіміз осы көрінген бала - шағамен немерелерінің алдында болсын деген ниеттеміз.

**- Ауданның оңтүстік шығысында орын тепкен «Қарғалы», «Алғабас» колхохдары жөнінде не білесіз, не айтасыз?**

«Қарғалы» колхозы 30 жылдардың басында ашаршылықтан кейін бұрынғы «Кежек» қазіргі «Ақши» елді мекенінде ұйымдасқан. Үлкендерден есімде қалған, соғысқа дейін 1940-1941 жылдары колхозды

Бегебаев Әлтай басқарған. Бұл кісі Бөлтекеев Шөменнің немере ағасы, сарым шуаш болады. Ол соғысқа кетіп, майдан даласында қалды. 1942-1943 жылдары «Қарғалы» колхозын Байнамазов Жұмаділда басқарған. Одан кейін колхозды Жұмабеков Әбдіразақ басқарды. Кейіннен «Қарғалы» колхозын Шохатов Ғалым басқарма болып, бұл кісі колхоздар ірілендірілген кезде 1951 жылдың басында Сталлин атндағы колхозды басқарған.

«Алғабас» колхозы Кеншоқыдан әрі Нұра өзенінің бойымен Орынтайдың «Қарашын», «Шөмшек», Мәтібек сайлары жататын өлкеде құрылған. 1937 жылдары «Алғабас» колхозын Дүйсебаев Шәкіш (Тәңірбергеннің әкесі) колхоз председателі болып, «Халық жауы» аталып, сотталып, атылған. 1940-1941 жылдары. «Алғабас» колхозын Дүйсебеков Әбдірақпан (Өмірғалидің әкесі - Кенжебай тумасы) басқарма болған. Кейіннен бұл кісі «Еңбекшіл» колхозын басқарған. 1950 жылдың аяғында «Еңбекшіл», «Қарғалы» және Сталлин атындағы колхоздар Орджоникидзе совхозына қосылды.

**-Бүгінгі жастарға келешек ұрпаққа айтарыңыз барма?**

Бүгінгі азаматтарға және келешек ұрпаққа айтарым ертеден қалыптасып келе жатқан қазақтың салт-дәстүрін, әдеп-ғұрыпын бойына сіңіріп, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, жаһандану заманында ұрпақ сабақтастығын жаңаша жалғастырып, Ұлы көштен тыс қалмай халқымыздың бірлігі мен ынтымағын сақтауды естен шығармаса.

Асқар замандасыма ашық аспан тілеп, түні тыныш болсын дей ризашылығымды білдірдім.

"COVID-19" індетінен де құтылып, қалыпты өмірге тезірек оралуға жазсын.

**М.Баекенов**

*Қарағанды обмыстық «Чернобыльдің аса қауіпті аймақта болған мүгедектер ардагерлері одағы» қоғамдық бірлестік төрағасы, «Төтенше жағдайлардың алдын алуда және жоюда үздік шыққаны үшін» және «Ерлігі үшін» медалінің иегері.*

# ӨМІРІ ӨТТІ АҒЫП ТҮСКЕН ЖҰЛДЫЗДАЙ

*(Орталық Қазақстан 26.03.2022ж.)*

*Атадан жақсы ұл туса,*
*Елінің туы болады.*
*Атадан жаман ұл туса,*
*Елінің соры болады.*
**Қазыбек би**



Сарыарқаның төрінде орын тепкен даласы малға, қойнауы қазынаға толы шежірелі Шет өңірінде небір дарабоз батырлар, аузы дуалы шешен-билер ақиық ақындар мен жыраулар, күйшілер мен жыршылар ғұмыр кешкен. Солардың бірі, һәм бірегейі- Дүйсенбай би. 1823 жылы Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылының жанындағы «Тұмсық» ауылында дүниеге келген. Яғни Жақсы Жәкеннің замандасы. Дүйсенбай би аз сөйлеп, көп тыңдайтын адам болған. Айтқан сөзін тындата білгендіктен «Дуалы ауыз би» атанады. Сөзі қысқа, әрі нұсқа болған. Ел арасында «Дүйсекең айтыпты» деген парасатты сөздер әлі күнге дейін айтылып қалады. Ойын, сөзін тұспалап, мақал-мәтелдеп жеткізеді екен. Атақты Шөже ақынның шығармаларындағы мына жыр жолдары би атамызға арналған екен:

*Дүйсенбай артық тудың Шуақбайдан,*
*Қасқырдан ішік кидің Жолдан байдан.*
*Баласы Дәулет-Тағай бас қосқанда,*
*Дәл өзіңнен еш адам артылмаған*

Өмірден жұлдыздай ағып өткен Рысқұл баласы Зейін би атамыздың 5 ұрпағы. Бүкіл әлемді жайпаған қауіпті індеттің тұсында өткен жылдың 8 сәуірінде 58 жасқа қараған шағында Зейін өмірден озғанды. Сынаптай сырғып, толқындай тулап күндер мен айлар өтіп жатыр. Зейін

бауырымыздың фәни жалған дүниеден бақилыққа, мәңгілікке аттанғанына да бір жылдың жүзі болып қалды.

Зейіннің әкесі-Рысқұл ұзақ жылдар бойы ауданның қаржы бөлімінде басшы болып, жауапты қызмет атқарған, ауданның экономикасының дамуына, халықтың тұрмыс тіршілігінің жақсаруына бір кісідей атсалысқан абыз ақсақал 2009 жылы өмірден өткен. Зейіннің анасы Күлмара Серікқызы да текті әулеттің тумасы. Еңбек жолы аудан халқының алдында мәдени- ағарту саласында өтіп, тағылымды ісімен өмір кешіп, өмірге 6 перзент әкелген аяулы ана, сүйікті әже болып отыр. Отананың ең ауыр қайғысы кенжесі Зейіннің өмірден ерте өткені. «Дария құмсыз болмас, қария мұңсыз болмас»- дегендей пенде болғандықтан бұл ауыр сынаққа да көнесіз, қайғылы ана-Күлмара жеңгей.

Зейін 1963 жылдың 12 желтоқсанында ауданның Ақшатау кентінде өмірге келген. 1981 жылы аудан аудан орталығындағы Жамбыл Ақылбаев атындағы орта мектепті бітірген соң, еңбек жолын менің қарамағымда ауданның ауыл шаруашылығы басқармасында қатардағы көлік жүргізушіден бастайды.

Әрі қарай Орджоникидзе атындағы кеншарда жұмысын жалғастырып, Кеңес Армиясында, Ресей жерінде азаматтық борышын атқарады.

1991 жылы Қарағанды политехникалық институтын тәмамдап, жоғары білім алып, автокөлік бойынша инженер-механик мамандығын иеленеді. Еңбек жолын Жарық автокөлік кәсіпорынның аудан арталығындағы автосалоннасына басшылық жасайды.

1993-1995 жылдары ауданның ауыл шаруашылығы басқармасында инженер-механик қызметін атқарды.

1993-2000 жылдар аралығында «Аюлы» акционерлік қоғамына (АҚ) басшылық жасап, оның Президенті лауазымында еңбек етеді. Әрі қарай «Достық»АҚ құрып, оған басшылық жасайды. Бұл мекемелер кәсіпорындар ауданның мекемелері мен тұрғындарына жүк тасымалдаумен көмек көрсеткен.

Зейін 2018 жылдан бастап өмірінің соңына дейін аудан орталығындағы ДЭУ-77 «Каз автожол» кәсіпорында басшы болып, мекемеге жүктелген жұмыстарды жоғары деңгейде орындауды қамтамасыз етті.

Тектінің тұяғы, асылдың сынығындай болған Зейін бауырым еңбек жолында ауданның аға буынның өкілдерімен, замандас азаматтарымен қоян-қолтық еңбек етіп, өзінің қарапайым, орнықты тиянақты мінез-істерімен көпшіліктің арасында сый-құрметке ие болды. Мен Зейінмен кейінгі 20-25 жылдай оның ағасы ретінде және көрші дастархандас болғандықтан, оның мінез-құлқына өте жақын тәнтті болдым.

Ол ешкімді бөле-жармайтын, дос-жарандарының қабағыңа кірбін келтірмейтін. Дастархан басында өзін еркін ұстап, алғырлығы сөзтапқыштығымен сыпайы әзіл-қалжыңын көрсетіп, көпшіліктің, ортаның көрігін қыздырып отыратын.

Зейіннің өмірі мен еңбек жолы ағайынның, туған-туыстармен, дос-жарандарының ортасында ағып түскен жұлдыздай боп, өмірден өтті. Өкінішті-ақ. Пенде болған соң, көнбеске амал жоқ.

Зейіннің артында ұрпағы баршылық. Жұбайы Маркеш Жекенқызы өмірге 4 перзент әкелген аяулы, ардақты ана. Даналарымыз айтқан екен: «Өмірден өткен марқұмның артында қыз болса-ізі қалғаны, ұлы болса өзі қалғаны» - дегендей, ұрпағына Алладан ұзақ ғұмыр тілейік.

Зейіннің отбасына: Маркеш пен балаларына , Күлмара жеңгейге сабырлық тілеп, Зейіннің жылдығына арналған ас, бағыштаған құран қабыл болсын.

**Тағзым**

# АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН АЗАМАТ



Былтырғы жылдың шілде айында әлемді жайлаған пандемия-індет етек алып, күшейіп тұрған тұста 13 шілдені «Ұлттық аза тұту күні» деп жариялап, Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Әр қазақ менің жалғызым» - дегендей жүрегіне қатты бататынын және індеттен қайтыс болған азаматттардың отбасына көңіл айтқан еді. Солардың біреуі ауданымыздың аяулы азаматы бір отбасының асқар тауы, балаларының ақылгой қамқоршысы, немерелерінің сүйікті атасы- Марат Бекетұлы болатын. Ол 2020 жылы маусым айының 28 жұлдызында өмірден көз жұмған.

Марат әкеміз Бекет пен анамыз Жәпелдестің отбасында 1965 жылдың 24 желтоқсанында Ақсу-Аюлы ауылында дүниенің есігін ашқан. 1981 жылы М. Горкий, қазіргі Жамбыл Ақылбаев атындағы негізгі орта мектепті аяқтап, әрі қарай оқуын аудандық кісіптік-техникалық №11 училищиде жалғастырды. Кең көлемдегі механизатор мамандығын игерді.

Училищиде оқып жүрген кезінде Марат спортпен де шұғылданды. Аты ортаға белгілі спорт жаттырықтырушы Сейсенбай Жанасыловтың тәрбиесін алған Марат 1982 жылдары аудан, облыстық денгейде жүлделі орындарды иеленді.

Еңбек жолын Орджоникидзе атындағы совхозда қатардағы қарапайым слесарлықтан бастап, 1985-1995 жылдары кеншардың маусымдық жұмыстарына, қоғам малына жем-шөп дайындауға көктемде егістік науқанға қатысып, күзде астықты жинап алуға көлік жүргізушісі болып аянбай атсалысты. 1995 жылы кеншар мүлкі жекешелендіргенде

мыз. Маратқа белгілеп берілген жас 55 болды. Пенде ажалға қарсы тұруға дәрменсіз. Жаратқанның жазуына көнеміз. Мына алмағайып заманда сынаптай сырғып, толқындай тулап күндер мен айлар өтіп жатыр. Бақилық болған бауырымыз Мараттың жылы да жылжып жақындады.

Адамзаттың басына түскен қауіпті індеттен өмірден ерте озған Мараттың жатқан жері мамық, топырағы торқа болып, рухы пейіште шалқысын. Арттағы жұбайы мен бала-шағаларына Алла ұзақ ғұмыр берсін.

## АРҚАНЫҢ АРДАГЕРІ

**(Орталық Қазақстан 2020 ж.)**



Бар саналы ғұмырымызды қатар өткізіп келе жатқан, сексен жас атты асуды сергек бағындырып отырған досымыз Боранбай Жүмкеұлының еңбек жолы жайында әңгіме өрбітуді жөн санадық. Әкесі Жүмке Исатаев (1910-1991) Ұлы Отан соғысының ардагері, ұзақ жылдар бойы колхоздың қара жұмысын атқарған. Анасы Базар Исатаева (1910-1961) колхозшы, жеті баланы дүниеге әкеліп, өсіріп жеткізген. Боранбай отбасында үшінші болып 1940 жылы мамыр айында дүниеге келген.

Біз, Боранбай екеуміз (Мағауия, мақала авторы) 1959 жылы Шет ауданы орталығы, Ақсу-Аюлыда орта мектепті бірге бітіргеннен кейін ауыл шаруашылығы өндірісінде жоғарғы білімді инженер-механик маманы боламыз деп, Ақмола қаласында жаңадан ашылған ауыл щаруашылығы институтының механикаландыру факультетіне құжат тапсырып, институтқа қабылдандық.

Қазақ мектебінен келген бізге I, II курста оқу өте қиынға соқты. Үшінші курста қалыптасып кеттік. Боранбай екі жарым жылдай үздік шәкіртақы алды.

1964 жылдың күзінде институттағы оқуымыз аяқталып, дипломдық жұмысымызды сәтті қорғадық. Сол 1964 жылы қыркүйек айында Боранбай осы институтта механикаландыру факультетінің «Машина-тракторлар паркін пайдалану» кафедрасына ассистент қызметіне кіріскен-ді. Ізденімпаздығы мен терең білімін аңғарған институт ректоры М.Гендельман Боранбайға арнайы жолдамамен, Ленинградқа аспирантураға бар дейді. Алайда, аспирантураға отбасы жағдайына байланысты бара алмады. Институтта үш жылдай жұмыс атқарып, кейіннен ұстаздық қызметін Қарқаралы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумында

жалғастырды. Түпкілікті ойы туған елінің топырағын түлетуді мақсат еткен Боранбай 1969 жылы Шет ауданына оралғанды.

Кейіпкеріміз Шет аудандық «Қазсельхозтехника» бірлестігінде, Орджоникидзе атындағы кеңшарда, одан кейін 1974 жылы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында - үшеуінде де бас инженер-механик қызметін атқарып, көп ұзамай 1977 жылы осы мекеме басшысының бірінші орынбасары қызметіне жоғарылатылды.

Қолға алған ісіне табандылық танытып, жүктелген жауапты жұмыстарды мінсіз орындап отыратынын байқаған сол кездегі аудан басшысы К.Дүйсенбеков 1978 жылы Боранбайға ауданның ауыл шаруашылығы саласын басқаруды тапсырады. Мен (Біләл Доскеев, мақала авторы) 1973-1975 жылдары Шет аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының экономика жөніндегі орынбасары қызметін атқарып жүрген жылдардан бастап, Боранбаймен қызметтес болып, өте жақын, жақсы араласып кеттік.

1978 жылдың маусым айында Шет кеңшарының директоры қызметіне тағайындалған едім. Кеңшарда бірінші кезекте мал азығының берік қорын жасау мақсатында «Шортанды» тоғанын қайыра жөндеп, іске қосу керек болды. Боранбаймен ақылдасып едім, ол көмектесемін деді. Іске кеңшардың мелиорация бригадасын кірістірдім. Боранбай аудандық «Сельхозтехника» мекемесінен керекті техника, құрал-жабдықтармен көмек көрсетіп, өзі де жиі келіп қадағалап отырды. Қысқа мерзімде тоған қалпына келтірілді. Бұрынғы 50 гектар суармалы жерді 100 гектарға жеткіздік. 1979-1980 жылдары екі каскат (байлам) жасап, 250 гектарға жеткізілді. Суармалы алқапқа жүгері, тағы басқа дақыл егілді. Сол жылы (1980) әр гектардан 350 цент. сүрлем алдық. Бұл аудан көлемінде ең жоғары көрсеткіш еді. Борекеңнің көрсеткен көмегіне ауыл халқы қатты риза болды.

1991 жылы Қазақстан Тәуелсіз мемлекет болды. 1992 жылдың басында елімізде Президенттік басқару жүйесі еніп, аудан әкімі болып жерлесіміз Қасымбек Медиев тағайындалды. Б.Жумкин аудан әкімінің ауыл шарушылығы саласы бойынша орынбасары болып бекіді.

Аудан кеңшарларын кезең-кезеңімен мемлекет иелігінен алып, жекешелендіру жұмыстары жүргізіле басталды. Бұл жауапкершілік арнайы комиссияға жүктелді. Ол комиссияның төрағасына аудан әкімінің ауыл шаруашылығы бойынша орынбасары Боранбай тағайындалды. Осындай қиын шарууаларда жүріп Борекең бір адамға дауыс көтермей, қатты айтқандарға жылы сөйлесіп, жағдайды түсіндіріп, бәрін де риза еткен-ді.

1997 жылдың мамыр айында Елбасының Жарлығымен Ақадыр ауданы таратылып, Шет ауданына қосылды. Ақшатау комбинатының дүние-мүлкі талапайға түсіп, сатылғандарынан түскен қаржы жұмыссыз қалған жұмысшыларының бірнеше айлар бойғы төленбеген еңбекақы-

сын өтеуге де жетпей жатты. Бюджет қаржысының тапшылығынан зейнетақы, мұғалімдер мен дәрігерлерге, басқа да мемлекеттік қызметкерлерге берілетін еңбекақы айдан айға кешігіп, төленбей жатты.

Аудандағы туындаған осындай күрмеуі қиын күрделі мәселелерді дер кезінде шешуде аудан әкімі К.Сарханов, аудандық мәслихат хатшысы Р.Оразханов және аудан әкімі орынбасарлары: Р.Әбдікеров, Б.Жумкин, Б.Төлеуқұлов, Р.Мақсұтов кезек-кезегімен сол елді мекендерге барып, өтпелі кезеңде мұндай қиыншылықтардың болатынын түсіндіріп, жиналғандарды сабырлылыққа шақырып, тығырықтан шығудың тетіктерін айтып, көп ұзамай ел ішінде оңтайлы ахуал орнайтынына сендіріп, тыныштандырғанын аудан жұртшылығы жақсы біледі.

Осы жылдары аудан әкімі К.Сарханов пен орынбасары Б.Жумкин екеуі, аудан шаруашылықтарына аса қажетті, әрі маңызды басқа да жұмыстарды атқаруға атсалысып отырды. Атап айтқанда, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, ел экономикасының дамып өсуіне жол ашып, тығырыққа тіреліп тоқтап қалған өндіріс орындарын қайтадан қолға ала бастаған (1999-2004) кезеңде, ауданның іргелі бір шаруашылығы Красная Поляна ауылдық округінде «Пикет» бөлімшесіндегі суармалы жерді жаңадан күрделі жөндеуді жоспарлап, Республикадан 365,0 млн. теңге несие алуға қол жеткізілді. Бұл сома 3 жылдың ішінде толықтай игеріліп, суармалы жер пайдалануға берілген-ді.

2005 жылы аудан әкімі Р.Оразханов зейнет жасындағы Б. Жумкиннің ауыл шаруашылығы саласындағы мол тәжірибесін әрі біліктілігін ескеріп, аудандағы ауыл шаруашылық нысандарына несие беру үшін аудан бойынша «Несие серіктестігін» құруды тапсырған. Боранбай сол бетте «Шеткөмек» кредиттік серіктестігі» ЖШС-ін құрып, серіктестік басқармасының төрағасы болып жұмыс істей бастады. Бастапқыда серіктестіктің құрамына 23 шаруа қожалығы кірді. Жарғылық капиталы 8500,0 мың теңге көлемінде. 2017 жылдың аяғында серіктестіктің несие арнасы 1 млрд. 427 млн. теңгені құрап, оның құрамында 167 шаруа нысаны болды. Бұл шаруашылықтарда 260 адам жұмыспен қамтылған. Орташа есеппен серіктестік жылына 700-800 мың теңге көлемінде бюджетке қаржы түсіріп отырады.

Кейіпкеріміз қоғамдық жұмыстарды да белсене атқарып отырды. Мәселен, 1999-2005 жылдар аралығында «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалының алғашқы төрағасы болып сайланса, 2008-2013 жылдары Шет аудандық «Нұр Отан» ХДП филиалының жанында ашылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрылған қоғамдық кеңестің төрағасы болғаны бар. Екі рет Қазақстан республикасы Президенті сайлауында Н.Ә.Назарбаевтің сенімді өкілі болып, қызмет атқарды.

«Еңбегіне қарай - құрметі» демекші, Боранбайдың ұзақ жылғы жемісті еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланып тұрды. Алғашқы медальдарынан кейін 1979 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен,

2003 жылы Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен марапатталды. 2001 жылы Елбасының Алғыс хатын алып және «Шет ауданының Құрметті азаматы» атағын иеленді.

«Адамның құрметке бөленуі, ел жұртқа абыройлы болуы - ақыл-парасаты мен істеген ізгі істеріне байланысты екені жалпы жұртқа мәлім. Ал, ел-жұрттың көңілінен шығып, құрметіне бөлену үшін де әрбір адамға мұқалмас жігер мен парасат қана емес, сан қырлы терең де кең білімдарлық қажет екені аян» деген тәмсіл сөз бар. Сол білімдарлық пен басқа да асыл қасиеттер Боранбайдың бойынан табылатынын оны білетін адамдар жоққа шығармайды. Оның бойындағы әке қанымен, ана сүтімен дарыған қасиеттері ер жете келе, «Әр адамның бойында ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек болуы керек» деген ұлы Абайдың қағидасымен толысып, еңбек жолында, өзінің Құдай берген талабымен, біліктілігімен, еңбекқорлығымен, парасаттылығымен, шынайы қарапайымдылығымен халықтың ыстық ықыласына бөлене отырып, туған топырағын түлетуде аянбай еңбек етіп, мерейі үстем тұлғаға айналғаны аян.

**Блял Доскеев,**
*Мағауия Сатыбалдин,*
*Мақсұт Садуақасов.*

# ТҮЙІН

Егеменді ел болғалы Тәуелсіздіктің 30 жыл ішінде өлгенін тірілтіп, өшкенін жандырып ортаға құрмет көрсетіп жүрген халқымыздың ұлағатты ұлдары мен көрнекті қыздарының қатары жылдан жылға көбейіп келе жатқаны ел ішінде мақтаныш сезімін туғызады. Солардың қатарында Шет өңірінде де қарапайым халықтың ортасынан шығып, еліне, жеріне халықтың өсіп, өніп өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан ауданның талай азаматтары баршылық.

«Ел ырысы-нұрлы Нұра» естелік-жазбаның негізгі арқаулы болған Нұра бойында орын тепкен Орджоникидзе атындағы колхоз бен совхоздың тиісінше 90,60 жыл толуына орай, кітапқа кірген 500 - дей азаматтардың қысқаша өмірдеректері мен артына қалдырған игі істері жөніндегі етеліктер мен жазбалар олардың есімдері ел есінде, халық жадында мәңгі сақтауға, болашақ ұрпаққа үлгі - тәрбие, аманат ретінде жеткізуді жөн санадық.

Жалпақ жатқан жұртыңды, иесі Алашыңды құрметтеу ең алдымен өзіңнің туып өскен өлкеңнің тарихын танудан, адамдарын ардақтаудан басталмақ. Осыған орай Сарыарқаның төрінде орын алған Нұра бойында тер төгіп, еңбек еткен, көпшілігі өмірден өткен аға буын өкілдері мен кәзіргі кезде көз алдымызда жүрген азаматтардың азда болса, көптей көріп еңбегін жарыққа шығару кітаптың негізгі мақсаты деп санаңыздар, ағайын.

Ауданның экономикалық дамуына, халықтың әл-ауқатының көтерілуіне өткен ғасырдың алмағайып 30 жылдардың басында Нұра бойында құрылған Орджоникидзе, Сталин атындағы, Ақсу, Ақтөбе, Беталыс, Байшегір, Игілік колхоздарының, кейіннен Ақши, Кеншоқы, кеншарларының алған орны еркше болған. Кеңес заманының кезінде осы шаруашылықтардың қарамағында 15,0 мың бас ірі қара, 50,0 мың ұсақ-тұяқ, 12,0 мың жылқы, 300 бас түйе малдары болып, 2,0 мыңға жуық адам тұрақты жұмысқа тартылып, аянбай тер төгіп еңбек етіп, ел ырысын молайтқан еді.

Тәуелсіздіктің тұғырына мықтап орныққан сындарлы кезеңде ел мен жер тарихын олардың асыл қазынасы азаматтарын тектеп, түгендеп, оны халқымыздың болашағы -өскелең ұрпақ санасына терең жеткізу - бүгінгі таңда алдымызда тұрған басты міндеттердің бірі деп білуіміз керек.

Өмірдің мәні қашанда алдынғы буынның істерін жалғастырар ұрпағымен өлшенеді ғой. Солай десек, бұл межеден көрінетіндей ауданның зиялы қауымы мен ақылдастар алқасымен кеңесіп, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай осындай бір естелік-жазбаны жарыққа шығарайық деген тұжырымға келдік.

Көпшіліктің қолдаумен, ақылдастар алқасының тыянақты басшылығымен өмірге «Ел ырысы - нұрлы Нұра» атты естелік-кітап жарыққа шықты.

Естелік жазбаны дайындау кезінде және жан - жақтан берілген деректерді рет-ретімен жүйелеп, компьютерге бастыру жұмыстары адамзатқа тұтқұйылдан түскен індетпен тұспа-тұс келіп, бірталай қиындықтарды бастан өткізуге тура келді. Осыған орай кітапта кем-кетігі кездесіп қалса, алдын ала оған кешірім өтінеміз. Бұл тұста оқырман қауымға айтарымыз «Теңіздің дәмі бір тамшысынан -ақ білінеді», дейді халық даналығы. Әрі қарай осы нақылға ден қойып, хакім Абай «Не жазып кетсе, жайы сол...» дегенді де еске алып, естелік кітаптың өмірге келуіне шүкіршілік айтып түйіндеймін.

**Жұмкин Боранбай**
*Ақылдастар алқасының төрағасы*

# МАЗМҰНЫ

Ақылдастар алқасының атынан........3

Кіріспе........6

I Бөлім Нұра бойындағы Шет ауданының басшылары........19

II Бөлім Нұра бойындағы елді мекендері мен азаматтары туралы естеліктер........33

III Бөлім Шет аудандық МЖС,МТС,РТС,Орджоникидзе атындағы совхоз туралы мұрағаттық деректер........103

IV Бөлім Орджоникидзе атындағы колхозбен совхоздың еңбеккерлері........131

V Бөлім Сталин атындағы колхоз, Кеншоқы, Ақши елді мекендерінің азаматтары........233

VI Бөлім Шет ауданының Агротехникалық колледжі........305

VII Бөлім Нұра бойындағы елді мекендердің мәдени-рухани көріністері........319

VIII Бөлім Тәуелсіздік жылдарында Нұра бойындағы «Шеткөмек» Кредиттік Серіктестігі ЖШС-нің шаруаларға қолдауы........331

IX Бөлім Ақсу колхозы мен №1 Ақсу бөлімшесінің еңбеккерлері........341

X Бөлім Ақтөбе колхозы мен №2 Ақтөбе бөлімшесінің еңбеккерлері........377

XI Бөлім Орджоникидзе колхозы мен №3 Қайрақты бөлімшесінің еңбеккелері........401

XII Бөлім №4 Еңбекшіл бөлімшесінің еңбеккелері........423

XIII Бөлім Бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған және жекелеген авторлардың естеліктері........443

Түйін........492

**БОРАНБАЙ ЖҰМКИН**

# ЕЛ ЫРЫСЫ-НҰРЛЫ НҰРА

## Танымдық-естелік


| | |
|---|---|
| Редакторы: | Боранбай Жұмкин |
| Техникалық редакторы: | Гүлім Алгожина |
| Көркемдеуші Дизайнер: | Алиби Изекенов |
| Корректоры: | Бекзат Мақажан |
| Компьютерде тергендер: | Жадыра Бекеева, Мөлдір Жиренбай |

ISBN 978-601-7998-65-3

Басуға 03.05.2022 ж. қол қойылды.
Қалыбы 70х100 1/16 Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 31. Таралымы 500 дана.